ҚАЗАҚСТАН (ҚАЗАҚ ЕЛІ) ТАРИХЫ

Қазақстан XIII-XVIII ғасырлардың алғашқы ширегінде

2-кітап

Оқулық



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПА ҮЙІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПА ҮЙІ

ҚАЗАҚСТАН (ҚАЗАҚ ЕЛІ) ТАРИХЫ

ТӨРТ КІТАПТАН ТҰРАТЫН ОҚУЛЫҚ

Қазақстан XIII-XVIII ғасырлардың алғашқы ширегінде

2-кітап

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
оқулық ретінде бекіткен

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 каз)
Қ 18

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің
республикалық ғылыми-зерттеу орталығында дайындалған

Пікір жазғандар:
тарих ғылымдарының докторы, профессор ***Т.А. Төлебаев***
тарих ғылымдарының докторы, профессор ***К.Қ. Чатыбекова***
тарих ғылымдарының докторы, профессор ***Г.С. Жүгенбаева***
тарих ғылымдарының докторы, профессор ***Г.В. Кан***

Сараптама жасаған
тарих ғылымдарының докторы, профессор ***Л.Т. Қожакеева***

Оқулықтың бас редакторы
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі ***Талас Омарбеков***

Редакциялық алқа:
т.ғ.д., профессор Г.Б. Хабижанова, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, т.ғ.д., профессор Б.Б. Кәрібаев,
т.ғ.д., профессор Н.Д. Нұртазина, т.ғ.к., доцент М.С. Ноғайбаева,
т.ғ.к., доцент А.М. Уразбаева, PhD доктор М.Д. Байдаулетова
аға оқытушы С. Смағұлов

Авторлар ұжымы:
Т.О. Омарбеков (жетекші), Б.Б. Кәрібаев, Н.Д. Нұртазина,
М.С. Ноғайбаева, Э.Т. Телеуова,
Ж.Е. Жаппасов, М.Ә. Өскенбай

Қ 18 **Қазақстан** (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан XIII-XVIII ғасырлардың алғашқы ширегінде. 2-кітап / Т.О. Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев, Н.Д. Нұртазина, М.С. Ноғайбаева [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 306 б.

ISBN 978-601-04-1632-1 (ортақ)
ISBN 978-601-04-1634-5 (2-кітап)

«Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» деген атпен жарық көріп отырған 4 кітаптан тұратын университеттердегі тарих мамандығы бойынша маманданатын бакалавр студенттерге арналған оқулықтың екінші кітабы XIII-XVIII ғасырлардың алғашқы ширегінде Қазақстан тарихының мәселелерін оқытуға арналған. Бұл оқулық моңғол шапқыншылығы дәуірінен, Қазақ хандығының мемлекеттік құрылым ретінде қалыптасып және күйреуіне дейінгі тарихи оқиғалар мен күрделі үдерістерді қамтиды. Оқулықта мемлекет құрушы қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасу тарихы, оның ата-бабаларының ұлттық мемлекеттер – қағанаттар, ордалар мен хандықтар құру жолындағы күресі, отандық тарих ғылымында тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан жаңа тарихи көзқарастар және ғылыми айналымға қосылған тарихи деректер жаңа методологиялық ұстанымдар аясында қарастырылған.

Оқулықта тарихи суреттер, карталар және тарихи ескерткіштердің бейнелері кеңінен пайдаланылды. Ол студенттердің практикалық жұмыстарына қажетті сұрақтармен, өзіндік жұмыс тапсырмаларымен және негізгі әдебиеттер тізімімен жабдықталған.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 каз)

ISBN 978-601-04-1632-1 (ортақ)
ISBN 978-601-04-1634-5 (2-кітап)

© Авторлар ұжымы, 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

Төрт кітаптан тұратын «Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» республика университеттеріндегі 5В020300 – тарих мамандығы бойынша білім алатын студенттерге арналған. Ол екі оқу курсынан тұратын пәнді оқытуды қамтиды. Олардың алғашқысы **«Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы»** курсы болса, екіншісі – **«Қазақстанның жаңа және қазіргі заманғы тарихы»**. Осы екі пәннің алғашқысы, яғни «Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы» курсы көрсетілген төрт кітаптың алғашқы екі кітабында қамтылған.

Оқырманға ұсынылып отырған **екінші кітапта** XIII-XVIII ғасырлардың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының мәселелері әңгіме болады. Ол бірнеше бөлімнен тұрады. **Бірінші бөлімде** Еуразия аумағындағы XIII-XVIII ғасырлардағы ұлыстар мен ордалар тарихы баяндалған. Бұл бөлімнің бірінші тарауы Ұлы Далада моңғол билігінің және ұлыстардың орнығуы туралы мәселелерді қамтиды. Онда Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы Моңғол-Түрік империясы құрылуының алғышарттары, барысы, қалыптасуы және тарихтағы орны нақты қамтылған. Сонымен бірге осы империяның құрылуына байланысты Ұлы Даладағы саяси-әлеуметтік өзгерістер жаңа көзқарастармен және жаңа деректерді айналымға қосу негізінде баяндалған. Авторлар аталмыш империяға байланысты кезінде тарихымызда қалыптасқан еуроцентристік бағалауларды теріске шығаратын тұжырымдарды ұсынған. Екінші тарау Алтын Орда (Жошы Ұлысы) тарихы бойынша маңызды мәселелерді алға тартады. Онда осы мемлекеттің құрылуы, нығаюы және ыдырауы туралы жаңа қорытындылар жасалған. Қазақстан аймағының Шағатай ұлысындағы күрделі тарихы осы бөлімнің үшінші тарауына енген. Төртінші тарауда Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы, «Көшпелі өзбектер» мемлекеті туралы оқырманға жаңа пікірлер мен тарихи ұстанымдар алға тартылған. Аталмыш бөлімнің бесінші тарауы Қазақстанның Оңтүстік аймағында қалыптасқан Моғолстан мемлекетінің тарихын, этникалық мәселелерін, ішкі-сыртқы саясатын кеңінен әңгімелейді. Ал алтыншы тарауда XIII-XV ғасырлардағы рухани және материалдық мәдениет мәселелері қозғала-

ды. Онда көшпелілердің исламдануы, қала мәдениетінің өркендеуі нақты баяндалған. Осы бөлімнің жетінші тарауында қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына байланысты тың да қорытындылаушы пікірлер айтылған. Онда қыпшақтану үдерісі және исламның рөлі, «қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны ғылыми тұрғыдан нақты талданып әңгіме болады. Бұл – бұрынғы кеңестік тарихта айтылмай немесе біржақты сипатталып келген аса күрделі мәселелер. Сондықтан да ғалымдар аталмыш тақырыпқа көп көңіл бөле отырып, осыған байланысты тарихнамада бұрын-соңды орын алған ғалымдар пікірлерін талдап, жаңа қорытындылар жасады.

Оқулықтың **екінші бөлімі** Қазақстан тарихындағы хандық дәуірді жаңаша сипаттауға арналған. Бұл мәселе екі тарауды қамтыған. Алғашқы тарауда XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси тарихы баяндалған. Бұл тақырыптың аса маңыздылығын Қазақ хандығының 550 жылдығының мерекеленуіне байланысты мемлекеттік іс-шаралардың айқындап кеткені және белгілі. Осыны ескерген авторлар Қазақ хандығының құрылуына қатысты деректерді нақты талдап, осы мәселеге байланысты тарихнамалық зерттеулер жүргізді. Мұндайда Керей мен Жәнібектің Қазақ хандығының негізін қалаудағы қайраткерлік рөлі жан-жақты ашылды. Олар бұрын көптеген қазақ хандарының қатарында тұрған қайраткерлердің бірі ретінде бағаланып келсе, енді қазақ деген атпен тарих сахнасына шыққан халықтың алғашқы ұлттық мемлекетін құрған тарихи тұлғалары ретінде тың да жаңа бағаға ие болды.

Оқулықта Қазақ хандығының құрылуының тарихы тиянақты баяндалып, оның негізгі кезеңдеріне шолулар жасалды. Оның құндылығын арттыра түсетін тағы бір мәселе онда алғаш рет Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы қазіргі заманның тәуелсіз мемлекетінің көзімен бағаланып, тың тұжырымдармен қорытындыланды. Біздің тарихымыздағы аса күрделі этно-әлеуметтік мәселе Қазақ жүздерінің құрылуы және қалыптасуы болып табылатыны белгілі. Күні бүгінге дейін осы мәселенің төңірегіндегі әр түрлі пікірлер мен айтыс-тартыстар толастаған емес. Сондықтан да бұл тақырыптағы көптеген ұшқары пікірлер қазақ халқының қалыптасуының этно-әлеуметтік мәселелерін ғылыми тұрғыдан негізді түрде нақтылауға кедергі келтіруде. Осыны ескерген авторлар бұл мәселеге байланысты өздерінің ғылыми деректерге құрылған нақты топшылауларын айтуды да ұмытпаған. Мұның өзі университеттердегі болашақ тарихшы мамандардың іргелі біліммен қаруланып қана қоймай, сонымен қатар өзіндік көзқарастарын қалыптастыруларына да ықпал жасары сөзсіз.

Осы бөлімнің екінші тарауы Қазақ хандығының саяси тарихын арнайы баяндауға арналған. Мұнда Қазақ хандығының XV ғасырдың алғашқы ширегіндегі қалыптасуы және өркендеуі, сондай-ақ XVI ғасырдың екінші ширегіндегі хандықтың «уақытша әлсіреуі» кезеңіндегі саяси тарихы тиянақты айтылған. Оқулықта Хақназар хан және Шығай мен Тәуекел хандар тұсындағы саяси өзгерістер арнайы әңгіме болған. Олардың мемлекетті нығайтудағы қайраткерлік тұлғасы да тұңғыш рет шынайы тұрғыда нақты деректерге сүйеніп ашылған. Авторлар қазақтың белгілі хандары Есім

ханның, Жәңгір ханның, Тәуке ханның Қазақ хандығын сыртқы жаулардан қорғаудағы қыруар еңбегін және мемлекетті күшейтуге бағытталған шараларын тартымды да татымды баяндаған.

Оқулықта XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасыр басындағы Қазақ хандығының саяси тарихы жүйелі түрде баяндалған. Мұның өзі университет студенттерінің Қазақ хандығының саяси тарихына байланысты тиянақты да орнықты білім алуларына негіз қалаған. Оқулықтағы үшінші тарау Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық құрылымын арнайы әрі жан-жақты қарастыруды көздеген. Мұнда XV-XVIII ғасырлардағы қалалар мен елді мекендердің дамуы, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы және оның түрлері, халық айналысқан кәсіпшілік, қолөнері нақты деректерге негізделіп айтылған.

Қазақ халқының әлеуметтік құрылымына арналған тарау да аса қызықты. Онда қазақ қоғамындағы көшпелілікке байланысты туындаған шаруашылық жүргізу ерекшеліктері, көшпелілер мен отырықшы мәдениеттің қарымқатынасы және т.б. мәселелер көтерілген. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтар мен категориялар туралы жазылған сипаттамалардың да студенттерді қызықтырары сөзсіз. Онда қазақ қоғамындағы «ақ сүйек» санатына жататын әлеуметтік топтар, нақтырақ айтар болсақ, төрелер мен сұлтандар, сайидтар және қожалар және олардың әулеттік шығу тектері, қазақ қоғамындағы орны нақты әңгімеленеді. Оқулық авторларының «бек», «би» институттарына байланысты ұстанымдары да қызықты. Зерттеушілердің «бай» әлеуметтік тобына байланысты «қарашы» атауына байланысты және «қоңсы» термині төңірегіндегі, «төленгіт» институтына қатысты тың пікірлерінің де оқырманды ойландыратыны сөзсіз. Қазақ қоғамындағы құлдар туралы мәселе де оқулықта жаңа көзқараспен тұжырымдалған. Сондай-ақ авторлардың қазақ қоғамындағы салық, оның түрлері, сауда-айырбас және ақша айналымы туралы жазғандарында да жаңалықтар көп. Бұлар сөз жоқ, Қазақ хандығы дәуіріндегі әлеуметтік-қоғамдық өмірді жаңа қорытындылармен толықтыруға қызмет етеді. Оқулықтағы соңғы бөлімді XV ғасыр мен XVIII ғасыр басындағы қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетіне арналған тарау толықтырады. Онда қазақ халқының материалдық мәдениетіне байланысты көптеген құнды деректер қамтылған. Мысалы, киіз үйдің жиһаздары мен ыдыс-аяқ жасау өнері, ерлер мен әйелдердің киімі, тағам түрлері, көшпелілердің ыдыс-аяқтары мұнда нақты әңгіме болады. Қазақ халқының рухани мәдениеті де ақын-жыраулардың нақты еңбектерінің негізінде жан-жақты әңгімеленеді. Сондай-ақ оқырмандар Қазақ хандығы құрылған кезеңнен бері қарайғы халық өз ортасынан шығарған көрнекті тұлғалардың еңбектер мен тарихынан нақты хабардар болады.

Оқулықты студент үшін аса қажетті ете түсетін жағдай онда семинар сабақтары тақырыптарының берілуі дер едік. 15 тақырып кейінгі орта ғасырлық кезеңдегі тарихымызды семинар сабақтарында талқылауға арналған. Оқулық соңында берілген студенттердің оқытушымен бірге жүргізетін өзіндік жұмыс тапсырмалары да студенттердің ізденістерін арттырып, олардың

Отан тарихына деген құштарлығын дамыта түсуі тиіс. Оқулықтың студенттердің өзіндік жұмысының тақырыптарымен жабдықталуы да оның маңыздылығын арттыра түскен. Мұнда студенттердің жекс жұмыстарына арналған 30 тақырып нақты берілген. Оқулық библиографиялық тізіммен жабдықталған. Онда негізгі әдебиеттермен қатар интернсттегі сайттар базасы арқылы білім беретін мәліметтер де тіркелген. Оқулықтың қажеттілігін онда берілген тарихи тұлғалардың суреттері, рулар мен тайпалардың және мемлекеттердің орналасуын көрсететін арнайы карталар арттыра түскен. Тағы бір оқулықтағы жаңа ерекшелік онда тақырыптар бойынша жарық көрген маңызды еңбектердің фотосуреттерінің берілуі дер едік. Олармен танысқан студенттердің аталмыш еңбектерге деген қызығушылығының арта түсері сөзсіз.

Оқулықты жазу барысында авторлар ұжымы төмендегідей тақырыптар бойынша жұмыс істеді:

Орталық Азиядағы түркі тайпалары ұлыстарының картасын деректер негізінде дайындаған – **Т.О. Омарбеков.**

Алғы сөз – Т.О. Омарбеков, I бөлім 1-тарау – М.С. Ноғайбаева (§ 1), Б.Б. Кәрібаев (§ 2); I бөлім 2-тарау Ж.Б. Құндақбаева (§ 1-5) , I бөлім 3-тарау – Б.Б. Кәрібаев (§ 1), М.С. Ноғайбаева (§ 2), I бөлім 4-тарау – Б.Б. Кәрібаев (§ 1-4), М.С. Ноғайбаева (§ 5); I бөлім 5-тарау – М.С. Ноғайбаева (§ 1-5); I бөлім 6-тарау – Н.Д. Нуртазина (§ 1), М. Өскенбай (§ 2); I бөлім 7-тарау – Б.Б. Кәрібаев (§ 1-5).

II бөлім 1-тарау – Б.Б. Кәрібаев (§ 1-4), Т.О. Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев (§ 5); II бөлім 2-тарау – Ж.Е. Жаппасов (§ 1-7), Э.Т. Телеуова (§ 8); II бөлім 3-тарау – Ж.Е. Жаппасов (§ 1-3), Э.Т. Телеуова (§ 4-8); II бөлім 4-тарау – Э.Т. Телеуова (§ 1-2).

«Қазақ ру-тайпаларының тарихы» топтамасы бойынша жарық көрген еңбектерден алынды.

I

бөлім

ЕУРАЗИЯ АУМАҒЫНДАҒЫ XIII–XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҰЛЫСТАР МЕН ОРДАЛАР

I тарау

ҰЛЫ ДАЛАДА МОҢҒОЛ БИЛІГІНІҢ ОРНЫҒУЫ ЖӘНЕ ҰЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

§ 1. Орта Азия мен Қазақстан аумағы моңғол-түрік империясы құрамында

Тарихтың бұған дейінгі даму жолы мен бет-бейнесін аса зор өзгеріске ұшыратқан ең ірі тарихи оқиғалардың қатарында моңғол жаулап алушылығы дәуірін ерекше атап көрсетуге болады. Халықтар мен тайпалардың орын ауыстыруы, олардың көші-қон бағыттарының өзгеруі, бұрынғы ру-тайпалық жүйенің күйреуі және т.б. өзгерістер ағымы осы кезеңдегі тарихи дамудың сипатын да анықтап берді.

Шыңғыс ханның Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алу жорықтарын бастауының сылтауы – «Отырар опаты» деген атпен тарихта қалған оқиғадан бастау алғаны белгілі. Парсы тарихшысы Джувейни қаңлы тайпасынан деп атап көрсететін Отырар қаласының билеушісі Қайыр хан моңғол ханы жіберген сауда керуенін тыңшылық жасады деген күдікпен қырып салған болатын. Әрине, мемлекетаралық елшілік қарым-қатынастар тұрғысынан алғанда, Қайыр ханның бұл әрекеті ешқандай жөн-жоралғыға сыймайтын еді. Сондықтан Шыңғыс хан «әділетті» түрде Қайыр ханды ұстап беруді талап етті. Ал өз тарапынан Мұхаммед Хорезмшах бұл талапты орындау былай тұрсын, бұл елшілерді де өлтіруге бұйрық берді. Мұхаммед Хорезмшах өз әрекетінің қандай салдарға апарып соғарын айқын білгені белгілі. Бірақ ірі мемлекеттің тәжірибелі басшысының мұндай әрекетке баруына қандай жағдайлар себеп болды деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа ортағасырлық тарихшы ан-Насави былай деп түсініктеме береді: «Ол оған (Қайыр ханды Шыңғыс ханға – *авт.*) жөнелте алмайтын еді, өйткені әскердің көп бөлігі мен жоғары дәрежелі әскербасылар соның (Иналханның) қыпшақ туыстары болатын. Оның кестесіндегі өрнекті және оның түйінінің негізін солар жасап, оның мемлекетінде толық билік жүргізді»[1] Басқаша айтқанда, негізгі әскери тірегі қыпшақтар мен қаңлылардан құралған Хорезм-

[1] Шихаб ад-Дин ан-Нисави. Жизнеописание султана Джалал-ад-Дина Манкбурны. – Баку, 1973. – С. 80.

шах олардың өкілдерін жазалауға да дәрменсіз еді. Себебі бұған дейін Хорезмшах Дешті Қыпшақтағы тайпаларды бағындырып, олардың орталығы Сығанақты өз билігін мойындауға мәжбүр етті. Сығанақ иелігіндегі саяси үстемдік негізінен қаңлылар мен қыпшақтарға тиесілі еді. Тіпті, XII-XIII ғасырлардың басында қаңлылардың елеулі саяси күшке айналғандығы сонша лықты олар қыпшақ хандығының саяси бытыраңқылығын тудырған негізгі себептердің біріне айналған. Ал өз кезегінде Хорезмшах сөз жүзінде ғана билігін мойындаған қыпшақтар мен қаңлыларды өзіне тәуелділікте ұстау үшін олардың ақсүйектерін бірте-бірте өз жағына тартып, олармен құда-жекжаттық байланыстар орнатып, өз саясатын қолдайтын сословиелік топ құруды ұстанды. Осылайша, бірте-бірте Хорезмшахтардың қаңлылар мен қыпшақ хандарының руларынан әйел алатын дәстүрі берік қалыптасты. Хорезмшах мемлекетіндегі қаңлылар мен қыпшақтар оның негізгі әскери тірегіне айналып, тіпті оның мемлекеттік саясатына үлкен ықпал жасайтын күш болды. Әбілғазы баһадүр ханның жазуынша Хорезмшахқа келіп нөкер болған елу-алпыс мыңдай[2] және т.б. кезеңдердегі қаңлылар осындай беделге ие болған еді. Мәселен, XIII ғасырдың басында қаңлылардың басшысы Әмин Мәлік Хорезмшах сарайындағы ең ықпалды тұлғалардың бірі болды. Ал ад-Дин Мұхаммед Хорезмшах оның қызына үйленген. Оның баласы ержүрек сұлтан Жалал ад-Дин де қаңлы тайпасының қызына үйленген. Қаңлыдан шыққан көптеген билеушілер осы кезеңдегі орта ғасырлық қалалардың басшылары қызметіне тағайындалған еді.



Моңғол жауынгері.
obukhov.uanoc.com

Осы кезеңге дейін Шыңғыс хан шапқыншылығының ұранына айналған «киіз туырлықты халықтарды біріктіру» идеясын 1218 жылғы құрылтай қабылдаған жоқ. Себебі бұған дейін өз жемісін берген бұл ұран ендігі тұста тиімсіз еді. Түркі, түрікмендер, соның ішінде қаңлылар мен қыпшақтар Хорезмшахтың негізгі әскери тірегі болған, Хорезмшах тарапынан қолдауға ие болмайтындығы түсінікті еді[3]. Сондықтан Шыңғыс хан мен оның ұлдары Хорезмшахтың даңқы мен көп санды әскерінің тірегі болған қаңлылар мен қыпшақтарды толық көзін жойып жіберу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланды[4].

Зерттеуші В.В. Трепавлов 1218 жылғы құрылтайдан соң моңғолдардың жаулап алу жорықтарының бұрынғы «түркі халықтарымен» одақтан оларды тікелей жаулап алу бағытына ауысқанын, осылайша, түркі-моңғол бірлігі туралы идея моңғол-хорезм соғысында өзінің өзектілігін жоғалтып, бұл идея тек Хорезмшах әскерін ыдырату үшін пайдаланылғанын атап көрсетеді[5].

---

[2] Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, 1991. – 31-б.

[3] Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. – М., 1993. – С. 54-55, 57.

[4] Шихаб ад-Дин ан-Нисави. Жизнеописание султана Джалал-ад-Дина Манкбурны. – М., 1996. – С. 87.

[5] Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. – М., 1993. – С. 54-55.



Профессор, ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі Т. Омарбековтің деректер негізінде салған портреті

В.В. Трепавлов Шыңғыс хан бастаған моңғолдардың жаулап алу соғыстарын екі кезеңге бөліп қарастырады. *Алғашқы кезең* 1207-1218 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде моңғолдардың Моңғолия аумағынан тыс жерлерде жүргізген жаулап алушылықтары «киіз туырлықтылардың» бірлігі идеясы аясында жүзеге асты. Осылайша, көптеген түркі тайпалары мен халықтары моңғолдардың билігін өз еріктерімен қабылдап, олармен одақтық қарым-қатынастар орнатты. Тіпті, сондықтан да Алмалықтың билеушісі Бұзардың (Озардың) баласы Сунақ-тегін бастаған қаңлылар Шыңғыс ханның әскері құрамын толықтырды.

Ал *екінші кезеңде* 1218-1223 жылдары түркі-моңғол бірлігі туралы идея тек жау қолын ыдырату құралы ссебінде пайдаланылды. Дәл осы кезеңде қаңлылар және қыпшақтардың бір бөлігін моңғолдар жаулап алып талқандады[6]. Осы саясатты шебер пайдалана білген моңғол қаһаны негізгі тірегі түркі-қаңлылардан құралған Хорезмшах әскерін ыдыратуға қол жеткізді.

Моңғолдардың жаулап алу жорықтары 1219 жылы Ертіс бойынан басталып, моғол әскері Сырдарияға дейін бұрынғы жаулап алушылардың жолымен Жетісу арқылы жүрген. Моңғол әскері Ертіс бойынан күзде жылжыған кезде, оған қарлұқ Арслан хан, ұйғыр билеушісі Баурчик және Алмалықтың билеушісі қаңлы Озардың баласы Сунақ-тегін өз жасақтарымен барып қосылады. Бірақ деректерде ұйғыр билеушісі мен Сунақ-тегіннің қол астында неше адам болғандығы туралы мәлімет сақталмаған[7].

Шыңғыс хан үлкен ұлы Жошыны Отырардан кейін Сырдариянның бойымен төмен қарайғы жерлерді бағындыруға аттандырды. В.В. Бартольд Шыңғыс ханның Жошыға мұндай тапсырма беруінің себебі, Моңғол империясының солтүстік-батыс аймақтарын үлкен ұлының иелігіне бергісі келгендігінен болар деп тұжырымдайды[8].


Моңғол әскерінің алғашқы нысаны Отырар қаласы болғаны белгілі. Шыңғыс ханның шешімімен қаланы Шағатай мен Үгедей бастаған әскер қоршауға алса, үлкен ұлы Жошы Сырдың төменгі ағысы бойындағы қалаларды қоршауға аттанған. Келесі топ Сырдың жоғарғы ағысы бойы қалаларын бағындыруды міндеттеріне алса, Шыңғыс ханның өзі Бұқараға қарай жылжыған[9]

Қаһармандық ерліктің жарқын үлгісіне айналған Отырар қаласын қорғау бас-аяғы алты айға созылғанын білеміз. Рашид ад-Дин бойынша Хорезмшах қаланы қорғауға 20 мың әскер қалдырған және оған өзінің хаджибі Қараша ханды 10 мың әскерімен тағы қосымша күш ретінде аттандырған[10]

---

[6] Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи. – М., 1993. С. 58.
[7] Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Кн. 2. – М.-Л., 1952. Т. 1. С. 198.
[8] Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Соч. – М.: Наука, 1963. – Т. 1. – С. 481.
[9] Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Кн. 2. – М.-Л., 1952. – Т. 1. С. 198.
[10] Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Кн. 2. – М.-Л., 1952. – Т. 1. – С. 191.

Осы жерде сәл шегініс жасап, хаджиб сөзінің мағынасын түсіндіре кетсек. Хорезмшахтар мемлекетінің тарихын зерттеуші З.М. Буниятов аталған мемлекеттің әкімшілік құрылысы туралы жаза келе, негізгі мемлекеттік және сарайдағы қызмет түрлеріне талдау жасайды. Солардың ішінде Хорезмшахтар мемлекетіндегі маңызды қызметтердің бірі – үлкен немесе ұлы хаджиб лауазымы. Дәстүр бойына хаджибтер тек түркі ақсүйектерінен ғана сайланған. Хаджибтер Хорезмшахқа билеушінің тікелей өзіне қатысты істерді ғана мәлімдеп отыратын болған. Хорезмшахтың бір мезгілде бірнеше хаджибтері болатын. Олар оған барлық жерде ілесіп жүретін әрі оның барлық маңызды тапсырмаларын орындайтын.



Деректер негізінде картаны жасаған профессор Т.О. Омарбеков

Тарих ғылымында Шыңғыс хан бастаған моңғол әскерінің Орта Азия мен Қазақстан аумағына басып кіруіне түрткі болған оқиға ретінде аталатын «Отырар опаты» деп аталатын оқиға, Отырар қаласының даңқты билеушісі Қайыр ханның іс-әрекеті түрлі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектерде әр түрлікөзқарастар тұрғысынан бағаланып келеді. Бұл пікірлерді қысқаша топтастырып берер болсақ, Шыңғыс хан бастаған моңғол әскерінің батысқа жорығының шынайы себептері туралы мынадай тұжырымдарды кездестіреміз.

Бірінші, тонаушылықты ғана басты мақсат етіп алған соғыс. Бұл пікірді қолдаушы авторлар Шыңғыс хан бастаған моңғолдардың өмірлік ұстанымы, жалпы тіршілік ету формасы тек әрқашан соғысқа, сол арқылы баю, тіршілік ету болған деген тұжырымдардың, жалпы көшпелі халықтардың барлығының ежелден тонаушылық пен басып алушылыққа бейімділігі туралы сыңаржақ ұстанымға сүйенушілер.

Екінші пікірді жақтаушылар бойынша, Шыңғыс ханның батысқа жорығы «соғыс қажетінен» туындаған. Бұл пікірді негізінен XX ғасыр басынан бері қарайғы қытай авторларының еңбектерінен кездестіруге болады. Бұл пікір бойынша, Шыңғыс хан Алтын хандығын немесе Қытайды толық бағындыру үшін жасалған саясаттан туындаған.

Үшінші пікірді жақтаушылар бұл соғыстың шынайы себебі «империя аумағын кеңейту» мен «Алтын әулетін қоршау» қажеттілігінен туындағанын алға тартады. Бұл – екінші пікірмен біршама үндесетін ұстаным.

Төртінші пікірлер легі «қылмысқа қарсы кек қайтару» әрекетін, яғни бейбіт елшілердің өлтірілуін соғыстың шынайы себебі ретінде қарастырады[11] Жоғарыда келтірілген пікірлерді қорыта келе, біз төртінші топ авторлары атап көрсеткен оқиға батысқа жорықтың шынайы себебінен гөрі, бұрыннан ойластырылған үлкен жоспарды жүзеге асыруға сылтау болған себеп деген ғылымда негізінен қабылданған пікірмен келісеміз.

Ерен ерліктің жарқын үлгісіне айналған Отырар қорғанысы оның билеушісі мен тұрғындарының жанкешті ерлігіне қарамастан алты айдан соң құлады. Негізінен бес ай уақыт өткен соң қала қақпасынан хаджиб Хараджаның көмегімен ішке лап берген моңғол әскері қаланың әр көшесін, әр қорғанысын алу үшін тағы бір ай шайқасуға мәжбүр болады.

Қала мұнарасына бекінген Қайыр хан соңғы оғы таусылғанда жауларына кесек лақтырып, ең соңғы мүмкіндігі қалғанша шайқасады.

Моңғолдар 1220 жылдың ақпанында Отырарды алғаннан кейін оның цитаделін толық күйретеді, ал аман қалған тұрғындарының ішінен қолөнершілерді бөліп алып, қалғандарын басқа қалаларды аларда шабуылға шыққан моңғол әскерінің алдындағы қалқан ретінде пайдалануға айдап кетеді[12]

Шыңғыс ханның ұлдарына қала алынбай тұрған кезде Отырар қаласының басшысы Қайыр ханның бұрынғы орынбасары Бадр ад-Дин ал-Амид келеді. Ан-Нисавидің хабарлауынша, ол Шыңғыс ханға өзінің Мұхаммед Хорезмшахты қаншалықты жек көретінін айтып, оны тез жеңудің құпиясын білетінін жеткізген. Осылайша, моңғол ханы Бадр ад-Дин Амидтің ақылымен Хорезмшахтың анасы Теркен хатунның туыстары болып келетін әскер басшыларының атынан Шыңғыс ханның атына жазылған жалған хат мәтінін даярлайды. Әрине, бұл хат түпкі мақсат бойынша Шыңғыс ханның жансыздарының көмегімен Хорезмшахтың қолына түседі[13] Бұл арандатушылықтан кейін өзінің тегі қаңлы-қыпшақ көптеген әскер басшыларының Шыңғыс хан жағына өтуге дайын екендігіне кәміл сенген Хорезмшах көп санды әскерін одан әрі бөлшектеуге бел шеше кіріседі.



Ал бұл кезде Жошы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласын қоршауға алады. Жеті күн, жеті түн

[11] Сайшиял. Сказание о Чингизхане. – Улан-Уде, 2006. – С. 267-268.
[12] Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Кн. 2. – М.-Л.,1952. – Т. 1. – С. 198-199.
[13] Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Соч. М.: Наука, 1963. – Т. 1. – С. 473

қоршаудан кейін қаланы шабуылмен алған моңғолдар «кеңшілік пен аяушылық қақпасын жауып тастап» халықты аяусыз қырып салды[14].

Сырдариянның жоғарғы ағысы бойындағы қалаларды бағындыруға аттанған Алак-нойан, Сакту-Бұқа басқарған 5 мың моңғол әскеріне қарсы Бенекет қорғанысын Илегту-Мәлік бастаған халық қарсы тұрды. Моңғолдарға қарсы үш күнге созылған теке-тірес шайқастан соң Илегту-Мәлік моңғолдардан сауға сұрайды. Моңғолдар қаланы қорғап, әскердің тең жартысын қырып салып, әдеттегідей тұрғындардың ішінен қолөнершілер мен шеберлерді бөліп алып, қалғандарын басқа қалаларды қоршау кезінде моңғол әскеріне қалқан ретінде пайдалануға айдап кетеді[15]

Моңғол шапқыншылығына қарсы күресте ерен ерлігімен аты қалған, бір өзінің тағдыры ғана үлкен бір батырлық дастанына арқау болатын тұлға – Ходженд қаласының қорғанысын ұйымдастырушы Темір-Мәлік. Рашид ад-Диннің мәліметтеріне сүйенсек, Ходженд қаласын қоршауға алған 70 мың әскерге төтеп берудің мүмкін еместігін түсінген Темір-Мәлік өзі сияқты ержүрек жігіттерден құралған бір мың әскермен Сырдариянның ортасындағы бір аралға бекінеді. Дегенмен бұл тәсілмен ұзақ қорғану мүмкін болмағандықтан, Темір-Мәлік тобы түнде Сырдың төменгі ағысы бойымен, бүкіл адамдарымен, аттарымен 70 қайықпен жүзіп кетеді. Өзеннің екі жағымен бойлай оларды қуалаған моңғолдарға Темір-Мәлік те аяусыз тойтарыс береді. Олар Бенекет түбіне жеткенде моңғолдар өзенге шынжыр байлап, тоқтатпақ амал жасайды. Бұл жолы да бұғауды бұзып өтіп, Отырар, Сығанақ, Жанд қалаларының жанынан да өтіп кетеді.

Моңғолдар Темір-Мәлік тобын Баршынкент түбінде понтонды көпір құрып, оларға катапульттер орнатып, өзеннің екі жағына моңғол әскерін толтырып күтіп тұрады. Бұл туралы хабар алған Темір-Мәлік қалаға жетпей, жағаға түсуге мәжбүр болады. Артынан қуғынға түскен моңғол әскері көбейген сайын, Темір-Мәлік тобы солғұрлым азая береді. Ең соңында ол бір сынық, екі бүтін жебесімен, артынан қуған үш моңғолмен жеке-дара қалады. Әлгі сынық жебемен бір моңғолды көзінен жаралайды. Ал қалған екеуіне: «Менде екі жебе қалды, мен оларды шығындауға қимай тұрмын, бірақ екеуіңе жетеді. Сондықтан екеуің кейін бұрылып, өз өмірлеріңді сақтап қалғандарың абзал», – деп айқай салады. Екі моңғол оның сөзіне құлақ асса керек, Темір-Мәлік аман-есен Үргенішті қорғаушылардың қатарына моңғолдарды біраз әуреге салған Хорезмшахтың ұлы Жалал ад-Динге барып қосылады[16].

Темір-Мәлік Үргенішке келіп жеткенде, Хорезмшах мемлекетінің астанасындағы жағдай өте қиын еді. Себебі бұған дейін моңғолдардың Шыңғыс ханның өзі, оның кенже ұлы Төле мен атақты Жебе мен Сүбедей баһадүрлер басқарған негізгі әскері Сыр бойынан, Қызылқұм арқылы Бұхараға тікелей аттанған еді. Олар Бұхараны қырғын мен талан-таражға ұшыратқаннан кейін, Хорезмшахтардың екінші астанасы Самарқандқа тіке шабуыл жасайды. Түптің түбінде Самарқандта да моңғолдар алдында тізе бүккен кезде, ең алдымен, Шыңғыс ханның тікелей жарлығымен қала қорғанысын

[14] Рашид ад-Дин. Сборник лстописей. Кн. 2. – М.-Л.,1952. – Т. 1. – С. 199
[15] Там жс, 101 с.
[16] Там жс, 201-203 с.

ұйымдастырған 30 мың әскерді 20 әмірімен түгел қырып салады[17] Ал Үргеніш қаласындағы жағдай Теркен хатуннның қаланы тастап шығып кеткеннен кейін одан әрі шиеленіскен еді. Дегенмен қала моңғолдарға қарсы 7 ай қорғанды[18]. Бірақ қала қорғанысын ұйымдастырушы әскер басшыларының арасында алауыздық туып, Каспий теңізінің бір аралында қайтыс болған сұлтанның соңғы өсиеті бойынша тақ мұрагерлігіне сайланған Жалал ад-Динді қолдаудан бас тартып, өзара бүлік шығарды. Олар өзара ақылдасып, Теркен хатунның туысы Құмар тегінді сұлтан деп жариялайды. Үргеніштің құлауымен моңғолдар Орта Азияны толық басып алды.

Хорезмшах сұлтаны Жалал ад-Дин моңғол шапқыншылығына қарсы аяусыз күресін тоқтатпайды. Деректерде ол «сөзі бойынша түркі еді, бірақ парсы тілінде де сөйлейтін, арыстандардың арасындағы арыстаны және жауынгерлер мен батырлардың ең ержүрегі болатын» деп сипатталатын Жалал ад-Дин сұлтан билікті 1220 жылы Мұхаммед Хорезмшахтың даңқсыз өлімінен кейін ғана қолына алды. Хорезмнің қорғанысын ұйымдастыра алмайтынына көзі жеткеннен кейін әрі өз өміріне жасалған қастандықтан кездейсоқ аман қалған сұлтан өзіне адал берілген, 300-дей түркілерден құралған әскерімен, Темір-Мәлікпен бірге қазіргі Ауғанстан аумағына өтіп кетуге мәжбүр болды. Сәл алға озып айта кетсек, бұдан былай Жалал ад-Динмен бірге моңғолдар үшін үлкен қауіпке айналған Темір-Мәлік тағдырдың талай сынынан өтеді. Жалал ад-Дин қайтыс болғаннан кейін сопы киімін киіп, Шамға, Сирияға кетеді. Бірақ туған жерге деген махаббаты мен сағынышының әсерінен қайта оралып, біраз уақыт Ош маңында тұрып, бала-шағасы жайлы мәліметтер жинап, бір күндері Ходжентке қайтып оралады. Алайда дерек мәліметтеріне қарағанда ол өзін танып қойған моңғол қолбасшысы Қадакан-Оғұлдың қолынан қаза табады.

Көп ұзамай қыпшақ даласы да моңғолдар билігіне өтеді. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, қаңлы, қыпшақ және т.б. тайпалардың бірнеше бөліктері Шыңғыс хан әскеріне еш қарсылықсыз бағынғаны да белгілі.

Шыңғыс хан бастаған моңғол әскері Орта Азия аумағын 1221 жылы, ал бүкіл Қазақстан аумағын жаулап алуды 1224 жылы аяқтағаны белгілі. Моңғол шапқыншылығын көзімен көрген автор: «Адамдар бұрынғы ғасырларда, жойылған мемлекеттер заманында да құлақ естіп, көз көрмеген апаттардың куәсі болды», – деп сипаттаған моңғол шапқыншылығы адамзат тарихындағы ең қайғылы, күрделі оқиғалар қатарына жатары даусыз.

Алғашында «киіз туырлықты халықтарды біріктіру» ұранымен жүргізілгені моңғол жаулап алушылығының нәтижесінде Шыңғыс хан Сібір, Қазақстан, Шығыс Түркістан аймағындағы түркі тайпаларын күшпен бағындыру, жаулап алу, бейбіт құда-жекжаттыққа негізделген байланыстар орнату, т.с.с. әдіс-тәсілдермен өзіне бағындыру саясатын сәтті аяқтап шықты. Бірақ ол «киіз туырлықты халықтардың» ендігі үстемдік жүргізушілері моңғолдар екендігін мықтап орнықтыруды да ұмытқан жоқ. Сондықтан бүкіл жаулап алған жерлерін өз балаларына бөліп берс отырып, Шыңғыс хан бұл жерлердегі моңғолдардың үстемдігін сақтап қалатын идеологиялық саяси-әкімшілік негізін қалап үлгерді.

---

[17] Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Кн. 2. – М.-Л.,1952. – Т. 1. – 208 с.

[18] Там же, 216 с.

Бақылау сұрақтары:

1. Шыңғыс ханның жаулап алу соғыстарының мақсаты мен сипаты туралы тарихнамалық пікірлерді қалай топтастыруға болады?
2. Моңғол мемлекеттілігі формаларының қалыптасуына қандай түркілік дәстүрлер әсер еткен?
3. Шыңғыс ханның жаулап алу соғыстарының идеологиясына айналған «киіз туырлықты халықтарды біріктіру» идеясы қашан және неліктен өзгерді?

§ 2. Ұлы Даладағы саяси-әлеуметтік өзгерістер қорытындылары

Шыңғыс ханның басшылығымен 1219-1224 жылдар аралығындағы моңғол әскерінің жаулап алу соғыстары бағындырылған елдер үшін ауыр болды, ол көптеген халықтардың экономикасы мен мәдени дамуын, олардың саяси, әлеуметтік және этникалық даму үрдістерін ұзақ уақытқа тежеді. Моңғолдардың жаулап алуы салдарынан өндіргіш күштер талқандалды, көптеген материалдық және мәдени-рухани байлықтар жойылып кетті. Моңғолдар жаулап алуы жылдары өмір сүрген араб тарихшысы Ибн әл-Асир ол туралы: «Бұл оқиға күн мен түн болғалы жер бетінде болып көрмеген, жер бетінің бәрін жайлаған орасан кесапат болды... жылнамаларда бұл секілді апаттың болғаны айтылмайды», – деп жазды.

Моңғолдардың жаулап алуы барысында басқа аумақтардың қалалары секілді Қазақстанның қалалары да зор апаттарды басынан кешіреді. Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы, Жетісу өңіріндегі қалалар мен елді-мекендер моңғол шапқыншылығының алғашқы құрбандары болды.

Отырар қаласының алты ай бойы қарсыласқаны үшін қаталдықпен кек алынды – моңғолдар қаланы тонады, қамал мен қорғанның дуалын қиратты, қаланың тірі қалған тұрғындарының көпшілігін қырып тастады. Отырар тұрғындарының шағын бір бөлігі ғана тұтқынға алынып, басқа қалаларды алу кезінде пайдалану үшін Самарқанд маңына күштеп айдап әкетіледі.

Жеті күн бойы моңғолдарға қатты қарсылық көрсеткен Сығанақ халқын жау әскері түгел қырып тастады. Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы Ашнас халқы да осындай жағдайды бастарынан кешеді. Жент, Үзкент, Баршынкент секілді қалаларда жаппай қыру болмаса да, бұл қалалар моңғол әскерінің тонауына ұшырайды. Оңтүстік Қазақстанның басқа отырықшы-егіншілік орталықтарының халқы да зардап шекті.

Жазба деректерде Қазақстан аумағындағы қалалар арасында Сыр бойындағы Отырар, Сығанақ, Ашнас қалаларының моңғолдарға тегеурінді қарсылықтар көрсеткендігі туралы және де осы қалалар тұрғындарының қырғыншылыққа қатты ұшырағандығы жөнінде айтылады. Рашид ад-Диннің жазуы бойынша Отырар қаласы бес айдай қарсылық көрсетеді, бірақ та қалаға көмекке келген Қараша хаджибтің сатқындығы кесірінен моңғол әскері қаланың ішіне енеді. Қала билеушісі Қайыр хан 20 мыңдай адамымен қала цитаделіне тағы бір айдай қарсылық көрсетеді. Қаланы толығымен алғаннан кейін, моңғолдар қала тұрғындарын сыртқа алып шығып, талан-таражға салады.

Отырар қаласынан кейін тұрғындары түгелімен өлтірілген Сыр бойының қаласы – Сығанақ. Сығанақ қаласының тұрғындары жауға өз ерік-терімен берілуден бас тартып, туған қаласын бір апта бойы асқан ерлікпен қорғайды. Джувейнидің айтуы бойынша, Сығанақ қаласын жеті күндік үздіксіз шайқастардан кейін ғана моңғол әскері алып, тұрғындарын түгелдей қырып салады. Сығанақтан кейінгі моңғолдарға тегеурінді қарсылықты Ашнас қаласының тұрғындары көрсетеді. Қаланың қарапайым халқы табандылықпен қорғанады, бірақ күш тең болмай, жау қаланы алып, қала халқының басым бөлігін қырып салады.

Моңғол әскері өздеріне қатты қарсылық көрсеткен қалаларды қиратып, тұрғындарын түгелге жуық қырып отырса, қарсылық көрсетпеген қалаларды қиратпайды, бірақ та қала тұрғындарын қорқынышта ұстау үшін тұрғындардың аз ғана бөлігін өлтіріп отырады. Жаулап алушылар бағындырылған қалалардағы тұрғындардың көтерілістері мен қарсылықтарын болдырмау үшін бұрынғы басқарушылар мен олардың жақтастарын өлтіріп, орнына өздері тағайындаған адамдарды қалдырып отырады.



Профессор, ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі Т. Омарбековтің деректер негізінде салған портреті

1220 жылдың сәуірінің соңғы декадасында Жошы бастаған моңғол әскерінің Сырдың төменгі ағысы бойындағы Жент қаласын алуымен моңғолдардың бұл бағыттағы жаулап алу ұрыстары аяқталады.

Сөйтіп, Хорезмшахтары мемлекетінің солтүстік аймағы және Дешті Қыпшақтың оңтүстік бөлігі болып саналатын, негізінен қыпшақтар мен қаңлылар мекендейтін Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысы бойындағы қалалар моңғолдардың қол астына қаратылады.

Моңғолдардың жаулап алуы барысында жергілікті тұрғындардың саны тек қала қорғаныстарындағы ұрыстарға байланысты азайып қойған жоқ, сонымен бірге моңғолдар басып алған қалалардың тұрғындары ішінен ер адамдарды, әсіресе жастарды басқа қалаларды қоршау ісіне күштеп жұмылдыруы, қолөнер иелерін және жас қыздар мен келіншектерді тұтқынға алуы да жалпы жергілікті халық санының күрт азаюына әкеледі. Жергілікті тұрғындардан іріктеп алынған ер адамдар қала қорғаныстарын бұзатын әскери құралдарды тасымалдауға, қала бекіністерінің түбіндегі орларды көмуге, қамалдар түбінен орлар қазуға және тағы осындай қара жұмыстарды орындауға күштеп алынады. Рашид ад-Диннің дерегінде Сырдың жоғарғы ағысы бойында орналасқан Бенакет пен Ходжент қалаларын алу барысында моңғолдар жергілікті жерлерден күштеп жинақталған адамдарды пайдаланғандығы айтылады.

Дешті Қыпшақ тұрғындары санының азаюына әсер еткен келесі бір факторға моңғолдардың 1219-1224 жылдардағы жаулап алу соғыстары барысында бағындырылған өңірлердегі тұрғындар есебінен өз әскерлерінің санын үнемі еселеп толтырып отыруы жатады. Бұл туралы да өте аз болса жазба деректер мәліметтер береді. Тағы да Рашид ад-Динге сүйенсек, ол

1220 жылдың көктемінде Жошының Сырдың төменгі ағысы бойында болып, Хорезмді қоршауға жергілікті көшпелі тайпалардан 10 мыңдық әскердің жасақталып, қалаға аттандырылғанын айтады. Жергілікті тұрғындар мен көшпелі тайпалар есебінен моңғолдар өз әскерінің құрамын осылайша толтырып алып, келесі ұрыстар мен шайқастарға қатысып отырады. Мұндай жағдайлар да жергілікті халықтар санының күрт азаюына алып келеді.

Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларына қарсы алғашқы жорық 1220 жылдың көктем-жаз айларында, бүкіл Сыр өңіріндегі қалалар мен елді-мекендер жаулап алынғаннан кейін болады. Рашид ад-Диннің мәліметтерінде Жошы әскерінің бір бөлігін басқарған Улус-иди Дешті Қыпшақтың ішкі жағында орналасқан қаңлылардың ордасы Қарақорымға аттанады.

Бұл жорық туралы Әбілғазы былай деп баяндайды: «... Шағатай мен Үгедей кері бұрылып, Термездегі әкесіне қарай кетті, ал Жошы Үргеніштен Дешті Қыпшаққа аттанды. Қыпшақ халқы бірігіп, соғысқа шықты. Жошы хан жеңіске жетті, [оның] қолына түскен [барлық] қыпшақты өлтіреді, қолға түспей қашып кетіп аман-сау қалғандары естектерге (башқұрттарға – *Б.К.*) кетті. Қазіргі естектердің көп бөлігі сол қыпшақтардың ұрпақтары болып келеді».

Моңғолдардың Сыр бойындағы қалалар мен елді-мекендерді бағындыру барысында жасаған қырғыншылықтары Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларын жаулау кезінде де қайталанады.

1219-1224 жылдары моңғолдардың жаулап алу соғыстарына байланысты Дешті Қыпшақтағы этникалық процестерге кері әсер еткен белгілердің біріне жергілікті көшпелі тайпалардың бір бөлігінің туған жерлерінен ауа көшіп кетуі жатады. Көшіп кеткендер, жекелеген адамдар, жекелеген отбасылар немесе жекелеген рулық бөлімшелер мен рулар болсын, өз туған жерінен қол үзумен бірге, ғасырлар бойы үздіксіз жалғасып келе жатқан ортақ этникалық территориядағы этноүрдістерден тыс қалып, өзге этнотерриториядағы этнопроцестерге қосылады. Сөйтіп, олар өздерінің этникалық болмысынан айырылады.

Деректерде Дешті Қыпшақ тайпаларының моңғолдарға бағынғысы келмей немесе олардан қорқып көшіп кеткендігі туралы мәліметтер кездеседі. Жоғарыда біз келтірген Әбілғазының бір ғана мәліметінен қыпшақтардың бір бөлігінің башқұрттар жеріне көшіп барғанын білсек, оның келесі мәліметінде былай делінеді: «Еділ мен Тин (Дон) аралығында өмір сүретін қыпшақтар төрт тарапқа шашырап кетті», – делінеді. Ал моңғол шапқыншылығының Шығыс Дешті Қыпшақтағы этнопроцестерге тигізген ықпалын Р.Г. Кузеев былайша тұжырымдайды: «Моңғол шапқыншылығы көшпелілердің көп бөлігінің жылжуын туғызды, әсіресе жаулап алудың алғашқы сатысында Еуразия далаларының орасан зор аумағы мен солтүстіктегі көршілес аймақтарға жаудан жеңіліске ұшыраған, талан-таражға түскен қыпшақтар шашырап кетті».

1245-1247 жылдары Рим Папасының Күйік ханға жіберген елшісі Плано Карпини Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірінде қираған көптеген қалаларды, бекіністерді және қаңырап қалған қыстақтарды көргенін баяндайды. Шапқыншылықтан көшпелі және жартылай көшпелі аймақтардың халқы да көп зардап шегеді. Плано Карпинидің мынадай дерегі соған дәлел болады: «Біз қангиттердің жеріне аяқ бастық... Бұл жерден, сондай-ақ Команиядан біз аяқ астында тезекше шашылып жатқан сансыз адамдардың бас сүйектері мен қаңқаларына тап болдық... Бұл адамдар, комондар да,

қангиттер де, жер өңдемеген, малмен күн көрген, олар сондай-ақ үй салмастан, шатырларда орналасқан. Татарлар оларды да қырып-жойған, енді өздері солардың жерінде тұрады, ал тірі қалғандарын құл қылып алған».

Моңғол ақсүйектерінің үстемдігі Жетісу жеріне ауыр тиді. Шыңғыс ханның шабуылына дейін-ақ үздіксіз соғыстарда күйзелістерге ұшыраған бұл аймақтың халқы жаулап алушыларға қарсылық көрсете алмаған болатын. Сондықтан да Жетісуда қалаларды жойып жіберу болмаған. Алайда жазбаша деректер мен археологиялық мәліметтер Жетісудағы қала мәдениеті мен отырықшы-егіншілік мәдениетінің едәуір бүлінгенін, егістік үшін игерілген жерлердің өлкеде моңғол үстемдігінің орнағаннан кейінгі алғашқы ондаған жылдарда-ақ жайылымға айналдырылғанын көрсетеді.

1253-1255 жылдары Қазақстан аумағы арқылы өткен Француз королі IX Людовиктің моңғол ханы Мөңкеге жіберген елшісі Рубрук, егіншілік мәдениеттің күйрегені, Іле алқабындағы қалалардың жойылып кеткендігі туралы алғашқылардың бірі болып деректер қалдырған. Оның мынадай дерегі Жетісудағы моңғол шапқыншылығы мен үстемдігінің зардаптарын көрсетеді: «Біз оң жағын биік тау қоршаған, ал сол жағында айналасы жиырма бес күншілік теңіз бе әлде көл ме, шалқып жатқан өте әсем жазықпен жүрдік. Бұл жазық таудан басталып әлгі аталған теңізге келіп құйып жатқан сумен түгелдей тамаша суландырылған. Жазда бұл теңіздің (Балқаштың) солтүстік беткейі арқылы қайттық, бұл беткей де таулы болып келеді. Жоғарыда аталған жазықта бұрын көп қала болған, бірақ олардың көпшілігін өздерінің малын бағуға жағдай жасау үшін татарлар [моңғолдар] қиратып жіберген, өйткені онда ең тамаша жайылымдар болған».

Бірнеше ондаған жылдар бойында жаулап алынған жерлерде «көшпелі мал шаруашылығының басымдығын» нығайтқан көшпелі моңғолдар тобы осылай қарай ағылады. Ұлыстар құрылғаннан кейін Жетісуға көшпелілердің қалың топтарының келіп қоныстану салдарынан егістік танаптары, өңделетін жерлер күрт азайып, көшпелі мал шаруашылығы отырықшылық есебінен күшейе түседі. Елді мекендерді қирату, егістікті малға таптату, баубақшаны, ирригациялық жүйелерді жойып жіберу, отырықшы-егінші халықтың қырылып, босып кетуі, оның көрші қалалармен және егіншілікпен шұғылданатын өлкелермен, соның ішінде Оңтүстік Қазақстанмен экономикалық тарылуы – осының бәрі Жетісудағы қалалар тіршілігінің экономикалық негізін әлсіретіп жібереді. Көшпелі мал шаруашылығы егіншілікті ығыстырып шығарды, ал егіншілік болмаған соң қалалар құлдырап кетеді.

Моңғолдардың жаулап алуы қоғамдық дамуға да тежеу болады. Ол жаулап алынған елдердің, оның ішінде Қазақстанның да әлеуметтік-экономикалық құрылымына елеулі кері кетушілік туғызды. Қоғамдық қатынастарда ең артта қалған нысандар орнығып, құлиеленушіліктің белгілері (қолға түскен мыңдаған адамдар құлға айналдырылады) кең етек алды. Егіншілік пен қала мәдениетінің күрт құлдырауының, экономикада экстенсивті көшпелі мал шаруашылығының үлес салмағы арта түсуінің салдарынан қоғамның әлеуметтік даму (феодалдану процесі) үдерісі тежелді.

Жаулап алынған жерлерде халықты әскери-әкімшілік тұрғыдан ұйымдастырудың сандық (ондық, жүздік, мыңдық) жүйесі, вассалитеттің өзіндік жүйесі таратылды.

Бағындырылған халық хан әулетіне тиесілі деп саналды, оларға ауыр салықтар салынып, міндеткерліктер жүктеліп отырды. Әскери міндеткерлік өте-мөте ауыр болды – жоғарыда аталған ұйымдастырудың ондық жүйесіне сәйкес халық моңғол әскері үшін жауынгерлер беріп отыруға міндеттелді. Материалдық игіліктерді жасайтын халық өндірістен қол үзіп, әскери қару-жарақ үшін зор шығынға ұшырады. Отырықшы халық та әскери борышын өтеуге тиіс болды, олар жаяу әскерге алынып, моңғолдар оларды қамалдарды қоршау үшін пайдаланды.

Салық түрлерінің көп және көлемінің ауыр болуы халықтың жаппай күйзелуіне әкеп соқтырды. Рашид ад-Динде ол туралы келесідей мәліметтер бар: «... күштеумен қорқытып тартып алу барған сайын күшейіп, егіншілердің, әсіресе белгіленген алымдар мен міндеткерліктердің көптігінен жиналған астықтың өзі белгіленген алымдардың жартысын да өтеуге жетпейтін болды».

Қазақстан аумағында ежелден тұратын этникалық топтар мен халықтардың және олардың жерлерінің моңғол ұлыстарына бөлінуі олардың ұзаққа дейін әр түрлісаяси құрылымдар құрамында болғызды, ал ол өз кезегінде халықтың этникалық, шаруашылық, мәдени тұрғыдан бірігуіне кедергі жасады, керісінше бытыраңқылық үрдісін ұзартады.

Сонымен бірге Моңғол империясының, одан соң Алтын Орда мемлекетінің құрылуы Қазақстан мен оған көршілес елдерді ортақ саяси, экономикалық, мәдени кеңістікке біріктірді. Сондай-ақ дала мәдениеті мен отырықшы-егіншілік мәдениетті таратушылардың өзара әсері мен ықпалы тұрғысындағы интеграциялық үрдістердің дамуына жол ашты. Қазақстанда өмір сүрген этностың мұсылман Шығысымен, Еуропамен, Қытаймен кеңінен араласуына мүмкіндік туғызды. Моңғол билігі сауданы, халықаралық қатынастарды дамытуға ынталандырылды, жер-жерде пошта және жәмшік қызметін енгізді. Бұрын алыс болып келген халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар орнатылды. Ұлыстардың аумағымен сауда керуендері жүріп өтті, алыс өлкелерге дипломатиялық миссиялар, саяхатшылап аттанып, Еуропаға Азия елдері мен халықтары туралы мәліметтер жеткізді. Моңғолдар далаға орталықтандырылған өкімет идеясын әкелді, бұрын ұйымдаспаған тайпаларды біріктірді, жаңа жағдайларға бейімделген дала заңдарын іске қосты. Моңғолдардан кейінгі уақыттағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттерде кейін келе әлеуметтік ұйымның көптеген нормалары мен мемлекеттік нысандары пайдаланылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Шыңғыс ханның жаулап алу соғыстарының мақсаты мен сипаты туралы тарихнамалық пікірлерді қалай топтастыруға болады?
2. Моңғол мемлекеттілігі формаларының қалыптасуына қандай түркілік дәстүрлер әсер еткен?
3. Шыңғыс ханның жаулап алу соғыстарының идеологиясына айналған «киіз туырлықты халықтарды біріктіру» идеясы қашан және неліктен өзгерді?
4. Ортағасырлық авторлардың еңбектеріндегі моңғолдардың жаулап алу соғыстарының салдары мен барысына берілген сипаттамаларды салыстырыңыздар.
5. Моңғол жаулап алушылығының оң және теріс салдарын талдаңыздар.

II тарау

АЛТЫН ОРДА (ЖОШЫ ҰЛЫСЫ) ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

§ 1. Алтын Орда (Жошы ұлысы) тарихы бойынша деректер және зерттеулер

Өткен кезеңдер туралы тарихи білім, ең алдымен, дерек көздері негізінде анықталады. Олардың алуантүрлілігі қоғам дамуы туралы біздің түсінігімізге өз әсерін тигізеді. Алтын Орданың қалыптасуы мен гүлденуі үдерісін қарастыру Еуразияның шексіз кеңістігін жайлаған осынау аса зор ортағасырлық мемлекеттің рөлін анықтауға көмектеседі.

Алтын Орда мемлекетінің тарихы әртекті тарихи деректерде өз көрінісін табады. Деректерді жіктеуді лингвистикалық, хронологиялық, әулеттік негізде немесе олардың туындауы қағидаттары арқылы жүзеге асыруға болады. Олай болса, біздің көз алдымызға моңғол, қытай, парсы, армян, араб, византиялық, орыс, латын, итальян, француз деректерінің кең спектрі жайылып сала береді. Алтын Орда бойынша деректер негізінен мемлекеттің саяси тарихы мен оның басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарын қамтиды.

1242 жылдың соңы 1243 жылдың ең бастапқы айларында Бату ханның әскері Батыс Еуропадан оралып, Дешті Қыпшақ тарихи атауымен белгілі Қара теңіз бен Каспий теңізі атырабындағы далалық аумаққа орналасты. Бұл оқиға Ипатьев жылнамасында (1243 ж.) Бату «Оугорьден оралды»[19] деп көрсетілген.

XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Алтын Орда Моңғол империясынан алшақтап, дербестікке ұмтыла түседі. Алтын Орданың егемендігін қуаттау тұрғысында өз атынан теңге соғып, елшілер қабылдап, ресми құжаттарға қол қоя бастайды. Алтын Орда билеушілері ішінен бірінші болып Менгу-Темір (1266/67-1280/82) толық заңды тәуелсіздікке қол жеткізді. Алтын Орданың бұл кездегі негізгі геосаяси қарсыласы Ирандағы моңғол мемлекеті – Хулагуидтер ұлысы болған еді. Жошы әулеті Хулагуидтер жеріне, әсіресе Қап тауының түстігіндегі аумақтарға көз тікті. Менгу-Темір хан тұсында Алтын Орда саясатында белгілі бір өзгерістер пайда

[19] Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды. – М., 1985. – С. 27.



болды. Мұның өзі Таяу Шығыс пен Жерорта теңізінің шығыс бөлігіндегі халықаралық жағдайға өз әсерін тигізбей қоймайды. 1260-1280 жылдары Жерорта теңізі жағалауын айнала бір-біріне қарсылас екі коалиция қалыптасып үлгерген болатын. Итальяндық саудагер республикалар – Генуя мен Венеция арасындағы қайшылықтардың мәні зор болды. Генуялықтар Хулагу ильхандармен жақындасса, венециялықтар тиісінше Алтын Орда билеушілерімен ортақ тіл тапты.

Генуялықтар, тіпті, ильхандардың Батыс елдеріне қатысты дипломатиялық тапсырмаларын жеткізуші қызметін атқарды. Итальяндық республикаларға байланысты осынау тарихи оқиғалар Салимбене де Адамның «Хроникаларында», «Ағайынды Минориттердің және уағыздаушылардың Татарияда болуы», «Азактың венециялық көпестеріне Өзбек ханның жарлығы», Франческо Пелаготтидің «Сауда тәжірибесінде», Рим папасы XII Бенедиктің Өзбек ханға, Жәнібекке, Тайдулла хатунға хаттарында, Азактың венециялық көпестерге Жәнібек ханның жарлықтарында, Джовании Мариньоланың хроникаларында[20], т.б. деректерде кеңінен орын алған.

Византия императоры VIII Михаил өзінің некесіз туған қызын ықпалы күшейе түскен Ноғайға беріп, онымен тығыз байланыс орнатты. Ал оның жаңа жағдайы Жошы әулеті мен Хулагуидтер жанжалында бейтараптықты ұстануына, оған қоса алтынордалық күштерді Дунай Болгариясына қарсы күреске жұмылдыруына мүмкіндіктер берді.

Алтын Орда тарихының келесі кезеңі Ноғайдың күшеюімен байланысты болды. Менгу-Темір қайтыс болғаннан кейін Ноғай Жошы ұлысының басты саяси тұлғасына айналды. 1290 жылдың орта тұсына қарай Ноғайдың билігі шырқау биігіне көтерілді. Жас, жігерлі Тоқта өзімен еншілес билеуші бауырларын биліктен кетіруді мақсат тұтып Ноғайға ашықтан-ашық қарсы шығады. Бірқатар қақтығыстар барысында ол Ноғайды жеңеді. Ноғайдың өзін Тоқтаның орыс сарбазы мен ұлдары Дунай бойында өлтіреді. Тоқта қуатты орталық билікті қалпына келтіріп, Алтын Ордадағы орталықтан алшақтау үрдістерін тоқтатады, сонымен бірге Византия императоры II Андроникtің қызына үйлену арқылы онымен некелік одақ құрады.

Келесі қадам, оның ең бастысы Хулагу ұлысымен байланыстарды қалпына келтіруге бағытталған сыртқы саяси мәселелерді шешуге арналады. Бұл мәселеде хан грузин патшаларына арқа сүйеуді құп көреді. Тоқтаның

[20] Становление и расцвет Золотой Орды. Источники по истории Улуса Джучи (1266-1359 гг.). – Казань, 2011.

1301 жылдың көктемінде жасаған жорығы нәтижесіз аяқталды. Бұдан соң ол дипломатиялық келіссөздерге көшіп Хулагуидтердің астанасы Тебризге елшілер жіберіп, кезінде Шыңғыс хан Жошыға және оның ұрпақтарына қалдырған түстік Капказдан, Газан ханның бас тартуын талап етеді. Тоқта мәмлүктік Мысырмен әскери одақ құруға дәмеленеді, бірақ оның билеушілерінің Хулагуидтермен соғысуға қаражаты да, қалауы да жоқ еді.




Алтын Орда құрамындағы мемлекеттер

Алтын Орданың гүлдену кезеңі Тоқта қайтыс болғаннан кейін билікке келген Өзбек ханның (1312-1313-1341-1342) есімімен тығыз байланысты. Өзбек хан тұсында ислам мемлекеттік дін мәртебесін иеленіп, елге діни қызметшілер мен уағыздаушылардың легі ағылады. Алтын Орда билеушісі түстік Капказда орнығып қалуға күш салғанымен онысынан ештеңе өнбейді. Келесі кадам Рюриковичтердің әр түрлітармақтары арасындағы тайталасқа айналған орыс жерлерінің мәселелеріне арналады. Бұл күресте түптің түбінде Өзбек хан Мәскеу князьдарын қолдап Юрий Даниловичке өзінің қарындасын қалыңдық етіп береді, оның есімі орыс жылнамалары бойынша Кончаку, ал православиені қабылдаған соң жаңа Агафья есімімен аталатын болады.

Ирандағы Хулагуидтер мемлекетімен қатынастың шиеленісті жағдайын есепке алып Мысырмен байланыстарға үлкен мән берілді. Өзбек хан таққа отыруымен және исламға өтуімен бірге мәмлүк сұлтаны Малик ал Насирді

билеуші екі әулеттің арасында некелік одақтар құруға үндейді. Ұзаққа созылған келіссөздер нәтижесінде 1320 жылдың көктемінде Малик ан Насир және Алтын Орда өкілдері арасында некелік одақ құрылады. Бірақ бұған қарамастан Өзбек хан оңтүстік Капказ үшін күресті жалғастырғанда Мысыр тарапынан ешқандай көмек болған жоқ. Өзбек хан сұлтанға наразылық білдіріп, Мысырға құлдарды тасуға тыйым салды. Өзбектің Шағатай ұлысының ханы Кебекпен одақтаса отырып Иранды күйрету үміті де ақталмады.



Профессор Т. Омарбековтің деректер негізінде салған портреті

Тек он жылдан кейін ғана, 1335 жылдың күзінде Өзбек оңтүстік Капказ үшін күресті қайтадан қолға алды. Соғыс бастала бере кенеттен Хулагу ұлысының билеушісі Абу Саид (30 қазан 1335 ж.) қайтыс болып парсы әскері бас қолбасшысыз қалды, дегенмен Хулагуидтердің Ирандағы билігі сақталып қалды да, Өзбек хан тек 1340 жылы ғана Хорасанның бір бөлігін жаулап алды. 1341/1342 жылдары Өзбек хан қайтыс болардың алдында өзінің мұрагері ретінде ұлы Тыныбекті тағайындайды, бірақ туған інісі Жәнібек қастандық ұйымдастырып, нәтижесінде билікті өзі басып алады.

Жәнібектің таққа отыруымен (1342-1357) Алтын Орда мемлекеті өзінің құдіретті биігінен төмендеп белгілі бір қиыншылықтарға тап бола бастады. XIV ғасырдың орта шеніне қарай Алтын Орданың Дешті Қыпшақ территориясында қуаңшылық басталды. Оған Орталық Азиядан тараған «қара өлім» – оба Жошы ұлысын теңселтті. Қарқынды трансконтиненталды сауда-саттық аурудың ескі мекенге өрттей жайылуын тездетті. Табиғи-климаттық факторларға сыртқы саяси факторлар үстемеленді. Литваның ықпалы күшейе түсіп, оның ұлы князьдары Алтын Орда қашқындарына баспана бере бастады. Литва өзінің Польшамен, Венгриямен және Тевтон орденімен әскери келісімдері мен одақтастықтарын пайдалана отырып, уақытша шиеленістерге қарамастан орыстардың шекаралас жерлеріне Орданың ықпалын әлсіретуге тырысты. Алтын Орда Жерорта теңізінен де ығыстырылып, оның геосаяси жағдайы түбегейлі өзгерді, негізгі экономикалық әріптестері – Мысыр және Италиямен де байланыстары қиындай түсті.

Жәнібек хан Алтын Орда шекарасының оңтүстігінен өтетін Ұлы Жібек жолы негізгі артериясына шығу жолдарын қарастыра бастады. Бұған Ирандағы Хулагуидтер мемлекетінің күйреуі де көмектесті. 1357 жылы Алтын Орда ханы өзінің ұлы Бердібекпен бірге Дербент арқылы Әзірбайжанға жорыққа шығып, оны, астанасы Тебризбен қоса тез арада жаулап алды. Алтын Орда әскерінің басқа тобы Хорасанның бір бөлігін бағындырды. Сонымен, Жошы әулеті ақыры оңтүстік Капказға үстемдік ету мақсатына қол жеткізді. Бірақ Жәнібек күтпеген жағдайда Әзірбайжандағы билікті өзінің ұлы Бердібекке ұстатты. Жәнібек Сарайға оралып, көп ұзамай 1357 жылдың

күзінде, обадан болуы керек, қайтыс болды. Бердібек жаулап алынған облыстардағы бар билікті екі әмірдің құзырына бере салады. Қайткенде де Бердібектің кетуімен Алтын Орданың Ирандағы жеңістері нәтижелі болған жоқ. 1357 жылы Бердібектің (1357-1359 ж.) билікке келуі Алтын Орданың терең саяси дағдарысқа ұшырауымен тұспа-тұс келді. Орыс жылнамаларының сипаттауы бойынша Бердібек өзінің ұлын және он екі туысын өлімге кесу туралы бұйрық беріп, көп ұзамай өзі де қайтыс болады. Ол қайтыс болғаннан кейін 1359 жылы елде орыс жалнамаларында «ұлы бүлік» деп аталған тарихи жағдай орын алды. Алтын Орданың құлдырауы мен бытырап, күйреуі дәуірі басталады.

Алтын Орданың саяси тарихын қысқаша шолу ол туралы тарихи мәліметтердің көптүрлі болғанын және олардың ортағасырлық ірі мемлекеттің геосаяси жағдайымен тікелей байланысты екендігін көрсетеді. Алтын-ордалық жазбаша деректер ханның бірнеше жарлықтары түрінде ғана сақталған, себебі тоқтаусыз соғыстар, өзара қақтығыстар мен тынымсыз күрес салдарынан құжаттардың көпшілігі жойылып кеткен. Осыған байланысты араб және парсы авторларының мәліметтері ерекше маңызды болып табылады. Олардың басым бөлігін өткен ғасырда шығыстанушы В.Г. Тизенгаузен жинақтап басып шығарған еді. «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының» бірінші бөлімі жарыққа 1884 жылы шыққан болатын және күні бүгінге дейін Алтын Орда өмірінің әр түрліжақтарын зерттеуде өте маңызды құрал болып табылады. Бұл басылымдар Алтын Орданың өмір сүру кезеңін қамтиды, онда ортағасырлық араб хроникалары мен саяхатшыларының жазбалары да біріктірілген. Араб авторларының көпшілігі Жошы ұлысына келмей-ақ, қажетті ақпараттарды дипломаттар мен саудагерлерден жинастыруы араб деректерінің кемшілігіне жатады. Сондықтан тарихи деректер сипаттайтын жалпы картина дұрыс көрсетілмеген немесе тіпті, қателіктерге бой алдырған. Соның өзінде археологиялық, дипломатиялық хаттар және т.б. дерек көздерін сараптай отырып тарихи болмысты ашып көрсетуге және толықтыруға болады.

Алтын Орданы көзімен көрген ибн-Батута сияқты араб авторларының шығармалары құнды құжаттар қатарынан орын алады. Оның жеке өзі Өзбек хан билігі тұсында Қырымда, Солтүстік Кавказда, Еділ бойында және Хорезмде болып қайтқан. «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жиынтығының»[21] II томы 1941 жылы жарық көрді. Оның негізін парсы авторларының шығармаларынан үзінділер құрады. Бұл тарихи дерек көздерінде Алтын Орданың саяси тарихында орын алған оқиғалар туралы жазылған еді.

Рашид ад-Диннің «Джами ат-тауарих» еңбегі Шыңғыс ханның тарихы мен қызметін, сондай-ақ моңғол ұлыстарының тарихын жан-жақты сипаттайды. Дегенмен бұл еңбекте де Алтын Орда тарихына шамалы ғана назар аударылып, оның дамуының негізгі кезеңдері көрсетілген, бірақ жаулап алынған моңғол билігіндегі аумақтардың әкімшілік құрылысы мен оны

[21] Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов по истории Золотой Орды. – М.-Л., 1941. – II том.

ұйымдастыру мәселелері бойынша көптеген салыстырмалы материалдар берілген. Бұл арада орыс жылнамалық деректерінің маңызы зор, өйткені Алтын Орданың бір бөлігі бола тұрып, олар ішкі оқиғалар туралы, князьдардың сапарлары, қақтығыстары жөнінде және тарихи-жағрафиялық сипаттағы ақпараттарды да жазып қалдырған. Жылнамалық мәтіндер еуропалық бөлік туралы ғана емес, Сібір аумағы, тіпті, Көк Орда туралы да едәуір хабардар болып, оны жазбаларда көрсетіп отырған.

Алтын Орда туралы жалпы жағрафиялық мәліметтер XIV ғасырға қатысты, ал мемлекеттің аумағын белгілеген алғашқы мәліметтер Карпини мен Рубрукке тиесілі. Плано Карпини мен Гильом Рубруктың[22] шығармаларында маңызды және құнды жағрафиялық, сондай-ақ әкімшілік-саяси ақпараттар жинақталған. Карпини мен Рубрук мәліметтерінің құндылығы Бату хан әскерінің 1242 жылы шегінісі нәтижесінде Орданың батыс шектерін анықтауға мүмкіндік берген еді.

Дерек көздерінің ерекше бағалы категориясына Италия мен Испанияда жасалып күні бүгінге дейін сақталған ортағасырлық (XIV-XV ғ.) карталар жатады. Бұл карталарда жазба деректерде көрсетілмеген Алтын Орданың көптеген қалалары кескінделген. Құнды деректердің қатарында итальяндық саудагер Пициганидің (1367 ж.), А. Дульцерттің (1339 ж.), белгісіз автордың (1351 ж.), каталондық атлас (1375 ж.) және Фра-Мауроның (1459 ж.) карталары бар[23]

Алтын Орда тарихының зерттелуіне келер болсақ, алғашқы ғылыми зерттеулер Ресей тарихи ғылымы аясында қалыптаса бастады. XIX ғасырда ресейлік тарих ғылымы, ең алдымен, Алтын Орда қалаларының санын, олардың атауларын жазба және нумизматикалық деректер негізінде анықтауға қажетті нақты тарихи деректерді қарастырды.

Бұл тақырып бойынша Х.М. Френ, В.В. Григорьев, Ф.К. Брун, В.К. Трутовский, Н.И. Веселовский, П.Н. Милюков, Д.Ф. Кобеко, Л.Л. Голицын, С.С. Краснодубровский, Ф.Ф. Чекалин[24] және т.б. еңбектері белгілі. Сонымен бірге көптеген археологиялық қазбалар нәтижелері Алтын Орда туралы біздің біліміміздің кеңейте түседі. Археологиялық ескерткіштерді зерттеу XIX ғасырдың бірінші жартысында мемлекеттің астанасы – Сарай-ал-Джедидте А.В. Терещенко жүргізген қазба жұмыстарынан басталады. Алтын Орда қалаларын зерттеушілер қатарына біздер Г.А. Федоров-Давыдовты[25] да қосамыз. Оның төменгі Еділ бойында жүргізген көпжылдық археологиялық қазба жұмыстары Алтын Орданың тарихы мен мәдениеті туралы материалдар жинауға мүмкіндіктер берді. Алтын Орданың нақты археологиялық ескерткіштерін зерттеуге К.И. Новоструевтың, С.М. Шпилевскийдің еңбектері арналған. И.Н. Березин мен Г.С. Саблуков[26] секілді авторлардың еңбектері мемлекеттің ішкі құрылысын зерттеді.

---

[22] Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. – М., 1957.

[23] Становлсние и расцвет Золотой Орды. Источники по истории Улуса Джучи (1266-1359 гг.). – Казань, 2011.

[24] Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды: авторсф. докт. дисс. – М., 1986.

[25] Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – М., 1966.; Общсствснный строй Золотой Орды. – М., 1973.

[26] Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды: авторсф. докт. дисс. – М., 1986.

Алтын Орданы зерттеу кеңестік кезеңде де өз жалғасын тапты. Аталған кезеңге қатысты еңбектерде Алтын Орданың Шығыс Еуропа, Кавказ, Сібір, Орталық Азия және Россия халықтарының саяси, экономикалық, этникалық және мәдени дамуына тікелей немесе жанама ықпалы туралы баяндалады. Дегенмен марксистік-лениндік әдістемесімен қаруланған бұл зерттеулерде Алтын Орда үстемдік еткен халықтар үшін басқыншы-жазалаушы болған, олардың даму үдерісін тоқтатып, шегіндірген деген сыңайда қорытындылар жасалады. Бұл қатардағы тарихи зерттеулерге А.Н. Насонов[27], Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовский[28], И.П. Петрушевский[29], М.Г. Сафаргалиев[30], И.Б. Греков[31], К.А. Пищулина[32] және т.б. еңбектері жатады.

Алтын Орданың тарихнамасы XX ғасырдың 90-жылдары Ресей ғылымының перспективті бағыттарының бірінс айналды. Жетекші зерттеушілердің бірі татар ғалымы Мирқасым Усманов ортағасырлық мемлекеттің тарихын зерттеуде бірқатар мәселелерді қойып белгіледі. Мұндай тарихнамалық мәселелерге ол Алтын Орда тарихын фальсификациялауды (бұрмалауды), монополизациялауды және стереотиптерді таңуды жатқызады. Алтын Орда тарихының әр түрліаспектілерін зерттеуде заманауи және перспективалы тәсілдерді В.П. Костюков[33] та ұсынды, оның пікірінше «қыпшақтардың автохтондық рулары мен тайпалары Алтын Орда көшпелі халқының басты компоненті болды және жаулап алушыларды ассимиляцияға ұшыратты». Жошы билігіндегі далалықтарды және одан тысқары бөліктерді жаппай «қыпшақтандырумен» қатар Қытайдан Мысырға дейінгі Алтын Ордадан тысқары аумақтардағы этникалық үдерістерге қыпшақтардың өздері де қатысты.

Қазіргі қазақстандық тарихнамадағы келесі ұстанымдарды бөліп көрсетуге болады: «Шығыс Дешті Қыпшақты жаулап алу және оны моңғол империясының құрамына енгізудің аймақтық және одан арғы этносаяси тарихы үшін екі маңызды салдары болды. Моңғол үстемдігі жаулап алған халықтың этникалық формасы мен әлеуметтік-саяси құрылымын едәуір өзгертті және мұның өзі бүкіл этносаяси жағдайға күшті әсер етті; бастапқыда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағымен шектелген Жошы ұлысының шекарасы шеңберіндегі халықтың саяси бірігуі жүзеге асты»[34]

Алтын Орда қоғамының әлеуметтік құрылысына, стратификациясы мен ыдырауына көптеген авторлардың еңбектері арналған. Айталық, В.Н. Ткачевтің көрсетуі бойынша «ауқатты мал иеленушілер, әсіресе ақсүйектер кез келген нысанда өздерін «ат үстіндегі адам» әлеуметтік мәртебесін көрсетіп қалуға тырысты»[35] Алтынордалық далалық көшпенділер

---

[27] Насонов А.Н. Монголы и Русь. – М.-Л., 1940.

[28] Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л., 1950.

[29] Петрушевский И.П. Земледелие и аграрные отношения в Иране XIII-XIV вв. – М.-Л., 1960.

[30] Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск, 1960.

[31] Греков И.Б. Восточная Европа и упадок Золотой Орды. – М., 1975.

[32] Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в сер. XV – нач. XVI вв. – А., 1977.

[33] Костюков В.П. Была ли Золотая Орда «Кипчакским ханством»? // Тюркологический сборник. Тюркские народы России и Великой степи. – М., 2006. – С. 199.

[34] Ускенбай К.З. Вост. Дешт-и Кыпчак в составе улуса Джучи в XIII-перв. тр. XV века: аспекты политической истории Ак Орды: авторефф. канд. дисс. – Алматы, 2002.

[35] Ткачев В.Н. Каракорум в XIII в. // Mongolica. – М., 1986. – С. 221.

мен отырықшы қала тұрғындарының «күресі мен өзара байланысы» мемлекеттің саяси және экономикалық жағдайына әсерін тигізбей қойған жоқ. Г.А. Федоров-Давыдов[36] Алтын Орда қалалықтары мен далалықтарының өзара қатынастарын қоғам дамуындағы әлеуметтік-экономикалық үдерістер көрінісімен байланыстырады. Бұл үдерістегі ерекше рөлді ол көшпелі ақсүйектер үлесіне қалдырды, өйткені зерттеушінің пікірінше, олар қалалардың, қолөнердің және сауданың дамуына ықпал етті. Өз кезегінде С.П. Толстовтың айтуынша моңғолдың көшпелі ақсүйектері өздеріне тәуелді, жекеменшік мал бақташыларын ұстаған. Алтын Орда қоғамының әскери-иерархиялық сипаты туралы А.Н. Насонов[37] та жазған. Жылнамалық деректерді зерттей келе ол басқақ Ахмет туралы әңгімені келтіреді: «Бұл басқақтың қарамағында «жан-жақтан жиналған адамдармен толықтырылып отырған жасақтар болды, олардың бір бөлігі қашқындар, енді бір бөлігі Русьтен болатын; олар арнайы слободаларда тұрып жатты». Басқақтардың міндеті «ішкі күзет қызметі», сондай-ақ олардың салық жинауға да қатыстылығы болды. Бұдан басқа оларға даньщиктер, поплужниктер, кеденшілер секілді шенеуніктер де бөлініп берілді».


Американдық ғалым Юлай Шамилоғлы[38] Алтын Орданың экологиялық және ауа райы мәселелерін зерттеу нысанына айналдырып, шын мәнінде, Л.Н. Гумилевтің географиялық және экологиялық көптүрлілік идеясын жалғастырды. Бұдан басқа Юлай Шамилоғлының Алтын Орда қоғамының тайпалық құрылымының мәселелері бойынша тарихнамалық ізденістері қызықтырады. Алтын Орда тарихнамасындағы моңғол-татар теориясын жақтаушылар қатарында Д.М. Исхаковтың[39], И.Л. Измайловтың[40] концептуалдық көзқарастары да бар. Олардың пікірінше Алтын Ордада мемлекеттік идеологияға құрылған әскери-феодалдық ақсүйектердің жаңа этносаяси қоғамдастығы қалыптасты, олар дәстүрлі (түркілік және моңғолдық) аңыздармен қатар ислам идеялары мен символдарын пайдаланды. Зерттеушілердің пікірі бойынша бірінші этноқұрушы фактор – ол мемлекет. Екінші мәселе этноқұрушы әлеуметтік топ – ол әскери-феодалдық ақсүйектер. Айталық, зерттеуші Т.Д. Скрынникова бойынша «моңғолдардың әлеуметтік ұйымының негізгі қағидаты генеология болып табылады. Бұл әлеуметтік бірліктің мүшесі болу, осы топқа мүше болу жайылымдарға қолжетімділік пен ресурстарды бөлу мәселелерін анықтады. Генеология әлеуметтік байланыстарды реттеу құралы болды, иерархияны анықтап, билік ету қатынастарын айқындады».

Қоғамның одан арғы стратификациясы мен жіктелуі үдерісі жаулап алынған аумақтарда жүрді. Жаулап алынған қалалар мен тұрғындарға қатысты моңғолдардың саясатын сараптай келе Л.Р. Кызласов мынаны ескертеді:

[36] Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М., 1973. – С. 212.
[37] Насонов А.Н. Монголы и Русь. – М.-Л., 1940. – С. 16-17.
[38] Шамилоғлы Юлай. THE LIBERATION OF RUS FROM THE YOKE OF THE GOLDEN HORDE // AMERICAN HISTORICAL REVIEW, 1992.
[39] Исхаков Д.М., Измайлов И.Л. Этнополитическая история татар. – Казань, 2000.
[40] Измайлов И.Л. Некоторые аспекты становления и развития этнополитического самосознания населения Золотой Орды / Из истории Золотой Орды. – Казань, 1993.

«XIII ғасырда моңғол ақсүйектері ортасында бағындырылғандарды және жаулап алынған елдерді қарсыластарға үрей мен қорқыныш дарыту үшін толықтай жойып жіберу керек дейтін сәуір топтар болды. Дегенмен күшті хандық билігі бар, орталықтандырылған қуатты мемлекет құруды мақсат етіп әрі осыған байланысты моңғол және түркілердің феодалдандырылған әскери-көшпенді ақсүйектерінің орталықтан қашу ұмтылыстарын ауыздықтау қажет деген де ұстанымы болғаны белгілі». Алтын Орда моңғол империясынан мемлекеттің шеткі шекараларын қорғайтын және отырықшы елдердің тәуелсіздікке ұмтылысын басып, жаншитын қуатты әскерді, ақпараттық-көліктік құрылымды, діндерге төзімділік пен мемлекеттің әкімшілік негіздерін мұраға алып қалды. Көшпенді құрылымдар мен отырықшы-диқаншы аумақтардың әлеуметтік, мәдени және саяси сфераларының біртіндеп күшеюі саяси-құқықтық жүйе элементтерін бағындыруға және әлеуметтік категориялар мен топтарды жіктеуге мүмкіндік берді. Билік әскери-мемлекеттік машинаны арқа тұтты және Ұлы хан тұрғындарды басқару мен жазалаудың көптеген құралдарын пайдаланды (әскери жорықтарға қатысу міндеттілігі, моңғол әскеріндегі қатал тәртіп, әскери-әкімшілік аппараттың бақылауы, т.с.с.). Алтын Орда тарихының бұл аспектілері М.В. Горелик, Фомичев және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Тарихи зерде дамуының қазіргі кезеңіндегі негізгі мәселелерінің қатарында әр түрлімәдени дәстүрлер мен діндердің өзара байланыстары тұр. Алтын Орда қоғамын исламдандыру үдерісі туралы мәселе тарихнама үшін қызығушылық туындататын қосымша тағы бір бағыт болып табылады. Айта кету керек, сол уақыттарда діннің рөлі өте күшті болды және ол қандай болмасын соғыс әрекеттерінің идеологиялық негізгі қызметін атқарған еді. Алтын Орда саясатындағы ислам факторы рөлінің күштілігі туралы араб тарихшылары да жазған болатын: «Беркеге құранды оқыту кезі келгенде Ходжент қаласынан мұсылман имамдарының бірі таңдалып алынды. Берке Бұхарада мұсылман оқымыстыларымен кездесіп тұрды.



Профессор Т. Омарбековтің деректер негізінде салған портреті

Сол жерде ол сопы, шейх Шамс-ад дин ал-Бахарзиден мұсылмандықты қабылдау рәсімін өткізді», – деп хабарлайды ибн Халдун және ал-Айни. Берке билігі кезеңінде моңғол ақсүйектерінің ішінде, әсіресе сарай маңындағылар арасында ислам діні кеңінен тарады. Ан-Нувайридің көрсетуі бойынша, Берке хан ислам дінін қабылдағаннан соң оның қол астындағы халықтың көпшілігі мұсылмандыққа мойынсұнды, ал оның әйелі Джиджек хатун исламды қабылдаған сәттс «өзімен бірге алып жүретін шатырлардан өзіне мешіт құрастырды». Еуропалық автор Хаммер-Пургштальдың[41] пікірі бойынша ислам идеологиясының әсері Алтын Орда мен Иранның қақтығысына алып келді, себебі Хулагу Берксиің

[41] Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. – М., 1966. – С. 11-12.

мұсылман әлеміндегі беделіне қызғаныш сезіммен қараған еді. «Беркенің Сирия мен Мысырдың ішкі істеріне араласуы, ол аумақтар Хубилайдің (ұлы қаған) Хулагуге арнаған жерлер болатын, Иран және қыпшақ билеушілерінің арасындағы соғыстың басталуына өз әсерін тигізбей қойған жоқ», – деп жазды Хаммер-Пургшталь. Қазақ зерттеушісі З. Жандарбек[42] Берке ханның ислам дінін қабылдауын былайша сипаттайды: «Берке хан Алтын Орда мемлекетінің тағына отырғаннан кейін ислам дінін жалпы мемлекеттік идеологияға айналдыруға күш салуы Алтын Орда мемлекетін біріктіретін басты фактор ретінде пайдаланбақ болған әрекеті деп түсінген дұрыс». Зерттеуші М.Г. Сапаргалиев[43] те осы әдіснамалық тұрғыдан сараптайды: «Берке хан Алтын Орда тағына отырысымен ұлыстарды билеуші Жошы ұрпақтарының билігін шектеп, оларды тікелей бір орталыққа бағындыру мәселесін қолға алады. Әр ұлыста ондық, жүздік, мыңдық, онмыңдық тұрақты әскери-саяси ұйымдар құрылды. Олар мемлекеттің ішкі бірлігін нығайтуға тиіс болды». Берке ханның ішкі және сыртқы саяси әрекеттеріне ислам идеологиясының әсері туралы ресейлік ғалым Н.М. Малов[44] та жазады: «Мемлекеттік қызметке Хорезм мен Булгардан шыққан мұсылман оқымыстылары тартылды. Еділ бойына салынған қалалар таза мұсылмандық сипат алды. Халықаралық қатынастарда Берке хан ислам мемлекеті билеушісі ретінде көрінді. Ол халифатты жаулап алып, Халиф Мустасимді өлтірген Хулагуге қарсы Мысыр мемлекетімен одақ құрып, Хулагу мемлекетіне қарсы әскери қимылдарға дейін барды». Берке хан тұсында ислам дінінің саяси ықпалының өсуіне қазақ ғалымы Қ. Зардыхан[45] назар аударады: «Берке 1257-1266 жылдар аралығында Жошы ұлысында тоғыз жыл билік құрды. 1. Мұсылман елдерімен жан-жақты қарым-қатынас жасау арқылы Қыпшақ даласына мұсылман діні дендеп кіруіне мұрындық болды. 2. Алғаш рет салық реформасын жүргізді. 3. Ел астанасын Еділді бойлай көшу арқылы Еуразия мәдениетінің аражігін жалғады, шығыс пен батысты араластыруға мүмкіндік тудырды».

Тарихнама үшін Алтын Ордада қалалар тұрғызу мәселелері де құнды аспектілер қатарынан орын алды. «Қала салу идеясын моңғолдар көршілерінен алған жоқ. Бұл идея көшпенді қоғамның дамуы нәтижесі ретінде өз қойнауынан туындаған еді», – деп жазады В.П. Егоров[46]. Ресейлік зерттеуші Э.С. Кульпин[47] Алтын Орда қалаларын тұрғызу ерекшеліктеріне назар аударады: «Алтын Орда қалалары еуропалық қалалардан ерекшеленетін. Егер Еуропа қалалары қоғамдық қаражатқа, аз бөлігі мемлекет есебінен салынған болса, Алтын Орда қалаларын тұрғызуға мемлекеттік қаржы-экономикалық ресурстары көптеп бөлінді». Алтын Орданың гүлдену кезеңі билікке келген Өзбек ханның (1312-1313-1341-1342) есімімен тығыз байланысты. Алтын Орда қала құрылысы мен халықаралық сауда, білім мен рухани өмір орталығына айна-

[42] Жандарбек З. Иасауи жолы және қазақ қоғамы. – Алматы, 2006. – С. 59.
[43] Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск, 1960.
[44] Малов Н.М. Религии в Золотой Орде. – Саратов, 1998. – С. 96-98.
[45] Зардыхан Қ. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана, 2004. – С. 169.
[46] Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды. – М., 1985.
[47] Кульпин Э.С. Золотая Орда: судьба поколений. – М., 2008.

лады. Тарих ғылымы дамуының қазіргі кезеңінде көшпенді және отырықшы өркениеттердің, әр түрлімәдени дәстүрлердің өзара байланыстарын зерделеу ғылыми-зерттеулердің басым бағыттарының бірі болып саналады.

Бақылау сұрақтары:

1. Еуразиялық империя Алтын Орданың деректік негіздері.
2. Аумақтық-саяси шекаралардың қалыптасу процесі, тарихи жағрафиялық өзгерістері: дамуы мен трансформациясы тарихи деректерде.
3. Алтын Орда мемлекетінің тарихын зерттеудегі қарама-қайшылықтар.
4. Алтын Орданың батыс тарихнамасындағы орны мен маңызы.
5. Заманауи тарихнамада Алтын Орданың этносаяси тарихын зерттеудің ерекшеліктері.
6. Еуразиялық империяның мемлекеттілік институттарының эволюциясы: ішкі дамуы және сыртқы әсерінің маңызды рөлі.
7. Алтын Орданың мемлекеттік құрылысы механизмдері, әлеуметтік институттары тарихи зерттеулерде.

§2. Жошы ұлысы. Алтын Орданың құрылуы және 1312 жылға дейінгі саяси тарихы

Шыңғыс хан қайтыс болғанымен мұрагерлері оның саясатын өзгерткен жоқ. Олар барлық күш-жігерлерімен Шыңғыс ханның өсиетін – «моңғол жылқысының тұяғы жеткен» жердің барлығына өздерінің билігін жүргізуді жүзеге асыруға тырысты.

Алтын Орда тарихы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұлысына тиесілі болған, Балқаш көлі мен Арал теңізінен солтүстікке қарай созылған далалық аймақта, Ертістен Жайыққа дейінгі аумақ та тікелей қатысты. Шыңғыс хан өліміне дейін 6 ай бұрын қайтыс болған Жошының мұрагері ретінде үлкен ұлы Бату таңдалды.

1229 жылы моңғол құрылтайының шешімі бойынша, Батуға Үгедейге берілген ұлыстың шығыс бөлігіндегі жерлердің (Ертіс өзенінен шығысқа қарайғы жерлер) өтемақысы ретінде батыста орналасқан жерлерді жаулап алуға бұйрық берілді. Бірақ бұл жорықта моңғолдар тек Жайыққа дейін ғана жетті. 1235 жылы өткен құрылтайда «бағынбаған халықтарды жою» мәселесі екінші рет талқыға салынып, ендігі тұста Батудың қонысына көрші жатқан, әлі толық бағындырылмаса да өздерінің «саны жағынан көптігімен мақтаныш тұтып отырған» бұлғарлар, астар, орыстарды жаулау мақсаты қойылды. Батудың батысқа жорығына Ұлы хан Үгедейдің ұлдары – Күйік пен Қадаған, Төленің ұлдары – Мөңке және оның інісі Бучен қатысты.

Алтын Орда көлемі жағынан орта ғасырдағы ірі мемлекеттердің бірі болып табылады. XIV-XV ғасырлардағы араб және парсы авторлары оның көлемін жуықтап көрсетеді. Араб авторларының көрсетуі бойынша оның ұзындығы 8 айлық, ені 6 айлық жолды құраған. Басқа авторлар бұл мерзімді 6 айлық және 4 айлық деп те берген. Дегенмен бұл сандар Алтын Орданың жалпы аумағының көлемін ғана сипаттайды.

Алтын Орда тұрғындарын құраған халықтар ретінде моңғолдарға бағыныштылыққа түскен еділ бұлғарлары, орыстар, бұртастар, башқұрттар, мордовалар, ястар, шеркештерді атап өту керек. Сондай-ақ олардың қатарында парсылар, армяндар, гректер, грузиндер, әзірбайжандар да болды. Дегенмен Алтын Орданың негізгі халқын моңғолдар келгенге дейін Дешті Қыпшақ даласын мекендеген қыпшақтар құрады. Орыс деректерінде оларды «половцы» деп атағаны белгілі. Қыпшақ компонентінің басқа халықтардан едәуір басым болуы өзіндік жағдайдың қалыптасуына әкеліп соқты. XIV ғасырдың өзінде-ақ жаулап алушылар қыпшақтарға сіңісіп, олардың тілін, мәдениетін, жазуын қабылдайды. Бұл жағдайға XIV ғасырда Алтын Ордадағы ислам дінінің ресми дін ретінде жариялануы да ықпал жасайды.

Моңғолдар өздерінің жаулап алу жорықтарын аяқтағаннан кейін моңғол жасақтары 1242 жылдың аяғында Еділ бойы даласында қоныстанды. Олардың жоғарғы басшысы ретінде бірауыздан Батудың кандитатурасы мақұлданып, Шыңғыс ханның «Сайын хан» атанған даңқты немересі тақта 14 жыл (1242-1256) отырды.

Жазба деректер Алтын Орданың бірінші ханының саяси қайраткерлігіне қатысты толық мәліметтер береді. Ортағасырлық авторлар бойынша оның жеке қасиеттерін бағалауда бір тоқтамға келеді. Бірінші кезекте олар ханның әскери қолбасшылық қызметіне көңіл аударады, оны ұрыс алаңында өте қатыгез, ұзақ уақыт соғыстарға қатысып жүргендіктен өте тәжірибелі әрі алғыр деп көрсетеді. Бұл жағы ханды қатыгез адам ретінде көрсетсе, ал ол жан-жағындағы жақын адамдарына тыныштық, тұрақты өмірді қалайтын адам ретінде белгілі болған.

Бату ханның соғыстан кейінгі Алтын Орда ханы ретіндегі қызметі Орда тұрғындары тарапынан қолдау тауып, мемлекеттің экономикалық тұрғыдан гүлденуінің себепшісі болып табылады. Дәл осы кезеңде ол құрметті – «Сайын хан» (жұмсақ, адал) атағын иеленді, бұл атағы ол қайтыс болғаннан кейін де ең атақты есім ретінде сақталып қалды. Батудың мемлекеттік ішкі құрылымын ұйымдастырудағы бірінші жұмысы оның әскери қызметіне байланысты ұлыстағы жерлерді тарату болды. Бұнымен бірге салық жинауға ғана арналған мемлекеттік аппараттың құрылуы жүріп жатты. Алтын Ордаға кірмеген территория халықтарына қатысты басқарудың саяси жүйесін белгілеу керек болды. Бұл орыс жерлеріне қатысты еді. Осының бәрін Бату аздаған уақытта орындап шықты. Біртұтас моңғол империясының жаңа ұлысы құрылғаннан 3 жылдан кейін Карпинидің жазуы бойынша «Бату толық тұрақтылықта өмір сүрді, орынбасарлары және барлық уәзірлер оған бағынады». Оның данышпандылығын В. Рубрук та атап өтеді. Саяхатшы шөлді далада орналасқан хан ордасының кереметтігі сондай айтуға сөз жоқ деп жазады. «Мен Батудың сарайын көргенде оның үйі бір үлкен қалаға ұқсады. Бірақ та оның әскерінің бүкіл күштілігіне, Алтын Орда сарайының кереметтігіне қарамастан саяси қарым-қатынаста ол тәуелсіз болған жоқ, ол Қарақорымда басқарылатын империяның бір бөлігі ғана болды». Орталық билікке вассальды тәуелділікті Карпини де байқаған. Ол «Бату өзі бағынуға тиіс императорды ғана есептемегенде, бүкіл татарлардың князь-

дарымен салыстырғанда олардың барлығынан әлдеқайда күшті әрі мықты» деп көрсетеді. Бағынышты болған соң міндетті түрде салық төлеп отырды. Оның нақты санын білу үшін хан арнайы уәзірлерді тұрғындардың санын санауға жіберіп отырған. Алтын Орда хандары Владимирлік ұлы князьдарды тағайындай алмады, тек кішігірім билеушілерді тағайындап отырды. Дәл осы себептен Ярослав князь және оның ұлы Александр Невский князьдық атақтарын заңдастыру үшін ұзақ және қауіпті саяхаттарын Русьтан Моңғолияға жасау керек болды. Сонымен бірге Алтын Ордада хан тағына жаңа адамды отырғызу үшін де Қарақорым келісімін беру керек болды. Сондықтан хандар Алтын Орда тиындарына өздерінің атын қоя алмады. Оларға басқа мемлекеттермен дипломатиялық байланыстар орнатуға және шетел монахтарымен хат алысуына да болмайтын еді. Осыған байланысты Бату Карпини және Рубрук елшіліктерін Қарақорымға ұлы ханға жіберді, бірақ еуропалық елшіліктерді сонау алыста жатқан Моңғол империясынан гөрі, Алтын Орда көбірек қызықтырған еді.

Бату ханның маңызды саяси бағыттарының бірі халықаралық транзитті сауда дамуына жақсы жағдай жасайды. Деректердің көрсетуінше «барлық елдердің саудагерлері оған тауар әкелген, ол бәрін алған және олардың тұратын бағасынан көбірек беріп отырған». Алтын Орданың осындай ашық саудасына батыс еуропалық, бірінші кезекте генуэздік және венециялық саудагерлердің көңілі түсті.

Бату хан Алтын Орда мемлекетінің негізін қалады. Сонымен бірге дәстүрлі көшпелілердің әдеттеріне сәйкес Шыңғыс ханның жасақ заңдарын орнатты. Қарақорымда қабылданған жүйе бойынша бағынышты тұрғындарға салық жүйесін енгізді. Батудың билік құрған кезеңі Алтын Орда тарихында тыныштық пен тұрақтылық орнаған уақыт ретінде белгілі. Әрине, бұл ішкі саяси және экономикалық құрылымдарды жасаудағы негізгі жетістік болды.

1256 жылы Батудың өлімі Алтын Ордада бірінші тақ таласын туғызды. 1257 жылы мемлекеттің басшысы болып Батудың кенже інісі Берке билікке келді. Беркенің жеңіске жетуінің негізі оның кандидатурасының мұсылман көпестерінің қолдауы арқылы жүзеге асты. Сонымен бірге ол Хорезмдегі мұсылман дінбасыларының да қолдауына ие болды, олар Алтын Орда тағында мұсылман дінін жақтаушы тұлғаны көргісі келді. Берке хан тағына отырғанда 50 жастарда болған. Беркенің 3 әйелі де оған ұл тауып бере алмаған, сондықтан өзінің мұрагері әрі ұрпағы ретінде немере інісі Менгу-Темірді ұсынады.

Батудың уақытында қорқынышты соғыстар және көпжылдық жорықтардан кейін тұрғындар тұрақтылықта, тыныштықта өмір сүрсе, Берке заманында мемлекеттің ішкі өмірі және сыртқы жағдайында да тұрақсыздық орын алады. Жаңа хан жасөспірім кезінде-ақ исламды қабылдаған еді, сондықтан таққа отырғаннан кейін оны мемлекеттік дін деп жариялауға ұмтылды. Бұл көшпелі аристократияның қарсылықтарына әкелді. Бұған қарамастан хан елде исламдандыруды жүргізуді бастады. Ол Иран, Мысырдан дін қызметкерлерін, белгілі ғалымдарды шақырды. Бұл уақытта Хорезмнен жаңа жұмысшылар қолын, құрылысшылар мен суретшілерді әкеледі.

Олардың еңбектерінің нәтижесінде Алтын Орданың сәулеті құрылымы жаңа бағыттағы жаңа түрге өзгерді.

Моңғол империясы Берке билік құрған жылдары жеке мемлекет ретінде дами бастады. 1269 жылы Ұлы хан Мөңке қайтыс болғаннан кейін таққа оның екі ұлы Арықбұға және Құбылай таласты. Жеңіске Құбылай жетеді, одан кейін астананы Қарақорымнан Пекинге ауыстырады. Ол бүкіл әулетті қытай тіліне сай Юань деп атайды. Нәтижесінде Арықбұғаны жақтаушы Берке Құбылайға бағынбаудың себебін тапты. Оның резиденциясы Шыңғыс хан орнатқан астана емес және моңғол территориясында емес еді. Сонымен бірге Арықбұғаға Құбылайдың билікті алуын солтүстік Қытайдың әскерінің қолбасшысы болғандықтан күшпен алды деп сендірді. Осының салдарынан моңғол империясының жеке мемлекеттерге бөлініп кетуіне әкелді. Құбылайды бүкіл Шыңғыс ұрпақтарының басшысы деп санады, бірақ оның билігі Моңғолия мен Қытайдан басқа жерлерге жүрмеді.

Беркенің Жошы ұлысын тәуелсіз мемлекетке айналдырғанын оның өз атынан теңге шығарғанынан көруге болады. Алтын Орда біртұтас моңғол империясына бағынышты болған Бату хан тұсында Алтын Ордадағы теңгелер ұлы хан Мөңкенің атымен құйылатын. Беркенің өзі де алғашқы кезеңде Арықбұғаның атынан теңге соқтыра бастайды. Бірақ Құбылай ұлы хан болғаннан кейін Берке оның атынан теңге соғудан бас тартты, бұл іс жүзінде Құбылайды жоғарғы хан ретінде мойындаудан бас тарту болды. Бірақ бұл кезеңде Жошы ұлысының тәуелсіздігін моңғол ханзадалары әлі де болса толық мойындамағандықтан Берке соңғы халиф Насир-ад-дин атынан теңге соға бастады, дегенмен бұл тек халифтердің рухани билігін мойындайтындығын ғана көрсетті.

Берке билік құрған жылдары Алтын Орданың бұдан кейінгі тарихына әсер еткен тағы бір оқиға орын алды. 1263 жылы Жошы ұрпақтарының Ирандағы өз туыстары Хулагуидтерге қарсы соғыстары басталды. Шыңғыс ханнан тараған екі әулет өкілдері де көшпелілер үшін өте тартымды және бай аймақ болып саналатын Әзірбайжан провинциясын бөлісе алмайды. Бұл жерде талас-тартыс әсіресе ерекше көрнекті далалы аудандар Муган және Аррен аймағы үшін болды.

Бұл күресте Алтын Орда билеушісін хулагиттердің өз иеліктеріне қарсы экспанциясынан қауіптенген Мысыр мәмлүктері қолдады. Күрес барысында екі жақ та белгілі бір жетістіктерге жете алмады. Бірақ Алтын Орда Иранның астанасы Тебризді басып ала алды. Беркенің өзі 1266 жылы Хулагуидтерге арналған бір жорығы кезінде Тибилиси маңында қайтыс болды. Оның орнына келген Меңгу-Темір алдыңғы үш хан секілді исламның таралуына ешқандай көңіл бөлмеді. Нәтижесінде исламды Алтын Ордаға енгізу тек жаңа діннің отырықшы аудандарға таралуымен және қалаларда мұсылман дінбасыларының қалыптасуымен ғана шектеліп қалды. Бату және Берке хандар билік құрған кезде Алтын Орда мемлекет ретінде ғана қалыптасып қойған жоқ, сонымен бірге қоғамдық басқару жүйелері орнығып, Еуропа және Азия елдерімен экономикалық байланыстар орнатты, ішкі саясаттың стратегиялық бағыттарының мүддесін жасады.

Алтын Орданың бұдан кейінгі дамуында оның негізін салушы хандар қалап кеткен ішкі және сыртқы саясатының барлық аспектілері одан әрі дами бастады.

1266 жылы Берке қайтыс болғаннан кейін хан атанған Меңгу-Темір билігі кезінде Алтын Орда өзінің Моңғол империясынан тәуелсіздігін заңды түрде алды. Жошы ұлысын заңдастыруға бағытталған істердің бірі Меңгу-Темір атымен теңге шығару болып табылады. Алтын Орданың мемлекеттік тәуелсіздігін алуы тек теңге шығарудан ғана емес, сонымен бірге ханның басқа да іс-шараларынан көрініс тапты. 1267 жылы хандардан алғаш болып Меңгу-Темір орыс діншілдері метрополитін Алтын Орда хандарымен қатынаста көптеген бағынушылықтан босататын жарлық береді. 1266 жылы Қырымда (Каффада) Генуэз көпестері де одан жарлық алған секілді.

Қара теңізде Генуэз және Венеция көпестерімен, Балтық теңізінде неміс көпестерімен байланыстың орнатылуы Шығыс пен Батыс арасындағы сауда қатынастарын дамытуға үлес қосты. Талас өзені бойында өткен 1269 жылғы құрылтайда Жошы, Үгедей және Шағатай ұлыстары арасында бейбітшілік орнатылып, әр ұлыстың шекаралары белгіленді. Олардың арасында ирандық хулагидтерге қарсы одақ құрылды. Сонымен бірге бұл құрылтай Жошы, Үгедей және Шағатай ұлыстарының әрі қарай дамуында маңызды болды. Бұл шешім бойынша олар тәуелсіз мемлекеттер ретінде танылды. Олардың тәуелсіздігі құрылтайдың жалпы келісім-шешімімен заңдастырылып, Жошы, Шағатай және Үгедей үйлері Төле ұрпақтарының қолсұғушылығынан босатылды. 1269 жылғы құрылтай шешімімен Алтын Орданың сыртқы саяси жетістігін күшейтіп, Меңгу-Темір үкіметі Жошы ұлысында хандық билікті күшейтуге бағытталған шаралар жасады. Алтын Орда хандары жаулап алынған жерлерде өз биліктерін орнатып жатса да, кейбір жерлерде олардың билігі номинальды ғана болып есептелді.

Меңгу-Темір қайтыс болған соң (Сафаргалиев бойынша 1282 ж., Егоров бойынша 1280 ж.) Жошы үйінің ханзадалары арасында феодалдық соғыс басталып, бұл моңғол державасының орталықтанған монархияның дамуын тежеді. Марко Полоның хабарлауынша Меңгу-Темір қайтыс болған соң Меңгу-Темірдің ағасының ұлы жас ханзада Тула Бүкке тақ өтуі керек еді, бірақ ол билік етпеді. Ноғайдың айтуы бойынша таққа Меңгу-Темірдің інісі Туда Меңгі иеленді. Мұнымен хандық таққа мұрагерлік жөніндегі мұрасы бұзылды. Дәл осы жағдай Жошы ұлысындағы шиеленістің бір себебі болды. Еріксіз хан Туда Меңгі мемлекеттік басқаруда ешқандай рөл атқармады. Ал мемлекеттегі барлық істі басқарып отырған қолбасшы Ноғайдың рөлі арта түсті. Бату және Беркенің тұсында-ақ ол мемлекетте маңыздылығы бойынша екінші орындағы беклербек лауазымына ие еді. Әзірбайжан жерінде хулагидтерге қарсы жорыққа Ноғай бас әскери қолбасшы ретінде қатысып, сонда бір көзінен айырылған сді. Осыдан аз уақыт соң ол қазіргі Молдавия жеріндегі Прут-Днестр қос өзені аралығында орналасқан өзінің жеке ұлысына кетеді. Бұл айлакер саясаткер өз аумағын кеңейтіп, халықаралық байланысын жақсартты. Осы мақсатта ол Византия императоры Михаил Палеологтың қызы Ефросьиняға үйленеді. Христиан

билеушісімен туыстық қатынас орнатқан соң ол Египет сұлтанына исламды қабылдағаны туралы жолдау жібереді. Сонымен бір уақытта ол Шыңғыс хан өсиетін және моңғолдың ежелгі дәстүрлерін сақтауды оған Бату өсиет етті-міс деген сөздер таратты.

Ноғайдың мемлекет ішіндегі барлық саясаты Алтын Ордадан өз ұлысын бөліп шығуға және тәуелсіз хандық құруға бағытталған еді. Оған ұнамаған хандар – Туда Мәңгі және Төле Бұқа тақтан бірінен кейін бірі құлатылып, 1290 жылы сарай тағына Тоқтай көтерілді. Алғашында, өзінің билікке келуінде Ноғайға қарыздар ретінде оның барлық кеңестерін тыңдап, оны барынша қолдаған еді. Ноғай бұл уақытта өз билігін күшейткені сонша кейбір орыс князьдықтарын өзі билей бастады. Нәтижесінде орыс жылнамаларында оны «патша», яғни Алтын Ордан ханы деген лауазыммен атай бастады. Тоқтай мен Ноғайдың қарым-қатынастары алғашында достық тұрғыда болса, Тоқтай өзіне хандықты толық қаратып «Жошы тағында жалғыз өзі билік ете бастағанда», Ноғай мен Тоқтай арасындағы қарым-қатынас күрделене түсті.

Тоқтай мен Ноғай арасында соғыс басталды. Осылайша, Алтын Орда бұл кезде мемлекеттің бөлінуіне алып келетіндей бірінші саяси дағдарысты кешті. Жеңістен кейін Тоқтай хан Алтын Орда бірлігін сақтап ғана қоймай, сонымен бірге орталық биліктің шынайы күшін және беделін қайта қалпына келтірді. Орталық биліктің және өзара қырқыстың күшеюі елдің экономикалық жағдайына да әсер етті, бөлек аумақтар арсында сауда байланыстары қайта қалпына келіп, сыртқы сауда күшеюіне жағдай жасады. Барлық жағдай Алтын Орда өз тарихының жаңа кезеңіне көшкенін көрсетті.

Бақылау сұрақтары:

1. «Жеті жылдық» жорықтың тарихи нәтижелерін талдаңыз.
2. Бату және оның тұсындағы Алтын Орданың саяси дамуын сипаттаңыз.
3. Берке хан тұсында Жошы ұрпақтарының ирандық хулагиттермен соғысының себептері неде?
4. Алтын Орда тарихындағы тұңғыш саяси дағдарыстың туындауының сипаты мен салдарларын қалай бағалауға болады?
5. Алтын Орда тарихындағы Ноғайдың орны мен рөлін талдаңыз.

§ 3. Алтын Орданың гүлденуі мен нығаюы (1312-1359 ж.)

Тоқтай қайтыс болған соң (1312 ж.) ханның өсиеті бойынша таққа оның ұлы Елбасар отыру керек еді. Оны шаманизмді уағыздаушы дала ақсүйектері қолдады. Исламды уағыздаушы және қаланың сауда және мұсылмандық орталықтарымен байланысы бар феодалдық ақсүйектердің басқа бөлігі Меңгу-Темірдің немересі (Тағрұлдың ұлы) Өзбекті ұсынды. Әмір Құтлық-Темір және хорезмдік діншілдердің басшысы Имам ад-дин Елмискари Елбасардың жақтастарын алдын ала көзін жойып Өзбекті таққа отырғызды. Таққа отырған Өзбек шамандықтарға қарсы күресіп, өзіне бағынғандардан исламға мойынсынуды талап етті.

«Жылнамалар жинағын» анонимді жалғастырушы Өзбек пен ислам қарсыластары арасындағы жағдайды былай жазады: «Біз саған бағынамыз, бірақ сенің біздің сенімімізде ісің қанша? Қалайша біз Шыңғыс ханның жасағы мен заңынан (тура) бас тартып арабтардың дінін қабылдаймыз?» «Ол (Өзбек), – деп жазды автор әрі қарай, – өз айтқанынан қайтпады. Нәтижесінде олар Өзбекке өшпенділік ссзініп, оны алып тастауға тырысты. Осы мақсатта олар жиын ұйымдастырды, сол жерде оны өлтірмек болды. Өзбек тойға келгенде Құтлық Темір құпия түрде әмірлердің ойын айтып көзімен белгі берді». Өзбек дем арада атына мініп шауып кетті, әскерін жинап оларды жеңді. Тоқтайдың ұлын Шыңғыс хан әулетінің 120 ханзадасымен бірге өлтірді, ал оны ескерткен әмір құрметке ие болды.

Араб деректері хабарлауынша, тұзақты жою барысында «Өзбек бірнеше әмірлерді, беделді адамдарды және бақсылар (лам) мен сиқыршыларды өлтірді».

Өзбек хан 30 жылдық билігі барысында (1312-1342 ж.) аймақтардағы әр түрлікөтерілістерді жеңе отырып, билікті өз қолында ұстады. Жошы ұрпақтары ұлыстарының ханзадалары оның билігін мойындап, ханның барлық талаптарын сөзсіз орындады. 1333 жылы Қырым, Орта және Төменгі Еділ бойын, Хорезмді аралаған Ибн Баттута Өзбекті Жошы ұлысының жалғыз билеушісі ретінде атайды. 1331 жылғы моңғол иеліктерінің қытайлық картасында моңғолдық мемлекеттердің шекаралары, соның қатарында Өзбек хан тұсындағы Алтын Орда картасы көрсетілген. Бұл картада Алтын Орда бірегей мемлекет ретінде саналып, Ертіс жағалауынан Сырдарияға дейінгі аймақ Өзбек ханның иелігі ретінде белгіленген.

Өзбек тұсында моңғолдар өздерінің Берке қайтыс болған соң біршама әлсіреген дәстүрлі сыртқы саясаттарын қайта қалпына келтірді. Феодалдық шиеленіс кезінде хандардың Орыс ұлысымен шаруасы да болмады. Хандардың оларға жасаған жеңілдіктері (түмендік, мыңдық, жүздіктерді алу, алым-салықты жинауды орыс князьдарына беруі, орыс діншілдеріне жеңілдіктер беру, т.б.) орыс ұлысының жағдайын біршама жеңілдетті. Ал Өзбек хан өзара билікке таласқан орыс князьдарын кезек-кезек қолдай отырып, оларды бағыныштылықта ұстады.

Солтүстік-шығыста күштерін теңестірген соң Өзбек үкіметі солтүстік-батыста күшті фактор болып келе жатқан Литваға қарсы да бірнеше іс-шаралар қолданды. Моңғолдар бұл мемлекеттің қалыптасуына қарсылық жасай алмады, бірақ оларға жүйелі түрде жорықтар жасай отырып әлсіздендіру мүмкін еді. XIV ғасырдың 20-жылдарындағы сондай жорықтар нәтижесінде литвалықтардың бастысқа жылжуы тоқтатылды.

Дәл сол саясатты моңғолдар Польшаға байланысты да қолданды. XIV ғасырдың 20-жылдары Польшаға татар жорықтарының күшеюі батыста үлкен шиеленіс тудырды. Сондықтан да татар жорықтарынан уайымдаған Рим папасы 1329 жылы арнайы жолдау жолдады, ол барлық батысеуропалық билеушілерді татарларға қарсы крест жорықтарын ұйымдастыруға шақырды, жорыққа қатысушылардың барлығының күнәсі кешірілуін уәде етті. Алайда бұл крест жорықтары жүзеге аспады. Татарлар папаның үндеуіне

қарсы 1337 жылы Люблин жерін қырды. Келесі жылы «өзбектің сансыз көп татарлары Польша және Венгрия жерлеріне еніп, оларды өте күшті деңгейде тонады».

Егер бұған Кавказда хулагидтермен бірге соғыстың сәтті жалғасуын және Орта Азияға Шағатай ұлысының иеліктерін жаулауға тақ мұрагері басшылығында көп санды әскер жіберілуін қоссақ Алтын Орданың сыртқы саясатының күшейгені анық көрінеді. Өзбек ханның көршілермен жеңісті соғыстары және мемлекет ішіндегі сәтті саясаты Алтын Ордаға бұрынғы күшін қайтарып, оны Еуропа мен Азияның күшті мемлекеттерінің біріне айналдырды.

Алтын Орданың нығаюы кезеңіндегі деректерде құрылтай шақырылулары туралы айтылмайды, енді олардың орнына хан кеңесі өткізіліп, оған хан туыстары және әскербасылар қатысты. Бұл мәселеге қатысты 1316 жылғы Өзбек хан әпкесінің Мысыр сұлтанына тұрмыс құруына байланысты кеңесті атауға болады. Бұл кеңеске неке шартын жасаушы хан туыстары мен 70 әмірлер және түменбасылар қатысты. Бірақ бұл жиналыс көбіне отбасылық кеңес түрінде еді. Басқа жағдайларда, мемлекеттік басқару мәселелеріне қатысты болғанда хан өзі тағайындаған ұлыс әмірлерінен тұрған «диван» кеңесі өтті. Бұдан бұрынғы хандар кезіне байланысты диван туралы айтылмағандығы Өзбек тұсында мемлекеттің орталықтандырылғанын көрсетеді. Араб жазушы әл-Омари (1343 жылы қайтыс болған) Өзбек және Жәнібек тұсындағы хан кеңесіне толық сипаттамалар қалдырды. Әл-Омари былай жазды: «Бұл сұлтанның билеушілері – төрт ұлыстық әмірлер, олардан ең жоғарғысы беклербек атанды, яғни аға әмір. Қандай да бір маңызды істі осы төрт сұлтан шешеді, егер олардың бірі болмаса да оның аты жарлыққа жазылады...».

«Істер уәзір арқылы шешіледі. Ал уәзір істерді оларсыз шешеді, наместниктерге бұйрықтар береді және жарлықтарға олардың атын жазады. Уәзір – нағыз сұлтан, қарсы бөлімін жеке басқарады, бөледі, тіпті ең маңызды істерде де беклербек сияқты әскери істерді де басқарады». Кеңеске кірген осы төрт әмірдің ішінен екі мүшесінің – беклербек және уәзір қызметтері барынша анықталған. Беклербек (әмірлердің әмірі) әскери істерді басқарды, түмендіктер, мыңдықтар, жүздік пен ондықтарды басқарды, екінші уәзір мемлекеттің азаматтық істерімен айналысты. Алтын Орда ең алдымен әскери-феодалдық мемлекет болғандықтан әскери құрылым басшысы беклербекке азаматтыққа қарағанда құрмет берілді. Сондықтан әл-Омари беклербекті кеңестегі төртеуінің ішінде үлкені деп жазады.

Өзбек хан тұсында мемлекеттік басқаруды орталықтандыруға байланысты жерлерде басқару органдарын реттеу жүзеге асырылды. Басында Алтын Орда қалыптасқан кезде билікті бөлшектеу болып, мемлекет Бату ағайындылары арасында бөлініп, олардың әрқайсысы өз ұлысын жартылай жеке билеуші ретінде басқарды. Енді мемлекет орталықтандырылғанда бұрынғы аумақтар аумақтық басшы-әмір басшылығындағы аумақтарға айналдырылды.

Аумақ басшылары өз иеліктерінде кең билікке ие болды. Сондықтан мысырлық сұлтандар ханға байланыс жасау барысында, әдетте, өз грамоталарын орталық билік өкілдеріне және аумақ басшыларына да жіберіп отырды. Аумақ басшылары лауазымына феодалдық аристократияның беделді өкілдері тағайындалды, көбінде аумақтық билеушілік лауазымына мұрагерлік бойынша сол әулет өкілдері қойылды.

Алтын Орда мемлекеті Өзбек билігі кезінде орта ғасырдың ең ірі мемлекеттерінің біріне айналды. Жошы ұрпақтарының моңғол империясынан бөлінуі және тәуелсіз болуға бағытталған соғыстары сәтті болды. Бату ағайындарына тиесілі болған бұрынғы жартылай жекс ұлыстардың әлсіреуі немесе толықтай бағыну хандық билікті нығайта түсті.

Мемлекеттің орталықтануы біршама жетіліп, орталықта және жергілікті жерлерде бюрократиялық басқару аппараты құрылды. Елді басқару диван-кеңес қолында болды. Жергілікті басқару орталық әкімшілікпен тығыз байланысқан және орталық аппарат – төрт әмірден тұратын хан кеңесі диванға бағынған жергілікті билеушілер қолына шоғырланды. Өзбек хан билік еткен тұста Алтын Орданың экономикалық өрлеуі де байқалады. Дәл осы кезеңде қалалар саны қатты өсті, ал XIV ғасырдың 30-жылдары хан жаңа астана – Сарай-әл-Жадидті салуға кірісті. Сауда керуен жолдары қауіпсіз ғана емес, ыңғайлы да болды. 33 хорезмдік, орыс, кавказдық, генуэздік, венециялық, мысырлық, неміс және басқа көпестері Сарай базарларында тұрақты және үйреншікті адамдарға айналды. Алтын Орда гүлденуінің нағыз көзі алым-салықтар, соғыстан түскен әскери пайда және сауда кірістері болды. Мемлекеттің Шығыс пен Батыс арасындағы транзитті жағдайы және исламмен бірге бай дәстүрлердің келуі көшпенділерді өз ішінде өзгеріс жасауға талаптандырды. Осы кезеңде хан билігі күшейді, беделі артты. Сыртқы саясатта Өзбек хан хулагидтерге қарсы соғысқа көп көңіл бөлді, Әзірбайжанды біріктіруге тырысты. Өзбек билігі тұсында Алтын Ордаға орыс князьдықтарының бағыныштылығы да күшейді. 1318 жылы Михаил Ярославович Тверской, 1326 жылы Дмитрий Михайлович Тверской және Александр Новосильский, 1327 жылы Иван Ярославович Рязанский, 1330 жылы Федор Стародубский, 1339 жылы Александр Тверской және оның ұлы Федор өлтірілді. Енді Русь жеріне жазалаушы отрядтар көптеп барды. Қорыққан орыс князьдары өздері ханға салық алып келіп отырды. Русь жеріндегі моңғолдық билік жаңа кезеңге өтті, мұнда әскери қысым экономикалық қысыммен ауыстырылды. Ақыр соңында Өзбек өз әскерін әр жаққа шашпай, ирандық бағытқа бағыттай алды.

Бақылау сұрақтары:

1. Өзбек хан тұсындағы Алтын Орданың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін талдаңыз.
2. Ислам дінінің ресми мемлекеттік дін ретінде жариялануының барысы мен нәтижелері туралы жазба деректердің мәліметтерін талдаңыз.
3. Алтын Орда мен Мысыр билеушілерінің қарым-қатынастары қалай дамыды?

§ 4. Алтын Орда тарихындағы дағдарыс және оның ыдырауы

Алтын Орданың ең беделді хандарының бірі Өзбек хан 1342 жылы қайтыс болды. Өзбек хан билік еткен 30 жыл ішінде Алтын Орда өзінің нығаюы шегіне жетті. Хан қайтыс болған соң феодалдық ақсүйектер рөлі күшейді, алайда Өзбек хан өмірінің соңында-ақ олардың күшейгенін атай кеткен жөн. Өзінің мұрагері ретінде ұлы Тінібекті көрсеткен Өзбек хан өсиеті бұзылды.

Ханның үш ұлы ішінде Тінібек 1333 жылдан бастап-ақ тақ мұрагері ретінде мемлекеттік іске қатысты, хан әскерін басқарды. Өзбек хан қайтыс болған кезде Тінібек Жаңа Сарайда болмады, Шағатай жерін жаулап алу жорықтарында болды. Осыдан ханның өлімі кенеттен болды деген қорытынды жасауға болады, басқаша жағдайда ол өз мұрагерін Орта Азияға аттандырмас еді. Хан өлімін естіген Тінібек астанаға хандықты қолына алуға асықты. Ол жолда болған шақта анасы оған қарсы әмірлермен келісіп, тақты өзінің екінші ұлы Жәнібекке берді. Сонымен бірге Тінібектің астанаға келуінің алдын алу үшін ханды қарсы алады деген сылтаумен адамдар жібереді. «Оған келген әмірлер оның қолын сүйе бастады, кейін олар оны ұрып, өлтірді. Кейін олар оның інісі Жәнібекке келіп болған жағдайдан хабардар етті. Кіші інісі Қыдырбекке қарсыласа отырып Жәнібек оны да өлтірді де, мемлекетті жалғыз өзі басқара бастады».

Алтынордалық ақсүйектердің бұл кезде Жәнібекті қолдауының себебі мынада, Тінібек жастайынан Өзбек мұрагері ретінде мемлекеттік істерді жақсы білді, әмірлер үшін бұл тиімсіз үміткер еді. Олар өз биліктерін күшейту үшін Жәнібекті заңсыз түрде билікке келтіреді, ол әмірлердің айтуы бойынша әрекет ету керек еді, әрі толықтай соларға бағынышты болды.

13 жылдық Жәнібектің басқаруы Алтын Орданың бұрынғы күшінің біртіндеп әлсіреу кезеңі болып табылады. Бұл, ең алдымен, көрші мемлекеттермен қатынаста көрініс тапты. Жәнібек билік құрған жылдары Польша, Литвия, Қырымдағы итальяндық колониялармен қақтығыстар болды. Сонымен бір уақытта Жошы әулетінің өз ішінде келіспеушіліктер болып, бұл ханның пайдасына шешілмеді. Қырымдағы генуэздермен соғыста сәтсіздіктер, Польша және Литвиямен қарым-қатынастың қиындауы Жошы ұлысы Бату әулетінің ханзадалары өз ұлыстарының тәуелсіздігі үшін ханмен шайқасты бастады. «Ескендір анонимінде» және оған қатысты авторларда Ақ Орда ханзадасы Мүбарак Қожа мен Жәнібек хан арасындағы соғыс туралы деректер кездеседі. Оның әкесі Ерзен Өзбектің вассалы ретінде оған барлық істе бағынды. Әкесі қайтыс болған соң Мүбарак Қожа Ақ Орданың билеушісі болды, Бату ұрпақтарына бағынбайтын тәуелсіз хан болуды көздеді. Бұл мәліметтерді алтынордалық нумизматикалық мәліметтер де растайды. Сығанақта шығарылған «Әділ сұлтан Мүбарак Қожа Алла билігін жалғастырсын» титулда Мүбарак Қожа монеталары сақталып қалған. Бұрынғы Орда Ежен иеліктерінің тәуелсіздігін қайта қалпына келтіру үшін Жәнібек ханға қарсы Ақ Ордада басталған қозғалыс Алтын Орданың әлсіреуі Жәнібек ханның билігінің басталуымен байланыстылығын көрсетеді. Өз ұлыстарының тәуелсіздігі үшін Шайбан ұрпақтары да соғыс көтерді. Мұның барлығы – Жошы ұлысында Өзбек хан қайтыс болған соң

пайда бола бастаған саяси дағдарыстың басталғанының дәлелі. 1346 жылы Қытайдан келген «қонақ» обаға байланысты дағдарыс күшейе түсті. Обаның кесірінен «Өзбектіктердің жері ... ауылдар мен қалалар адамсыз қалды». Орыс жылнамаларының хабарлауынша, Сарай, Үргеніш, Астрахан және басқа қалаларда халық көп қырылды. Обадан кейін Алтын Орда ұзақ уақыт қалпына келе алмады. Жәнібек билігінің соңғы жылдарында ғана хулагулермен Кавказдағы соғысты қайта жалғастыруға жағдайы келді, соғыс Әзірбайжанның уақытша Алтын Ордаға бірігуімен аяқталды. Әзірбайжанды жаулауды аяқтаған Жәнібек Сарайға қайтты, сұлтандық тағына отырған ұлы Бердібекті өз орнына қалдырды. Бердібекпен бірге Тебризде енді ғана жауланған Әзірбайжанға уәзір етіп тағайындалған әмір Сарай-Темір қалды. Сарайға қайтар кезде алтынордалықтар өздерімен көптеген байлықтар алып кетті. Жәнібек Тебризден кеткеннен кейін екі айдан соң ханның ауыр аурумен ауыратыны жөнінде хабар келді. Сарайда болған ханның беделді әмірлерінің бірі Тулубей Бердібекке әкесінің орнын уәде етіп, оны Сарайға шақырды. «Бердібек Дешті Қыпшақ тағына деген махаббаты үшін Әзірбайжанды тастап Дербент арқылы Ордаға оралды. 10 жақтасымен бірге ол түн ішінде Тоғрұлбай үйіне орналасты. Сол кезде Жәнібектің халі жақсарды. Ол аурудан басын көтеріп, келесі күні диванға қатысқысы келді. Адал адамдарының бірі Бердібектің келгенін біліп, жағдайды Жәнібекке жеткізді. Жәнібек уайымдап Тоғай Тоғлу хатунмен кеңесті. Хатун ұлына деген махаббаты үшін бұл мәліметтерді өтірік деп көрсетті. Жәнібек Тағлы байды жеке аудиенцияға шақырды. Оның осы іске қатысын білмей ол осы құпияны айтты. Тоғрыл бай уайымдап қалды. Мәселені шешу сылтауымен ол сыртқа шағып, бірнеше адамымен қайта кіріп Жәнібекті сол сәтте өлтірді».

Жәнібек өлімін осылайша «Ескендір анонимі», Ғаффари және Хайдар Рази сипаттайды. Араб деректерінде оның өлімінің мұндай жағдайлары баяндалмайды. Никонов жылнамаларында оның ағайындары да өлтірілгені айтылған. Өзбек әулетінің барлық ханзадалары өлтірілді. Бердібек тұсында мемлекеттің әлсіреуі анық көріне бастады. Дәлелі ретінде Жәнібек тұсында Алтын Ордаға қосылған Әзірбайжаннан айырылуын атауға болады. Тебризде қалдырылған алтынордалықтар екі айдан соң Әзірбайжанды қалдырып, Сарайға оралды.

Бердібек басқаруының басында-ақ Қырымда венециялықтармен қақтығыс болып 1358 жылда ғана тыныштандырылды. Жаңа келісім бойынша Орда венециялықтар пайдасына көптеген жеңілдіктер беруге тиіс болды. Венециялықтар бұрын кіруге рұқсат етілмеген Солдайда сауда жасау құқығын алды. Оның үстіне хан пайдасына алынып отырған шекаралық салық 3 пайызға төмендетілді. Осы жылдары орыс діншілдері де өз пайдаларына көптеген жеңілдіктер алды. 1357 жылы қарашада берілген Бердібек жарлығы бойынша орыс діншілдеріне Жәнібек кезінде алынған құқықтары қайтарылды. Олар шіркеулердің салығынан құтылды, хан юридикциясында шіркеу тәуелсіздігі қайта қалпына келді.


Деректерде 2 жылдық Бердібектің басқаруы кезіндегі Орданың ішкі жағдайы туралы мәліметтер сақталмаған, замандастары тек Бердібектің өз туыстарына деген өте қаталдығы жайлы ғана айтады. Алайда Бердібектің

террорлық басқару әдістері оның жағдайын жеңілдетпеді: екі жыл өткен соң 1359 жылы сарай төңкерістерінің бірінде қайтыс болды.

Осылайша, Алтын Орда тарихында «дүрбелең кезең» басталды. 1359 жылы Бердібек өлтірілген сәттен 1380 жылы Тоқтамыстың таққа келуіне дейінгі кезде, яғни 20 жыл ішінде 20-дан аса хандар өзгерді. Олар бір-бірін соншалықты тез ауыстырып отырғандықтан жылнамашылар, тіпті, олардың атын жылнамаларына жазып үлгермеді.

Бұл уақытта жошылардың хорезмдік облысы Алтын Ордадан бөлініп, сопылардың басшылығында Хорезмде жаңа мемлекет қалыптасты. 1361 жылдан Алтын Ордада хан атымен шығарылатын алтынордалық монеталар шығарылуы тоқтатылды. Соңғы рет бұл қалада Қыдыр хан монеталары шығарылды. Бұдан кейін ешқандай хан Хорезмде өз монеталарын шығармады. Ал Хорезмде дәл осы уақытта анонимді түрде «Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген жазумен монеталар шығарыла бастады. Кейінірек шығарған адам аты жазылмай монеталарда алғашқы төрт халиф атымен шығарыла бастады.

Хорезмнен бұрын Сарайдан Орда Ежен ұлысы бөліне бастады. Бұл жерде сепаративтік қозғалыстар Жәнібектің кезінде-ақ байқала бастаған, бірақ ол кезде Жәнібек билігін мойындаудан бас тартқан Мұбарак Қожа ханзаданың әрекеттері сәтсіз аяқталған еді. Мұбарак Қожаның інісі Шымтай Жәнібек билігін мойындауға мәжбүр болды. Ақ Орданы 17 жылдық Шымтайдың басқаруы кезінде Алтын Орданың батыс иеліктерінде басталған шиеленістер Ақ Орданың Сарайдан бөлінуіне жақсы болды. «Ескендір анонимі» бойынша Ақ Орда билеушісі Шымтай өзінің билігінің соңғы жылдарында бұрынғы Орда Ежен ұлысын тәуелсіз түрде жеке өзі басқарды. Шымтайдың ұлы Орыс хан тұсында Ақ Орда тәуелсіз елге айналды.



Профессор Т. Омарбековтің деректер негізінде салған портреті

Осыған қарағанда Шайбан ұрпақтарының ұлыстары да тәуелсіздікке ұмтылды. Алтын Орданың тәуелсіз ұлыстарға бөлінуі Жошы мемлекетін әлсіреткені сонша хандар өзара қырқысуда тек жаулап алынған халықтарда, көрші мемлекеттермен қатынасындағы беделділікті ғана емес, сонымен бірге өз иеліктеріндегі билікті жоғалтты. Мысал ретінде Қырымдағы венециялықтар мен генуэздер биліксізді пайдаланып өз жағдайларын дұрыстағандарын айтуға болады. Бердібек тұсында венециялықтарға Тану қаласының тек бір кварталы тиесілі еді.

Ақ Орда билеушісі Орыс хан өлтірген маңғышлақ әмірі Той-Қожаның ұлы Тоқтамыс 1376 жылы Орыстың хан болуынан кейін Самарқандқа Мәуереннахрдың билеушісі күшті әрі әйгілі Темір («Ақсақ Темір», Еуропада Тамерлан) қорғанысына қашып барды. Орталық Азияда өз билігін нығайту үшін Алтын Ордадағы саяси жағдайды бақылап отырды және солтүстік көршісінің күшеюін өзінің ұлы державалық мақсатына қауіп ретінде көрді.

Оны әсіресе Орыс ханның күшсюі уайымдатты. Темірдің өзі тек ханның күйсу баласы ғана болып тақка заңды құқығы болмай Мәуереннахрды жошылық Сұрғатмыш хан атынан биледі. Сондықтан оның иелігінде Жошы әулетінен шыққан қашқындардың (Тоқтамыстың әкесі оғлан, яғни ханзада болған) болуы оған тиімді еді. Бұл жағдайда Темір хан тағына заңды үміткерді қолдады. Үміткер самарқандтық билеушісінің қолында қуыршаққа айналар еді.

Сондықтан да XV ғасыр парсы тарихшысы Шараф ад-дин Йазды бұл жайлы былай жазды: «Тоқтамыстың Самарқандқа келгенін білген Темір өз істерін тастап, оның келуін жоғары бағалады. Темір оған құрмет пен сый-сияпат көрсетуде мүмкін болғанның бәрін жасауға күш салды, патшаға лайық тартулармен той өткізді. Оған (Тоқтамысқа) және оның серіктеріне ақылға сыймайтын және сансыз көп алтындарды, қымбат әшекей бұйымдарды, қару-жарақ және маталарды, аттарды және түйелерді, шатырлар мен қостарды, барабандар мен жалауларды, жасақтар мен әскерлерді, жалпы қаламмен жазып бітпейтін сый-сияпат берді. Оған деген құрметінің белгісінде оны өз ұлы деп атады».

Сонымен бірге Темір Тоқтамысқа Сырдарияның оң жағалауындағы Сауран облысын Отырар және Сығанақ қалалармен бірге берді (расында соңғысын Орыс хан иелігінен жаулап алу керек еді).

Сауранның билеушісі Орыс ханның ұлы Құтлық-Бұқа еді. Бірінші шайқаста Темір берген әскер басында тұрып жеңіліс табады. Бұл жағдай Темірдің Тоқтамысқа қатынасын бұзбады, тіпті, тағы бірнеше айдан соң Мәуереннахр билеушісі берген әскерді басқарып Тоқтамыс Сығанақ шекараларына келеді. Бұл жолы Орыс хан өзінің Тоқтақия атты ұлын жібереді, бұл да Темірдің жақтасын жеңеді. Бұл жолы қолынан жараланған Тоқтамыс Сырдариядан жүзіп өтіп құтылды.

Енді іске Орыс ханның өзі араласты. *Біріншіден*, Тоқтамысқа қарсы әскер жинады (бұл жайлы Тоқтамыс жағына өтіп кеткен Орыс хан әмірлерінің бірі Едіге хабардар етіп қойды); *екіншіден*, Темірге ханзаданы беруге байланысты ультиматум қойды: «Тоқтамыс менің баламды өлтірді және сенің аймағыңа кетті. Менің жауымды маған ұстап бер, егер де көнбесең, онда соғысатын жерді айт». Алайда Әмір Темір Тоқтамыстың жақтасы және досы болып қала берді. «Ол менің мемлекетімнен өзіне баспана тапты, – деп жауап жазды Темір, – мен оны ұстап бермеймін, ал соғысты айтсаң мен оған дайынмын».

Темір мен Орыс хан арасындағы ашық соғыс 1377 жылы қыста басталды. Мемлекет билеушілері басқарған екі жақ әскерлері Сығанақ қабырғаларында кездесті, алайда кенеттен өзгерген ауа райынан екі тарап соғыса алмай тарап кетті.

1377 жылы көктемде Темір тағы Орыс ханға қарсы жорыққа аттанды, алайда үлкен шайқас болмады, өйткені сол кезде не сәл кештеу Орыс хан қайтыс болған еді. Орданы оның ұлы Тоқтақия билей бастады. Бірақ көп өтпей ол да қайтыс болып, тақты Орыс ханның басқа ұлы Темір Мәлік Оғлан иеленді. Екі ханның өлуіне байланысты болып жатқан жағдайды пайдаланып Тоқтамыс Саурандағы билікті алды, алайда бұл ұзаққа созылмады. 1379 жылы жаңа алтынордалық хан Тоқтамысты тағы жеңіп, оны Алтын Ордадан қуып шықты. Алайда бұл жолы да Тоқтамысты хан тағына

отырғызуды шешкен Темірдің шыдамы таусылмады. 1379 жылы қыста ол Темір Мәлікке қарсы Ұрық-Темір және Ғияс-ад-Дин басшылығында әскер жасақтады. Тоқтамысты жеңген Темір Мәлік тура және ауыспалы мағынада да мас болып, талқандалды. Оның жеңілуіне өз хандарының жеңіл ойлы әрекеттерінен ызаланған Темір Мәліктің көптеген әмірлерінің Тоқтамыс жағына өтуі де себепкер болды.

Шығыста орныққан Тоқтамыс 1380 жылы қыста батысқа жорық жасап, аз уақыт ішінде Сарай, Қажы-Тархан және Төменгі Поволжьедегі алтынордалық қалаларды иеленеді. Оның жеңісінің жеңілдігін мынадай жағдайлармен байланыстырады: алтынордалық таққа нағыз үміткердің бірі Мамайды 1380 жылы 6 қыркүйекте Куликово жерінде мәскеулік князь Дмитрий Донскойдың талқандауынан кейін Тоқтамыс Днепрге дейінгі аумақты иеленді. Мамайдың өзі Қырымда жасырынбақ болды, бірақ бір мәліметтер бойынша генуэздер оны ұстап Тоқтамысқа алып келіп берді де, өлтірілді.

Мамайды жеңген соң Тоқтамыстың билігі Балқаштан Днепрге дейінгі аумаққа созылды. Орыс жерінде Орданың билігін қайтару үшін 1382 жылы тамызда Тоқтамыс Мәскеуде жазалау рейдін жүргізін, 3 күндік қоршаудан кейін талқандайды. Куликово жерінде көп шығындалған Дмитрий Донской моңғолдарға қарсылық көрсете алмады. Онымен қоса Тоқтамыс бұрын Алтын Орда құрамына енген жерлер үшін салық төлеуге мәжбүр етті.



Алтын Орда ханы – Мамай. astrakhan.name

Өзінің керемет жетістіктері үшін Тоқтамыстың Темірге міндеткер екенін ханның өзі де оның айналасындағы бұрын Хорезмнің және Мәуереннахрдың әмірлері болған әмірлер де жақсы түсінді. Алайда бұл адамдар саяси сахнадан жартылай табиғи түрде, жартылай заңның қуғындауы нәтижесінде кетіп отырды. Олардың орнына бұрын Мамайдың жақтастары болған негізінен Кавказ және Русь жеріне қызығушылық танытқан адамдар келе бастады. Осылардың әсерінен 1385 жылы Тоқтамыс енді ғана Темір жаулап алған Әзірбайжан жеріне әскер жібереді және облыстың ең бай қаласы Тебризді талқандайды. Бұл уақытта Иранды жаулаудан босай алмаған Темірдің екі фронтта күресетін күші жеткіліксіз болды немесе ол өзінің қол астындағы хан саясатының бұрылысын толық түсінбеді. Қалай болса да Тоқтамысқа қарсы әскер жіберген Темір тек соғыс жағдайын барлау және Грузия мен Дербентте ордалық әскерге қарсы шекаралық адамдарын күшейтумен шектелді. Кавказға жолдың жабық екенін анықтап, Темірдің белсенділігінің төмендігін әлсіздік деп санаған Тоқтамыс саясатын өзгертіп Хорезм және Мәуереннахрға соққы береді. 1387 жылы күзде Тоқтамыс Сығанақ облысына (Темір иеліктерінің солтүстік перифериясына) еніп, Сауран қаласын қоршайды. Қала қоршауға төтеп берді, алайда аумақтары толық талқандалды. Кейін Мәуереннахрды билеуге қойылған Темірдің ұлдарының бірі Омар Шайхтың әскерінің аздығынан хабардар

болған Тоқтамыс Мәуереннахрға кірсді. Бірнеше қаланы және облыстарды талқандап, Бұхараны басып алуға тырысты. Қаланы ала алмаған Тоқтамыс қала айналасын және Мәуереннахрға енетін облыстарды тонап-талқандайды.

Бұл жайлы хабарды Темір Батыс Иранда, Шираз қаласында естіді. Енді үлкен соғыссыз бітпейтіні анық болды. 1388 жылы ақпанда Темір өзінің атты әскерінің 3 түменін Самарқандты қорғауға жібереді, артынша өзі де Мәуереннахрға қайтады. Шегініп бара жатқан ордалықтарды қуып отырып ол Хорезмге енеді. Облыстың астанасы Үргеніштi жермен-жексен етеді.

Тоқтамыс 1388 жылы қыста Орта Азияға жаңа жорығын бастайды. Сырдариядан алыс емес жердегі Сауран қаласы маңында шайқас болып, Тоқтамыс жеңіледі. 1389 жылы көктемде Темір Ақ Орда жеріне енді, бірақ Тоқтамыс шайқасты қабылдамай далаға кетті. Маңызды шайқас кейінге қалды.

1388-1389 жылдары сәтсіз істер Тоқтамыс жерінде шиеленіс тудырды. Никоновтық жылнамаларда Мәскеуге қашып келіп, ұлы князьға қызметке орналасқан бірнеше татар князьдары жайлы айтылады. Тоқтамыстың литовтық ұлы князь Ягайлға жазған жарлығында ордалық оғландардың оған қарсы ұйымдасқандары туралы айтады. Шамамен осы уақыттарда Темірге әкесін хан бұйрығымен өлтіргенін ұмытпаған, Тоқтамыстың қас жауына айналған әмір Едіге қашып келеді.

Істің былай өзгеруінен қорыққан Тоқтамыс Темірмен ең басты шайқасты кейінгі жақсы уақыттарға қалдыруға тырысты, ал Темір керісінше шешімді әрекеттерге көшуге бет алды. Екі жақтың арасында жолдаулар жүрді. Тоқтамыс сыйлықпен бірге қосқан жолдауын жасағанына өкініп, әкесі орнына қойған Темірден кешірім сұраса, Темір алтынордалық ханға сенімсіздігін білдірді. 1391 жылы қыста Темір Алтын Ордаға маңызды жорыққа аттанды. Жорық ақпанда Самарқандтан Ташкент арқылы Отырарға барудан басталды, ал Сарайда бұл жайлы сәуірде екі қашқын нөкерден хабардар болды. Тез арада дисколация жері ретінде Тоқтамыс Жайықты белгілеген әскердің жиналуы нәтиже бермеді (әскердің маңызды бөлігі Бұлғар, Азактан және басқа жерден келетін әскерлер аталған жерге келіп үлгермеді). 1391 жылы шілдеде екі қарсылас өз әскерлерімен Самара өзені бойына жетті.

Темір өз әдісінде ұлы Шыңғыс ханның өсиетін пайдаланып, өз отрядтарын облавамен жіберіп отырды. Темір соғыстың аяқталуына асықты. 1391 жылы 18 шілдеде Қондыршы өзені бойында (қазіргі Самара облысы территориясындағы) Тоқтамысты басты шайқасқа шығарып, орда ханының әскері жеңіліс тапты.

Бірақ бұл Тоқтамыстың әскери-саяси ісінің өлгенін білдірмеді және оның Темірге қарсы тұратын күші әлі де болса жеткілікті еді. Темір бай олжа алып, (ортағасырлық тарихшылардың айтуы бойынша Темірдің жеке өзіне-ақ 5000 жас құл тиді) Сарай тағын Темір-Құтлық қолына қалдырып, Орал-Каспий даласы арқылы Самарқандқа оралды. Алайда батыс ұлыстардан жаңа әскер жинаған Тоқтамыс 1391 жылдың күзінде-ақ Темір-Құтлықты Сарайдан қуып шығады. 1393 жылдың басында Алтын Орданың айтарлықтай бүкіл аумағы заңды хан құқығында Сарайда өз атымен монеталар шығарған Тоқтамысқа бағынды. Бұл уақытта Тоқтамыс қамындағы оң қанат әмірлері жеңіске жетті, олар алтынордалық ұлы державаның

жақтастары еді. Осылардың көмегімен хан өз билігін қалпына келтірген еді. Солардың әсерімен 1394 жылы күзде Закавказьеде Темірге қарсы жаңа жорығын бастады. М.Г. Сафаргалиев Тоқтамысты бұл жолы литовтық ұлы князь Вивовт және Египет мәмлүктік сұлтаны Эззахир қолдады деп санады, яғни Алтын Орда, литовтық ұлы князьдық және Египеттен тұратын Темірге қарсы коалиция құрылды. Алдымен Тоқтамыс Ширван қаласының маңын талқандады, бірақ Темірдің жақындағанын біліп, өз әскерін Дербентке алып барды. Темір қақтығысты дипломатиялық жолмен шешуге тырысты, бірақ дөрекі жауап алып басып кіруге бұйрық берді. 1395 жылы екі әскер Терек өзені бойында кезікті. Шайқас осы жылдың 15 сәуірінде болып, Тоқтамыстың тағы бір жеңілісімен аяқталды.

Тарихшылардың пікірі бойынша, ордалықтардың жеңілісіне Тоқтамыс әскерінің сенімсіздігі де едәуір әсер етті, олар соғыстың ушыққан шағында өзара таласып істерінің бірлігін жоғалтқан еді.

Қарсыласының артынан бара отырып Темір Волгаға шықты, алтынордалық Увек қаласын талқандады, бірақ Тоқтамыс Бұлғарда жасырынып үлгерді. Тоқтамыстың үлкен аумаққа ие екенін және адам ресурстарының көптігінен біраз уақыттан соң қайта күш жинай алатынын түсінген Темір Алтын Орданың шайқастар мен соғыстарда зардап шекпеген батыс ұлыстарынан басып өтеді. Поволжьедегі басқаруды Орыс ханның ұлы Құйыршық оғланға беріп, Днепрде батыс әмірлері Бек-Жарлық оғлан, Ақтау және Темір оғлан жерлерін тонап-қиратады да, Донға бет алады. Жол барысында ол оңтүстік орыс князьдықтарына соғыстық барлау жасайды. 1395 жылы тамызда Темір әскері Рязань князьдығына басып кіріп, оның Елей қаласын қиратты. Бірақ ұлы князь Василий Дмитриевич бұл жайлы біліп көп санды полкімен Коломнаға түсіп, Ока арқылы қарсылыққа тұрғанда Темір әрі қарай соғыспай оңтүстікке ат басын бұрды. Себебі Темірдің жоспарында Русь жерін жаулау жоқ еді, оның мақсаты Тоқтамысты Алтын Орданың экономикалық дамыған орталықтары мен ірі қалаларындағы қолдаудан айырмақ болды. Осы мақсатты іске асыра отырып Темір 1395-1396 жылдары тағы Поволжьеге барып, негізгі орталықтары Қажы-Тархан (Астрахань), Сарай, Жүкетайды от пен қылыш астына алады. Мұның бәрі қатыгездікпен жасалды. Жаулап алынған қалалар толық қиратылып, өртелінді, тұрғындарын құлдыққа алды немесе өлтірді. Бұл тонаудың нәтижесінде Алтын Орда экономикасы құлдырап, өзіне қайтып келе алмады. Деректердің хабарлауынша, аштық жаулаушының әскерінде де тарап, көктем келуімен Темір өз әскерін Иранға алып кетті. Оның артында кей кездері гүлденіп тұрған алтынордалық қалалардың күл қалдықтары ғана қалды.

Тоқтамыстың бұл уақытта қайда жасырынғаны белгісіз, өйткені бар деректерде бұл жайлы ештеңе айтылмайды. Қазіргі тарихшылар Новгород және Вятка облысына шабуылдар жасалып тұрған Бұлғарды арқа сүйер пункті болды деп есептейді. Шабуылдар тек тонаушылық тұрғыда, мақсаты ордалық жерлерді қайтару үшін соғысты жалғастыруға қажет заттар жинау болды. Бұл мәселенің күрделенуіне тек поволжьелік қалалардың қирауы ғана емес, Темір кеткен соң мемлекеттің шығысында пайда болған үш тәуелсіз, ханға жау екенін ашық айтқан ұлыстың пайда болуы да себеп болды. Алдымен, жоғарыда



аталғандай, Темір өзінің Ордаға жорығының басында Поволжьені Құйыршық оғланға басқаруға берді, ол Сарайда және Заволжье аймақтарында билігін орнатты. Темірдің ойы бойынша алтын-ордалық тақта Тоқтамысты Құйыршық оғлан ауыстыруға тиіс еді. Алайда Темір аттылары кеткен соң шаңы басылып үлгермей Қажы Тарханнан тағы бір оғлан Орыс хан немерелерінің бірі Темір Құтлық пайда болды. Ол Қондыршыда Тоқтамыс жеңілген соң Сарай билігін қолына алмақ болып, Алтын Ордадан қуып шығарылған еді. Сонымен бір уақытта Жайықта өз отауын Едіге қайта қалпына келтіреді. 1391 жылы Темірдің Алтын Ордаға жорығында белсенді болған Темір Құтлық та, Едіге де 1395-1396 жылдардағы соғыста көлеңкеде қалды. Темір 1395 жылы жорығы басталар алдында Едігені өз жағына шақырып, оң жауап ала алмады.





Профессор Т. Омарбековтің деректер негізінде салған портреті

Шығыс ұлыстардың бағынбайтынын түсінген Тоқтамыс Қырымда өз билігін қалпына келтіруді бастады. 1396 жылы наурызда Каффа қаласын алады. Тоқтамыстың қайта билік алуы қарсыластарын толғандырып, олар енді белсенді әрекеттерге кірісті. Әмір Едіге оғлан бола тұра өзі орда тағына құқығы болмады, алайда өзі қойған Жошы ұрпағы арқылы билеу мүмкіндігі болды. Тоқтамыс Қырымды жаулап жүргенде Темір Құтлық және Едіге бірігіп Құйыршық оғланды, 1396 жылы күзде Тоқтамысты Қырымнан қуып шықты. Нәтижесінде Тоқтамыс литовтық ұлы князь Вивовтқа қашты, ал Алтын Орда аз уақытқа Темір Құтлықтың қол астында біріктірілді.

Вивовттың Тоқтамысқа көрсеткен қолдауы саяси жоспарында болды. Жеңілген Тоқтамыс формальды түрде Алтын Орданың ханы, барлық ұлыстардың, соның ішінде Орыс жерінің де иесі болып қала берді, осыған байланысты көрсетілген көмек үшін одан өтемақы алуға болар еді. Бұл Вивовт пен Тоқтамыс жасаған келісімде қаралып, осы бойынша Вивовт Тоқтамысқа Алтын Орда тағын қайта алуына көмектессе, Тоқтамыс оған ұлы Мәскеу князьдығына жарлық беруге тиіс еді. Мұның Вивовтқа ұнағаны сонша ол, тіпті, Алтын Ордамен қатынасын бұзды. Темір Құтлық тұсында беклербек болған Едігенің Тоқтамысты қайтару жөніндегі талабына Вивовт кері жауап берді. 1398 жылы

жазда біріккен литов-моңғолдық әскерлері Алтын Орда аумағына енеді де, 12 тамызда Ворсклы өзені бойында ордалықтар тарапынан қатал талқандалды. Жылнамашылардың айтуы бойынша Вивовттың өзі шайқас алаңынан әрең құтылды, үш күн бойы орманда жалғыз казактың көмегімен адасып жүреді. Тоқтамыс өз отрядымен Сібірге қашады. Алайда Темір Құтлық жеңісін ұзақ тойлай алмай 1399 жылы қайтыс болады. Едіге таққа оның кіші інісі Шадибекті алып келеді. Жаңа хан мен беклербектің жағдайы жеңіл болмады, өйткені өз ұлдарымен Сібірде жасырынған Тоқтамыс үлкен отау құрып, тіпті, Әмір Темірмен қатынасын түзете бастаған-мыс.

Істің былай бұрылуынан уайымдаған Едіге 1404-1405 жылдары Тоқтамысқа қарсы үлкен әскерімен шабуыл жасайды. Бірақ мұнысы сәтсіздікпен аяқталады. Ханның жеңілуін пайдаланған Тоқтамыс Түмендегі қала сыртындағы резиденциясында әскерсіз қалады. 1406 жылы қаңтарда Едіге ханды ұстап өлтіреді.

Едіге Сібірде жүрген шақта Шадибек хан өзінің қатал беклербегінен құтылмақ болады. Расында, бұл уақытта мемлекетте Едігенің билігі күшті болып, тарихшы Ибн Арабшахтың айтуы бойынша «сұлтандыққа кімді қаласа соны көтерді, қалаған кезде бұйрық берді, ешкім оған қарсы тұрмады, шекара сызды ешкім одан өтпеді». Едігенің мұндай барлық билікті иеленуі Шадибек айналасындағы әмірлердің ызасын тудырды. Хан Едігені беклербек лауазымынан айырды, бірақ Хорезмді иеленіп үлгерген күшті әмір Сарайға қайтып келіп, Шадибекті қуып шықты. Таққа Полат ханды отырғызды.

Едіге барынша Алтын Орданың ең алдымен Русь және Литва алдында бұрынғы беделін қайтармақ болды. Осы мақсатта ол Ордаға Твер князьдары Иван Михайлович пен Юрий Всеволодовичті шақырады. Олар өзара ұлы князьдыққа таласқан еді. 1408 жылы Полат ханды Литваға жібереді. Алайда Орданың ішінде Едігенің істері оңай болмады. Тоқтамыстың ұлдарының бәрі тірі еді. Солардың бірі Желал-ад-дин Полатты тақтан тайдырмақ болады. Едіге қуған Желал-ад-дин Мәскеу князы Василий Дмитриевичтің қорғанына қашып барады. Бұл моңғолдардың 1409 жылы желтоқсанда Мәскеуге жорығына себеп болады.

Бұл жорықта Коломна, Переяславль, Юрьев, Ростов, Дмитров, Серпухов, Нижний Новгород сынды орыс қалалары басып, тоналды. Едігенің өзі Мәскеуді қоршады, өзіне көмекке Твер князы Иван Михайловичті шақырды. Қоршау ұзаққа созылып, Едіге Желал-ад-диннің Литваға Вивовт князьға қашып үлгергені және оның көмегімен Полат ханды талқандап Қырымда билікке келгені жөнінде хабар естіді. Едіге қоршауды тастап, Мәскеуден 3000 рубль өтемақы алып, Жайыққа қайтты.

Бұл жолы Едіге таққа Темір Құтлықтың ұлы Темір ханды алып келді. Сонымен қоса ханмен туыстық қатынас орнату үшін Едіге Темір ханға өз қызын береді. Алайда Темір Құтлық толықтай Едігеге қарсы коалицияда болып, Едіге Сарайдан кетіп, Сарайшыққа қашты. Ол жерде оны Темір хан қуып жетіп, әскерін талқандады. Едігенің өзі Хорезмге қашты, ал Темір Құтлық әскері Үргенішті қоршауға алды.

Бұл Темірдің тактикалық қателігі болды. Едігені талқандау мақсатында ол Желал-ад-динді қараусыз қалдырды. Темірдің жоқтығын пайдаланып Желал-ад-дин Сарайда, Алтын Ордада билікті өз қолына алады. Қысқа уақытқа Едіге үшін күрделі жағдай туды: оған қарсы өзара қырқысқан екі

қарсыласы болды. Көп ұзамай Темір ханды өзінің сатқын әмірлерінің бірі өлтірсді, Ордада Хорезмнен басқа барлық жердегі билік Желал-ад-динге өтті. Оның да Едігені жеңетіндей күші болмай соғыс созылды. Үргеніштi қоршау темірлік Шахрухтың өз әскерімен келуіне дейін жалғасты. Ол Хорезмнен екеуін де қуып шықты: Желал ад-дин Ордаға қайтып батыс ұлыстарын реттеді, Едіге өзінің Жайықтағы ұлысына қайтты.

Біраз уақытқа Желал-ад-дин Алтын Орданың бұрынғы беделі мен күшін қалпына келтірді. Тоқтамыстан кейін енді ғана орыс князьдары ханға бас июге барып отырды, 1412 жылы ордалық князь сарайына мәскеулік князьдар Василий Дмитриевич, тверлік князь Иван Михайлович, новгородтық, ярославтық князьдар сыйлықтарымен жиналды. Желал-ад-диннің күшеюі Тоқтамыстың көптеген ұрпақтарының қызғанышын тудырып, 14 ай билік еткен соң Желал-ад-динді тақтан тайдырып, туған бауыры Керімберді өлтіреді.

1408 жылы тақты алуға тырысқан Василий Дмитриевич пен ағасының істерін еске ала отырып, Керімберді сыртқы саясатында Мәскеу князын Литва солтүстік-батыс жерлермен соғысында қолдаған. Вивовт өз кезегінде Орда тағына үміткер екінші оғлан Бетсабулды қолдайды. Алайда Бетсабул ұстап алып, өлтірілді. Керімбердінің өзі де 5 ай билік етіп, 1412 жылы інісі Кебек өлтіріп тақтан тайдырды. Кебек өз атынан монеталар шығара бастады.

Тоқтамыс ұрпақтары өзара Ордадағы билік үшін таласты. Сарайшықта отырып Жошы ұлысында өз билігін қалпына келтіруге тырысты. 1416 жылы оның әйелі Меккеге қажылыққа көп байлықпен барғандығы туралы деректер бар. 1418 жылы Едіге Сарайшықта Алтын Орда ханы етіп Дервишті көтереді. Оның атымен Едіге сарайдан Вивовт көмегімен отырғызған ханды құлатады. Жаббардың артынан жүре отырып Едіге Қырымға кіріп, генеуэз қалаларын қоршады.

Тоқтамыстың соңғы ұрпақтары осылайша Алтын Ордадан қуылып, литвалық ұлы князьдың қолдауын тапты. Литвамен ашық соғысуға мүмкіндігі болмаған Едіге 1419 жылы Вивовтқа бай сыйлықтармен бейбітшілік ұсынысын жасайды. «Вивовтқа Едіге жазады: ұлы князьды ескермей қалдыра алмадым, сондықтан қалған өмірімізді бейбітшілікте өткерейік. Ал арамызда аққан қанды жер жұтты, ашу-ызаны жел ұшырды, соғыстың оты жүрегімізді ызадан тазартты, ал су өртті өшірді».

Вивовттың бұл ұсынысқа қалай жауап бергені белгісіз, бірақ Литвадан жасырынып жүрген Тоқтамыс ұрпағы Қадірберді бұны әлсіздікке бағалап 1419 жылы литва және қырым татарларынан құрылған әскерді басқарып Едігеге шабуыл жасады. Сарайшық маңында шайқас екі қарсылас үшін түсініксіз болды: Қадірберді қатты жарақат алып, қайтыс болды, ал Едіге жараланып жеңілдім деп ойлап шайқас алаңынан қашты. Қалыптасқан түсініксіздікте Қадірбердінің әмірлерінің бірі Едігемен жолығып қалғандығы жайлы ибн Арабшах жазады. «Өзінің адамдарына Едіге шабуыл жасауды бұйырды, оны бөлшектерге бөліп тастады». Осылайша, өзінің өмірінің 63 жылы құлап бара жатқан Алтын Орданың беделі мен күшін қалпына келтіруге тырысқан ордалық ақсүйектерінің жарық өкілі өлтірілді.

Едігенің өлімі ордалық хандардың ұлы державалық саясатының аяқталғанын білдірді. Оның тірі кезінде Жошы әулеті өкілдері өздері қаламаса да беклербектің күшінің алдында санасатын еді. Ол мемлекеттің құлау үдерісін тежеген еді. Едіге қайтыс болған соң Орданың орталық тенден-

циялары бұзылып, Орда суразиялық саясатта шешуші фактор болмады. Енді Орда көбіне қиратылған көшпелі ұлыстарға ұқсады.

Бақылау сұрақтары:

1. Алтын Орда тарихындағы «ұлы дүрбелең» жылдардың басталуының алғышарттарын талдаңыз.
2. Алтын Орда мемлекетінде орын алған саяси дағдарыстың сипатын, барысын және салдарларын көрсетіңіз.
3. «Мамай феномені» дегеніміз не және Мамайдың тарихи қызметіне берілген тарихнамалық бағалар қандай?
4. «Ұлы дүрбелең» жылдарындағы Алтын Орда мен Ақ Орданың қарым-қатынастарының сипаты қандай болды?

§ 5. Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы және саяси билік

Алтын Орданың мемлекеттік құрылымын қарастырмас бұрын, ең алдымен, моңғолдар өздерінің мемлекетін қалай атады және мемлекетті қоршаған көршілер оны қалай атаған деген сауалдарға жауап беру қажет.

Моңғолдардың дәстүріне сай моңғол билеушілері өздеріне бөлініп берілген жерлерді өздерінің рулық иеліктері деп санады, ал Сарай тағының хандары өзінің мемлекетін жай ғана «ұлыс» деп атаған. Тоқтамыс ханның өз мемлекетін Ұлы ұлыс деп атаған жарлығы сақталып қалған. Мұндай эпитетті дипломатиялық хат алысуларда державаның күштілігін көрсету үшін басқа хандар да жиі-жиі қолданған.

Жошы ұлысының атауына қатысты еуропалық және азиялық деректерде неше түрлі атаулар қолданылған. Араб жылнамаларында Жошы ұлысын белгілі бір уақытта басқарған ханның есімімен этникалық толықтырулармен: «Берке, Ұлы татар ханы», «Тоқта, татар ханы», «Өзбек, солтүстік елдердің басшысы», «Тоқта хан, Сарай және қыпшақ жерлерінің иесі», «Дешті Қыпшақ ханы Тоқта» деп атайды. Кейбір араб және парсы авторлары Алтын Орданы Жошы ұлысы, Бату ұлысы, Берке ұлысы, Өзбек ұлысы деп те атаған. Бүкіл Алтын Ордадан өткен Еуропа саяхатшылары П. Карпини және В. Рубрук ескі терминдерді «Командар елі», «Комония», «татар державасы» деп қолданады. Рим папасы XII Бенедик хатында Жошы ұлысын «солтүстік Татария» деп атаған. Орыс жылнамаларында оңтүстіктегі көршілерін этникалық терминнің көмегімен анықтаған. XIII ғасырдың соңғы он жылдығында ғана «Орда» атауы пайда болып, ол Жошы ұлысының ортақ жалпы атауын иеленіп, аталған мемлекет толық құлағанға дейін қолданылған.

Ал «Алтын Орда» атауына келсек, Бату хан негізін қалаған қалалардың ізі де қалмаған кезде пайда болды. XVI ғасырдың екінші жартысында алғаш рет «Казанцев жылнамасында» «Алтын Орда» немесе «Ұлы Алтын Орда» деген сөз тіркесі пайда болады. Оның пайда болуы ханның қонысымен, нақтырақ айтсақ ханның киіз үйінің қымбат мата және алтыннан жасалған бай әшекейлеріне байланысты болды. XIV ғасыр саяхатшысы хан шатырын: «Өзбек алтын шатыр деп аталатын шатырда отырады. Ол алтын жапырақтары бар ағашқа тартылған. Ортасында аяқтары күміспен қапталған және қымбат


тастармен эшекейленген тақ орналасқан», – деп сипаттаған. «Алтын Орда» терминінің XIV ғасырда орыс жерлерінде күнделікті тілде қолданылғанына күмән келтіруге болмайды, дегенмен сол уақытта жазылған жылнамаларда бұл сөз тіркесі кездеспейді. Бұл кезеңде орыс жылнамашылары «алтын» сөзін жақсылықтың, қуаныш пен жарықтың синонимі ретінде қолданғандықтан, бұл сөзді өздерін «езгіге» ұшыратқан мемлекетке қатысты қолданудан бойларын аулақ ұстаған болулары да ықтимал. Сондықтан «Алтын Орда» атауы жылнамаларда моңғол жаулап алушылығының барлық қорқынышы ұмытыла бастаған кезеңде ғана айналымға енген деуге негіз бар.

Ал енді Алтын Орданың Моңғол империясындағы орны туралы мәселеге тоқталайық. Алтын Орда құрылған кезінен бастап дербес мемлекет ретінде өмір сүрген емес, сондай-ақ оның билеушілері де тәуелсіз басшылар ретінде саналмады. Алғашында, Жошы және оның ұрпақтарының иеліктері мен басқа да моңғол ханзадаларының иеліктері заң жүзінде әкімшілік орталығы Қарақорым болған біріккен империяны құрады.

Бұл жерде қалған хан Яссы заңының баптарының бірінде көрсетілгендей, моңғолдар жаулап алған барлық аумақтардан түскен табыстардың бір бөлігін алып отыруға құқылы болды. Мұндай жүйенің болуы үлкен империяның ыдырауын болдырмау үшін ойластырылған еді. Тек орталық билік болып саналатын Қарақорым ғана маңызды экономикалық және саяси мәселелерді шешетін болған. Империяның шет аймақтарынан аса алыс орналасқан орталық биліктің алғашқы кезеңде беделді болуы тек Шыңғыс ханның абыройы мен даңқының арқасында ғана байланысты болды. Тек осы жағдайға қатысты ғана Бату және Берке хандар Қарақорымға байланысты «әділеттілік, бағыныштылық, достық пен бірлік» жолын бұзбай ұстанып отырды.

XIII ғасырдың 60-жылдарында Қарақорым тағы үшін Құбылай мен Арықбұға арасында күрес басталды. Жеңіске жеткен Құбылай астананы Қарақорымнан Қытай территориясына Ханбалыққа (Пекин) ауыстырды. Бұл уақытта Алтын Орда билеушісі, Арықбұғаны қолдаушы Меңгу-Темір осы сәтті пайдаланып Моңғолиядағы астананы, Шыңғыс ұрпақтарының қара шаңырағын тастағанына байланысты Құбылайды бүкіл империяның билеушісі ретінде мойындаудан бас тартады. Осы уақыттан бастап ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты Алтын Орда өзінің толық тәуелсіздігін алды. Империя жеке бөліктерге бөлініп кетті.

Алтын Орда саяси егемендігін алған кезде мемлекеттің осы күнге дейін құрылған және біршама жақсы дамыған ішкі мемлекеттік жүйесі болды. Бұл жүйе Шыңғыс ханның Моңғолияға орнатқан жүйесінің көшірмесі болғандығына таңғалуға болмайды. Мемлекеттің кейбір аудандарында Батудың бауырлары басқарған жеке ұлыстар болды. Шыңғыс хан мемлекеті дамуының ерте кезеңіндегі сияқты Бату да өз бауырларына ұлыстар бөліп берді.



XVII ғасырдағы белгілі тарихшы Әбілғазы қызықты факт келтіреді. Шығыс Еуропаға моң-

ғолдар шабуылы аяқтаған соң олар Дешті Қыпшаққа қайтады. Бату өзінің ағасы Орда Еженге бұл жорықтың аяқталуына сен көмектестің деп оған 15 мың отбасынан тұратын халықты бөліп берген. Сонымен, Алтын Орданың құрылған кезеңінде Жошы ұлысы Жошының 14 ұлына бөлініп берілді. Әр ұлыстағы ханзада өзін жеке билеуші ретінде есептеді. Алтын Орданың құлау уақытында бұл тенденция айқын көрінді. Бату билік құрған кезде бүкіл Жошы ұлысының бірлігі сақталды. Әрбір билеуші ханға қызмет көрсетті. Террито рияны бөлумен бірге мемлекеттің басқару аппараты құрылды. Алтын Орданың Бату мен Берке хандар билеген кезеңін ұйымдастыру кезеңі болды деуге болады. Бату жалпы мемлекет заңдарының негізін қалады, оны қалған хандар сақтады. Ақсүйектердің иеліктері қалыптасты, шенеуніктер аппараты пайда болды, барлық ұлыстарды байланыстыратын пошта қызметі жұмыс атқарып, салықтар мен міндеткерліктердің мөлшері мен түрлері тұрақтанды. Бату мен Берке хандар билігі абсолютті хан билігінің жарқын көрінісі болды. Билік пирамидасының ең басындағы хан далада көшіп қонып жүрген, туыстары және әйелдерімен бірге жылжымалы ордасында өмір сүрді. Хан мемлекет істері бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырды.

Жеке салалар бойынша көптеген шенеуніктер қызметін құру керек болатын. Алтын Орданың мемлекеттік жоғарғы басқару әкімшілігінде ең жоғарғы екі қызметі қалыптасты. Бірінші – беклербек, ол қолына іс жүзінде бүкіл билікті шоғырландырды. Ол әскердің қолбасшысы болды. Сондай-ақ басқа мемлекеттермен дипломатиялық қызметті бақылап, жоғарғы сот инстанциясының құқықтарын иеленді (бұлайша бар билікті бір адамның қолына шоғырландыру олардың шын мәнінде Ноғай, Мамай сияқты дербес билеушілерге айналуына да әкеліп соқты).

Екінші жоғарғы мемлекеттік қызмет – уәзір, оның қолында жоғарғы атқарушы билік болды. Орталық органы диван деп аталды және хатшылар басқаратын палаталардан (қаржы, салық, сауда және мемлекеттің ішкі саяси өмірінің басқа да салалары) тұрды. Олардың негізгі қызметі салық жинау және жаулап алынған халықтардың сыйлықтарын қабылдап алу еді.

Басқару сатысында беклербек және уәзірден кейінгі сатыда әскербасшылар – ұлысбегілер (әмірлер, мыңдық басшылары, түмендіктер) және шенеуніктер тұрды. Басқару аппаратына байланысты қызметтер: шекарашы – тамға жинаушы, таразшы – салық жинаушы, елші – жиналған алым-салықтарды Ордаға алып келуші және дипломатиялық қызметтерді орындаушы қуғыншы, бұқала – шекаралық қарауылдардың басшысы, тақтұла – пошташы, жәмшік қызметінің басшысы. Бұдан басқа жарлықтарда ұсақ қызметтер – құсшы, тасымалдаушы, базар бақылаушысы туралы мәліметтер де кездеседі. Алтынордалық шенеуніктер категориясын және олардың иерархиясын бізге дейінгі жеткен хан жарлықтары мен грамоталарындағы титулдарды зерттеу арқылы Г.А. Федоров-Давыдов орнатқан болатын.

Бақылау сұрақтары:

1. Алтын Орданың әкімшілік-саяси құрылымына қатысты кеңестік және қазіргі кезеңдегі ресейлік зерттеушілердің еңбектерін салыстыра отырып талдаңыз.
2. Алтын Орданың әкімшілік құрылымын сипаттаңыз және «беклербек» қызметіне баға беріңіз.
3. Алтын Орданың ұлыстық басқару жүйесінің ерекшелігі неде және ұлыстардың әкімшілік басқару жүйесіндегі орны қандай?

III тарау

ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫ ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫ ҚҰРАМЫНДА

§ 1. Шағатай ұлысындағы моңғол хандарының саясатындағы екі бағыт

Зерттеушілер жаулап алудан кейін моңғол хандары мен билеуші тобының жаулап алған елдерге қатысты жүргізген саясатында анық, бір-біріне қарама-қарсы екі ағымның болғандығын көрсетеді.

И.П. Петрушевский бұл екі ағымға мынадай сипаттама береді: «Бірінші бағытты моңғолдың көшпелі әскери тобының көп бөлігі және аздаған түрік тайпаларының көшпелі әскери тобы қолдады. Моңғолдық дәстүр мен көшпелі өмірді жақтайтын бұл топ отырықшы өмірдің, егіншілік пен қалалардың жауы болды, отырықшы шаруалар мен қалалардың төменгі тобын шексіз қанауды жақтады. ...Бұл бағытты жақтайтындар отырықшы шаруаларды қорғамақ түгілі, оларды сақтап қалуға мүдделі болмады».


Бірінші бағытты қолдайтын топтың жүргізген саясатының нәтижесін Иран, Қытай елдері мен Мәуереннахр, Жетісу аймақтарындағы XIII ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жағдайдан байқауға болады. В.В. Бартольд «Жетісудың Шығыс Түркістанмен бірге моңғолдарға еріктерімен берілгенін көрдік, сол себепті де Қытайға, Мәуереннахрға және Батыс Азияға қарағанда бұл аймақ моңғол жаулап алушылығының зардабына ұшырамады. Моңғолдардан кейін көп ұзамай Жетісуға келген саяхатшылар бұл өңірді мәдениеті гүлденген ел деп жазады», – дей келе XIII ғасырдың ортасы мен екінші жартысындағы Жетісудағы жағдайды былайша жазады: «Іле өзенінен өткен Рубрук, қираған бекіністің саз қабырғаларын көрді, қирандылардың маңында егістіктер болды. ... Келесі күні Рубрук онша үлкен емес таулы асудан өтіп, өзені көп, өзендері таудан бастау алып, Балқаш көліне құятын үлкен бір жазықтыққа келді. Мұнда көп саудагерлер тұратын Қайлақ қаласы болды. Жазықтықта бұрын көп қалалар болатын, бірақ қалалардың көп бөлігін татарлар жайылымдар үшін қиратып тастапты», – деп жалғастырады. Одан әрі атақты шығыстанушы ғалым XIII ғасырда Жетісуда отырықшылық мәдениеттің құлдырап кетуінің басты

себебіне Жетісудың керемет жайылымдарының көшпелілерді үнемі қызықтырып отыруынан деп түсіндіреді. И.П. Петрушевский моңғол билеуші тобы арасындағы бірінші бағыттың салдарына Иран, Қытаймен қоса, Жетісуды да жатқызады.



Профессор Т. Омарбековтің деректер негізінде салған портреті

Моңғол билеуші тобы арасында қалыптасқан екінші бағытты сарайдағы қызметтері арқылы хан әулетіне жақын болған көшпелі әскери топтың аздаған бөлігі мен орталық мемлекеттік биліктің жергілікті өкілдері, сондай-ақ мұсылман дінбасылары, саудагерлер тобы қолдайды. Екінші топтың мақсатына хандық билігі бар күшті орталықтандырылған мемлекеттік жүйені құру, сол арқылы көшпелі әскери топ арасындағы орталықсыздану, шеттеу ниетті жою жатты. Ол үшін де хандық билік бағындырылған елдердегі феодалдық топтың жоғарғы бөлігімен жақындасуы, қалалық өмірге, саудагерлерге, сауда-саттыққа қолдау көрсетуі, моңғол жаулаушылығы кезінде қираған өндіргіш күштердің, әсіресе ауыл шаруашылығын қалпына келтіруі, тұрақты салық пен міндеткерлікті сақтауы, әр түрлі талан-тараждардан сақтауы қажет болды. Бірінші бағыт моңғолдар үстемдігінің алғашқы кезеңінде жетекші орынға ие болып, оны Шыңғыс ханның өзі, Күйік қаған, ұлыс билеушісі Шағатай хан қолдаса, екінші бағытты қағандар арасында Үгедей қаған (1227-1242), Мөңке қаған (1251-1259) жақтап отырған.



Шағатай, Жошы ұлыстары


Ұлыс билеушілері арасында Дешті Қыпшақтың билеушісі Жошы хан екінші бағытты қолдағанын Джузджанидің дерегінен көруге болады. Ол бойынша Жошы әкесінің бағындырылған елдердегі жаппай қырулар мен тонауларды жүргізуін сынға алған, мұсылмандарға көмектесуді ойластырған. Екі бағыт арасында жабық түрде болса да үнемі күрес жүріп отырады. И.П. Петрушевскийдің көрсетуі бойынша екінші бағыт Хулагу мемлекетінде Газан хан тұсында, ал Шағатай мемлекетінде Кебек хан тұсында (1318-1326) жеңіске жетеді.

Моңғол билеушілері арасындағы екі бағыт жөнінде пікір айтушылар, негізінен Иран, Мәуереннахр, Хорезм аймақтарындағы тарихи жағдайларға сүйенсе де, екі бағыттың Жошы ұлысының, оның ішінде сол қанатқа жататын Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы тарихи жағдайға қатысты екендігін де мойындауымыз керек. Бірақ та Шығыс Дешті Қыпшақтағы географиялық, шаруашылық, қоғамдық қатынастардың аталған аймақтардағы қатынастармен өзіндік ерекшеліктердің болуына байланысты екі бағыттың арасалмағында да өзгешеліктер байқалады. XIII ғасырдың 70-жылдарына дейін моңғолдың ұлы қағандарының жергілікті халықтарға қатысты жүргізген саясаты бүкіл империяға ортақ болып, екі ағым арасындағы айырмашылықтар бірден байқалса, Жошы ұлысындағы хандардың саясатынан біз алғашқы кезден-ақ екінші бағыттың басымдылықта болғанын аңғарамыз. Оның басты себебіне Жошы ұлысындағы жергілікті тайпалардың шаруашылық өмірінде көшпелі мал шаруашылығының жетекші орында тұруы жатса керек.

Парсы тарихшысы Джузджани осы жөнінде Жошының көзқарасын мынадай дерекпен көрсетеді: «Шыңғыс ханның үлкен ұлы Туши (Жошыны айтып отыр – *Б.К.*) Қыпшақ жерінің ауасы мен суын көріп, жер бетінде бұл жердің жерінен артық, ауасынан таза, суынан дәмді, жайылымдарынан кең жер жоқ деп білді. Оның басына әкесіне қарсы тұру туралы ойлар келіп, жанындағыларға былай дейді: «Шыңғыс хан ақылынан ауысып, соншама халықты қырып, соншама елдерді жойып жатыр. Менің ойымша, ең тиімдісі әкемді аң аулауда көзін жойып, Мұхаммед сұлтанмен жақындасу, бұл елді гүлдендіру және мұсылмандарға жәрдемдесу болып табылады». Джузджанидің бұл дерегі Жошының қандай бағытты ұстанғандығын бірден-ақ байқатып тұр.

Жошы ханның мұрагері болған Бату туралы парсы тарихшылары Джузджани де, Джувейни де екі түрлі дерек айтса да, біз одан Батудың бағындырылған халықтарға қатысты екінші бағытты ұстанғандығын байқаймыз. «Ол (Бату) өте әділетті адам және мұсылмандардың досы болды; оның қамқорлығы арқасында мұсылмандар өмірін еркіндікте өткізді. Оның ордасы мен жұртында мешіт салынып, имамы, муэззині, намазға жығылатын қауымы болды. Оның патшалығы тұсында және оның тірі кезінде мұсылман елдеріне оның жағынан, оның қоластындағылар, оның әскері тарапынан ешқандай жаманшылық болған жоқ. Түркістан мұсылмандары оның қорғаштауы арқасында тыныштық пен қауіпсіздікте өмір сүрді. Моңғолдарға бағындырылған Иран жерінің белгілі бір бөлігі оған қарады, ол жерлерге (Бату) өзінің басқарушыларын тағайындады. Барлық моңғол басшылары

мен қолбасшылары оған бағынды, оған әкесі Жошы секілді қарады», – деп сипаттама береді «Табакат-и Насири» кітабының авторы. Ал келесі бір парсы тарихшысы Джувейнидің Батуу жөніндегі пікірі өзгешелеу. Соған қарамастан оның пікірінен де Бату ханның жергілікті бағындырылған халықтарға байланысты әкесі Жошының жолынан ауытқымағандығын көреміз.



Шағатай ұлысы

Ол былай деп жазады: «Ол ешбір дінге, ешбір сектаға кірмеген билеуші еді, ол оларды тек құдайшылықтан танудың жолы деп түсінді, сөйтіп, ешбір секта мен діни ағымның жолын құшады. ...Өзіне берілген сыйлықтарды қазынаға түсірместен бұрын тұтасымен моңғолдарға, мұсылмандарға және басқаларға таратып берді. Әр жақтан келетін саудагерлер оған әр түрлі заттар әкелетін, ол не алса да, әрбір затқа бағасынан артық құн төлейтін». Бұл дерек Батудың діни ұстанымы жөнінде Джузджанидің мәліметінен өзгеше болғанымен, қол астындағы халқы мен саудагерлерге қатысты көзқарасының ұқсас болғандығын көрсетеді.

Батудың жүргізген саясаты туралы деректі парсы авторларымен қатар армян деректері де қостайды. XIII ғасырдың армян тарихшысы Киракос Гандазакеций Бату ханнан сауда жасауға жеңілдік алған Рабан Ата туралы айта келе «оның адамдары, саудагерлері хан атынан тамғаны, яғни хат пен белгіні алып, барлық жерде емін-еркін жүрді, олар өздерін Рабанның адамдары екенін мәлімдегеннен кейін, оларға ешкім де тиіспеді. Тіпті, татар қолбасшылары оларға өз олжаларынан сыйлықтар беріп тұрды». Одан әрі армян тарихшысы Бату ханға патшалар мен ханзадалардың, князьдар мен саудагерлердің келіп, өз өтініштерін білдіргенде, ханның оларды әділдікпен шешім шығарып, оларға өз иеліктерін қайтарып бергендігі жөнінде баяндайды.

Одан кейін Алтын Орда тағында 10 жылдай отырған Берке ханның мұсылманшылдығы, ислам дініне көзқарасы туралы жазба деректердің бәрі

бірауыздан мақұлдап, оң баға берсді. Жошы, Бату, Берке хандар ұстанған бағытты одан әрі Алтын Орданың кезекті ханы Мөңке Темір де жалғастырады. 1269 жылғы Талас және Кенджек өзендерінің бойында өткен құрылтайдың шақырылуы мен ондағы қабылданған шешімдерге Жошы ұлысы жағынан Мөңке Темір хан мен Жошы ұлдарының бірі Беркечардың тікелей қатысы бар. Құрылтайда қабылданған шешімдердің саяси аспектісін қарастырмай-ақ экономикалық жағына назар салсақ, онда алтынордалықтардың ұстанған көзқарасын анық байқаймыз. Құрылтайда қабылданған шешім туралы Рашид ад-Дин былай деп жазады: «Өздерінің әдет-ғұрыптары бойынша олар алтынмен анттасып, болашақта таулы жерлер мен далалы жерлерде қоныстануға, қалалар маңында жүрмеуге, егістіктерге мал жаймауға және де раийаттарға (егіншілерге) әділетсіз талаптар қоймауға уәделесті». Жалпы алғанда, жоғарыда келтірген дерек мәліметтері Жошы ұлысындағы жоғарғы билеушілердің жергілікті бағындырылған халықтарға қатысты жүргізген саясатында екінші ағымның үстемдікте болғандығын көрсетеді. Ал ол дегеніміз өз кезегінде сырттан келген аз санды моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақ тайпалары арасына тез сіңісіп кетуіне өте қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндіктер берді деген тұжырымға әкеледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Моңғол билеушілерінің жаулап алған жерлерді басқару мен билеу бойынша ұстанған негізгі екі бағытын талдаңыз.
2. XIII ғасырда Жетісуда отырықшылық мәдениеттің құлдырап кетуінің басты себептерін көрсетіңіз.
3. Жошының жаулап алған елдерге қатысты саяси ұстанымына қатысты жазба дерек мәліметтерін көрсетіңіз.
4. Шағатай ұлысы аумағындағы Шыңғыс ұрпақтарының ұстанған бағыттарының өзгеру тенденциясын сипаттаңыз.

§ 2. Шағатай ұлысының құрылуы мен ыдырауы

Шыңғыс хан бастаған моңғол әскерінің 1219-1221 жылдары Орта Азияны жаулап алуымен Мәуереннахр өлкесі Моңғол империясының құрамына кірді. Шыңғыс хан екінші ұлы Шағатайға «Мәуереннахрды, Хорезмнің бірсыпырасын, Ұйғыр, Хашафур, Бадахшан, Балх және Ғазнинге, Сыр суына дейін» берген[48]

Тарихи әдебиеттерде Шағатай ұлысының тұрғындарын шағатайлықтар деп атау орын алған. Бұл атау осы кезеңдегі «көшпелі өзбектер», «ноғайлар», «шайбанилер» деген этносаяси қауымдастықтардың бір түрі. Ол, негізінен, Шағатай ұлысының аумағына кірген жерлердің тұрғындарын құраған жергілікті отырықшы және көшпелі тайпалардың ортақ атауы ретінде қолданылады.

Шыңғыс ханның Бөрте ханымнан туылған екінші ұлы – Шағатай әкесінің көзі тірі кезінде-ақ моңғолдардың дәстүрлі құқықтарының жинағы

[48] Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, 1991. – 102-б.

Яссаны өте жақсы білетіндігімен аты шыққан. Сондықтан Шағатай дәстүрлі моңғол ғұрыптары мен заңдарын сақтаудың басты жақтаушысы әрі тірегі болды. Оның негізгі ордасы Іле өзені бойында орналасты. Шағатай моңғол дәстүрін қатаң сақтау үлгісінің жақтаушысы әрі оның басында тұрған адам ретінде жергілікті мұсылман халықтарының өзіне деген жеккөрушілік сезімін тудырды.

Негізінен Шағатай есімімен аталатын моңғол мемлекеті ол қайтыс болғаннан кейін арада бірнеше жылдар өткеннен соң ғана құрылған. Шағатай інісі әрі ұлы қаған Үгедейден бір жыл кейін, яғни 1242 жылы қайтыс болды. Шағатайдың өсиеті бойынша оның мұрагері ертерек қайтыс болған ұлы Мутугеннен туылған немересі Қара-Хулагу деп танылды. Бірақ осы кезде Моңғол империясында орын алған оқиғалар моңғол билеушілерінің арасындағы алауыздықты ашып көрсетті. Үгедейден кейін Ұлы қағанның тағы 1246 жылға дейін оның жесірінің қолында болды. Осы жылы өткен құрылтай шешімімен таққа отырған Үгедей қағанның ұлы Күйік (1246-1248) Қара-Хулагуды орнынан алды, оның орнына жаңа ханның досы, Шағатайдың келесі бір ұлы Есу-Мөңке отырды. Деректерге қарағанда бұл ханның шарапты ұнатқаны соншалықты, мемлекет және т.б. істермен айналысуға шарап ішуден бос уақыт таппайтын. Ал Күйік қаған «аласа бойлы, өте сабырлы және айлакер әрі салмақты мінезді». Бір адам ешқашан оның «жайдан-жай күлгенін немесе бір жеңіл-желпі мінез көрсеткенін көрген емес». Міне, осындай кезеңде Күйік хан және оны жақтаған Шағатай ұрпақтары мен Бату бастаған Жошы және Төле ұрпақтарының арасында алауыздық күшейе түседі. 1248 жылы Күйік хан «ата-қонысыма барып денсаулығымды түзетем» деген сылтаумен Батуға қарсы аттанады. Бату да өз кезегінде қарсы соғысқа дайын отырды. Бірақ Күйік қағанның әскері Моңғолия аумағынан шығып үлгерместен қаған қайтыс болады. Ендігі жерде Ұлы ханның тағын кімге беру мәселесі қайта туындайды. Шыңғыс хан ұрпақтары ішіндегі ең беделді әрі барлық ханзадалардан жасы үлкен Бату және оның жақтастары Ұлы қаған тағына Шыңғыс ханның кіші ұлы Төленің ұрпағы Мөңкені ұсынды. Кезінде Күйікті хан сайлаған кезеңде «хандық билікті Үгедей ұрпақтарынан бір жапырақ май мен шөпке оралған ет қалғанға дейін» ешкімге бермейміз деп ант берген Шыңғыс ұрпақтары биліктің тізгінін Мөңкеге берді. Мөңке қағанның таққа отыруы 1251 жылы ғана жүзеге асты. Осы жылы Ұлы қағанға қастандық ойлағандары үшін Үгедей мен Шағатайдан тараған 77 ханзада жазаға ұшырады. Соның ішінде кезінде Үгедей қағанның өсиетімен оның мұрагері болып жарияланған Ширамун ханзада да бар еді. Сонымен іс жүзінде Шағатай ұлысы Жошы мен Төле ұрпақтарының қолында қалды. Мөңке қаған тұсында Шағатай ұлысындағы билік Шағатайдың жесірі Орқына хатунның қолына көшеді. Осындай күрделі саяси жағдайлар қарапайым халықтың басына түскен ауыртпалықтарды қиындата түседі.

Шағатай ұлысындағы саяси билікті қолына алған Орқына хатун елді тақ мұрагері атынан биледі. Бұл билеуші әйел будда дінін қабылдағанымен, мұсылмандарға қамқорлық көрсетуші ретінде сипатталып, мұсылман дінінде болған деген деректер де бар.

Ұлы қаған Мөңкенің қайтыс болуымен орын алған кезекті саяси дағдарысты Моңғол империясының тұтастығын жойды. Ал бұл жағдай өз кезегінде ұлы қаған тағы үшін өзара күрссуші топтардың арасындағы қиянкескі күреске ұласты. Тақ үшін талас Мөңкс қағанның бауырлары Хұбылай мен Арықбұғы арасында өрістеді. 1260 жылы Қытайдағы моңғол әскері Хұбылайды ұлы қаған деп тапса, Қарақорымда Арықбұғыға да жақтастары адалдыққа ант берді. Осындай жағдайда шағатайлықтар Арықбұғыны ұлы қаған деп таниды. Хұбылай Шағатай ұлысына Шағатайдың ұлы Бөріден туылған немересі Абишке ханзаданы жібереді. Ондағы мақсаты шағатайлықтарды үгіттеп, өз жағына тарту еді. Абишке ханзада жолда қолға түсіп, Арықбұғы адамдарының қолынан қаза табады. Арықбұғы да қарап жатпай Шағатайдың Байдардан туылған немересі – Алғұй ханзаданы өз кезегінде ол да батысқа аттандырады. Алғұй Шағатай ұлысында белсенді қимыл көрсетеді. Орқына хатун Арықбұғыға, Қарақорымға кетеді. Ал Алғұй Шағатай ұлысының батысындағы Жошы ұрпақтарының билеушілерін қуып шығады. Ол,тіпті, бұрыннан Шағатай ұрпақтарына тиесілі емес аймақтарды, мәселен Хорезм мен Ауғанстанның солтүстік бөлігін бағындырады. Деректерде осы өлкелерде мекендеген жергілікті түркімен тайпаларымен қатар, «шағатайлық» жалайыр тайпасы туралы да айтылады[49] Алғұй ханзада бұл табыстарынан кейін Арықбұғыны мойындау деген ойдан бас тартса керек. Себебі ендігі жерде Алғұй мен Арықбұғы арасындағы шайқастардың куәсі боламыз. Хұбылаймен соғыстан біраз үзіліс алған Арықбұғы бар күшін Алғұйға қарсы бағыттайды. 1262 жылы Сайрам көлі маңында Алғұй Арықбұғының әскерін талқандайды. Дегенмен келесі жылы көктемде Іле аймағында Арықбұғы әскерінен жеңіліс тауып, Шығыс Түркістанға қашуға мәжбүр болады. Арықбұғы әскері қысты Құлжа өлкесі мен Жетісуда өткізеді[50] Деректерге көз жүгіртсек, Іле өлкесіндегі халықтан бидайдың мол қорын қолына түсірген Арықбұғы жылқыларын қыстай бидаймен қоректендірген. Ал моңғол әскерінің аттары бидай жеп жатқанда, жергілікті халық арасында аштық басталған. 1264 жылы көктемде бидайға үйренген жылқылар көктемгі жас шөптен қырыла бастайды. Осы кезде Арықбұғыға іштей наразы көптеген әскербасылар да оған қарсы бас көтереді. Осындай жағдайда Арықбұғыға қарсы Алғұйдың көп әскермен аттанғаны туралы да хабар келіп жетеді. Арықбұғы Орқына хатунды Алғұйға аттандырып, өзі Хұбылайға бағыныштылығын білдіреді. Ендігі жерде Шағатай ұлысындағы билік Алғұйдың қолына көшеді[51]

Осылайша, бүкіл Моңғол империясының ұлы қағаны Хұбылай деп саналғанымен, іс жүзінде империя бір-біріне тәуелсіз төрт мемлекетке бөлініп кетті. Олар:

1. Моңғолия мен Қытайдағы Шыңғыс ханның кенже ұлы Төленің ұрпақтары, соның ішінде Хұбылай билеген Юань империясы.

---

[49] Мирхонд Раузат ас-сафа // МИТТ. – Т. 1. – 597-б.

[50] Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию. – СПб., 1897. С. 15

[51] Муин ад-Дин Натанзи. Аноним Искандера. – 127-б.

2. 1258 жылы Иранда Төленің ұлы Хулагу негізін қалаған Хулагидтер немесе Ильхандар (тайпа хандары) мемлекеті.
3. Мәуереннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан аймақтарын біріктірген Шағатай мемлекеті.
4. Шығысында Ертістен, батысында Дунайға дейінгі жерлердегі Ұлы даланы біріктірген Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ұрпақтары билеген Алтын Орда мемлекеті.

1266 жылы Алғұйдың орнына Шағатайдың ұрпағы Мүбарак шах ханның таққа отыру рәсімі Ангрен өлкесінде өтеді. Міне, осы кезеңде ханмен бірге Мәуереннахр өлкесіне бірқатар тайпалар да қоныс аударады. Солардың ішінде жалайырлар мен барластар аталады. Жалайырлар Ангрен өлкесіне қоныстанса, екіншілері Қашқадария аймағына тұрақтайды. Көптеген зерттеушілер Мүбарак шах ханның бұрынғы қалыптасқан дәстүр бойынша Шағатай ұлысының ордасы орналасқан Іле өлкесінде емес, Ангрен өлкесінде тұрақты ордасын таңдап алуын шағатайлық билеушілердің саяси бағыттарының өзгерісі ретінде көрсетеді. Басқаша айтқанда, уақыт өте келе Шағатай ұлысының билеушілері қала мен егіншілік мәдениеті дамыған Мәуереннахр сияқты өлкені мал жайылымына айналдырудың тиімсіздігін түсінеді. Сондықтан олар бірте-бірте өздері бағындырған халықтардың дінін қабылдап, олардың бейбіт жолмен дамуына қолдау көрсете бастайды. Мүбарак шах Шағатай мемлекеті тарихындағы ислам дінін қабылдаған алғашқы хандардың бірі болуымен қатар ол Ұлы қаған деп саналатын Хұбылайдың мақұлдауынсыз тақты иеленген билеуші еді. Әрине, бұл жағдай Моңғол империясының астанасын Қарақорымнан Ханбалыққа (Пекинге) көшірген Ұлы қаған Хұбылайға ұнай қойған жоқ еді. Сондықтан ол өз атынан өкілеттілік берген жарлықпен Орта Азияға Мүбарак шахтың немере ағасы Борақты аттандырады. Рашид ад-Диннің жазуынша Борақ әскерінің басшысы жалайыр Еке-Есур нойан еді.

Негізінен Борақ өзін Орта Азияға көмек сұрап келген адам ретінде көрсетеді. Осылайша, ол ханнан өз адамдарын жинауға рұқсат сұрайды. В.В. Бартольд Борақ хан өз жағына жергілікті халықпен жиі-жиі қақтығысқа түсіп қалатын моңғол тайпаларын тартты деп жазады. Борақ көп ұзамай Мүбарак шах ханға қарсы шығады. 1266 жылы күзде Ходжент түбінде Мүбарак шах қолы талқандалып, өзі тұтқынға түседі. Ал Борақ өзін Үзгент қаласында хан деп жариялайды.



Дегенмен Шағатай ұлысындағы билікті иеленген Борақ осымен тоқтап қалмады. Рашид ад-Диннің жазуынша Ұлы ханға бағыну ниеті жоқ бұл билеушіге қарсы әскер жіберген ұлы хан Хұбылайдың әскерін талқандайды. Келесі деректер Борақтың тек ұлы хан Хұбылайға ғана емес, Хулагид Абаға ханға да қарсы саясат ұстанғандығын хабарлайды. Ол Абағадан жеңіліп, ауыр шығынға ұшырағанда, оған қарсы ұлы хан Хұбылайдың әскері аттанады. Дегенмен ұлы хан

әскері келер түннің алдында Борақ қайтыс болады. Осылайша, Шағатай ұлысында орын алған дүрбелеңді келесі Шыңғыс ұрпағы немесе Үгедейдің немересі Хайду пайдаланып қалуға тырысады. Ортағасырлық деректерге қарағанда Хайду ерлігі мен тәртібі елге мәтел болатындай үлгілі армия құра білген. Ол дарынды қолбасшылығымен ғана емес, көреген мемлекет билеушісі ретінде де ерекше көрінді. Кезінде Хұбылай мен Арықбұғы арасында ұлы қаған тағы үшін күрес жүріп жатқанда, ол соңғысының жағында болған. Бірақ Арықбұғы жеңілін, Хұбылайға жеткен кезде, Хайду Орта Азияда қала берді. Хайду Ұлы қаған тағына Хұбылай емес, өзім отыруым керек деген пікірде болды. Ол бұл ойын кезінде Шыңғыс ханның өзі ұлы қаған тағына Үгедей ұрпақтары ғана иеленуі керек-мыс деген өсиетімен негіздей түседі. Сонымен, Жетісу мен Сырдарияның шығыс аймақтарын иелену үшін Борақ пен Хайду арасында күрес басталады. Бұл күресте Хайду жергілікті халықтың мүддесін қорғаушы ретінде көрінеді. Ал Борақ және оның әскерлері мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынас шиеленісіп тұрған еді. Осылайша, Шыңғыс ұрпақтары мен оларды қолдаушы ру-тайпалар мен жергілікті халықтың қарым-қатынасы әрі моңғол билеушілерінің соңғыларына қатысты ұстанған саясаттарына байланысты Шағатай мемлекетінің тарихында маңызды орын алатын әрі моңғол билеушілері саясатындағы түбегейлі бетбұрысты білдіретін атақты 1269 жылы Талас құрылтайы өткізіледі.

1269 жылы көктемде Талас өзені бойында өткен құрылтайда ортағасырлық моңғол билеушілері ортақ келісімге келеді. Хайду мен Борақ бір-бірімен қандасқан достыққа ант берді. Талас құрылтайының негізгі шешімі бұдан былай моңғол билеушілері таулар мен далаларда ғана өмір сүріп, қалалар мен егістік жерлерді мал тұяғымен таптап бүлдірмеуге әрі жергілікті халықтан кесімді салықтарды жинау туралы ортақ келісімге келулері болды. Осыдан кейін моңғол шапқыншылығы басталған кезеңнен бастап қирату мен бүліншілікке ұшыраған қалалар мен егістіктер, сауда ісі, қолөнер, т.б. қайта дамуға мүмкіндік алды. Кезінде Ясса заңдарына «қарсы» болғаны үшін малын адал бауыздауға, судың «тыныштығын» бұзып жуынуға қорыққан, сондай-ақ моңғол билеушілерінің өзара жиі-жиі күресінен барынша титықтаған халық бейбіт өмір сүруге мүмкіндік алды. Мәуереннахрға қоныс аударған көшпелі тайпаларда да бірте-бірте жергілікті жағдайға бейімделіп, отырықшы өмір салтына көше бастайды. Бірақ Талас құрылтайының шешімін барлық Шыңғыс ұрпақтары қолдады деп айта алмаймыз. Сондықтан олардың әрқайсысын қолдаған ру-тайпалар да өз билеушілерінің саясатын жақтады. Міне, осы кезеңде жоғарыда айтып өткеніміздей, әр аймақта орналасқан туыс тайпалардың аражігінің ажырауы басталады. Мысалы, бұрынғы моңғолдық дәстүрлер мен көшпелілік өмір салтын сақтап қалуға ұмтылған Шыңғыс ұрпақтары Жетісуда өз позицияларын ұстанса, Мәуереннахрдағы билеушілер Талас құрылтайының шешімін сақтауға және оны жалғастыруға біртіндеп бет бұрды. Бұл жағдай өз кезегінде аталған аймақтарда орналасқан ру-тайпалардың болашақ дамуына ықпал етті. Сондықтан да болар уақыт өте келе тек орналасуы жағынан

ғана жетісулық және мәуереннахрлық деп бөлінген ру-тайпалар бірте-бірте шаруашылық жүргізу салтының өзгеруіне байланысты өзара ірге ажырата бастайды.

Талас құрылтайында Хайдумен бейбіт келісімге келгенімен Борақ құрылтай шешімін орындай қойған жоқ. Борақ және оның әскері бастапқы бағыттарын өзгерте қоймады. Тіпті, 1271 жылы Борақтың қайтыс болуына қарамастан, бір-біріне қарама-қарсы бұл екі тенденцияның күресі жалғаса берді.

Ал бұл кезеңде Хұбылай хан да Хайдуға қарсы әскер жіберу ісін ұмытқан жоқ еді. Бұл екі билеушінің әскерлерінің арасындағы қақтығыс негізінен Моңғолия аумағында өтті. Ортағасырлық авторлар Хайдудың тамаша жасақталған әскері бола тұрса да, көрші елдерге шапқыншылық соғыстар жүргізбегенін таңдана жазады. Негізінен Хайду арғы атасы Шыңғыс ханның үлгісімен өз балалары басқарған әскерлер жасақтап оларға мемлекет шекарасын күзетуді тапсырады. Мәселен, Ауғанстан жеріндегі хулагидтерді біртіндеп ығыстырғаннан кейін, арадағы шекараны ұлы Сарбан бастаған әскер күзеткен. Хайду өз мемлекетіндегі тыныштық пен тәртіпті Борақ қайтыс болғаннан кейін он шақты жыл өткен кезде ғана қалпына келтіре алды. Хайду Борақтың ұлы Туваны ұлыс басшысы ретінде сайлай отырып, ішкі алауыздықтарға тыйым сала білді. Әкесіне қарағанда Тува Хайдудың ең жақын серігіне әрі жақтаушысына айналады. Бірақ 1301 жылы күзде Хайду Хұбылай әскерімен соғыста қаза табады. Ендігі жерде Шағатай ұлысындағы басты билік Туваның қолына өтеді.

Тува Хайдудың сүйегінің қасында оның ұлдарын ауызбіршілікке шақырып, әке орнына оның үлкен ұлы Шапарды хан сайлауға көндіріп, ант алады. 1305 жылы Мәуереннахрда Шапар мен басқа шағатайлық ханзадалар арасында қақтығыс орын алады. Тува ханзадаларының бұл қылығын кешіруді өтініп, екі тарапты келіссөзге шақырады. Шапар келіссөз жүргізіп, мәселені бейбіт жолмен шешуге келісім бергенімен, ханзадалар Шапардың інісі Шах әскеріне кенеттен шабуыл жасайды. Бұл кезде Шапар да Ертіс пен Алтай аралығында ұлы қаған әскерімен шайқасып жатқан еді. Ал бұл әрекеттер Туваның мақұлдауымен жүзеге асырылған еді. Ханзадалар мен әскері Тува жағына өткен соң Шапар амалсыз оған мойынсынады. Осылайша, Тува Шағатай ұлысындағы Шағатай ұрпақтарының билігін қайта қалпына келтіреді. Рашид ад-Диннің жазуынша Тува 1307 жылы қайтыс болған. Әке орнына таққа келген Күнжек көп ұзамай өлтіріліп, таққа 1251 жылы өлтірілген Бөрінің ұлы Талик отырды. Ханзадалар мен әскердің көп бөлігі Қызыр деген мұсылман есімін қабылдаған бұл ханды Туваның ұлдары мен әмірлеріне қарсы жүргізген саясаты үшін жек көрді. Шамамен 1309-1310 жылдары оны Туваның ұлы Кебек қастандықпен өлтіреді. Кебек таққа ағасы Есенбұғаны отырғызады. Есенбұға билік құрған кезеңдегі Шағатай ұлысы ұлы қаған әскерінің жойқын шабуылдарынан көп зардап шегеді.

Жоғарыда Шағатай ұлысында екі дәстүрдің (көшпелі және отырықшы мәдениет) жақтаушылары арасында күрес орын алғанын айтып өттік. Сонымен, Кебек хан (1318-1326) тұсында Шағатай ұлысындағы егінші, оты-

рықшы аудандар гүлденс бастайды. Ол дерсктерде әділ, ақылды билсуші ретінде суреттеледі. Кебек хан ақша өлшем бірлігі және әкімшілік басқару жүйесіне енгізген реформалары арқылы бслгілі. Соның ішінде Кебек ханның әкімшілік реформасына тоқтала өтсек. Моңғол билеушілерінде әкімшілік-аумақтық басқару формасы ретінде әр түрлікезеңдс қанатқа, ұлысқа бөлу жүйесі қолданылғаны белгілі. Кебек хан Мәуереннахрды түмендерге бөлуді енгізді. Түмен 10 мың әскер шығара алатын территориялық бірлестік болып саналды. Кебек ханға дейін Мәуереннахрдың әр аймағында басқару екі түрлі жолмен дамығанын көреміз. Мысалы, кейбір жерлерде жергілікті билеушілердің әулеттері бұрынғы биліктерін сақтап қалса, кейбір өлкелерде жергілікті билік дін адамдарының қолында қалды. Сондықтан Кебек ханның жүргізген реформасы таза феодалдық бытыраңқылық жағдайында жүзеге асты. Осылайша, түмендерге бөлінген Мәуереннахр өлкесі ұсақ феодалдық иеліктер түрінде болды. Мәселен, Бұхара және оның аймағы Садр бастаған діни иелік болса, Ангрен аймағына шоғырланған Жалайыр ұлысы бек басқарған көшпелі немесе жартылай көшпелі иелікті құрады. Сонымен, Мәуереннахрдағы жалайырлардың орталығы Ходжент қаласы болған Ангрен өзені аймағында өзінше жеке бір иелік құрғанын көреміз. Бұл кезеңде үлкен тайпалық бірлестіктерді айту үшін ел немесе ұлыс терминдері қатар қолданылған.

Кебек ханнан кейін билікке келген інісі Тармаширин (1326-1334) ағасының саясатын жалғастырды. Дегенмен негізінде экономикалық мүдделері қақтығысқа түскен екі топтың жоғарыда айтылған күресі жалғасты. Көшпелілік пен көшпелі өмір салтын сақтаған жергілікті ру-тайпа көсемдері хан саясатына қарсы күрестерін күшейтті. Нәтижесінде Тармаширин қаза табады. Ендігі жерде Шағатай ұлысы хандарының орталығы, яғни хан ордасы қайтадан Алмалыққа Жетісуға көшірілді. Тек Шағатай ұлысының Мәуереннахр бөлігін ғана билеген соңғы Шыңғыс ұрпағы Қазан хан ордасын қайта Мәуреннахрға көшірді. Қазан хан Кебек хан саясатының жігерлі жалғастырушысы болды. Аталған топтар арасындағы күрес қайта басталды. Наразылық білдірген жергілікті ру-тайпалардың күресін әмір Қазаған басқарды.

Деректерде Қазан ханның өте қатал билеуші болғандығы айтылады. Сондықтан оның қол астындағылар ханға болған оқиғаларды хабарлауға қорыққан. Ақыр соңында хан бүкіл ұлысты жаулап алу үшін Қазағанды өлтіруге бел буды. Алғашқы шайқаста хан осы Қазағанның бір көзін ағызып түсіреді. Бірақ екінші шайқаста Қазаған жеңімпаз атанды. Оның билік құруы 17 жылға созылады. Міне, осы кезеңнен бастап Шағатай ұлысы екіге бөлініп кетті. Жетісуда жергілікті Дулат әмірлерінің саяси ықпалы үстем болған Моғолстан мемлекеті құрылды.

Ал Қазаған өзін хан деп жариялаған жоқ. Сол кезеңдегі ұғым бойынша Шыңғыс ұрпағы болмаса «қарадан шығып хан сайлануға» оның құқығы жоқ еді. Ол 1358 жылы аң аулап жүргенде сатқындықпен өз нойандарының қолынан қаза тапты.

Қазаған қайтыс болғаннан кейін, Мәуереннахрда күшті билеуші болған жоқ. Сол кезеңдегі авторлардың жазуынша XIV ғасырдың 50-жылдарын-

да Мәуереннахрда ешкімге бағынбай, бір-бірімен өзара қырқысып жатқан бірнеше феодалдық иеліктер болған. Мәселен, Кеш (Шахисябз) өлкесін барлас руынан шыққын Хаджи барлас билесе, Ходжент және оның аймақтары жалайыр әмірлерінің иелігі деп саналады. Деректерде Ходбұл әмірлер өз мүдделеріне қамқорлық көрсеткен хан, билеушілерді ғана қолдады. Сондықтан жалайыр, барлас, сулдуз тайпаларының әмірлері ежелден қалыптасқан шаруашылық жүргізу салты – көшпелі мал шаруашылығына байланысты экономикалық мүдделерін қорғау үшін осы бағытты жақтаған хандардың саясаттарын қолдап отырды. Ал өз мүдделеріне қайшы келетін кез келген әрекеттерге қарулы қақтығыспен жауап қайтарды. Сондықтан Шағатай ұлысындағы билеушілер бұл жағдайды өзара кезек-кезек билікті иелену үшін өздеріне қажет әскери күш ретінде пайдаланып отырды. Дегенмен көріп отырғанымыздай, Шағатай ұлысы екіге бөлініп, оның ішінде көшпелі және отырықшы өмір салтын ұстанатын түркі ру-тайпалары аралас орналасқан Мәуереннахр өлкесі ұсақ-ұсақ иеліктерге бөлініп кетті. Мәуереннахрда орын алған саяси бытыраңқылық оған көрші мемлекеттердің тарапынан туған қауіпті күшейте түсті. Әсіресе Моғолстан мемлекетінің билеушілері Мәуереннахр сияқты бай аймақты басып алып, бұрынғы Шағатай ұлысының аумағын қамтитын мемлекетке билік жүргізу ойынан бас тарта қойған жоқ. Арада біраз уақыт өткенде жергілікті ру-тайпа көсемдерінің арасынан болашақ ұлы әмір – Ақсақ Темір көзге ерекше түсе бастайды. Бұдан былайғы тарихи даму Әмір Темір және оның ұрпақтары есімдерімен байланысты өрбіді.

Бақылау сұрақтары:

1. 1269 жылғы Талас құрылтайының маңызды қорытындысын қалай түйіндеуге болады?
2. Шағатай ұлысының аумағы мен этникалық құрамын көрсетіңіз.
3. Шағатай ұлысы билеушілерінің ішкі және сыртқы саясатында ұстанған бағыттарын дерек мәліметтері арқылы көрсетіңіз.
4. Шағатай ұлысының ыдырау үдерісінің сипатын анықтаңыз.

IV тарау

ШЫҒЫС ДЕШТІ-ҚЫПШАҚТАҒЫ XIV-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЭТНОСАЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР

§ 1. Ақ Орда мемлекетінің құрылуы және этносаяси құрылымы

Ақ Орда мемлекеті – моңғолдар үстемдігінен кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында жергілікті этникалық негізде құрылған алғашқы мемлекет. Ол мемлекеттің тарихы XIII ғасырдың 20-жылдарында құрылған Жошы ұлысынан, оның ішіндегі Орда Ежен ұлысынан бастау алады.

Бату хан Шығыс Еуропаға (1236-1242) жасаған жеті жылдық жорығынан оралғаннан кейін өзінің ағасы Орда Ежен мен інісі Шибанға үлеске жер береді. Сөйтіп, Жошы ұлысы өз ішінде Жошының ұлдары және олардың ұрпақтары билеген көптеген кішігірім ұлыстарға бөлінеді. Батудың ағасы Орда Еженнің және оның ұрпақтарының ұлысы алғашында Орда Ежен ұлысы, ал кейіннен Ақ Орда деп аталды.

Орда Ежен ұлысының аумағына алғашқы кезде Ертіс өзенінен шығысқа қарай Ұлытау мен Қаратауға дейінгі, Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігіндегі жерлер енді. Ұлыстың аумағы біртіндеп кеңейе түседі де, XIII ғасырдың екінші жартысында Сырдың орта ағысы бойындағы жерлер де ұлыс құрамына енгізіледі.

Орда Ежен ұлысының батысқа қарай Жошының бесінші ұлының иелігі – Шибан ұлысы орналасты. Шибан ұлысының аумағы туралы ортағасырлық авторлар былай деп жазады: «...Шыңғыс ханның ұлы Жошы ханның баласы Шибан хан жеті жылдық жорықта астар, орыстар, черкестер және бұлғарлар елдерін жаулап алған кезде ептілік көрсетіп, ағасы Бату ханнан сыйлық ретінде төрт омақ алды». Ал ұлыстың аумағы туралы Әбілғазы былай деп хабарлайды: «Шибан жазда Орал бөктеріндегі, Тобыл, Жайық, Ырғыз өзендерінің аралығындағы кең-байтақ жерлерде, ал қыста Арал теңізі өңірінде, Шу, Сарысу өзендерін бойлап және Сырдарияның төменгі ағысында көшіп жүреді».

Орда Ежен ұлысының билеушілері өздерін Алтын Орда хандарына бағыныштымыз деп мойындаса да, дербес саясат жүргізіп, олардың құрылтайына бармады. Ол туралы Рашид ад-Дин былай деп

жазады: «Әуел бастан-ақ Орда тұқымының қайсыбіреуінің Бату тұқымынан тараған хандарға барған кезі болған емес, өйткені олар бір-бірінен шалғай орналасқан, сонымен қатар өз ұлысының тәуелсіз патшалары болып табылады. Бірақ оларды Батудың орынбасары кім болса соны өзінің патшасы әрі әміршісі санау әдеті болған және олардың есімдерін бұлар өз жарлықтарының жоғарғы жағына жазып отырады». Сондай-ақ Рашид ад-Дин Ұлыстың Жошы ұлысының сол қанаты екенін, Орда Ежен ұлысының сұлтандарын Жошының Үдүр, Тұқатемір, Шингкур және Сингкум атты ұлдарының ұрпақтарымен бірге сол қанаттың сұлтандары деп аталатынын айтады.

Іс жүзінде XIII ғасырдың ортасынан бастап Орда Ежен ұлысы дербес мемлекет болып, шығыс деректемелерінде ол Ақ Орда деп аталған. Оған билік жүргізгендер хан атағын иеленді. Кейбір зерттеушілер Орда Ежен ұлысын Алтын Орданың құрамдас бір бөлігі деп санайды. Ал жазба дерек мәліметтерінде Алтын Орда хандарының Ирандағы Хулағу әулетімен соғысып жатқан кездерінде, Ақ Орданың хандары Хулағу ұрпақтарымен дипломатиялық байланыста болып, елшілер алмасып отырғандығы туралы айтылады.

Орда Ежен ұлысының алғашқы ханы – Орда Ежен, ол өз ұлысында XIII ғасырдың ортасына дейін билік құрып, 1246-1251 жылдар аралығында қайтыс болады. Одан кейін билікке оның төртінші ұлы – Күнқыран отырады. Тақты иелену кезегі одан кейін Орда Еженнің үлкен ұлы Сартақтайдың тұңғышы – Қонышаға өтеді. Рашид ад-Дин оның билікте ұзақ отырғанын хабарлайды. Қонышаның үлкені Байан әкесінен соң хан болады. Байан ханның билігі тұсында Орда Ежен ұлысында алғаш рет тақ үшін күрестер басталады. Орда Еженнің жетінші әрі ең кіші ұлы Хулағудың немересі – Құбылық үгедейлік Хайду мен шағатайлық Дуваның қолдауына сүйеніп таққа таласады. Рашид ад-Дин Байан мен оның қарсыласы арасында 18 рет ұрыстың болғанын, оның ішінде 6 рет өзі тікелей ұрысқа қатысқанын айтады. «Жами ат-тауарих» авторының қысқа ғана баяндауына қарағанда Байан хан кезекті бір ұрыста Құбылықтан жеңіліс тауып, амалсыздан Алтын Ордаға келеді. Осында қыстап шығып, көктемде құрылтайға қатысады да, Тоқтай ханнан әскери көмек сұрайды. Тоқтай хан болса Ноғайменен ұрысып жатқанын және Газан хан жағынан қауіптің зор екенін айтып, азар да безер болады. Бірақ ол Хайду мен Дуваға елшілік жіберіп, Құбылықты өзіне жіберуін талап етеді және Ұлыстың нақты билеушісі Байан екенін дәлелдейтін жарлық береді. 1302/03 жылы Байан хан хулағулық Газан ханға елші аттандырып, одан әскери көмек сұрайды. Хайду болса хулағулық әскердің Байан хан әскеріне қосылуына мүмкіндік бергізбейді. Құбылық өзіне көмекке келген Хайду мен Дуваның және Байаннан бөлініп кеткен әскерлермен қарсыласына соққы беріп Ұлыстың Байанға қарасты бір бөлігін басып алады. Дегенмен де Ұлыстың басым бөлігінде Байанның билігі сақталып қалынады.

Ұзаққа созылған тақ үшін ұрыстар Ұлыстың әлеуметтік және экономикалық жағдайын қатты әлсіретіп жібереді. Рашид ад-Дин Ұлыс халқының күйзеліске түскенін және оның әскерінің бір бөлігі – атты, бір бөлігі – жаяу әскер болып қалғанын айтады да, одан әрі соған қарамастан Байанның әлі тақта

отырғанын, оның әскері өте ерлікпен күресіп жатқанын, оның әшілігін Газан ханның өте мол сыймен кері қайтарғанын жазады.

Осылайша, Орда Ежен ұлысы Жошы ұлысының бір әкімшілік бөлігі ретінде қалыптасып, көп ұзамай жеке мемлекет деңгейіне дейін көтеріледі. Ал XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың алғашқы жылдары әулет өкілдері арасындағы тақ үшін күрестер Ұлысты қатты күйзелтіп жібереді де, ол екіге бөлініп кетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Орда Ежен ұлысының құрылуы мен оның Алтын Орда құрамындағы статусын анықтаңыз.
2. Орда Ежен ұлысының ішкі құрылымы қандай болды?
3. Ақ Орда мемлекетінің аумағын көрсетіңіз.
4. Ақ Орданың саяси тарихы бойынша толық мәліметтер қандай деректерде көрсетілген?
5. Шығыс Дешті Қыпшақтағы Барақты биліктен тайдыру қалай жүзеге асты?

§ 2. Ақ Орданың XIV-XV ғасырлардың алғашқы жартысындағы саяси тарихы

XIV ғасырдың бас кезінен Орда Ежен ұрпақтарының Сыр өңірінің қалалары мен Жетісу жайылымдары үшін Шағатай ұрпақтарымен күресі жүргізілді. Сонымен бірге далалық аудандардың көшпелілері мен жартылай көшпелілерінің және Сыр өңірі жазирасының отырықшы аудандарының халқы арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды қалпына келтіру үрдісі күшейді.

Ақ Орда хандары Ертістен Сырдарияға, Алтайдан Ұлытау мен Аралға дейінгі кең далада экстенсивті мал шаруашылығын дамытып, дәстүр бойынша жазғы және қысқы жайылымдарға көшіп-қонудың қалыптасқан тәртібін орнықтырып, Сырдарияның орта ағысының, Таластың, Шудың отырықшы-егіншілік жазиралары мен Ұлытау даласында шаруашылық және мәдени өмірді қалпына келтіруге қадамдар жасайды.

Му'ин ад-дин Натанзи Ақ Орданың кезекті ханы Сасыбұғаның ұзақ уақыт бойы ел басқарғанын және Сауран қаласында жерленгенін жазады. Ал оның мұрагері Ерзен хан Алтын Ордадағы Өзбек ханның жарлығымен таққа отырады. Оның тұсында Ақ Орда көркейіп, Сығанақ, Отырар, Сауран, Жент, Барышкент қалалары гүлденеді, көптеген ғимараттар салынады. Ұлыстың көркейгенін Му'ин ад-дин Натанзи: «Мұндайды ешкім де одан кейін түсінде де көрмеді», – деп жазады. Ерзен хан қайтыс болғаннан кейін Сығанақ қаласында жерленеді. Ал оның ұлы Мүбарак Қожа хан Ақ Орданы Алтын Ордадан бөлектеу саясатын жүргізеді. Деректе оның бұл саясатын «бұлғақтау» деп атайды. Бірақ оның саясаты жеміс бермей, ол Ақ Орданың тағынан қуылады да, Алтай жағында қайтыс болады.

Жәнібек ханның жарлығымен Ақ Орда тағына Мүбарак Қожа ханның бауыры Шымтай (1344-1361) отырады. Оның билігі тұсында Алтын Ордада

20 жылға созылған «дүрбелең жылдар» кезеңі басталады. Бердібек ханның өлімінен кейін Шымтайды Сарай әмірлері таққа отыруға шақырғанымен, ол ұсыныстан бас тартады. Оның ұлдары болса, керісінше бағыт ұстанады.



Алтын Орданың ыдырауы

Енді Ақ Орда Алтын Орданың ыдырауы кезеңіндегі тарихына тоқталайық. Шымтай ханнан соң билікке оның мұрагері Орыс хан келеді. Қадырғали Жалайыри, Му'ин ад-дин Натанзи оған батыл мінезді, күшті әрі құдіретті билеуші деп баға береді. Орыс хан тұсында Ақ Ордадағы хандық билік күшейіп, ол Алтын Орда тағына белсенді түрде ұмтыла бастайды. 1368 жылы «державаның тіректері мен сарай шонжарларының» қолдауына сүйенген Орыс хан Еділ бойына жорыққа аттанады. Ол 1374-1375 жылы Сарай қаласын алып, Қажы-Тарханды (Астраханды) қоршайды.

Алайда Орыс хан Алтын Орда тағында ұзақ бола алмады. Ол Сарайдағы билігін нығайту үшін Алтын Орданың батыс бөлігінде едәуір билікке қол жеткізген Алтын Орданың уақытша билеушісі, хан әулетіне күйеу болып саналатын Мамайды ығыстыра алмады. Орыс 1-2 жылдан соң Сырдың орта ағысы бойына қайтып келеді. Мұнда ол 1370 жылы Мәуереннахрдың билеушісі болған Әмір Темірдің жорықтарына қарсы тойтарыстар ұйымдастыруды қолға алады. Орыс хан өзін қолдамаған Маңғыстау билеушісі тұқайтемірлік Тайқожа оғланды жазаға тартады. Оның ұлы Тоқтамыс қашып кетіп, Әмір Темірді пана тұтады. Мәуереннахр әмірі болса өзінің жоспарын жүзеге асыру үшін Шыңғыс әулетінің біріне әскери көмек беріп,

екіншісіне айдап салады. Тоқтамыстың Ақ Ордаға жасаған алғашқы жорықтары сәтті нәтиже бермеді. Орыс хан 1377-1378 жылы қайтыс болып, орнына үлкен ұлы Тоқтақия отырады. Оның билігі ұзаққа созылмай, 2-3 айдан соң қайтыс болады. Орыс ханның екінші ұлы Темірмәлік таққа ие болады. Ол Сауран түбінде Тоқтамысты кезекті бір жеңіліске ұшыратқанымен, Темірдің көмегіне сүйенген Тоқтамыс ақыры 1378 жылы Орыс ханның ұлын жеңіп, Сығанақты басып алады. Сығанақта ол 1378, 1380 жылдары ақша шығарады.

Әмір Темірдің тікелей көмегімен Ақ Ордадағы билікті қолына алған Тоқтамыс Жошы ұлысының шығыс және батыс бөліктерін біріктіру саясатын ұстанады. Тоқтамыс өзін Сығанақта Ақ Орданың ханы деп жариялайды да, 1380 жылы Жошы ұлысының батыс бөлігін тез бағындырады. Сөйтіп, Тоқтамыс ханның Алтын Ордадағы 15 жылдық билігі басталады. Тарихта Тоқтамыстың Алтын Ордадағы билік құрған жылдарын «уақытша күшею» жылдары деп атайды. 1395 жылы Тоқтамыс хан Әмір Темірден күйрей жеңіліс тауып, Сарайдан қашып Сібір жаққа кетеді.

1395 жылы Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы күресіне Орыс ханның ұлдарының бірі Қойыршақ та қатынасады. Алтын Орда ханын жеңіліске ұшыратқаннан кейін Қойыршақ Мәуереннахр билеушісінің қолдауымен Ақ Орданы иеленеді. Ешбір жазба дерек Қойыршақтың Ақ Ордада қай жылдары, қанша жыл билік құрғаны, қандай саясат жүргізгені жөнінде ешқандай мәлімет бермейді. Әбдіразақ Самарқанди 1412-1413 жылы Хорезмге байланысты болған оқиғаларды баяндау барысында Едіге бимен бірге Шыңғыс оғланның есімін атайды да, 1416-1417 жылы Тоқтамыстың ұлы Жаппарберді сұлтанның Шыңғыс оғланды жеңіп, Өзбек ұлысын иеленгенін жазады. Осы мәліметке қарағанда Қойыршақтан кейін Едігенің қолдауымен Орыс хан ұрпақтарының бірі Шыңғыс оғлан Ақ Ордада отырған болуы мүмкін. Ал осы оқиғалардан кейін Ақ Орданың тарихында алғаш рет Қойыршақтың ұлы Барақтың есімі кездесе бастайды.

Ортағасырлық авторлар Барақты батыр, жігерлі тұлға ретінде сипаттайды. Ол XV ғасырдың 10-жылдарының аяғында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы ішкі өзара күрестерге белсене араласып, көзге түседі. 1418/1419 жылы Барақ хан Алтын Орда тағы үшін Ұлық Мұхаммед ханмен күресіп, одан жеңіледі де, Ұлықбектің қолдауына сүйенуге мәжбүр болады. Әбдіразақ Самарқанди Барақ оғланның Самарқандқа келген мезгілін 1419 жылдың мамыры деп көрсетеді. 1422-1423 жылы Барақтың Алтын Орда тағын иеленгенін деректер хабарлайды. Бірақ та Сарайда ұзақ билік құра алмай Барақ хан 1425-1426 жылы Сыр бойына оралады. Сыр бойындағы қалалар бұл кезде темірлік әулетке бағынышты еді. Ұлықбек пен Барақ хан арасында Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар үшін күрес басталады. Келесі жылы екі жақ арасында үлкен шайқас болып, әскерінің көптігіне қарамастан Мәуереннахр билеушісі жеңіліс табады. Барақ хан да Сыр бойында ұзақ билік жүргізе алмады. 1428 жылы ол тақ үшін таласқан қарсыластарының қолынан қаза табады.

Осылайша, Барақ ханның қаза табуымен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Орда Ежен әулетінің билігі саяси биліктен бірнеше ондаған

жылдарға шеттетіледі. Тек қана Керей мен Жәнібек хандардың жүргізген күресі жеңіспен аяқталып, олардың XV ғасырдың 70-жылдарының басында жаңа сападағы мемлекет – Қазақ хандығын құруымен Ордаежендік әулет билікке қайта оралады.

Бақылау сұрақтары:

1. Орда Ежен ұрпақтары мен Шағатай ұрпақтарының арасында күрестің себептері неде?
2. Орда Ежен ұрпақтарының дербес билік үшін күресінің сипаты мен барысын көрсетіңіз.
3. Орыс ханның билікке келуі және Алтын Ордамен қарым-қатынасы қалай өрбіді?
4. Тоқтамыстың Ақ Ордаға қарсы жорықтарын талдаңыз.

§ 3. Ақ Орда және Көк Орда жөніндегі тарихи концепциялар

XIII-XV ғасырларда өмір сүрген Жошы ұлысының тарихнамасында екі маңызды мәселе бойынша тарихшылар арасында ортақ пікір жоқ. Бірінші мәселеге Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы мемлекет атауының осы ғасырларда қалай деп аталатындығы, яғни Ақ Орда немесе Көк Орда деп аталатындығы жөніндегі мәселелер жатса, екіншісіне осы мемлекеттің мемлекеттік мәртебесі, яғни Алтын Ордаға тәуелді немесе одан дербес болды ма деген мәселелер жатады.


Қазіргі таңда шетелдік, ресейлік және қазақстандық тарихшылар бірінші мәселеге қатысты, яғни Жошы ұлысының батыс және шығыс бөліктеріндегі мемлекеттердің атауларына қатысты Ақ Орда мен Көк Орда терминдерін араластырып қолданады. Қазақстандық тарихшылар Ақ Орда атауын шығыс бөліктегі саяси құрылымға қатысты қолданса, ресейлік зерттеушілер, керісінше шығыс бөлікке қатысты Көк Орда терминін пайдаланады.

Ақ Орда атауы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы мемлекетке қатысты деген пікірді жақтаушылар XV ғасырдың бірінші ширегінде жазылған Муин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-тауарих-и Муини» (Ескендірдің анонимі) атты дерегіндегі мәліметтерге жүгінеді. Ол мәліметтің мазмұны мынадай: «... Жошы ұлысы екі бөлікке бөлінді. Сол қанатқа, яғни Ұлытау, Сегізағаш пен Қараталдан Түйсенге, Жент пен Баршынкентке дейінгі жерлер Ноғай ұрпақтарына қарады да, олар Ақ Орда сұлтандары деп атала бастады. Ал Ібір-Сібір, Русь, Либка, Үкек, Мажар, Бұлғар, Башқұрт және Сарай-Берке жататын оң қанаты Көк Орда сұлтандары деп аталды». Одан әрі автор «Ақ Орда сұлтандарының тармағы» деген тараушада «Тоқтайдың ұлы Тоғырыл хан таққа отырған кезде Ақ Орда ұлысының билеушісі Ноқайдың ұлы Сасы-Бұқа оның замандасы болды» дей келе, «Ол (Сасы-Бұқаны айтып отыр – *Б.К.*) Тоғырыл хан мен Өзбек ханға қызмет ету жолынан ауытқымады және бірде-бір шақырулар мен құрылтайдан бас тартпады. Ол 1320-1321 жылы қайтыс болды, оның моласы Сауран қаласында» деп хабарлайды. Сондай-ақ Натанзи шығыс бөліктегі сұлтандардың Сарайдағы билікке отыруына бай-

ланысты оң қанаттық сұлтандар бірінің «Қалайіша Ақ Орда сұлтандарының мына ұрпағы Көк Орда хандарының тағына әмірші болмақ» деп наразылық білдіргенін айтып өтеді. Бұл келтірілген дерек мәліметтерінен автордың Жошы ұлысының сол қанатын нақты Ақ Орда деп атап отырғанын көруге болады. Натанзидің осы мәліметтерін кейінгі ғасырларда Ахмед Казвини (XVI ғ.), Хайдар Рази (XVII ғ.) секілді тарихшылар өз еңбектерінде пайдаланады.

Ал тарихшылардың келесі бөлігі 1426 жылы жазылған, авторы белгісіз «Муизз әл-ансаб» атты шығармадағы мәліметке сүйеніп, Көк Орда Жошы ұлысының сол қанатында болған деп санайды. Шығармадағы Орда Ежен туралы «Оның ұлдары мен ұрпақтарын Көк Орда деп атайды» деген мәлімет осы пікірге негіз ретінде алынып жүр.

Әбілғазының «Түрік шежіресінде» (XVII ғ.) Ақ Ордаға қатысты мәлімет кездеседі. Онда Ақ Орда ұлыс делініп, ұлысты Шибанның ұлы Бахадүр ханның басқарғаны айтылады. Осы ғасырдың келесі бір тарихшысы Махмуд бен Уәли болса: «Шибан ханның ұлы Бахадүрге келер болсақ, ол әкесінің орнына ел мен ұлысқа басшылық ете бастады. Жақын туыстарына, тайпаларына және төрт қаушынға жиналуға әмір беріп, ол қыстауы мен жайлауына Жүз Орда ретінде белгілі Ақ Орданы таңдап алды», – деп жазады.



«Ақ Орда» және «Көк Орда» атауына қатысты мәлімет Өтеміс қажының «Шыңғыснама» еңбегінде де кездеседі. Зерттеушілердің пікірінше мұндағы мәліметтердің көбі біржақты, яғни шибанилік бағытта жазылған мәліметтер деген қорытынды жасайды.

XX ғасырдың 60-жылдарының басына дейін тарихнамада Ақ Орда атауы Жошы ұлысының сол қанатына қолданылып келеді. М.Г. Сафаргалиев алғаш рет мұндай қолданысқа қарсы шығып, сол қанатқа қатысты Көк Орда, оң қанатқа қатысты Ақ Орда атауының қолданылуы дұрыс деп есептейді. 60-жылдардың соңына таман бұл пікірді Г.А. Федоров-Давыдов одан әрі дамытады. Ол Натанзидің Ақ Орда әулетінің негізін қалаған Ноғай және оның ұрпақтары деген мәліметінің қатесін көрсете келе, «екінші бөлініс» жөнінде тұжырым айтады. Ол бойынша бірінші бөлініс, ол Жошы ұлысының Орда Ежен және Бату ұлыстары болып бөлінуі де, екінші бөлініске Бату ұлысының Тоқта мен Ноғай арасында бөлінуі болған деп санайды және сонда ғана Натанзидің мәліметі шындыққа айналады. Натанзи мәліметінің қателігін В.Л. Егоров, В.П. Юдин, Т.И. Сұлтанов және басқалар баса көрсетіп, Орда Ежен ұлысын Көк Орда, Бату ұлысын Ақ Орда деп жаза бастайды.

Зерттеушілердің талқылауы барысында Шибан ұлысына қатысты мәселелер көтеріліп, оның қай қанатқа жататыны анықталды. Әсіресе Ақ Ордаға синоним болған Жүз Орда туралы материалдар ерекше қызығушылық туғызады. Жүз Орданың қазақ жүздерімен байланысы бар екені ескеріліп, Ақ Орда атауы Қазақстан аумағына қайтарыла бастайды. Т.И. Сұлтанов Ақ

Орда атауы алғашында Шибан ұлысына қатысты айтылып, кейіннен бұл атау бүкіл Қазақстанға ауысқан деген қорытындыға келеді. К.И. Петров пен К.А. Пищулина да Шибан ұлысы мен Орда Ежен ұлысының Ақ Орданың құрамына енгенін жазады.

Моңғол мемлекетінің қос қанатындағы аумақтық-әкімшілік жүйесін зерттеген В.В. Трепавлов та бұл мәселеге соқпай кетпейді. Оның дәлелдеп көрсетуі бойынша Жошы ұлысы алғашында Ақ (Бату ұлысы) және Көк (Орда Ежен ұлысы) Ордалар болып бөлінген де, кейіннен олардың әрқайсысы өз ішінде тағы да қос қанатқа жіктелген. Орда Ежен ұлысының шығыс бөлігі Көк Орда, батыс бөлігі Ақ Орда болған. Шибан ұлысының аумағы Ақ Орда деп аталған деген тұжырым жасайды.

Жалпы, жоғарыда айтылып өткен Ақ Орда мен Көк Орда атауларына байланысты талас пікірлерді түйіндей келе мынадай қорытындыға келуге болады.

Біріншіден, Жошы ұлысының оң қанаты – Көк Орда, сол қанаты – Ақ Орда делінетін Муин ад-дин Натанзидің мәліметтерін зерттеушілер сынға алғаннан кейін дискуссия басталып, керісінше, зерттеушілер енді оң қанатты Ақ Орда, сол қанатты Көк Орда деп атай бастайды.

Екіншіден, дискуссия барысында Қазақстан аумағында Шибан ұлысының болғандығы, оның Ақ Орда (синонимі – Жүз Орда) деп аталатындығы, Шибан ұлысы мен Орда Ежен ұлысының бірігуі Ақ Орда деп аталғаны дәлелденеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақ Орда мен Көк Орда туралы пікірталастың маңызы неде?
2. Ақ Орда атауы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы мемлекетке қатысты деген пікірді жақтаушылар қандай жазба деректерге сүйенеді?
3. Ақ Орда және Көк Орда туралы пікірлерді талдаудағы Өтеміс қажының еңбегінің өзіндік ерекшелігін көрсетіңіз.
4. Зерттеушілердің талқылауы барысында Шибан ұлысы қай Ордаға жатқызылды?

§ 4. Ноғай Ордасының құрылуы мен күшеюі

Ноғай Ордасы – Алтын Орданың ыдырауы мен Ақ Орданың әлсіреуі барысында Қазақстанның батыс аумағында пайда болған мемлекет. Мемлекеттің этникалық негізін маңғыт тайпалар одағы құраған. Мемлекеттегі билеуші әулет осы тайпаның өкілдері болып табылады. Ал ноғай, ноғайлықтар, Ноғай Ордасы деген терминдер әдебиеттерде XV ғасырдың соңында пайда бола бастайды. Оған дейін Маңғыт ұлысы немесе Маңғыт хұрты, маңғыттар деген атаулар қолданылып келеді.

Зерттеушілер ноғайлардың этногенезін моңғол және жергілікті қыпшақ тілдес тайпалармен байланыстырады. Ноғай Ордасының құрамына маңғыттармен бірге қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қыпшақ, кенегес, қарлұқ, алаш, тама және басқа рулар мен тайпалар енеді.

XIII ғасырдың екінші жартысында Жошы ұлысының ең батыс бөлігіндегі ұлыста Жошы ұрпақтарының бірі, түмен басы Ноғай билік құрып,

ол өз заманында ірі саяси тұлғаға айналады. Тіпті, өз ұлысын дербес мемлекет қылуға күш салады. Жазба деректерде Ноғайдың бұл әрекеті «Ноғай бұлғағы» деп аталады. 1299-1300 жылы Ноғай қаза тапқаннан кейін ұлыс таратылып, оның құрамында енген ру-тайпалардың бір бөлігі Еділ мен Жайық өзендерінің аралығына көшірілсді.

Ноғай Ордасының негізгі аумағы Еділ мен Жайық эзендерінің аралығында, Еділдің төменгі бойында болатын. Негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ноғайлар Жайықтың сол жағалауы бойында көшіп-қонып жүрді, олардың көшіп жүретін жерлерінің аумағына: солтүстік-шығыста Батыс-Сібір ойпатына дейінгі, солтүстік-батыста Қазанға дейінгі, оңтүстік-батысында Аралдың солтүстігіне дейінгі жерлер жатты. Олар кейде Маңғыстау мен Хорезмге дейін, Орталық Қазақстанға, Сырдың орта және төменгі ағысы бойына дейін көшіп баратын.



Ноғай Ордасы XIV ғасырдың соңына таман Алтын Ордадағы саяси бытыраңқылықтың өршіген кезеңінде Едіге бидің басшылығымен оқшаулана бастайды. Тоқтамыс хан Алтын Ордадағы биліктен қуылғаннан кейін Едіге би Алтын Орданың «уақытша билеушісіне» айналып, іс жүзінде 15 жыл бойы (1396-1411) империядағы бүкіл билікті өз қолында ұстайды. Ол өз қалауынша жошылық сұлтандарды хан тағайындап және тақтан шеттетіп отырған. Жазба деректерде «Едіге өз Ордасында 200 мыңнан астам атты әскерді ұдайы ұстаған». «Беклербек» немесе «ұлы әмір» (әмир әл-умара) лауазымын иеленген ол өзі қойған хандар арқылы Алтын Орданы басқарып отырған. Оның мұрагері Нұр ад-диннің (1426-1440) билігі кезінде Маңғыт ұлысы Ноғай Ордасына айналып, жеке мемлекет ретінде өмір сүре бастайды.

Ноғай Ордасы бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың XV ғасырдағы саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Едіге ұрпағы Уақас бидің билігі тұсында ол Әбілқайыр ханмен жақындасып, маңғыттар «көшпелі өзбектердің» құрамындағы тайпалық одақтың бірі болады. Оның мұрагерлері Жаңбыршы, Хорезми бек, Мұса билер кезінде Ноғай Ордасы дербес саясат жүргізеді. Әсіресе Мұса бидің тұсында Ноғай Ордасы бұрынғы Жошы ұлысы аумағындағы ең мықты мемлекеттердің бірі болып, бүкіл аумақтағы саяси үрдістерде маңызды рөл атқарады.

Ноғай Ордасы XVI ғасырдағы өзінің саяси дамуында үш рет үлкен саяси дағдарысты басынан өткереді. Олардың бәрінің себебі біреу ғана болды, ол – маңғыт мырзалары арасында билік үшін күрес болды. Алғашқы саяси дағдарыс XVI ғасырдың екінші он жылдығында Мұса би қайтыс болғаннан кейін оның үлкен ұлдары арасында өтеді де, сол ғасырдың 20-жылдары аяқталады.

Екінші үлкен саяси дағдарыс XVI ғасырдың 50-жылдарының ортасында болады. 1552 жылы Қазан хандығын Мәскеу княздігі жаулап алғаннан кейін орыс патшасының ықпалы артып, ноғайлық мырзалар арасында Мәскеуді жақтайтын және оған қарсы топтар пайда болады. Мұса бидің кіші ұлдары Жүсіп пен Исмайыл бір-біріне қарама-қарсы топтарда болып, олардың арасындағы күрестер 1555 жылы Исмайылдың Жүсіпті өлтіруімен аяқталады. Бұған қоса 1550 жылдары ноғайлар арасында басталған жұт халықтың көптеп аштан қырылуына, басқа елдерге көшіп кетуіне алып келеді. Көптеген рулар мен тайпалар Қазақ хандығының құрамына келіп қосылады.

Екінші саяси дағдарыс барысында Ноғай Ордасы бірнеше ордаларға бөлініп кетеді. Олар Үлкен Ноғай Ордасы, Кіші Ноғай Ордасы, Алтыұл ноғайлары, Жембойлық ноғайлар деп аталынды.

XVI ғасырдың екінші жартысында Үлкен Ноғай Ордасында саяси жағдай біршама тұрақтанады. Бірақ сол ғасырдың соңында тағы да билік үшін күрестер өрбіп, ол Оразмұхаммед бидің өлтірілуімен аяқталады. Бұрынғы кішігірім ордалар тағы да өз ішінде жіктеле бастайды. Мұндай жағдайды XVII ғасырдың алғашқы отыз жылында ойраттардың бір бөлімі – торғауыттар шебер пайдаланып, бұрынғы Ноғай Ордасының жерін басып алады. Ноғайлардың бір бөлігі батысқа қарай – Қырым хандығына көшсе, бір бөлігі қазақ халқына келіп қосылады. Ал қалған бөлігі Еділ қалмақтарының билеушілеріне салық төлеп тұруға мәжбүр болады. Жалпы, мемлекет ретінде Ноғай Ордасы XVII ғасырдың 30-жылдары тарихтан өшеді.

Ноғай Ордасы таза этникалық құрылым емес болатын, ол әр түрлі этностардың бөліктерін құраған саяси құрылым болды. Ноғай Ордасында өмір сүрген көптеген тайпалар қазақ халқының қалыптасуына қатынасады.

Бақылау сұрақтары:

1. «Ноғай» этнонимінің мәні мен ноғай этносаяси қауымдастығының этникалық құрамын талдаңыз.
2. Ноғай Ордасының құрылуының барысын сипаттаңыз.
3. Ноғай билеушілері ұстанған екі бағытты талдаңыз.
4. Ноғай Ордасының ыдырау үдерісі қалай жүрді?

§ 5. «Көшпелі өзбектер» мемлекетіндегі этносаяси үдерістердің дамуы

Тарихта «көшпелі өзбектер» мемлекеті немесе Әбілқайыр хандығы деген атпен белгілі мемлекет өзінің этникалық, саяси және шаруашылық құрылымы жағынан алғанда өзіне дейінгі Ақ Орда мемлекетінің заңды жалғасы болды. Ақ Орда мемлекеті сонау Алтын Орда мемлекетінің негізін қалаған Бату хан тұсында ағасы Орда Еженнің ұлысы ретінде шығыс бөлігі Алтай таулары мен Ертіс өзені, Балқаш көлінен Сырдария алабы мен Арал теңізінің солтүстігіне дейінгі ұлан-байтақ өңір және оған іргелес жерлерді қамтыған аумақта құрылды. Ал бұл өлкенің негізгі халқын қыпшақ, қаңлы, үйсін, жалайыр, алшын, қарлық, найман, керей, арғын, қоңырат және т.б. ру-тайпалар құрады. Бұл тайпаларды біз Қадырғали Жалайыри көрсеткен «Алаш мыңының» негізін қалаған негізгі ру-тайпалар деп атай аламыз.

Тарих ғылымында «Көшпелі өзбектер» мемлекеті немесе Әбілқайыр хандығы деп аталған бұл мемлекеттің тарихына қатысты даулы мәселелер көп. Зерттеушілердің кейбір тобы оны жеке дербес мемлекеттік құрылым ретінде қарастырса (Б.А. Ахмедов), екіншілері оның жаңа қалыптасып келе жатқан, өтпелі кезеңдегі мемлекеттік құрылым (В. Трепавлов), үшіншілері Әбілқайыр хандығын «көшпелі өзбектер» мемлекеті деп танудан бас тартады (З. Қинаятұлы). Аталған мәселе біздің негізгі зерттеу нысанымыз болмағандықтан оларға тоқталмаймыз. Дегенмен Әбілқайыр хан Ақ Орданың бұрынғы астанасы Сығанақта 20 жыл отырып, Сібірдің оңтүстік шебінен Сырдария жағалауы, Қаратау бөктеріне дейінгі аумақта 40 жыл билік құрғаны тарихтан белгілі.

Ақ Орда мемлекетінің көрнекті мемлекет басшылары – Орыс хан мен Барақ ұрпақтарының билігі оның оңтүстік аудандарында XV ғасырдың 20-жылдарынан кейін де сақталып қалды. Ал оның басқа аумағында бірнеше феодалдық ұлыстардың билеушілері жеке дара билікке ұмтылды. Солардың ішіндегі ең ірілерінің бірі Әбілқайыр хандығы болды.

XV ғасырдың 20-жылдарында бұрынырақта Алтын Орда иелігіне кіріп, бірақ оның әлсіреу кезеңінде одан біраз уақыт дербес мемлекет ретінде өмір сүрген Ақ Орда мемлекетінің далалық аумақтарында жаңа әулет саяси билікке келеді. Атап айтар болсақ, Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпақтары билеген Ақ Орда мемлекетінде 1428 жылы ұзақ саяси күрестен кейін Жошының тағы бір баласы Шайбаннан тарайтын Әбілқайыр билікті иеленеді. Бұл оқиға туралы ортағасырлық авторлардың бірі Махмуд бен Уәли «Бахр ал-асрар» атты еңбегінде былай деп жазды: «Жәнібек хан (өмірінің) аяқталу мезгілінің ең шегі болған хижра бойынша 758 жылдың (1356-1357 ж.) басынан Шайбан ұрпақтары шығуының басы болған хижра бойынша 835 жылдың (1431-1432 ж.) ортасына дейін Дешті Қыпшақ мемлекетінің тағы ақылды падишах пен жігерлі билеушісіз қалды, сол себепті дін мен мемлекет істерінің құрылысында жүгенсіздік пайда болды, сол аумақтағы қоғамды (байланыстырушы) арқау үзілді, сөйтіп, бірлік жойылды». Міне, Алтын Орда мемлекетінің әлсіреуі мен ыдырауына байла

ныcты орын алған осындай тұрақсыз заманда Жайықта және оның батысына қарайғы аумақты иеленген Ноғай Ордасы дербестеліп, күшейе түсті. Ал Жайықтың шығыс жағында Ырғыз, Елек, Торғай, Сарысу бойында, Тобыл мен Еділдің жоғарғы ағысында Шайбани ұрпақтары, Сарысу, Жем аралығы мен Арал өңірінде Жұмадық хан, Тобыл мен Есілдің оң жақ саласы Атбасар аралығында Махмуд Қожа хан және т.б. күшейеді.

Ақ Орданың әлсіреу кезеңі мен Дешті Қыпшақ даласының әр өңірінде дербес билікке ұмтылған билеушілер заманында Шайбани ұрпағы Әбілқайыр олардың барлығын 20 жылға созылған күрестің нәтижесінде жеңіп шығып, өз билігін орнатады. Шайбани ұрпағы Дәулет-Шайхтың баласы Әбілқайыр Тура өңірінде (Батыс Сібір) хан деп жарияланды. Сонымен, хижраның 833 жылы (1428-1429 ж.) 17 жасында хан сайланған Әбілқайырды сол кездегі ру-тайпалардың ықпалды өкілдері толығымен қолдайды. Әбілқайырдың жеңісінің де сыры осында жатса керек. Бұл туралы жазған Махмуд ибн Уәли Әбілқайырды екі жүздей ру-тайпа өкілдері қолданғанын айтады. Олардың ішінде сол кездегі белді әрі ықпалды ру-тайпалар: қыпшақтар, найман, маңғыт, қарлұқ, қоңырат, қаңлы, ұйылын, кенегес және т.б. аталады.

1428-1429 жылғы Әбілқайырдың Тура қаласын алғаны туралы хабар бүкіл Дешті Қыпшақ даласына лезде тарап кетеді. Бұл жеңіс Әбілқайыр маңына басқа да ру-тайпалардың көптеп топтасуына жағдай жасады.

Әбілқайыр хан өзінің алдына тек Шайбан ұлысын ғана қалпына келтіріп қоймай, өз билігін бір кезде Алтын Ордаға бағынған облыстардың бәріне, яғни Жайық (Орал) өзенінен шығысқа қарай орналасқан аумаққа орнату мақсатын қойды. Әбілқайыр хан алдына қойған мақсатын орындау үшін ең алдымен Шығыс Дешті Қыпшақтағы жоғарыда айтып өткен тәуелсіз ұлыс билеушілерін бағындырудан бастайды. Ол 1430 жылы Махмұд қожаға қарсы аттанады. Әбілқайыр әскері Махмұд Қожа ханды Тобыл өзені бойында талқандайды.



XV ғасырдағы Көшпелі өзбектер мемлекеті

Арада бір жыл өтер-өтпестен уақытта Әбілқайыр хан өз әскерін қайта жинап, Хорезмді басып алу үшін соғысқа дайындалады. Көп ұзамай Хорезм де Әбілқайыр ханға бағынады. Бірақ ол бұл өлкені ұзақ ұстап тұра алмады. Б. Ахмедов Әбілқайыр әскерінің Хорезмнен кетуінің себептері туралы ортағасырлық авторлар мен кейінгі зерттеушілердің пікірлерін талдай келе, Хорезмнің климаты, мұнда көп ұзамай тараған жұқпалы ауру, Әмір Темір ұрпағы Шахрухтың әскер аттандыруы ғана емес, Шығыс Дешті Қыпшақтың өзіндегі бүлік те ханның атбасын кері бұруына бірден-бір себеп болды деп көрсетеді.

Осыдан кейін Әбілқайыр хан 1431-1446 жылдары аралығында үлкен соғыстар жүргізген жоқ. Тек 1446 жылы ол өзінің қарсыласы Мұстафа ханмен ұрыста ірі жеңіске жетті. Осы кезде Әбілқайыр Сыр бойындағы қалабекіністер: Ақ-қорған, Аркук, Үзгенд, Сығанақ пен Созақты басып алды.

Бұл кезде Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікке ұмтылған Орда Ежен, Тұқай-Темір ұрпақтары Әбілқайырға қарсы күресін тоқтатқан емес еді. Ал осы кезеңде дала тайпаларының басшылары бірте-бірте жеке билігін күшейте бастаған Әбілқайырдан іргелерін бірте-бірте ажыратып, басқа Жошы ұрпақтарына қолдау жасай бастайды. Жалпы, қорыта айтқанда, XIV ғасырда «шаруашылықтың жаңғыруы, феодалдық қатынастардың нығаюы жағдайында жергілікті түркі және түркіленіп кеткен феодалдық үстем таптың жағдайы күшейе түсті. Халық бұқарасының моңғолдар тәртібіне наразылығын пайдалана отырып, Жошы мен Шағатай ұлысында түркі шонжарлары Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісуда өздерінің саяси биліктерін орнату жолында күрес жүргізді». Әбілқайыр хан Ақ Орданың оңтүстік өңірі, Қаратау маңын басып алғанға дейін мұнда Орыс хан мен Барақ ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар иелік еткен еді. Нақ осы өңірлерде XV ғасырдың 20-жылдары Барақ ханның билігі күшейген еді. Сондықтан аталған сұлтандар өздерін қолдаған ру-тайпалармен бірге бұл аймаққа XV ғасырдың 40-жылдарына дейін Әбілқайырды жібере қойған жоқ. Сондықтан да болар Әбілқайыр хан 1431-1446 жылдары аралығында өз мемлекетінің ішкі мәселелерімен айналысады. Әсіресе өзін қолдаған ру-тайпа көсемдерінің талаптарына ден қояды. Ал Керей мен Жәнібек сұлтандар өзге Жошы ұрпақтарына көмек көрсету арқылы Әбілқайырға қарсы күресін тоқтатпайды. Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей, Ахмет және Махмұд хандарды талқандағаннан кейін Әбілқайыр Керей мен Жәнібек сұлтандардың одақтастарына үлкен соққы беру арқылы өз жағдайын біраз күшейтіп алған еді. Сондықтан әлі де болса Дешті Қыпшақтың берді тайпаларының көпшілігі Әбілқайырды қолдау саясатын жалғастыра береді.

Сөйтіп, 1446 жылдан бастап Сығанақ қаласы Әбілқайыр ханның астанасына айналады. Әбілқайыр бұл аймақты жаулап алғаннан кейін, көрші мемлекеттердің ішкі саяси жағдайын өз пайдасына шешіп қалуға ұмтылып, олардың істеріне қол сұға бастайды. Солардың бірі Мәуереннахрдағы Әмір Темір ұрпақтары мемлекеті еді. Осы кезеңде Әмір Темір мемлекетінде оның ұрпақтары арасында тынымсыз күрес жүріп жатқан еді. Әмір Темірдің ұрпағы Абу Са'ид мырза Самарқанды қоршайды. Бірақ көп ұзамай Шығыс Дешті Қыпшақта қашып, Әбілқайыр ханнан қолдау табады. Осылайша, Бахтияр сұлтанның басшылығымен Әбілқайыр хан әскері Самарқандқа аттанады. Көп ұзамай Әбілқайыр әскерінің көмегімен Самарқанд тағына Абу Са'ид мырза отырып, Ұлықбек мырзаның қызы Рабиға Сұлтан-бегімді Әбілқайырға әйелдікке береді.

Әбілқайыр Әмір Темір және оның ұрпақтарының мемлекетінде болып жатқан саяси күреске араласуын тоқтатпайды. Арада көп уақыт өтпей, Әмір Темірдің тағы бір ұрпағы Әбд әл-Латиф мырзаның ұлы Мұхаммед Жөкі Әбілқайырдан Абу Са'ид мырзаға қарсы көмек сұрап келеді. Әбілқайыр хан Жәдігер (Иадкар) ханның ұлы Бүрге сұлтанды шақырып алып: «Мырза Мұхаммед Жөкі бізден көмек сұрайды, менің ұлдарым мен жақын інілерімде бұл істі басқарағандай кісі жоқ. Сен де менің ұлымсың, өз әскеріңмен аттан, мен де әскер қосайын», – дейді. Осылайша, Бүрге сұлтан 30 мың әскерді алып Мәуереннахрға аттанады. Бұл кезеңде Хорасанға кеткен Абу Са'ид мырза Самарқанд қаласында өз орнына арғын руынан әмір Мәзитті қойып кеткен екен. Ол дер кезінде жағдайды Абу Са'ид мырзаға хабарлап үлгеріп, Самарқандты сақтап қалады. Бұл оқиға Бүрге сұлтанның Мәуереннахр өлкесін талан-таражға ұшыратып, кері қайтып оралуы мен Мұхаммед Жөкінің Абу Са'ид мырзаның қолына тұтқынға түсуімен аяқталады.

Әбілқайыр хан әскер күшімен Шығыс Дешті Қыпшақты біріктіріп, 40 жыл хандық құрғанына қарамастан өз мемлекетіндегі ішкі алауыздықты жоя алмады. Сондықтан Әбілқайырды хан көтерген кезде оны қолдаған 200-дей ру-тайпа өкілдері бірте-бірте одан қол үзе бастайды.

Бұл Әбілқайыр хандығына ауыр соққы болып тиген 1457 жылы Сығанақ түбіндегі шайқаста айқын көрініс берді. Осы кезде өзінің қол астындағы көптеген ру-тайпа өкілдерінің қолдауынан Әбілқайыр хан қалмақтардың Үз-Темір тайшы бастаған әскерінен жеңіліп, масқара келісімшартқа қол қоюға мәжбүр болады. Жалпы Әбілқайырды қолдаған, кезінде оның билікке келуіне ықпал жасаған ру-тайпа өкілдерінің наразылықтары бұдан сәл ертерек басталғанын байқауға болады.

Әбілқайыр Икритуб маңында Махмуд хан мен Ахмед ханды жеңгеннен кейін кейбір тайпа басшыларының ханға деген наразылықтары ашық көрінді. Мәселен, бұған дейін Қадырғали Жалайыридің жазуынша екеуі «бір кеседен бал ішкендей» тату болған. Әбілқайыр хан мен маңғыт Оқас бидің арасы алшақтайды. Ол Шығыс Дешті Қыпшақ даласындағы келесі бір тәуелсіз билеуші Мұстафа ханмен бірігіп, Әбілқайырдан бөлініп кетеді.

Дерек авторының хабарлауынша қият, ийджан, құсшы, қоңырат, үйсін, жат, чимбай, қарлұқ тайпалары басшыларының әскеріне сүйенген Әбілқайыр хан бүлікшілерді басып, қуғынға ұшыратады. Шамамен көтерілісшілер 4500-дей адамнан айырылады. Бірақ бұдан әрі қарайғы оқиғалар барысында Оқас би қайтадан Әбілқайыр хан қасынан табылғанын көреміз. Бұл олардың арасында татулық келісім жасалып, нәтижесінде Үзгенд бекініс қаласы маңғыттар әмірі Оқасқа беріледі. Бұл оқиғалардың бәрі бізге өзінің жеке билігін күшейте бастаған Әбілқайыр ханның біраз тайпа көсемдерінің қолайына жақпай қалғаны туралы ой түюге мүмкіндік береді. Сондықтан олар бірте-бірте ханнан ақырындап іргелерін аулақ сала бастайды. Бұл жағдай арада біраз уақыт өткенде анық көрініс берді. Үз-Темір тайшымен болған шайқаста Әбілқайыр ханға бағынышты ру-тайпа әмірлерінің түгел қатардан табылмауы осының айғағы еді.

Зерттеуші А.А. Семенов ру-тайпа өкілдерінің наразылықтарының себептері туралы мынандай қорытынды жасайды. Тобыл мен Есіл бойынан оңтүс-

тіккс Сырдария бойына қарай жүріп өткен хан эскері өздері басып өткен аймақтардың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігіне нұқсан келтірсді. Осылайша, өзара туыс Шайбан және Орда Ежен ұлысының ру-тайпалары өзара қақтығысқа түсті.

Көріп отырғанымыздай, зерттеулердің көпшілігі Әбілқайыр ханның 40 жыл хан болғанына қарамастан өз мемлекетінің ішіндегі алауыздықты жоя алмаған билеуші болғанына назар аударады. Мәселен, Б. Ахмедов Бүреке сұлтан, Ибақ-хан, Керей мен Жәнібек сұлтан сияқты Ақ Орданың бұрынғы билеушілерінің ұрпақтары Әбілқайыр ханның бірде-бір әскери жорықтарына қатыспағандығын жазады. Бұл дегеніміз Орда Ежен, Тоқай-Темір сияқты Жошы ұрпақтарының Әбілқайыр хан билігіне қарсы болғандығын көрсетсе керек. Қазақстанның оңтүстік аудандарында Керей мен Жәнібекке рулар мен тайпалардың едәуір бөлігі бағынды, олардың төңірегіне көшпелі рулық-тайпалық шонжарлардың айтарлықтай топтары, әсіресе үстем таптың Барақ ханды қолдаған және Сырдариядағы қалалармен байланысты бөлігі топтасты.

Алтын Орда мемлекетінің ыдырау процесімен бірге сонау Шыңғыс дәуірінен қалыптасқан салт-дәстүрлер де өзгере бастады. Мұның бірден-бір себебі моңғол шапқыншылығынан бірнеше ғасыр өткен кезеңде жергілікті түркі және түркіленген моңғол тайпалары саяси билікке ие болып, ендігі жерде жергілікті жердегі бар билікті өз қолдарына шоғырландыра бастауы еді. Осы кезден бастап әлсіреген Шыңғыс ұрпақтарының номиналды билігі сақталып қалды. Жоғарыда айтып өткеніміздей дәл осы кезеңде 17 жасар Әбілқайырды 200-дей ру-тайпа өкілдерінің қолдауы мен оның қасынан Едіге ұрпағы Оқас бидің табылуының себебі де осыдан болса керек. Оқас би Әбілқайырдың маңында жиырма жылдай болды. Қадырғали Жалайыридің жазғанындай хан мен бидің «бір кеседен ішкен» тұсы осы кезең болса керек. Уақыт өте келе Әбілқайыр 17 жасар жас билеушіден бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты қамтыған күшті мемлекеттің тәжірибелі билеушісіне айналды. Сондықтан 1440 жылдардан бастап Оқастың ұрпақтары өздеріне тиімді билеушіні іздестіруді бастап кетті. Бұл жағдай Әбілқайыр билігінің әлсіреуін одан әрі тездетті. Әбілқайыр билікке келген тұстан бастап оған қарсы оппозицияда болған ағайынды Жәнібек, Керей сұлтандар ендігі тұста ашық бас көтеруге мүмкіндік алды.

«Көшпелі өзбектер» мемлекеті немесе Әбілқайыр хан билігі тұсында өмір сүрген, алғашқы кезеңнен-ақ оның саналы қарсыластарына айналған, Ақ Орданың заңды мұрагерлері Керей мен Жәнібек туралы тіс жармайтын, бірақ Әбілқайыр ханның тарихына арналған Усман Кухистанидің шығармасына сүйене отырып, Б. Ахмедов: «XV ғасырдың 40-жылдары Керей мен Жәнібек Сыр бойында болмаған, әйтпесе олар Әбілқайырға қарсылық көрсетер еді», – деп жазады.

Негізінен шайбанидтер әулеті алғашқы кезінен-ақ Жошы ұлысының сол қанатына, яғни Ақ Ордаға қарасты болған. 1428 жылы Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақтың орнына Әбілқайырдың билікке келуімен Шығыс Дешті Қыпшақта билеуші әулет ауысты. Осылайша, Шығыс Дешті Қыпшақта Орда-Ежен-Орыс хан ұрпақтарының орнына Шайбанидтер әулетінің билігі орнады. Бұл жағдай сол заманда қалыптасқан саяси-идеологиялық өлшемдер бойынша Ақ Орданың заңды мұрагерлік билік дәстүрінің бұзылуын

көрсететін еді. Осыған орай, Арғындар әуел бастан Ақ Орда билеушілерін, біз қарастырып отырған кезеңде олардың мұргерлері Керей мен Жәнібек сұлтандарды қолдағандары түсінікті.

Жалпы алғанда, өздерін Шығыс Дешті Қыпшақтың заңды мұрагерлеріміз деп санаған бұрынғы Ақ Орда билеушілері, яғни Жошының үлкен ұлдарынан тарайтын ұрпақтары Шайбанидтер билігіне қарсы тынымсыз күрес жүргізді. Бұрынғы Ақ Орда мемлекетінің негізгі халқын құраған «көшпелі өзбектерге» 40 жыл билік жүргізгеніне қарамастан Әбілқайыр хан мемлекеті саяси жағынан тұрақты, күшті мемлекет бола алған жоқ. Сондықтан да болар бұл мемлекет Әбілқайыр қайтыс болысымен бірден ыдырап кетті. Керей мен Жәнібек сұлтан бастаған топ ата-баба жұртындағы билікті қайтарып алуға ұмтылды. Дерек тілімен айтсақ «бүлік пен бұзақылық туын көтеріп, бағынбау және құлақ аспау жағында тұрған» Жошы ұрпақтары Ахмад хан, Махмұд хан Әбілқайырға көп қарсылық көрсетті. Бұл жағдай ең соңында Әбілқайыр хан қайтыс бола салысымен ол құрған мемлекеттің ыдырап кетуіне әкеліп соқты.

Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның әлсіреуі және ыдырауы жағдайында аталған кең байтақ аймақтың рулары мен тайпаларының ең ықпалды көсемдері саяси тәуелсіздікке ұмтылды немесе әлдебір Шыңғыс ұрпағы арқылы қамқоршы іздестірді. Олардың көбісі алғашқы қазақ хандарының біртұтас мемлекет құру мен оны нығайтуға бағытталған іс-әрекеттерін қолдады. Сондықтан қазақ рулары мен тайпаларының едәуір бөлігі сонау 40-50 жылдардың өзінде Қазақстанның оңтүстігіндегі жерлерде – Қаратау баурайларында, Сырдарияның төменгі ағысында, Түркістанның солтүстік бөлігінде Керей мен Жәнібектің маңына топтасқан еді.

Ал Әбілқайыр хан өз билігін нығайту жолындағы күреспен, көптеген Жошы ұрпақтарының және рулар мен тайпалардың бағынбаған басшыларының қарсылығын басумен әлек болып жүргенде Ақ Орда хандарының мұрагерлері өздеріне қарасты ру-тайпаларға сүйене отырып бұл аумақта тұрақты билігін қамтамасыз етіп алды.

Керей мен Жәнібек бөлініп көшіп кетісімен Әбілқайыр хан олардың қарсылықтарын басуға ұмтылғаны белгілі. Бірақ ол өз мемлекетінің ішінде орын алған Жошы ұрпақтарының, атап айтсақ Орда Ежен, Тоқа Темір, Шайбан ұрпақтары мен ықпалды ру-тайпа басшыларының өзіне қарсы күресін басумен әлектеніп жүрді. Сондықтан ол (Әбілқайыр хан) қайтыс бола салысымен, оның мемлекеті үлкен дағдарысқа ұшырады. Қазақ билеушілері Керей мен Жәнібек Шығыс Дешті Қыпшаққа ұмтылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Әбілқайыр ханның билікке келуінің ерекшеліктерін талдаңыз.
2. Әбілқайырдың Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына өз билігін орнтауы қалай жүзеге асты?
3. 1428-1468 жылдардағы Әбілқайыр ханның ішкі-сыртқы саясатына сипаттама беріңіз.
4. «Көшпелі өзбектер» этносаяси қауымдастығының қалыптасуы мен этникалық құрамы туралы жазба деректердің мәліметтерін талдаңыз.

V
тарау


ҚАЗАҚСТАН І АЙМАҒЫ МОҒОЛСТАН ҚҰРАМЫНДА

§ 1. Моғолстан мемлекетінің аумағы, этникалық құрамы

Моғолстан мемлекеті Шағатай ұлысының ыдырауы нәтижесінде оның шығыс бөлігінде құрылды. Оның аумағы қазіргі Жетісу аймағы мен Қырғызстан, Шығыс Түркістанды алып жатты.

Тарихшылар ұзақ жылдардан бері Моғолстанды XIV ғасырдың орта шенінде қазіргі Оңтүстік Батыс Қазақстанның және Қырғызстанның жерінде құрылған, яғни Жетісу мен Тянь-Шань өлкесін қамтыған, Шағатай мемлекетінің құлауы нәтижесінде пайда болған ортағасырлық мемлекет деп келеді. Ол XVI ғасыр ортасына дейін өмір сүрді. М.Х. Дулатидың өзі Моғолстан мемлекетінің шекарасын былай көрсетеді: «... қазір Моғолстан атап жүрген территория өзінің ұзындығы және ені жөнінен жеті-сегіз айлық жолды құрайды. Оның шығыс шекарасы қалмақтар жеріне – Барскөлге (Баркөл – авт.), Емілге (Алакөлге құятын Тарбағатайдағы өзен – авт.) және Ертіске (Тарым өзенінің жүйесі – авт.) жалғасады. Солтүстігінде ол Көкше теңізге (Балқаш көлі – авт.), Бумлишке және Қараталға (Балқашқа құятын өзен – авт.) ұштасады, батысында Түркістанмен және Тәшкентпен, оңтүстігінде Ферғанамен, Қашғармен, Ақсумен, Чалишпен және Турфанмен шектеседі».

Міне, Моғолстанның М.Х. Дулати куә болатын тарихи жер көлемі осындай. «Тарих-и Рашидидің» Ташкент басылымына түсініктеме берген ғалымдар М.Х. Дулати көрсеткен Моғолстан территориясының XIV-XVI ғасырлардың өн бойында өзгеріп отырғанын, оның құрамына алғаш Сырдария, Сарысу, Балқаш, Ертіс және Оңтүстік Тянь-Шаньның оңтүстік сілемдері аралығындағы үлкен жерлер, онан соң тек Қырғызстан және Іле өлкесінің үлкен бөлігі ғана кіргенін айтады. Ал мемлекет құлар кезінде моғол хандары билігі тек Қашғарияға ғана таралғанын атап өтеді. Сондықтан «Бабурнамеге» түсініктеме берген ғалымдар Моғолстанды – Шығыс Түркістан ретінде көрсеткен.











Ендігі жерде мемлекеттің атауы, тарихи-географиялық термин ретінде қолданылатын Моғолстан атауына тоқтала кетсек. Моғолстан – моғол этнониміне байланысты шыққан. Себебі сол кезеңде Орта Азияда моңғол сөзін сәл бұрмалап, моғол деп атау орын алған. Сондықтан XIV ғасырдағы парсы-түркі тілдес шығармаларда да «моңғол» сөзі моғол деп жазылған.

Белгілі ресейлік зерттеушілер С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов Моғолстанның Шағатай мемлекеті күйреген соң оның орнында пайда болған көптеген иеліктердің бірі екенін айта келе былай деп жазады: «Шағатай мемлекеті екі бөлікке – батысқа және шығысқа бөлінді. Батыстағы иеліктерде – Мәуереннахрда Шағатай тұқымы өзінің билігін жоғалтты және нақты билік түрік-моңғол әмірлері қолында болды. Олардың арасында түріктенген моңғол тайпасы барластан шыққан Әмір Темір (1370-1405 ж.) ерекшеленді. Шығыс бөлігінде Шағатай руынан шыққан жалған және шын хандар үстемдік етті. Шағатай мемлекетінің осы, шығыс бөлігіндегі көшпелілер өздерін моғолдармыз деп атады. Моңғолдардың аты Орта Азияда осылай, «н» әрпінсіз айтылатын және жазылатын. Сол тұста осы терминнен парсыша географиялық атау Моғолстан келіп шықты».



Бірақ моғолдарды моңғолдармен шатастырмауымыз керек. Себебі Моғолстан мемлекеті құрылған тұста XIII ғасырдан моңғол шапқыншылығынан кейін Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерін басып алып, үстемдікке қол жеткізген моңғолдар уақыт өте келе жергілікті ру-тайпалармен араласып, түркіленіп кеткен еді. Бірақ XIV ғасырдағы авторлар оларды жалпы моғолдар (моңғолдар) деп атағандарымен, олардың жергілікті түркі ру-тайпалары екендігін жоққа шығармайды. Сондықтан моғолдар, моғолдар елі (Моғолстан) деп отырғанымыз жергілікті түркі және түркіленген моңғол ру-тайпалары. Атап айтсақ, олар дулаттар, керейттер, аркинуттар, қаңлылар, баарындар, булгашылар, жалайырлар, үйсіндер және т.б.

Белгілі шығыстанушы ғалым В.П. Юдин Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Шах Махмуд бен Мырза Фазыл Шорастың «Тарих», авторы белгісіз «Тарих-и Кашгар» атты негізгі деректерді құрайтын

ортағасырлық шығармалардың, сондай-ақ Хафиз-и Абру, Шараф ад Дин Али Йезди, Низам ад-Дин Шами, Абд ар-Раззаки Самарканди сияқты ортағасырлық авторлардың да шығармаларына сүйене отырып, моғолдардың ру-тайпалық құрамын талдайды.

Осылайша, автор моғолдардың рулық-тайпалық құрамының керейт, қаңлы, арканут (бұл атауды белгілі зерттеуші Н.А. Аристов арғындармен байланыстырады. Дегенмен бұл мәселе әлі күнге дейін басы ашық күйінде қалып отырғандықтан біз бұдан әрі қарай да алғашқы деректерде кездесетін атауын қалдыруды жөн көрдік – *авт.*), сұлдыз, дулат, шорас, құрлауыт, қарлұқ, итаршы, қоншы, құсшы, байрын, қалушы, бұлғашы, арлат, барлас, дохтуй, йарки, ордабегі, меркіт, шунқаршы, нарын, долан, балықшы, татар тайпаларынан құралғандығын анықтайды.

Әрине, Моғолстанның негізгі халқын құраған ру-тайпалардың толық құрамы туралы нақты мәліметтер сақталмаған. Дегенмен әр түрлідеректерде кездесетін мәліметтерді талдай отырып, Моғолстан аумағын мекендеген бірқатар ру-тайпаларды нақты анықтауға болады. Көптеген зерттеушілер мәліметтерді талдай келе, Моғолстан халқын негізінен дулаттар, керейіттер, шорастар, құрлауыттар, барластар, барындар, қаңлылар, қалушылар, бұлғашылар, арлаттар, құсшылар, аргинуттар, қазшылар, атаршылар, меркіттер құрағаны туралы қорытындыға келген.

Моғолстанның этникалық құрамына тарих ғылымдарының докторы С. Жолдасбайұлы да «негізінен жергілікті түркі тілдес дулат, қаңлы, жалайыр, керей, найман, үйсін, т.б. және толық түріктеніп болған моңғол тайпалары бұлғашы, шурас, баарин, арлат және т.б.» кіргізеді.

Қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин: «Моғол этнонимін кезінде Шағатай және Үгедей ұлыстарына бөлінген моңғолдар Жетісу жеріне алып келді. Бірақ олар аз еді және олардың тағдыры Дешті Қыпшақтағы моңғолдар тағдыры тәріздес болды: олар түркітілдес тайпалармен жедел араласып кетті. Моғол этнонимін сақтауға моңғолдардың көшпелі тұрмысы үлгі болған көшпелілік дәстүрлерін және хандар-шағатайлар билігінің мұрагерлігін алғашқы кездері сақтауға моғол феодалдарының ұмтылулары ықпал еткен тәрізді», – дейді.

В.П. Юдин сонымен қатар бұл мәселеде зерттеушілер арасында әр түрлі пікірлер орын алғанына назар аударады. Мысалы, академик В.В. Бартольд могулдарды моңғолдар деп атап көрсетсе, профессор С.Аманжолов оларды түріктер, Н.А. Аристов оларды шағатайлық хандарға қызмет жасайтын сословияға жатқызады.


Сонымен бірге Н.А. Аристовтың төмендегідей пікіріне назар аударған жөн. Ол моғол және Моғолстан атауын белгілі бір тайпаның немесе халықтың атауы деп қабылдауға қарсы болды және мұның саяси атау екенін атап көрсетіп былай дап жазды: «Әрине, шағатайлықтар Шыңғыс хан ұрпақтары ретінде, өздерін және өздерінің иеліктеріндегі халықтарды моғолдар, ал өздерінің мемлекеттерін Моғолстан деп атай алатын еді. Бірақ халықтың басым көпшілігі түрік көшпелілерінен тұрды. Нағыз моңғолдар тіптен де көп емес еді: бұлар Шағатайдың байырғы 4 мың ғана әскерінің

ұрпақтары еді. Оның үстіне Моғолстанда олардың бір бөлігі ғана қалуы тиіс еді...».

Мұның өзі Моғолстанның этникалық негізде емес, Шағатай тұқымдарының таққа таласуы негізінде жоғарыдан құрылғанын дәлелдей түседі. Сондықтан да бұл мемлекеттің өмірі ұзақ болмай, кейіннен оның орасан зор бөлігі этникалық негізде құрылған Қазақ хандығы құрамына қосылып кетті.

Ал енді Моғолстан қандай тілде сөйледі? – деген сауалға жауап берер болсақ, ол әрине, түрік тілінде сөйледі дейміз.

Дулаттан шыққан М.Х. Дулатидың және оның бөлесі түркіленген моңғолдан шыққан Захираддин Бабур түрік және сол кездегі халықаралық тіл – парсы тілінде сөйлеген және жазған.



Моғолдардың тілдік ерекшеліктері М.Х. Дулатидың еңбегінде әңгіме болмайды. Алайда оның еңбегіндегі пікірлері олардың түркі тілдес болғанын айқындай түседі. Осыған байланысты арнайы зерттеу жүргізген қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдиннің мына пікірі М.Х. Дулатидың еңбегін толықтыра түседі:«Моғолдардың моңғолтілдестігіне келер болсақ, оған қарсы алғашқы дәлел деректерде қандай да бір болмасын олардың моңғолтілділігінің үлгілерінің кездеспеуі болып табылады. Ал енді олардың түркітілділігіне фактор аз емес. Бәрінен бұрын моғолдардың тайпалық құрамы осыны мақұлдайды. Моғолдар құрамында қаңлылар болды. Ал олардың түркі халықтарына жататындығы даусыз. Егер моғолдар халық болып табылса, онда олар ортақ тілде сөйлеулері тиіс болды. Ал егер халықтың бір бөлігі түрік тілінде сөйлеген болса, онда барлық халық сол тілде сөйлеуі тиіс еді».

XIV ғасырда бұрынғы Шағатай ұлысында жергілікті түркі және түркіленген моңғол тайпаларының ықпалы өсе түсті. Әсіресе жекелеген тайпа көсемдері саяси билікте үлкен табыстарға жетті. Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде XIV ғасырдың ортасына қарай дулат тайпасының ықпалы өте жоғары болды. Шағатай ұлысының ыдырауы мен жергілікті ру-тайпа әмірлерінің билігінің күшеюінің бірнеше себептері болды. Солардың бірі Шағатай мемлекетіндегі көшпелі және отырықшы өмір салтын жақтаушылар арасындағы күрестен туындады десек те болады. XIV ғасырдың басынан бастап Шағатай мемлекетінің хандары отырықшылық өмір салтын, қала мәдениетін көркейту бағытын ұстанды. Міне, осы тұста бұрыннан келе жатқан көшпелі өмір салтын сақтауды жақтаған ру-тайпалар мен олардың қарсыластары арасында күрес өрши түседі. 1346 жылы Шағатай ұлысының ханы Қазан хан өлтіріліп, оның орнына билікті әмір Қазаған иеленеді. Осындай кезде Шағатай ұлысы аумағында Қазағанның билігін мойындаудан бас тартқан бірнеше дербес жеке иеліктер құрылады. Нәтижесінде Шағатай ұлысы екіге бөлініп, ыдырап кетеді. Мәселен, Ходжент және оның аймағы жалайырлар иелігі болып саналды. Осы оқиғалар барысында Дулат

әмірлерінің қолдауымен, Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде шағатайлық Тоғылық Темір хан билікке келеді. Осылайша, 1348 жылдың күзінде іс жүзінде дулат әмірлері билік жүргізген Моғолстан мемлекеті құрылады.

Моғолстан мемлекеті де өз ішінде бірнеше дербес иеліктерден тұрды. Бұлардың ішінде әмір Болатшының иелігі Маңғылай-Сүбе деп аталған ең ірі аумақты қамтыды. Маңғылай-Сүбе деп аталған дулаттар иелігі оңтүстік Тянь-Шяньнан Кучиден Ферғана мен Ташкентке дейінгі жерлерді қамтыды. Бұл жерлерде Ақсу, Қашқар, Хотан, Жаркент, Ахсикент, Әндіжан қалалары орналасқан еді. Солтүстігінде Маңғылай Сүбеге Атбасы аймағы мен Ыстықкөлге дейінгі аумақ, яғни қазіргі Қырғызстанның елеулі бөлігін қамтыды.

Ал Маңғылай Сүбеден солтүстікке қарай Сырдариядан Ілеге дейінгі аймақ әмір Болатшының інісі әмір Қамар ад-Дин дулаттың тәуелсіз иелігі болды. Ол өз иелігінің дербес билеушісі болды, әрі көп ұзамай әмір Болатшы билікке әкелген Тоғылық Темір ханның билігін мойындаудан бас тартты.

Моғолстан аумағында дәл осы кезеңде дулат әмірлерінің жоғарыда аталған иеліктерімен қатар, тағы бірнеше дербес иеліктер өмір сүрді. Олардың бірі Іле өзенінің арғы бетінде, солтүстік-шығыс Тянь-Шань аумағында аркинут тайпасының билеушісі Қажы бектің, Еміл-Тарбағатай ауданында Енке төренің иеліктері болды. Темірдің тарихшылары еңбектерінен Енке төренің Моғолстандағы дербес, ірі феодалдық иеліктердің билеушісі болғандығын байқаймыз.

Моғолстан мемлекетіндегі жағдайды сараптай отырып, біз оның негізгі халқын жалпы «моғолдар» деген атпен құраған ру-тайпалардың аталған мемлкеттің өз ішінде табиғи-географиялық орналасуы мен шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне байланысты үш топқа бөлінгенін байқаймыз. Бірінші топты негізінен көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанатын Жетісу аумағындағы жетісулық ру-тайпалар құраса, екіншісін өмір салттарында негізінен отырықшы-егіншілік, қала мәдениеті басым Шығыс Түркістандық (Маңғылай-Сүбе) ру-тайпалар, үшінші топты кейінірек негізінен қырғыз халқының негізін қалаған Тянь-Шяньдық ру-тайпалар құраған.

Бақылау сұрақтары:

1. М.Х. Дулати дерегі бойынша Моғолстан мемлекетінің құрылған аймағы қандай болды?
2. «Моғол» этносаяси қауымдастығының қалыптасуы мен этникалық құрамын көрсетіңіз.
3. Мұхаммед Хайдар Дулатидың Моғолстан тарихындағы дулат әмірлерінің рөлі мен қызметі туралы мәліметтерін талдаңыз.

§ 2. Алғашқы моғол билеушілері және олардың ішкі-сыртқы саясаты

Моғолстан аумағындағы ең ықпалды тайпалардың бірі болған дулат әмірлері әлі де болса Шыңғыс ұрпақтарынан ғана хан сайлау дәстүрінен

аттап өте алмады. Сондықтан әмір Болатшы басқарған дулаттар 1348 жылы 17 жасар Тоғылық Темірді хан көтереді. Бұл кезеңде ортағасырлық тарихшы Махмуд бен Уәлидің жазуынша «Әрбір моғол әмірі тәуелсіздік пен жеке билікке ұмтылып, қарсыласу мен бүліншілік туын көтеріп» жатқан еді. Сондықтан дулат әмірлері Шағатай ұрпақтарынан хан сайлау арқылы өз биліктері мен дербестіктерін сақтап қалуға ұмтылды. Әмірлердің таңдауы Тува ханның немересі Тоғылық Темір ханға тоқтайды. Бұл оқиғалар туралы Мұхаммед Хайдар Дулати «Моғол тағы хансыз қалды. Ұлыс күйреп, бүліншілікке түседі. Осы хәлді көрген әмір Болатшы дулат, менің ұлы атам, ханға екі атадан қосылатын туыс болғандықтан, хан сайлауға бел буып, елде тәртіп орнату жұмысына кіріседі». Дерек авторының жазуынша Тоғылық Темір Есенбұға ханның Меңлік атты тоқалынан туылған. Ал оның бәйбішесі Сатилмиш Хатун бала көтермеген. Сондықтан ханда бала болмаған. Хан бірде жорыққа кетеді. Моғолдардың ескі әдет-ғұрпы бойынша тоқалдар билігі бәйбішенің қолында болады. Егер қажет деп тапса, ол тоқалды басқа күйеуге беруге құқылы еді. Сатилмиш Хатун Меңліктің ханнан жүкті екенін біліп қояды. Қызғаныштан оны Ширәввәл Духтуи (Дохтой) атты сарайдағы мәртебелі әмірлердің біріне сыйға тартты. Хан жорықтан оралып, Меңлік Хатун жәйін сұрайды. Сатилмиш Хатун оған: «Мен оны басқаға сыйладым», – деп жауап береді. Хан: «Ол менен жүкті еді ғой», – деп наразылық білдіргенімен, моғол дәстүрі солай болған соң үнсіз қалады».

Әмір Болатшы арнайы адам жіберіп, осы Меңлік тоқалдан туылған хан ұлының хабарын біліп, оны тауып әкеліп, хан тағына отырғызады. Белгілі зерттеуші В.В. Бартольд Тоғылық Темірдің хан ұрпағы екендігіне күмән келтіреді. Тоғылық Темірдің әкесіне байланысты келіспеушіліктерді (мәселен бір деректерде оның әкесі Тува ханның келесі бір ұлы Емілқожа деп көрсетілген) келтіре отырып, Тоғылық Темірдің шығу тегі жайлы әңгімені дулат әмірінің өзі ойдан шығаруының әбден мүмкін екендігін алға тартады. Қалай дегенменде бұл фактілер осы кезеңдегі Дулат әмірлерінің Моғолстан мемлекетінің саяси өмірінде атқарған рөлінің қаншалықты зор екендігін көрсетеді. Әмір Болатшы іс жүзінде хандық биліктің бірқатар функцияларын өз қолына шоғырландырын, іс жүзінде тәуелсіз билеуші есебінде болды. Ол өзінің мұндай артықшылықтарын заңдық тұрғыдан негіздеп алды. Дулаттардың өзге ру-тайпа өкілдерінен артықшылықтарын сонау Шыңғыс хан заманымен байланыстырын, негіздеді. Мәселен, Мұхаммед Хайдар Дулатидың хабарлауынша, әмір Хұдайдад, оның әкесі Болатшының арғы аталары Өртөбе Шыңғыс хан заманында оның жарлығы бойынша жеті артықшылық (мансап) алған.

Міне, осы артықшылықтарды Тоғылық Темір хан мойындап қана қоймай, Болатшы әмірге тағы екі артықшылық беріп, оның жалпы санын тоғызға жеткізген. Бірі – қосынның әмірін, яғни мың нөкері бар әмірді ханға айтпай-ақ басшылыққа тағайындауға, не жұмыстан босатуға еркі бар және ол үшін хан үкімі қажет емес; екіншісі – әмір Болатшының ұрпақтары тоғыз қылмыс жасағанға дейін жауапқа тартылмайтындығы.

Осылайша, әмір Болатшы, шын мәнінде, хан билігіне ғана тән көптеген артықшылықтарды иеленіп, іс жүзінде дәрежесі ханнан асып түсер-

ліктей билікті өз қолдарына шоғырландырды. Дулат әмірлерінің мұндай артықшылықтары ұлысбегі деген мансапты иеленуімен бекітілді. Ұлысбегі армиясының тікелей қолбасшысы болып табылады және ішкі-сыртқы саясатына қатысты түйінді мәселелерді тікелей шешетін. Сондай-ақ ұлысбегі мемлекеттің басқару аппаратындағы түрлі шендегі лауазымды тұлғаларды басқарып, алым-салықтар жинау, мемлекет қаржысын қайда жұмсау қажеттілігі туралы маңызды мәселелерге жауап беретін. Моғолстан мемлекетінде Тоғылық Темір хан тұсында әмір Болатшы дулат ұлысбегі болғаны белгілі. Мұхаммед Мырза Хайдар Дулатиге сүйенсек, ұлысбегілік қызметі дулат әмірлеріне мұрагерлік жолмен өтіп отырған. Дулат әмірі «бүкіл моғол ұлысының әмірі» деп аталып, құжаттарда барлық әскердің бас қолбасшысы ретінде аталды. К.А. Пищулина «Бахр ал-асрар» шығармасының мәліметтеріне сүйене отырып, ұлысбегінің мыңдықтардың (әскери бірлік – авт.) басшысы немесе мыңбасын ханның рұқсатын сұрамай-ақ өзі тағайындай беретіндігін алға тартады.

Моғолстан тарихы бойынша іргелі зерттеудің авторы, белгілі қазақстандық зерттеуші К.А. Пищулина өз зерттеуінде түркі және түркіленген моңғол ақсүйектерінің Мәуереннахрдан бөлініп, өздерінің жеке хандықтарын құру үшін күресін неліктен нақ дулат тайпасының әмірлері басқарды деген сұрақ қоя отырып, оған былай деп жауап береді: «Себебі осы кезде дулаттар Жетісудағы ең ірі әрі үлкен аумақты иеленіп отырған түркі тайпаларының бірі болды. Олар сондай-ақ дулаттардан шыққан ірі ақсүйектер XIV ғасыр-да Шығыс Түркістандағы отырықшы-егіншілік жазиралардың иелері болып табылады». Бұдан әрі зерттеуші дулаттардың Шыңғыс хан дәуірінен бергі мұраға алған иелігі болып табылатын Маңғылай-Сүбе аймағы туралы Мұхаммед Хайдар Дулатидың мәліметтерін алға тартады.

Әрине, XIV ғасырдан бастап Моғолстанның саяси өмірінде маңызды рөл атқарған дулаттардың М.Х. Дулати дерегі бойынша сонау Шыңғыс хан дәуірінен бастап көтерілгендігі туралы мәліметтерін өз ата-бабаларының билігінің «заңдылығын» негіздеу әрекетінен туындаған деп болжауға болады. Себебі біз қарастырып отырған кезеңдегі саяси идеология бойынша Шыңғыс ұрпақтарынан таралғандар ғана хан билігін иеленуге құқылы. Ал дулаттар іс жүзінде хан билігінің көптеген артықшылықтарын өз қолдарына шоғырландырып, дербес билеушілерге айналғаны белгілі. Тек сол кезеңде қоғамдық-саяси ұстанымдарға байланысты өз биліктерін Шыңғыс ұрпақтарынан сайланған қуыршақ хандардың билігімен бүркемелеуге тиіс болды. Деректерде әмір Болатшының інісі әмір Қамар ад-Диннің қуыршақ хандар билігінен бас тартып, өзінің жекс билігін орнатудағы сәтсіздігін тікелей «халықтың қарадан шыққан қарашаның билігін мойындағысы келмеуімен» байланыстырады.

Мәселен, белгілі шығыстанушы ғалым В.В. Бартольд Рашид ад-Дин мен XIV ғасырдағы түркістандық шығармалардың XIII ғасырдағы саяси оқиғалар туралы мәліметтерін өзара салыстыра келс, алғашқы авторлардың өз ата-бабаларының Шыңғыс хан заманында-ақ бедел мен абырой-атаққа ие болғандығы туралы хабарламалары кейінгі авторлардың өз кезеңдерінде

қалыптасқан саяси жағдайды түсіндіру мен ақтап алу үшін ғана ойдан шығарылған деп жазады. Мәселен, бұрынғы Шағатай ұлысының батыс бөлігінде саяси билікті иеленіп, үлкен империя құруға қол жеткізген барлас руынан шыққан Әмір Темір өз билігінің заңдылығын дәлелдеу үшін арғы атасы Қарачардың атасы Качули мен Шыңғыс ханның атасы Қабыл ханмен жасалған жазбаша келісімді алға тартады. Ал бұл құжат, XIV ғасырда орын алған дүрбелең жылдары жоғалып кетсе керек-мыс».

Міне, дәл осындай жағдайды Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде іс жүзінде хандық билікке қол жеткізген дулат әмірлерінің тарихын баяндайтын, әрі осылардың тікелей ұрпағы Мұхаммед Хайдар Дулатидың шығармасынан да байқаймыз. Рашид ад-Дин дулат әмірлерінің тоғыз артықшылығын дәлелдейтін жарлығына доңыз жылы, көктем мезгілінде Құндызда қол қойғанын айтады. Автор моғол тілінде әрі моғол графикасымен жазылған жарлықты да көргенге де ұқсайды. Дегенмен бұл жарлықтың да түп нұсқасы Шаһибек (Шайбани хан) бүлігі тұсында жоғалып кеткен болса керек.

Алғашқы моғол хандары тұсында дулат әмірлері ханның Шағатай хан ұрпағы ретінде бұрынғы Шағатай ұлысы аумағына толық билік жүргізуге деген құлшынысын барынша қолдады. Тіпті олар өздері ханның сыртқы саясатын Мәуереннахр өлкесін жаулап алуға бағыттады десек те болады.

Сондықтан Тоғылық Темір хан сыртқы саясаттағы алғашқы қадамын бұрынғы Шағатай ұлысының батыс бөлігі Мәуереннахр өлкесіне жаулап алу жорықтарын жүргізуден бастады. Себебі осы кезеңде Мәуереннахр өлкесі де бір-біріне тәуелсіз, бірнеше дербес иеліктерге бөлініп кеткен еді. Мәселен XIV ғасырдың 50-60 жылдарында Ходжент және оның аймағы жалайырлардың, Шахрисябз (Кеш) аймағы барластардың, Бұхара садрлардың діни иеліктері болып саналды. Ал әмір Қазағанның (1346-1347 – 1358 ж.) иелігі негізінен Балх аймағын ғана қамтыған. Ал оның 1358 жылы өлтірілуі дулат әмірлеріне өз хандары Тоғылық Темір билігін Мәуереннахр аймағына да орнатуға мүмкіндік туғызды.

Осылайша 1360 жылы Тоғылық Темір жоғарыда аталған Моғолстан өлкесіндегі ірі дербес иеліктердің билеушілері Қамар ад-Дин дулат, Қажы бек аркинут және т.б. басын қосып, Мәуереннахрға жорыққа аттанады. Тоғылық Темір хан Мәуереннахр өлкесінде алғашқы табыстарға да қол жеткізеді. Өзара қырқысып, жеке дара билікке ұмтылған Мәуереннахрдағы феодалдық иеліктердің басшыларының көпшілігі моғол ханының билігін мойындауға асықты. Солардың ішінде болашақ ұлы Әмір Темір барлас та бар болатын.

Бірақ Тоғылық-Темір бұдан әрі Мәуереннахр өлкесіне тереңдеп ене алған жоқ. Себебі Мәуреннахр өлкесінде моғол ханының өз армиясының ішінде бүлік шығады. Бүліктің басында алғы шепке жіберілген армиясының қолбасшыларының бірі болып тағайындалған Қажыбек арғын тұрды. Дәл осы кезеңде Тянь-Шяньда бүлік басталады. Себебі осы кезеңде Моғолстан әмірі Болатшы қайтыс болған еді. Әмір Болатшыдан кейін ұлысбегілік қызметін иеленуге оның інісі Қамар ад-Дин дулат ұмтылды. Ал дулат әмірлерінің бір тобы әмір Болатшының ұлы 7 жасар Хұдайдадты қолдап, әкесінің орнына ұлысбегілікке Хұдайдад бекітіледі.

Ішкі жағдай біраз тұрақталған соң Тоғылық-Темір арада бір жыл өткенде, яғни 1361 жылы екінші рет Мәуереннахр өлкесіне жорыққа аттанады. Бұл жолы Тоғылық-Темір уақытша болса да Мәуереннахрды толық бағындыруға қол жеткізеді. Бұл туралы деректерде былай деп жазылады: «Күз түсісімен хан (Тоғылық-Темір – *авт.*) Самарқанға бет алады. Жолжөнекей әмір Байан Сулдузды өлтіруге жарлық береді. Самарқандқа келгенде Мәуереннахрдың билігі толығымен оның қолына көшкен еді. Барлық әмірлер мен нояндар шарасыздықтан оны мойындады. Хан сенімсіздік білдірген адамдарды өлтірді, ал сеніміне кіргендерге ілтипат көрсетті». Бұдан әрі хан Мәуереннахр өлкесіне ұлы Ильяс қожаны билеуші етіп қалдырып, өзі Моғолстанға оралады. Дәл осы кезде Мәуереннахрда Ильяс қожамен бірге қалған әмірлер бүлік шығарып, Ильяс қожаның билігін амалсыз мойындаған Темір ыңғайлы сәтті пайдаланып, әмір Хүсейін жағына өтіп кетеді. Осы кезде Жетеден (Моғолстаннан) Тоғылық Темір ханның қайтыс болғандығы туралы хабар жетеді. Ильяс қожа әке тағын иелену үшін жолға жиналады. Ал бұл кезде әмір Хүсейінмен біріккен Әмір Темір Ильяс қожаның өзіне қарсы жіберген 20 мыңдық әскерін талқандайды. Әскер санының басымдығына қарамастан моғол әскерлерінің жеңіліп қалуы әрқайсысы ру-тайпасынан құралған әскери отрядтарды басқарған Моғолстан әмірлерінің әрқайсысы өзінің жеке мүддесіне сәйкес әрекет жасап, өзара іс-қимылдарын біріктіре алмауынан болған еді.

Жеңілген Жете әскерін одан әрі қудалауға ұшыратқан Әмір Темір мен Хүсейннің қолы Моғолстанға аттанып бара жатқан Ильяс қожаның Қаба-Матан деген жерде амалсыз шайқасты қабылдауға мәжбүрлейді. Осы шайқас нәтижесінде хан мұрагері Ильяс қожаның өзі де тұтқынға түседі. Түркі елінің табиғатында ханға құрмет көрсету салты берік қалыптасқандықтан, Ильяс қожа және онымен бірге Бектас әмірді босатып жібереді. Ал, Моғолстанда Ширамун әмір, Қажы әмір, Тунам әмір, Қамар ад-Дин әмір, Шамс ад-Дин әмір және т.б. жиналып, Тоғылық Темір ханның орнына Ильяс қожаны хан сайлау жөнінде шешімге келеді. 1365 жылы Тоғылық Темір бастаған моғол әскері Сырдария жағасында Чинас пен Ташкент аралығындағы жерде Темір мен Хүсейін әскерімен шайқасқа түседі. Бұл шайқас тарихта «Батпақ шайқасы» деген атпен белгілі. Себебі шайқас кезінде қатты жауын басталып, жер майланып, аттар тайып құлап, адамдар бәрі балшыққа батады. Бұл шайқаста Моғолстанның қатал табиғатына шыққан Ильяс қожа әскері басымдылыққа жетеді. Темір мен Хусейін кері шегініп, қашуға бет алады. Олар Мәуереннахрдың бас қаласы Самарқандты тағдырдың қолына тапсырып, өздері бас сауғалап кетеді. Бірақ моғол әскері Самарқандты ала алмайды. Оның бірінші себебі қала халқының қала қорғанысын ұйымдастырып, жауға күшті тойтарыс беруі болса, екіншіден, осы кезеңде Жете әскері арасында «жамандатқыр» ауруы тарап, аттардың қырылғанынан, әр төрт әскер бір атқа міңгесіп қалады. Міне, Ильяс қожа ханның Мәуереннахр өлкесін жаулап алу үшін жүргізген бұл соғыстың жеңіліске ұшырауымен оның билігі әлсіреп кетеді. Муин ад-Дин Натанзи Ильяс Қожа билікке келгеннен кейін бір жыл өтер-өтпес уақытта барлық билік бүлікшіл әмірлердің қолына өтіп,

әркім біріне-бірі күдіктене қарай бастағаны» туралы жазады. Хан билігіне қарсы басталған әмірлер бүлігінің басында әмір Қамар ад-Дин Дулат тұрды. Әмір Қамар ад-Диннің Шағатай ұрпақтарынан сайланған моғол хандарына деген наразылығы Тоғылық Темір хан тұсында-ақ байқалған еді. Себебі Тоғылық Темір хан әмір Болатшы қайтыс болғаннан кейін ұлысбегілікке әмір Қамар ад-Динді немесе Болатшының басқа да бауырларын емес, жеті жасар ұлы Хұдайдадты бекіткенін айтқан едік. Хан бұл әрекетімен өзінің билікке келуіне ықпал жасаған әрі мемлекетті басқару ісіндегі беделі мен алар орны жағынан көп жағдайда өзінен асып түскен құдіретті ұлысбегінің ықпалынан құтылуды да көздеген болса керек деп ойлаймыз. Ал жеті жасар баланы бүкіл мемлекеттің ұлысбегі ретінде сайлай отырып, әлі де болса қалыптасқан дулат әмірлерінен ұлысбегін сайлау дәстүрінен толық қол үзуге батылы бармағанын көреміз.

Дегенмен деректерде Қамар ад-Дин дулаттың жеке дара билікке ұмтылған уақыты туралы ортақ пікір жоқ. Келесі бір дерек мәліметтері бойынша Қамар ад-Дин Ильяс қожаның билікке келуін қолдаған әмірлер қатарында болып, оған қарсы бүлікті тек хан Самарқандтан жеңіліспен оралғаннан кейін ғана бастаған. Бұл оқиғалар туралы Мұхаммед Хайдар Дулати былай деп жазады: «Әмір Қамараддин ер жүрек болған әрі оның етігінің қонышына жеті жасар бала сиып кетеді екен деген аңыз тараған. Қорыта айтқанда ол қатты ренжіді, бірақ бірдеңе істеуге дәрменсіз еді. Хан дүние салған соң, ол қарсы шықты. Бірақ «Зафар намеде» былай айтылады: «Ильяс қожа хан өлген соң ол қарсы шыққан, деп айтылады, мұның өзі аңыз-әңгімеден алшақтау. Қалайда сол кезде мықты, тәуелсіз хан қалмағандықтан, ол ішінде қайнаған ашу-ызасын сыртқа шығармай тұра алмаған. Моғолдардың айтуына қарағанда, бір күннің ішінде он сегіз ханды өлтіріп, өзі хан атанған. Сөйтіп, Моғолстанның бей-берекеті қашты деген аңыз қалған кейінге».



Профессор, ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі Т. Омарбековтің деректер негізінде салған портреті

Ал келесі бір деректің авторы Муин ад-Дин Натанзи Қамар ад-Дин үлкенге деген құрметпен ағасы Шамс ад-Дин дулатты басшы деп жариялайды. Осылайша, іс жүзінде Моғолстандағы билік Қамар ад-Диннің қолына өтеді. Ол Тоғылық Темір хан отбасын түгел қырып салады. Тек «Тоғылық Темір ханның емшектегі бір ұлы қалған еді. Оны әмір Хұдайдад Мир аға деген шешесімен бірге жасырды. Әмір Қамар ад-Дин оған сұрау салып бірнеше рет адамдарын жіберді. Бірақ олар дер кезінде айласын асырып жасырып отырды. Сонымен әмір Қамар ад-Диннің іздеуші адамдары оларды таба алмай қалады».

Осылайша, Моғолстандағы дулаттардың өзі әмір Қамар ад-Дин мен әмір Хұдайдад арасындағы саяси ұстанымға байланысты екі лагерге бөлінеді. Қамар ад-Дин ұзақ уақыт бойы Моғолстандағы алауыздықты жою үшін

күрес жүргізеді. Бірақ Шыңғыс ұрпақтарынан тым болмағанда біреуі тірі тұрғанда ешкімнің қарашаның билігін мойындағысы келмейді». Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Әмір Қамар ад-Дин Моғолстанның билігін игеруге кірісті. Алайда әмірлердің оған қарсылық көрсетуі және Әмір Темір әскерлерінің Моғолстанға келуі оның аяғын нық басып емін-еркін билік жүргізуіне кесірін тигізді», – деп нақты атап көрсетеді. Моғолстан халқын құраған өзге де ру-тайпа әмірлерінің Қамар ад-Диннің билігіне қарсы шығарын былайша түсіндіруге болады. Олар шын мәнінде Тоғылық Темір ұрпағының «заңды» биліктерін қайтарып алуын қалағаннан емес, керісінше өздері сияқты бір тайпа көсемдерінің хан дәрежесіндегі шексіз билікке қол жеткізуін қаламағандықтан еді. Сондықтан осы кезеңде көптеген ру-тайпа әмірлері дулаттардың үстемдігін мойындаудан бас тартып, сол үшін күресті.

Дегенмен Қамар ад-Дин бастаған дулаттар аз уақытта болса да Мәуереннахрдың біраз бөлігіне өз билігін орнатуға қол жеткізеді. Бірақ Моғолстан мемлекеті әлі де болса өзара жауласқан феодалдық топтардың жеке-жеке иеліктерінен тұратын саяси бытыраңқы ел болып қала берді. Моғолстан мемлекетінде Қамар ад-Дин дулаттың иелігі ең ірі әрі күшті иеліктердің бірі болды. Сондай-ақ жоғарыда аталған өзге де ру-тайпа әмірлерінің де ірілі-ұсақты иеліктері сақталып қалды. Бұл ру-тайпалық бірлестіктер бір-бірімен өзара шұрайлы жайылымдық жер, жоғарғы билікке ықпал ету үшін күресіп жатты. Осындай жағдайды Моғолстанға жаңа қауіп – Әмір Темірдің шапқыншылығы төніп келе жатты. Әмір Темірдің Моғолстанға жасаған жорықтарының барлығы Қамар ад-Дин дулат тарапынан тойтарысқа ұшырайды. Деректердің барлығында Әмір Темірдің Моғолстанға жорықтарын «Қамар ад-Динге қарсы күресі» ретінде атап көрсетеді. Ендігі жерде әмір Қамар ад-Дин бастаған дулаттардың Әмір Темірге қарсы күресін баяндауға көшсек.


Бақылау сұрақтары:

1. Алғашқы моғол хандарының ішкі-сыртқы саясатының басым бағыты қандай болды?
2. «Батпақ шайқасының» барысы мен оның салдарларын көрсетіңіз.
3. Моғолстандағы дулат және т.б. ру-тайпа әмірлерінің иеліктері мен олардың мемлекеттік ішкі-сыртқы саясатына ықпалын талдаңыз.

§ 3. XIV ғасырдың үшінші ширегі және XV ғасырдың басындағы Әмір Темірдің шапқыншылығына қарсы күрес

Шағатай ұлысында орын алған алауыздық пен бытыраңқылық тұсында жергілікті ру-тайпа әмірлерінің ықпалдары артып, олар билікке ұмтыла бастады. Осындай жағдайда Моғолстанда іс жүзінде Дулат әмірлерінің билігі орнаса, Мәуереннахр өлкесінде барлас руынан шыққан Әмір Темірдің саяси карьерасы басталады. Дулат әмірлерінің ықпалымен билікті иеленген Тоғылық-Темір ханның тағайындауымен алғашқы билікке қол жеткізген Әмір Темір көп ұзамай Моғолстан халқын тонаушылық пен қырғынға ұшыратқан қаһарлы билеушілердің біріне айналады.


Жалпы Әмір Темірдің Моғолстанға жасаған жорықтары туралы В.В. Бартольдтың зерттеулерінде баяндалған. Ал келесі бір зерттеуші К.А. Пищулинаның еңбегінде бұл мәселе Әмір Темірдің Моғолстанға қарсы ұстанған саясаты, оның шапқыншылық жорықтарының Моғолстан мемлекетінің саяси-мемлекеттік және шаруашылықтық-мәдени өміріне тигізген салдары тұрғысынан қарастырылған. Ал біз бұл зерттеуімізде Әмір Қамар ад-Дин бастаған дулаттардың Әмір Темір шапқыншылығына қарсы күресін ашып көрсетуді мақсат етіп қойып отырмыз.



Әмір Темірдің Моғолстанға жорықтары

1365 жылы Ильяс қожа хан Самарқанд қаласын ала алмай кері қайтқаны жайлы алдыңғы бөлімде айтқан едік. Осы оқиғалар орын алған тұста Әмір Темір Хусейнмен бірігіп, Самарқандты тағдыр тәлкегіне тастап қашып кеткен еді. Моғол әскері кеткеннен кейін, Әмір Темір мен Хусейн Самарқандты қорғаушылардың алауыздығын тиімді пайдалана отырып, мұндағы билікке қол жеткізеді. Міне, осы кезден бастап Әмір Темір жеке дара билікке ұмтылып, 1370 жылы бүкіл Мәуереннахр өлкесін бағындыруға қол жеткізеді. Әмір Темір билікке келісімен сыртқы саясатын Моғолстанға жорық жасаудан бастайды. 1371 жылы солтүстік-батыс Тянь-Шяньда орналасқан Қамар ад-Дин дулаттың иелігіне басып кіреді. Кенеттен тиген жауға қарсы тұруды әмір Қамар ад-Дин дулат көшпелілердің ежелден сыннан өткен тиімді тәсілін қолданады. Яғни бүкіл ел-жұрты мен мал-мүлкін алып жау атының тұяғы жетпейтін асуы қиын тау шатқалдарына қарай шегініп

кетеді. Өзен жұртынан үдере көшкен жұрт Ілс-Ертіс өзендері аралығы мен таулы аймақтарға жасырынады. Әмір Қамар ад-Диннің көшкен жұртын Әмір Темір Мәуереннахрдың бір бөлігі деп алып, бұл өлкені билеуге Кебек-Темірді қалдырады. Бірақ Әмір Темірдің әскері қайтадан Мәуереннахр өлкесіне аттанысымен Кебек-Темір бағынуштылықтан бас тартады. Бахрам жалайыр, әмір Аббас, Хитай баһадүр бастаған әскерді Кебек-Темірдің бүлігін басуға қайта аттандырады. Бұл іс Әмір Темірдің әскербасыларының Кебек-Темірмен бейбіт келісімге келуімен аяқталады. Істің бұлай аяқталғанына риза болмаған Темір әскерімен Жетеге екінші жорығына аттанып, елді үлкен қырғынға ұшыратып қайта оралады. Осы оқиғалар Әмір Темірдің Жете аймағына қарсы жүргізген қырғын соғыстары халықтың басына зор ауыртпалықтар алып келді. Міне, осындай жағдайда Қамар ад-Дин білікті басшы ретінде Әмір Темірге қарсы күресте одақтастар қажет екендігін түсіне білді. Сондықтан Моғолстанның өзара жауласқан ру-тайпалық иелік басшыларын біріктіруге күш салды. Мәселен, деректерге сүйенсек, Әмір Темірдің шапқыншылығының алдында «Жете әмірлерінің арасындағы жауластықтан кейін Қамар ад-Дин дулат Кебек-Темір, Широғұл сияқты әмірлермен Қажыбек аркинутқа қарсы бірігіп соғысқан еді». Ал ортағасырлық деректердің мәліметтеріне сүйенсек, Әмір Темірдің Жете өлкесіне жасаған алғашқы жорығынан кейін әмір Қамар ад-Дин бұрын өзімен жауласқан басқа ру-тайпа өкілдерін өз маңына топтастыра білді. Мәселен, Әмір Темірдің үшінші жорығы кезінде жоғарыда аталған Қажыбек аркинут әмір Қамар ад-Диннің Темірге қарсы одақтасы ретінде көрінеді.



Профессор, ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі Т. Омарбековтің деректер негізінде салған портреті

1375 жылы желтоқсан айында Әмір Темір Моғолстанға қарсы үшінші жорығына аттанады. Бірақ деректердің хабарлауынша қар аралас жауын жауып, қатты суық түсіп кеткендіктен, Темір Самарқандқа қайта оралуға мәжбүр болған. Осы жолғы қатты суықтан адамдар мен малдар қырылып, зор шығынға ұшырайды.

Дегенмен арада екі ай уақыт өткенде 1376 жылы ақпан айының аяғында Әмір Темірдің ұлы Жаһангер, Шейх-Мұхаммед, Әділ-шах сияқты қолбасшылары басқарған әскерін Қамар ад-Динге қарсы қайта аттандырады. Қамар ад-Дин әскерінің қайда орналасқандығын, нақты әскер санын білу үшін жіберілген шолғыншы оның Көктөбе деген жерде әскер жиып, Қажыбекті күтіп жатқандығын хабарлайды, Сондай-ақ шолғыншы Қамар ад-Дин бұл әскердің жақындап келе жатқанынан да хабарсыз екендігін біліп келеді. Бірақ Әмір Темірдің Қамар ад-Дин әскері бейқам жатқан жерінен тарпа бас салу жоспары жүзеге аспай қалады. Себебі деректердің хабарлауынша ол Берке-и Гурйан атты өткелі қиын жерге жасырынып үлгереді. Шараф ад-Дин Али Йезди «Бұл жер – өте терең әрі оларда үш үлкен өзен ағып жататын үш шатқал. Қамар ад-Дин мен оның әскері екі шатқалдан өтіп үшінші-

сінде тоқтап, жолдарға тас үйіп, бекітіп тастады», – деп нақтылай түседі. В.В. Бартольд бұл шатқалдың Шарын өзенінің сағасында орналасқанын көрсете кетеді. Әмір Темірдің ұлы Жаһангер бастаған әскер Қамар ад-Динге қарсы бірінші болып аттанады. Күндізгі шайқастан кейін Қамар ад-Дин түнді пайдаланып шегініп кетеді. Ортағасырлық дерек авторлары (әсіресе Темірдің тарихын нақты қалдырған авторлар) Қамар ад-Диннің жеңілісін Жаһангер бастаған жеңімпаз әскердің екпінімен байланыстырды. Әрине, Әмір Темір әскерінің саны жағынан көптігі мен тәртіпке бағынған, жақсы қаруланған әскер екендігін ескерсек, бұл түсінікті қадам. Мұны Қамар ад-Дин де түсіне білді. Сондықтан қалған күшін сақтап қалу үшін осындай тактикаға көшкен. Себебі осы шайқастың алдында ғана Жете әмірлерінің бір бөлігі Мәуереннахрға жорыққа аттанып кеткен болатын. Бұл дегеніміз – әлі де болса Қамар ад-Диннің жоғарғы билігін мойындағысы келмеген әмірлердің оған бағынбай, өз беттерінше көрші мемлекет халқын тонап, оңай олжаны иеленуді ғана көздегендерін көрсетеді. Таң атысымен Әмір Темір Дауд, Хүйсейін, Үшқара баһадүр әмірлер бастаған әскерін Қамар ад-Дин әскерінің соңынан аттандырады. Олар Қамар ад-Дин әскерін Іле өзенін бойлай қуады. Сонда өзеннен өтерде Хусейін әмір суға ағып кетеді. Ал, қалған әмірлер әскерлерімен Қамар ад-Диннің иелігін тонап, мал-мүлкін тонап, қолға түскен мыңдықты бөліп алып қайтады. Дегенмен бұл жолы да Қамар ад-Дин әскерінің негізгі бөлігімен жау қолына түсуден аман қалады.

Әмір Темір Самарқандқа қайтар жолында Байтақта тоқтап, баласы Жаһангерді Қамар ад-Динді қолға түсіру тапсырмасымен арнайы аттандырады.

Жаһангер Уч-фирман деген жерде (Шығыс Түркістанда – *авт.*) Қамар ад-Диннің біраз әскерін талқандап, Қамар ад-Диннің тауда екендігін біліп, артынан түседі. Осы жолы Жаһангер бастаған Мәуереннахр әскерлері Қамар ад-Диннің ұлысын талқандап, оны тонауға ұшыратады. Қамар ад-Диннің ағасы Шамс ад-Дин дулаттың әйелі Туйанаға мен қызы Дилшад аға жау қолына тұтқынға түседі. Байтақта 53 күн аялдаған Әмір Темір Қара Қастекке келіп, осы арада Дилшад ағамен үйлену тойын өткізеді.



Әмір Темір

Әмір Темір шығысындағы күшті қарсыласы әмір Қамар ад-Диннің көзін жоюға қол жеткізгенімен, оның елін тонап, әскерін қырып, мал-мүлкін талан-таражға салып, оның күш-қуатының әлсіреуіне қол жеткізеді. Сондықтан Қамар ад-Динге қарсы жасаған үшінші жорығынан кейін, келесі жылы, яғни 1376 жылдың наурыз-көкек айында Хорезмге жорыққа аттанады. Ал, әмір Сары Бұға, Әділ шах жалайыр, Жетай баһадүр, Илчи Бұға мен және т.б. әмірлеріне қалың әскермен Моғолстанға аттанып, «қалай болғанда да, қайда жүрсе де Қамар ад-Динді іздеп тауып, көзін жоюға бұйрық берді». Бірақ осы кезде, Әмір Темірдің жоқтығын пайдаланған Әділ шах жалайыр мен Сары Бұға қыпшақ Хитай баһадүр мен Енші Бұғыны тұтқынға алып,

өз тайпалары жалайырлар мен қыпшақтардан құралған әскерлерімен Самарқандты қоршауға алады. Бұл оқиғалар Әмір Темір мемлекетінде де оның билігіне қарсы күштердің бар екендігін көрсетіп қалды. Әсіресе Әмір Темірге қарсы күшті оппозиция Ходженд және оның маңында орналасқан жалайырлар ұлысынан төнді. Бірақ Әділ шах жалайыр мен Сары Бұға қыпшақ Самарқандты қорғауға аттанған Жаһангердің әскерінен жеңіліп, Дешті қыпшаққа қашып Орыс ханды паналауға мәжбүр болады. Бұдан әрі деректерге сөз берсек: «Әділ шаһ пен Сары Бұға Орыс ханға қызмет ете бастады. Ақырында олардың бойындағы бұзақылық пен жаман пиғыл бас көтеріп, Орыс хан жайлауға шыққан кезде қиянат қылышын опасыз қыннан суырып Ошы би деген ханның сенімді өкілімен шайқасып, оны өлтірді. Сонан соң ол жерден қашып шығып Жетс ұлысына, яғни Моғолстанға, Қамар ад-Динге барып оны бүлік пен жамандық жасауға арандата бастады». Егер осы мәліметтерді тереңірек талдасақ, Әмір Темірдің билігіне қарсы шыққан Әділ шах жалайыр мен Сары Бұға қыпшақтың Әмір Темірге қарсы күресте оның ең күшті қарсыласы Қамар ад-Динмен күш біріктіруге шешім қабылдағанына көз жеткіземіз. Осылайша, көшпелілік пен көшпелі өмір салтын сақтап қалуды көздеген әрі Әмір Темірдің үстемдігі мен тонаушылықтарына қарсы топтар біріге бастайды. Қамар ад-Дин Темірдің иелігі Әндіжан уәлаятына басып кіреді. Әмір Темірдің тағы бір ұлы Омар-шейхтың әскері құрамына кіретін кадак тайпасынан құралған мыңдық одан бөлініп, Қамар ад-Дин жағына өтеді. Қамар ад-Дин Әндіжанды басып алды. Бұл туралы Омар шейх әкесі Темірге Данишманд деген біреуді жіберіп «бүлікшілер толық жеңіске жетіп, Әндіжанның тас-талқанын шығарды» деп хабар жеткізеді.

Бұл хабарды естіген Әмір Темір әскерімен Үзгендтке жеткен кезде қолға түскен тұтқындар мен олжаны алған Қамар ад-Дин әскерімен 2 күн бұрын бұл жерден кетіп қалған еді. Оның артынан іле-шала аттанған Әмір Темір әскері Қамар ад-Динді Атбасы деген жерде қуып жетеді. Жау хабарын естіген Қамар ад-Дин отбасы мен басқа да адамдарды басқа жерге жіберіп, өзі төрт мың әскермен жауды тоскауылдап қалады. Қамар ад-Диннің елі мен әскері туралы ешбір мәлімет біле алмай әрі оның өзін қолға түсіруден күдер үзген Темір әскері аймақты тонауға кіріседі. Тонау мен талан-таражға Темірдің қасында қалған 5 мың әскердің басшылары – Муаййад, Хитай баһадүр, Ақ-Темір баһадүр, Шей-Али баһадүр сияқты және т.б. әмірлер де қосылып кетеді. Осылайша, Әмір Темірдің қасында 200-дей, келесі бір дерек мәліметі бойынша 400-дей ғана әскер қалады. Осындай тиімді сәтті пайдаланған Қамар ад-Дин төрт мың әскерімен Әмір Темірге бас салады. Дегенмен тарихта аз санды әскердің өзінен саны жағынан анағұрлым артық қарсыластарын жеңуі туралы фактілер өте көп. Бұл жолы да дерек мәліметтері бойынша Әмір Темір өз қолымен Қамар ад-Динді шегінуге мәжбүр етеді.

Ортағасырлық келесі бір деректің хабарлауынша Қамар ад-Динді іздеп жүрген Әділ шах пен Сары Бұға Санкиз-Ағаш деген жерде онымен кездесіп, болашақ іс-әрекеттерінің біріккен жоспарын талқылайды. Осылайша, Сары Бұға қыпшақ, Әділ шах жалайырдың қолымен күш біріктірген Қамар ад-

Дин әскері мен Әмір Темір әскері Сегіз-Ағаш деген жерде кездесіп, шайқас болды. Қамар ад-Дин қайта шегінеді. Үш Қара баһадүр Қамар ад-Диннің ізінен қууға түседі. Бірақ орта жолға жеткенде Қамар ад-Дин сегіз нөкерімен қайта оралып, оны қоршап, атын садақпен атып өлтіреді. Өзі жаралы, жаяу қалған баһадүрді Қамар ад-Дин өлтіруге тыйым салып, тірі қалдырады. Ол жаяу, жаралы күйінде аман қалады.

Қамар ад-Дин әскері жеңілгенімен, оның басты күштері негізінен сақталып қалады. Қамар ад-Дин өз тайпасы дулаттар және оның билігін мойындаған өзге ру-тайпалардан құралған елін алып, Моғолстанның түкпір аймақтарына көшіп кетеді. Темір көшкен елдің жұртын тонап, қолға түскен олжасымен Мәуереннахрға қайтып оралады. Қамар ад-Дин негізгі күшін сақтап қалғанымен, осы жолы үлкен шығынға ұшырайды. Жалпы Қамар ад-Дин және Моғолстанның өзге де дербес билеушілері Темірге қарсы күресте көшпелілердің ежелгі әдісі – қоныс аударып кетуді жиі пайдаланған. Осылайша олар өздерінен бірнеше есе асып түсетін жауға тиімді тойтарыс бере білген. Темірдің ресми тарихын жазған авторлардың барлығы дерлік Темірдің Қамар ад-Динге қарсы күресін сипаттай келе, соңғысының бұл әрекетін қашып кетуге мәжбүр болды, «жеңілді», «тоз-тозы» шықты деп бағалайды. Әрине, бұл бағалар белгілі бір дәрежеде шындықты білдіргенімен, оны толық ашып көрсете алмайды. Мұның себебі көшпелілер мен отырықшы халықтардың дүниетанымдық түсініктеріне барып тірелсе керек. Көшпелілер мен отырықшы халықтардың құндылықтар өлшемі және оларға қатысты қалыптасқан таным-түсініктері бір-бірінен ерекшеленеді. Мәселен, отырықшы халықтар үшін ең маңыздысы – жер. Жер шаруаның тіршілік көзі, оның болашағы, оның сенімді тірегі. Жерден айырылу өліммен тең. Ал көшпелілер үшін керісінше, ең алдымен, елдің амандығы басты құндылық. Ежелден рулық, қауымдық тіршілікке бейімделген көшпеліге өз руластары, қандастары мен елінің ішінде жүрсе ғана бүгіні мен болашағының қауіпсіздігін қатамасыз ете алады. Елден айрылып жалғыз қалу – табиғаты қатал, негізінен көшпелі мал шаруашылығы дамыған далада жалғыз қалып өмір сүру емес, тіршілік қана ету дегенді білдіреді.

Сондықтан Қамар ад-Дин де ең алдымен елдің амандығын сақтап қалу үшін осындай амал-әрекетке барған. Әмір Темірдің әр шапқыншылығы басталған тұста Моғолстанның көшпелі өмір салтын ұстанатын ру-тайпалары өткелі қиын таулы аймақтарға көшіп кетіп, мұнда бірнеше ұсақ-ұсақ топтарға бөлініп, шашырап қалатын. Ал жау әскері кеткеннен кейін келесі шапқыншылыққа дейін қайта оралатын. Міне, көшпелілердің бұл әрекетін отырықшы халықтардың өкілі болып табылатын Темірдің тарихшылары «Қамар ад-Диннің жеңілісі» деп бағалауының сыры осында жатыр. Бұл жерде ортағасырлық тарихшылардың бағалауынша Қамар ад-Дин Әмір Темірден күл-талқан болып жеңілсе, онда оған қарсы он жылға жетер-жетпес уақытта жеті дүркін жорық жасаудың қандай қажеттігі болды деген сұрақ туындайды.

Дегенмен Қамар ад-Дин Әмір Темірге қарсы күресте жеңілмей, елжұртын аман алып қалғанымен, бұл шапқыншылықтар мен Моғолстан

халқы үшін із-түссіз кеткен жоқ. Жау тырнағынан аман қалу үшін қайта-қайта көшу барысында олар малынан, жанынан айырылып, шығынға ұшырады. Көшкен жұрттың артынан жаудың алдын торуылдап қалған әскерлер ауыр шайқастарда қаза тапты. Ал кейде жау табан астынан басып кіргенде көшуге үлгере алмай қалған ел талан-таражға түсіп, тонаушылық пен қырғынға ұшырады. Осылайша, Моғолстан халқын құраған ру-тайпалар, соның ішінде дулаттар Әмір Темірдің шапқыншылығынан ауыр зардаптар шекті. Сегіз ағаш (Секиз-Ағаш) түбіндегі шайқастан кейін Әмір Темірдің Атақұм арқылы Сырдарияның жағасына, одан Самарқандқа аттанғанын айттық. Ол Самарқандқа оралысымен Қамар ад-Динге қарсы жасаған төртінші жорығы барысында Қамар ад-Диннің одақтастары ретінде өзіне қарсы шайқасқан өзінің бұрынғы әмірлері Әділ шах жалайыр мен Сасы-Бұға қыпшақты іздестіруге кіріседі. Қарсыластарының біріккен әскерін жеңгеннен кейін Әмір Темір олардың жеке-жеке көзін жоюды көздесе керек. Жоғарыда аталған шайқастан кейін «Қамар ад-Дин қашып құтылған соң, ол арнайы адам жібертіп, Әділ Шахты іздестіреді. 1376 жылдың аяғына таман Әділ-Шахтың Сырдария мен Талас өзендерінен оңтүстік-шығысынан солтүстік-батысқа қарай созылып жатқан Қаратау тау жоталары бойында жүргені туралы хабар келеді. Әділ-Шахқа қарсы аттанған Барат-қожа Күкелташ пен Елші Бұғы атты әскермен Самарқанд қаласынан шығып, Қаратауға аттанады. Отырар қаласынан қосымша жасақ алғаннан кейін олар Әділ-Шах жалайырдың соңынан мықтап түседі. Қаратау баурайында Дешті Қыпшақты бақылап отыру үшін тұрғызылған Ақсума деп аталатын мұнара түбінде Әділ шах қолға түсіп, өлтіріледі».

Ал Сасы-Бұға Қыпшақ қашып құтылады. Әмір Темірдің баласы Омар-Шейхқа Ақ-Бұға, Хитай баһадүр және т.б. әмірлерімен бірге Қамар ад-Диннің артынан түсіп, көзін жоюға тапсырма береді. Екі жақтың әскері Кура-Тау (Қаратау) деген жерде кездесіп, Қамар ад-Дин жеңіліске ұшырайды. Темірдің әскерлері Қамар ад-Диннің елі мен ұлысын тонап, көптеген олжаға кенеліп, тұтқындарды алып қайтады.

Міне, Әмір Темірдің Қамар ад-Динге қарсы жасаған төртінші жорығы осындай нәтижелермен аяқталады. Бірақ арада біраз уақыт өтпей жатып-ақ Әмір Темір осы жылы (1377 ж.) Қамар ад-Динге қарсы тағы әскер жібереді. Осылайша, Әмір Темірдің Моғолстанға бесінші жорығы басталады. Біз бұл жорықтардың барлығы дерлік Қамар ад-Дин дулатқа қарсы бағытталғанын байқаймыз. Себебі Ильяс Қожа хан өлтірілгеннен кейін Моғолстандағы билікке ұмтылған Қамар ад-Диннің билігі бүкіл елге жүрмегенімен, оны дулаттардан басқа ру-тайпа билеушілері жоғарғы билеуші деп танығанын көреміз. Себебі деректердің көпшілігі алғашында бұл жорықтарды «Қамар ад-Динге қарсы» жорық деп атап көрсетсе, соңғы жорықтар туралы жазғанда «Моғол ұлысына қарсы», «Жете ұлысына» қарсы жорық ретінде бағаланады. Бұл дегеніміз замандастарының көпшілігінің Қамар ад-Динді Моғолстанның жоғарғы билеушісі ретінде қабылдағанын көрсетеді.

Әмір Темірдің екінші ұлы Омар-Шейх бастаған әскер мен Қамар ад-Дин әскерінің арасындағы ең ірі шайқас Аба-құм деген жерде өтті. Екі

жақтан да шығын өте көп болады. Дерек тілімен айтсақ, «Омар Шейхтың бұл жеңісінен кейін Қамар ад-Диннің күші сарқылады, ал оның бұған дейін шағатайлардың шапқыншылығынан аман қалған Моғол ұлысының әскеріне тұтқынға түседі». Яғни бұл шайқаста екі жақ та табан тіресе, аянбай шайқасқандарымен, Қамар ад-Дин қолы жеңіліс табады. Дерек мәліметтеріне қарағанда бұған дейінгі шайқастармен салыстырғанда, бұл шайқастың Қамар ад-Дин және оның елі үшін аса зор зардапты болғанын байқаймыз. Дегенмен қанша зор шығынға ұшырағанымен, Қамар ад-Дин жау тырнағынан аман қалады. Бар жағдайды көз жазбай бақылап отырған Әмір Темір Қамар ад-Диннің түпкілікті көзін жою үшін өзі жеке әскер бастап, іле-шала Омар-Шейхтың артынан аттанады. Ол Қамар ад-Диннің аман қалған күшін құрту үшін Қашқарға дейін барады. Ол Қамар ад-Динмен Боам шатқалында (Шу аңғарынан Ыстық көлге барар жолда орналасқан – авт.) кездесіп, шайқас болады. Бірақ бұл жолы да Қамар ад-Дин аз ғана адамымен аман құтылып кетеді. Ал Темір осы кезде Шығыс Дешті Қыпшақтан Тоқтамыс оғланның өзінен пана іздеп келгені туралы хабар алады. Сондықтан осы хабарға байланысты әрі Қамар ад-Динді енді қолға түсіре алмасын білген соң ордасына қайтады. Бұл жорықтың орасан зор ауыр салдары болғандығы соншалық, Моғолстан аймағы бұл жолғы тонау мен қырғынның салдарынан ұзақ уақыт айыға алмады. Деректердің хабарлауынша осы кезден бастап Мәуереннахр мен өзге де елдерде моғол гулямдары мен құлдары пайда болады». Басқаша айтқанда Әмір Темір тұтқынға түскен Моғолстан халқын құлдыққа сатып жіберген.

Қамар ад-Диннің Әмір Темірдің шапқыншылығына қарсы соғыстарындағы жеңілістерінің легі оның Моғолстандағы беделіне әсер етпей қоймады. Соңғы жылдардағы үздіксіз шапқыншылықтардан көз ашпаған Моғолстаның халқы ауыр зардаптарды бастарынан кешті. Әмір Темір осы жолғы жеңісінен кейін бес жылдай уақыт Моғолстанға шапқыншылығын тоқтатады. Бұл жылдарда Қамар ад-Дин ауыр соққыдан ес жиып, бытырап кеткен ел-жұртын жинаумен, бейбіт тіршілікті қайта қалпына келтірумен айналысса керек.

Әмір Темірдің бұл жорықтарымен Моғолстан халқын, соның ішінде Қамар ад-Дин басқарған дулаттарды зор шығынмен қырғынға ұшыратқанымен, оларды түбегейлі бағындыруға қол жеткізе алған жоқ. Бірақ Әмір Темірдің шапқыншылықтарының зардаптары да өте ауыр болды. Дегенмен халық бұл шапқыншылықтардың зардаптарынан айығып келе жатты.

Сондықтан 1383 жылы Темір Моғолстанға қарсы тағы да әскер аттандырады. Әмір Темір әскерінің басшысы ретінде тағайындалған ұлы Әли ханзада барын тайпасының қарсылығына ұшырап, Қамар ад-Диннің «көзін жоюдан» үміті үзіліп, кері шегінуге мәжбүр болады. Әмір Темір бұл хабарды алысымен Шейх-әли баһадүр, Сайф ал-Мүлік, Итилмиш пен Арғын-шах ахтачи бастаған әскерді қосымша аттандырады. Жақын арада бұлардан бір хабар келмеген соң өз ұлы Жаһан-шах бастаған, Елші-Бұғы, Шамс ад-Дин, Үшқара, Сайн Темір баһадүр басқарған 10 мың әскерді тағы аттандырады. Екі топ Атақұмда кездесіп, барын тайпасын қырғынға ұшыратады. Бірақ

Қамар ад-Дин бастаған дулаттар қолға түспейді. Жаһан Шах әкесінен алған нақты тапсырма бойынша Қамар ад-Диннің артынан түседі. Ол әскерімен Ыстықкөлден өтіп, Көктөбеге дейін жетеді. Бірақ Қамар ад-Динді қолға түсіре алмай, амалсыз кері қайтуға мәжбүр болады. Қамар ад-Дин бұл жолы өз ұлысымен Жетісудың солтүстігіне кетіп үлгерген еді.

Жоғарыда Қамар ад-Дин ұлысына негізінен тек дулаттар ғана емес, Жетісудың өзге де көшпелі тайпалары кіргенін айтқан едік. Мәселен, 1383 жылғы жорықта көп қырғынға ұшыраған барын тайпасы Қамар ад-Дин билігін мойындаған, оның ұлысына кірген тайпалардың бірі болған. Қамар ад-Диннің жеңілістері, оның қол астына қараған ел жұртының жау шапқыншылығынан ауыр зардаптар шегуі, Қамар ад-Диннің ұлыс билеушісі ретіндегі беделін төмендетті. Сондықтан оның билігін мойындаған тайпалар бірте-бірте одан бөліне бастады. Мұндай қолайлы сәтті Қамар ад-Диннің жеке дара билікті иеленуін қаламаған басқа дулат әмірлері тиімді пайдаланып қалуға ұмтылды. Әмір Болатшының ұлы Хұдайдад әкесінің саясатын жалғастырып, Шағатай ұрпақтарынан хан сайлау арқылы өздерінің билігін нығайтуға ұмтылды. Негізінен, Маңғылай Сүбе иелігіндегі дулаттар Шығыс Түркістан мен оңтүстік Тянь-Шяньдағы отырықшы-егінші аймақтардың мүддесін қорғады. Сондықтан олар Қамар ад-Дин бастаған көшпелі және жартылай көшпелі ру-тайпалар және олардың билеушілерінің ұстанған бағытымен салыстырғанда Әмір Темірмен жақындасу, одақтасу саясатын ұстанды.

1389 жылы Хұдайдад дулат бастаған топ Тоғылық Темір ханның ұлы Қызыр Қожаны Моғолстанның ханы деп жариялайды. Бірақ Қамар ад-Дин бастаған дулаттар мен оның ұлысына кірген өзге де ру-тайпа билеушілері Қызыр Қожаны жоғары билеуші деп танудан бас тартады. Мұхаммед Хайдар Дулатиге сүйенсек, әмір Хұдайдад Қамар ад-Дин кезінде Тоғылық Темір ханның ұлы Ильяс қожа ханның және оның туыстарының көзін жойып, жоғарғы билікке ұмтылған тұста, Қызыр Қожаны Мир аға деген шешесімен бірге жасырып үлгерген. Сөйтіп, оны Бадахшан мен Қашқар арасындағы тауға алып кетіп, асырап сақтаған. Мұхаммед Хайдар Дулати Қызыр Қожа «Қамар ад-Диннің көзі жойылған соң халық өзіне хан іздей бастайды. Әмір Хұдайдад әлгі аймаққа кісі жіберіп, Қызыр Қожа ханды алғызады», – деп жазады. Бірақ Әмір Темір мен оның ұрпақтарының тарихын жазған авторлардың еңбектерінде Қызыр Қожа хан мен Қамар ад-Диннің есімдері жиі-жиі бірге аталады. Осы деректерге сүйене отырып, Қызыр Қожаның Қамар ад-Диннің тірі кезінде-ақ хан деп жарияланғанын көреміз.

Осындай жағдайда Әмір Темір 1389 жылы Моғолстанға қайтадан басып кіреді. Бұл жолғы жорық бұдан бұрынғы шапқыншылықтармен салыстырғанда көлемі жағынан да, салдары жағынан да аса үлкен әрі ауыр соғыс болады. Бұл жорықты ұйымдастырудың бірнеше себептері болды. Соның бірі саяси өмірде орын алған біраз өзгерістермен де тікелей байланысты болды.

Мәселен, осыдан бірнеше жыл бұрын Әмір Темірді барып паналаған Тоқтамыс Ақ Орда мен Алтын Орда мемлекетін біріктірген күшті мемлекеттің билеушісіне айналады. Сондықтан ол көп ұзамай Әмір Темірге қарсы

шыққаны белгілі. Міне, осындай жағдайда Қамар ад-Дин бастаған дулаттар және Моғолстанның өзге де ру-тайпаларының билеушілері Тоқтамыспен күш біріктіре бастайды. Кезінде Қамар ад-Диннің Темірге қарсы күресінде оның одақтасы болған Қажыбек аркинуттың бауыры Елге-төре де өз ұлысымен бұл одаққа бірігеді. Осы кезде Тоқтамысқа қарсы жорыққа дайындалып жатқан Әмір Темірге оның әскери қолбасшылары алдымен Тоқтамыстың одақтастарын талқандап, өз тылын қауіпсіздендіріп алуға кеңес береді. Осылайша, Әмір Темір бастаған үлкен әскер Моғолстанға аттанады. Осы сәтте Қамар ад-Диннің ұлысына қарайтын және Моғолстан аймағындағы өзге де ру-тайпалардың қолдауына ие болу үшін Маңғылай Сүбедегі дулат әмірлері Қызыр Қожа ханды Темірге қарсы коалицияға қосылуға көндіреді.

Бірақ одақтастар, әсіресе Моғолстанның бір-біріне бағынудан бас тартқан дербес билеушілері дер кезінде ортақ іс-қимылдың жоспарын жасап үлгере алмайды. Темір әскері басып кірген қауіпті сәтте Тоқтамыстан да көмек келмейді. Орасан зор әскермен Моғолстанға басып кірген Темір әскері еш жерден ұйымдасқан, табанды қарсылыққа кездесе қоймайды. Себебі тұрғындардың барлығы дерлік мал-мүлкімен, дүниесімен шығысқа қарай жөңкіле көшкен еді. Сондықтан Темірдің үлкен әскері негізінен су мен азық-түліктің тапшылығынан зардап шегеді. Әскерлер шаршап, аттар көтерем болуға айналған соң Темір әскердің үштен бір бөлігін кері қайтаруға мәжбүр болады.

Әмір Темір Моғолстанға жорығын әл-Қошын деген жерден бастап, Бөрібасы мен Төпелік-Қарақ арқылы Өрлек (Орлак, Ознак, Ортас) атты таулы асудан өтеді. Одан әрі Атқан-Сүрі деген жер арқылы Айғыржал, Улан-Чарлыг, Шапар-Айғыр (Шыбар Айғыр) атты жазықта Елге төренің әскерімен кездесіп қалып, шайқаста жеңеді. Қашып құтылған Елге төренің артынан әскер аттандырады. Бірақ келесі күні Темір әскері жолдан адасқандарын біліп, Қыйан-қазы арқылы жолға оралып, келесі күні Аягөзге жетеді. Осыдан кейін Темір әскерін екіге бөліп, өзі Тарбағатайдың батысына қарай, ал оның баласы Омар-Шейх Қобық өзені жағалауында Елге төрені жеңеді. Баласының әскерімен кездесіп, Итішпес Алакөл арқылы Қара-Гучурге қайтып оралады. Осы жерден бір отрядты Ертіске аттандырады. Өзі Еміл бойына тоқтап, осы жерден Моғолстанның оңтүстік бөлігін тып-типыл ету үшін бар әскерін бірнеше топқа бөліп аттандырады. Бұлар соңында Жұлдызда кездесуі тиіс болады. Осы бұйрыққа сәйкес Түркістандағы (Темір мен Моғолдардың иелігі арасындағы шекаралық аймақ) әмірлер өз әскерлерімен Үш-Дабан арқылы Іле өзенін кесіп өтіп, Сайрам көлі бойымен жүріп отырып Чичеклик, Балайқаз деген жерлер арқылы Жұлдызға оралуы керек болды. Бұл әскер осы жолды дулат әмірлерінің бірі Құдайдад бастаған топтың қолдауымен билікті иеленген Қызыр Қожа ханның әскерін кездестіреді. Екі жақта екі күнге созылған, бірін-бірі аңдысқан шайқастан кейін келісімге келіп, айырылады. Қызыр Қожа ханның орналасқан жері туралы нақты мәлімет алған Темір өз әскерімен тез жылжып, оның ұлысының тас-талқанын шығарады. Қызыр Қожа ханның ұлысының аман қалған адамдары бас сауғалап, Турфан жаққа қашады. Бұл жерде де оларды Омар-Шейх

әскерлері «жер бетінен жойып» жібереді. Қызыр Қожа ханның ұлысын талқандағаннан кейін Темір әскері көп олжамен Мәуереннахрға қайта оралады. Темірдің бұл жорығы Моғолстан халқы үшін алдыңғы жорықтармен салыстырғанда өте ауыр болды. Темір осы жолы Моғолстан халқын түгел жойып жіберуді мақсат тұтса керек. Оның бірнеше топқа бөлінген әскерлері бүкіл Моғолстан аумағын сүзіп өтіп, көздеріне көрінген жандардың бәрін қырып, тұтқындап, мал-жандарын олжалап алды. Темірдің бұл жорығы туралы жазған ортағасырлық авторлардың ешқайсысы Қамар ад-Диннің Темірмен шайқасы туралы хабарламайды. Дегенмен біз бұл кезде Қамар ад-Дин басқарған әскерде Темір әскерімен шайқасқаны анық. Себебі, Әмір Темірдің Моғолстанға осы жолы басып кіруінің себебі де оған қарсы Қамар ад-Дин, Елге-Төре және т.б. Моғолстандағы ірілі-ұсақты ұлыс билеушілерінің Тоқтамыспен құрған одағын жоюдан туындағанын айтып өткенбіз. Осы жолы Әмір Темір Моғолстанды қаншалықты қырғынға ұшыратқанымен, келесі 1390 жылы қайтадан 25 мың әскер оның алдыңғы жылғы жорықтан аман қалған ел-жұртын толық жою үшін аттандырады. Темірдің бұл әскері көбінесе қаңырап қалған бос өлкені бекер кезіп қалады.

Тек Қаратал өңірінде ғана Қамар ад-Диннің ұлысынан аман қалған жұртын кездестіреді. Қуғыннан аман құтылу үшін Қамар ад-Дин оларды алып, Ертістен ары өтіп, Телеу көлінің маңына кетеді. Бұл жерде оның адамдары шашырап кетеді, ал Қамар ад-Диннің өзі осы кезден бастап хабарсыз кетеді.

Мұхаммед Хайдар Дулати Қамар ад-Диннің соңғы күндері туралы халық арасында сақталып қалған мынандай бір әңгімені жазады: «Әмір Қамар ад-Диннің өмірінің соңғы сәттері туралы Моғолстанның сенімді адамдарының айтуы бойынша ол Кол Качурде шемен ауруына шалдығып, дертінің күшейіп кеткендігі соншалық, кіндік астының терісі жарылып, сұйық зат тиылмаған. Дәл осы мезетте Әмір Темірдің қолы оған қарай бет алғанын естіп жатты, алайда оның атқа мініп, тізгін ұстауға әл-дәрмені жетпеді. Әйтеуір елі оны бірнеше күнге жететін азық-түлікпен жанына екі адам және емші қосып, орман ішіне жеткізген болатын. Қалған кісілер қашып кетті. Қуғыншылар оны және оның адамдарын орман ішінен қанша сарылып іздесе де таба алмай қойды».

Қамар ад-Диннің ізіне түсіп, оны Ертістің арғы бетінен де таба алмай қойған Темір әскері ормандардағы ағаштарды таңбалап кетеді. Бұл тәсіл арқылы Темір өз билігінің Алтайға дейін жеткенін дәлелдегісі келсе керек.

Сонымен, Қамар ад-Диннің Әмір Темірдің шапқыншылығына қарсы ұзақ жылдар бойы жүргізген күресі осылайша аяқталды. Әмір Темір өзінің үздіксіз шапқыншылықтарының нәтижесінде Моғолстан халқын үлкен қырғынға ұшыратты. Моғолстан жорығының белгілі зерттеушісі К.А. Пищулина жазба дерек мәліметтеріне сүйене отырып, Моғолстанның барлық халқы, соның ішінде кейінірек қазақ халқының негізін құраған дулаттар, керейлер, үйсіндер, қаңлылар және т.б. ру-тайпалардың зардап шеккенін атап өтеді.

Қамар ад-Дин қайтыс болғаннан кейін Моғолстандағы жоғарғы билікке әмір Болатшының ұлы Хұдайдад әмір бастаған дулат әмірлері ұмтылып,

қалыптасқан дәстүр бойынша Шағатай ұрпақтарының бірі Қызыр Қожа ханды билікке әкеледі. Бұл хан көп ұзамай өзін Әмір Темірдің вассалымын деп жариялайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Әмір Темір шапқыншылықтарының себептері мен барысын көрсетіңіз.
2. Әмір Қамар ад-Диннің Әмір Темірдің шапқыншылықтарына қарсы күресіне баға беріңіз.
3. Әмір Темір шапқыншылығының Моғолстан мемлекетінің дамуына тигізген салдарларын сипаттаңыз.

§ 4. XIV-XV ғ. басындағы Моғолстанның ішкі-сыртқы саясаты

Қамар ад-Дин дулат қайтыс болғаннан кейін Моғолстандағы жағдай өзгереді. Ендігі жерде әмір Болатшының ұлы әмір Хұдайдаттың ықпалы өсе түседі. Моғолстан тарихындағы Әмір Хұдайдаттың қызметін тарихтан белгілі тұлғалар француз кардиналдары Ришелье, Мазарини немесе герман канцлері Отто фон Бисмарк, сондай-ақ ағылшын премьер-министрлерінің тарихи-саяси рөлімен қатар бағалауға болады. Ол өзінің Моғолстанның саяси өміріндегі билігін кезінде өзі аман алып қалған Қызыр Қожа ханды моғолдардың ханы деп жариялауымен қайта қалпына келтіруге ұмтылады. Себебі алғашқы моғол ханы Тоғылық-Темір әкесі Болатшы қайтыс болғаннан кейін ұлысбегілік дәрежесіне Хұдайдатты бекіткенімен, іс жүзінде жеті жасар баланың саяси өмірдегі ықпалы жоққа тән еді. Жоғарыдағы тарауларымызда айтып өткеніміздей Хұдайдаттың басты қарасыласы оның әкесінің туған бауыры әмір Қамар ад-Дин дулат болған еді. Әмір Хұдайдат Қызыр Қожа ханды хан сайлауға қол жеткізгенімен іс жүзінде басты саяси қарсыласына айналған Қамар ад-Дин қайтыс болғаннан кейін ғана Моғолстанның бар билігін өз қолына шоғырландыруға мүмкіндік алады. Ендігі жерде ұзақ жылдар бойы Моғолстандағы ұлысбегілік қызметі әмір Хұдайдаттың қолына өтеді. Дулаттан шыққан осы кезеңдегі құдіретті әмір Хұдайдат туралы «Тарих-и Рашиди» авторы былай дейді: «Моғолдарға әмір Хұдайдаттың өз қолымен алты адамды хан жасағаны белгілі. Олардың алғашқысы Қызыр қожа хан, ... (онан соң) Шам-и Джахан хан, Накш-и Джахан хан, Мұхаммед хан, Шир Мұхаммед хан және соңғысы Уәйіс хан». Міне, осылайша, іс жүзінде Моғолстан мемлекетінде әмір Хұдайдаттың саясатын жүргізген хандар бірінен соң бірі билік құрады. Моғолстан мемлекетінің іс жүзіндегі билігі құдіретті ұлысбегі әмір Хұдайдат дулаттың қолына шоғырланады.

Ресми биліктің ең негізгі функцияларын өз қолына шоғырландырған әмір Хұдайдат Моғолстаның ішкі, сыртқы саясатының түйінді мәселерін шешуді өз қолына алады. Көп ұзамай әмір Хұдайдат өз билігінің сақталуына мүдделі топтың қолдауына ие болады. Ендігі тұста ол бар назарын сыртқы саясат мәселелеріне аударады.

Қызыр Қожа хан билікке келгеннен кейінгі оқиғалар туралы Мұхаммед Хайдар Дулати былай деп жазады: «Ел-жұртты жинап, оны хан етіп сай-

лайды, Моғол мемлекеті мен хандығының бейнесі шырайлана түсті. Моғолстан істері өрлеп, көркейіп, Әмір Темірмен бейбіт келісім жасасады». Қызыр Қожа хан 1397 жылы Самарқандқа баласы Мұхаммед оғлан бастаған елшілігін аттандырып, қызы Түкелі ханымды Темірге атастырады.

Көріп отырғанымыздай, әмір Хұдайдат дулат бастаған Маңғылай Сүбедегі дулат әмірлері Қамар ад-Дин дулат бастаған Жетісу дулаттарының ұстанымына қарама-қарсы бағытты, яғни Әмір Темірмен күресу емес, керісінше оның билігін мойындау саясатын ұстанды. Бұл туралы келесі бір ортағасырлық дерек авторы Муин ад дин Натанзи де «Қызыр Қожа оғлан өзін Темірге деген бағыныштылық тартпасымен байлады», – деп бейнелі тілімен жеткізеді. Мұның өзі Қамар ад-Дин дулат пен Әмір Темір арасындағы ұзаққа созылған ауыр соғыстан кейін, мемлекет пен халықтың бұдан былайғы қауіпсіздігі мен тыныштығын қалпына келтіру сияқты кезек күттірмейтін міндетті жүзеге асырудан туындаған саяси қадам болғанын байқаймыз.

Себебі көптеген зерттеушілер Қызыр Қожа ханның Әмір Темірге бағыныштылығы іс жүзінде болмағандығын атап өтеді. Бұл жағдай Қызыр Қожаны хан сайлаған дулат әмірлеріне тәуелсіз саясат жүргізуге мүмкіндік береді. Қызыр Қожа хан 90-жылдары Моғолстанды біріктіру және оның дербестігін сақтап қалуға қол жеткізеді. Бұл жағдай, әрине, Әмір Темірдің жоспарларына сәйкес келмеді. Сондықтан 1404 жылы Моғолстанды тек Қытайға бағытталған болашақтағы жорықтың тірек базасы ретінде ғана емес, оны толық бағындыру мақсатында да Моғолстан арқылы өтетін 800 мың әскерін азық-түлікпен қамтамасыз етуге дайындық жасауын тапсырады. Бұл хабарды естіген хан «қымыз құйған кесені қолына ұстап тұрып, қатты ойға кетеді». Бірақ әміршінің Отырар қаласында қайтыс болғандығы туралы хабар ғана «оның жанын жегідей жеп күйзелткен қайғыдан біржолата құтқарады». Дегенмен басқа деректер бойынша Қызыр-Қожа хан 1399-1400 жылдары қайтыс болған. Ал біз баяндап отырған кезеңде Моғол ханы Қызыр Қожа ханның ұлы Шам и-Джахан (1399-1408 ж.) еді.

Қызыр Қожа қайтыс болған кезеңде оның артында төрт ұлы қалады. Олар: Шам и-Джахан, Мұхаммед оғлан, Шир Әлі оғлан, Шах-Джаһан. Аталған төрт үміткер әрқайсысы өз жақтастарының күшіне сүйеніп, өзара билік үшін күреске түседі. Моғолстан билеушілерінің арасындағы мұндай алауыздықты Мәуереннахрдағы Темір әулетінің өкілдері де құр жібере қойған жоқ. Ортағасырлық деректердің хабарлауынша Әмір Темірдің немересі Искандер мырза қолайлы сәтті пайдаланып Моғолстанға жорық ұйымдастырып үлгереді. Осындай жағдайда әмір Хұдайдат дулат Қызыр Қожа ханның баласы Шам и-Джаһанды қолдайды. Ортағасырлық автор Муин ад-Дин Натанзи Шам и-Джаһанның билікке келуі туралы: «Әкесі қайтыс болғаннан кейін Хұдайдаттың көмегімен Моғол ұлысының билеушісі болды, – деп нақты атап жазады. Шам и-Джаһаннан кейін әмір Хұдайдаттың көмегімен моғол тағына Қызыр Қожа ханның тағы бір баласы Мұхаммед оғлан 1408-1410 отырады. Аталған моғол хандары сырткы саясатында Мәуереннахр өлкесіне қарсы бағытталған саясатты жалғастырады. Олар әмір Хұдайдат бастаған көшпелі және жартылай көшпелі ақсүйектердің

көмегінен айырылып қалмау үшін солардың мүддесіне қарай әрекет жасады. Осылайша, Мұхаммед хан Мәуереннахрдың ішкі істеріне араласып, нәтижесінде Моғолстанның Темір ұрпақтарына бағыныштылығын жойды. Шу-Талас өңірі Темір ұрпақтарының билігінен босап, моғолдар егіншілік жазираларға шығуға мүмкіндік алады. Мұхаммед ханның сыртқы саясаттағы табыстары елдің ішкі жағдайына да тиімді әсер етті.

Мұхаммед хан қайтыс болғаннан кейін Моғолстанның билігін Қызыр Қожа ханның баласы Нақш-Джаһан иеленеді. Бірақ ол ұзақ уақыт билік құра алмады. 1418 жылы оны Мұхаммед ханның ұлы Шир Әлі оғланның баласы Уәйіс хан өлтіреді. Ол Моғолстан билігіне қол жеткізеді. Бірақ мұндай жағдайда Моғол жерінде қайтадан қырқыстар басталады. Уәйістің билігіне оның әкесінің бауыры Шир Мұхаммед қарсы шығады. Уәйіс ханның Нақыш Джаһанды өлтіруінен кейінгі Моғолстанда басталған тұрақсыздық туралы хабар Мәуереннахр билеушілеріне бірден жетеді.

Елдің ішінде басталған осындай тұрақсыз заманда моғол әмірлері өз жақтастарының билікке келуін қамтамасыз ету үшін сыртқы күштерге сүйенуге бел байлайды. Мәселен, Жете әмірлерінің бірі Шир Бахрамның ұлы бұл кезде Темір әулетінің билігіне өткен Қашқарға қашып келеді. Осы кезеңдегі дулат әмірі Хұдайдаттың ұстанған бағыты жайлы деректер әр түрлі мағлұматтар береді. Мәселен Абд ар-Раззак Самарқанди 1419 жылы тамызда Қашқардан әмір Хұдайдат моғол билеушісіне (яғни, Уәйіс ханға – авт.) қарсы шыққандығынан, бұл елде бүлік басталғаны туралы хабарлайды. Зерттеуші В.В. Бартольд деректердің Моғолстандағы бүлікті пайдаланып оған қарсы жорыққа аттанған Ұлықбек мырзаға Қара-бұлақ деген жерде әмір Хұдайдат атынан елшілер келгені туралы мәліметтерін алға тарта отырып, Хұдайдаттың Темір ұрпақтарымен одақтасуға ұмтылғаны туралы тұжырым жасайды. Сондықтан әмір Хұдайдаттың жоғарыда аталған елшілігін сөзінің дәлелі ретінде келтіреді. Бірақ Мұхаммед Хайдар Дулатиге сүйенсек, Уәйіс хан Шир Мұхаммедпен күресіп, биліктен айырылып қалған тұста қазақшылық құрып жүрген кезінде әмір Хұдайдат өз ұлы әмір Сайид Әліні оның қасына қосқан. Уәйіс хан билікті өз қолында тек 1421 жылға дейін ғана ұстап тұра алды. 1420 жылы Ұлықбекке Қамар ад-Дин дулаттың ұлы Жаһаншах әмір, оның артынан Хұдайдат әмірдің тағы бір ұлы Құл-Мұхаммед әмір келіп жетеді. Бұл әмірлердің Ұлықбекпен қандай мәселелер жөнінде келіссөздер жүргізгені мәлім емес. Дегенмен Ұлықбектің әкесі Шахрухтың Қытайға аттандырған елшілігі Моғолстан арқылы өткенде керуеннің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді әмір Хұдайдат өз мойнына алады.

Осы оқиғаларды талдай отырып В.В. Бартольд Ұлықбек Моғолстанға жасаған жорығында әмір Хұдайдаттың әскери көмегіне үміт артқан болар деген болжам айтады. Бірақ бұл жорық басталмай жатып, моғолдардан келген елшімен бейбіт келісімге келумен аяқталады. Біз бұл оқиғаларды талдай келе, осы кезеңдегі моғол ұлысындағы шын мәніндегі жоғары билеуші әмір Хұдайдат Ұлықбекпен бейбіт тату көршілік қарым-қатынастарды жақтағанын көреміз. Ол әр түрлітоптардың арасындағы алауыздықтан туындаған ішкі бүліншілік жағдайында өзінің саяси бағытын өзгертіп отырған. Қолайлы

сәтте, Әмір Темір ұрпақтарының Жетісу мен Шығыс Түркістан аймағына қол сұғушылығына тосқауыл қоя білсе, мұндай жағдай мүмкін болмаған тұста олармен келісімге келе отырып, елді жаудың сырттан басып алу қаупінен құтқару жолын да қарастырған. Себебі әмір Хұдайдат іс жүзіндегі хан билігінің артықшылықтарын өз қолына шоғырландырған әмірші болғандығымен, Моғолстанның өз ішіндегі басқа да ру-тайпа әмірлерінің басын қосу, олардың алауыздығын ауыздықтау аса ауыр міндет еді.

Уәйіс ханнан билікті тартып алған Шир Мұхаммед ханның да билігі ұзаққа созылмайды. Себебі ол билікті иеленгендігімен моғол әмірлерінің бір бөлігі ғана оны қолдады. Ал екінші бөлігі бұрынғысынша Уәйіс хан жағында қала берді.

Бұдан былайғы оқиғаларды баяндайтын дерек мәліметтеріне сүйенсек, Шир Мұхаммед ханды Қамар ад-Дин дулаттың ұлы Жаһаншах дулат бастаған дулаттардың бір бөлігі, сулдуз, керейіт және т.б. Жетісу тайпалары қолдағанын көреміз. Билікке келгеннен кейін көп ұзамай Шир Мұхаммед Ұлықбекке бағынудан бас тартады. Сондықтан Ұлықбек моғолдарға қашып кеткен әскербасшысының қайтарылмауын сылтауратып 1425 жылы 17 ақпанда Моғолстанға аттанады. Осы жорық кезіндегі оқиғаларды баяндайтын деректердің бірінде де әмір Хұдайдат иелігі Шир Мұхаммед ханға тәуелсіз, жекс иелік ретінде аталады.

Ашпара маңында қыстаған моғолдар әкерін Ибрахим әмір басқарды. Ұлықбек оған қарсы 30 000 әскерін аттандырады. Моғолдарды қапыда бас салу үшін олардың ешқайсысына жолда от жақпауға бұйрық беріледі. Бірақ моғолдар шағатайлықтардың жақындап қалғанынан құлақтанып қалып, тез арада Ақсу мен Боам шатқалы аралығындағы Қызылсуға шегініп үлгереді. Шағатайлар моғол әскерінің бір бөлігін қуып жетіп, ұрыс салғанымен, Ашпарадан алысқа ұзамайды. Ал Ибрахим бастаған әскер Боам шатқалындағы Жаһаншах дулат бастаған әскермен қосылады. Олар осының алдында ғана шағатайлардың қолына түскен тұтқындар мен мал-мүлікті қайтарып алу үшін оларға қарсы аттанады. Шайқас Ақсу маңында орын алады. Моғолдар жеңілуге мәжбүр болып, Жаһаншах дулат әскерімен Үлкен Кеминге шегінеді. Оның артынан түскен Арслан қожа тархан Жаһаншаһты аталған өлкеден таба алмайды. Себебі, Жаһаншах Шелек, Шарын өзендері аралығындағы Шир Мұхаммед ханның ордасына қайтып кетеді. Ұлықбек жіберген әскер, кейінірек оның өзі де Шарын мен Шелек өзендері аралығындағы Әбіш деген жерде орналасқан Моғол ханының орнын сипап қалады. Осындай кезде Ұлықбекке әмір Хұдайдат дулаттың елшілігі келеді. Көптеген зерттеушілер әмір Хұдайдаттың бұл әрекетін әр түрлібағалайды. Дегенмен жоғарыда келтіріліп отырған оқиғалар тұсында әмір Хұдайдаттың жасы 90-нан асса керек. Ұзақ жылдар бойы «моғолдардың өмірін тәртіпке келтіріп, олардың істерін басқаруды мойнына алған құдіретті әмір, шын мәніндегі билеуші әмір Хұдайдаттың бұл әрекеті туралы Мұхаммед Хайдар Дулати былай деп жазады: «Қорытып айтқанда, оның Мүбәрәк жасы тоқсан жетіге жеткенде ол қажыға барып келуге аңсары ауып, мүдделі болды. Уәйіс ханнан неше рет рұқсат сұраса да ала алмады. Сондықтан әмір, Мырза Ұлықбекке астыртын

адам жіберіп: «Егер Мырза келетін болса, моғолдарды көндіріп, оған тапсырамын» деп хабар берді. Мырза Ұлықбек тарапынан көп зиян көргендіктен және оларды күйрету ниеті әрқашан көкірегінде бұғып жатқандықтан Хұдайдаттың ұсынысын тез қабылдап, аттанып кетті. Моғолстанның белгілі бір қорғаны Шу маңына жеткенде, әмір Хұдайдат қашып, Ұлықбекке қосылды. Моғол ұлысы жан-жаққа бытырап кетті. Әмір Ұлықбекке айтты: «Менің сізге көмектескен себебім – олардың маған қажылыққа баруға рұқсат бермей жүргендіктерінен еді. Мұны сылтау етіп Сізге алға қарай жүре беру жөн болмас». Оған Мырза Ұлықбек құлақ асып, сол жерден кері қайтты. Самарқанға жеткен соң, Мырза Ұлықбек әмірден: «Шыңғыс жарғысын (тура) сізден жақсырақ білетін ешкім жоқ, бізге жалпы жұмыстарда қажет болғандықтан, соларды айтып берсеңіз», – деп өтінді. Әмір: «Біз Шыңғыс жарғысын жинап қойып, ислам шариғатын алдық. Мырза өзі оқымысты бола тұра, шариғатты қажет етпей, Шыңғыс жарғысын керек етсе, онда жарғыны Мырзаға үйретеміз», – деді. Мырза бұл әңгімеден қатты әсерленіп ұялды».

Осылайша, ұзақ уақыт бойы Моғолстанның ішкі-сыртқы саясатында аса көрнекі рөл атқарған ұлысбегі – әмір Хұдайдат дулат саяси өмірден қол үзіп, өмірінің соңғы сәтін бүкіл мұсылмандардың қасиетті парызы – қажылыққа арнайды. Самарқандқа, Ұлықбекке келген әмір көп ұзамай Мекке мен Мединеге аттанып, сонда қайтыс болады.

Әмір Хұдайдат Мәуереннахрға аттанғаннан кейін Шир Мұхаммед ханды қолдаған дулаттардың бір бөлігін басқарған әмір Қамар ад-Дин дулаттың баласы Жаһаншах әскерінің шағатайларға тойтарыс беру әрекеттеріне қарамастан, Ұлықбек әскері Моғолстанды тағы да қырғын мен шапқыншылыққа ұшыратып кері қайтады.

Бұл оқиғалардан кейін Шир Мұхаммед хан мен Уәйіс хан арасындағы күрес қайтадан өршиді. Бұл күрес тек Шир Мұхаммед ханның қайтыс болғанынан кейін ғана аяқталып, 1426 жылы Уәйіс хан билікке қол жеткізеді. Уәйіс хан тұсында Моғолстандағы ұлысбегілік қызметі әмір Хұдайдаттың ұлы әмір Мұхаммед шаһқа өтеді. Әмір Мұхаммед шаһ әкесі Хұдайдат әмірден кейінгі ең ықпалды ұлысбегіне айналады. Уәйіс хан билік құрған кезеңде Жетісуға ойраттардың (қалмақтардың) шапқыншылығы жиілей түседі. Мұхаммед Хайдар Дулати ел аузындағы әңгімелерге сүйене отырып, ханның қалмақтармен алпыс бір рет шайқасқанын жазады. Ол тек бір рет қана жеңіп шыққан, одан басқаларында жеңіліске ұшыраған.

Моғолдар 10 жылға жетер-жетпес қысқа мерзім аралығында қалмақтардың шапқыншылықтарының ауыр зардаптарын басынан өткерді. Дегенмен қалмақтар аталған кезеңде Жетісу жеріне тереңдеп ене алмады. Осы кезде моғол ханы өз астанасын Шығыс Түркістаннан Жетісудың аралығына – Іле өзенінің бойына көшірді. Нәтижесінде Моғолстанның астанасы Ілебалық қаласына ауысады.

Уәйіс хан бастаған Моғолстан халқы ойраттармен (қалмақтармен) күресіп жатқанда 1428 жылы Ұлықбек те өз әскерін бір жақтан аттандырып үлгереді. Осы шайқаста Уәйіс хан қате тиген жебеден қайтыс болады. Мұхаммед Хайдар Дулатидың мәліметі бойынша ханды оның өз қызметшісі

(мулазимі) барын тайпасынан шыққан Жақыр атты мерген ханды танымай оқ атқан. Деректің бұл мәліметін басқаша да талдауға болады, яғни хан оның билігіне қарсы ақсүйектер тобының қастандығынан да өлтірілуі мүмкін. Себебі Уәйіс ханның қайтыс болуымен Моғолстандағы уақытша тыныштық пен бірлік заманы қайта бұзылды. Зерттеуші К.И. Петров Уәйіс ханның өлтірілуіне Мұхаммед шаһ дулаттың тікелей қатысы болғандығын жазады. Себебі бірте-бірте өзін биліктен шеттете бастаған ханды ұлысбегі бұрын өзінің қызметінде болған Жақыр мергеннің қолымен жүзеге асыруы әбден мүмкін болған.

Біздің пікірімізше, әр түрлі ықпалды тайпа көсемдерінің қайтадан өзара қырқысқа түсуінің себептерін мынандай оқиғалармен байланыстыруға болады. Уәйіс хан өз қолынан алты ханды таққа отырғызған әмір Хұдайдаттың қолдауымен билікке келген алтыншы хан еді. Әмір Хұдайдат дулаттың Моғолстан мемлекетінің тарихындағы орны ерекше болғанын көрдік. Сондықтан оның мемлекет істерінен қол үзуі Моғолстанның саяси өміріндегі белгілі бір кезеңнің аяқталғанын көрсетті. Моғолстанның ішкі-сыртқы саясатында белсенді рөл атқарған, оның бағытын анықтап, мемлекет саясатын жүргізіп отырған дулаттардың билеуші әулеті де бұдан былай екіге жарылады. Әрине, олар қалыптасқан дәстүр бойынша дулаттардың артықшылықтарын түгел сақтап қалды. Дегенмен ендігі жерде дәл әмір Хұдайдат сияқты мемлекеттің бүкіл тыныс-тіршілігін бір өзінің қолына шоғырландырған тұлға шыға қоймады. Бұдан былайғы оқиғалардан байқайтынымыздай, дулат әмірлері өзара екі лагерге анық бөлініп, әр түрлі үміткерлерді қолдайды. Бұл күрес түптің түбінде дулаттардың билеуші тайпа ретіндегі құқықтарын шектеуге де алып келеді. Бұл кезде сыртқы жағдай да шиеленісіп кетеді. Әсіресе Темір ұрпақтары Шығыс Түркістан аймағының заңды иелері дулаттармен осы бай өлкені иелену үшін тынымсыз күрестерін қайтадан, жаңа күшпен бастайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Әмір Хұдайдаттың Моғолстанның ішкі-сырты саясатындағы орны мен рөлі қандай болды?
2. Моғол билеушілерінің арасында орын алған ішкі алауыздықтардың туындау себептерін көрсетіңіз.
3. Жетісу жеріне қалмақтар шапқыншылықтарының жиілеу себептері неден туындады?

§ 5. XV ғасырдың алғашқы ширегі-XV ғасыр аяғындағы Моғолстан

1428 жылы әмір Хұдайдаттың қолдауымен билікке келген соңғы моғол ханы Уәйіс ханның қайтыс болуымен Моғолстандағы билік үшін тартыс бұрынғыдан бетер шиеленісті. Екі топқа бөлінген тайпа көсемдерінің бір тобы Уәйіс ханның үлкен ұлы Жүністі, екіншілері кіші ұлы Есенбұғаны қолдады. Осы кезде әмір Хұдайдаттың кезінде оның билігін қолдап, қасынан

табылған кейбір тайпа көсемдері өз беттерімен әрекет жасауға көшеді. Олар ендігі тұста Хұдайдаттың балаларына бағынудан бас тартып, өздерінің саясатын қолдайтын ханды өз күштерімен билікке әкелуге әрекеттенеді. Бұл оқиғалар туралы Мұхаммед Хайдар Дулатидың қалдырған мәліметтеріне көз салайық: «Әмірлердің арасындағы алауыздықтың кесірінен әмір Хұдайдаттың сыйлы адамдары Иразан барин және Мирак түрікпен екеуі Уәйіс хан қайтыс болғаннан кейін адамдары және қару-жарақтарымен Хұдайдаттың ұлы әмір Мұхаммед шаһтан бөлініп, Жүніс ханға барып қосылады. Сөйтіп, олар бүлікшіліктің негізін қалайды.

Басқа жамағат осылай Есенбұғаға қосылған еді. Әмірлердің көпшілігі Есенбұға хан жағында болғандықтан, моғол еместер одан әрі Моғолстанда қала алмады. Отыз мың отбасын басқарып Иразан барин және Мирак түрікпен Жүніс ханды алып, Самарқанға бет алды. Есенбұға хан және басқа моғолдар Моғолстанда қалды». Бұдан өзге де ортағасырлық деректер бойынша (Бабырнаме бойынша 3-4 мың отбасымен) шорас тайпасы да осы кезде Мәуереннахрға көшкен.

Сонымен 1429 жылдан бастап Есенбұға ханның билік кезеңі басталады. Оның хандық билікке келуі Есенбұғаны әмір Хұдайдаттың ұлы әмір Мұхаммед шаһ, немересі Сайид Әлі бастаған топтың қолдауының нәтижесінде жүзеге асқанын көреміз.

Жоғарыда Уәйіс хан қайтыс болып, Моғолстанда берекесіздік жылдары орын алған тұста Әмір Темір ұрпақтарының Шығыс Түркістан аймағын басып алуға жаңа, тың күшпен қайта кіріскенін айтқан едік. Сонымен бұл кезеңде Ұлықбек мырза Қашқарды басып алып, алдымен, оны өз атынан билеуді әмір Сұлтан Мәлік Дулатқа, кейінірек Қажы Мұхаммед Шаистеге тапсырған. Одан соң Қашқарды билеуге Пір Мұхаммед барласты жібереді. Осылайша ол, әмір Сайид Әлінің әкесі, әмір Хұдайдаттың баласы әмір Сайид Ахметті Қашқардан қуған еді. Бұл оқиға осыдан он төрт жыл бұрын орын алған еді.

Дулат әмірлері Моғолстанда Есенбұғаны таққа отырғызып, жағдай реттелген тұста Қашқарды қайтарып алу сәті туды деп есептейді. «Әмір Сайид Әлі осы кезде Қашқарға көңіл аударып, аталарына астана болған мекенді ол он төрт жыл өткен соң қайтаруға жағдай туып отыр деп ойлап, (Есенбұға) ханнан: «Егер біз ескі ата жұртымызды қайтарып алмасақ, онда толығымен хақсыздық болады», – деп рұқсат сұрайды.

Алғашында, дулат әмірлерінің қолдауымен билікті иеленген хан бірте-бірте оларды биліктен шеттете бастайды. Мұхаммед Хайдар Дулати «хан жастығы мен кәмелетке толмауы себепті әмірлерге әдепсіздік көрсетті», – деп жазады. Осылайша, Есенбұға хан бірте-бірте дулат әмірлерінің ықпалынан құтылуды көздеп, өз маңайына Турфаннан шыққан ұйғырларды топтастыра бастайды. Солардың бірі Темір ханның сеніміне кіріп, қамқорлығына ие болады. Ал Мұхаммед шаһ бастаған дулат әмірлері мемлекет істерінен шеттетіледі. Мұндай жағдайда дулат және өзге де ықпалды ру-тайпа көсемдері бас қосып өзара кеңесе келе, бір күні хан мәжілісіне басып кіріп, әлгі Темір ұйғырды ханның көзінше кескілеп өлтіріп, өздері жан-жаққа

бытырап кетеді. Осындай саяси дағдарыс кезінде арадағы дәнекерлік рөлін әмір Саййид Әлі қолына алады. Ол Ақ-Құйашта (Бартольд бойынша бұл Ілс өзені – авт.) ханмен кездесіп, оны Ақсуға алып кстеді. Осылайша, хан Ақсуда әмір Саййид Әлінің қасында қалады.

Ханның Ақсуға кетуімен Моғолстанда қайтадан ішкі тұрақсыздық пен бей-берекетсіздік басталады. Әмірлер мен тайпа көсемдері өз бсттерінше әрекет жасап, өмір сүруге көшеді. Кейбір тайпа көсемдері өз наразылықтарының көрінісі ретінде өз тайпаластарымен тұтас көтеріліп көрші мемлекеттерге қоныс аударады. Жалпы біз қарастырып отырған кезеңде өз жақтастарымен бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшіп кету әрекеті саяси қарсылық, саяси күрестің бір құралы ретінде көрінетін. Міне, осы кезеңде орын алған бұл оқиғалардан Мұхаммед Хайдар Дулати жан-жақты хабар береді. Дерекке көз салсақ: «Сол уақытта тағы бір әмір Кәрімберді – ол да дулат руынан еді, Моғолстан шекарасында Әндіжан мен Ферғана бағытында Алабұға деген жердегі бір төбенің үстіне қорған салды. Күні бүгінге дейін оның орны көрініп жатыр. Әмір Кәрімберді Әндіжанға және мұсылмандарға шабуыл жасаған.

Әмір Хақберді бекжак Ыстық көлдің Қой су деген жерінде қорған салған. Ыстық көлдің аралына бала-шағасы мен әйелін қалмақтардың шабуылынан сақтау үшін орналастырып, өзі Түркістан және Сайрамды ойрандауға кірісті.

Шорас (Чурас) пен барин тайпаларының әмірлері Исан Тайшының баласы Амансанжы қалмаққа кетті. Тағы басқа топ қалучи (қалушы), бұлғашы (булгачи) және басқа да бірнеше тайпалар Өзбекстанға Әбілқайырдың қол астына кеткен еді.

Құнжы әмірлері, тағы басқалары Моғолстан даласын сергелдеңге түсіріп, берекетсіздікке ұшыратты».

Бұдан әрі «Тарих-и Рашидидің» авторы әмірлермен ханның арақатынасының қайтадан қалпына келіп, елде тыныштық орнағанын жазады. Біздіңше, әмір Саййид Әлінің қамқоршылығын қабылдаған хан оның көмегімен моғол әмірлерімен қайтадан келіссөздер жүргізуге мәжбүр болған. Осы келісімнің нәтижесінде ғана әмір Хұдайдаттың баласы «әмір Мұхаммед шах бірінші болып ханның алдына келеді». Басқаша айтқанда, дулаттардың артықшылықтары мен құқықтарын хан қайтадан мойындап, бұрынғы қалыптасқан ел билеу дәстүрін сақтап қалуға көшеді. «Одан соң барлық ел ханға қайтып оралады. Хан да өзінің жасаған әрекеттеріне өкініп, елімен жақсы қарым-қатынас жасай бастайды».

Жоғарыда айтылған әмір Кәрімберді дулат та өз заманындағы ықпалды дулат әмірлерінің бірі болған. Ол Есенбұғаны қодаған әмірлерге қосылмай өз иелігінде қалып, 20 жылдай тәуелсіз өмір сүреді.

Осындай жағдайларға байланысты Есенбұға хан Моғолстанда толық тәртіп орнатып, жеке билігін күшейтуге қол жеткізді дей алмаймыз. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулати де оның билігіне қарсы шығып, «ханнан бөлініп әрқайсысы өз бетінше кетіп, қорған тұрғызған моғол әмірлері ханға да бағынбайтынын» атап көрсетеді. Ал осы кезеңдегі қаңлы аймағының

әмірі Хақберді бек Ыстық көлдің Қой су деген жерінде қорған салған. Ыстық көлдің аралына бала-шағасы мен әйелін қалмақтардың шабуылынан сақтау үшін орналастырып, өзі Түркістан және Сайрамды ойрандауға кірісті. Дерек мәліметтеріне қарағанда Моғолстандағы ықпалды ру-тайпалардың бірі дулат әмірлерінің бір бөлігі, ал қаңлы, шорас, баарин, қалушы, булғашы, қоншы тайпалары толығымен Есенбұға ханды қолдаудан бас тартқан.

Осындай жағдайда хан көрші Мәуереннахрдағы ішкі талас-тартыстарда (Ұлықбектің билігінің соңғы жылдары мен оның өлімінен кейін орын алған (1449 ж. – авт.) қатысып, өзара қырқысқан ру-тайпа көсемдерін назарын жаулап алу жорықтарына аударма қшы болды. Есенбұға хан 1451 жылы Темір әулетінің иелігіне жататын Сайрам, Түркістан, Ташкент қалаларына шабуыл жасап, аталған өлкелерді тонап қайтады. Ханның бұл әрекеті бұрын да болған еді. Бірақ кейін де ол Мәуереннахр өлкесіне шапқыншылық жорықтарын жиілетпесе тоқтатпайды. Ал бұл кезде Мәуереннахрдағы билік Әбу Саид мырзаға өткен еді. Бірақ «Сұлтан Әбу Саид мырза бұл хабарды естігенімен, Есенбұға ханға тойтарыс беруге дәрменсіз еді. Өйткені егер ол Моғолстанға барса, Есенбұға хан Моғолстаннан шеткері кетіп қалар еді. Самарқанд әскерлеріне кең байтақ далада Есенбұға ханның қай түкпірге тығылып қалғанын табу қиын болмақ. Сондықтан олар амалсыз кері қайтпақ. Ал әскерлер кетісімен, Есенбұға хан да өз жұртына қайта оралды. Сөйтіп, Есенбұға ханды жазалау мүмкін болмас еді.

Екіншіден, Есенбұға ханның әскерінің көптігінен Сұлтан Әбу Саид әмірлері оларға қарсыласуға шамасы келмейтін де еді. Сұлтан Әбу Саид әскерімен Иракқа бет алуға мүдделі-тін. Алайда ол жоғарыда айтылғандай Есенбұға ханға алаңдап, ол жаққа бара алмай қалды (бұл туралы кейін де айтылады). Содан соң ол Иракқа сол жақтан Есенбұға ханның ағасы Жүніс ханды алып келген кісіні жіберді, бұл жөнінде жоғарыда жазғанбыз, алда тағы баяндайтын боламыз, және де оны Есенбұға ханға қарсы жіберді, ондағысы осылайша ағалы-інілі екеуі бір-бірімен тартысып жанжалдасып жатса, уәлаяттың шекарасы тыныш табар деген ойы еді».

Осылайша, Әбу Саид мырза ежелгі сенімді әдіс бойынша Моғолстан тағына өз адамын қою арқылы бұл елді бағыныштылықта ұстап отыруға шешім қабылдайды. Жүніс ханның інісі Есенбұға ханмен билік үшін таласта жеңіліп, өзін қолдаған тайпалармен Самарқандқа кеткенін жоғарыда айтқан едік. Сонымен Жүніс хан 1428-1429 жылдан 1455-1456 жылдарға дейін Темір әулетінің иелігінде тұрды. Ұлықбек оны кезінде әкесі Шаһрухқа аттандырған еді. Міне, осы кезеңде Жүніс хан кейін Темір әулетінің ресми тарихын жазған өз заманындағы атақты ойшыл, ғалым Шарафаддин Әли Йездидің қасында болып, одан білім алады. Ол Маулананың (Йездидің) жанында 12 жыл болады. Ал, Иезди қайтыс болғаннан кейін, Шираз қаласына тұрақтап, сонда ғылымның әр түрлі саласын меңгереді. Яғни ол бұрын-соңды билік құрған моғол хандарының ішінен білімділігімен ерекшеленетін.

Әбу Саид мырза Жүніс ханды Моғолстанға аттандырмастан бұрын онымен келісімге келеді. Бұл келісімнің негізгі шарты мен мазмұны Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінде келтірілген.

Осылайша, Темір әулетінің көмегіне сүйенген Жүніс хан Моғолстанға оралғанда оған ең алдымен әмір Кәрімберді дулат және құнжы тайпасының әмірлері келіп қосылады.

Дегенмен Есенбұға хан қайтыс болғаннан кейін 1462-1468 жылдар аралығында Моғолстан билігі оның баласы Дос Мұхаммед ханның қолында болды. Дос Мұхаммед 1462-1468 жылдары билік құрды. Бұл кезеңде Қашқарда әмір Сайид Әлінің үлкен баласы Сансыз мырза билік құрады. Ол 1464-1465 жылы аңға шыққанда аттан құлап, бөксесі ұшынан бес жерден жарақаттанып, ақырында сонда қайтыс болады. Оның артында Мырза Әбу Бәкір және Омар мырза атты екі ұл, Сұлтан ханым есімді бір қыз қалады. Ендігі жерде Қашқардағы билік Сансыз мырзаның бауыры Мұхаммед Хайдар мырзаға өтеді.

Ал Мырза Сұлтан Әбу Саидтен көмек алып, Моғолстанға оралған Жүніс ханды Қашқар билеушісі Сансыз мырза қолдаған еді. Жүніс хан негізінен Моғолстанда тұрды. Дегенмен ол Есенбұғаға, одан кейін оның ұлы Дос Мұхаммедке өткен иеліктерге кіруге батылы бармайды. Мұхаммед Хайдар мырза Ақсудағы Дос Мұхаммедті қолдайды. Жалпы, Жүніс хан бұрынғы Шағатай ұлысында орын алған көшпелілік пен көшпелі өмір салтын және отырықшылық пен қалалық өмір салтын жақтайтын екі топтың арасындағы күреске тап болады. Ол өзі қаншалықты қалалық өмірді аңсағанмен оны қолдаған көшпелі және жартылай көшпелі ру-тайпалар мен олардың көсемдері бұған көнбейтін хан өз талаптарына бағынбайтын болса, олар оған бас тартудан бұрын, оның өзін өлтірулері де ғажап емес еді. Сондықтан, мұндай жағдайды өте жақсы түсінген Жүніс хан өзінің қол астындағылардың талабына көнуге мәжбүр болды. Дос Мұхаммед хан қайтыс болған кезеңде, Сансыз мырзаның қайтыс болуынан кейін дулаттардың ежелгі иелігі Қашқардағы билікті қолына алған Мұхаммед Хайдар мырза Жүніс хан жағына өтеді. Осылайша, Ақсу да Жүніс хан иелігіне қосылады.

Жүніс ханның билік құрған уақытында (1468-1469 және 1487 ж.) Жетісуға қалмақтардың шапқыншылығы қайта күшейеді. 1472 жылы Амасанжы тайшы бастаған қалмақтар Іле бойында Моғолдарға қатты соққы береді. Сондықтан Жүніс хан Сырдария аймағына қашуға мәжбүр болады.

Жалпы Жүніс хан Темір әулетінің өкілдеріне сүйене отырып, Моғолстанның тек оңтүстік-батыс бөлігіне ғана билік жүргізе алды. Ал оның солтүстік және шығыс бөлігі, яғни Жетісу мен Ыстықкөл аймағын қолынан шығарып алды. Бұл аймақта қазақ сұлтандары Керей мен Жәнібек және қырғыз билеушілері иеленіп алған еді. Жүніс хан бұдан әрі Шығыс Түркістан немесе Маңғылай-Сүбенің билеушілері дулат әмірлерінің арасындағы талас-тартыстарға араласады. Ол Қашқар билеушісі Мұхаммед Хайдар мырзаны қолдап, оның ағасы Сансыз мырзадан туылған інісі Әбу Бәкір дулатқа қарсы күресіне қолдау көрсетеді.

Қалыптасқан саяси жағдайға байланысты Жүніс ендігі тұста Моғолстаннан батысқа қарай, Сайрам, Ташкент өңірін басып алуға ұмтылады. Сондықтан Мәуереннахр билеушілерінің арасында орын алған алауыздықтарға араласады. Ол Ош, кейін Сайрам қалаларын иеленеді. Ханның қалалық

өмірге қайтадан аңсары ауғанын білген моғолдардың бір бөлігі Жүніс ханның бір ұлы Сұлтан Ахметті (ол көбінесе Алаша хан деген атпен белгілі – авт.) хан деп аталып, Моғолстанда қалады. Ал, бұл кезде Мұхаммед Хайдар мырза дулат Жүніс ханның ұсынысымен ол Сайрамға кеткенде Ошта тұрды. Ал, келесі жылы Әбу Бәкірге қарсы аттанып, оның қолына тұтқынға түседі. Бір жылдан кейін, оны Бадахшан жаққа жібереді.

Ташкент пен оңтүстік-батыс Моғолстанды ғана билеген Жүніс хан 1487 жылы қайтыс болады. Оның орнына үлкен ұлы Сұлтан Махмұд хан билікке келеді. Ал, Жүніс хан 1484 жылы бөлініп, Моғолстанның шығыс бөлігінде билік құрған кенже ұлы Сұлтан Ахмет хан 10 жылдай күрес жүргізіп, арлат, шорас, қалушы тайпаларын бағындырады. Ол қалмақтарға қарсы соғыста сан мәрте жеңіске жеткен, сондықтан олар оны «Алаша хан» деп атап кеткен. Себебі «Алаша» қалмақ тілінде «кісі өлтіруші хан» дегенді білдірсе керек. Алаша хан аталған мырза Ахмет хан 1503 жылы, ал оның ағасы Сұлтан Махмұд хан 1508 жылы Мұхаммед Шайбани ханның қолынан қаза табады. Әмір Жаппарберді Алаша хан қайтыс болғаннан кейін жоғарғы билікті басып алуға ұмтылады. Ханның мұрагері Мансұр Ақсудан Тұрфанға қашуға мәжбүр болады. Осы кезде Жаппарберді Қашқар билеушісі мырза Әбу Бәкір дулатты көмекке шақырады. Әбу Бәкірдің көмегімен астананы барлық қазынасымен басып алады. Сондықтан Мансұр хан амалсыздан әмірмен келісімге келіп, оның барлық шарттарына көніп, әмірге «әкесі (Алаша хан) көрсеткен құрметтен де артық құрмет көрсетуге» уәде береді. Тұрфан мен Шалыш аймағында билігін сақтап қалған Мансұр хан кезінде әмір Жаппарберді ұлыбегі қызметін иеленеді. Жаппарберді кейінірек Мансұр хан мен Сайид хандар арасындағы 1514 жылы билікті бөлісу туралы келіссөздерге де қатысқан Ол XVI ғасырдың 20-жылдары Мансұр ханның Қытайға жорығы кезінде қайтыс болады.

Моғолстан мемлекетінің ыдырап, жойылуының соңғы кезеңінде бұрынғы моғол хандарының ұрпағынан тек сұлтан Махмұд ханның баласы Сұлтан Саид хан ғана қалады. Ол 1480 жылы дулаттардың иелігі Қашқардағы билікті қолына алған Әбу Бәкір дулатпен күресіп, 1514 жылы Қашқардағы билікке қол жеткізеді. Міне, осы датаны Моғолстан мемлекетінің құлауы әрі жаңа Моңғолия мемлекетінің негізі қаланған дата ретінде қарастыру қалыптасқан. Себебі бұл кезеңде бұрынғы Моғолстан мемлекетінің аумағына кірген Жетісу аумағы қазақ хандарының, Тянь-Шянь аумағы қырғыз тайпаларының билеушілерінің қолына өткен еді. Шағатай ұрпағы деп саналатын моғол хандары Қашқария немесе Шығыс Түркістанда ғана иеліктерін сақтап қалды.

Бақылау сұрақтары:

1. Есенбұға ханның билікке келуінің барысын көрсетіңіз.
2. Есенбұға хан билігі тұсындағы Моғолстан мемлекетінің дамуының ерекшелігі неде?
3. Жүніс хан тұсындағы Моғолстанның саяси дамуының сипаты қандай болды?
4. Моғолстан мемлекетінің ыдырау үдерісіне сипаттама беріңіз.

VI
тарау

XIII-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ РУХАНИ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ

§ 1. Діни наным-сенімдер. XIV-XV ғасырлардағы ислам. Көшпелілердің исламдануының дискретті сипаты

Шыңғыс хан жаулап алушылығы Қазақстан түркі тайпаларының ұзақ ғасырларға созылған исламдану үдерісін уақытша баяулатып, тоқтатты, алайда келіп жеткен мәдени-өркениеттік феноменді тоқтатып, тежей алмады. Сонымен қатар жаулап алушылармен бірге, аймаққа мұсылмандық емес наным-сенімдер толқыны келді: шаманизм (тәңіршілдік), несториандық, буддизм, манихейлік, т.б. Бұрынғы Қарахан мемлекеті территориясындағы ислам діні мемлекеттік дін статусын жоғалтты.

Ағылшынның ұлы философы А.Дж. Тойнби: «Бұл қан төгіс соғыста ислам абыроймен аман қалды. Ортаазиялық жаулап алушылар ақыры ислам дінін қабылдады...» – деп жазды. Моңғол билеушілері діни шыдамдылық саясатын жариялағанымен, бұдан тыс әр түрлі діндер мен дәстүрлер басымдылығы үшін бәсеке жүрді. Бұндай рухани күресте ислам ақыр соңында жеңіске жетті, себебі, біріншіден, бұл дін Шағатай мен Жошы ұлыстарының жергілікті түркі тілді халқының діні болды. Екіншіден, моңғол жаулаушыларын ислам қарапайымдылығымен, өзінің икемділігі, әскери рухымен және интеллектуалды әлеуетімен қызықтырды.

Орталық Азияның мұсылман түркілері Шыңғыс хан келгенге дейін көп бұрын жоғары дәрежедегі мәдениет, әдебиет, өнерді дамытты; әл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағұни және т.б. ғалымдарды дүниеге әкелді. Сондықтан да моңғолдардың территорияны басып алу барысында жергілікті этникалық құрылымға интеграцияланып (яғни түркілену, қыпшақтану), ал сонымен қатар ақыр соңында сопылық элементтермен біте қайнасқан исламның суннниттік-ханафиттік бағыттағы жергілікті халықтың дінін қабылдауы заңды құбылыс болды. Сол сияқты оңтайлы геосаяси факторлар қатарында бүтін саяси құрылым көлемінде (Алтын Орда) Қазақстан даласының бұрыннан дамыған исламдық орталықтары Еділ өңірі мен Хорезммен және оңтүстік-шығыс Қазақстан аймақтарының ислам дәстүрлеріне бай Мәуереннахрмен бірігуін атауға бола-

ды. Мұндай біріктіретін процестер жаңа саяси элита – шыңғыс ұрпақтары арқасында жүзеге асты.

Моңғол ұлыстарында XIII ғасырдың екінші жартысынан-XIV ғасырдың ортасы аралығында конфессия аралық күресте күрделі оқиғалар орын алды, бұл кезде билеуші династия өкілдері түрлі позицияларды ұстанған болатын. Ислам дінін қабылдаған шағатайлық хандар ішінде Тармашырын (1326-1334 ж.) ерекшеленді. Моғолстан исламдануы жағынан Мәуереннахрдан көп артта қалған болатын. Алайда XIV ғасырдың ортасына қарай Жетісу мен Қашқарда моңғолдар арасында мұсылмандық бағытты ұстанушылық күшейеді. Жетісу территориясында мұсылман болған Үгедей ұлысының ханзадасы Әли Сұлтан кезінде, 1339 жылы христиандарды қудалау да орын алғаны белгілі.

Исламға түбегейлі бет бұрыс 1348 жылы Моғолстан ханы болып сайланған шағатайлық Тоғлұқ Темір есімімен байланысты болды. Мұхаммед Хайдар Дулати Тоғылұқ Темірдің ислам дінін қабылдауын егжей-тегжейлі сипаттайды. Ханның тұсында ислам позициясын нығайтуға қатысты нақты әрекеттер жасалды. XIV ғасырдан Моғолстан өмірінде ислам діні маңызды рөлге ие еді. Мұхаммад хан кезінде (1408-1416 ж.) моғол тайпаларының көпшілігі мұсылмандарға айналды. «Моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде (XIII-XV ғ.) бүкіл Орталық Азия көлемінде Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы қалалар ханафиттік фикх, араб философиясы, басқа да ғылымдар жөнінен алдыңғы орынға шықты. Бұл аймақ Бұқара, Самарқанд, Хорезм сияқты мойындалған орталықтармен сәтті бәсекелесетін болған».

Жошы ұлысы территориясында билеуші моңғол ақсүйектері арасында рухани өзгерістер Берке хан (1255-1266 ж.) және Өзбек хан (1312-1342 ж.) есімдерімен байланысты болды. Бұл жөнінде Л. Гумилев былай жазады: «Үздік ислам мәдениеті көптеген моңғол хандары мен батырларын қызықтырды, ол өз кезінде Жошы ұлысының саясатына ықпалын тигізді». М.А. Усманов Жошы ұлысының исламдануы кезіндегі хандардың мысалында бұл үдерістің ішкі және сыртқы факторларын бөліп көрсетеді. Ішкі факторы бұл Жошы ұрпақтарының жаңа дінді іздеуіне итермелейтін себептер комплексі, оған ой-сананың дағдарысқа ұшырап, тығырыққа тірелуі, идеялар күресі алып келді. Сыртқы фактор Хулагу ұрпақтарымен болған қарсыласу еді.

Бату хан билігі кезінде-ақ Берке 1253 ж. мұсылман болды. «Шыңғыснама» авторы Өтеміс қажының сөзінше «Дешті Қыпшақ уәлаяты Берке ханға бағынған кезден бастап, дінсіздердің басым көпшілігіне ол ислам дінін қабылдатқызды». Билеушілермен бірге қарамағындағы руларымен ақсүйектердің үлкен топтары ислам дінін қабылдады. Мысалы, 1262-1263 ж. ислам дінін қабылдау акциясы туралы айтылады, онда бүкіл отбасымен, қызметшілері және әскерімен ислам дінін қабылдаған нойондардың есімдері аталады.

Алтын Орда көшпелілері арасында исламның таралуы оңай өткен жоқ; шаманистер, христиандар, буддистер тарапынан қарсыласу фактілері орын алған болатын. Қол жеткен жетістіктерге қарамастан Берке хан Алтын



Берке ханның монеталары (теңгелер)

Орданың біржолата исламдануы мәселесін шешс алмады. Исламдану процесі барысында орын алған идсялық қарама-қайшылықтарды, бұқараның енжарлығын, көшпелілердің ақсүйсктср тобының сепаратизмін нумизматикалық материалдар дәлелдейді.

Берке хан ислам мәдениетін қолдады, ол «өнер мен ғылымды жақсы көріп, ғалымдар мен суретшілерге жағдай жасады, өзінің қыпшақ астанасын жаңа ғимараттармен безендірді». Мұсылман авторларының жазбаларына қарағанда «(Берке) үнемі Құранды талдайтын, хадистерді түсіндіретін, құқықтанушылар мен ұлы ғалымдар оның жанында болатын. Оның діни кітаптары өте көп еді және мәжілістері мен кеңестерінің басым көпшілігі ғалымдармен өтетін. Сарайында шариғат туралы үнемі пікір таластар болып тұрды. Мұсылмандық ісіне ол аса жауапты әрі бар көңілімен кірісті».


Сонымен қатар алдында айтылғандар саяси есеп пен пайданы жоққа шығаруды білдірмейді. Жошы ұрпақтарының өзінің территорияларын Кавказға қарай кеңейтуге құлшынысы мұсылман мемлекеттерімен жақындасуының негізгі себебі болды. Берке хан Каирде тұрған халифпен хат жазысып, одан сыйлы киімдер алып отырды. Берке хан мен Өзбек хандар тұсында Алтын Орда мен Мысыр арасындағы дипломатилық байланыстар Қыпшақ мемлекетінің мәдени дамуына, оның діни негіздерінің бекуіне оң ықпал етті. Kahирамен (Каирмен) және басқа да мұсылман орталықтарымен байланыстардың үдей түсуі Қазақстан халқының интеллектуалды және рухани өмірін одан ары жандандырды.

Жошы ұлысының исламдануының аяқталуы Алтын Орда тағында отыз жыл саяси үстем орнатқан, мемлекетті гүлденген шегіне қол жеткізген белгілі Өзбек хан кезіне сәйкес келді. Мұхаммед Өзбек хан (1312-1342 ж.) өзі шынайы мұсылман болумен, исламға қатысты протекциялық саясат жүргізумен шығыстың ең белгілі билеушісі атағын иеленді. Ортағасырлық шығармаларда жазылғандай «ол исламның әсемдігімен безендірілді ...оның таза жүрегі діни сенім маржандарымен көмкерілді». Өзбек ханның ислам дінін қабылдауы туралы «Шыңғыснамада» айтылады. Халық аңыздарына қарағанда ханды ислам дініне қаратуда шешуші рөлді сопылық әулие Баба Түклас атқарған (кейінгі қазақ эпикалық дәстүрінде оны батырлар пірі Баба Түкті Шәшті Әзиз деп атайды) болатын.

Жазба деректер мен сакральдық аңыздарды зерттеу XIV ғасырда исламдану үдерісі белгілі қиындықтармен өтіп, дискретті сипатта болғандығын көрсетеді. Өзбек хан мен оның қарамағындағылардың исламды қабылдауы конфессия аралық сипаттағы қақтығыстарға алып келді. Алтын Ордада буддизмді, христиандықты, шаманизмді ұстанушылар әлі де болды; католик миссиялары жұмыс істеді. Дешті Қыпшақ саяси өмірінде маңызды

болған буддалық лама Бажир Тоқ Бұға деген ұйғыр есімі белгілі еді. Ол өзінің жақтастарымен Өзбек ханды өлтіруге әрекет жасамақшы болады (хан ажалдан әрең құтылды). Өзбек хан бұған нағыз Шыңғыс ұрпақтарына тән қатыгездікпен қарсы жауап берді. Өзбектің қыпшақ әскері ұйғырлардан шыққан ламалар мен бахшиларды (бақсыларды) қырып салады. Алтын Орда билеушісі бұл әрекеті туралы Мысыр сұлтанына өзі хабар жеткізген болатын. «Мысыр сұлтанына жазған хаттарында Өзбек мемлекетінде мұсылман еместер жоқтығын жазады. Осылайша, оның кезінде бүкіл Алтын Орда мұсылмандалып болды».

Өзінің діни саясатында Өзбек хан қатаңдық пен бір беткейлік танытқаны рас. Алайда, «Өзбек ханн бүкіл ұлысын ислам дініне қаратып, пұттардың барлығын қиратып, көптеген мешіттер мен медреселерді салдыртты». Діни процестердің өркениеттік негізі байқалғанымен, шынайы саяси және әлеуметтік-экономикалық қызығушылықтарының рөлі кем емес еді. Жалпы, исламды қабылдау саяси интеграцияның күшті идеологиялық негізін жасап, ру-тайпалық сепаратизмге шектеу қойып, қалалардың гүлденуіне, сауданың дамуына, мемлекеттің халықаралық абыройының артуына алып келуі керек еді.



Араб әрпімен жазуы бар Алтын Орданың Өзбек хан тұсындағы күміс монеталары («дәнгі») – мемлекеттегі ислам үстемдігінің белгісі

Орыс тарихшысы Н. Веселовский Өзбек хан туралы «бұл тамаша хан еді, ол Ордаға тәртіп орнатты... Оның билігі тұсында мемлекет өзінің дамуы мен күш қуатының ең жоғарғы шегіне жетті» деп жазған болатын. Ханның басқа дін өкілдеріне қатысты жекелеген акцияларын жалпы ереже ретінде, яғни ұстанған басым саяси бағыты деп түсінбеу керек. Р. Груссе атап өткендей «Өзбек ханның магометандық мақсаттары христиандыққа қатысты өзін либералды ұстауына кедергі болмады». XXII Папа Иоанн 1338 ж. 13 шілдеде Өзбекке жолдаған хатында ханның католиктік миссияларға толерантты қатынасы үшін өзінің алғысын білдірді. Жалпы Алтын Орда Өзбек пен Жәнібек кезінде Шығыс пен Батыс мемлекеттерімен өзара тиімді қарым-қатынас орнатып, халықаралық сахнада үлкен беделге ие болды. Исламды

нығайту саясатын Дешті Қыпшақта Өзбектің ұлы Жәнібек жалғастырды (1342-1357 ж.).

Исламның ықпалымен жерлеу дәстүрінің түбегейлі өзгерісі орын ала бастады, мұсылмандық некрополдер пайда болды. Қазақстанның осы бағыттағы архитектуралық ескерткіштерінің көпшілігі XIV-XVI ғасырларға жатады, соның ішінде Маңғыстаудың әйгілі үңгір мешіттері бар. Кейбір мамандардың пікірі бойынша Маңғыстаудағы Шақпақ Ата мешіті Хорезмдегі Өзбек ханның өкілі Тоғылық Темірдің қолдауымен салынды (немесе салынып бітуі, жаңарту ісіне қатысты). Археологтардың пікірінше Маңғыстау жер асты мешіттерін салу инженерлік білімді, көп көлемде жұмыс күшін қажет етті, сондықтан Алтын Орда хандарының қаржылық көмегінсіз бұл жалғыз сопылардың қолынан келмейтін іс болды.

Бұл кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақта ислам дінінің таралуының негізгі ерекшелігі (мысалы, Қарахандар дәуірінде Оңтүстік Қазақстанда болған ұқсас процестерден айырмашылығы) көшпелі-әскери қауымның арасында кең түрде таралуында болды; алғаш рет қазақтарға мұра болып қалған далалық ислам дәстүрі кең түрде танылып, нығая бастады. Оның дәлелі ретінде мыналарды келтіруге болады: Берке мен Өзбектің намаз ғибадатын әскери жарғыға енгізуі; киіз үйлерді қозғалмалы мешіттер мен медреселер ретінде пайдалану; жоғарыда аталған жерасты мешіттердің жартастарда және мемлекеттің орталық қалалары мен оазистерінен алшақ орналасқан жерлерінде салу тәжірибесінің болуы; исламға дейінгі мифтік сюжеттер мен мұсылмандық идеалдарының синтезінің пайда болуы (эпоста, фольклорда, дәстүрде және т.б.), көшпелі ақсүйектер арасында жекелеген мұсылман есімдерінің кең таралуы және т.б.

Осылайша, XIV ғасыр ішінде моңғол шапқыншылығымен тоқтатылған исламның таралуы үдерісі қайта жанданып, даму шегіне жетті. Нәтижесінде моңғолдар мен ұйғырлар түрік-мұсылман халқымен түбегейлі мәдени сіңісіп, бұл синтездің екі өзара байланысты аспектісі байқалды: исламдану мен түркілену. Сонымен қатар мемлекеттің конфессиялық саясатының әлсіреуі кезеңінде діни уағыз негізінен өздерінің шын ықыласымен, күш-қуаты мен қасиеті (харизма) арқасында зор беделге ие болған сопылық шейхтар күшімен жүзеге асырылды.

Алтын Орда мемлекеттілігінің құлдырауы мен Еділ өңіріндегі мұсылмандық урбанистік өркениеттің дағдарысқа ұшыраған кезеңде Жошы ұлысында көшпелі бұқара арасындағы сопылық қауымдастықтардың қызметі XIV ғ. соңы-XV ғ. аса кең көлемге жүргізіле бастайды. Сопылықтың ресми емес сипаты көшпелі далада XIV ғасырдың 60-80 жылдары орталық биліктің әлсіреуі кезінде ғана емес, сонымен қатар алтынордалық қалалардың 1395 ж. қиратылуынан кейін де, одан соң Жошы ұлысының ыдырауы дәуірінде де исламның әрі қарай сәтті дамуына ықпал етіп келді. Көптеген ғалымдар Алтын Ордада Едіге әмірлігі кезінде жаңа діни өрлеу болғанын атап өтеді.

Нумизматикалық материалдарды қарайтын болсақ, XIV ғасырдың соңына қарай және XV ғасырдың басында Тоқтамыс, Темір-Құтлұқ, Бек-Кибал, Шәдібек пен Болат кезіндегі дирхемдерде дін символы қайта пайда болды.

Тоқтамыс билігінен кейін (мемлекет тұрғындарының менталитетінде көшпелі түркілік компонент күшейгені көрінеді) және Әмір Темір әскері мұсылман мәдениетінің орталығы болған ірі қалаларды қиратқан соң тұрғындардың белгілі бөлігі бұрынғы діни-наным сенімдеріне қайта оралуы немесе басқа дінді қабылдауы ықтимал деп есептейміз. Сондықтан таралған монеталар тұрғындарды, әсіресе қала тұрғындарын Аллаға бет бұруларына шақырады. Сол себепті Испан елшісі Руи Гонсалес де-Клавихо 1406 ж. әмір Едіге солтүстік мемлекет тұрғындарын мұсылмандарға айналдырып жатқанын жазады. Қазақстанда исламның таралуының хронологиясы мен кезеңдері – дискуссиялық мәселе, алайда XIV ғасырдан соң «исламдану» мәселесі емес, Қазақстандағы исламның кейінгі тағдыры, яғни оның дағдарысы, құлдырауы немесе белсенділіктің жаңа толқындары сөз болу керек сияқты.

Бірқатар авторлар исламға дейінгі шамандық жерлеу рәсімдерін XVI-XVII ғасырларда ғана апаратынына қарамастан негізінде Қазақстан даласының толық исламдануын көптеген археологиялық мәліметтер дәлелдей түседі. XIV ғасырдан бастап Алтын Орда территориясында мұсылмандық жерлеу дәстүрі ерекше басымдыққа ие болғанын көреміз. XIV ғасырдың бірінші жартысының өзінде-ақ көшпелілердің жерлеу дәстүрінде айқын фундаменталды инновациялар көрініс тапты, бұл жаңа дінді әскери-феодалдық ақсүйектердің белгілі тобы ғана емес империяның әлеуметі жаппай қабылдағанын дәлелдейді.

Культтік архитектура, көркем өнер дәстүрі аспектісінде XIV ғ.-XV ғ. басындағы Қазақстан мен онымен шекаралас аймақтар мәдени мұрасы ерекше маңызға ие. Мәселен, XIV ғасырдың соңында Әмір Темір бұйрығымен салынған Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі аймақтық ислам символына, ортаазиялық архитектура шедевріне айналып, түркі-мұсылмандардың рухани-діни белсенділігін арттыруда маңызы зор болды.

Ұлы даланың түбегейлі исламдануы мен ұлттық дәстүрде осы дінніңбеделінің бекуі Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіресінде бейнеленген: «Өзбек хан мұсылман болды және бүкіл халқын мұсылмандыққа бет бұрғызды. Осыдан бері халқымыз дінін өзгерткен емес». Ханның белсенді конфессиялық саясатын қазақ фольклоры дәлелдей түседі, өзіндік діни ренессанс уақыты болған Өзбек ханның билік құрған кезі бейнеленген мақал-мәтелдер, ән-жырлар сақталған (мысалы, қазақтар мен ноғайларда кездесетін «Дін Өзбектен қалған» деген мақал). XIV ғасырдағы діни реформалар нәтижесінде «Қыпшақ даласында ислам халықтық дінге айналды». Көшпелілерге тән діни плюрализм мен шаманизм қалдықтарының сақталуы XIV ғ. соңында-XV ғасырда Орталық Азия ханафи-сүннилік түркі-мұсылмандарының этноконфессионалдық қауымдастығы бірегейлігінің қалыптасуына бөгет бола алмады.

Исламданудың рухани-мәдени және интеллектуалды салдары қатарында Алтын Орда кезеңінің мәдени өрлеуін атап өтуге болады. Бұл мемлекеттің мәдениеті ислам мен түркі (қыпшақ) тілі негізінде үздіксіз дамыды және ол полиэтникалық евразиялық мемлекеттің мәдениетінің іргетасын қалады. Қалыптасу орталығы түркі тілді Хорезм болған Алтын Орданың әдеби

тілі түркі әдеби тілінің дамуының (қарлұқ-қарахан ренессансынан кейінгі кезең) жаңа фазасы еді. Діни-мистикалық мазмұндағы шығармалар ерекше мәшһүр болды, олардың ішінде ең маңыздыларының бірі XIV ғасырда жазылған «Қисса әл-әнбийа» Рабғузи.

Түркі-мұсылман ақындар қатарында Құтб, Мұхаммад Хорезми, Сайф Сараи, Дұрбек болды. Ал беделді мәдени қайраткерлер ретінде Құтб әд-дин Рази, Садад әд-дин ат-Тафтазани, Жәлел әд-дин, Хафиз әд-дин ал-Баззави, Ахмад әл-Ханджари есімдері белгілі еді. Қазіргі таңда Алтын Орданың рухани-діни тарихы әлі толық жазылып болған жоқ, алайда теологиялық білімнің матурилік ақидасы (самарқандық ғұлама Әбу Мансұр Матуриди негізін қалаған теориялық ілім) және ханафиттік фикх (Әбу Ханифа мектебі) аймақтарына қазақстандық жолмен, исламның басты орталықтарына Хорезм, Алтын Орда, Қажы-Тархан, Қырым, Кіші Азия жерлері арқылы тараған белгілі.

Өзбек хан мен Жәнібек хан тұсында Дешті Қыпшақта дін мәселесі ерекше маңызға ие болып ислам тақырыбындағы поэмалар (қисса-дастандар) қыпшақ даласында кең таралды. Фольклор мен фольклордың төңірегіндегі (околофольклорный) әдебиетке Құраннан енген сюжеттер, аңыз-әфсаналар, хадистер ене бастады. Алтын Орда дәуіріндегі рухани ренессанс ислам мен көшпелі мәдениеттің синтезі ретінде батырлық эпоста көрініс тапқан, оның белгілі үлгілері ішінде «Қырымның қырық батыры» жырлар циклі және т.б. көптеген шығармалар ғалымдардың пікірінше қыпшақ-ноғай кезеңінде (XIV-XVI ғ.) қалыптасып болған.

Дегенмен дін мен руханият – аса нәзік материя, сондықтан қоғам мен мемлекетте орныққаннан кейін ислам үнемі өзінің бастапқы жоғарғы статусын және ықпалын сақтап тұрады деп ойламау керек. Сондықтан Қазақстан тарихының келесі ғасырларында деисламизация (діннің әлсіреуі, шегінуі) орын алған болатын. Алайда қарама-қайшы құбылыстарда ылғи да өзгеріссіз қалып отыратын өркениеттік индикатор – ол халықтың исламға байланысты сана-сезімі мен өзін-өзі идентификациялауы.

Бақылау сұрақтары:

1. Шыңғыс хан мен алғашқы мұрагерлерінің саясатының мәдени-өркениеттік және рухани-конфессиялық аспектілерін ашып көрсетіңіз.
2. Шағатай ұлысындағы діни үрдістер қалай жүрді? Элитаның исламға бет бұруының себептері неде деп ойлайсыз?
3. Жошы ұлысындағы исламдық мәдениетті классикалық және қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер мен деректер бойынша суреттеңіз.
4. «Далалық ислам» феномені мазмұны: Құран мен толеранттылық дәстүрі. Проблеманы пәнаралық негізде талқылаңыз.

§ 2. XIII-XV ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қала мәдениетінің дамуындағы архитектура мен өнер

Қазақстан аумағындағы архитектураның дамуы X-XII ғасырларда өзінің шарықтау шегіне жетеді. Аталған кезеңге қазірге дейін сақталып кел-

ген Тараз өңіріндегі Айша-Биби, Бабаджа-Хатун және т.б. жатады. Дегенмен XIII ғасырда болған Моңғол шапқыншылығы Қазақстандағы сәулет өнерінің дамуын баяулатты.

Тек XIII ғасырдың жартысы мен XIV ғасырдың басында отырықшы қала мәдениетінің қалыптасуымен сәулет ғимараттары қайта салына бастады. Солардың қатарында: Арыстан-Баб кесенесі, Қожа Ахмет Яссауи, Көк-Кесене, Алаша хан, Дәуітбек, Тек-тұрмас және тағы басқалары.

Егер бұрын археологиялық зерттеулер бойынша Оңтүстік Қазақстанда 30 қаланың орны белгілі болса, ал кейнгі кездері, олардың саны 37-ге жеткен.

Қалалар санының өсуі Шығыс экономикасы мен мәдениетінің дамығандығын, қала маңызының артқандығын көрсетеді. Екіншіден, қала төңірегіне жартылай көшпелі мал өсірушілердің отырықшылана бастауы қала санының өсуіне әсер тигізген.

Оңтүстік Қазақстанда қалалардың топтаса орналасқан жері – Арыс өзенінің Сырдарияға қосылатын тұсы. Арыстың орта ағысында орталығы Осбаникент қаласы болған Кенже аймағы құрылса, ал өзеннің Сырдарияға құяр жерінде орталығы Отырар қаласы болған Фараб аймағы орын тепкен. Ал Шауғар аймағында Қарнақ, Шур, Шағылжан қалалары болған. Сырдың орта ағысында – Сүткент, төменгі ағысында Сығанақ, Жанкент, Асынас, Жент, Баршынкент қалалары өмір сүрген.

Қалалық отырықшылық мәдениеттің тағы бір қанат жайған жері – Жетісу аймағы. Әсіресе оңтүстүк-батыс Жетісудың орталығы Таразда да қала мәдениеті өркендеген. Бұл аймақта 36 қала жұрты табылды. Солтүстік-шығыс Жетісудан (орталығы – Лабан, Алматы, Талхир қалалары) 70 қала жұрты ашылған. Қалалар тек саны жағынан ғана емес, көлемі, экономикалық жағынан да өсіп отырған. Оны негізінен үш топқа бөліп қарауға болады.

I топ: көлемі 30 гектардан асатын қала жұрттары жатады. Ондай қалалар Испиджаб, Отырар, Сауран, тағы басқалар.

II топ: 10 гектардан 30 гектарға дейінгі қалалар жатады. Мұндай қалалар Бурух, Хурлуг, тағы басқалар.


III топ: көлемі 10 гектарға жетпейтін қалалар – Алмалық, Лавар, Қапал, Ақтам, Арасан, тағы басқалар жатқызылған.

Мұндай қалалар I және II топқа қарағанда өте көп кездеседі. Қалалар көлеміндерінің үлкен-кіші болуының өзі, олардың тұрғындарының санына ғана емес, ішкі құрылыс жүйелеріне, қоғамдық сауда, діни орындардың орналасуына да байланысты.

Қолөнер мен сәулет өнері дамыған қалалардың бірі Жетісудағы көне Талхир (Тахир – Талхиз – Талғар). Қаланың тарихы сақ дәуірінен (б.з.д. VIII-III ғ.) басталып, б.з.д. III – б.з. V ғасырына дейін Үйсін мемлекетіне қатысты болған. X-XIII ғ. гүлдену шегіне жеткен. Қолөнер өте жақсы дамып, егіншілік пен қатар мал шаруашылығы жетік игерілген. Ежелгі Талхир қаласының шеберлері – өз ісінің нағыз маманы және қала – Шығыстағы сирек кездесетін темір қорытатын орталықтардың бірі болған. Атақты құрыш болат осы жерде өндірілген. Талхир қаласы XIII-XIV ғ. құлдырай бастаған. Оның себебі моңғолхандарының өзара ауыздықтары, бітіспес соғыс еді.




Алмалық қаласы, 1268 жыл



Будда храмы. Қалпына келтірілген



Қожа Ахмет Яссауй кесенесі



Қожа Ахмет Яссауи кесенесі күмбезі

Көлемі үлкен қала орталықтардың бірі Алматы (Баба Ата-Алмалық). Қазіргі Алматының орнында орналасқан Алмату деп аталатын ортағасырлық қала болған. 1979 жылы Алматыдан XIII ғасырға жататаын екі күміс теңге табылды. Бұл теңгелердің Жетісуда соғылғандығы және қазіргі Алматы территориясында XIII ғ. ақша соғатын өндіріс болғаны жайлы болжамдар бар. 1990 ж. тағы таңбалы екі теңгелер табылған. Теңгелерді оқып зерттеу барысында ғалымдар, оның сол кездің өзінде қазіргі *«алмалы жер»* немесе *«алма көп өсетін жер»* деген мағынаны білдіретін «Алматы» атауымен аталған. Жазба ескерткіштер, теңгелер және археологиялық материалдарға сүйене отырып, қазіргі Алматы ежелден осы атымен белгілі болып, X-XII ғ. қалыптасқан деп археолог, ғалым К. Байпақов тұжырымдайды.

Келесі ортағасырлық қала деректерде IX-XIII ғ. Қаялық атауымен (Қойлық – Қойлақ) белгілі болған. Рубруктің мәліметі бойынша Қаялықта будда ғибадатханасының қалдықтары, христиан шіркеулері және мұсылман мешіттері болған деседі. 2001 жылы археолгтар қазіргі Антоновка орнында орналасқан қала Қаялықта хаммам-монша табылып зерттелді. Шығыстық моншаларға жататын, барлық жағдайлар ойластырылып, сапалы салынған. Тіпті, монша қабырғасында арнайы намаз оқитын оңтүстік-шығыс бұрышында «михраб» ойластырылып салынған. Қаялық моншасының өмір сүрген уақыты – XIII ғасыр.

Талас өңіріндегі көне Тараз қаласы осы аймақтағы мәдени-экономикалық тұрғыдан маңызды да дамыған орталық болған. Тараз қаласының құрылысы, архитектурасы, сол замандағы ең көркем өнер шеберлігін көрсетеді. Атақты Айша-Бибі және Бабажы-Қатын кесенелері Тараз моншасы осының айғағы. XII-XIII ғ. қантөгіс соғыстар қаланы ауыр жағдайға жеткізді.

XIV ғасырда Әмір Темірдің бұйрығымен салынған Арыстан Баб кесене кешені Отырардың бастысында үш шақырым жерде Сырдаря өзенінің бойында орналасқан. Кесене екі бөлмеден тұрады. Бөлмелердің ортасында дәліз бар. Кесененің үстінде орналасқан күмбез XVIII ғасырда жартылай қирап, XIX-XX ғасырларда қайта тұрғызылды.

Түркістан қаласы қазіргі күнге дейін сақталған сәулет өнері ескерткіштерімен танымал. XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басындағы сәулет өнерінің ерекше туындысы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі болып табылады.

Жазба деректері бойынша кесене 1397 жылы Әмір Темірдің бұйрығымен салына бастаған. Әмірдің басты мақсаты Ахмет Яссауидың беделін пайдалана, діни тұлғаларды оңтүстікке тарта отырып, Түркістандағы өз билігін күшету болған. Сондықтан Әмір Темір сәулетшілерден Орта Азияда теңдесі жоқ ғимарат тұрғызуды талап еткен. Солай болды да. Кесененің ауданы 46,5х65,5 м, биіктігі – 37,5 м. Екі күмбезді алып ғимарат шығысқа бағытталған. Дәл ортасында көлемі 18,5х18,5 м құрайтын кең зал салынған. Сонымен қатар кесенеде үлкенді-кішілі 35 бөлме бар. Орталық залдың ортасында 1399 жылы құйылған үлкен тайқазан бар. Мейрам күндері бұл қазанда ас дайындалып халыққа тегін таратылатын. Бөлмелердің қатарында кітапхана және атақты адамдар жерленген үлкен және кіші ақсарай бар.

Кесененің сырты жылтыратылған кірпіш және майоликамен (түрлітүсті керамика) түрлі геометриялық, өрнек және эпиграфикалық оюлар салынып қапталған.

XII-XV ғ. Орта Азия мен Қазақстан қалаларының өміріндегі өрлеу кезеңі боды. Жаңа қалалар пайда болып, ескі қалалар үлкейе түсті. Қала жері рабадтар есебінен, яғни сауда-саттық кәсібі жүргізілетін базарлар мен керуен сарайлары есебінен кеңейе түсті.

XV ғасырға жататын Рабиға Сұлтан Бегімнің кесенесі Ахмет Яссауи кесенесінен 60 метр шығысқа қарай орналасқан. Ол 5 бөлмеден тұрады. Қабір Ахмет Яссауи кесенесінің ішінде орналасып, онда Рабиға Сұлтан Бегім Әмір Темірдің ұлы Ұлықбектің қызы екендігі және 1485 жылы қайтыс болғандығы жазылған.



Археологиялық қазбалар нәтижесінде осы кезеңдер аралығында Отырарда екі не үш күмдезді кесенелер салына бастағаны анықталды. Сәулет өнерінің жаңалығы күмбездердің сыртын желкен қалпына келтіріп жүйелі қаптау болды.

Тараздың батыс ауданында Қарахан кесенесі бой көтерді. Б.П. Денике өзінің «Архитектурный орнамент Средней Азии» деген кітабында Қарахан кесенесінің бастапқы түрін XIX ғасырдың 50-жылдары сурет көмегімен анықтағанын айтады. Жалпы Қарахан кесенесі 1902 ж. қайта салынғанға дейінгі қалпын бейнелейтін үш фото сурет бар.

Қарахан кесенесі туралы Түркістан әуесқой археология үйірмесінің мүшесі В. Панков «Бұл анау-мынау мазар емес, назар аударарлық ежелгі замандардың аса құнды ескерткіші. Сондай-ақ әсем қытай кірпішінен тұрғызылған бұл құрылыстың түзу әрі үйлесімді салынғандығына назар аудардым. Ескерткіштің төменгі бөлігінде кірпіштерде крестер бейнеленген, биіктігі шамамен алты қадам», – деп жазған. Жоғарыда айтылған суреттерден кесененің күмбезбен жабылғанын аңғаруға болады. Қос беті Айша бибі кесенесіне ұқсас болғанмен, кірпіштердің өрнектеліп калануы жағынан Бұқарадағы ортағасырлық Исмаил күмбезіне еліктеушілік байқалады.

Жоғарыда айтып кеткендей, ортағасырларда қалалармен жалпы мәдениеттің дамыған кезеңі болды. Оның ішінде өнер саласы, музыка, би, ою-өрнек, сурет салу, мүсіндер жасау т.б. Талас қаласынан табылған қабырғаға ойып салған өрнек өте шебер бейнеленген. Осының өзі әшекейленіп безендірілуі, салыну үлгісі Афрасиаб пен Варахша, сондай-ақ Самара мен Фустат сарайларының қабырғаларындағы өрнектердің салыну өнерінен аумайды.

Дегенмен Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда бүгінгі күнге дейін аман жеткен архитектуралық құрылыстар некен-саяқ. Көбі Ислам дәуіріндегі ортағасырға тән. Сондықтан да құрылыс өнерінің тарихын зерттеу, архитектуралық көркем кескіндерді ашу, архитектураның даму заңдылықтарын зерделеу, көбіне-көп архитектуралық ескерткіштерге археологиялық зерттеу жүргізуге байланысты.

XIII-XV ғасырлардағы қолданбалы өнер сәулет өнерімен тікелей байланысты. Кез келген салтанатты ғимарат немесе архитектуралық кешен түрлі өрнектермен мұқият өңделген және безендірілген. Сондықтан көптеген үйлер, сарайлар, кесенелер және басқа да сәулет кешендері ортағасырлық қолөнершілер безендірген өнер туындылары ретінде көрінген.

XIV-XV ғасырларда арка, күмбез сияқты құрылымдарды пайдалану дамыды. Ерекше назар шаршы пішінді кірпіштерге аударылды. Кірпіштің бір жағы көк, көгілдір, ақ немесе жасыл түске боялған. Сондықтан мұндай кірпіштер ғимараттың сырткы қабырғаларын қалау және қаптауда да пайдаланылды. Қабырғаларды безендіруде полихромды майолика тақтайшалары пайдаланылатын. Ғимараттың ішкі қабырғасын безендіруде релефті оюлар, жазбалар қолданылды. Қолданбалы өнер кеңінен Қожа Ахмет Яссауи, Көк Кесене және Алаш хан кесенесінің құрылысына қолданылған. Ортағасырлық құрылысшылар құрылыс материалына ерекше мән берді: сол

кездің өзінде жасалған кірпіш және шыны бояуы сапасының арқасында қазірге дейін жетіп отыр.

Бақылау сұрақтары:

1. XIII-XV ғасырлардағы сәулет өнеріндегі жаңалықтарға сипаттама беріңіз.
2. Археологиялық зерттеулер кезінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен қандай сәулет құрылыстары табылды?
3. XIII ғасырда Қазақстандағы сәулет өнерінің баяулауына себеп болған оқиғаларды атап шығыңыз.
4. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі қандай архитектуралық стильмен салынған? Оның басқа кесенелерден ерекшелігі қандай?
5. XIV-XV ғасырларда архитектурада дамыған тәсілдерге талдау жасаңыз.
6. Жетісу аумағындағы қалалар шоғырланған аймақты атаңыз.

VII тарау

XIII-XV ғ. АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЭТНОҮДЕРІСТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЛАЙҚТАЛУЫ

§ 1. Қазақстан аумағына шығыстағы тайпалардың қоныс аударуы

Моңғол жаулап алушылығы көптеген түрік, моңғолтілдес тайпалардың қазіргі Қазақстан аумағына қоныс аударуына да ықпал етеді. Қазақстан аумағына көшпелі тайпалардың келуі аумақтағы этноүдерістерге сандық жағынан оң әсерін тигізеді. XV ғасыр ортасында Қазақ хандығының құрылуымен ұлттық сипаттағы қазақ этносы тарих мінберіне көтерілген кезде, жаңа этносты қалыптастыруға қатынасқан кейбір тайпалар XIII ғасыр басына дейін Моңғолия аумағында кездеседі.

Моңғолия аумағынан көшпелі тайпалардың моңғол жаулап алушылығына байланысты келуін баяндайтын бірден-бір негізгі дерек, ол – Рашид ад-Диннің «Жами ат-тауарих» еңбегіндегі мәліметтер.

Моңғолия аумағынан XII ғасырдың соңғы жылдары мен XIII ғасырдың бірінші жартысы аралығында Дешті Қыпшаққа көшпелі тайпалар бірнеше дүркін келеді. Оны шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Үш кезең ішіндегі қоныс аударулар немесе тайпалардың жылжулары Шыңғыс ханның және оның ұрпақтарының саясатына тікелей байланысты болады. Бірінші кезең – XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың алғашқы жиырма жылдығын қамтиды. Бұл тарихи кезеңде Моңғолиядағы тайпалар арасындағы кескілескен күрестерде жеңілгендер батысқа қарай, Дешті Қыпшаққа ауа көшеді.

Екінші кезеңге 1219-1224 жылдардағы жаулап алулар мен одан кейінгі ұлыстардың құрылуына байланысты, әскер мен тайпалардың Шыңғыс хан ұлдарына бөліп берілуіне байланысты қоныстанулары жатады. Ал үшінші кезеңге – XIII ғасырдың 40-60 жылдары Шыңғыс ханның немерелері арасындағы билік үшін күресте жеңген топтың жеңілген тайпаларды өзара бөлісуге байланысты болған жағдайлар жатады.

Тарихи деректер XIII ғ. басында Моңғолиядан Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына Шыңғыс ханмен болған күрестерде жеңіліс тапқан жауынгер меркіт тайпаларының келгендігін баяндайды.

Меркіттердің көп бөлігінің қыпшақтарға қарай жылжығандығын моңғол деректеріне сүйеніп, тарихшы З. Қинаятұлы былай деп жазады: «Шыңғыс хан Найман мен Меркіттің көзін жоймай тынбасқа бел буды. Ол 1204 жылы Алтайға бет бұрған меркіттерді өкшелей қуа жүріп, Қам қойнауына қыстап шығады. 1205 сиыр жылы ерте көктемде аттанған ол Бұқтырма өзенінің бойында найман ханы Күшілік және Меркіт Тоқтабектің біріккен күшімен бетпе-бет келеді. Басынан бағы тайған Найман, Меркіттер бұл жолы да ойсырай жеңілді. Осы жолғы айқаста Тоқтабек адасқан оқ тиіп өледі. Тоқтабектің ұлдары Куду, Шылауын, Құлтуғандар әке мәйітінің бетін жасыруға мүмкіндігі болмай, оның тек кесілген басын қанжығалап Ойғыр қарлуқтары арқылы Қыпшақ даласына қарай тартады». Меркіттер Торғай өңіріндегі Ырғыз өзенінің бойына жетіп ат басын тірейді.

Осылайша, XII ғ. соңы – XIII ғ. басындағы Моңғолия жеріндегі өзара талас-тартыстарда жеңіліске ұшыраған меркіт тайпасының рулық бөлімшелері Дешті Қыпшаққа келіп паналайды.

Дешті Қыпшақ аумағына көшіп келіп, 1216 жылы моңғолдар тарапынан қырғынға ұшыраса да, меркіттер толығымен жойылып кетпеді. Шыңғыс хан заманына дейін Моңғолия жеріндегі түрік тайпалары ішінде мықты, қуатты, жауынгер тайпалардың бірі болған меркіттер Шыңғыс ханмен күресте жеңіліп, біріншіден тайпалық құрылымынан айрылады да, қырғындарға ұшыратылады, жан-жаққа тарыдай шашылып, әр тайпа мен руларға барып қосылады. Екіншіден, Дешті Қыпшақ аумағына көшіп келгендер әр руға сіңісіп кетпей, өздерінің рулық дәрежесін сақтап қалады. Кейіннен олар XIV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтың этносаяси тарихына белсене араласып, «көшпелі өзбектер» атты 92 тайпаның құрамында кездеседі. Ал қазіргі кездегі қазақ шежіресінде меркіт атауы жеке тайпа немесе тайпалық бірлестік болмаса да, ру ретінде Керей тайпасының құрамында айтылады.

1219-1224 жылғы Шыңғыс хан бастаған моңғолжаулаушылығына дейін, яғни XII ғ. соңы – XIII ғ. басында Моңғолия жерінен қазіргі Қазақстан аумағына қоныс аударған тайпалардың келесі бірі – наймандар болды. Наймандардың Моңғолия жеріндегі тарихы, олардың мемлекеті және Шыңғыс ханмен күресі туралы жазба деректерде, сондай-ақ зерттеу еңбектерінде жақсы баяндалған. Наймандардың негізгі мекені шығысында Селенга мен Орхон өзендерінің жоғарғы ағысынан, батысында Тарбағатай тауына дейінгі, солтүстігінде Танну-Оладан оңтүстікте Алтай тауының жоталарына дейінгі жерлер болып, батыста қаңлылармен, солтүстікте қырғыздармен, шығыста кереит және меркіттермен шектесіп жатты. Наймандардың күшейген кезі Инанч Білге Бұқа хан тұсына сәйкес келеді. Рашид ад-Дин жазуы бойынша Инанч Білге Бұқа хан қайтыс болғаннан кейін, оның артында қалған екі ұлы Таян хан мен Бұйрық хан бір-бірімен араз болады. Шыңғыс ханның күшейіп, Моңғолия үстіртіндегі тайпаларды бірінен-соң бірін бағындырып, талқандап келе жатқан тұсында ағайынды екі найман ханының арасындағы қатынас та шиеленісе түседі. Бұл жағдайды Шыңғыс хан керемет пайдаланады.

Моңғолдардың найман ханы Таянмен шешуші шайқасы 1204 жылдың шілдесінің ортасында Наху Хон тауының бөктерінде өтеді. Наймандар

жағында Шыңғыс ханның қарсыластары: меркіттер, кереиттер, ойраттар, жаджираттар болады, бірақ жаңа одақтың арасында бірлік пен өзара сенімділіктің болмауы, Шыңғыс ханның әскери шеберлігі мен қолданған әскери әдіс-тәсілдерінің артықшылығы оны жеңіске жеткізеді.

Наймандар ұлысы Шыңғыс ханның бүкіл Моңғолия жеріндегі тайпаларды бағындыру барысындағы ең соңғы, ең күшті қарсылас болатын. Найманды бағындыру арқылы Моңғол үстіртіндегі киіз туырлықты барлық халықтың басын біріктіру процесі аяқталды.

Моңғолдардан жеңілген наймандардың бір бөлігі олардың үстемдігін мойындауға мәжбүр болса, екінші бір бөлігі батысқа қарай жылжиды. Олар қазіргі Қазақстанның шығысындағы Ертіс, Зайсан, Марқакөл маңына келіп орнығады. Үшінші бөлігі Күшілік ханмен ілесіп, Шығыс Түркістандағы қарақытай билеушісіне кетеді. 1212 жылы ол Жетісу мен Шығыс Түркістандағы билікті иеленіп, наймандарды топтастыруға ұмтылады. 1218 жылы моңғолдардың қолынан Күшілік өлтірілгенімен, наймандар бұл өңірге орнығып қалады. Кейіннен моңғол ұлыстары құрылған кезде наймандар Жошы, Шағатай және Үгедей ұлыстарында кездеседі.

Осылайша, 1219-1224 жылдарға дейін Моңғолия жеріндегі билік үшін жүргізілген соғыстарда жеңіліс тапқан наймандар бірнеше бөлікке бөлініп кетіп, бір тобы Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігіне, ал бір тобы Жетісу жеріне келіп орнығады. Наймандардың Дешті Қыпшаққа келесі бір орнығуы ұлыстардың құрылуы мен одан кейінгі XIII ғ. 40-60 жылдарындағы тарихи дамулар барысында жалғасын табады.

Моңғол жаулауына дейін Қазақстан аумағына келген наймандардың ерекшелігі сонда, олар меркіттер секілді рулық бірлікке дейін өз құрылымдарын жоғалтпады. Олар ұлыс дәрежесінен айырылса да, өздерінің тайпалық бірлігін сақтап қалды. XV ғасыр ортасында Қазақ хандығының құрылуымен қазақ халқының қалыптасуы процесі аяқталғанда, басқа да тайпалармен бірге Найман тайпасы да бұл үрдіске белсене араласады.

Моңғол жаулап алуына дейін Қазақстан аумағына Моңғолия жерінен қоныс аударған түрік тілдес тайпалардың бірі – керейттер болды. Олардың XI-XII ғ. мекендеген жерлері Моңғол үстіртіндегі Селенга, Орхон, Керулен өзендерінің жоғарғы және орта ағыстары бойы болды. Батыста – наймандармен, шығыста – моңғол тайпаларымен, татарлармен, қоңыраттармен, ал солтүстікте меркіттермен, оңтүстікте онгуттармен (уақтармен) шектескен керейттер XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басындағы бүкіл Моңғолия аумағындағы ең күшті және ең көп санды ұлыстардың біріне жатты. Рашид ад-Дин керейттер жөнінде «олардың өз тайпаларынан шыққан атақты билеушілері болды, өз заманында олар басқа тайпаларға қарағанда үлкен күш пен қуатқа ие болды», – деп жаза келе, олардың Кераит, Джиркин, Конкаит, Сакаит, Тумаут және Албат атты жеті тайпадан тұратындығын хабарлайды.

Шыңғыс ханның Моңғолия жеріндегі тайпалардың басын біріктіру жолында 1179-1204 жылдары жүргізген күрестері мен соғыстарының жеңіспен аяқталуына сол тұстағы Кереит ханы Тоғырыл көп жәрдем береді.

Тіпті, Шыңғыс ханды Кереит ханына қарыздар деуге болады. Шыңғыс хан өзінен күшті қарсыласымен соғысу үшін Тоғырыл ханға арқа сүйеп жеңіске жетіп отырса, әбден күшейіп, Моңғолия жеріндегі елеулі саяси күшке айналғаннан кейін, кешегі одақтастарын бірте-бірте өзіне тәуелді ете бастайды. Шыңғыс ханның мақсаты бүкіл Моңғолия жерінің жеке дара билеушісі атану болғандықтан, кешегі одақтастармен соғысу болмай қоймайтын шара болды. «Соғыс керек болса, сылтау табылады» дегендей, Шыңғыс хан мен Тоғырыл хан арасындағы ашық соғысқа сылтаулар көп болатын. Бірақ Шыңғыс хан өзіне қолайлы жағдайды күтеді. Шыңғыс ханның қарсыласы Жамухамен Тоғырыл ханның жақындасуы Шыңғыс ханды соғысқа итермелейді. Магу Ундер деген жерде болған алғашқы шайқаста екі жақ бірін-бірі ала алмайды. Екінші шайқас 1203 жылы күзде, Езэгэр Ундур деген жерде өтіп, ол үш күн, үш түнге созылады да, ақыры Кереит ханы жеңіліп, ұлымен қашып кетеді. Ал кереит әскері Шыңғыс ханның билігін мойындайды. Тоғырыл хан мен оның ұлы Санкумның кейінгі тағдыры өте қайғылы аяқталады.

Билеушісінен айырылып, моңғолдарға бағынышты болған Кереит жұрты бірнеше бөлікке бөлінеді. Рашид ад-Дин бойынша 2003 жылғы жеңістен кейін, кереиттер қашып кеткен. Кереиттердің бір бөлігі Кейік батыр өзінің төрт ұлымен Шыңғыс ханға беріледі. З. Қинаятұлы «Олардың моңғолбилігіндегі негізгі тобы Саян тауының сағасы, Ертіс, Еренқабырға, Алтайға дейінгі бұрынғы наймандардан босаған алқапқа ауа қоныстанып, Үйсін, Қаңлы, Қыпшақтармен қоян-қолтық келіп орналасты», – деп жазады.

Қазіргі кездегі қазақ халқының құрамындағы Жетірудың бірі – кереиттерді М. Тынышпаев 1203 жылы Шыңғыс ханнан жеңіліп, бытыраған кереиттердің тікелей ұрпақтары деп санайды.

Сонымен, Моңғолия жерінде жеке ұлыс ретінде наймандар секілді өмір сүрген кереиттер XIII ғасырдың алғашқы жылдары Шыңғыс ханнан жеңіліс тауып, өздерінің ұлыстық дәрежесінен айырылады. Олардың басым бөлігі Шыңғыс ханның билігін мойындаса, бір бөлігі Дешті Қыпшақ аумағына көшіп келеді.

Сөйтіп, олар меркіттер мен наймандар секілді 1219-1224 жылдардағы моңғолдар жаулап алушылығына дейін-ақ Дешті Қыпшақтың этникалық өміріне араласып кетеді.

Моңғолия аумағынан көшпелі тайпалардың келуінің келесі бір кезеңі – 1219-1224 жылдардағы жаулап алудан кейінгі Қазақстан жерінде ұлыстардың құрылуы мен Шыңғыс ханның ұлдарына қарамағындағы әскерлерді бөліп беруіне байланысты болады.

Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін және өз жұрты Моңғолияны төрт ұлына бөліп бергені белгілі. Үлкен ұлы Жошыға «Ертіс өзенінен батысқа қарайғы жерлер, «Қойлық пен Хорезм шекарасынан Саксин мен Булгардың татар аттарының тұяғы тиген жерлерге дейінгі орасан зор аймақ беріледі». Екінші ұлы Шағатайға Жетісудың бір бөлігі, Шығыс Түркістан және Мәуереннахр аймақтары, Үгедейге Батыс Моңғолия мен Жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай аймақтары, ал кіші ұлы Төлейге Моңғолияның өзін береді.

Сондай-ақ кіші ұл бүкіл моңғолдың тұрақты 129 мың адамдық армиясының 101 мыңын иеленсе, қалған үш ұлға 4 мыңнан тұратын эскер беріледі.

Қазіргі Қазақстанның көп бөлігі Жошы ұлысына еніп, оның орталығы Рашид ад-Диннің көрсетуі бойынша алғашқы кезде Ертісте болған.

Жошыға берілген 4 мыңдық моңғол әскері мынадай мыңдықтардан құралады: Мунгур мыңдығы – Сиджиут тайпасынан, Кингитай мыңдығы – кингит руынан, Хушитай мыңдығы мен Байку мыңдығы Хушин тайпасынан тұрған. Орта есеппен алғанда сол тұстағы әрбір отбасында 6-7 жан бар десек, Жошыға бөлінген моңғол әскері мен олардың жанұяларындағы жалпы адамдар саны – 25-30 мыңдай болған.

Рашид ад-Дин бірінші кітабында жалпы саны 85 тайпа туралы құнды мәліметтер бар. Онда бұл тайпалар төрт топқа бөлінген. Бірінші топқа – Оғыз және Моңғолиядан тыс жерлерде өмір сүрген Түрік тайпалары жатқызылады, олардың саны – 30. Екінші топқа – 19 тайпа жатқызылып, автор оларды түрік тайпалары, қазіргі кезде ғана олар моңғолдар деп аталатындығын ескертеді. Үшінші топқа өздерінің дербес билеушісі болған түрік тілдес тайпаларды жатқызады. Ал қалған 27 тайпаны түріктер болса да, бұрыннан моңғолдеген атауды қабылдаған деп, оларды – Дарлекин және Нирун атты екі бөлікке жіктейді.

Рашид ад-Дин дарлекин тайпаларына Нукуз бен Қият тайпалары қалдықтарының Эргунэ-кунге (Аргун өзені) кетіп, сол жақта өсіп-өнген тобын жатқызса, Нирун тобы Дабун-Баян өлгеннен кейін оның әйелі Алан-Гоадан туылған ұлдардан тараған тайпалардан тұрады деп айтады. Шыңғыс хан руы бөржігін осы моңғолруларының Нирун тобына жатады.

Жошының қарамағына берілген Сиджиут тайпасының мыңдығы осы Нирунның құрамындағы тайпаның бөлігі. Рашид ад-Диннің уақытында сиджиуттар Алтын Ордадағы Тоқта ханның қарамағына еніп, Черкес атты Алтын Орда ханының бас әмірі осы тайпадан шыққан.

Келесі мыңдықты құраған Кингит тайпасы дарлекин тобына жатады. Хушин тайпасы да моңғолдың дарлекин атты бөлігіне жатады. Бұл тайпа Шыңғыс ханға адал болған және одан шыққан әмірлер Иранда Үгедейдің қоластында, Жошы ұлысында қызметтер атқарған». Көріп отырғанымыздай, Жошыға әкесі арғы тегі түркілік, бірақ бұрыннан моңғолдеп аталатын, дарлекин және нирун тобындағы тайпалардан тұратын мыңдықтарды берген. Өз кезегінде Жошы ұлысы да екі қанатқа бөлініп, сол қанатты оның үлкен ұлы Орда Ежен, оң қанатты Бату басқарады да, біріншісіне кингит пен хушин, екіншісіне – сиджиут пен хунши мыңдықтары тағы да бөлініп беріледі. Этникалық тұрғыдан қарағанда Шығыс Дешті Қыпшаққа келген бұл тайпалардың жергілікті жердегі этнопроцестерге тигізер әсерін теңізге тамған тамшы сумен теңеуге болады.

Қазақстанның оңтүстік-шығысы Жошы, Шағатай және Үгедей ұлыстарының түйіскен жері болып, Жетісудың үш бөлігі үш ұлысқа қарағандықтан, соңғы екі ұлысқа бөлінген тайпаларға да тоқталалық.

Шағатайға Рашид ад-Диннің жазғанындай, Барулас, Қоңырат, Жалайыр, Найман тайпаларынан құралған 4 мыңдық, Үгедейге – Жалайыр,

Сулдус және Конкоттан тайпаларынан тұратын мыңдықтар бөлініп беріледі. Бұл ұлыстарға бөлінген мыңдықтардың санын отбасымен қоса есептегенде, Жошы ұлысына бөлінгендермен бірдей. Бұлардың да жергілікті жердегі этникалық процестерге тигізген әсері өте төмен. Сан жағынан олар өте аз болғандықтан, көп ұзамай-ақ жалпы этноөмірге тез араласып, сіңісіп кетеді.

Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына моңғол тайпаларының келесі бір келуі XIII ғасырдың 40-60 жылдары аралығында өтеді.

Бұл кезеңдегі тайпалардың бір орыннан екінші орынға, бір ұлыстан екінші ұлысқа қоныс аударуы, жылжуы деректерде арнайы түрде баяндалмайды. Рашид ад-Диннің мынадай жазған бір дерегі ғана үшінші кезеңде тайпалардың қоныс аударғандығын дәлелдейді. Ол Жошы ұлысындағы төрт мыңдық тайпаның жайын баяндай келе, «[Одан басқа] алыс және жақын туыстардың арасындағы өзара қырқысулар кезінде [ака ва ини] олардың бір бөлігі сонда [Тоқтай мен Баянның иеліктеріне] кетеді».

Шыңғыс ханның немерелері арасындағы қайшылық алғаш рет Бату мен Гүйік қаған ортасында басталып, ол 1248 жылы қағанның кенеттен қайтыс болуымен бейбіт аяқталады. Гүйіктен кейін таққа отырған Төлейдің ұлы Менгу қаған өзіне қастандық ұйымдастырды деген желеумен Гүйіктің әмірлері мен нойандарының 77-сін өлім жазасына кеседі. Менгу қаған қайтыс болғаннан кейін тақ үшін күрес оның екі інісі Құбылай мен Арық-Бұқа арасында жүріп, біршама ұзаққа созылады және империяның көп бөлігін қамтиды. Бұл күреске Төлейдің ұлдарымен бірге Үгедейдің, Шағатайдың да ұрпақтары белсене араласады. Ақыры бұл күрес Моңғол империясының бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кетуіне әкеп соқтырады.

XIII ғасырдың 40-60 жылдардағы Моңғол империясындағы күрестердің көбі Жетісу, Мәуереннахр, Шығыс Түркістан аймақтарында өтеді. Нәтижесінде жергілікті тұрғындар көп зардап шегеді. Ал Жошы ұлысында бұл кезде саяси тұрақтылық бар болатын. Кейбір жошылық сұлтандар ғана мысалы, Куинджи, Менгу Темір, Берке, Беркежар және тағы басқалары Үгедей мен Шағатай ұрпақтарының бірін қолдағаны болмаса, өз ұлысында соғыс өртінің тұтануына жол бермейді. Тұрақтылық сақталып отырғандықтан, Жошы ұлысына келіп паналағандар көбейе бастайды. Мысалы, Орда Еженнің ұрпағы Куинджидың ұлысына өз еркімен Үгедейдің ұрпағы Ширеки, Арық-Бұқаның ұлы Букур келіп қосылады.

Жошы ұлысының шығыс бөлігі Үгедей ұлысымен оңтүстік бөлігі Шағатай ұлысымен шектесіп жатуы себепті, ол жақтағы қырқысулардың үздіксіз және шексіз болуы жергілікті тұрғындар мен көшпелі тайпалардың Жошы ұлысының шығыс бөлігіне немесе шығыс бөліктің сол тұстағы билеушісі Куинджидың қолына келуіне мәжбүрлейді. XIII ғасырдың 40-60 жылдары қырқысулар кезінде де қандай тайпалардың Шығыс Дешті Қыпшаққа келгендігін дәп басып айту қиын. Бірақ та шамамен Жалайыр, Қоңырат, Барулас, Сулдус және т.б. тайпалардың бөлімдері деуге болады. Өйткені бұл айтылған тайпалардан құралған мыңдықтар кезінде Үгедей мен Шағатайға үлестіріліп берілген болатын.

Осылайша, XIII ғасырдың 40-60 жылдары Жошы ұлысына көршілес ұлыстардағы соғыстар мен қырқыстар кезінде бірталай рулармен тайпа-

лардың бөліктері келіп қоныс тебеді. Бірақ та олардың саны өте аз болғандықтан, Шығыс Дешті Қыпшақтағы этнопроцестерге тез сіңісіп кетеді.

Қорыта келе, моңғол жаулаушылығы мен одан кейінгі жылдары Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына Моңғолия аумағынан негізінен түрік, сонан соң моңғолтілдес тайпалар келіп қоныстанады. Олар сан жағынан өте аз болғандықтан, бүкіл аумақтағы этнопроцестерге қатынасады, бірақ оған ықпал сте алмайды. Көшіп келген тайпалар көп ұзамай-ақ бір-бірімен араласудың нәтижесінде ортақ этниммен атала бастайды да, XV ғасырдың ортасында қазақ этносының құрамына енеді.

Бақылау сұрақтары:

1. XII ғ. соңы-XIII ғ. басындағы Қазақстан аумағына Моңғолиядан түрік және моңғол тілдес тайпалардың келу себептерін түсіндіріңіз.
2. XII ғ. соңы-XIII ғ. басындағы Қазақстан аумағына Моңғолиядан түрік және моңғол тілдес тайпалардың келу кезеңдерін атап корсетіңіз.
3. Моңғол үстіртін мекендеген ру-тайпалардың Қазақстан аумағына қоныс аударуы қалай жүрді және оның этникалық үдерістерге тигізген әсері қандай?
4. Қазақстан аумағына Моңғолиядан қоныс аударған тайпаларды нақты атап көрсетіңіз.
5. Не себепті XIII ғасырдың 40-60 жылдары Қазақстан аумағына тайпалар көптеп қоныс аударған?
6. Қоныс аударған тайпалар арасында қандай тайпалар қазіргі қазақ халқының құрамында кездеседі?

§ 2. XIII ғ. ортасы мен XIV ғ. ортасына дейінгі Дешті Қыпшақ аумағындағы қыпшақтану үрдісіне әсер еткен факторлар

XIII ғасырдың орта тұсынан XIV ғасырдың бірінші жартысы аралығында Дешті Қыпшақ аумағындағы этнопроцестердің ерекшелігіне этноүрдістердің қайта жандана бастауы мен жаулап алу барысында аумаққа келген түрік және моңғолтілдес тайпалардың қыпшақтануы процесінің жүруі, аяқталуы жатады. Бұл ерекшелік Жошы ұлысының сол қанаты болып саналатын Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына да қатысты.

XIII ғ. ортасынан XIV ғасырдың ортасына дейінгі Алтын Орданың сол қанатындағы Орда Ежен ұлысындағы салыстырмалы түрдегі саяси тұрақтылық және Моңғол империясы мен Алтын Орда хандарының бағындырылған аумақтардағы жүргізген ішкі саясаты этнопроцестердің қайта жануына қолайлы жағдайлар жасайды. Саяси тұрақтылық қоғамның әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани өмірлерінің қалыпты өмір сүруі мен дамуында негізгі фактор атқаратындығы белгілі. Орда Ежен ұлысындағы саяси өмірдің де тұрақты болуы жаңадан келген этнокомпоненттердің аумақтағы этноөмірге тез араласып кетуіне, соның нәтижесі ретінде олардың қыпшақтанып кетуінде шешуші рөл атқарады.

Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтық этноортаға тез сіңісіп, араласып кетуіне әсер еткен бір қолайлы жағдайға – моңғолдық әскери-әкімшілік құрылымның Жошы ұлысында немесе Дешті Қыпшақта енгізілуі жатады.

Моңғол қоғамындағы қатынастарды терең зерттеген академик Б.Я. Владимирцев Шыңғыс хан тұсындағы қоғамдық қатынастардың, яғни бұрынғы қатынастар мен жаңа ене бастаған қатынастардың ара-жігін көрсетіп, әрбір қатынасты қалыптастырған элементтердің қоғамдық өмірге енуі эволюциясын нақты дерек мәліметтері бойынша негіздейді. Мысалы, көшпелілерге бұрыннан белгілі ондық, жүздік, мыңдық және онмыңдық бірліктерді «Шыңғыс хан алғаш рет наймандарға қарсы күрес қарсаңында қолданып, бұрынғы курендік бойынша құрылған жасағын белгілі бір жүйе бойынша құрылған әскерге айналдырады. Сөйтін, Шыңғыс хан 1206 жылы қаған болғаннан кейін бүкіл моңғолдарды мыңдықтарға бөліп, оларға мыңдық-нояндарын белгілейді», – деп жазады Б.Я. Владимирцев. «Ондыққа, жүздікке және т.с.с. бөлудің ешқандай жаңалығы жоқ, бұл – Орта Азия көшпелілерінің ғасырлар қойнауынан келе жатқан әдеті. Шыңғыс ханның бұл жүйедегі қосқан жаңалығына – ұзақ процестер барысында жауынгерлер басшыға дейін өскен адамдардың вассалдық (тәуелділік, басыбайлық) қатынастарын ретке келтіруі және бекітуі жатады», – деп түсіндіреді моңғолтанушы ғалым. Одан әрі ол моңғолқоғамында мыңдықтардың пайда болуының екі түрлі жолы болғандығын, біріншісі бұрынғы рулар негізінде, екіншісі әр түрлі рулардың бөліктері мен қалдықтарының бірігуінен деп көрсетеді. Екінші жолмен құрылған мыңдықтар туралы көптеген деректерді келтіре келе, ол: «Шыңғыс ханның «мыңдықтарды» қалай «жинастырып» құрастырғанын түсінуімізге бұл деректерді жеткілікті деуге болады», – дей келе, Б.Я. Владимирцев одан ары былай деп жазады: «мыңдықтардың» құрылуы барысында моңғол рулары мен тайпаларының бұлайша араласуының рулық құрылым үшін өте зор салдары болды, міндетті түрде олар қатты өзгеруі және жайылып кетуі тиіс еді. «Мыңдықтарға» бөлу, ұлыстарға бөлу көптеген моңғол тайпаларының толығымен шашырап, жойылып кетуіне алып келді, мысалы, татар, меркіт, джаджират, найман, керейттердің қалдықтары көп жағдайда әр түрлі ұлыстар мен мыңдықтарға бөлініп, таралып кетті».

Б.Я. Владимирцевтің бұл айтқан пікірлері моңғолқоғамының ішкі өміріне қатысты болғанымен, біз оны моңғол жаулап алуынан кейін Дешті Қыпшақ пен Мәуереннахр аумақтарында құрылған ұлыстарға да тікелей қатысы бар екенін байқаймыз. Жошыға берілген төрт мыңдықтың біз екіге бөлініп, бірін Батуға немесе оң қанатқа, екіншісін сол қанатқа немесе Орда Еженге берілгенін айтқанбыз. Шығыс Дешті Қыпшақтағы жергілікті тайпалар да Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпақтары мен оның інілерінің арасында кішігірім ұлыстарға, ол ұлыстар мыңдықтарға, мыңдықтар жүздіктерге бөлінеді. Басқаша айтқанда, бұрынғы ру-тайпалық негізде құрылған жүйенің орнына жаңа жүйені, әскери-әкімшілік негіздегі жүйені енгізеді. Бұрынғы ірі тайпалардың кішігірім тайпалардың орынан

түмендер мен мыңдықтар келеді. Кейбір мыңдықтарды басқаруға бұрынғы ру-тайпа көсемдері немесе олардың ұрпақтары қалдырылса, ал кейбіріне моңғолнойандары тағайындалады. Тіпті, жаңадан жүздіктер құрылып, оның басшылығына еңбегі сіңген қатардағы моңғолдар қойылады. Мұндай көзге түскен қарапайым жауынгерді ондықты, жүздікті, тіпті келе-келе мыңдықты басқаруға тағайындауды Шыңғыс хан кезінде жиі қолданған болатын. Аз санды моңғолдардың ондық, жүздік, мыңдықтарға басшы ретінде тағайындалуы біріншіден, оларды бір-бірінен ажыратып, алыстатса, екіншіден, жүйенің бірлігін құраған жергілікті қыпшақ тайпаларының арасына тез араластырып жібереді. Осылайша, Шығыс Дешті Қыпшаққа жаулап алушылар ретінде келген моңғолдық этнокомпоненттер әскери-әкімшілік негізінде құрылған жаңа жүйеге тез еніп кетеді де, аз санды моңғолдар қалың қыпшақ тайпалары арасында құмға сіңген судай, өздерінің этникалық болмыстарын тез жоғалта бастайды.

Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтық этноортаға сіңісіп кетуін тездеткен фактордың біріне – жергілікті тайпалар мен жаулап алушылар арасындағы шаруашылық пен тұрмыс-салттың жақындығына байланысты этникалық араласу жатады. Жазба деректер XIII ғ. ортасы мен екінші жартысында Жошы ханнан тараған 2-4 буын өкілдерінің әйелдері және олардың қай тайпадан шыққандығын атап көрсетеді. Қарапайым есептеу жолымен Жошы ұлысының сол қанатындағы ұлысты басқарған Орда Еженнің ұлдары: Сартақтай, Құи, Күнқыран, Хулагулерді шамамен 1220-1230 ж. дүниеге келген деп есептесек, олардың ұрпақтары XIII ғ. ортасында туылған болып шығады. Рашид ад-Динде Орда Еженнің және оның ұлдарының көбі қоңырат тайпасынан қыз алғандығы туралы көп айтылады. Бұл Шыңғыс хан заманынан бері келе жатқан дәстүрді XIII ғасырда да оның ұрпақтары одан ары жалғастырғандығын көрсетеді. Орда Еженнің ең кіші ұлы Хулагудың екі әйелінің бірі – қыпшақ тайпасынан шыққан, есімі – Турбарчин-хатун. Ал осы Хулагудың Темір-Бұқа атты ұлының әйелдері Қоңырат, Арғын тайпаларынан алынған. Орда Еженге немере болып келетін Куинджи (Қоныша), Тумакан, Мұсылман секілді ұлдардың әйелдері Қоңырат, Меркіт, Жаджират, Татар, Найман тайпаларынан делінеді. Ал XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың I жартысында өмір сүрген Куйнджидың (Қоныша) ұлдарының әйелдері – Кереит, Қоңырат, Огунан (Уақ) тайпаларынан болған.

Біріншіден, жоғарыда келтірілген дерек мәліметтері Орда Ежен ұрпақтарының, әсіресе Жошы ұлысының сол қанатындағы билеуші әулет өкілдерінің жергілікті тайпалардан (Қыпшақ, Арғын) қыз алысуы олардың этникалық өзара байланысын көрсетеді. Бұл сол кездегі ішкі саясат үшін екі жаққа тиімді болатын. Ұлыс билеушілері жергілікті жердегі мықты тайпалардан, әсіресе тайпа басшыларының, оның ішінде моңғолдарға дейінгі тайпалар басшыларының қыздарына үйленіп, оларды өздеріне жақын тартса, жергілікті этникалық топтардың өкілдері билеуші әулет өкілдеріне қыз беру арқылы өздерінің бұрынғы дәрежесін сақтап қана қоймай, оны одан әрі өсіруге ұмтылып отырады. Билеуші әулеттің бұл дәстүрін кішігірім ұлыс

басшылары, түмен, мыңдық, жүздік басшылары да қолданады. Жоғарыдағы деректер аз санды моңғолдық элементтердің қыпшақтық этноортаға тез сіңісіп кеткендігін көрсететін өте нақты мәліметтер болып саналады.

Екіншіден, Арғын, Қыпшақ тайпаларымен қатар аталатын Қоңырат, Найман, Кераит (Керей), Онгунан (Уақ) айпалары Моңғолия аумағынан XIII ғасыр басында келсе де, түрік тілдес және көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар болатын. Тілдік жақындық, этникалық тығыз байланыстар және ортақ саяси жүйеде ұзақ уақыт болу – бұл тайпаларды біртұтас этносқа айналдыра бастаса, таза моңғолдық элементтер осы этникалық ортаға аралсып, сіңісіп кетеді.

Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтың этноортаға тез сіңісіп кетуінде қыпшақ тілінің рөлі ерекше болғандығын атап өтуіміз керек. Қыпшақ тілі моңғолжаулауына дейін бүкіл Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген барлық тайпалар үшін ортақ тіл болып, Ертістен Дунайға дейінгі орасан зор аумақта болған қыпшақ (куман, половец) хандықтары өздерінің сыртқы саясатын қыпшақ тілінде жүргізді. Қыпшақ тілінің рөлі мен маңызын мынадай салыстырулар арқылы көрсетуге болады. Кең мағынадағы қыпшақ тайпаларының XI-XIII ғ. мекендеген аймақтарын ортақ атаумен Дешті Қыпшақ десек, ондағы тұрғындардың бәрін жалпы атаумен қыпшақтар (кумандар, половецтер) деп, олардың мемлекеттілігін қыпшақ хандықтары деп атасақ, қыпшақ тілі де бүкіл Дешті Қыпшақтың жалпыға ортақ кең таралған тілі болып саналады.

XIII ғасырда қыпшақ тілі жеңіске жеткен моңғолдармен бірге моңғолтілінің келуіне қарамастан, тұрмыстық деңгейдегі, рухани өмірдегі, әдебиет саласындағы өз позициясын жоғалтпайды, тіпті, жоғарғы деңгейдегі мемлекетаралық қатынастардың, елшілік қарым-қатынастардың құралы ретінде моңғолтілімен қатар қолданылып, XIV ғасырдың өзінде оны бірте-бірте қолданыстан ығыстырып шығарады. XIII ғасырда өмір сүрген Дешті Қыпшақтың ұлы жыршысы Кетбұғаның Жошының өлімін Шыңғыс ханға астарлап естіртуі дәстүрлі өлең түрінде айтылып, қыпшақ (түрік) тілінде баяндалады.

«Тенгиз баштын булғанды ким тондурур, а ханым?
Терек тубтын джығылды, ким турғузур, а ханым?», –

деген ұлы жыршыға, Шыңғыс хан:

«Тенгиз баштын булғанса тондурур олум Джошы дур,
Терек тубтан джығылса, турғузур олум Джошы дур» –

деп жауап қайырған екен».

XIII ғасырдың бірінші жартысында қыпшақ (түрік) тілінде айтылған бұл өлең жолдарының қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасынан аса көп айырмашылығы жоқ екенін тіл мамандары түгілі, қазақ тілін жетік білетін әрбір адам аңғарады. Бұл төрт жолдың қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы былайша айтылады:

«Теңіз бастан былғанды,
Кім тұндырар, уа ханым?!
Терек түптен жығылды,
Кім тұрғызар, уа ханым?!
Теңіз бастан былғанса,
Тұндырар ұлыс – Жошы-дүр!
Терек түптен жығылса,
Тұрғызар ұлым Жошы-дүр!».

Кетбұға жыры үзіндісінің бізге дейін жетуі оның XIV-XV ғ. жазба тарихқа енуінің арқасында болса, ал XIII ғ. өзінде қыпшақ тіліндегі ауыз әдебиетінің үлгілерінің бізге дейін жетпегені қаншама!

XIII ғасырдағы моңғолдар билігінің алғашқы кезеңінде қыпшақ тілінің кең тарауымен бірге оның жазба әдебиетте де кең қолданыста болғандығын сол тілде жазылған көптеген туындылар дәлелдейді. «Кодекс Куманикус», «Оғыз-наме», «Мухаббат-наме», «Хусрау және Шырын», «Жүсіп-Зылиха», «Гюлистан би-т-тюрки», «Қиссас-уль анбия» және тағы басқа қыпшақ тілінде жазылған бұл туындылар – XIII-XIV ғ. Алтын Ордада қыпшақ тілінің әдебиет пен мәдениеттің тілі болғандығын көрсетсе керек. Бұл туындыларды негізінен сарай төңірегіндегі талантты ақындар жазған. Олар мемлекеттік қызметтер атқарған немесе билеушілер жанында болып, өз туындыларын екінің бірінде өз билеушілеріне арнаған не оларға сыйға тартып отырған.

Қыпшақ тілінің сол дәуірде халықаралық деңгейге дейін өскендігіне «Кодекс Куманикус» (XIV ғ. басы) («Қыпшақ тілінің сөздігі») атты жинақ дәлел бола алады. М.Г. Сафаргалиев бұл еңбекті «Италияда 1303 жылы құрастырылған бұл Қыпшақ сөздігі (Половецкий словарь) Дешті Қыпшақта сауда жасайтын итальяндық саудагерлерге көмекші ретінде қызмет етті», – десе, Қазақстан тарихының авторлары «Бұл – арнаулы сөздік және кейбір жағынан әр түрлі мақсаттармен Ордаға келген және латынша білетін еуропалықтарға, сондай-ақ латынша білгісі келетін қыпшақтарға арналған қыпшақ тілінің оқулығы», «Дешті Қыпшаққа келіп, тіл жөнінен қиындық көргендерге көмек көрсету мақсатын көздеген адам құрастырғанын көрсетеді». Сөздікте қыпшақ тілінің латын, парсы тілдерімен қатар қойылып, әрбір сөздің осы үш тілдегі аудармасының қатар берілуі – қыпшақ тілінің Алтын Орда империясында кең тараған тіл екендігін, империяның ресми тілі болғандықтан, оның халықаралық маңызы да болғандығын дәлелдей түседі.

Қыпшақ тілінің Алтын Ордадағы хан Ордасында да кең тарап, ресми тілге айналғандығын мынадай дерек көрсетеді. Ибнабдеззахир 1263 жылы Египеттен келген елшілерді Берке ханның қалайша қабылдағаны туралы былай деп суреттеп жазады: «Ол (Берке) 100 адам (басқа нұсқаларда 500 адам) сиятын үлкен шатырда тұрды, шатырдың сырты ақ киіздермен жабылған, ал іші қытайдың қымбат жібек маталарымен, түрлі-түсті асыл тастармен көмкерілген. Ол тақта отырды, жанында үлкен әйелі болды және 50-60-тай әмірлер орындықта отыр. Елшілер кірген кезде ол өз уәзіріне

жолдауды оқытты, сосын оларды сол жақтан оң жаққа қарай ауыстырды... Оның жанындағы бас қазы жолдауды аударып берді және ханға тізімді берді, сұлтанның хаты (Беркенің) жанына тұрғандарға арнап түрікше оқылды, олар (татарлар) бұған қатты қуанды».

Алтын Орданың ресми құжаттарының бәрін қыпшақ тілінде (түрік тілінде) жазу кең етек алады.

Алтын Ордадағы моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтық этноортаға сіңісуі барысындағы қыпшақ тілінің рөлін қарастыра келе, біз мынадай қорытындыларға келеміз.

Біріншіден, қыпшақ тілі моңғолжаулап алушылыған дейін бүкіл Дешті Қыпшақ тайпалары үшін өзара қатынас құралы ретінде қандай рөл атқарса, Жошы ұлысындағы қыпшақтық және моңғолдық этнокомпоненттер арасындағы қатынас құралы болып қала береді.

Екіншіден, жаулап алуға байланысты Моңғолия аумағынан Дешті Қыпшаққа келген түріктік және моңғолдық аз санды этникалық элементтер азғантай уақыттың ішінде қыпшақ тіліне ауысады да, ол өз кезегінде қыпшақтану процесін тездетеді. Қыпшақ тілі қарапайым адамдардан хан Ордасындағы билеуші топ арасына дейін тез таралып, XIII-XIV ғ. ауыз әдебиетінің үлгілері, жазба әдебиет ескерткіштері ресми құжаттар, тіпті халықаралық сөздік осы тілде орындалады.

XIV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Ордада болған араб авторлары ресми хандардың бәрін Қыпшақ хандары деп атайды. Мысал келтірсек, Аддзехеби (1348-1349 ж. қ.б.) өзінің «Ислам тарихы» атты еңбегінде Берке ханды «Қыпшақ және Судак даласының патшасы болған», ал Тоқта ханды «Қыпшақ патшасы», – деп жазады. Ал-Омари Алтын Орданың билеушісін «Қыпшақ патшалығының ханы», «Қыпшақ және Хорезм жерлерінің билеушісі», Өзбек ханды «Қыпшақ мемлекетінің қазіргі билеушісі», – деп жазады. Ибн Ал Форат «665 жылы (1266 ж. 2 қазан – 1267 ж. 21 қыркүйек) (Тоған) патшаның ұлы Менгутемір қыпшақ патшалығының тағына отырды», – деп атап өтеді.

Бұл деректерде Алтын Орда, Жошы ұлысы атауы мүлде қолданылмайды, керісінше, бір ғана термин – Қыпшақ мемлекеті және Қыпшақ ханы деген атау айтылып тұр. Сондай-ақ мәліметті берушілердің бәрі дерлік өз еңбектерінде XIII ғасырдағы тарихи жағдайларды сипаттап қана қоймай, өздері Алтын Ордаға келген кездегі көргендерін де айтып өтеді. Оған «қазіргі кездегі Қыпшақ мемлекетінің билеушісі Өзбек хан» деген дерек дәлел. Деректің мәліметтеріндегі тарихи оқиғалар XIII ғасыр мен XIV ғасырдың бірінші жартысындағы кезеңге сәйкес келеді. Олай болса, XIV ғасырдың басында-ақ Дешті Қыпшақтағы моңғолдық этникалық элементтер толығымен және түпкілікті түрде қыпшақтанып болған. Осыны үрдісті ал-Омаридың мынадай дерегінен көруге болады: «Ежелде бұл мемлекет қыпшақтар елі болатын, бірақ оларды татарлар басып алған соң, қыпшақтар оларға бағынышты болды. Бұдан кейін олар (татарлар) (қыпшақтармен) араласып, туыстасты және жер олардың (татарлардың) табиғи және нәсілдік белгілерінен үстем түсті; моңғолдар (және татарлар) қыпшақтар жеріне қоныстанғандықтан, олармен некеге тұрып, олардың (қыпшақтардың) же-

рінде өмір сүріп қалғандықтан, өздері де олармен бір рудан шыққандай, тура қыпшақ болып кетті». Қорыта айтқанда, моңғолдардың қыпшақтануы XIV ғасырдың басында-ақ аяқталған деуге болады.

Бақылау сұрақтары:

1. XIII ғ. ортасы мен XIV ғ. ортасына дейінгі Дешті Қыпшақ аумағындағы қыпшақтану үрдісіне әсер еткен факторларды атап көрсетіңіз.
2. Мемлекеттегі саяси тұрақтылықтың этноүдерістерге тигізген оң ықпалдарын ашып көрсетіңіз.
3. Хандар саясаты этноүдерістерге қалай әсер етті?
4. Этноүдерістер барысындағы қыпшақ тілінің рөлін көрсетіңіз.
5. Бір типті шаруашылықтың этноүдерістерге тигізген рөлін көрсетіңіз.

§ 3. Қыпшақтану үрдісіндегі исламның рөлі

XIII ғ. басынан XIV ғ. ортасына дейінгі Жошы ұлысындағы этникалық процестерге саяси, тілдік, шаруашылық, мәдени факторлармен қатар ислам діні де маңызды рөл атқарады. Тіпті, ислам дінінің ықпалынсыз бұл процесс өзінің мәресіне дейін жетпеген болар еді. Жалпы алғанда, XIII-XV ғ. қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңінде исламның атқарған рөлі зор. Ислам діні рухани өмірде қандай маңызға ие болса, руханилық дамуда да дәл сондай маңызға ие. Руханилықтың негізгі өзегі, тірегі, діңгегі ислам діні болып табылатындықтан, ол этникалық процестерде ең басты орындардың бірін иеленеді. Этникалық процестерге қолайлы жағдайлар мен қажетті шарттар жасаған әрбір фактор өздеріне тән ғана белгілі бір функцияларды атқарса, руханилық фактор бұлардың бәріне ортақ руханилық кеңістікті қалыптастырады, этнопроцестерге қатысушы этноэлементтерді рухани жағынан біріктіреді, ынтымақтастырады, әрбір этноэлементтің сана-сезімін жоймай-ақ, барлық этноэлементтердің сана-сезімдерінің жиынтығынан, бірлігінен одан да жоғары деңгейдегі сана-сезімді, жаңа этносқа ортақ – халықтық сана-сезімді туғызады, қалыптастырады.

Қазақ жеріне исламның алғаш келуі VIII ғасырдан басталса, оның бүкіл Дешті Қыпшақ аумағында ресми дін мәртебесін алуы XIV ғасырдың басына, Өзбек ханның билігінің басына сай келеді. Міне, осы 600 жылдық тарихи дәуірді исламның таралуына қарай бірнеше кезеңге бөліп қарастырсақ, XIII-XIV ғ. аралығы соңғы тарихи кезеңге жатады. Осы соңғы кезеңде ислам діні Жошы Ұлысында оның шінде қазіргі Қазақстан аумағында әр түрлітарихи жағдайларға байланысты XIII ғасырға дейін орын тепкен басқа діндер мен ағымдарды жеңіп шығады.

Түрік тайпаларының ертеден бергі келе жатқан діні – тәңіршілдік екендігі баршаға мәлім. Ертедегі түрік тайпаларының дінінің негізі Көкке – Тәңірге және Жер-Суға сыйыну болды. Одан кейінгі тұрған әйел тәңірі – Ұмай Ана – от басы мен бала-шағаны қорғаушы болған. Бұл наным-сенім Орталық Азиядағы барлық түрік тілдес тайпаларға оның ішінде оғыздарға, қарлұқтарға, қимақтарға, қыпшақтарға бірдей болған.

Орта Азия мен Қазақстан аумағында діннің таралуын, оның басқа діндерге қарағанда жетекшілік рөл атқаруына көп жағдайда билеуші әулеттің сол дінге деген көзқарасы, оны қолдауы не қолдамауы көп рөл атқарады. Моңғолдар жаулауы аяқталып, ұлыстар құрылып болғаннан кейін Жошы Ұлысының алғашқы билеушілері (Бату, Берке хандар) Қарақорымдағы моңғолқағандарына тәуелді болып саналғанымен де, іс жүзінде Ұлыстың ішкі өмірінде дербес саясат жүргізеді. Дербестік ұлыс билеушілерінің дін саясатынан анық байқалады. Моңғол қағаны Гүйіктің ұстанған діни бағыты туралы Рашид ад-Дин былай деп жазады: «Гүйік хан тұсында атабек лауазымын жас кезінен христиан болған Қадақ атқарғандықтан, бұл оның [Гүйік ханның] мінезінде өз ізін қалдырады. Ал одан кейін болған Чинай да оны жалғастырады, сол себепті де [Гүйік хан] священниктердің іліміне және христианға жақын болды. Бұл жағдай жан-жаққа таралып кеткенде, Шам, Руми, Ос және Орыс елдерінен оның астанасына христиан священниктері ағыла бастады. Кадак пен Чикайдың арқасында ... Гүйік ханның билігі тұсында христиандардың ісі оңға басты, бірде бір мұсылман оларға қарсы дауыс көтере алмады». Осы жерде айта кетуіміз керек, Рашид ад-Диннің «бұл жағдай жан-жаққа таралып кетті» дегенін, 1245 жылы Рим папасы I Инокентийдің ұсынысымен Лионда өткен собордың шешімдерінен көреміз. Онда «ол жаулап алушыларға (моңғолдарға – Б.К.) бейбітшілікті ұсыну, христиан дінін қабылдауға көндіру, және олардың қаруын Түріктер мен Арабтарға қарсы бағыттау үшін» елшілік аттандыру қажет деген шешім қабылданады. Және де сол шешімге сай Моңғолияға Плано Карпинидың басшылығымен 6 монах жіберіледі. Плано Карпини өз серіктерімен 1246 жылы Қарақорымға келген кезінде Гүйіктің қаған ретінде таққа отырғызылу рәсіміне қатынасады және ол рәсімге жан-жақтан 4000 адам келгенін, оның ішінде Суздаль герцогы Ярослав, Грузин патшасының екі ұлы, Қытай мен Солоннан (Манчжур), араб елдерінен және тағы басқа елдерден адамдардың келгенін айтады.

Ұлы қаған Гүйіктің діни ұстанымына қарамастан Жошы ұлысының ханы Бату қол астындағы және тәуелді халықтар мен елдерге қатысты өзіндік саясат, оның ішінде діни саясат ұстанады. Батудың саясаты жөнінде сол дәуірдің тарихшылары былай деп сипаттама береді: «Ол (Бату) өте әділетті адам және мұсылмандардың досы болды, оның қамқорлығы арқасында мұсылмандар өздерін еркін сезінді. Оның ордасы мен жанында мешіт салынып, имамы, муэззины, намазға жығылатын қауымы болды. Оның патшалығы тұсында және оның тірі кезінде мұсылман елдеріне ол жағынан, оның қоластындағылар тарапынан, оның әскері тарапынан ешқандай жаманшылық болған жоқ. Түркістан мұсылмандары оның қорғаштауы арқасында тыныштық пен қауіпсіздікте өмір сүрді». Ал келесі бір араб авторы Бату туралы былай деп жазады: «Ол ешбір дінге, ешбір сектаға кірмеген билеуші еді, ол оларды тек құдайшылықты танудың жолы деп түсінді, сөйтіп, ешбір секта мен дін ағымының жолын қумады». Ал XIII ғасырдағы армян тарихшысы Киракос Гандзакеций өз дерегінде Батудың тек мұсылмандарға ғана емес, сонымен ірге басқа да діндегі адамдарға, оның ішінде саудагерлерге жақсы қарағандығын айтады.

Бұл келтірілген деректер Алтын Орданың негізін қалаушы әрі алғашқы ханы Бату ханның дінге қатысты көзқарасы мен ұстанымын көрсетеді. Егер де Қарақорымда Ұлы қаған Гүйік христиан дініне бет бұрып, мұсылмандарға қолдау көрсетпесе, Сарайда, керісінше, мұсылмандар хан тарапынан қысымшылықтар көрмейді. Дәл сол секілді басқа діндегілер де ешқандай шектеу көрмейді. Бұл Батудың нақты бір дінді қабылдамаса да оның діни сабырлылығын, шыдамдылығын көрсетеді Жазба деректер Бату ханның әкесі Жошының жаулап алушы болса да, діни ұстанымдар жағынан келгенде, оның «мұсылмандарға көмек көрсетуді қолдайтынын» жазған болатын.

Алтын Ордада Бату хан тұсында діни еркіндіктің болғандығын ханның ұлдары мен інілерінің әр түрлі дінге кіргендігінен көруге болады. Мысалы, Батудың үлкен ұлы – Сартақ христиан дініне енсе, туған інісі Берке, мұсылман дінінде болады.

Алтын Ордада Бату ханнан кейін христиандық жолды ұстанған оның ұлдары Сартақ пен Ұлақшыны Қарақорым қолдаса да, билікке келе алмауын, ең алдыменен Сарайдағы басқарушы топ арасында мұсылмандық топты күшейгенінен деп түсінеміз.

Алтын Орданың билеуші тобы арасында мұсылмандық топтың күшеюі нәтижесінде билікке Берке хан келеді. Оның тақты иеленуіне басқа да факторлар әсер етуі мүмкін, бірақ та біз ислам факторын солардың ішінде алдыңғы қатарлардың біріне қоямыз.

Беркенің Сарайда хан болуымен исламның бүкіл Алтын Орда аумағында кең түрде таралуына, билеуші тап арасында оның ықпалының күшеюіне жол ашылады. Берке ханның жеке басының мұсылманшылдығы туралы сол заманның тарихшылары мен XVII ғасырға дейінгі авторлар тек жағымды пікірлер айтады. Солардың бірнешеуінің пікірлеріне назар аударып көрсек.

1279-1333 ж. өмір сүрген араб тарихшысы ан-Нувейри былай деп жазады: «Ол Солтүстік мемлекетінің (Алтын Орданың – ред.) төртінші билеушісі. Берке мұсылмандықты қабылдады және оның мұсылманшылдығы керемет болатын. Ол сенім туын жоғары ұстап, мұсылмандық дәстүрді енгізді, дін басыларына құрмет көрсетті, оларды өзіне жақын тартып, жанында ұстады, олармен достасты, мемлекетінде мешіттер мен медреселер салдырды. Ол Шыңғысхан ұрпақтары ішінде бірінші болып исламды қабылдады, олардың ішінде исламды оған дейін қабылдаған адам туралы ешкім ештеңе айтқан жоқ. Ол мұсылман болғанда, оның халқының көп бөлігі де исламды қабылдады. Оның әйелі Джиджек-хатун да мұсылман болды, ол өзіне шатырдан мешіт салдырып, өзімен бірге алып жүрді». 1245-1325 ж. өмір сүрген келесі бір араб тарихшысы Рукнеддин Бейбарс мынадай дерек береді: «661 жылы (1262 ж. 15 қараша – 1263 ж. қараша) Татгар патшасы Беркенің елшілері, (Египетке) келіп, оның исламды қабылдағандығы жөнінде хабар әкеледі». Одан ары деректе Беркенің хаты туралы айтылып, онда мұсылман дінін қабылдаған адамдардың аты-жөндері, ру-тайпалары, олардың бала-шағаларымен, қызметкерлері мен қарауындағы адамдармен исламды қабылдағаны, мысалы Кутлугтимур, Аджи өзінің балаларымен, Дурбай және Хорасанға аттанған 10 мыңдық әскер бәрі түгелімен

мұсылмандыққа өтіп, өздері исламның заңдары мен ережелерін қабылдағандығы баяндалады. Сондай-ақ осы деректің келесі бір жерінде Беркенің жақтастарының алғашында Хулагудың қарамағында болып, екі ел билеушісі арасындағы қарым-қатынас бұзылғаннан кейін олардың Египетке қашып барып, исламға бой ұрғандығы айтылады. Ибнабдеззахр 1263 жылы Берке ханның араб елшілігін қабылдау және Берке ханның 50-60-тай әмірлері туралы айта келе, «Оның (жанындағы) әрбір әмірдің муэззині мен имамы, әрбір хатунның да муэззині, имамы болды. Балалар медреселерде қасиетті Құранды оқиды», – деп жазады. Джузджанидың Берке ханның мұсылманшылығы туралы деректерін төмендегіше топтастырып беруге болады: 1) Берке туылғанда әкесі оның кіндігін мұсылман әйелге кестіріп, мұсылман әйелдің сүтін ішкізген, 2) Берке жас кезінен имамның тәрбиесінде болып, Құранды оқыған, Ходжентте діни оқуда дәріс алған; 3) Ер жетіп, қол бастағанда, оның әскері тек мұсылмандардан тұрған; оның әскерінде 30.000 мұсылман болған; әскерде жұма намаз енгізілген; 4) Беркенің жанында Құранды, хадистерді, мұсылман ережелері мен заңдарын жақсы білетін адамдар үнемі болған, кітапханасы бай болып, сарайда үнемі шариат заңына байланысты пікір айтыстар үнемі болып тұрған.

Өтеміс қажының еңбегінде де Берке хан және оның мұсылманшылдығы туралы көп айтылады. Берке хан халифпен де қатынас орнатып, Батудың тірі кезінде одан қымбат бағалы киімдерді сыйға алған.

Ислам дінінің Дешті Қыпшақ аумағында күшеюі оның құндылықтарының басқа рухани құндылықтардан жоғары тұруына, оның басқалардан үстем болуына алып келді. Үстемдікке жеткен ислам діні бүкіл Дешті Қыпшақ аумағындағы барлық тұрғындар үшін, көшпелі тайпалар үшін де, қалалық тұрғындар үшін де ортақ, біртұтас рухани кеңістік қалыптастырады. Бұл рухани кеңістіктің ортақ құндылықтарына: Аллах, Мұхаммед пайғамбар, Құран, шариат, хадистер, Мекке, Медине, Қағба және тағы басқа ислам дініндегі қасиетті ұғымдар жатты. Мұсылмандықты қабылдау арқылы көптеген тайпалар бұрынғы шамандық негіздегі дүниетанымынан, этикадан, моральдан ажырап, жаңа ислам өркениетіндегі құндылықтарға ие болады. Географиялық жағынан алғанда, XIII ғасырдағы Жошы Ұлысының шығысы мен батысы аралығында өмір сүрген тайпалар жалпылама атаумен қыпшақтар деп аталса да, шаруашылық, аймақтық, тілдік-диалектілік, ерекшеліктерге сай өзіндік, өздеріне ғана тән, дүниетаныммен өмір сүрген болатын. Оған Моңғолия аумағынан келген түрік тілдес және моңғолтілдес тайпалардың рухани дүниетанымы, рухани өмірі келіп қосылса, сонда ислам діні орныққанға дейінгі Жошы Ұлысындағы тайпалардың рухани өмірін ала-құла затпен, әр түстегі нәрсемен салыстыруға болады. Этникалық жағынан алғанда барлық тайпалар үшін қыпшақтану процесі белең алып жатса да, XIII ғасырдың екінші жартысында осы процестің исламдық фактордың ықпалымен жүруі, рухани өмірде исламның жетекші орынға шығуы, барлық тайпалар үшін бір ғана рухани кеңістіктің қалыптаса бастауы – міне, осылардың бәрі XIV ғасырдың басында қыпшақтану процесін өзінің мәресіне дейін жеткізеді. Берке хан тұсында Алтын Ордада ислам

дінінің осылайша, биліктің сң жоғарғы тұрғысынан қолдау табуы – исламның бұл мемлекеттс сң басты дінге айналуына негіз қалап, жергілікті қыпшақ этносының жаңадан келген этноэлементтерді өз бойына сіңіруінде маңызды рөл атқарады.

1266 жылы Берке хан қайтыс болғаннан Алтын Ордада Өзбек хан таққа келгенге дейінгі уақыт ішінде исламға Берке хандай қолдау көрсеткен хан болмады. 1266-1282 ж. хан болған Мөңке Темірдің (Менгу Темір) діни көзқарасы жөнінде араб деректері ешқандай мәлімет бермейді. Бірақ та Берке хан тұсында кең дамыған Алтын Орда мен Египет арасындағы қарым-қатынастар жалғаса береді. Араб деректерінің Мөңке Темір хан туралы өте аз мәліметтер беруін біз, оның мұсылман дініне кірмегендігінен деп білеміз. Сондай-ақ деректер Мөңке Темір ханның мұсылмандар қарсы жасаған іс-әрекеттері жөнінде ештеңе айтпайды. Рукнаддин Бейбарыста Мөңке Темірдің мұсылман болмағандығын көрсететін мынадай бір дерек кездеседі. Берке хан тұсынан бері Алтын Ордада тұтқында жатқан Румның сұлтаны Изэеддин Кейкаус 1278-1279 жылы қайтыс болғанда Мөңке Темір оның ұлы Масуд сұлтанды әкесінің әйелі Урбай хатунға үйлендірмек болады. Бірақ Масуд мұны адамгершілікке жатпайтыны, ешбір ережеге сай келмейтін ұсыныс деп одан қашуға мәжбүр болады. Мұсылмандық тұрғыдан ханның бұл ұсынысы өте ұятты, өте жабайы, ешбір ақылға сыймайтын болса, дінсіздер тұрғысынан алғанда ол кәдімгі, қарапайым шаруа секілді болып көрінеді. Мөңке Темір ханның бұл әрекеті оның қандай дінді ұстанса да, тек мұсылман болмағандығын көрсетеді.

Одан кейін билікке келген Туда Менгу ханның мұсылмандықты қабылдағанын араб тарихшысы Рукнеддин Бейбарс хабарлайды. Бес жыл хан болып, сопылық жолға түсуіне байланысты ол биліктен өз еркімен бас тартады да орнына Тула Бұқаны қалдырады.

Осылайша, 1312 жылы тақ билігіне Өзбек хан келгенше дейін Алтын Ордада ислам діні жоғарғы билік тарапынан кең қолдауға ие болмаса да, жекелеген билеуші әулет өкілдерінің ықпал етуімен тарала береді, өзінің рухани өмірдегі маңызын арттыра түседі.

Алтын Ордада исламның толығымен және түпкілікті түрде жеңіске жетіп, мемлекеттің ресми дініне айналуы – тікелей Өзбек ханның есімімен байланысты. Бұл туралы араб және парсы тілдеріндегі деректердің көбі жазады. Өзбектің билікке келер қарсаңында Сарайдағы билеуші топ арасында діни мәселелер бойынша екі топ болған секілді. М.Г. Сафаргалиевтың дәлелдеуі бойынша бірінші топ – шамандықты ту еткен дін басылары мен қалалық саудагерлер тобының өкілдері болған. Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағының» жалғасының анонимді авторының жазуы бойынша Өзбектің билікке келуі былайша баяндалады: «Сол кезде Дешті Қыпшақтың, Хорезмнің және басқа да өлкелердің билігі Өзбек ханға ауысты. Ол былай болған еді. Сол елдің ханы Тоқтай болатын. ...ол (9.VIII.1312) жылы Сарай маңында Еділ өзенінде кемеде қайтыс болды. ...әмірлер мен нойандар билік мәселесіне келгенде дауласа бастады. Сарай әмірлерінің бірі Кутлук Темір: «Таққа Тоқтайдың ұлы отыруы тиіс, бірақ ол үшін Өзбекті ұстап

алуы керек, өйткені ол (біздің) жауымыз, ал содан кейін ғана Тоқтайдың ұлын билікке әкелуге болады», – деп айтады. Ол (әмірлер) мұнымен келіседі. Тоқтайдың өлімін естіген Өзбек Сарайға келеді, ол әмірлердің жасырын әрекеттерінен хабарсыз болатын. Сол әмірлердің арасында Құтлұқ Темір деген тағы бір әмір (болып), ол әмірлердің ойын Өзбекке білдіреді. Әмірлердің Өзбекке жаулығының себебі мынада болатын. Өзбек үнемі оларды ислам дінін қабылдауға үгіттеуші еді. Ал әмірлер болса: «Сен бізден бағыну мен жарлыққа құлақ асуды күт, ал біздің сенімімізге, қандай дінге қарайтынымызға шаруаң болмасын, қалайша біз Шыңғыс ханның заңы (тура) мен жарғысынан (ясак) бас тартып, арабтар дініне кіреміз?» – деп жауап қайтаратын. Ол (Өзбек) өз дегенінен қайтпайтын, соған байланысты әмірлер оны жек көріп, оның көзін құртпақ болды. Сол мақсатпен ол той ұйымдастырып, сонда оны өлтіруді ойластырады. Өзбек тойға келгенде, сол баяғы әмірлердің жоспарын естірткен Құтлық Темір оған белгі береді. Өзбек (қауіпті) сезіп, дәрет алуды сылтауратып, далаға шығады. Сол әмір (Құтлұқ Темір) ере шығып, әмірлердің жоспарын айтып береді. Өзбек бірден атына мініп, қашып кетеді. Әскерін жиып әкеліп, (оларды) жеңіп шығады. Тоқтайдың ұлын және Шыңғыс хан ұрпақтарының 120-сын өлтіреді... Өзбек Дешті Қыпшақтың тағына келіп, өте күшті билеуші болады. Ол сыртқы сұлулығы мен адамгершілігін, діншілдігін бір өзіне ұштастыра білген, мұсылмандықты нығайтқан ханзада болды».

Сонымен деректерде Өзбек хан билікке келгеннен соң, оның жүргізген діни саясаты туралы «әмірлер мен қызметкерлерді, көптеген ұйғырларды, яғни ламалар мен сиқыршыларды өлтіріп, исламды көтергендігі», «көптеген әмірлер мен сиқыршыларды өлтіргендігі», «өз жеріне исламды жариялап дінсіз болған көптеген әмірлерді өлтіргендігі, исламды басқа діндерден жоғары қойғандығы», «Аллахтың жауларының көзін құртушы, дін жолындағы күрескер екендігі», «өзіне қарсы шыққандардың көзін жойғандығы» жөнінде айтылады. Ибн Кесирдің «Мұхаммедтің заңы басқа заңдардан жоғары тұрды» деген дерегі Өзбек ханның исламды мемлекеттің ресми діні етіп жариялағанын білдіреді.

Ислам дінінің этникалық процестерге ықпалын Жошы ұлысының сол қанатындағы тарихи дамулардан да байқауға болады. Орда Ежен ұлысының билеушілері Орда Еженнің, Күнқыраның, Қонышаны (Куйинджи), Баянның қандай дінде болып, қай дінге қолдау көрсеткенін дерек мәліметтері атап айтпайды. Дегенмен де ол, Бату, Мөңкетемір, Тоқтай хандар секілді ислам дінін қабылдамас бұрын да, мұсылмандарға қолдау көрсеткен деуге болады. Оған ұлыстың Жошы ұлысының бір бөлігі бола тұрып, Сарайдағы хандардың билігіне толық мойынсұнуы және XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, ұлыстың құрамындағы Сыр бойы қалаларының қайтадан қалпына келтіріліп, гүлдене бастауы жатады. Бұған дейін айтылғандай, Батудың мұсылман саудагерлеріне қолдау көрсетуі, Беркенің исламға өтіп, оған кең қолдау жасауы тек Алтын Орданың батыс бөлігіне ғана емес, бүкіл Алтын Ордаға қатысты болды. Ал Сыр бойындағы қалалардың қалпына келтіріліп, гүлдене бастауы – ұлыс билеушілерінің сол өңірдегі

тұрғындарға қамқорлығынан деп түсінуге болады. Өңір тұрғындары моңғол жаулап алушылығына дейін мұсылмандар болғандықтан, өңірдің гүлденуіне ордасжендіктердің дінді қолдауының да қатысы бар дейміз. Алтын Ордадағы Тоқтай мен Өзбек хандардың тұсында Орда Ежен ұлысын басқарған Сасы Бұқа ханның (1320-1321 ж. қайтыс болған) Сыр бойындағы әскери, әкімшілік және діни орталық болған қала – Сауранда жерленуі, оның ислам дініне өте жақын болғандығын көрсетеді. Ал оның ұлы Ерзен хан туралы Муин ад-дин Натанзи былай деп сипаттама береді: «Ол өте ақылды, діндар, алғыр және дінді құрметтейтін патша болды. Отырар, Сауран, Жент және Баршынкенттегі медреселердің, ханакалардың, мешіттердің басқа да қайырымдылық ғимараттардың көбін ол салғызды. ... Ол 745 жылы (1344-1345) қайтыс болып, денесі Сығанақ қаласында жерленген». Ерзен ханның ислам дініне қолдау ретінде жүргізген бұл іс-әрекеттеріне қарап, оны Орда Ежен ұлысының «Өзбегі» деуге болады.

XIV ғасырдың ортасынан бастап билеуші әулет өкілдері арасында мұсылманша есімдердің өте көп ұшырасуы ислам дінінің, шариаттың, мұсылмандық әдет-ғұрыптардың, Жошы ұлысы аумағында толығымен жеңіске жеткендігін көрсететін факт. Билеуші әулет арасында мұсылманша есімдер қою дәстүрін жергілікті қарапайым халық та тез қабылдайды. Өйткені жаңа әдет-ғұрыптардың билеуші әулет арасында тез сіңісуі қарапайым халыққа да қатты әсер етіп, олар да бұл әдет-ғұрыптарды тез қабылдайды.

Орда Ежен ұлысындағы XIII-XIV ғасырдың басындағы тарихи дамуды Алтын Ордадан бөліп қарамаймыз. Осы кезеңде Алтын Ордада болған барлық процестер, оның ішінде ислам дініне қатысты мәселелер де Орда Ежен ұлысына да ортақ болады.

Жалпы, Өзбек ханның Алтын Ордадағы 30 жылдық билігі тұсында ислам дініне қатысты бірнеше маңызды мәселелер шешімін табады. Олар:

– ислам діні түпкілікті және толығымен Қыпшақ даласында жеңіске жетеді;
– қыпшақтар арасында моңғолдық элементтердің сіңісуі аяқталады, яғни қыпшақтану үрдісі өз мәресіне жетеді.

Қорыта келе, ислам дінінің Алтын Ордада толық жеңіске жетіп, ресми дін мәртебесін алуы моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтануы процесінің аяқталуымен қатар жүзеге асады. Нәтижесінде бұл үрдіс қыпшақ тайпалары негізін қалаған және рухани негізі ислам діні болған жаңа этникалық қауымдастық – «өзбек» қауымдастығының қалыптасқандығын көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Ислам дінінің таралуында XIII-XIV ғғ. қандай үдерістер орын алды?
2. Қазақстан аумағында діннің таралуында қандай фактор көп рөл атқарған?
3. Бату, Берке хандардың ислам дініне байланысты саясатын түсіндіріңіз.
4. Алтын Ордада қай хан тұсында ислам толығымен және түпкілікті түрде жеңіске жетті?
5. Ислам дінінің этноүдерістерге тигізген ықпалын ашып беріңіз.

§ 4. XIV-XV ғ. этноүдерістер және қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы

Қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңі XIV ғасырдың ортасы мен XV ғасырдың ортасы аралығына сай келеді. Моңғолдар үстемдігі дәуіріндегі этникалық дамулардың заңды қорытындысына моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтану процесінің аяқталуы, соның нәтижесінде жаңа этноқауымдастықтың қалыптасуы жатады. Ол этноқауымдастықтың «өзбек» деп аталғандығын жазба дерек мәліметтері дәлелдейді. Дешті Қыпшақ аумағындағы XIV-XV ғ. этникалық дамулар барысы өзбек этноқауымдастығынан «көшпелі өзбектер» атты этнобірлестікті туғызса, ал одан өз кезегінде XV ғасырдың ортасында жеке халық ретінде қазақ этносы бөлініп шығады. Қазақ этносының тарих мінберіне көтерілуі Қазақстан аумағындағы бірнеше мың жылға созылған этногенездің мәреге жеткендігін көрсетеді.

Сөйтіп, Алтын Орда тарихында Өзбек ханның билігі тұсы этникалық тарих тұрғысынан қарағанда XIV ғасырдың алғашқы жартысы мен ортасы жалпы этногенез барысындағы кезекті бір этникалық кезеңнің аяқталып, жаңа этникалық кезеңнің басталғандығын көрсетеді. Жошы Ұлысы құрылған тұста оның аумағында – қыпшақтар және жаулап алу барысында Моңғолия аумағынан түрік тілдес, моңғолтектес тайпалар қоныстанып, Дешті Қыпшақтың этникалық келбеті мен бет-бейнесіне өзгерістер әкеледі. Бірақ та қыпшақтану процесі сырттан келген этноэлементтерді бір ғасырдан астам уақыт бойы бойына сіңіріп, негізі қыпшақтық болған жаңа этноқауымдастықты дүниеге әкеледі. Ол этноқауымдастық – «өзбек» деген атауға ие.

Өзбек ханның тұсында саяси-құқықтық және рухани кеңістіктің бүкіл Алтын Ордаға ортақ болуы «өзбек» атауын да оның барлық тұрғындарына ортақ етеді. Жошы Ұлысының шығыс бөлігіндегі немесе сол қанатындағы Ақ Орданың тайпалары да жиынтық саяси-этникалық мәндегі өзбек атауымен аталады. Парсы авторлары өзбек атауын енгізгеннен кейін бұрынғы қыпшақ атауы жойылып кеткен екен деген ой тумауы керек. XIV ғасырдың ортасында, екінші жартысында және соңында араб авторлары Алтын Орда тұрғындарына қатысты қыпшақ терминін өзбек атауымен қатар қолдануды жалғастыра береді. Әрбір араб авторының шығармасында Алтын Орданы «Солтүстіктегі дала» елі, «Дешті мен Сарай жері», – деп атағанымен, ол жердің тұрғындарын қыпшақтар немесе өзбектер деп атап көрсетіледі. Бұл өзбек атауының жиынтық саяси-этникалық мәннен таза этникалық мәнге ауысқанын және оның осы мәнде кең тарап кеткендігін көрсетсе керек.

Егер де араб авторларының шығармаларында Алтын Орданың тұрғындары XV ғасырдың басына дейін, қыпшақтар, өзбектер деп қатар айтылып келсе, ирандық авторлар сол қанаттағы Ақ Орданың тұрғындарына қатысты тек өзбек атауын қолданады. Низам ад-дин Шами «Зафар-наме», Абдараззак Самарканди (1413-1482), Мұхаммед Хайдар Дулати мен Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани және тағы басқа авторлар өз еңбектерінде

Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық тұрғындарын жалпылама атаумен өзбектер, елін өзбектер елі, Өзбек ұлысы, ал билеушілерін Өзбек елінің патшасы деп жиі атайды.

Ибн Рузбихан өзбектердің қандай аймақтармен шекараласатынын былай деп нақты көрсетіп жазады: «Өзбектер иелігінің бір шеті мұхитпен шектеседі (автор бұл жерде мұхит деп Каспий теңізін айтып отыр); екінші шеті Түркістанмен (XIV-XVI ғасырларда Түркістан деп Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы өңірлер мен қалаларды осылай атаған – ред.); үшіншісі Дербентпен; төртіншісі Хорезммен және бесіншісі – Астрабадпен шектеседі. (Астрабад – Ирандағы провинция және қала атауы). Бұл [жерлердің] бәрі түгелімен өзбектердің жазғы және қысқы жайылымдары болып есептеледі.

Осылайша, Қазақстан атауы қалыптасқанға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ халқы өзбектер, ал олардың жері Өзбекстан деп парсы тіліндегі деректерде қолданыста болады.

Жошы ұлысының шығыс бөлігіндегі этникалық процестерге тоқталып өтелік. Орда Ежен ұлысының негізінде құрылып, Алтын Орданың құрамында болған Ақ Орда хандығының аумағы шамамен алғанда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына сай келеді. XIV ғасырдың ортасына дейінгі Алтын Орда тұрғындарына қатысты айтылған қыпшақ атауының Ақ Орда тұрғындарына да қатысы бар. Одан кейінгі өзбек атауының да сол қанат тұрғындарына қатыстылығын жоғарыдағы дерек мәліметтері дәлелдейді.



vk.com

Жошы ұлысы құрылғаннан XV ғасырға дейінгі аралық Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында салыстырмалы түрде саяси тұрақтылықтың ұзақ уақыт

бойы сақталынуы, қыпшақтану процесінің аяқталуы, дәстүрлі шаруашылық түрлерінің сақталуы, жергілікті тайпалардың бәрінің исламды қабылдауы, осылардың бәрі осы аймақта біртұтас, ортақ саяси, рухани, этникалық, экономикалық кеңістіктің қалыптасып, дамуына әкеледі. Ал ол өз кезегінде этникалық процестерге оң ықпал жасап, олардың өзара жақындасуына, бірігуіне, сол арқылы ортақ халықтық сана-сезімді туғызды. Ақ Орда аумағының Өзбекстан деп аталуы, оның тұрғындарының жалпылама атаумен өзбек делінуі соның дәлелі.

Өзбек атауы біз қарастырып отырған кезең ішінде жиынтық мәнде болғандықтан, оның құрамына енген ру-тайпаларды анықтаудың маңызы ерекше.

Шығыс Дешті Қыпшақтың XV ғасырдағы тайпаларының жалпылама атауын немесе бір бөлігі қазақ халқының ауыз әдебиетінде өзбектермен қатар, ноғай, қыпшақ деп аталады да, ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерінде олардың саны айтылып қалып отырады.

Г.Н. Потаниннің қазақ халқы арасынан жазып алған тарихи аңыз-әңгімелерінде «Отыз екі баулы өзбек», «Тоқсан екі баулы қыпшақ» атты сөз тіркестері кездеседі. Ал Мұрын жыраудан жазып алынған «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасында ноғайлы еліндегі рулардың санына қатысты «Тоқсан баулы ноғайлы» сөз тіркестері жиі кездеседі.

Ал жазба дерек мәліметтерінде олардың саны нақты тоқсан екі болғандығы айтылады. Оларға: «Маджму ат-таварих», «Тухфат ат-таварих», «Асами-йи наваду ду фирка-йи узбек» («тоқсан екі өзбек тайпаларының атаулары») секілді тарихи жазба деректер жатады. «Қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңінің этникалық негізіне Өзбек ұлысындағы тайпалар тобы жатады. Сондықтан да XV-XVI ғ. қазақтардың этникалық тарихын зерттеуде XV ғ. Өзбек ұлысындағы көшпелілердің ру-тайпалық құрамы туралы мәліметтер басты рөл атқарады, – деп жазған болатын Т.И. Сұлтанов.

92 тайпаның атаулары кездесетін жазба деректердің әр түрлі нұсқалары мен тізімдерін бір-бірімен салыстырып, оларға талдау жасаған Т.И. Сұлтанов тізімдегі тайпалардың реттік жағынан орналасуында мынадай үш принциптің бар екендігін анықтайды: 1) саяси жүйеде бірге болған немесе шығуы жағынан туыс келетін рулар мен тайпалар атауларының тізімде бірге тұру принципі; 2) бұл принцип бойынша тізімдегі ру немесе тайпаның реттік нөмері сол ру немесе тайпаның жергілікті жердегі әскери-саяси өміріндегі алатын маңызына байланысты, ру немесе тайпа атауы тізімнің бас жағында тұрса, автор оның маңыздылығын көрсетеді және керісінше болады; 3) айтылуы жағынан ұқсас келетін ру-тайпалар атауларының есте жеңіл сақтау үшін қатар берілу принципі.

«Маджму ат-таварих» дерегіндегі 92 тайпаның тізіміне назар аударалық. Тайпалар атауының реттік орналасуы дерек мәліметі бойынша беріледі.

Тізімде Жалайыр (4), Қоңырат (6), Алшын (7), Арғын (8), Найман (9), Қыпшақ (10) тайпаларының алғашқы 10 тайпа арасында берілуі Т.И. Сұл-

танов атап көрсеткен үш принциптің біріншісі мен екіншісіне сәйкес келіп тұрғандығын көрсетеді. Оның ішінде белгілі бір саяси құрылымда болған ру-тайпалар тізімде қатар айтылады деген тұп-тура осы алты ірі тайпаға айтылған секілді.

Табын (58), Тама (59), Рамадан (60), Үйсін (61) және Телеу (71), Кердері (72) тайпаларының бұл тізімде Үйсіннен басқасының қатар берілуін де Т.И. Сұлтанов анықтаған үш принциптің біріншісіндегі екі пунктке де сай келетінін аңғарамыз. Жетіру тайпалар одағына енетін бұл тайпаларды қазақ шежіресі бір атаның балалары деп көрсетсе, XIV-XVI ғ. тарихына қатысты зерттеу жұмыстарында Жетіру тайпалар одағының ұзақ уақыттар бойы Ноғай Ордасында болғандығы айтылады.

Кестедегі 92 тайпаның 19-ын біз қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалардан кездестіреміз. Олар – жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ, қаңлы, оймауыт, керейт, меркіт, қоралас, керей, табын, тама, рамадан, үйсін, телеу, кердері және шеркес тайпалары.

Енді 92 көшпелі тайпадан құралған өзбек этноқауымдастығының ыдырап, одан қазақ этносының бөлініп шығуы мен қазақ этносының этникалық негізін құраған тайпалар мәселесіне ауысалық.

XVI ғасырдың басында Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүретін тұрғындардың бәрін өзбектер дей келе, «Өзбектерге үш тайпа жатқан, олардың бәрі Шыңғыс ханның иеліктеріндегі ең мықтылары болып саналады. Қазіргі кезде [олардың] бірі – шибаниттер, бірнеше аталарынан кейін оларды мәртебелі хан (Мұхаммед Шайбани ханды айтып отыр – Б.К.) басқарып отыр. Екінші тайпа – қазақтар, олар бүкіл әлемге күштерімен және ержүректіліктерімен даңқы шыққан, үшінші тайпа – маңғыттар, олардан астрахандық хандар шығады», – деп «көшпелі өзбектер» қауымдастығын жіктеп береді.

Шибанилер атауы Жошының бесінші ұлы – Шибан есімімен байланысты. Жазба деректерде шибанилықтардың ру-тайпалық құрамы айтылған. Оған мына тайпалар жатады: қият, маңғыт, (байлы), чинбай, қоңырат, тангут, иджан, дурман, кушчи, утарчи, найман, украш-найман, тубай, таймас, джат, китай, барак, уйгур, карлук, кенегес, уйшун, курлаут, имчи (ички), туман, минг, буркут, нукуз, шадбаклы, шункарлы, ойрат, мажар және кипчак. Бұл тайпалардың жалпы саны – 32. Дерек мәліметтерінде кездесетін «Отыз екі баулы өзбек» деп аталатын тайпалар тобы – осы шибанилық тайпалар. Өзбек этноқауымдастығының құрамындағы шибанилық топтың құрамын зерттеген тарихшылар оларды XIII ғасыр басында моңғолжаулап алушылығына байланысты Моңғолия аумағынан келген арғы тегі түріктік, жалпылама моңғол атауымен аталған тайпалар деген қорытындыға келеді.

Өзбектер құрамындағы келесі бір тайпалар тобына – маңғыт тайпалар тобы жатады. XIV ғасырдың соңында Еділ мен Жайық өзендерінің аралығында, кейіннен Ембіге дейінгі жерлерде мекендеген үлкенді-кішілі тайпалар маңғыт деген ортақ атаумен аталғаны белгілі. Бұл тайпалар Ноғай Ордасының этникалық негізі болып табылады. XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл аймақтағы тайпалар да өзбек этноқауымдастығының

құрамында болып, Ноғай ұлысының өзіне тән ерекшелігіне, тарихи-географиялық жағдайларына байланысты бұл өңірдегі тайпалар да өз бетінше топтасады. Бұларға маңғыт деген ортақ атау бірнеше себепке сай берілген. Біріншісі, ол атау осы топтағы жетекші тайпаның атауы болса, екіншісіне – ұлыстың билеушілері маңғыт тайпасынан шыққан билер болған. Бірақ та шибанилықтардан бір ерекшелігі мұнда аз, аксюрют, алшын, байұлы, қаңлы, қыпшақ, қырғыз, құла-аян, тама, тоғай, түрікмен, уйшун, шөмішті, телеу секілді жергілікті тайпалардың саны басымдау келеді.

Өзбек этноқауымдастығындағы үшінші тайпалар тобына қазақ тайпалары жатады. Қазақ атауы ол тайпаларға Қазақ хандығы құрылғаннан кейін, яғни XV ғасырдың 60-жылдарынан кейін беріледі. Қазақ атауы этникалық мәнге ие болмай тұрып-ақ «көшпелі өзбектер» құрамында бұл тайпалар бірлестігі болған.

92 тайпа ішінде қандай тайпалар үшінші тайпалар тобын құраған екен, соны анықталық. Біз алдыңғы беттердің бірінде 92 тайпаның тізімін беріп, алғашқы ондықтағы алты тайпаны бөліп көрсеткенбіз. Т.И. Сұлтанов анықтаған тізімдегі тайпалардың берілу принциптерінің алғашқы екеуі осы алты тайпаның бір-бірімен қатар тұру себептерін көрсетеді. Бірінші принцип бойынша тізімде бір-біріне жақын тұрған тайпалар – белгілі бір мемлекетте, саяси жүйеде ұзақ уақыт бойы бірге болған тайпалар болып келеді. Олай болса, алғашқы ондықтағы алты тайпа – Жалайыр, Қоңырат, Алшын, Арғын, Найман және Қыпшақ тайпаларын біз бір аймақтан, бір ұлыстан, бір мемлекеттен іздестіруіміз қажет. Жазба дерек мәліметтерін талдау, саралау барысында бұл тайпалардың XIII ғасырдың басынан бері Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен ұлысында өмір сүрген. Алшын, Арғын, Қыпшақ тайпалары моңғолжаулап алушылығына дейінгі кезеңде осы аймақтарда мекендеген жергілікті тайпалар болса, XIII ғасырдың басында оларға Моңғолия аумағынан түрік тілдес Жалайыр, Қоңырат, Найман тайпалары келіп қосылады. Бұл тайпалардың Жошы ұлысы аумағында, оның ішінде Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұлысында болғандығын жазба деректер арқылы білуге болады. Орда Ежен ұлысындағы билеуші әулет өкілдерінің XIII ғасырдың II жартысында алған әйелдері жергілікті ру-тайпалардың өкілдері екендігін Рашид ад-Дин жазады. Оның мәліметінде Орда Еженнің ең кіші ұлы Хұлағудың алған екі әйелінің бірі – Турбарчин-хатун, қыпшақ тайпасының қызы болса, осы Хұлағудың Темір-Бұқа атты ұлының әйелдері Қоңырат, Арғын тайпасынан, Орда Еженге немере болып келетін Куинджи (Қоныша), Тумакан, Мұсылман секілді ұлдарының әйелдері Қоңырат, Меркіт, Жаджират, Татар, Найман тайпаларының, ал XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың I жартысында өмір сүрген Куйнджидың (Қонышаның) ұлдарының әйелдері – Керейт (Керей), Қоңырат және Огунан (Уақ) тайпасынан болған. Деректе көптеген ру-тайпалар атауының берілмей қалуына қарамастан, бұл мәліметтер Орда Ежен ұлысында қандай тайпалардың болғандығын хабардар етеді. Бұл тайпалар Орда Ежен ұлысының басты этникалық негізін құрап, XV ғасырдың ортасына дейін біртұтас этникалық жүйеде болады. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін де Орда Ежен ұлы-

сындағы Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керсй, Уақ тайпаларын қазақ халқының құрамындағы Орта жүзден кездестіреміз. Бұл тайпалардың Орта жүз құрамында болуының негізі, осылайша Орда Ежен ұлысы кезінен бастау алады. Ұзақ уақыт бойы бір саяси-әкімшілік құрылымда болған, бірбіріне өте жақын тайпаларды кейін келе қазақ шежіресінің кең тараған бір нұсқасында Болат қожа атты кісіден тараған деп баяндайды.

Рузбихан бұл алты тайпаны Қазақ хандығы құрылғаннан кейін қазақтар деп жазса, ал оған дейінгі атауын, біз шартты түрде ордаежендік тайпалар деп атаймыз. Өйткені Шибан ұлысындағы тайпаларды – шибанилықтар, Маңғыт ұлысындағы тайпаларды оның маңғыттар деп атағанын жоғарыда атап өттік. Олай болса, Қазақ хандығы құрылғанға дейін Орда Ежен ұлысының этникалық негізі болған бұл тайпаларға мұндай атау өте орынды.

Осылайша, біз «көшпелі өзбектер» құрамындағы үш үлкен тайпалар тобына талдау жасай келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, XIV ғасырдың ортасынан XVI ғасырдың басына дейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығын қалыптастырған 92 көшпелі тайпа өз ішінде аумақтағы үш әкімшілік құрылымға байланысты үш топқа бөлінген де, сол әкімшілік атаулармен: маңғыттар, шайбанилар және қазақтар (ордаежендіктер) деп аталған.

Екіншіден, әр топтағы тайпалардың құрамын тексеру барысында шибанилық тайпалардың тегі түріктік, көбісінің XIII ғасыр басында моңғолжаулап алушылығына байланысты Моңғолия аумағынан көшіп келгендігі анықталды. Маңғыт тобындағы тайпалардың жартысы жергілікті, жартысы Моңғолия аумағынан келген түрік тілдес тайпалар екендігі дәлелденді. Ал ордаежендік тайпалардың да басым бөлігі дештіқыпшақтық және түріктік екендігі анықталды.

Үшіншіден, XIII-XV ғасырларда әр түрлі саяси жағдайларға байланысты әр топтағы тайпалардың жекелеген рулары мен тармақтары басқа топтың құрамында кездесіп отырғандығын анықтап, біз мұндай жағдайдың себебін XIII ғасыр басындағы ұлыстардың құрылуы мен жаңа әкімшілік-басқару жүйесінде әскери-әкімшілік принциптің негізге алынуымен байланыстырамыз.

Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының ыдырап, одан ордаежендік тайпалар тобының бөлініп шығуы, сөйтіп олардың қазақ деген этникалық мәндегі атаумен жеке дербес саяси құрылымға этникалық негіз болуы алып келеді.

Қазақ этносының тарих мінберіне көтерілер қарсаңындағы Дешті Қыпшақтағы этникалық процестерді сол аумақтағы саяси тарихтың дамуларынан бөле қарау мүмкін емес, сол себепті де халықтың қалыптасуы барысындағы соңғы кезеңнің мәресі тұсында этникалық процестерге тікелей әсер етіп, оны тездеткен саяси оқиғаларды жалпылама түрде болса да негізге ала отыра, «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының ыдырауын этносаяси тұрғыда қарастырамыз.

Әбілқайыр хандығының күшеюінің ең шырқау шегі XV ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысына сай келеді. Көп ұзамай бұл мемлекеттің тарихында келесі кезең – ыдырау, күйреу кезеңі басталады. Ол маңғыттардың өзбектерден бөлінуінен бастау алады.

Оқас би қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерлерінің Әбілқайыр ханнан бас тартып, дербес саясат жүргізе бастауы, этникалық тарих тұрғысынан алып қарағанда, «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының ыдырай бастағандығын көрсетеді.

1457 жылғы Сығанақ қаласы түбіндегі шайқаста Әбілқайыр ханға наразы ордаежендік тайпалар оны қолдамайды. Әбілқайыр хан жеңілістің себебін өзін қолдамаған ру-тайпалардан көріп, оларды жазалауға кіріседі. Шибанилық деректердің авторлары өз шығармаларында Сығанақ түбіндегі шайқас туралы айтпауға, айтқандарын өте қысқа ғана баяндауға тырысады. Әбілқайыр ханның жеңістерін мадақтап жазған Кухистани шайқастан кейінгі жағдайды былай деп баяндайды: «Үз-Темір тайшы кеткеннен соң Әбілқайыр хан... Сығанақ қаласын қалдырып, халқы мен ұлысын жинады да, мемлекеттің және қоластындағылардың істерімен, әскерін ретке келтірумен айналысты». Бұл дерек мәліметіндегі «қоластындағылардың істері» деген сөзден көп нәрсені аңғаруға болады. Соның біріне өзін қолдамағандарды жазалау жатса керек. Қолдамағандардың ішінде ең басты тайпалар, ол – ордаежендік тайпалар болғандықтан, хан тарапынан ең қатты жазалауға да ұшырайтындар осылар болуы тиіс болатын. Мұхаммед Хайдар Дулати: «Керей хан мен Жәнібек хандар одан қашып Моғолстанға кетті», «... Жошылық кейбір сұлтандар ол тарапынан төніп келе жатқан қауіпті алдын-ала сезіп, оны болдырмауға тырысты», «Сол мақсатпен Керей хан, Жәнібек сұлтан және тағы сол сияқтылар аздаған адамдармен Әбілқайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді», – деп жазса, Махмұд бен Уәли: «Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақ өңірлерінде көкесінің ұлдарын жеңіліске ұшыратты, билікке келгенде, ... Керей хан мен Жәнібек хандар тәуелді болу мен бағынудан бас тартып, туған жерлерінен қашуға мәжбүр болды», – деп баяндайды. Осылайша, ордаежендік тайпалардың Әбілқайыр ханға деген наразылығы Сығанақ түбіндегі шайқасқа дейін жабық түрде болып келсе, шайқастан кейін ол ашық түрге ауысады. Ал ортағасырлардағы Дешті Қыпшақ аумағындағы тайпалардың билікке қарсы ашық түрдегі күресінің біріне оның әскеріне қарсы тұру, екіншісіне ханнан бөлініп, көршілес елдердің біріне көтеріле көшіп кету жатады. Ордаежендік тайпалар күрестің осы екінші түрін қолданады. Сөйтін, маңғыттардың бөлініп кетуінен кейін, ордаежендік тайпалардың да «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығынан бөлінуі – біріншіден, Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси-этникалық мәндегі өзбек этноқауымдастығының ыдырағандығын, екіншіден, осыдан бөлініп шыққан этнотоптың жаңа бір этносты – қазақ атты этносты тарих мінберіне шығарғандығын көрсетеді.

Осылайша, XV ғасырдың бірінші жартысындағы этносаяси процестердің дамуы барысында саяси күштердің мүддесі мен этникалық топтардың мүддесі бір арнаға тоғыса келе, жаңа, ұлттық сипаттағы мемлекеттік құрылым – Қазақ хандығы мен ұлттық сипаттағы этнос – қазақ халқын қалыптастырады.

Бақылау сұрақтары:

1. «Өзбек» атауының алғашқы мәнін түсіндіріңіз.
2. Ибн Рузбихан дерегі бойынша өзбектер қандай аймақтармен шекаралас болған?

3. Қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңінің этникалық негізін Дешті Қыпшақтың қай ұлысындағы тайпалар тобы құраған?
4. «Көшпелі өзбектер» құрамындағы үш үлкен тайпалар тобына талдау жасаңыз.
5. Ордаежендік тайпалар тобы деген қандай тайпалар?

§ 5. «Қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны туралы

Әр халықтың тарихында ғылыми жағынан да, танымдық жағынан да маңызы өте жоғары, мәні ерекше мәселелер бар. Сондай мәселелерге сол халықтың этногенезіне, мемлекеттілігіне, мәдениетіне, жеке тұлғаларына байланысты өзекті мәселелер жатса керек. Солардың ішінде кейбір мәселелер шешімін тауып, сол халықтың рухани бұлақ көзіне айналса, ал кейбір мәселелер толық шешімін таппай, әлі күнге дейін зерттеушілердің зерттеу нысанасынан түспей отыр. Сондай мәселелердің біріне – «қазақ» сөзінің шығуы, мәні мен мағынасына қатысты мәселелер жатады. Әсіресе Қазақ Елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейін бұл мәселеге деген көпшіліктің қызығушылығы артып, зерттеушілердің назарын одан ары аударта түсті. Мұндай объективті құбылыстың себебін түсіндіріп жатуды бұл жерде артық. Кез келген саналы азаматтың өз ұлтының атауының қайдан шыққандығын, қай кезден бастап қолданыла бастағандығын, қандай мән мен мазмұнды білдіретінін білгісі келетіндігі айдан анық.

«Қазақ» сөзіне байланысты зерттеулер XVIII ғасырдың ортасынан бастап орыс тарихшыларының еңбектерінде кездесе бастайды және ол мәселе қазіргі күнге дейін Отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Екі жарым ғасырдан астам уақыт ішінде бұл мәселеге қатысты әр түрлі көзқарастар мен әр түрлі бағыттардағы тарихшылардың өкілдері әр түрлі тарихи кезеңдерде алуан түрлі ой-пікірлерді, болжамдарды, тұжырымдарды айтады. Сол себепті де мәселенің зерттелу тарихын шартты түрде бірнеше тарихнамалық кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезеңге – XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың 30-жылдарына дейінгі аралық жатады. Бұл кезеңнің басты сипаты мен белгісіне пікір айтқан тарихшылардың қазақ халқын «қырғыз-қайсақ», «қырғыз-қасақ» деп біліп, «қырғыз» сөзінің шығуы мен мән-мағынасын түсіндіруі, қазақ халқын Сібірдегі қырғыз халқының тарихынан іздестіруі, сөйтіп, теріс бағытта адасуы жатады.

Екінші тарихнамалық кезеңге – XIX ғасырдың 30-жылдарынан XX ғасырдың басына дейінгі кезең жатады. А.И. Левшиннен бастап осы кезеңдегі тарихшылар қазақ пен қырғыз халқының аражігін ажыратып, дұрыс бағытта зерттеулер жүргізеді. Қазақ халқының тарихына арналған алғашқы іргелі еңбектер осы кезеңде жазылады, «қазақ» сөзіне қатысты мәселелер арнайы түрде осы кезеңде қарастырылады. Осы кезеңде мәселеге қатысты көп тұжырымдар мен пікірлер айтылады. Олар кейінгі кезеңдегі тарихшылардың пікірлеріне негіз болады. Осы кезеңдегі пікірлерге XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауым өкілдері: Құрбанғали Халидтің, Ш. Құдайбердіұлының тұжырымдары да жатады.

Үшінші тарихнамалық кезең – XX ғасырдың 20-жылдары мен 40-жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңнің басты ерекшелігіне кейбір зерттеушілердің «қазақ» сөзінің шығуы мен түп-төркініне байланысты алдыңғы кезеңдердегі тарихшылардың пікірлеріне тарихнамалық талдаулар жасауы мен жаңа, тың тұжырымдар жасауы жатады.

Төртінші тарихнамалық кезеңге – XX ғасырдың ортасынан қазіргі күнге дейінгі айтылған тұжырымдар жатып, оның басты ерекшелігіне – мәселемен кәсіби тарихшылардың айналысуы, мәселе шеңберінің кеңеюі және этноним мен этнос, этникалық процестер мәселесінің өзара байланыста қарастырылуы жатады.

«Қазақ» сөзіне байланысты зерттеулер жүргізген тарихшылар осы мәселеде қазақ халқының шығуы, оның пайда болған кезеңі мәселесінен аттап өте алмайды да, бұл жөнінде бірнеше тоқтамдарға келеді: а) қазақ халқы – ежелден бері келе жатқан халық; ә) қазақ халқы X ғасырдан бері белгілі халық; б) қазақ халқы XV-XVI ғасырларда әр тайпадан құралған халық деген тұжырымдар жасайды.

«Қазақ» сөзінің шығуы мен түп-төркініне қатысты барлық зерттеулердегі ой-пікірлер мен тұжырымдарды топтастырсақ, мынадай бағыттар шығады:

1) ежелгі тайпалардың атауларымен байланыстыру,

2) діни ұғымдардан іздестіру;

3) қиял-ғажайып ертегілердегі кейіпкерлермен байланыстыру;

4) лингвистикалық тұрғыда түсіндіру («қаз», «қаш», секілді етістікке жұрнақ, жалғауларды қосу);

5) басқа халықтардағы ұқсас сөздерден іздестіру;

6) көне түрік жазба ескерткіштерінен іздестіру.

Соңғы жылдардағы зерттеулерде «қазақ» сөзіне байланысты мынадай тұжырымдар ғылыми жағынан негізделіп, үстем, жетекші пікірге айналып отыр. Олар: а) «қазақ» – түрік сөзі, тек қана Дешті Қыпшақ аумағында пайда болған, мағынасы өз руынан, тайпасынан, елінен бөлектеніп, өзін еркін, дербес, азат санайтын, өз күнін қару арқылы көретін батыл, батыр адамды немесе адамдарды білдірген. Бұл сөздің тек әлеуметтік мәні ғана болған; ә) әлеуметтік мәндегі «қазақ» сөзі X-XI ғасырларда Дешті Қыпшақта пайда болып, кейіннен басқа халықтарға тараған; б) әр түрлі жағдайға байланысты адамдар қазаққа айналған, сол себепті әлеуметтік, этникалық құрамы да әр түрлі болып отырған. Ресейдегі орыс-казактарының пайда болуы осыны дәлелдейді. Осы кезден, яғни XIII-XV ғасырларда «қазақ» сөзі әлеуметтік-этникалық мәнде қолданылған; в) «қазақ» сөзі – Қазақ хандығы құрылғаннан кейін барып, этникалық мәнге ие болған. Қазіргі таңда отандық тарих ғылымында осы пікірлер жетекші пікірлерге айналып отыр.

Енді «қазақ» сөзіне байланысты тарихнамалық шолу мен тұжырымдардан кейін өзіміздің жеке ой-пікірлерімізді білдірелік.

«Қазақ» атауы көне түрік сөзі екендігін және оның тек түрік тайпалары өмір сүрген аймақтарда ғана пайда болғандығын тарих ғылымы мойындайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, оның нақты шығу төркінін ешкім де анық айта алмаған. Бірақ та тарих ғылымына белгілі болғаны, оның алғашқыда

саяси да, этникалық та мәнде қолданылмай, тек әлеуметтік мәнде ғана қолданылғаны. Зерттеушілердің көпшілігі қазақ сөзі алғашқыда тұтастықтан бөлініп, ажырап, аумақта жеке өмір сүру, дербестену, еркін болу деген мағынада қолданылғанын мойындайды. Біз «қазақ» сөзі әлеуметтік мәнде ерте түрік дәуірінде пайда болған деп есептейміз. Басқа да кейбір сөздер мен ұғымдар секілді қазақ сөзі де белгілі бір тарихи дәуірлерде әлеуметтік-экономикалық, саяси-этникалық, мәдени-рухани дамулардың әсерімен мағынасы мен мәніне өзгерістер енгізген. Алғашқы мәні – әлеуметтік болып, мағынасына руынан, тайпасынан, елінен, мемлекетінен бөлініп не болмаса қашып кетіп, өз бетінше дербес, еркін, азат өмір сүріп жатқан адам немесе адамдар жатқызылса, кейін келе, бұл сөздің мәні мен мағынасына аз болса да өзгерістер ене бастайды. Қазақ атанған әлеуметтік топ уақыт өте келе тарап кетпей, жойылып кетпей немесе бұрынғы бөлініп шыққан еліне қайта қосылып кетпей, өзіндік бет-бейнесін, ерекшелігін сақтап қалса, көбейсе, онда ол топтың атауы әлеуметтік-этникалық мәнге бола бастайды. Бұған дәлел ретінде Б.Е. Көмеков келтірген бірнеше деректі айтуға болады. Ол «Данишкеде-и Маққұл уа манқұл» кітапханасындағы белгіде былай деп айқын қолтаңба жазылған: «Бұл қолжазбаны Білəл ибн Жабрайыл бин Мұхаммед Əли ат-Туркмани əл-Қазақи сатып алған, хижраның 660 жылы (яғни біздің заманымыздағы 1262 жыл)».

Екінші бір деректе «қазаху», «қазахлар» атауының кездесуі түркімендер арасында қазақтардың айтарлықтай топ болғаны», – деп көрсетеді Б.Е. Көмеков

Т.И. Сұлтанов «қазақ» сөзінен туындаған «казакдаш», «жамағат-и казак» терминдерінің ортағасырлық мұсылман авторларының шығармаларында кездесетінін жазады. «Казакдаш» қазақ тіліндегі ауылдас, жерлес, қарулас, көршілес деген сөздердің мағынасына ұқсас. Қазақ болып, бірге жүргендер өздерін осылай атаған. Ал «жамағат-и қазақ» – қазақ қауымы, қазақ тобы деген мағынаны білдірсе керек. Әр түрлі әлеуметтік топтардан, әр түрлі тайпалардың өкілдерінен құрылған топ қана осылай аталады. Б.Е. Көмеков келтірген бірінші деректегі «ат-Туркмани əл-Қазақи» деген ныспы түркімендер арасындағы қазақ қауымын көрсетеді. Бұл жерде қазақ сөзінің әлеуметтік емес, әлеуметтік-этникалық мәні байқалады. XIV-XV ғасырлардағы мұсылман деректерінде «қазақ», «қазақшылық» терминдері жиі кездесе бастайды. Камал ад-дин Бинай «Шайбани-нама» атты еңбегінде «Әбілқайыр ханның қазақшылығы кезінде жан аямай оның күшеюіне себепкер болған әмірлер қауымы болды», – деп әмірлердің аты-жөндері мен шыққан тайпаларын көрсетсе, осы еңбектің келесі бір мәліметінде «тағы да Әбілқайыр ханға қатысты «оның қазақшылығы кезінде қазақтардың келесі бір қауымы ерлікпен күресті», – деп олардың да аты-жөндері мен ру-тайпаларын атап өтеді».

XVI ғасырдың алғашқы жылдары жазылған анонимді «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» еңбегінде де Әбілқайыр ханның билікке келген кезіне дейінгі өткізген жылдары «қазақшылық кезеңі» деген сөз тіркесімен жазылады. Тарихи деректің мәліметтерін нақты тарихи оқиғалармен бай-

ланыстыра қарасақ, екі дерек мәліметі де нақты бір тарихи тұлғаның – Әбілқайыр ханның өміріне қатысты оқиғаларды баяндап отыр. Оның Жошының бесінші ұлы Шибанның ұрпағы екендігі, 1412 жылы туылып, 1469 жылы қайтыс болғандығы, 1428-1429-1468-1469 жылдары Дешті Қыпшақта «көшпелі өзбектер» мемлекетін ұзақ уақыт билегені баршаға мәлім. Міне, осы Әбілқайыр 15-16 жасар шағында Қазақстанның батысы мен солтүстік-батыс бөлігіндегі шибанилық сұлтандар мен маңғыт биі және мырзалары арасындағы өзара талас-тартыстарға қатынасады да, шамамен 1427-1428 жылғы шайқаста жеңіліске ұшырап, маңғыттардың қолына тұтқынға түседі. Маңғыттар оны өлтірмей, керісінше үлкен құрмет көрсетіп, аман-сау еліне қайтарады. Ал 1428-1429 жылдары сол аймақтың ру-тайпа басыларының тікелей қолдауымен Әбілқайыр хандық билікті иеленеді. Жоғарыда біз келтірген екі дерек мәліметі де Әбілқайырдың тұтқыннан босап шығып, тақты иеленген кезіне дейінгі 1-1,5 жылдық кезеңін «қазақшылық жылдар» деп көрсетіп отыр. Осы жылдары жап-жас Әбілқайыр өз уақытын Шибан Ұлыстарынан тыс, Дешті Қыпшақтағы Алаша-баһадүрдің аймағында өткізеді. Одан кейін көп ұзамай Әбілқайыр хан тағына келеді. Дерек авторы Камал ад-дин Бинаи Әбілқайырдың өз ұлысынан бөлек, тыс аймақта жүрген жылдарын – оның басынан өткерген «қазақшылық жылдары» деп жазып отыр. Бұл жерде «қазақшылық» деген сөз өз ұлысынан кетіп қалған, қашып кеткен, еркін, бос жүрген адамның өміріне қатысты айтылып отыр.

Осы деректердегі екінші бір сөз – «қазақтар қауымы» деген атауларды талдап, түсіндірелік.

Бұл сөз алдыңғы бетте айтып өткен түрікмендер арасындағы қазақтар қауымы сөзімен мағыналас. «Қазақтардың басқа қауымы» деп Камал ад-дин Бинаи ички, туман, ұйғыр, дурман, қоңырат тайпаларынан шыққан жеке тұлғаларды айтып отыр. Бұл адамдар Әбілқайырдың жанына ерген нөкерлері, серіктері. Оларды бір-біріне қазақтас («казакдаш») деуге болады. Автор Әбілқайырды қолдаған адамдарды бұған дейін Бузунжар бек-қият, Әлібек-қоңырат деп жазса, қазақ қауымының адамдарын: Ичкиден – Иакуб-қожа, тұманнан – Қылыш-бахадүр, ұйғырдан – Иапағұ, дурманнан – Инка-қожа деп атап көрсетеді. Бұл жерде «қазақ қауымы» деп әр түрлі тайпалардан жинақталған, Әбілқайырға нөкер, серік болған адамдардың қауымы айтылып тұр. Оның мағынасы осындай болса, ал мәнінің әлеуметтік-саяси сипаты байқалады.

Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидиінде» «қазақы әдетпен» («бе рәсм-и казаки», «по казацкому обычаю») деген сөздер кездеседі. Моғолстандағы билік үшін күресте Уәйіс хан өзінің немере ағасы Шер-Мұхаммед ханнан қашады да, оның иелігіне жақын шекаралас аймақтарда өзінің жақтастарымен қазақы әдет бойынша көшіп-қонып жүреді. Оның жақтастарының саны 400-ге дейін жетеді. Бұл жерде «қазақы әдет» деп өз елінен қашып шығып немесе бөлініп кетіп, жаугершілік күндердегідей ғұмыр кешіп жүрген адамдардың өмірі айтылып отыр. Уәйіс хан мен оның жанындағы қазақы әдетпен күн кешіп жүрген 400-дей жақтасы – қазақтар болып саналады. Бұл жерде қазақ сөзінің уақытша әлеуметтік-саяси мәні

бар. Уақытша дегеніміз – Уәйіс хан өз елінен билік үшін күрестс қашуға мәжбүр болып, уақытша басқа аймақта жүр. Шер-Мұхамедті жеңіп, билікті иеленгеннен кейін оның «қазақшылығы» тоқталады. Сол себепті де бұл жердегі қазақ сөзінің мәніндегі бір қасиетке – оның уақытша екендігі жатады. Сөздің мәніндегі екінші белгіге – саяси белгі жатады. Билік үшін болатын күрестің бәрі саяси сипат алатындықтан, Уәйіс хан мен Шер-Мұхаммед хан арасындағы күрестің де саяси сипаты болып тұр. Ал әлеуметтік мәніне Уәйіс ханның 400-дей адамының әр рудан, әр түрлі әлеуметтік топтардан шыққандығына қарамастан өз елдерінен бөлек аймақта жүруі жатады. Осылайша, «қазақ» сөзі алғашқы әлеуметтік мәнінен әлеуметтік-этникалық, уақытша саяси-әлеуметтік мәндерге ие бола бастайды.

«Бабыр намада» Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр XVI ғасырдың алғашқы жылдарында биліктен айырылып, еш жерде тұрақтай алмай, еш жерге орныға алмай, қашып-пісіп жүрген кезі туралы: «Осы қыста біздің нөкерлеріміздің бір бөлігі біздің қазақшылық өмірімізге шыдай алмай, Андижанға кстуге рұқсат сұрады», – деп баяндайды. Мұндағы «қазақшылық» деген сөз, Мәуереннахр аумағында қолданылса да мәні мен мағынасы жағынан Дешті Қыпшақтағы «қазақшылық» сөзімен бірдей. Мағынасы жағынан бұл сөз – билігінен айырылып, оны қайтару үшін уақытша елден қашып жүрген адамдар қауымына қатысты айтылып отыр. XIV-XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтың, Мәуереннахрдың тарихынан уақытша болса да қазақ атанып, қазақшылық өмірді бастан өткерген тарихи тұлғалар жөнінде деректер келтіруге болады.

XV ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап, «қазақ» сөзі жаңа мәнге ие бола бастайды. Керей мен Жәнібек хандар XV ғасырдың 50-жылдарының соңында Әбілқайыр ханнан бөлініп Моғолстан мемлекетінің құрамындағы Жетісу өңіріне келеді. Олардың өзіне дейінгі қазақ атанғандардан елеулі айырмашылығы болды. Егерде Керей мен Жәнібек хандарға дейін, қазақшылық өмірді бастан өткерген Әбілқайыр хан, Мұхаммед Шайбани хан, Бабыр, Мұхаммед Жөкі, Уәйіс хан және тағы басқалары өздерінің билік үшін күресте уақытша жеңіліс тауып, әлеуметтік ортасынан бөлініп, жанына нөкерлерін ертіп, амалсыздан елінен қашып, бөгде аймақтарда жүргендіктен қазақ атанса, Керей мен Жәнібек хандардың олардан ерекшелігі – бұл екі хан да дәл осындай себептермен өз елдерінен кетуге немесе қашуға мәжбүр болады, бірақ олар өз нөкерлерімен емес, өздеріне қарайтын ру-тайпалармен ауа көшуге мәжбүр болады. Соның нәтижесінде «қазақ» атауы этникалық қауымдастықтың бір бөлігіне таңылады. Этникалық қауымдастықтың бір бөлігі дегеніміз, ол – әлеуметтік топ емес, одан анағұрлым кең мағынадағы ұғым. Оның құрамына Әбілқайыр ханның саясатына наразы, билігіне қарсы бұрынғы Ақ Орда хандарына қолдау көрсеткен Дешті Қыпшақтың жергілікті, байырғы тайпалары жатты. Ақ Орданың тұсында ол тайпалар жалпы атаумен қыпшақтар деп аталса, Әбілқайыр хандығы тұсында «көшпелі өзбектер» атты ортақ этниммен аталған болатын. Енді Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен «көшпелі өзбектерден» бөлінуге байланысты оларды жазба деректерде «өзбек-қазақтар» деп атай бастайды.

Бұл жерде «қазақ» сөзі саяси-этникалық мәнде айтыла бастайды. Саяси болатын себебі Әбілқайыр ханға қарсы Керей мен Жәнібек хандардың күресіне байланысты туындап отыр, ал этникалық себебін көшіп кеткендердің жекелеген адам не топ емес, тұтастай бір ру-тайпалар бірлестігі болғандығында болып отыр. «Өзбек-қазақ» атауының таза этникалық мәнге ауысуы Жетісудың батысындағы Қазақ хандығының тарихымен байланысты болды. 1469 жылы «көшпелі өзбектер» ханы Әбілқайыр қайтыс болып, деректерде жазылғандай «ол ұлыста үлкен бүлінушіліктер басталады». Дешті Қыпшақтағы Шибанилар әулетінің билігіне қарсы ру-тайпалар Қазақ хандығына көшіп келіп, олардың санын көбейтсе, сыртқы қарсыластар: Сібірдің, маңғыттардың, Үлкен Орданың билеушілері, сондай-ақ Қазақ хандары шибанилық әулетке жан-жақтан қарсы әскери әрекеттер жасайды. Көп ұзамай Әбілқайырдың мұрагері Шайх Хайдар хан өлтіріледі де, «Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде Қазақ хандарының билігі орнығады».

Сол тұстан бастап «өзбек-қазақ» атауының орнына «қазақ» атауы қолданыла бастайды. Енді «қазақтар» деп Қазақ хандығының билігі орнаған Дешті Қыпшақтың басым бөлігіндегі тайпаларды атай бастайды. XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығының Мәуереннахр билеушілерімен жүргізген күресін баяндайтын тарихи шығармаларда Дешті Қыпшақ тұрғындары жалпы атаумен қазақтар деп аталады. Мысалы, Абдаллах Балхи «Зубдат ал-асар» атты еңбегінде 1510 жылы болған оқиғалардың бірі ретінде Мұхаммед Шайбани ханның қазақтарға қарсы соңғы жорығын баяндайды. XVI ғасырдың 30-жылдарындағы оқиғаларды баяндайтын шығарма – «Бадаи-ал вакай («Таңғажайып оқиғалар»)» еңбегінде этникалық мәндегі қазақ сөзімен қатар, алғаш рет «Қазақстан» атауы кездеседі.

XVI ғасырдың бірінші жартысындағы еңбектерде қазақ сөзінің этникалық мәнде қолданылуы қалыпты жағдай болса, «Қазақстан» терминінің кездесуі көңіл аударарлық.

Парсы тілінде астон, естон жұрнақтары тек қана ру, тайпа, халық атауларының соңына жалғанады да, олардың мекен-жайын, аймағын білдіріп, жаңа сөз құрайды. Бұл жерде жаңа сөз – «Қазақстан», этникалық мәндегі қазақ сөзіне парсы жұрнағының қосылуы арқылы пайда болып, жаңа ұғымды – қазақтар өмір сүретін аймақты, яғни қазақ халқының территориясын көрсетіп тұр.

Міне, XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуымен қатар этникалық мәнге ие болған қазақ сөзі күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпай, еліміздің байырғы, негізгі, басты, мемлекет құраушы халқының атауы ретінде қолданылып келе жатыр.

Бақылау сұрақтары:

1. «Қазақ» сөзінің мәні мен мағынасы туралы тарихнамалық пікірлерді топтастырып, талдаңыз.
2. «Қазақ» сөзінің әлеуметтік мәніне талдау жасаңыз.
3. «Қазақ» сөзінің саяси-әлуметтік мәніне талдау жасаңыз.
4. «Қазақ» сөзінің саяси-этникалық мәні мен мазмұнын түсіндіріңіз.
5. «Өзбек-қазақ» атауының мәні мен мазмұнын түсіндіріңіз.

II

бөлім

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ХАНДЫҚ ДӘУІР

I тарау

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

§ 1. Қазақ хандығының құрылуына қатысты деректер және зерттелуінің мәселелері

Қазақ хандығының құрылуы барысы деректерде өте аз сақталған. Дегенмен ол туралы ортағасырлық мұсылман деректері мен халық ауыз әдебиетінің материалдарында мәліметтер ұшырасады. Жазба дерек мәліметтерінің өзін мәселеге қатыстылығына қарай шартты түрде мәселеге тікелей қатысты және жанама қатысты деп екі топқа бөлуге болады. Бірінші топтағы деректерге – Қазақ хандығының құрылуы барысын тікелей баяндайтын тарихи шығармалардағы мәліметтер жатса, екінші топқа – мәселені тікелей қамтымаса да, XV ғасыр ортасындағы, яғни Қазақ хандығының құрылуы қарсаңы мен құрылуы барысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Моғолстан, Мәуереннахр аумақтарындағы саяси оқиғалар мен этникалық үрдістерді баяндайтын мәліметтер жатады.

Бірінші топтағы деректерге Мұхаммед Хайдар Дулатидың (1499-1551 ж. өмір сүрген) «Тарих-и Рашиди», авторы белгісіз, XVI ғасырдың басында жазылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама», Камал ад-дин Бинайдың «Шайбани нама», Шәді молданың «Фатхнама», XVII ғасырдың 40-жылдары жазылған Махмұд бен Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» атты тарихи шығармалардың мәліметтері жатады. Бұл деректерде Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп Жетісудың батыс жағындағы Шу өзені мен Қозыбасы тауы аралығына орналасуы, Керейдің хан сайлануы, көшіп келгендердің «қазақтар» деген атауға ие болғандығы, Әбілқайырға наразы ру-тайпалардың Керей мен Жәнібек хандарға қосылуы, аз уақытта қазақтардың саны 200 мыңға жеткендігі, Әбілқайыр ханның өлімінен кейін оның мұрагерлері арасында тақ үшін таластардың болғандығы, оның мұрагері Шайх Хайдарға қарсы көршілес елдер билеушілерінің бірігіп күрес жүргізуі, олардың ішінде қазақ билеушілерінің болуы және тағы басқа Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысы бар мәліметтер баяндалады.

Ал жанама деректерге XV ғасыр ортасындағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Моғолстан, Мәуереннахр аумақтарындағы саяси оқи-

ғаларды баяндайтын мынадай шығармалардың мәліметтері жатады. Олар мыналар: Масуд бен Осман Кухистанидың «Тарих-и Абулхайр-хани», Фазлаллах ибн Рузбихан Исфаханидың «Михман наме Бухара», Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-нама», Қадырғали Жалайрдың «Жылнамалар жинағы», Әбілғазының «Түрік шежіресі», Шах Махмуд Шорастың «Тарих» және тағы басқа шығармалар жатады. Бұл деректердегі мынадай мәліметтердің: XV ғасыр ортасындағы Әбілқайыр хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы, «көшпелі өзбектердің» этникалық құрамы, 1457 жылғы Әбілқайыр ханның қалмақтармен соғысы және оның қорытындысы, Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайы, оның темір ұрпақтарымен қарым-қатынасы, Шахрух өлгеннен кейінгі жылдардағы (1447 жыл) Мәуереннахрдағы қалыптасқан саяси жағдайлар және тағы сол сияқтылардың Қазақ хандығының құрылуына жанама түрде тигізер көмегі бар.

Жазба деректерден басқа халық ауыз әдебиетінің материалдарында да Қазақ хандығының құрылуы көрініс береді. «Ақжол бидің өлімі» жөніндегі тарихи аңыз – әңгімеде Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлінуінің себептері, екі ханды қолдаған қазақ ру-тайпалары туралы құнды мәліметтер кездеседі.

Жалпы алғанда, Қазақ хандығының құрылуын мәселеге тікелей және жанама қатысты дерек мәліметтері мен ауыз әдебиетінің мәліметтерін бірбірімен толықтыра, салыстыра отырып қарастыру көп ғылыми нәтижеге қол жеткізеді.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесі тарих ғылымында XIX ғасырдың 60-жылдарынан бері зерттелініп келеді. Сол жылдардан қазіргі күндерге дейінгі 150 жылдай аралықта тарихшылар осы мәселені зерттеуде көп еңбек сіңірді, көптеген сұрақтарға жауап тапты, тақырыпқа қатысы бар тың мәселелерді күн тәртібіне көтерді.

Шартты түрде мәселенің зерттелуін төрт тарихнамалық кезеңге бөлуге болады.

Бірінші тарихнамалық кезең – XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасы мен XX ғасырдың 20-жылдарының соңы аралығын қамтиды. 1864 жылы В.В. Вельяминов-Зерновтың «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты зерттеуінің екінші бөлімінің жарыққа шығуымен және онда алғаш рет Қазақ хандығының құрылуы жөнінде тарихи деректердің айналымға енгізілуімен мәселе тарих ғылымында күн тәртібіне қойылды деп санауға болады. Ал XX ғасырдың 30-жылдарына таман, Кеңес Одағында қоғамдық ғылымдарға маркстік-лениндік методологияның үстемдігі орнап, тарихқа таптық тұрғыда қараудың белең алуы тарих ғылымы үшін бір кезеңнің аяқталып, жаңа кезеңнің басталғанын көрсетеді. Соған байланысты біз қарастырып отырған мәселені зерттеу барысында да теориялық және методологиялық тұрғыда өзгерістер болады.

Мәселенің екінші тарихнамалық кезеңі XX ғасырдың 30-40 жылдары аралығын қамтиды. Бұл кезеңнің басты ерекшелігіне маркстік-лениндік методологияға сай барлық тарихи оқиғалар мен зерттеулер тек таптық тұрғыда қарастырылып, соған сай тұжырымдар мен қорытындылар жасал-

ды. Қазақ хандығының құрылуы мәселесі де осындай көзқарастар негізінде зерттеледі.

Үшінші тарихнамалық кезең – сол ғасырдың 50-80 жылдары аралығын қамтыды. Осы үшінші тарихнамалық кезеңнің басты ерекшелігі – тарих ғылымына идеологияның үстемдік құрған кезеңі болса да, мәселемен осы жылдары арнайы мамандығы бар, кәсіби зерттеушілердің айналысуы жатады.

Қазақ хандығы құрылуының соңғы тарихнамалық кезеңіне өткен ғасырдың 90-жылдары мен қазіргі кезеңге дейінгі зерттеулерді жатқызамыз. Соңғы тарихнамалық кезеңнің басты ерекшелігі – бірнеше ондаған жылдар бойы тарих ғылымына үстемдік келген идеологияның күшін жойып, тарих пен тарихи процестерді таптық тұрғыда емес, керісінше одан да кең ауқымды ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырудың орныққаны жатады.


Бірінші тарихнамалық кезеңдегі зерттеулерге В.В. Вельяминов-Зерновтың, В.В. Радловтың, Н.А. Аристовтың, И.И. Крафтың, В.В. Бартольдтың, Ш. Құдайбердіұлының, Л.П. Чулошниковтың, М. Тынышбаевтың, Г.М. Грумм-Гржимайлоның зерттеулері жатады.

Осы кезеңдегі мәселенің зерттелуіне, оның негізгі бағыттары мен пікірлері және тұжырымдарын былайша қорытындылауға болады:

- 1864 жылы В.В. Вельяминов-Зернов еңбегінің екінші бөлімі жарыққа шығуымен және онда Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі мәліметтердің орыс тіліне аударылып ғылыми айналымға енгізілуімен Қазақ хандығының құрылу тарихы мәселесі күн тәртібіне қойылады;
- деректе айтылатын Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуі – Қазақ хандығының құрылуындағы басты оқиға ретінде қабылданды, оны ешбір зерттеуші теріске шығармайды;
- Шәкәрім Құдайбердіұлының ғылыми айналымға енгізген ауызша мәліметі Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі схемамен сәйкес келіп, оны мазмұндық жағынан байыта, толықтыра түседі;
- XX ғасырдың 20-жылдарына дейін хандықтың құрылуын зерттеушілер «Қазақ Одағы» деп атап, одан әрі саяси, әрі этникалық мәндер берсе, М. Тынышбаев оны «Қазақ хандығының қалыптасуы» және «Қазақ хандығының құрылуы» деген сөздермен өзгертіп, «Қазақ одағын» жіктейді;
- Қазақ хандығының құрылуы мәселесі осы тарихнамалық кезеңнің соңына таман жалпы мәселелер шеңберінен шығарылып, жеке тақырыпқа айналады;
- Қазақ хандығының құрылуы жалпы алғанда Алтын Ордасының тарихымен, нақты алғанда оның бір бөлігі болып саналатын Шибан Ұлысының ыдырауымен тікелей байлаыстырады (М. Тынышбаев);
- Керей мен Жәнібек хандарды қолдаған ру-тайпалар бір сәтте құрылмаған, олар бөлінісе дейін бірнеше ондаған жылдар бұрын пайда болған (М. Тынышбаев).

– Хандықтың құрылған жылы деп кезінде В.В. Вельяминов-Зерновтың шамамен шартты түрде ұсынған 1456 жылы осы тарихнамалық кезеңде «Тарих-и Рашидидің» дерегі ретінде қабылдана бастайды да, барлық зерттеушілер осы жылды нақты атап көрсете бастайды.
– Осы тарихнамалық кезеңде ортағасырлық дерек мәліметтерінің бірталайының ғылымға белгісіз болуы себепті Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысы бар бірнеше оқиғалардың даталары қате беріледі. Олар мыналар: а) Әбілқайыр ханның қалмақтардан жеңілісі 1452, 1456 жылдары болған делінеді; ә) Әбілқайыр ханның қайтыс болған жылы – 1465-66 жыл деп түсіндіріледі.

XVI - XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы



Жалпы, осы кезеңдегі зерттеушілер Қазақ хандығының құрылуы тарихнамасының іргесін берік қалыптастырады. Әлі күнге дейін осы бірінші кезеңдегі тарихнамалық пікірлер мен тұжырымдардың көбі өздерінің ғылыми құндылықтарын жоғалтпай келе жатыр.

Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасындағы екінші кезеңде С.Д. Асфендияров, П.А. Кунте, П.М. Вяткин және 1943 жылғы «Қазақ ССР тарихы» кітабының авторлары өз пікірлерін жаңа концепция негізінде ұсынса да, олардың еңбектері, кейбір тұжырымдары мәселенің жалпы зерттелуінде алға басушылықты, деректік базаның кеңейгендігін көрсетеді.

Қазақ хандығының құрылуының үшінші тарихнамалық кезеңінде А.А. Семенов, П.П. Иванов, С.К. Ибрагимов, К.И. Петров, М.Г. Сафаргалиев, В.П. Юдин, К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов, М.Қ. Әбусейтова секілді белгілі шығыстанушы-ғалымдар мәселені терең зерттеуге күш салады. Олардың пікірлері мен тұжырымдары мәселенің тарихнамалық базасын кеңейтіп, байыта түседі.

Қазақ хандығының құрылуының тарихнамасындағы қазіргі кезең 1991 жылдан басталып, күні бүгінге дейін жалғасуда. Осы кезеңде Қазақ хандығының құрылуы мәселелері бұған дейінгі тарихнамалық кезеңде есімдері аталған Т.И. Сұлтанов, К.А. Пищулина, М.Х. Әбусейтовалардың зерттеулерінде жалғаса берсе, олардың қатары өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап жаңа есімдермен толыға түседі. Ә. Хасенов, С. Жолдасбайұлы, З. Қинаятұлы, Б. Кәрібаев сынды тарихшылар өз зерттеулерінде тың ойлар мен пікірлер айтып, мәселенің тарихнамасын байыта түседі.

Қорыта келе, бір жарым ғасырлық уақытқа созылған тарихнамада Қазақ хандығының құрылу мәселесі жай пікірлерден кең ауқымды тақырыптың біріне айналып, академиялық басылымдарда тарау немесе тарауша көлемінде қарастырылады. Алғашқы тарихнамалық кезеңнен соңғы тарихнамалық кезеңге дейін мәселені зерттеу кең және терең түрде жүргізіледі. Мәселенің деректік негіздері мен зерттелу тарихы, алғышарттары, себептері, құрылу барысы, болған уақыты, ол жөніндегі пікір-таластар, маңызы және басқа айтылған ой-пікірлер мен тұжырымдар – 150 жылдай уақыт ішіндегі тарихнамалық жетістіктерін көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ хандығының құрылуы мен оның тарихына қатысты жазба деректерді сыныптаудың түрлерін көрсетіп, оларға сипаттама беріңіз.
2. Қазақ хандығының құрылуы барысын тікелей баяндайтын тарихи шығармаларға қандай еңбектер жатады?
3. Қандай шығармалар Қазақ хандығының құрылуына қатысты жанама деректер деп аталады?
4. Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасын кезеңдерге бөліп көрсетіңіз.
5. Қазақ хандығы құрылуының бірінші тарихнамалық кезеңіндегі тұжырымдарға талдау жасаңыз.
6. Қазақ хандығы құрылуының қазіргі кезеңдегі тарихнамасына үлес қосқан тарихшыларды атап көрсетіңіз.

§ 2. Керей мен Жәнібек – Қазақ хандығының негізін қалаушы хандар

Тарих ғылымында XIX ғасырдың 60-жылдарынан бері Қазақ хандығының құрылуында жетекші рөл атқарған екі тұлғаның – Керей мен Жәнібектің есімдері белгілі. Міне, осы кезден бастап Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының құрылуындағы тарихи рөлі анықталып, қазіргі күндерге дейін оны ешбір зерттеуші теріске шығармай, мойындап отыр.

Махмуд бен Уәлидің жазуы бойынша алғашқы қазақ ханы Керей хан болған. Жазба деректер мен тарихи зерттеулерде алғашқы қазақ ханының есімі – Гирей, Герей, Кирай, Керей түрінде кездеседі.

Бұл сөздің түп-төркіні мен мағынасына келсек, ол «Гарай» деген көне моңғол сөзінен шығады. Оның екі мағынасы бар, біріншісі – «биік»,

«еңселі», «алып» дегенді білдірсе, екіншісі – «ержүрек», «батыл», «еркін», «берік» деген мағынаны білдіреді. Араб тілінде бұл мағыналардың «хайдар», «ғайдар» деген сөздермен берілетінін ескере келе, моңғолтіліндегі – «керей» сөзі мен араб тіліндегі – «хайдар» сөздерінің мағынасы ортақ, бірдей деп түсінеміз.

Мұндай есім Алтын Орда дәуіріне дейінгі араб, парсы тілдеріндегі шығармаларда кездеспейді және де тек қана осы дәуірден бастап қана Шыңғыс ұрпақтары мен көшпелі қоғамның жоғарғы әлеуметтік тобы арасында жиі кездесе бастайды.

Керей ханның шығу тегі Жошы ханның үлкен ұлы – Орда Еженнен бастау алады. Жазба деректерде Орда Ежен, оның ұлы Сасы бұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай және оның ұлы Орыс хан болып жалғасады. Орыс ханнан Керейге дейінгі шежіре ортағасырлық деректерде жақсы сақталған. «Муизз ал-ансаб» атты шығарма мәліметінде «Орыс ханның 15 баласы: 8 ұл және 7 қызы болған делінеді де: «Бірінші ұл – Тоқтақия, ол хандық билікте болған. Оның үш қызы және үш ұлы болған. 1) Анике-Булад, 2) Бугучак, 3) Тенгриберди», – деп айтылады. Ал Анике-Булад немесе Болатта бір ғана ұл болған, оның есімі – Керей хан. Сөйтіп, Орыс ханнан бері қарай таратсақ, Орыс-хан, оның ұлы Тоқтақия, оның ұлы Анике Болат және оның ұлы – Керей хан болып жалғасады.



Керей мен Жәнібек хандар ескерткіші

1377 жылы Ақ Орда билеушісі Орыс хан қайтыс болғаннан кейін таққа оның үлкен ұлы Тоқтақия, яғни Керейдің атасы келеді де, 2 ай ғана билік құрады. Ал Керейдің әкесі Анике-Болат немесе Болатқа келсек, ол – Тоқтақияның үш ұлының бірі. Оның есімі деректерде шежірелерге қатысты ғана айтылады. Басқа жағдайларда Анике-Болат туралы ешқандай мәліметтер айтылмайды.

Керейдің қай жылы дүниеге келгендігін деректер айтпайды, бірақ оны салыстыру әдісі арқылы болжап, шамамен айтуға болады. Орыс ханның үлкен ұлы Тоқтақия да, кіші ұлы Қойыршақ, олардың жас арасын шамамен 15-20 жыл деуге болады. Тоқтақия ұлы Болат болса, Қойыршақтың ұлы – Барақ. Барақтың 1428 жылы қайтыс болғаны белгілі. Барақтың үш ұлының үлкені Жәнібек хан. Ал Жәнібек хан мен Болаттың ұлы Керейдің бір тарихи кезеңде өмір сүргені және белгілі. Олардың да арасындағы жас айырмашылықтары 10-20 жыл деп санауға болады. Керейдің есімі XV ғасырдың 60-жылдарының соңынан, ал Жәнібектің есімі XV ғасырдың 70-жылдарының ортасынан бастап жазба дерек мәліметтерінде кездеспейді. Соған қарап оларды 60-70 жыл өмір сүрген деп есептесек, онда олар XV ғасырдың басында дүниеге келген болып шығады.

XV ғасырдың 50-жылдарында, яғни Қазақ хандығының құрылар қарсаңында Орыс ханнан тараған Керей мен Жәнібек секілді шөберлерді санағанымызда, Темір Мәліктің ұрпақтарынсыз олардың саны 20-ға жуықтаған. Олардың ішінде жасы жағынан ең үлкені Керей болған. Сондай-ақ Орыс ханның үлкен ұлы – Тоқтақия, ал оның үлкен ұлы – Анике Болат, ал оның жалғыз ұлы Керей болғандықтан, XV ғасыр ортасында Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулетінің, Орыс хан ұрпақтарының арасында ата жолы жағынан Керейдің мәртебесі жоғары болған.

Сол себепті Керей Әбілқайыр хандығынан бөлініп кеткенде жасы мен жолына қарай хан болып сайланды. Ол он шақты жылдай хан болып, Қазақ хандығының іргетасын қалаған хандардың қатарына жатады.

Керей ханның артында Бұрындық, Қожа Мұхаммед және Сұлтанәлі атты үш ұл қалады. Бұрындық XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың басында Қазақ хандығын 30 жылдан аса билейді. Бұрындық ханның Шайхим, Санжаржахан, Жаханбақты атты үш ұлы, Шайхимның Жармұхаммед атты ұлы болғандығы дерек мәліметінде атап көрсетіледі.

Жәнібек ханға келсек, тарихи деректерде оның есімі Керей ханға қарағанда жиі кездеседі. 1426 жылы жазылған «Муизз ал-ансаб» еңбегі мен XVI ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» оның есімі хандар шежіресіне байланысты кездессе, «Тарих-и Рашиди», «Фатх-наме», «Шайбани-наме» секілді тарихи шығармаларда Қазақ хандығын құрушылардың бірі ретінде жиі айтылады. Ал Әбілғазы, Қадырғали Жалайыри, Гаффари, Хайдар Разидің еңбектерінде Жәнібек хан есімі Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған әулеттің өкілі ретінде ұшырасады.

Жәнібек ханның есімі ортағасырлық деректерде жиі айтылса да, тарих ғылымында оның тарихи рөлін алғаш анықтап берген В.В. Вельяминов-Зернов болды. Ол Ораз Мұхаммед ханның шығу тегі мен ата-бабаларын анықтау барысында көптеген мұсылман деректерінің мәліметтерін ғылыми айналымға енгізе отыра, Жәнібекті Кереймен бірге Қазақ хандығының алғашқы 80 жылдық тарихындағы ірі тұлғалар деп жазады.

Жәнібек ханның шығу тегі мен ата-бабаларына келсек, ол Керей ханның шөберелес туысы болғандықтан, олардың Орда Еженнен Орыс ханға дейінгі бабалары ортақ болып келеді. Дерек мәліметтерінде Жәнібек ханның ата-бабалары былайша беріледі: «Орыс ханның бірінші ұлы – Тоқтақия. Ол билік құрған... Орыс ханның сегізінші ұлы – Құйыршық. Оның Пайанде-сұлтан, Рукйиа деген екі қызы және Барақ атты бір ұлы болды. Барақ билік құрған. Барақта төрт бала: Саадат-бек деген қызы және Әбу Сайд, Мир Қасым, Мир Сайд деген үш ұлы болған». «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Әбу Сайд Барақ ханның үш ұлының кішісі және Жәнібек хан деген қосымша есіммен берілсе, Қадырғали Жалайыр ол туралы Барақтың ұлы «кіші Жәнібек хан», – деп дәлірек түсіндіреді. Осылайша, деректердегі Жәнібек хан туралы айтылатын шежірелік мәліметтерде оның шын есімі Әбу Сайд, ал лақаб есімі Жәнібек екендігін білеміз. Ал Қазақ хандығының құрылуы барысын баяндайтын мәліметтердің бәрінде оның есімі Керей ханның есімімен бірге Жәнібек хан деп кездеседі.

Бізге Әбу Сайдтің не себепті Жәнібек атанғаны белгісіз, ол жөнінде ешбір дерек айтпайды. Ал оның не себепті «кіші Жәнібек» атанғанын дерек мәліметтері айтпаса да анықтауға болады. Т.И. Сұлтановтың пікірінше, Жошы Ұлысы мен Орта Азия тарихында бір уақытта хан титулы бірнеше сұлтанда болып, олар жөнінде жақсы хабардар болған дерек авторлары хандарды ажырату үшін өз мәліметтерінде «Ұлұғ хан» (Үлкен хан) және «Кішіг хан» (кіші хан) деген атауларды қолданған. Біздің ойымызша, «ұлұғ» және «кішіг» хандар жөніндегі мұндай түсіндірме дұрыс айтылған. Бұл түсіндірменің Алтын Ордада XV ғасырдың бірінші жартысында хан болған Ұлығ Мұхамед хан мен Кішік Мұхаммед хандарға қатысты айтылып тұрғаны белгілі. Бұл екі ханның Алтын Орданың саяси тарихында терең із қалдырып, жазба дерек мәліметтеріне есімдері сол дәуірдің өзінде-ақ енген болатын. Ал Қазақ хандығындағы Барақтың ұлы Әбу Сайдты «кіші Жәнібек» десе, онда «үлкен» немесе «ұлығ» Жәнібек деген кім болған? XIV-XVI ғ. ортағасырлық мұсылман деректерінде Жәнібек есімді хан да, сұлтан да көптеп кездеседі, бірақта олардың ешқайсысы Ұлығ Жәнібек деп аталмайды.

Мұны анықтау үшін дерек мәліметтеріне тереңірек назар салу керек сияқты. «Муизз ал-ансабта» Әбу Сайд Барақ ханның үш ұлының үлкені деп көрсетіледі, бірақ та оның лақаб есімі жөнінде ештеме айтылмайды. Соған қарағанда Жәнібек хан деген лақаб есім оған ресми түрде хандықты иеленгеннен кейін берілген. Ал XVI ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеде» Әбу Сайд – Барақ ханның үш ұлының кішісі, яғни үшіншісі деп беріледі. Сондай-ақ онда Әбу Сайдтың лақаб есімі – Жәнібек хан екендігі қоса айтылады, бірақ «кіші» деген сөз кездеспейді. Әбілғазы дерегінде де дәл сондай. Жәнібек ханның «кіші Жәнібек хан» екендігі алғаш рет XVII ғасырдың алғашқы жылдары жазылған Қадырғали Жалайыр еңбегінде бірінші рет кездеседі.

Жәнібек хан – Орыс ханның сегізінші ұлы Қойыршақтың немересі, Барақ ханның ұлы. Жәнібек ханның атасы жазба деректерде – Койричак оғлан, Коюрчак, Курчук, Нузи-оғлан, Каруджак, Құйыршық, Құйыршақ, Койриджак деген есімдермен жиі кездеседі.

Қойыршақ туралы мәліметтер Шыңғыс хан ұрпақтарының шежіресінен басқа темірлік тарихшы Шараф ад-дин Йездидің «Зафар-наме» еңбегінде айтылады. 1395 жылы сәуірде Темір Терек өзені бойындағы шешуші шайқаста Тоқтамыс ханды жеңіліске ұшыратады да, түпкілікті талқандау үшін соңына түседі. Қойыршаққа қатысты онда мынадай мәлімет баяндалады: «Ол Еділ өзені арқылы өтетін Туратур өткеліне жетіп, жанындағы Орыс ханның ұлы Қойыршақ-оғланға өз тобынан өзбек баһадүрлерін қосты да, алтын жіптен тігілген халат пен алтын белдік кигізіп, ханға лайықты заттар береді. Оған Еділ өзенінен өтіп, Жошы Ұлысының билігін өз қолына алуды тапсырады. Жошы ұрпағының сұлтаны бұйрыққа сай өзеннің арғы бетіне өтіп, шашырап кеткен әскерін жинастыруға кірісті». Тоқтамыс хан Темірдің көмегімен Ақ Орда тағын иеленгеннен кейін, өзіне қарсы келгендердің көзін құртып, ал билігін мойындағандарға рахымшылық жасаған.



XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы

Ал Тоқтамыс хан Алтын Ордаға ие болып, Темірмен қайшылықты бастағанда, оның қарсыластары Темір жағында болатынын анықтау еш қиындық туғызбайды. Қойыршақтың Темірдің жанында жүруін біз, оның Тоқтамыс ханға қарсы жүргізген күресінің бір түрі деп түсінеміз.

Жәнібек ханның атасы Қойыршақ аз уақыт болса да Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрып, онда ордаежендік әулеттің билігі мен ықпалын сақтап алады. Сөйтіп оның есімі Жошы ұлысында хан болғандардың қатарында айтылады. Ал Жәнібек ханның әкесі Барақ хан туралы ортағасырлық деректерде мәліметтер көп кездеседі.

Бұған дейін айтып өткеніміздей, Барақ – Қойыршақ ханның жалғыз ұлы. Барақтан басқа Қойыршақтың Пайанде сұлтан және Рукйиа атты екі қызы болған. Қадырғали Жалайыр Барақ хан туралы «оның өзі алып тұлғалы, ірі, нағыз ер, батыр еді. Тез арада әр тараптағы ұлыстарды өзіне бағындырды», – деп баяндайды. Барақ хан – Алтын Орданың XV ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысындағы саяси өмірінде із қалдырған және тақ үшін талас-тартыстарда жеңіске жетіп, бірнеше жыл Алтын Орданы билеген адам. Абд ар-Разақ Самарканди еңбегінде оның есімі алғаш рет 1419 жылғы оқиғаларға қатысты, ал орыс деректерінде 1422 жылдың 21 тамызынан бастап кездеседі.

Барақ ханның қай жылы дүниеге келгені белгісіз, 1419 жылы Ұлығбектің тікелей көмегімен Шығыс Дешті Қыпшақтың билігін иеленеді; 1422 жылы қарсыласы Хұдайдат ханды, Ұлұғ Мұхаммед ханды жеңіп Алтын Орда тағына ие болады; 1422-1426 жылдары Барақ Алтын Орданың ханы; 1426 жылы Ұлұғ Мұхаммед ханнан жеңіліс тауып, Шығыс Дешті

Қыпшаққа қайта оралады; 1427 жылы Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен жерлер үшін Ұлығбекпен соғысып жеңіске жетеді; 1428 жылы ол Кіші Мұхаммед ханның, Ғази мырза мен Наурыз мырзаның біріккен әскеріне қарсы шайқаста қаза табады.



Т.ғ.д., ҚР ҰҒА мүше корреспонденті Б.Б. Кәрібаевтың қазақ хандарына арналған еңбектері

1428 жылы Барақ хан қаза тапқаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулетінің билігі уақытша бірнеше он жылға тоқтатылады. Сөйтіп, Барақ ханның қайтыс болуымен ортағасырлық Қазақстан тарихындағы Ақ Орда атты мемлекет те өмір сүруін тоқтатып, тарихтың еншісіне қалады.

Барақтың ұлы Жәнібек, Болаттың ұлы Керей және олардың інілері сол жылдарда жас болғандықтан ордаежендік әулеттің басын біріктіріп, күшейе бастаған шибанилық әулетке қарсы тұра алмайды. Керей мен Жәнібек бастаған әулет тобына Шығыс Дешті Қыпшақтағы ордаежендік әулеттің билігін қайта қалпына келтіру үшін 40 жылдан астам уақыт керек болады.

Осылайша, Барақ хан қаза тапқаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақта Жошының бесінші ұлы Шибан ұрпақтарының билігі орнығып, ордаежендік әулет өкілдері биліктен уақытша шеттетіледі. XV ғасырдың 50-жылдарында Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған әулет өкілдері ордаежендік әулеттің билігін қалпына келтіру үшін күрес жүргізеді де, күрес барысында өздеріне қарайтын ру-тайпаларды бастап амалсыздан Моғолстанға көшеді. Көп ұзамай-ақ олар Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына жаңа деңгейде қайта оралып, бұрынғы ордаежендік әулеттің билігін қайта қалпына келтіреді және жаңа – Қазақ хандары билігінің негізін қалайды.

Бақылау сұрақтары:

1. «Керей» сөзінің түп-төркініне талдау жасаңыз.
2. Керей мен Жәнібек хандардың шығу тегін көрсетіңіз.
3. Алғашқы қазақ хандарының тарихи рөлін көрсетіңіз.
4. Керей мен Жәнібек хандардың туыстық қатынасын ашып көрсетіңіз.
5. Жәнібек ханның басқа лақап есімдері қандай?
6. Керей мен Жәнібек хандар Жошының қай ұлынан тараған өкілдер болып саналады?

§ 3. Қазақ хандығы құрылуының барысы мен кезеңдері

Қазақ хандығының құрылуы барысындағы ең маңызды оқиғалар – 1457 жылы Сығанақ түбіндегі Әбілқайыр ханның қалмақтар басшысынан жеңілуі мен 1468-1469 жылы «көшпелі өзбектер» елі билеушісінің қайтыс

болуына дейінгі аралықта өтеді. Осы аралықтағы он жылдан астам уақыт ішінде Қазақ хандығының құрылуы процесі жүреді. Кейбір әдебиеттерде жаңа мемлекеттің тарих шеңберіне көтерілуі бір оқиғамен ғана байланыстырылады, яғни Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуі мен хандықтың құрылуын бір оқиға деп түсіндіреді.

Біз Қазақ хандығының құрылу барысы 10 жылдан астам уақытқа созылып, бірнеше сатыдан тұрған деп санаймыз. Бөлініп кету – хандықтың құрылуындағы алғашқы және маңызды қадам болса, Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Қазақ хандығының билігінің толық және түпкілікті орнауы хандықтың құрылуының аяқталғанын көрсетеді.

Осы кезеңдегі оқиғалардың дамуына қарап хандықтың құрылуының бірнеше сатыдан тұрғанын көреміз.

Бірінші сатыға – Керей мен Жәнібектің бөлініп кетіп, Моғолстанның батысындағы Шу өңіріне келуі және Керейдің хан болып сайлануы жатады. Хронологиялық тұрғыдан алғанда бірінші саты – 1457 жылдың күзінің соңы қысының басы мен 1458 жылдың көктемі аралығын қамтиды.

Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған ру-тайпалардың бөлінуі Әбілқайыр ханның 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі қалмақтардан жеңілісінен кейін болған. Шайқастың салдары Әбілқайыр хан үшін ауыр болады. Қалмақтардан жеңілу шибанилық әулеттің белсенді өкілдері, әрі «көшпелі өзбектердің» әскер басылары Бахтияр сұлтан мен Ахмед сұлтанның ұрыста қаза табуы, ханның Сығанақ қаласына тығылуы, қалмақтардың жергілікті өңірдегі тұрғындарды емін-еркін тонаушылққа ұшыратуы Әбілқайыр ханның жеке басының беделін төмендетеді. Бұл жеңіліс мемлекеттің құрамына енетін тайпалар алдында ханның саяси билігін әлсіретіп жіберді. Әбілқайыр ханның үш жасар немересі Махмуд сұлтан қалмақтарға аманат ретінде беріледі. Соған қарағанда Әбілқайыр хан Үз Темір тайшының саяси билігін емес, оған белгілі бір көлемде салықтар мен төлемдерді жыл сайын төлеп тұруға міндеттенген секілді. Ал соның кепілдігіне үш жасар немересі берілген. Жеті жылдан кейін Махмуд сұлтан өз еліне үлкен құрметпен қайтарылады.

Жалпы алғанда, 1457 жылғы шайқас – Әбілқайыр хандығындағы барлық қайшылықтардың бетін ашады, «көшпелі өзбектер» мемлекетінің саяси тарихында бір кезеңнің аяқталып, келесі кезеңнің, яғни күйреу кезеңінің басталғандығын көрсетеді. Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған ордаежендік тайпалардың бір бөлігінің бөлініп кетуі – соған дәлел бола алады.

Үз Темір тайшы бастаған қалмақтар жорығы 1457 жылдың жаз айларында болғандықтан, Әбілқайыр хан секілді Керей, Жәнібек және ордаежендік басқа да сұлтандар өздерінің қол астындағы ру-тайпаларымен бірге сол тұста күндерін жайлауда өткізіп жатқан. Дерек мәліметтерінде баяндалғандай, Әбілқайыр хан қалмақтар жорығы туралы хабардың растығына көз жеткізгеннен кейін, ол жарлық шығарып, Бахтияр сұлтан мен Ахмед сұлтандарды әскердің басшысы етіп бекітеді. Кухистани Көк Кс-

сене түбіне аттанған шибанилық сұлтандар мен шибанилық ру-тайпа басшыларының тізімін көрсетеді, бірақ онда ордаежендік әулет өкілдері мен ордаежендік әулетті қолдайтын тайпа атаулары кездеспейді.



XVI-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы

Шайқастың нәтижесінен хабардар болған ордаежендік әулеттің басшылары Әбілқайыр тарапынан болатын қарсы әрекеттерді алдын-ала сезген. Мұхаммед Хайдар Дулати бір дерегінде: «Жошы әулетінің кейбір сұлтандары одан келер бір пәлені сезіп, оны болдырмауға тырысты», – десе, келесі бір дерегінде: «Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашты», – деп жазады. Әбілқайыр хан өзін қолдамағандарға қарсы жазалау шараларын жүргізген. Керей мен Жәнібек Әбілқайыр ханға қарсы топтың жетекшілері болғандықтан ханның негізгі соққы бағыттары өздері мен ұлыстарына бағытталғанын көре біліп, оны болдырмаудың жолы деп Моғолстанға кетуді ұйғарған.

Егерде Керей мен Жәнібек аздаған адамдармен кетсе, онда олар жылдың қай мезгілі болғанына қарамастан көшкен болар еді. Олардың соңында ордаежендік ру-тайпалардың бір бөлігі болуы себепті олар жылдың қай мезгілінде болса да ауа көшіп кете алмайтын еді. Көшпелі мал шаруашылығы ол тайпалардың негізгі шаруашылық түрі болғандықтан, олар тек жайлаудан қайтар кезде ғана көтеріле көшіп, бұрынғы дәстүрлі қысқы тұрақтарына емес, Моғолстанға бет алған.

Керей мен Жәнібек бастаған ру-тайпалар Сығанақ түбіндегі шайқастан кейін Әбілқайыр ханның қаһарынан қорқып, сол жылдың күз айының соңында дәстүрлі қыстауларына бармай, Шу өзенінің бойына келеді.

Мұхаммед Хайдар Дулати: «Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алқабындағы Қозыбасыны берді», – деп айтады. Ал Махмуд бен Уәли бұл өңірді берудің себебін былайша түсіндіреді: «Сол кездерде Моғолстанда Шағатай хан ұрпақтарынан Уәйіс ханның ұлы Есенбұға хан билік жүргізіп тұрды. Сол тұста Әмір Темір курэканның ұлы Мираншахтың, оның ұлы Сұлтан-Мұхаммед мырзаның ұлы Әбу Сайд мырза Ирактан Жүніс ханды шақыртып, оған көмек пен жәрдем береді де, інісіне қарсы жібереді. Сол себепті Есенбұға хан билігінің негізіне сызат түсіп, соған байаланысты бұл хан Жәнібек хан мен Керей хандардың келуін адамдар /үшін/ қайырымдылық пен ізгіліктің көзі деп санады. Ханзадалардың келуіне құрмет көрсетіліп, келісім берілгеннен кейін, хан оларға Моғолстанның батыс өңірін берді. Ол өңір Есебұға ханның /иелігі/ мен Жүніс ханның иктасы арасында болды. Бұл өңір Шу және Қозыбасы деген /атаумен/ белгілі болатын». Қозыбасы – Тарғаптың қарсы бетіндегі Қордайда орналасқан тау жайлауы. Енді осы географиялық атауларды карта бойынша анықтасақ, онда Керей мен Жәнібектің Есенбұға ханнан алған аймағының шекарасы – Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағалауы мен Шудың төменгі ағысы бойындағы алқаптар арқылы, батысы – Талас өзенінен, шығыста Іле өзеніне дейінгі, ал оңтүстікте – Іле Алатауының солтүстік тау жоталары мен қыраттары арқылы өткен. Бұл аймақ – Есенбұға хан үшін біріншіден, оның Моғолстанның Жетісу жағындағы иеліктерін Андижан маңындағы Жетікент деген жерді иелікке алған Жүніс хан тарапынан болатын жорықтардан қорғап тұрса, екіншіден, дәл сондай міндетті Әбілқайыр хан тарапынан болар жорықтарға байланысты атқарып тұрды. Жүніс ханның Моғолстан аймағына жақын келуіне байланысты билігінің іргесі сөгіле бастаған Есенбұға хан жоғарыда айтылған аймақты Керей мен Жәнібекке беру арқылы өзіне сенімді одақтас табады да, өмірінің соңына дейін тақ билігіне ағасын жолатпайды. Махмуд бен Уәлидің мынадай мәліметі осыны дәледейді: «Есенбұға ханның тірі кезінде /оған/ жоғарыда айтылған хандардың (Керей мен Жәнібекті айтып отыр – Б.К.) көмегі мен тірегі арқасында Жүніс хан тәкәппарлықпен аяғын үзеңгіге сала алмады». Басқаша айтқанда, бұл дерек мәліметі Жүніс ханның Моғолстанда Есенбұға ханның тірі кезінде хан бола алмағанын көрсетеді. Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінің бір жерінде былай дейді: «Сұлтан Жүніс хан екінші рет Мырза Сұлтан Әбу Сайдта Моғолстанға келгенде, мұндағы әмірлердің барлығы тағы да хан маңына жиналды. Хан Моғолстанда біраз тұрды. Жетікентте тұрақтап қалды. Бірақ Есенбұға ханға тиеселі иеліктерге кіруге батылы бармайды». Осылайша, 1457 жылдың соңында Керей мен Жәнібектің Моғолстанның батыс жағындағы Шу өңіріне келіп қоныс тебуі арқасында, Есенбұға хан ағасы Жүніс ханға қарсы өзіне сенімді одақтас табады да, 1461-1462 жылы қайтыс болғанға дейін оның иелігіне ешқандай қауіп бола қоймайды.

Керей мен Жәнібектің Шу бойына келуі – 1457 жылдың күзінің соңында болады. Деректердегі мәліметтердің баяндалуын хронологиялық тұрғыдан қарастырсақ, мынадай жәйттерді аңғарамыз. Керей мен Жәнібек бастаған ру-

тайпалардың Шу өңіріне қоныстануы, Керейдің хан болғандығы, Есенбұға ханның иелігіне Жүніс ханның аяғын аттап баса алмағандығы, Есенбұға хан қайтыс болғаннан кейін қазақ билеушілері мен Жүніс хан арасында жақсы қатынастардың қалыптасуы жөнінде айтылады. Соған қарағанда Керейдің хан болып сайлануы Шу бойынан көшіп келгеннен кейін және Есенбұға хан қайтыс болғанға дейін жүзеге асқан. Тарихи бір аңызда: «Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елмен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға жетіпті. Құмды қыстап шыққан қалың ел көктемде Тұлпарсазда Керейді ақ киізге көтеріп, хан сайлап өздерін «қазақ» деп атапты». Аңыздың мәліметіне сүйенсек, Керейдің хан болып сайлануы – 1458 жылдың көктем айларының бірінде, мүмкін наурыз айында жүзеге асқан. Хан сайлау процесі аса маңызды болғандықтан, әсіресе жаңа әулеттің алғашқы ханын сайлау сол елдің өміріндегі ерекше маңызды оқиға болып саналатындықтан, оған билеуші әулет өкілдері ерекше мән беретіндігі өз-өзінен түсінікті. Хан сайлау жиынына билеуші әулет өкілдерінен басқа дін басылары, ру-тайпа көсемдері, мен батырлары және басқа әлеуметтік топ өкілдері қатысады. Қазақ қоғамында хан сайлау дәстүрі XIX ғасырдың соңына дейін сақталып, ол жөнінде орыс авторларының еңбектерінде баяндалады. А.И. Левшинның жазуы бойынша хан сайлау үшін алдын-ала оның уақыты мен өткізілетін жері белгіленеді, әр түрлі«жеке кеңесулер» өткізіліп, хан сайлауға әрбір топтың өкілдері анықталады, негізгі үміткер анықталғаннан кейін жалпы жиында ол ақ киізге отырғызылып, сұлтандар мен ру-тайпа көсемдерінің қолдауына ие болып, үш рет киізбен жоғары көтеріледі.

Ал енді Керейді хан көтерген мезгілге келетін болсақ, біздің ойымыз жоғарыда айтып өткен аңыздағы уақытқа сай келеді. Керей мен Жәнібек бастаған ордаежендік ру-тайпалар үшін 1457 жылдың соңында ең басты мәселе қыстау, қыста жайлатын орындарын таңдау, оларды белгілеу, елді қоныстандыру және т.б. шаруашылық мәселелер болған. Ал көктем шыға алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізіліп, жас жағынан Жәнібекке қарағанда үлкендеу Керей хандық билікке отырғызылады. Керейдің хан болып сайлануымен Қазақ хандығының құрылу барысындағы **бірінші кезеңді** аяқталды деуге болады.

Осылайша, тарих мінбелеріне көтерілген Қазақ хандығын сол кездер үшін толыққанды, дербес хандық деуге толық болмайды. Өйткені, дербес хандық деу үшін оның нақты территориясы мен халқы, билеуші әулеті мен ханы, басқару әкімшілігі мен құрылымы, өзіндік жүргізетін дербес саясаты және мемлекетке қажетті тағы басқа шарттары қажет болатын. Керейдің хан сайлануымен мемлекет үшін ең басты шарттардың бірі орындалады, яғни жаңа хандық – Қазақ хандығы дүниеге келеді. Орта ғасырларда хан тек жоғарғы билікті иеленген адам ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің символы болып есептелген. Жазба деректерден хан болмаған жағдайда елдің тарап, халықтың басқа хандарға көшіп кететін мысалдарын кездестіруге болады.

Осылайша, Керейдің 1458 жылдың көктем айларының бірінде хан болып сайлануымен Қазақ хандығының құрылуы барысындағы алғашқы

кезең аяқталды. Осы кезең ішіндегі оқиғалардың тарихи маңызын атап өтер болсақ, біріншіден, Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп кетуі – олардың Қазақ хандығын құрудағы алғашқы қадамы болды және Әбілқайыр хандығының тарихындағы күйреу кезеңінің тереңдегенін көрсетіп берді. Екіншіден, Шу өңіріне келіп қоныс тепкен ордаежендік тайпалар жаңа этникалық атауға – «өзбек-қазақ» атауына ие болды. Бұл дегеніміз этникалық процестің жаңа, ұлттық сипатқа ие болғандығын көрсетеді. Үшіншіден, хандық билікті қалпына келтіріп, Керейдің хан сайлануы – ұлттық сипаттағы мемлекеттік құрылымды дүниеге алып келгендігін көрсетіп береді.

Сөйтіп, таза ұлттық негізде құрылған Қазақ хандығы толыққанды мемлекет мәртебесіне ие болуы үшін әлі де болса өзінің қалыптасуы барысында бірнеше сатыны бастан өткеруі қажет болды.

Шарты түрде **екінші сатыға** – 1458 жылдың көктем айларынан – 1461/62 жылға дейінгі, яғни Есенбұға хан қайтыс болғанға дейінгі аралық жатады.

Осы аралықта Әбілқайыр ханға наразы немесе оған қарсы шыққандар бірте-бірте Керей мен Жәнібек хандарға келіп, қосыла бастайды.

Екінші маңызды оқиға – Жүніс ханға қатысты оқиғалар жатады. 1457 жылдың қазан айында Әбу Сайд мырзаның қолдауымен Моғолстанның іргесіне келген Жүніс ханның бірінші болып Ыстықкөл маңындағы құнжы, бекжақ тайпаларының әмірі Керімберді, әмір Қажы Пір, әмір Ибрагим секілді басшылары мойындайды. Жүніс хан тайпа әмірлерімен жақындасу үшін осы жылдың соңында Әмір Қажы Пірдің қызы Исан Даулст бегімге үйленеді. 1458 жылдың күзіне дейін Жүніс ханның маңайына біршама моғол тайпалары жиналады. Ыстықкөл тайпаларын өзіне қаратқаннан кейін Жүніс ханның алдында екі бағыт тұрды, бірі – Жетісу аймағындағы тайпаларға билігін орнату арқылы бүкіл Моғолстан тағы үшін күресу болса, екіншісіне – бірден Моғол ханы Есенбұға ханға қарсы аттанып, тақты күрес арқылы тартып алу жатты. Бірақ Жетісудағы тайпаларды өзіне қарату үшін оған Жетісудың батыс өңіріндегі Қазақ хандығы тосқауыл жасап тұрғандықтан, Жүніс хан бірінші жолдан бас тартып, екінші жолды таңдайды.

Қазақ хандығымен күресуден бас тартқан Жүніс хан 1458 жылдың жаз айының соңы – күз айларының басында Моғолстанның Шығыс Түркістан жағындағы Қашқарға көзін тігеді. Бұл кезде Есенбұға хан Моғолстанның шығыс жағындағы Жұлдыз жайлауында болатын. Жүніс ханның Қашқарға аттанғанын естіген Есенбұға хан тез арада Қашқар маңына келеді. Ағасы мен інісі арасындағы шайқас Қашқардың Ақсу жанындағы Хансалар деген жерде өтіп, өте қиындықпен Есенбұға хан мен әмір Сайд Әлі жеңіске жетеді (Мұхаммед Хайдар Дулатидың үшінші атасы – Б.К). Жүніс хан қашуға мәжбүр болады, бірақ әйелі жаңа туған үлкен қызы Михр Нигар ханым және қызыметшілері тұтқынға түседі.

Жүніс ханның Исан Дәулет бегімге 1457 жылдың соңында үйленгенін, олардың тұңғыштары Михр Нигар ханымның емшекте болғанын ескеріп, Хансалар ұрысы 1458 жылдың тамыз-қыркүйек айларында өтті дейміз.

Осы шайқасқа қатысқан Дулатидың арғы атасы әмір Сайд Әлі 862 (1457 ж. қараша – 1458 ж. қараша) жылы, яғни 1458 жылдың қазан-қараша айларының бірінде қайтыс болады.

Сөйтіп, Жүніс ханның Моғолстан тағын иеленуге бағытталған алғашқы әрекеті сәтсіздікке ұшырайды. Есенбұға ханның өз тағын сақтап қалуына Қазақ хандығы да өз септігін тигізеді. Қазақ хандығы Махмуд бен Уәлидің жазғанындай «Есенбұға ханның иелігі мен Жүніс ханның иктасы аралығында орналасып», Жүніс ханға бүкіл Жетісу тайпаларының қосылуына кедергі жасайды.

Әбу Сайд мырза өзіне қашып келген Жүніс ханға екінші рет қолдау көрсетеді. Бұл жолы оған Андижан аймағының Жетікент деген жерін басқаруға береді.

Дулатидың көрсетуі бойынша Жүніс хан Әбу Сайд мырзаға екінші рет қайтып келгенде моғол әмірлері оның маңына қайта топтаса бастайды. Ол Жетікентте тұрақтап қалады. «Бірақ Есенбұға ханға тиеселі иеліктерге кіруге батылы бармайды».

«Тарихи-Рашиди» авторының осы мәліметі Жетісудың батыс жағында құрылған Қазақ хандығының елеулі саяси күшке айналғанын көрсетеді. Сөйтіп, Қазақ хандығы сол жылдары Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі оқиғаларға тікелей араласпаса да, саяси күш ретінде ондағы билік үшін күресуші топтар арасында танылады, Қазақ хандығын олар мойындауға мәжбүр болады. Бұл – біздің ойымызша, Қазақ хандығының құрылуы барысының екінші сатысындағы ең басты жетістігі болып табылады.

Қазақ хандығының құрылуы кезіндегі үшінші сатыға 1461-1462-1469-1470 жылдар аралығы жатады. 1461-1462 жылы моғол ханы Есенбұғаның қайтыс болуымен және оның мұрагері Досмұхаммедтің хан тағына келуімен Моғолстанның ішкі саяси өмірінде күрделі өзгерістер жүреді де, ол өзгерістер Қазақ хандығына да ықпал етеді.

«Есенбұға хан ажалы жетіп дүниеден озған соң, орнына ұлы Дос Мұхаммед хан патша тағына отырады. Оның жасы он жетіде болатын. Ол парасатты адамдар қатарына жатпайтын, көптеген істері ақылға қонбайтын еді, оның үстіне бір сәт болса да мастықтан есін жинаған емес.

Жүретұғын жері лас, отыратын тағы лас,
Ақылды жан аулақ жүр, жынды бүгін тағы мас!» –

деп Мұхаммед Хайдар Дулати оның жеке басына осындай сипаттама сөздерді қосып жазады. Мемлекетті басқару ісіндегі негізгі принциптердің еленбеуі, жас ханның ішкі саясатында белгілі бір мақсаттың, жүйеліліктің болмауы Моғолстанның Шығыс Түркістан жақ бөлігіндегі әмірлер арасында жіктер мен алауыздықтарды туғызады. Ханның саясатына наразы әмірлердің бір тобы Жүніс хан жағына шығады. «Тарих-и Рашиди» авторының атасы да осы кезде Жүніс ханды қолдай бастайды. Осылайша, Моғолстанның Ыстықкөл жанындағы Жүніс ханның күші молая түседі.

Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі шиеленіскен қатынастарда қазақ билеушілері қарсыласушы жақтардың ешқайсысын қолдамай, дербестік

саясат ұстайды. Жүніс ханның жақтастары көбсйіп, күші одан сайын арта түседі. Соған қарамастан, Жүніс хан билік үшін ашық күреске шықпай, Шығыс Түркістандағы саяси дамулар барысын бақылап, оның ақырын күтеді.

Жетісудағы Қазақ хандығы үшін осы жылдар бір жағынан саяси күш ретінде күшею, көршілерге танылу жылдары болса, екінші жағынан алғанда, алғашқы тарихи сындарға төтеп беру жылдары болып саналады. Әбілқайыр ханға наразы болған жекелснген ру-тайпалардың Қазақ хандығына келіп қосылуы осы жылдары да жалғаса береді.

Осыған байланысты Әбілқайыр хан өзінің соңғы жорығын Моғолстанның батысындағы Қазақ хандығына бағыттайды.

1469 жылдың бірінші жартысында моғол билеушісі Досмұхаммед хан ауырып қайтыс болса, Темірлік билеуші Әбу Сайд мырза Аққойлы мемлекетінің сұлтаны Ұзын Хасанмен болған соғыста қаза табады.

Темірлік мырзаның өлімі Хорасан мен Мәуереннахрдағы саяси тұрақтылықты саяси бытыраңқылыққа айналдырады. Хорасанда темірлік әулеттің өкілі – Хұсайын Байқара, ал Әбу Сайдтың ұлдарының үлкені Ахмед мырза Самарқан мен Бұқарада, үшінші ұлы – Махмуд мырза – Бадахшанда, төртінші ұлы – Омаршейх мырза – Ферғанада билікке келеді. Сөйтіп, Әбілқайыр ханның соңғы жорығы қарсаңында Темір әулеті мемлекетіндегі саяси жағдай күрт өзгеріп, империя бірнеше дербес иеліктерге бөлініп кетеді. Бұл өз кезегінде Әбілқайыр ханның Моғолстан жаққа жорық жасауына жол ашады.

Әбілқайыр ханның Моғолстан жаққа жорықты бастауына түрткі болған оқиғаға – 1469 жылы моғол ханы Дос Мұхаммедтің кенеттен қайтыс болуы жатты. Дое Мұхаммед ханның қайтыс болуы Моғолстанның Шығыс Түркістан жағындағы ішкі саяси өмірді біршама шиеленістіреді.

Сөйтіп, 1469 жылдың басынан бергі Мәуереннахр мен Моғолстандағы саяси жағдайлар Әбілқайыр ханға 1457 жылға дейінгі мемлекетінің қуаты мен өзінің беделін қалпына келтіруіне қолайлы жағдайлар қалыптастырады.

Әбілқайыр ханның жорығы 1469 жылдың жазының соңы мен күзінің басында басталады. Махмуд бен Уәли Әбілқайр ханның жорыққа дайындығы туралы былай деп баяндайды: «... Кенеттен ол (Әбілқайыр хан – Б.К.) моғол сұлтандарының билігіндегі Моғолстанның қалған жерлерін бағындыруды ойластырып, әскер жинауға жарлық береді. Хан жорығына сәйкес барлық ел мен ұлыстардағы басшылар айтылған уақытта өздерінің ондықтарымен, жүздіктерімен және мыңдықтарымен Еділ бойындағы хан ордасына келуі тиіс болды». Махмуд бен Уәли Әбілқайырдың жорыққа аттанған, әскерінің жиналған жері деп Еділ өзенінің бойын өз дерегінде атап өтеді. Одан ары жорықтың жүрген бағытына үңілсек, Әбілқайыр хан Еділ өзені бойынан аттанып, Ала-Так маңынан өтеді де, Қызыл Надыр жайлауының жолымен жүре отырып, бірнеше асулардан асады. Одан ары Жеті Құдық деген жерге келін тоқтайды. Қызыл Надыр жайлауы Талас өзенінің төменгі ағысында, қазіргі әкімшілік жүйе бойынша Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының шекаралары түйіскен жерде. Аталған географиялық атаулар бой-

ынша Әбілқайыр ханның жорық бағыттары: Еділ-Алатау-Қызыл Надыр – Жетіқұдық арқылы жүрген болып шығады. Енді осы жорық бағытына карта бойынша көз салсақ, Әбілқайыр хан мол әскерімен Еділ өзені бойынан аттанып, Алатау маңына жеткен, одан ары кейін оралып, Қызыл Надырға барған да, қайтадан 180 градусқа бұрылып, Жетіқұдық деген жерге келіп тыныстаған. Әрине, талай жорықтарды басынан өткерген және Шығыс Дешті Қыпшақты бес саусағындай жақсы білетін «көшпелі өзбектер» ханы қалың қолымен бұлайша жүрмеген.

Әбілқайыр хан әскерінің бас қосып, жиналған жері – Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Тобыл өзенінің жоғарғы және орта ағысы бойы болған. Біріншіден, Тобыл өңірі – XIII ғасырдың 20-жылдарынан бері Шибан әулетінің иелігіндегі жер және осы өңірде 1428 жылы 17 жасар Әбілқайыр хан тағына отырғызылған. Екінші, жорыққа дайындық жаз айларында басталып, хан әскер жию туралы жарлығын Шығыс Дешті Қыпшақтың солтүстігіндегі жайлаулардың бірінді жинаған. Жайлаудың негізінен өзендерге жақын, өзендер маңында болатынын ескерсек, онда Шибан Ұлысы аумағындағы үлкен өзеннің бірі – Тобыл өзені болғандықтан, хан әскерінің бас қосар жері осы өзен бойы деп белгіленген. Үшінші, Тобыл сөзі араб әріпімен – деп жазылады. Осы сөзді көшіру барысында оның Еділ (Итыл, Атил) сөзіне ауысу мүмкіндігі өте көп. Итыл сөзі – араб әліппесі бойынша, – деп жазылғандықтан, екі сөздің, яғни Тобыл мен Итыл сөздерінің дауысты дыбыстарсыз әріптік құрылымы бірдей болып, олардың ауысуы әбден мүмкін.

Осылайша, Әбілқайыр хан 1469 жылы жаз айында өзінің ежелден бергі ата-баба иелігіндегі жайлауда болып, жорық жасау туралы шешімді осында қабылдаған. Сондай-ақ осы өңірдегі Тобыл өзеніннің бойы әскерлердің бас қосатын жері боп белгіленген. Сөйтіп, жорықтың бағытындағы алғашқы географиялық нүкте – Тобыл өзені болған.

Тобыл өзені бойынан Моғолстан бағытына қарай баратын жолдағы екінші географиялық атау – Ала-Таг деп аталады. Біз бұл атауды Алатау емес, Орталық Қазқастандағы Ұлытау деп қабылдаймыз. Араб әріптеріндегі дауысты а, ә, ұ, ү дыбыстары бір ғана әріп, алифпен берілгендіктен «ала» сөзін «ұлы» деп оқимыз. Ал «таг», «так» сөзінің көне түрік тілінде «тау» деген мағанасын білдіретіні көпке мәлім. Сонда дерек мәліметіндегі Ала-Так сөзі Ұлытау сөзі болып шығады. Шынында да, Тобыл бойынан Моғолстан жаққа апарар ең қысқа және түзу жол Ұлытау арқылы өтеді. Алдыңғы бетте Қызыл Надырдың қай жерде екендігін айтып өттік. Осы анықталған үш географиялық нүкте арқылы: Тобыл-Ұлытау-Қызыл Надыр бағыттарымен түзу сызық жүргізсек, онда Әбілқайыр ханның жорығы Моғолстанның Жетісу аймағының батыс жағындағы Қазақ хандығына қарсы бағытталғанын байқаймыз.

Әбілқайыр ханның әскер жию туралы жарлығынан кейін, әскердің жиылуы, оларды тексеру және соншама мол әскермен Тобыл-Ұлытау-Қызыл Надыр арқылы жүру біршама уақытқа созылады. Хан әскерлері Қызыл Надырдан Жетісуға қарай бірнеше асу жер жүріп, Жетіқұдық деген жер-

ге жетксндс күн суыта бастайды. Соған қарағанда Әбілқайырдың жорық жасау жөніндегі шешімі мен жарлығы жаздың соңында шығып әскердің жиылуы мен аттаныс күз айларында болған. Махмуд бен Уәлидің: «... осы мезгілде қалың қар түсіп, құйындата жаңбыр жауды және күшті жел соғып, суық ең жоғарғы белгіге жетті», – деген дерегі күздің соңы немесе қыс айының басталғанын көрсетеді. Одан әрі ол биылғы қыстың басқа жылдармен салыстырғанда өте суық және қар аралас жаңбырлы болғанын айтып өтеді.

Суыққа қарамай Әбілқайыр хан жорықты жалғастырып, ұлдарының бірі Көшкінші сұлтанды, әмір Жұлдыз тархан, Хасанбек ойрат, Жәлел оғлан, Сатылмас найман, Сейітбек қоңырат, Темір маджар, Тошбек Қыпшақ және тағы да басқа әмірлермен бірге әскердің авангарды ретінде алға жібереді. Аққышлақ деген жерге жеткен кезде суықтың күшейгені соншалық, хан әскерін сақтау үшін жорықты тоқтатуға мәжбүр болады. Осы кезде Әбілқайыр ханның өзі де суықтан қатты ауырып, емшілердің қолданған еміне қарамастан Аққышлақ деген жерде қайтыс болады. Махмуд бен Уәли оның өлген жылын «елу жеті жасында 874 (1469 шілде – 1470 маусым) жылы, тышқан жылында», – деп көрсетеді. Осылайша, Әбілқайыр ханның соңғы жорығы өз мақсатына жетпей, ханның қайтыс болуымен аяқталады.

Сөйтіп, Қазақ хандығына төнген қауіп, өзінен-өзі сейіледі.

Өзіміз шарты түрде бөліп отырған **үшінші саты** маңызды болып саналады. Біріншіден, осы жылдары Қазақ хандығына Әбілқайыр хандығынан бөлінген ру-тайпалардың келіп қосылуы үзілмей жалғаса береді. Бұл процесс хандықтағы адам санының арта түсуіне алып келді.

Екіншіден, Есенбұға ханның мұрагері Дос Мұхаммед ханның билік құрған жеті жылы ішінде 866 (1461-1462) – 873 (1468-1469) Моғолстанның ішкі саяси жағдайы өте нашарлап кетеді. Ханның жүргізген саясатында нақты бір принциптердің болмауы әмірлердің арасында жікті ұлғайтып жібереді. Ал ол қайтыс болғаннан кейін әмірлер қарам-қарсы екі топқа бөлінеді де, бірі – Ыстықкөл жақтағы Жүніс ханды қолдаса, екінші біреулері – Дос Мұхаммед ханның жас ұлы арқылы өз үстемдігін сақтап қалуды мақсат етеді. Мұндай жағдайда Моғолстанның Жетісу жағындағы Қазақ хандығы бірте-бірте дербестене бастайды.

Үшіншіден, осы саты ішіндегі ең ірі оқиғаға – Әбілқайыр ханның Қазақ хандығына қарсы бағытталған жорығы жатып, жорықтың мақсаты – Моғолстандағы саяси жағдайды пайдалана отырып, Жетісудағы Қазақ хандығын жою болғаны анықталды. Мәуереннахрдағы саяси бытыраңқылық та Әбілқайыр ханның жорық ұйымдастыруына қолайлы жағдайлар жасайды.

Төртіншіден, жорық барысына талдау жасау барысында кейбір түсініксіз жәйттерге көңіл аударылып, оларға ғылыми түсіндірулер берілді. Әбілқайыр ханның жорығы барысында ауырып қайтыс болуы – жорықты аяғына дейін жеткізбейді.

Сөйтіп, осы үшінші сатыда Қазақ хандығына басты қарсыласынан төнген қауіп оның қайтыс болуына байланысты сейіліп, өзінің қалыптасуы барысындағы соңғы сатыға аяқ басты.

Біз Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі соңғы, **төртінші сатыға** Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан қазақ билєушілерінің Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында билігі толық орныққанға дейінгі аралықты жатқызамыз.

1469-1470 жылдан бастап Қазақ хандығы дербес, толыққанды мемлекет атануға мүмікіндік алады. Шығыс Дешті Қыпшақ, Мәуереннахр аумақтарында және Моғолстанның Шығыс Түркістан аймағындағы саяси жағдайлар оған өте қолайлы алғышарттар әзірлейді. Дос-Мұхаммед ханның қайтыс болуынан кейін моғол тағына ешбір қиындықсыз Жүніс хан отырады. Бірақта оған алғашқы кездерде моғол әскерлерімен тіл табысу қиындықтар туғызады. Ол туралы «Тарих-и Рашиди» авторы былай деп баяндайды: «Сол күндері Жүніс хан бірнеше рет Қашқарға барды, алайда Моғолстан әмірлерінің ешқайсысы Қашқарда тұрақтай алмады. Хан шарасыздықтан қайта оралған болатын... Ол жөніде қысқаша мынаны айтуға болады. Жүніс хан Қашқарда шаһарда тұруды армандайтын. Бірақ моғолдың әскері мен әмірлері қаладан қашқақтаған-ды. Сол себепті де хан Моғолстанда тұруға мәжбүр болды. Сансыз мырза өлген соң Мұхаммед Хайдар мырза Жүніс ханмен жақындасты. Осы екі арада Дос Мұхаммед хан да өлді. Жүніс хан Ақсуға барып, Дос Мұхаммед ханның халқын өзіне қаратады...

Алайда Жүніс хан Ақсуда қалғысы келетін еді, себебі Ақсу Моғолстанға қарағанда қалаға ұқсайтынды. Бірақ моғолдардың жүріс-тұрысынан бұлар егер біршама уақыт тұратын болса, елдің көңілінің Сұлтан Кебек оғланға (Дос Мұхаммедтің ұлы – Б.К.) ауатынын байқайды. Сондықтан хан амалсыздан бар елін Моғолстанға әкетуге мәжбүр болды». Осылайша, 1470 жылдардың басында Жүніс хан Моғолстан ханы боп мойындалса да, ол моғол әмірлері арасындағы алауыздықтарды тоқтата алмайды.

Мәуереннахр аймағында да Әбу Сайд мырзаның өлімінен кейін саяси тұрақтылық саяси бытыранқылыққа ауысып, мырзаның үш ұлы ондағы өз иеліктерінде жеке-дара билік жүргізеді.

Ал Әбілқайыр ханның қайтыс болуынан кейін «көшпелі өзбектер» еліндегі этносаяси ахуал мүлде шиеленісіп кетеді. Бұл туралы жазба деректерде мынадай мәліметтер кездеседі. «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабында «Әбілқайыр хан қайтыс болған соң өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды», – делінсе, екінші кітабында «Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды», – деп сипатталады. Әбілғазы болса, «Оның (Әбілқайырды айтып отыр – Б.К.) ұлдары мен немерелері көп еді, көп дұшпан оларға да қол сұқты, балаларының бірнешеуін өлтірді, қалғандары төрт жаққа қашты. Көп елінің барлығын тоз-тоз қылды», – деп жазады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды» деген мәліметі Әбілқайыр хан өлгеннен кейін билеуші әулет өкілдері арасында хан тағын иеленуге байланысты бірнеше топтың болып, олар арасында күрестер мен қақтығыстардың жүргенін білдіреді. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Тарих-и Кипчаки», «Фирдаус ал-икбал», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар», «Түрік шежіресі» секілді деректердің мәліметтерінен

біз Әбілқайыр ханнан кейін таққа Әбілқайырдың ұлдарының бірі Шайх Хайдар мен шибанилық әулеттің өкілі, Арабшахтың шөберсі – Иадгардың таласқанын жазады. Билікке таласушылардың шығу тегіне қарап мұрагерлік мәселесіндегі екі дәстүрдің – моңғолдық және түркілік дәстүрлердің күресін көруге болады. Әбілқайыр ханның он бір ұлы болғаны белгілі. Олар ханның төрт әйелінен және күңінен дүниеге келеді. Бүркіт тайпасынан алған әйелінен – Шах Бұтақ-сұлтан мен Қожа Мұхаммед, Маңғыт әйелінен – Мұхаммед сұлтан мен Ахмед, қоңыраттан алған әйелінен- Шайх Хайдар, Санжар, Шайх Ибрагим, 1451 жылы алған Ұлығбектің қызы Рабиға сұлтан бегімнен – Көшкінші мен Сүйініш қожа, ал Ақ Бурук пен Сайд Баба аты ұлдар – күңнен туылады. Үлкен ұлы Шах-Бұтақтың әкесінің тірі кезінде қаза тапқаны белгілі, ал Қожа Мұхаммед Әбілғазы жазғандай «ақылы кем кісі болатын». Оқас бидің қайтыс болуынан кейін шибанилық әулеттің маңғыт билемен қарым-қатынасы нашарлап кетуіне байланысты маңғыт әйелден туған Мұхаммед пен Ахмед Сұлтандардың әулет өкілдерінің қолдамайтыны белгілі.

Рабиға Сұлтан Бегімнен дүниеге келген Көшкінші мен Сүйініш қожа сұлтандар 16-17 жаста болатын. Ал қоңырат әйелден туылған үш ұлдың үлкені, Әбілқайыр ханның бесінші ұлы – Шайх Хайдарды шибанилық Болаттың (Пулад) Ибрагимінен өсіп-өнген жиырмадай сұлтан қолдайды. Ал шибанилық Болаттың (Пулад) Арабшахынан тарайтын Иадгар сол кезде Болат әулетіндегі ең жасы үлкені болғандықтан хандық билікті иеленуге ол да үміт артады. Бұған дейінгі келтірілген «өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасты» деген Дулати мәліметі осы екі үміткер арасында болған қақтығыстарды айтса керек.

Арабшах ұрпағы Иадгар 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Әбілқайыр ханның қалмақтардан жеңілісінен кейін өз ұлысында хан болып сайланған еді. Оны билікке үлкен ұлы Буреке сұлтан мен маңғыт биі Мұса отырғызады. Сырдың төменгі ағысының бойындағы өз ұлысында билік құрған Иадгар хан енді Әбілқайыр ханнан кейін түркілік дәстүр бойынша Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибанилық әулеттің ең үлкені ретінде «көшпелі өзбектер» тағына отырмақ болады.

Бірақта Шайх Хайдар хан мен Иадгар хан арасындағы таластар ұзаққа созылмайды. Иадгар ханның қандай жағдайда қайтыс болғанын деректер айтпайды, бірден оның қайтыс болғандығын және оның орнын Шайх Хайдар ханның иеленгенін баян етеді. Дәл осыдан кейін Иадгар ханның ұлы Буреке сұлтан бұған дейін Әбілқайыр хан мен ұлдарына, шибан әулетіне адал қызмет етіп келсе, енді билеуші шибан әулетіне ашық күреске шығады.

Мұхаммед Хайдар Дулати Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі оның еліндегі алауыздықтарды баяндай келе, былай деп жалғастырады: «Жұрттың көпшілігі Керей мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп айта бастайды». «Тарих-и Рашидидың» тағы бір жерінде ол «әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз һәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады. Олар осылай күшін нығайтты», – деп сипаттайды. Бұл дерек

мәліметтері Әбілқайыр ханның өлімінен кейін «көшпелі өзбектер» елінде таққа таласушы екі топтың арасында кәдімгідей күрестердің жүргендігін көрсетеді. Кезінде Керей мен Жәнібек хандарға әр түрлі себептерге байланысты ілесе алмаған ру-тайпалар енді жаппай түрде көше бастаған секілді. Жаңадан қосылушылар есебінен Қазақ хандығының күші де өсе бастайды. Біздің ойымызша, олар ордаежендік және шибандық ру-тайпалар болған.

Иадгар ханның қайтыс болуынан кейін оның ұлысындағы биліктің Буреке сұлтанға тимей, Шайх Хайдар ханның қолына өтуі үміткердің қарсылығын туғызды. Сөйтіп, Болат әулетінің ішінде де жік пайда болады. Осындай жағдайды пайдаланып, Қазақ хандығы тарапынан Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибан әулетінің билігін жою үшін алғашқы күрестер басталады. «Тарих-и Кипчаки» авторы ол туралы былай деп мәлдімет береді. «Бузург-хан [қайтыс] болғаннан кейін мемлекеттің басты адамдары ханзадаларымен ұйғарыса келе Шайх Хайдарды билікке алып келді. Ол жуастау және әлсіз адам болатын, басқару ісінде [өз бетінше қадамдар] жасауға дәрменсіз еді. Сол себепті де Жәнібек ханның ұрпақтарының бірі Бұрындық хан өз ұлысын біріктіріп, Әбілқайыр ханның ұлдарына бас салды. Оларда қарсылық [көрсететіндей] күш болмады, сол себепті жан-жаққа қашып кетті, олар кейін қайтқаннан соң [бұлар] қайта жиналды».

Бұл мәліметте автор Бұрындықты Жәнібектің ұрпағы және оны хан деп қате жазғанына қарамастан, негізінен дерек Қазақ хандығының шибан әулетіне қарсы күресінің басталғанын көрсетеді. Сөйтіп, Қазақ хандығы он жылдан астам уақыт бойы Моғолстанның Жетісу аймағында болып, енді қайтып оралу үшін шабуылға шыға бастайды.

Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибан әулетіне қарсы күресті Қазақ хандығымен қатар басқа да қарсыластар жүргізеді. Олар – Батыс Сібір аумағындағы шибанилық әулет бұтағының өкілдері Сайдек хан, оның немере інісі Абак (Ибак) хан, Сырдың төменгі ағысы бойындағы шибанилық әулет өкілі, Иадгар ханның ұлы – Буреке сұлтан, маңғыт билері – Едігенің ұрпақтары – Аббас, Мұса және Жаңбыршы билер. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» мәліметінде Шейх-Хайдар ханға қарсы күрескен Қазақ хандығы жағынан Барақ ханның ұлдары – Жәнібек пен Керейдің есімдері аталса, қалған шығармалардың мәліметтерінде тек Жәнібек ханның есімі ғана аталып, Керей есімі кездеспейді. Соған қарап біз. Қазақ хандығының алғашқы ханы болған Керей – 1470 жылға таман дүниеде болмаған деп санаймыз. Бұған дейінгі келтірілген мәліметтердің бірінде қазақ билеушілерінің Шейх Хайдар ханға қарсы жасаған алғашқы жорығында Бұрындықтың «хан» титуылымен аталуы да біздің осы ойымызды негіздей түседі.

Т.И. Сұлтановтың көрсетуі бойынша Шайх Хайдар ханның билігі өте қысқа болып, ол ұрыстардың бірінде қаза табады.

«Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар», «Түрік шежіресі» секілді деректерде Шайх Хайдар ханға Сібір ханы Ибақ пен Үлкен Орда ханы Кіші Мұхаммед ханның ұлы Ахмед хан бірігіп жорық жасайды, олар жеңіске жетіп, ханды өлтіреді деп айтылады.

Осылайша, Шайх Хайдар ханның өлтірілуімен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы шибани әулетінің билігі де күйрейді. Көптеген әмірлер мен бектер жан-жаққа тарап кетсе, әулетке адал бір топ адам әулет өкілдерін Астрахань хандығына апарып паналатады. Бірақ ол жақта да ұзақ тұра алмай, қарсыластардың тықсыруымен қашып-пысып жүріп, арқыры Сырдың орта ағысы бойындағы Түркістан аймағына келеді. Сөйтіп, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы жалғыз саяси күш – Қазақ хандығы болып санала бастайды. Белгілі зерттеуші Т.И. Сұлтанов бұл жөнінде былай деп тұжырымын береді: «Өзбек Ұлысының көп бөлігі билік Керей мен Жәнібектің және олардың жақтастарының қолына өтті. Жазба дерек мәліметтерін терең талдау бұл тарихи оқиғаның 875 (1470-1471) жылы болғандығын көрсетеді».

Қорыта келгенде, біріншіден, Қазақ хандығының құрылуы бір ғана оқиғамен жүзеге асқан процесс емес, он шақты жылға созылған тарихи дамудың жемісі болып саналады.

Екіншіден, Керей мен Жәнібек хандардың бөлініп кетуі кездейсоқ болған емес, ол Әбілқайыр хандығындағы ішкі саяси жағдайларға байланысты туындайды. Бөлініп кетудің алғышарттары мен себептері толық пісіп жетілгеннен кейін, түрткі болған оқиғаға – 1457 жылдың жазының соңы немесе күзінің басында «көшпелі өзбек» елі билеушісінің қалмақ билеушісі Үз Темір тайшыдан жеңілісі мен одан кейінгі Әбілқайыр ханның өзін қолдамағандарға қарсы жүргізген жазалау барысындағы әрекеттері жатады.

Үшіншіден, Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі екінші сатыда жаңадан қалыптаса бастаған хандық өзінің өміршеңдігін көрсетеді. Әбілқайыр ханға наразылар одан қашып Керей мен Жәнібекті пана тұтса, Жүніс ханның бүкіл Жетісуды иеленуіне жаңа хандық жол бермейді.

Төртіншіден, Дос Мұхаммед ханның принципсіз жүргізген ішкі саясаты нәтижесінде Шығыс Түркістан жақтағы моғол әскерлерінің арасында жік пайда болса, Жетісу жақтағы Қазақ хандығы формалды түрде Моғолстан құрамында болып есептелгенімен іс жүзінде толығымен дербестене бастайды. Керей мен Жәнібек хандарға көшіп келу – одан ары жалғаса береді.

Бесіншіден, Әбілқайыр ханның қайтыс болуы мен «көшпелі өзбектер» еліндегі алауыздықтардың күшеюі ондағы ру-тайпалардың көбінің қазақ хандығына қосылуына алып келді. Біршама күшейіп алған Қазақ хандығы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси билік үшін күреске белсене араласады. Шамамен, 1470-1471 жылы Шайх Хайдар ханның өлтірілуімен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағының басым бөлігі Қазақ хандығының құрамына қосылып, Қазақ хандығы толыққанды, дербес, жеке мемлекетке айналады. Сөйтіп, Қазақ хандығының құрылуы толығымен және түпкілікті түрде жүзеге асады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ хандығының құрылған датасына қатысты тарихнамалық пікірлерді талдаңыз.
2. Қазақ хандығының құрылуы қанша жылға созылған тарихи үдеріс және оның барысы мен кезеңдеріне талдау жасаңыз.
4. Қазақ хандығының құрылу барысындағы бірінші саты оқиғаларына талдау жасаңыз.

5. Қазақ хандығының құрылу барысындағы екінші саты оқиғаларына талдау жасаңыз.
6. Қазақ хандығының құрылу барысындағы үшінші саты оқиғаларына талдау жасаңыз.
7. Қазақ хандығының құрылу барысындағы төртінші саты оқиғаларына талдау жасаңыз.

§ 4. Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы

Жалпы, Қазақ елінің тарихында оның ішінде Қазақ хандығының тарихында Қазақ хандығының құрылуының алатын орны ерекше, маңызы зор болып саналады. Хандықтың құрылуы Қазақстан аумағында ежелгі замандардан бері үзілмей үздіксіз жүріп келген этникалық процестер мен XIV-XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы мен оған көршілес аймақтардағы саяси құрылымдар дамуының заңды қорытындысы болып есептеледі. Сонымен бірге бұл маңызды оқиға мемлекеттіліктің дамуындағы белесті бір кезең болуымен ерекшеленеді.

Қазақ хандығының құрылуының аса зор маңызы жағына, оның этникалық дамуын жаңа сатыға көтеруі, оны бір деңгейден екінші бір деңгейге жеткізуі жатады. Отандық тариханамада қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңі Қазақ хандығының құрылуымен қатар жүзеге асты деген тұжырым берік орныққан. Бұл тұжырымның пайда болуы Қазақ хандығының құрылуымен байланысты екендігіне ешкім де шүбә келтірмейді.

Қазақстан аумағында этникалық процестер ең бері дегенде қола дәуірінен бастау алып, біздің заманымыздың XIV-XV ғасырларында өзінің халықтық деңгейіне көтеріледі. Этникалық процестер барысындағы этникалық элементтер мен компоненттердің аумақтық, экономикалық, саяси, діни-мәдени, тілдік, рухани ортақ кеңістіктерге бірігуі 2-2,5 мың жылдай уақыт бойы бірнеше тарихи дәуірлер мен кезеңдер арқылы жүзеге асады. Әрбір тарихи дәуірде этникалық процесс өзіндік даму жолынан ауытқымай, қажетті шарттармен толыға түседі.


Жалпы алғанда XIII ғасыр басына дейін этникалық процесс халықтық деңгейге жақындаған болатын ортақ этникалық кеңістік қалыптасып болған еді. Бірақ оның толығымен шегіне жетіп, түпкілікті түрде жүзеге асуына саяси-әлеуметтік ұйым – мемлекет қажетті шарттар жасай алмайды. XI ғасырда құрылған Қыпшақ хандығы XII ғасырдың ортасынан бастап ішкі және сыртқы факторлардың нәтижесінде бытыраңқылыққа ұшырайды. Ал XIII ғасыр басында ол жүйе өзінен әлдеқайда мықты мемлекеттік жүйеге – моңғолдар мемлекетіне орын береді. Соның нәтижесінде Қазақстан аумағындағы этникалық процеске жаңа бір тарихи дәуірді – моңғолдар үстемдігі дәуірін басынан өткеруге тура келді.

XIII-XV ғасырлардағы этникалық процестер алғашқы кезеңде біршама тежеуге ұшырағанымен, өзінің даму барысынан ауытқымайды. XIV ғасырдың ортасына таман Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы моңғолдық

этнокомпоненттердің жергілікті этноортаға бейімделуі аяқталады, басқаша айтқанда моңғолтайпаларының қыпшақтануы аяқталып болады.

Жазба деректерде Дешті Қыпшақ тұрғындары жалпы ортақ атаумен қыпшақтар деп аталынса, XIV ғасырдың ортасынан бастап оны «өзбектер» атауы ығыстырып шығарады. Ал Қазақ хандығының құрылуымен Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары үшін «қазақ» атауы қолданыла бастайды. Бұл этноним Қазақстан аумағындағы этникалық процестердің мәреге жетіп, бір халықтың қалыптасуының аяқталғандығын көрсетеді. Қазақ хандығының құрылу барысы мен халықтың қалыптасуының аяқталу кезеңі қатар жүзеге асып, саяси жағдайларға байланысты пайда болған «қазақ» термині жаңадан тарих төріне көтерілген халыққа да беріледі. Сөйтіп, осыдан жарты мың жылдан астам уақыт бұрын этноним ретінде пайда болған «қазақ» сөзі күні бүгінге дейін өзі пайда болған аумақтағы халықтың атауы ретінде қолданылып келді.

Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағында ежелден бері үздіксіз жалғасып келе жатқан этникалық процесті жаңа белеске жеткізіп, қазақ халқының халық болып қалыптасқандығын көрсетті. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын этникалық тұрғыдан қарастыра келе, ол – қазақ халқының қалуптасуы кезеңін аяқтауға тікелей ықпал етті, этникалық процесті халықтық деңгейге көтерілген этносқа – «қазақ» атты этнонимді бергізді деп ойымызды түйіндейміз.



Қазақ хандығының құрылуының келесі бір тарихи маңызына оның XIII ғасыр басында моңғол жаулап алушылығына байланысты үзіліп қалған мемлекеттік дәстүрді жергілікті этностың дәстүріне сай қайта қалпына келтіруі жатады. XIII ғасыр басына дейінгі Қазақстан аумағындағы қыпшақтық мемлекеттік жүйе мен моңғолдық мемлекеттік жүйеде ортақ ұқсастықтар мен белгілер болса да, олардың әрқайсысында тек өздеріне ғана тән ерекшеліктер көп болатын. Мысалы, оған мемлекеттің саяси-әкімшілік құрылымының негізін билікті мұраландырудағы айырмашылықтарды, билік түрлерінің атқарушы билік түріне қарым-қатынастарын жатқызуға болады. Моңғолдық мемлекеттік жүйе жаулап алуға байланысты шығыс Дешті Қыпшақ аумағына енгізіліп, бұрынғы жүйені ығыстырып шығарады, бірақта оны жергілікті тұрғындардың санасы мен жадынан өшіре алмайды. Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтануы процесі моңғолдық мемлекеттік жүйенің жергілікті ортаға бейімделуімен қатар жүреді. Соның нәтижесінде моңғолдық мемлекеттік жүйеге тән ноян, баһадүр секілді терминдерді – би, бек, батыр деген жергілікті түрік-қыпшақ сөздері ығыстырады. Сондай-ақ жоғарғы билікті мұралануда қыпшақтық дәстүр мен моңғолдық дәстүр арасында өзгешеліктер бар болып, XIII-XIV ғасырдың ортасына дейін моңғолдық дәстүр үстемдік құрып келді. XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың ортасына дейінгі аралықтағы саяси оқиғалардың көбісінің астарында осы екі дәстүр арасындағы

күрестер жатты. Моңғолдық дәстүр бойынша ханның мұрагері болып оның ұлдарының бірі сайланса, жергілікті дәстүрге сай билікті билеуші әулеттің жасы үлкен өкілі мұраланып отырған. Бұл дәстүр Алтын Ордада XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында қолданыла бастайды. Ал Қазақ хандығының құрылуы – қыпшақтық дәстүрдің толық жеңіске жеткендігін көрсетеді. Орыс хан ұрпақтары Шибан әулетіне қарсы күресте жеңске жетіп, Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікті иеленгеннен кейін осы дәстүрді ұстанады. Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп келіп, хан сайлау барысында Керей жоғарғы билікті иеленеді. Моңғолдық дәстүр бойынша 1428 жылы қайтыс болған Барақтың ұлы – Жәнібек хандық билікке келуі тиіс болатын. Ата жолы бойынша Керейдің хан болуы – қыпшақтық дәстүрдің жеңіске жеткендігін көрсетеді.

Осылайша, Қазақ хандығының құрылуы – моңғолдық үстемдікке дейінгі Қазақстан аумағындағы мемлекеттік жүйе мен дәстүрдің қайта үстемдікке шыққандығын дәлелдейді. Мұның өзі халық пен мемлекет арасындағы өзара байланыстардың болып, мемлекеттің халықтық сипатта болғандығын көрсетсе керек.

Сондай-ақ Қазақстан аумағында ежелгі замандардан XV ғасыр ортасына дейін әр түрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген мемлекеттердегі билеуші әулеттер көбінесе бір тайпадан шығып, мемлекет атауы сол тайпа атауымен аталғаны белгілі. Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттерін айтпағанның өзінде, XIV ғасырдан кейін өмір сүрген түрік, түргеш, оғыз, қарлұқ, қимақ, найман, қидан, қыпшақ мемлекеттерінің атауы осыны көрсетеді.

Сонымен бірге, XIII-XV ғасырлар аралығында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы мемлекеттік құрылымдар – Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан мемлекеттері бір мезгілде өмір сүріп, немесе бірінің орнына бірі келіп, сол ортағасырлардағы Қазақстанның саяси картасын әр түрлі түспен құбылтып тұрса, Қазақ хандығының құрылуы және оның саяси дамуы әр түсті бір түске ауыстырады.

XV ғасырдың ортасынан бастап әр түрлі саяси атаулардың орнына бір ғана саяси термин – Қазақ хандығы атауы орнығады. Бұл атау XVIII ғасырдың басына дейін Қазақстан аумағындағы жалғыз мемлекеттің атауы ретінде қолданыста болады.

Ертіс пен Еділ өзендерінің, Сырдария мен Тобылдың жоғарғы ағысының аралығындағы орасан зор аймақ XI ғасырдан бері «Дешті Қыпшақ» деп аталынып келсе, Қазақ хандығының құрылуымен оның одан кейінгі ғасырлардағы дамуы жаңа ұғымды қолданысқа енгізеді. Жоғарыда аталған аймаққа қыпшақ тайпаларынан шыққан әулет билігінің орнауы – «Дешті Қыпшақ» – «Қыпшақ даласы» деген ұғымды енгізгені белгілі. XVI ғасырыдың бірінші жартысында «Қазақстан» термині алғаш рет жазба деректерде жазылып, ол «қазақтардың мекені», «қазақтардың елі» дегенді білдіреді. Сөйтіп, Дешті Қыпшақ атауы тарихтың еншісіне қалдырылып, жаңа атау – жаңа этносаяси жағдайларға сай қызмет ете бастайды. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуы – аймақтың саяси және этногеографиялық ұғымдарына да әсерін тигізіп, жаңа жағдайларға сай жаңа атауларды қалыптастырады.

Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы жоғарыда айтып өткендермен шектелмейді. Оның ерекше бір атап өтер маңызына – Қазақ хандығының құрылуының Қазақстан аумағындағы бір тарихи дәуірді аяқтап, жаңа бір тарихи дәуірге негіз қалауы жатады.

Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен жүзеге асқан бұл маңызды оқиғаны ортағасырлық Қазақстан тарихында Түрік қағанатының құрылуымен, Қыпшақ хандығының құрылуымен салыстыруға болады. VI ғасыр ортасында Түрік қағанатының құрылуы Қазақстан тарихындағы XI-XIII ғасыр басы аралығын Қыпшақ дәуірі деп аталатын тарихи дәуірге жатқызады. Ал Қазақ хандығының құрылуымен XV ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан территориясында жаңа тарихи дәуір басталады. Ол – Қазақ хандығы дәуірі.

XV-XVIII ғасырлар аралығын қамтыған Қазақ хандығы дәуірі Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Осы дәуірде ұлттық сана өсіп, халықтың өзіндік, өзіне тән ерекшеліктері айқындалады. Халқымыздың тарихи санасында өшпестей із қалдырған атақты хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер, бектер мен әмірлер, ақындар мен жыраулар, ишандар мен абыздар осы тарихи дәуірде өмір сүрді. Ерлік пен елдікті паш еткізген небір айтулы тарихи оқиғалар осы дәуірдің еншісінде жатыр.

Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін түйіндей келе, Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі деп есептеліп, ол – этникалық дамуларды халықтық деңгейге жеткізді, қазақ халқының халық болып қалыптасуының аяқталуына ықпалын тигізді, «қазақ» атты нақты этнонимді, «Қазақстан» атты жаңа этносаяси терминді дүниеге алып келді, Қазақ хандығы дәуірі деп аталатын жаңа тарихи дәуірдің басталуына негіз салады.

Қазіргі кезде еліміздің ресми атауы «Қазақстан Республикасы», халқымыздың атауы «қазақ», жеріміздің атауы «Қазақстан» деп аталынуының негізінде XV ғасыр ортасында құрылған Қазақ хандығы жатыр.

Бақылау сұрақтары:

1. «Қазақ» атауымен «Қазақ хандығы» атауында қандай байланыс бар?
2. «Дешті Қыпшақ» атауымен «Қазақ хандығы» атауын байланыстыруға бола ма?
3. «Қазақ хандығы дәуірі» деген ұғымды қалай түсіндіресіз?

§ 5. Қазақ жүздері туралы

XV-XVIII ғасырлардағы Қазақстан тарихында әлі күнге дейін толық шешімін таппаған күрделі мәселелер бар. Солардың бірінс қазақ жүздеріне қатысты мәселелер жатады. Бұл мәселеде «жүз» сөзі қандай мағына береді, қазақ тарихына қатысты қай кезден бастап қолданыла бастаған деген сұрақтарға жауап беру керек.

Н.А. Аристов, Г.Н. Потанин және Н.И. Гродеков секілді зерттеушілердің пікірлері бойынша қазақтың үш жүзі бір адамның үш баласынан тараған.

Н.И. Гродеков «Алаштың Байшора, Жаншора атты ұлдарынан Ұлы, Орта және Кіші жүздерді» таратады[52], Г.Н. Потанин «Қотан деген кісінің – Юсун, Болат және Алшын атты үш ұлын жүздердің негізі ретінде көрсетеді[53], ал Н.А. Аристов «Қазақтарда жүздер XVIII ғасырдың басында пайда болды» деп жазады[54] Келесі пікірлер тобына В.В. Вельяминов-Зерновтың, М. Красовскийдің тұжырымдары бойынша қазақ жүздері XV-XVI ғасырлар шегінде Қазақ хандығының іргетасын қалаған үш ұлыстың негізінде пайда болған[55]. Ш. Уәлиханов жүздердің шығуын Алтын Ордадағы «аласапыран» кезеңімен байланыстырса[56], В.В. Бартольд бұл құрылымды географиялық ерекшеліктерге сай көшпелі мал шаруашылығының жағдайынан туындаған салдар деп түсіндіреді[57]. М.Вяткин жүздердің пайда болуына экономикалық ерекшеліктер мен саяси жағдайлар әсер еткен десе[58], Т.И. Сұлтанов қазақ жүздері шамамен XVI ғасырдың екінші жартысында ұлыстық жүйенің орнына келген деген болжам пікір айтады[59].

С.А. Аманжолов пен Х.М. Әділгереевтің пікірлері бойынша үш жүздің қалыптасуы ерте түрік дәуірінен бастау алады да, шамамен, X-XII ғасырларда аяқталады[60].

«Жүз» сөзінің анықтамасы жөнінде зерттеушілер арасында онша талас-тартыс жоқ, керісінше ортақ пікір бар. «Жүз» сөзі – арабтың «джуз» сөзінен шыққан, ол «бөлік», «бұтақ», «бөлшек» деген мағынаны білдіреді. «Жүз» деп – «XV-XVI ғасырларда Қазақ хандығының аймақтық әкімшілік бөлігі ретінде қалыптасқан тайпалық-рулық бірлестіктерді», «тайпалар одағын» немесе «этникалық-территориялық бірлестіктерді» атаған[61]

«Жүз» сөзінің анықтамасы оның мағынасын дұрыс түсінуге жол ашады. Жүз – тайпалар одағы немесе ру-тайпалар бірлестігі болса, онда олар біріккен тұтастықты көрсетеді. Қазақ халқының бір бөлігі белгілі бір территориядағы тайпалар одағын құраған болса, онда, «жүз» сөзі – «бөлік», «бөлшек» деген мағынада қазақ халқының бір бөлігіне қатысты қолданылған.

Қазақ жүздерінің қалыптасуы XVI-XVII ғ. қазақ хандығының саяси тарихымен байланысты.

XV ғасырдың ортасында дүниеге келген Қазақ хандығы XVI ғасырдың бірінші ширегінде атақты Қасым хан тұсында күшейіп алды, осыған сәйкес қазақ халқының этникалық территориясы толығымен айқындала түсті,

---

[52] Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы. – Ташкент, 1889.

[53] Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. – Петроград, 1917.

[54] Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – С. 76.

[55] Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах.Ч.2. – СПб., 1864. – С. 382-383; Красовский М. Материалы для географии и статистики России. Область Сибирских киргизов. Ч.2. – СПб., 1868.

[56] Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. – Алма-Ата, 1961. – Т. 1. – С. 205.

[57] Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. – Л., 1925. – С. 217.

[58] Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. – М., 1941. – С. 97-102.

[59] Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. – М., 1982. – С. 84-85.

[60] Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959. – С. 112-113; Адильгерев Х.М. К истории образования казахского народа. – Каз ССР ҒА Хабаршысы. – 1951. – №1 (70). – 85-86 б.

[61] Арғынбаев Х.Л., Мұқанов М.С., Востров В.В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 15-б.; Қазақстан Ұлттық Энциклопедия. – Алматы, 2002. – Т. 4. – 86 б.

халықтың саны 1 миллионға дейін өсті. Ал батыс пен шығыстағы шекаралар Еділ мен Ертіс өзендері арқылы өтетін болды. Өкінішке орай, «Қасым ханның қасқа жолы» деген атқа ие болған сол кезеңдегі заңдар топтамасы бізге дейін жетпесе де, сол заңдарда елдің әкімшілік-басқару құрылымына қатысты мәселелер көтерілген деп айтамыз. Өйткені Қазақ хандығы алғаш рет қазақ халқының территориясын біріктіріп, қазақ ру-тайпаларының басын қосқандықтан, оны тиімді түрді басқару үшін әкімшілік жүйенің қажет екендігі өзінен-өзі түсінікті еді. Қазақ хандығына дейінгі мемлекеттік құрылымдар: Алтын Ордада, Ақ Ордада, Әбілқайыр хандығында әкімшілік басқарудың ұлыстық жүйесі болғаны белгілі. Бұл мемлекеттер әлі де таза ұлттық мемлекет деңгейіне көтеріле қоймағандықтан моңғолдар билігі тұсында қалыптасқан әкімшілік құрылым бұларда негізінен сақталып қалды. Ал Қазақ хандығы ұлттық сипаттағы мемлекет болғандықтан, мұнда бұрынғы XIII-XV ғасырлардағы көптеген жүйелер өзгерістерге ұшырайды. Мысалы, хан тағын мұралану дәстүрі өзгеріп, Қазақ хандығы құрылғанынан бастап ол әкеден ініге не немере бауырға өте бастады. Ал оған дейін моңғолдық дәстүр бойынша тақ әкеден балаға ғана тиесілі болатын. Осындай өзгеріске түскен дәстүрдің біріне жаңа әкімшілік басқару жүйесін, оның жаңаша атауы жатады. XIII ғасырдан бері Жошы Ұлысында оң қанат, сол қанат және орта деген атаулармен әкімшілік жүйесінің таралғаны белгілі. Кейінірек ол «ұлыс» деп аталады да, Қазақ хандығы кезінде тақ мұралану тәртібінің өзгергендігі секілді, әкімшілік жүйенің жаңа атауы «жүз» деп атала бастайды.

Жүздердің жеке әкімшілік бірліктен саяси бірлік ретінде көрініс бере бастауы орталық биліктің әлсіреуімен байланысты. XVI ғасырдың 20-30 жылдарындағы хандықтың «уақытша әлсіреу» кезеңінде орталық биліктің әлсіреуіне байланысты, шамамен, 1533-1538 жылдары Қазақ жерінде үш хан пайда болады. Хандықтың батыс бөлігінде Ахмет хан (Қожа Ахмет хан), орталық бөлігінде Тоғым хан және оңтүстік-шығыста Бұйдаш хан билік етеді. Аталған үш бөліктің әрқайсысының аумағы Ұлы, Орта және Кіші жүздер аймақтарына сәйкес келеді. 1537-1538 жылдары үш бөліктегі хандар бірінен соң бірі қайтыс болады да, көп ұзамай Қасым ханның кіші ұлы Хақназар таққа отырады. Біздің ойымызша, Қазақ хандығының XVI ғасырдың 20-30 жылдарындағы хандықтың «уақытша әлсіреуі» кезеңінде пайда болған бөліктер болашақ Жүздерге негіз қалай бастаған.

Қазақ жүздерінің қалыптаса бастауы XVI ғасырдың 30-жылдары байқалса, жүйе XVII ғасыр басында қазақ қоғамында орнығып үлгереді.

Алайда «жүз» ұғымы Дешті Қыпшаққа, Қазақ хандығы территориясына біртіндеп таралады және біртіндеп орнығады.

Бұрыннан Ұлыстарға, үлкенді-кішілі Ордаларға бөлініп әдеттенген Қазақ хандығының территориясын жүздік әкімшілік құрылым негізінде басқару ісі 1598 жылы Тәуекелдің орнына таққа отырған Есім хан тұсында жүзеге асты деуге болады. Тәуекел ханның қайтыс болуы этникалық аумағы қалыптасып болған қазақ қоғамын басқару үшін жаңа заңдар қабылдауға мүмкіндік бермейді. Оны таққа келген Есім хан жүзеге асырады. «Есім ханның ескі жолы» атты заңдар жинағында жаңа әкімшілік-басқару жүйе

көрініс тапса керек. «Туған ағасы Тәуекел-бахадұр-ханның ақ өлімінен соң ел билігін қолына алған Еңсегей бойлы Ер Есім хан ата тағына да, асқаралы жұртына да лайықты тұлға болатын. Тәжірибелі қолбасы ғана емес, білікті саясатшы. 1598 жылы күзде Бұқар әміршілерімен арада жасалған тиімді бітім шартынан соң Есім хан Қазақ Ордасының сыртқы шекарасын бекітумен қатар, оның ішкі жағдайын да әбден орнықтырады. «Есім ханның ескі жолы» аталатын атақты заң желісі осы кезеңде қабылданған сияқты»[62].

Жүз (орда) атауының жазба деректерде алғаш рет XVII ғасырдың басында кездеседі, бұл біздің ойымыздың дұрыс екенін көрсетеді. В.П. Юдин «Қазақтардың үлкен ордасы» (Ұлы жүз) туралы мәліметтің алғаш рет 1616 жылы орыс деректерінде айтылатынын атап көрсеткен болатын[63].

Ал енді Қазақ хандығының жаңа құрылымына біртіндеп қабылдануларына байланысты қазақ жүздері «Ұлы», «Орта», «Кіші» атауларын алды деуге негіз бар. Біріншіден, С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов Қазақ жүздерінің ішінен алғаш Ұлы жүз Жетісуда құрылып, бұл жүйе біртіндеп батысқа жылжыса керек деген болжамды айтып отыр; Екіншіден, Қазақ жүздерінің атауы «қазақ хандары билігінің Қазақстан территориясында біртіндеп таралуынан» туындауы мүмкін деген пікірді кезінде В.П. Юдин айтып кеткен еді[64] Дәл осы пікірді В.А. Мойсеев те қолдайды[65] Қазақ жүздерінің пайда болуын қазақтардың көшпелі қауымдастығымен байланыстырған М. Вяткин Ұлы жүздің осылай аталуының екі түрлі себептері болуы мүмкіндігін атап көрсетеді: оның ойынша, Жетісу өңірі «алғашқы көшпелі қазақ қауымдастығының орны болғандықтан, сондай-ақ оның құрамына кірген тайпалар (үйсіндер, қаңлылар, дулаттар, жалайырлар) Қазақстан аумағындағы ежелгілер болғандықтан Үлкен Орда (Ұлы жүз) атанса керек»[66]. Мұнан байқайтынымыз М. Вяткин қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан басты-басты тұрақты жайылымдық аудандарының біртіндеп саяси-шаруашылықтық маңызға ие болып, алғаш Ордаларға, онан соң Жүздерге ұласқанын атап көрсетеді.

Қазақ хандығының Жетісу өңірін Үлкен Орда немесе Ұлы жүз ретінде мойындауларының саяси алғышарты М. Вяткиннің ойынша, бұл «аудандағы қазақ қоныстарының саяси жағынан Моғолстанға ауытқуға бейімділігінен». Ол былай деп жазды: Сондықтан да «Хақназардың өзі де XVI ғ. 60-жылдарында-ақ осы ежелгі қазақ қоныстарын өзіне қосып алуға әрекеттер жасады»[67]. Ғалым бұрын Хақназар, кейіннен Тәуекел билік жүргізген отырықшы аймақта – Сарысу өзені бойында және Сырдариянның төменгі ағыстарында біртіндеп қазақ қоныстарының екінші орталығы – Орта Орда (Жүз) айқындала түскенін, ал XVII ғасырға қарай осы өңірден келесі – Кіші

---

[62] Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы, 1995. – 58-б.

[63] Материалы по истории казахских ханств XV-XYIII всков (алда – МИКХ). – Алма-Ата: Наука, 1969. – 242-243 б.

[64] Юдин В.П. [Рецензия] // Известия АН КазССР. Сер. обществ. наук. – 1965. – №2. – С. 82. Рец. на кн.: Мугинов А.М. Описанис уйгурских рукописей Института народов Азии АН СССР. – М., 1962.

[65] Мойсеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVI-XVIII вв.). – Алма-Ата, 1991.

[66] Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. – Алма-Ата, 1941. – Т. 1. – С. 100.

[67] Сонда, 99 б.

Орданың (Жүздің) бөлініп шыққанын нақты фактілермен дәлелдеп жазды. М. Вяткин, сондай-ақ Кіші жүздің қалыптасуы тек Ноғай Ордасының ыдырауының нәтижесінде ғана мүмкін болғанын ескертеді[68]

Енді қазақ жүздерінің аумағы мен ол аумақтарда қоныстанған ру-тайпаларға тоқталалық.

Қазақ халқының Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүзге енген ру-тайпалардан тұратыны белгілі. Ұлы жүз аумағына негізінен Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігі, Орта жүзге Орталық Қазақстан мен Солтүстік-Шығыс Қазақстанның бір бөлегі, Кіші жүз аумағына Батыс Қазақстан, Сырдарияның төменгі бойы, Арал теңізі жағалауы және Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлегі енген.

Халық аңызына сәйкес әр жүзде өмір сүретін тайпалардың бәрінің ортақ жиынтық атауы болған. Жиынтық атау түп-аталардың есімдерімен байланысты. Кіші жүздің тайпалары – Алшын, Орта жүз – Болат, Ұлы жүз – Үйсін деп аталған.

Алғашында Кіші жүз әлімұлы мен байұлы деп аталатын екі бөліктен тұрып, кейіннен оларға жетіру тайпалары қосылады. Сөйтіп Кіші жүз үш үлкен тайпалар бірлестігінен тұрған. Ондағы тайпалар саны – 25. Байұлы одағы 12 тайпадан тұрады. Олар мыналар – адай, алаша, байбақты, беріш, ысық, жаппас, масқар, таз, есентемір, шеркеш, тана, қызылқұрт. Әлімұлы тайпалары – 6, олар – қарасақал, қаракесек, кете, шөмекей, шекті мен төртқара. Жетіру бірлестігіне – кердері, жағалбайлы, тама, табын, рамадан, керейіт, телеу атты жеті тайпа енеді. Аңыз бойынша жетіру бірлестігінің құрылуы Тәуке ханның тұсында, яғни XVII ғасырдың соңы-XVIII ғасырдың басында жүзеге асқан.

Орта жүзге енген ірі тайпалар саны – 6, олар – қыпшақтар, арғындар, наймандар, қоңыраттар, керейлер және уақтар.

Ұлы жүздің тайпалары – 12, олар – қаңлы, жалайыр, шанышқылы, шақшам, сіргелі, сары үйсін, ысты, ошақты, шапырашты, албан, суан және дулат тайпалары.

XIX ғ. алғашқы жылдарындағы орыс деректері үш жүздің құрамындағы ру-тайпалардың саны жөнінде мәліметтер береді. Г. Волконскийдің толық емес мәліметтеріне қарағанда осы жылдары Үлкен ордада (Ұлы жүзде) 133 000 шаңырақ, Орта жүзде 159 000 шаңырақ, ал Кіші жүзде 165 700 шаңырақ болған. Барлығы үш жүздегі шаңырақ саны 458 100-ге жеткен. Егерде қазақтың әр отбасындағы адам санын орта есеппен 5-6 адам деп есептесек, онда XIX ғ. басында қазақ халқының саны 2,3-2,7 млн адам болады.

Осылайша, қазақ жүздерінің қалыптасуы туралы жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады.

1. Жүздік бірлестіктер бұрынғы ұлыстық басқару жүйесінің жаңа этносаяси ахуал жағдайында күрделі өзгеріске ұшыраған жаңа әкімшілік үлгілері. Бұл көптеген ру-тайпаларды біріктірген қазақ халқының қалыптасуынан және оның ішкі, сыртқы саяси жағдайға сәйкес туындаған этно-

[68] Сонда, 101-102 б.

әкімшілік, саяси мәселелердің тікелей ықпалы етуімен туындаған мемлекеттің әкімшілік құрылым жүйесін көрсетеді.

2. Қазақ тіліндегі «жүз» сөзі арабтың «джуз» сөзінен алынған, аудармасы «бөлшек», «бөлік» деген мағына береді. Әрбір қазақ жүзі тұтас халықтың «үлкен», «орта», «кіші» бөліктерін, бейнесін, түрін көрсетті. Бұлар тұтас этностың бөліктері еді.

3. Жүздер бұрынғы Ордалар тәрізді қазақ рулары мен тайпаларының басты-басты үш көшу аудандарында, орталықтарда топтасып өмірге келді. Бұл көшпелі шаруашылық жағдайында әбден табиғи нәрсе еді. Алайда жүздердің құрылуына экономикалық-шаруашылықтық факторлардан гөрі XVI ғ. соңындағы – XVII ғасыр басындағы ішкі-сыртқы саяси, тіптен әскери-соғыстық факторлар басым әсер етті. Жаңа әкімшілік жүйе этнос ретінде қазақ халқы қалыптасып үлгерген мерзімде орын алғандықтан халқымызды ішten ажыратушы, ірітуші емес, қайта ел ретінде ұйыстырушы, топтастырушы рөл атқарды.

4. Қазақты құраған рулар мен тайпалар сандаған ғасырлардан бері нақты көшу аудандарында шоғырлана көшіп жүргендіктен, шаруашылықтық-территориялық мүдделер ортақ болғандықтан жоғарыдан қазақ хандары жасаған жүздік басқару құрылымын түсіністікпен қабылдады және алғашқы күндерден бастап-ақ өздерін осы жүздік құрылымның табиғи заңды мүшелері ретінде сезінді.

5. Жүздік басқару құрылымы Есім ханның ел басқаруының алғашқы жылдарында орнықты деп айтуға негіз бар. Бұл жаңа жүйенің негізгі қағидалары бұрынғы ұлыстық (Ордалық) басқару ережелерін жаңа этно-саяси ахуалға икемдеп негіздеген «Есімханның ескі жолында» көрініс тапты.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ хандығы құрылуының этникалық маңызын көрсетіңіз.
2. Қазақ хандығы құрылуының «қазақ» этнонимінің пайда болуына әсерін көрсетіңіз.
3. Қазақ хандығы құрылуының бұрынғы мемлекеттік дәстүрді қалпына келтірудегі маңызына талдау жасаңыз.
4. Қазақ хандығы құрылуының Қазақ тарихын кезеңдеудегі маңызын көрсетіңіз.
5 Қазақ хандығы құрылуының «Қазақстан» терминінің қалыптасуына әсері қандай?
6. Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде?

II тарау

XV-XVIII ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫ

§ 1. XV ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақ хандығының дамуы

XV-XVI ғасырдағы Қазақ хандығының саяси тарихын шартты түрде 1458-1470 ж. хандықтың құрылуы, 1470-1521 ж. аралығы күшеюі мен нығаюы, 1521-1538 ж. хандықтың «уақытша әлсіреуі», 1540-1598 ж. хандықтың қайта көтерілуі немесе этникалық территориясының қалыптасуының аяқталу кезеңі деп бөлуге болады. Әрбір кезеңнің басты белгілерін хандықтың сол тұстардағы ішкі және сыртқы саяси жағдайының қандай болғандығы, жекелеген хандардың жүргізген саясаты, сонымен қатар, билік басындағы хандардың жеке тұлғалық қасиеттері арқылы анықтауға болады. Керей мен Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Хақназар, Шығай, Тәуекел хандардың билік құрған кезіндегі Қазақ хандығының саяси жағдайы осыған дәлел.



Қазақ хандығының дамуы мен қалыптасуында Қасым хан билік құрған кезең аса маңызды болып есептеледі. Жәнібек ханның тоғыз ұлының бірі Қасымның «Тарих-и Рашиди» атты еңбекте қай жылы дүниеге келгендігін анықтайтын мәлімет бар. Онда автор 1513 жылы шағатайлық Сұлтан Сайд ханның Шу бойындағы Қасым хан Ордасына келгені жөнінде жаза келіп, «бұл кезде Қасым ханның жасы алпыстан асып, жетпіске жақындап қалған болатын», – деп баяндайды. Осыған сүйене отырып, 1513 жылы Қасым ханның жасы 67-68-дерде десек, онда ол 1445-1446 жылдарда дүниеге келген болады. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихының

зерттеушісі Т.И. Султанов Қасым ханды 1445 жылы шамасында дүниеге келген деп есептейді. Қасым ханның өміріне байланысты деректер 1470 жылдарға дейін ешбір еңбекте кездеспейді. Оның себебі түсінікті де. Қазақ хандығы құрылғаннан 1470 жылдар басына дейін мемлекеттегі ірі саяси тұлғалар Керей мен Жәнібек хандар болды. Ал Бұрындық, Қасым, Махмут, Әдік және т.б. сұлтандар хандардың жанында жүріп сол кездегі оқиғаларға араласқанымен, жазба деректерде негізгі хандар аталып отырған. Алғаш рет жазба деректе Бұрындық хан 1469-1470 жылғы оқиғаға байланысты кездеседі. Өйткені бұл кезде оның әкесі Керей қайтыс болған еді. Сол сияқты Қасым да алғаш рет жазба дерек мәліметтерінде Жәнібек қайтыс болғаннан кейін, яғни 1470 жылдар басынан бастап айтыла бастайды.

XV ғасырдың 70-жылдарынан бастап Қазақ хандығының тарихында жаңа кезең басталады. Саяси тарих тұрғысынан қарасақ, бұл кезең – Қазақ хандығының күшеюімен, нығаюымен, этникалық тарих тұрғысынан – қазақ халқының этникалық, ұлттық территориясының біріктірілуінің басталуымен сипатталады. Мұндағы ең басты оқиғаға – Казақ хандығының Сырдарияның орта ағысы бойындағы қалалар мен далаларды қайтару үшін Мәуереннахр билеушілерімен жүргізген күресі жатты. Бұл күрес 1470 жылдардан 1598 жылға созылды. Бір ғасырдан астам уақытқа созылған күрестің бірнеше кезеңі бар. Алғашқы кезең – 1470-1520 жылдар аралығында өтті. Мысалы алғашқы кезеңде Қасым хан өзін ірі қолбасшы, әрі ірі мемлекет басшысы ретінде көрсетіп, замандастарының жазбаларында ұлы тұлға түрінде көрініс табады.

1470 жылдар басында Жәнібек ханнан кейін хандыққа Бұрындық келеді. XVI ғасыр басында жазылған «Шайбани нама» еңбегінің авторы Камал ад-дин Бинай Қасым туралы: «Бұрындық хан әскері ішіндегі атақты баһадүрі және мықты сұлтанның бірі», – деп жазады. Сыр бойы үшін күрестің басталуына Әбілқайыр ханның (1428-1463) немересі Мұхаммед Шайбани ханның 1471-1472 жылдары осы аймаққа келіп, тұрақтануы түрткі болды. Қазақ хандығы бұған наразылық білдіріп, қыс мезгіліне қарамастан, Сығанақ пен Сауран төңірегіндегі шайбанилықтарға соққы береді. Қасым хан басшылық еткен қазақ әскерлері осы қалалар маңында шайбанилықтарды талқандап, қашуға мәжбүр етеді. Бұл шайқаста Қасым ханның бауырлары: Махмут, Жиренше, Қамбар сұлтандар бастаған жасақтар ерлігімен көзге түседі. Мұхаммед Шайбани хан болса өзінің атақты сұлтаны мен баһадүрінен айырылады.

1471-1472 жылғы ұрыс Қазақ хандығы үшін өте нәтижелі аяқталды. Сыр өңірінен қарсылас жау қуылды және аймақтың солтүстік және солтүстік батысындағы Созақ, Сауран және Сығанақ аймақтары Қазақ хандығының құрамына өтеді. Кезіндегі Ақсақ Темірге арқа сүйеген Ақ Ордаға қарсы күрескен Тоқтамыс хан секілді Мұхаммед Шайбани хан да Мәуреннахрдағы Ақсақ Темір ұрпақтарынан әскери жәрдем алып, Қазақ хандығына XV ғасыр соңында бірнеше рет күрес жүргізеді. Шайбани ханның екінші рет Сыр өңіріне келуі 1480 жылдарда болды. Бұл жолы да Қазақ хандығы оған тойтарыс береді және Сыр өңірінің қалған бөліктеріне ықпалын күшейте

түседі. Бұл жолғы күресте Қасым мен оның інілері қол бастап, жауын тағы да қашуға мәжбүр еткізеді.

Күрестің үшінші кезеңі XV ғасырдың 93-96 жылдары стті. Бұл Қазақ хандығы үшін ауыр кезең болды. Күреске Мәуреннахр билеушілерімен қатар Моғолстан ханы Сұлтан Махмұт хан да араласып, Мұхаммед Шайбани ханға әскери көмек береді. Екіншіден, Қазақ хандығының Сыр өңірін толығымен қайтарудың соңғы кезеңінде билеуші топтар арасында қайшылық туып, екі топ пайда болады. Бірін Бұрындық, екіншісін Қасым және Жәнібек ханның өзге ұлдары құрайды.

Қайшылық – Жәнібек хан ұлдарының Сыр өңірінде жаңа ұлыстарды иеленуіне, соның салдары – олардың күшейе бастауына байланысты туындады. Болашақта өз билігіне қауіп төнетінін сезген Бұрындық енді Жәнібек хан ұлдарын әлсірету мақсатымен кешегі жауы – Мухаммед Шайбани ханмен жақындаса бастайды. Сонымен қатар шайбанилық сұлтанның Сыр өңірінде бекінуіне, бірнеше қаланы иеленуіне рұхсат етіледі. Бұрындықтың бұл әрекеті – Қасым хан тобынын Сыр бойын толық иеленуіне мүмкіндік бергізбеуге және қажет болса, кешегі жаумен Жәнібек хан ұлдарына қарсы одақтасуға жасаған бағыты болды. Қасым сұлтан қалыптасқан қиын жағдайдан оңай шығады. Өз кезегінде ол Бұрындық пен Шайбани хан одағына қарсы моғол ханымен одақ құрып, қарсы шаралар әзірлейді. Сөйтіп, 1496 жылы Сыр өңірі үшін күрестің алғашқы дәуірі аяқталып, Қазақ хандығы Қасым және оның жақтаушылары арқасында Сыр өңірінің солтүстік бөлігін иемденеді. Егер XV ғасырдың 70-80 жылдары Қасым үнемі Бұрындық ханның жанында жүріп, «оған бағынып, бұйрықтарын орындап жүрсе», сол ғасырдың 90-жылдарынан бастап, одан алшақтай бастайды. Қалыптасқан саяси жағдай және оның одан әрі дамуы Бұрындық пен Қасым арасын күннен-күнге салқындата түседі. XV ғасырдың соңғы жылдарында Қасымның әскери қолбасшылық қасиетімен қатар, мемлекет қайраткері ретіндегі шебер дипломат ретіндегі қырлары айқындала түседі. Бұған дәлел ретінде, Қасымның жеке бастық мүддесінен гөрі мемлекеттілік мүддесін артық қоюы және осы соңғы мүддеге сай іс-әрекет жасап, шешім қабылдауы, оны жүзеге асыруы жатады. Қасым ханның қазақ халқы алдында, қазақ мемлекеттілігін нығайтуда сіңірген еңбектерінің бірі – XV ғасыр соңында Сыр өңірінің біртіндеп қазақ халқының этникалық территориясына ене бастауы болды. Ал XVI ғасыр басындағы ханның аса бір рөлі – қазақ жеріне басқыншы болып келген Мұхаммед Шайбани хан әскерін тас-талқан етіп жеңуден көрінді. 1496 жылы Бұрындық ханмен одақтасу арқылы Сыр өңірінің бір шетіне табан тіреген Шайбани хан, Мәуреннахрдағы саяси бытыраңқылықты ұтымды пайдалана отырып, 1500 жылы Самарқанд тағына отырады. Және де 1500-1504 жылдары Орта Азияның бірталай аймақтарын бағындырып қуатты мемлекет құрады. Бірақ солтүстікте Қазақ хандығының болуы оған үнемі қауіп төндіреді. Сондықтан да Шайбани хан XVI ғасырдың басында Қазақ хандығын өзіне бағындыруды басты мәселе етіп қояды. Шайбанилық сұлтанның бірі, кейіннен хан болған Убайдуллах XVI ғасыр басындағы қазақтармен соғыс туралы мәселеде «біздің бүкіл мұсылман

әлемін жаулаудағы алғашқа қадамымыз қазақтарды бағындырудан басталады», – деп жариялайды. Бұл – 1509 жылы айтылған сөз. Орта Азия билеушісі XVI ғасыр басында алдымен қазақтарды экономикалық тәуелділікте ұстау үшін 1505 жылы жарлық шығарады. Жарлықтарда қазақтармен толық сауда-айырбасты тоқтату жөнінде айтылады және Орта Азияда жүрген қазақ саудагерлерін тонауға бұйрық береді. Бірақ бұл шара оған оң нәтиже бергізбейді, керісінше Қазақ хандығы тарапынан қарсы әрекеттер туғызады. Шайбани хан өз әрекетін оң көрсету үшін мәуереннахрлық дін басыларына қазақтарды «дінсіздер» деп жариялатқызып, күреске Орта Азияның бүкіл мұсылмандарын жұмылдырады. Сөйтіп, ол 1505 – 1509 жылдар аралығында Қазақ хандығына қарсы үш рет жорық ұйымдастырды. Бұл үш жорық Шайбани хан үшін біршама табысты аяқталды. Сыр өңіріндегі қазақ сұлтандарының ұлыстары талқандалып мыңдаған мал мен жан олжаға түсіріледі. Талқандалған ұлыстардың бәрі Жәнібек хан ұлдарының ұлыстары болатын. 1509 жылдың қысында болған үшінші жорық кезінде Бұрындық хан жау шабуылын біле тұра, Жәнібек хан ұлдарына ешқандай көмек бермейді. Керісінше, өз басын аман сақтап, ұлысымен шегініп кетеді. Ханның бұл әрекеті бүкіл қазақ қоғамында оның беделін төмендетеді. Осы кезден бастап барлық күштер Қасым ханның төңірегінде топтаса бастайды. Өйткені Шайбани хан алғашқы үш жорықта қазақ елін бағындыруды мақсат еткенімен оған жете қоймаған еді. Сондықтан да болашақта түпкі мақсатқа жету үшін әлі де болса жорықтар болу қаупі болатын. Міне, осы тұста сыртқы жауға тойтарыс бере алатын және бүкіл қазақ елін соған жұмылдыра алатын жалғыз тұлға – Қасым хан еді. Сыр өңірі үшін болған бүкіл қазақ елін соған жұмылдыра алатын жалғыз тұлға – Қасым хан еді. Сыр өңірі үшін болған күрестерде жинақталған тәжірибе мен атақ-абырой, қолбасшылық пен ұлыс билеушілік дәреже, хан әулетінің өкілі болуы – Қасым ханды қиын-қыстау жағдайда қазақ елінің ең ірі мемлекет қайраткеріне айналдырады.

Мұны сол кездегі тарихшылар да аңғарған. Мысалы, Мұхаммед Хайдар мырза Дулати: «Қасым ханның күшінің өскендігі соншалықты, Бұрындық хан туралы ешкім де ойламады», және «хандықты басқару мен ондағы бүкіл билікті қолына алды», – деп жазады.

Шайбани ханның келесі жорықтарынан хабардар болған Қасым хан оған алдын-ала әзірленеді. 1510 жылғы Шайбани ханның соңғы жорығында Қасым хан өз Ордасын ішкері қарай, Ұлытау маңына қондырады. Сонымен қатар Ордада аз күш қалдырып, негізгі күшін кейін шегіндіреді. Оңай жеңіске масаттанған жау қаннен – қаперсіз бірнеше күн бойы Ордада тойлайды. Осы тұста Қасым хан батырларын қарсы шабуылға шығарады. Қазақтардан мұндай қарсы әрекетті күтпеген жау әскері ешқандай қарсылық көрсете алмай, бас-сауғалап қашуға мәжбүр болады. Қазақтар жауын Ұлытаудан Сыр өңіріне дейін қуып, Сығанақ түбінде тас-талқан етеді. Шайбани хан әскерінің қалдықтары деректерде жазылғандай, қорыққанынан арттарына қарауға мұршасы келмей, Самарқанға дейін ешбір жеңілістің дәмін татпаған Шайбани хан әскері Қасым хан әскерінен 1510 жылдың қысы мен көктемінде осылай жеңіледі. Орта Азия билеушісінің бұл жеңілісін сол

тұстағы тарихшы Балхи былай деп бағалайды: «Бір сөзбен айтқанда, Шайбани ханның үлесіне ірі жеңіліс тиді. Өзінің сең шырқау биігіне жеткен оның билігі енді құлдырай бастады». Көріп отырғанымыздай, Қасым хан тек қазақ елін құтқарып қана қойған жоқ, қарсыласы Шайбанидың белін үзіп, омыртқасын опырғандай соққы береді. Орны келгенде айта кетелік, Қасым ханнан жеңілгеннен соң Шайбани хан өшін айналасындағы сұлтандардан алып олардың иеліктерінің бәрін өзгертеді. Өз кезегінде сұлтандар бұған наразы болып, іштей қарсылық білдіреді, бірақ бірден сыртқа шығара алмайды. Сол жылы оның Бадахшанның таулы тайпаларына жасаған жорығы сәтсіз аяқталады. Күзде Мерв қаласында Иран шахы Исмайыл шах әскерінің қоршауында қалғанда қарамағындағы бірде-бір сұлтаннан көмек келмейді. Сөйтіп 1510 жылы күз айында ол қоршауда қаза табады, ал бірнеше жыл бойы орта Азияда саяси бытыраңқылық жайлайды. Міне, Қасым ханнан жеңілген Мұхаммед Шайбани ханның тағдыры және ол құрған мемлекеттің тағдыры осылай аяқталады. Қасым ханның Шайбани ханды жеңуі оның рөлін одан әрі өсіреді, сонымен бірге ол билеген Қазақ хандығының халықаралық жағдайы арта түседі. Жалпы алғанда, Шайбани хан жорықтарына қарсы күресі, оны талқандауы – Қасым ханның қазақ халқы алдында сіңірген тағы да бір еңбегінің бірі. Қазақ жұрты алдында беделінің жоғалғандығын көрген Бұрындық 1511 жылы Мәуереннахрға кетеді. Ешбір деректе жазылмаса да, осы жылдан бастап Қасым ханның ресми хандық дәуірі басталады. Қасым хан Қазақ хандығында 10 жыл (1511- 1521 ж.) отырды. Қазақ халқы үшін ол осы 10 жыл ішінде бірнеше хан ұрпағы атқаратын іс атқарып кетті. Ол хандық құрған жылдар ішінде қазақ елін, қазақ жұртын іргесіндегі көршіден алыстағы Еуропа халқына дейін танып біледі.

1510-1513 жылдары Шайбани хан өлгеннен кейін орта Азияда саяси бытыраңқылық белең алып, Сыр өңірінде оның ықпалы әлсірейді. Сондайақ Жетісу мен Шығыс Түркістанда бір жарым ғасырдан астам өмір сүрген Моғолстан мемлекеті ыдырайды. Осындай Қазақ хандығы үшін қалыптасқан қолайлы сәттерді шебер пайдалана білген Қасым хан Жетісуда толығымен сыр өңірінде, Қазақ хандығының билігін орнатады. Мұнда бір ескеретін жай- бұл аталған аймақтар ешбір ұрыссыз қазақ халқының этникалық территориясына енеді. Себебі мұндағы тайпалар қазақ халқының этникалық компоненттерінің бірі болатын. Салыстырмалы түрде айтсақ, дәл осы жылдары орыс халқының этникалық территориясының қалыптасу үрдісі, сонымен қатар, саяси үрдісі бір орталыққа бағындырылған мемлекеттің құрылып жатқан кезі болатын. Бірақ та бұл прогрессивті процестер кейбір княздықтардың қатты қарсылығына тап болып, қырғын соғыстар арқылы жүрді.

Ал XVI ғасыр басындағы Қасым ханның билігі тұсында қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасуы үрдісінің Жетісу, Сыр өңірлерінде бейбіт өтуі бірнеше мән-жайды ашады. Біріншіден, этникалық процестің біртұтас этнотерриторияда жүруі этникалық компоненттердің этнопсихологиялық жағынан жақындасуын тездетеді. Сол себепті де Жетісу мен Сыр өңіріндегі этникалық топтар саяси кедергілер жойылғаннан кейін өзінің негізгі этникалық ұйтқысына қосылады. Екіншіден, мұндай күрделі

үрдістің қырғын-соғыссыз етуіне өз заманының ұлы қайраткері – Қасым хан тұрды. Жеке адамдардың тарихи кезеңдердегі тарихи рөлін Қасым ханның атқарған рөлі арқылы түсінуге және түсіндіруге болады.

Қасым хан қазақ халқының территориясын қалыптастырумен қатар, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де күш салады. Оған дәлел – 1513 жылғы оның Ташкентке жорық жасауы болды. Осы жылдары Ташкенттің Қазақ хандығына өтуі бірнеше мәселені шешкен болар еді. Біріншіден, Ташкентті алу арқылы Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен елді мекендердің бейбіт өмірін сақтау, хандықтың оңтүстік шекарасын қауіпсіздендіру және бір саяси кеңістіктегі Дешті Қыпшақ пен оңтүстігінде Сайрамға дейін Сыр өңірінің этникалық тұтастығын қамтамасыз ету, дамыту болды. Екіншіден, дәл осындай мақсаттар Жетісуға да қатысты болды. Мәуереннахр тарапынан Жетісуға және Сыр өңіріне апаратын қысқа және төте жол – Ташкент арқылы өтті. Сондықтан да қаланың қазақтарға өтуінің әскери-стратегиялық маңызы болды. Үшіншіден, Қасым хан алдында саяси міндет 1513 жылдың басынан қайта күшейе бастаған шайбанилық сұлтандардың күшін, Ташкент аймағындағы ықпалын әлсірету болды. Міне, осындай маңызды мақсаттар Қасым ханды Ташкентті алуға итермеледі. Жорықтың басталуына Сайрам қаласын өз еркімен Қасым ханға берген Қатта-бектің ұсынысы түрткі болды. Бірақ та Қасым ханның Ташкентке жасаған 1513 жылғы жорығы сәтсіз аяқталады. Кейін шегінген қазақ әскері Ташкенттің солтүстігіндегі қала – Сайрамға келіп тоқтайды. Уақытша болса да бұл қала әскери – стратегиялық маңызға ие болды. 1513 жылдан кейін қайта бірігіп, күшейген Мәуереннахрдағы шайбанилық сұлтандар Қазақ хандығының Сыр өңіріндегі ықпалын жою мақсатымен 1516/17 жылдың қысында жорық ұйымдастырады. Шайбанилық тарихшылар жорықтың ұйымдастырылуы туралы қанша марапаттаса, жорықтың немен аяқталғандығы туралы сонша аузын ашпайды. Қасым хан шайбанилықтарға күйрете соққы береді. 1516-1517 жылдардағы оқиғадан соң Қасым хан қайтыс болғанға дейін Сыр өңірі мен Жетісу аймағындағы саяси талас-тартыс аяқталып, бейбіт өмір қалыптасады.

Қазақ хандығының оңтүстік пен оңтүстік – шығыс бағыттардағы сыртқы саясатын сәтті аяқтаған Қасым хан 1517 жылдан бастап күш-жігерін батысқа Жайық, Еділ бағытына жұмсайды. XVI ғасыр басында екі өзен аралығындағы Ноғай Ордасы ауыр саяси дағдарыста болатын. Мырзалар ру-тайпа көсемдері билік үшін өзара күресте мемлекетті толығымен ыдыратып, бір-біріне бағынбайтын, дербес иеліктерге бөлініп кеткен еді. Ноғай мырзаларының өзара күресінен әбден шаршаған ру-тайпалар өздерінің этникалық ортасы, этникалық кеңістіктегі құрамдас бөлігі – қазақ этносына қосыла бастайды. А. Исиннің зерттеулерінде кейбір ноғай мырзаларының 1519 жылы Еділдің оң жағалауына ығыстырылғандығы жөнінде айтылады. Ал сол жағалауда Қазақ хандығының билігі жүре бастайды да, ол енді Астрахан хандығымен шектеседі. Өз кезінде бұл жағдай Қазақ хандығына Алтын Орда ыдырағаннан кейін, оның батыс бөлігіндегі саяси қарым-қатынастарға белсене араласуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Қазан, Астрахан, Қырым,

Москва княздықтарымен осы тұста Қасым хан кезінде дипломатиялық қатынастар орнатылады. Алтын Орданың мұрагері болуға ұмтылған Қазан, Қырым және Астрахан хандықтары бір-бірімен күресте өздерінс мықты одақтас іздестіреді. Москва княздығы бұл кезде әлі де болса қуатты емес еді. Сондықтан да күшті одақтас Қасым хан деп танылады. Орыс деректерінде 1520 жылы Қырым хандығында қазақтардан елші келгендігі айтылады. Жазба деректер бұл жөнінде мардымды ештеңе айтпаса да, осы жылдардағы үздіксіз болған байланыстар халық ауыз әдебиетінде жақсы сақталған. Тарихи, батырлық, жырларда Қырым, Казан хандықтарына байланысты, жекелеген батырларға байланысты көптеген оқиғалар баяндалады.



Қырым хандығы

Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы жайындағы хабарлар Еуропа елдеріне де жетеді. 1516 және 1526 жылдары Москвада екі рет болған австриялық елші Сигизмунд Герберштейн «Волга бойындағы бұл патшалық (Қазан хандығын айтып отыр – ред.) оңтүстікте және шығыста далалық аймақпен шектеседі. Шығыста олар шайбанилар және қазақтар деп аталатын татарлармен араласып тұрады», – деп баяндайды. Бұл тұңғыш рет қазақ деген халықтың еуропа халықтарына таныстырылуы, белгілі болуы еді. Қасым ханның билігі тұсында бұрыннан қолданылып келе жатқан «Дешті Қыпшақ», «көшпелі өзбектер», «өзбек-қазақ» деген әр түрлімәні бар атаулардың орнына бір ортақ этноним – «қазақ» және этносаяси термин – «Қазақстан» қолданыла бастайды. 1512-1513 жылдардағы оқиғаларды баяндайтын Мұхаммед Талибтың «Матлаб ат-талибин» атты шығармаларында алғаш рет «Қазақстан» термині айтылады. Одан кейін 1537 жылғы оқиғаларға байланысты Васифидың «Бадай ал-вакай» еңбегінде де бұл термин тілге тиек болады. «Қазақ», «Қазақстан» атауларының көршілес елдерінің тарихына енуі де Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының нығайғандығына байланысты болса керек.

Әйгілі «Қасым ханның қасқа жол» – деп аталатын заң, қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалған. Оның Қасым хан тұсында жасалуына себеп болған жағдайлар мыналар:

1. Қасым ханның билігі тұсында Керей, Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтерілді;
2. Қазақ халқының этникалық территориясы толығымен біріктірілді;
3. Хандық билік этникалық территорияға толық тарап, рөлі артты;
4. Халықтың саны Қасым хан тұсында бірнеше есе өсті;
5. Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейді.

Міне осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Бұл заңның жазбаша тексі болмаса да қазақ есінде заң атының жарты мың жыл бойы сақталуы «Қасқа жолдың» қазаққа өте қонымды, қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көреміз.

Қасым ханның қай жылы қайтыс болғандығы туралы жазба деректердегі мәліметтер әр түрлі жылдарды айтады. Дулати мен Хайдар Рази 1518/19 жыл десе, Гафари және басқалар 1523-1524 жылды көрсетеді. Қазіргі кездегі оқулықтар мен кейбір зерттеу еңбектерінде ұлы тұлғаның қайтыс болған жылын 1518-1523 жылдар аралығындағы кез келген жылды көрсетуде. Қайтыс болған жылды анықтауда орыс деректерін зерттеген тарихшы А. Исиннің материалдары жәрдемдеседі.

1519 жылы Қазақ хандығының шекарасы Еділге дейін жетіп, Астраханмен шектеседі дедік. 1520-1521 жылдың қыс айларында Астраханда Занко Зудов деген рязаньдық 3-4 ай тұтқында болады. Қазақ хандығында болып жатқан оқиғалардың бірталайын ол тұтқында жүріп естиді. 1521 жылдың сәуірінде оның Москваның ұлы князі III Василийге жіберген хабарламасында: «Осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды», – деп жазады. Бұдан басқа көздер арқылы да Москваға Қасым ханның қайтыс болғандығы туралы хабарлар жетсе керек. 1521 жылы июнь айында Түркияға бара жатқан бояр ұлы Василий Михайлович Третьяк-Губинге III Василий Қазақ Ордасы туралы анықтау, қазіргі кездегі қазақтардың патшасы кім және олар қай жерде көшіп-қонып жүргені туралы анықтауға тапсырма береді. Бұдан көрін отырғанымыздай, Қасым хан 1518 жылы не 1523 жылы емес, 1521 жылдың қысында қайтыс болған.

Бақылау сұрақтары:

1. XV ғ. соңғы ширегіндегі Қазақ хандығының саяси тарихындағы басты оқиға не болды?
2. Қазақ хандығының Сыр бойы үшін жүргізген күрестерінің себебін ашып көрсетіңіз.
3. XV ғ. соңғы ширегіндегі Қазақ хандығының Сыр бойы үшін жүргізген күрестерінің қорытындысы қандай болды?
4. Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының жағдайына талдау жасаңыз.
5. Шайбани ханның қазақтарға жорық жасауының себептерін және оның нәтижесін түсіндіріңіз.

§ 2. XVI ғасырдың екінші ширегіндегі Қазақ хандығының «уақытша әлсіреу» кезеңіндегі саяси тарихы

Қазақстан тарихында XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының жеке тарихи тұлғасы арнайы толық түрде зерттелген емес, ол мәселе көбіне тарихшылар назарынан тыс қалып отырды. Тіпті кейбір хандардың тарихтағы орны зерттелінбей, кейбір еңбектерде есімдері де аталмайды. Олар 1521-1538 ж. Қазақ хандығының «уақытша әлсіреу» кезіндегі билік еткен Мамаш, Тақыр, Бұйдаш, Қожа-Ахмет, Тоғым хандар болатын. Осы «уақытша әлсіреу» кезеңіндегі Қазақ хандарына тоқтала отырып, олардың көрші елдермен жүргізген саяси қарым-қатынастарын талдап көрейік. «Уақытша әлсіреу» кезінде билік құрған хандарға қатысты зерттеу еңбектерінің болмауы тікелей жазба деректерінің тапшылығына байланысты болып отыр. Ал жазба деректердің сирек болуының бір себебі XVI ғасырдың 20-30 жылдары Қазақ хандығының көрші елдермен саяси қарым-қатынасында белсенді рөл атқара алмауы еді. Өйткені сыртқы саясатта жетекші рөлге ие болмау – тікелей хандықтың ішкі саяси жағдайымен байланысты. Ішкі саяси тұрақтылықты бір қалыпты дәрежеде сақтау, нығайту көп жағдайда биліктегі ханның жеке басындағы қабілеттерінен көрініс табады. XVI ғасырдың 20-30 жылдары Қазақ хандығының «уақытша әлсіреуі» ең алдымен ішкі саяси тұрақсыздықтың тікелей нәтижесі. Өз елінде толыққанды билікке ие бола алмаған немесе саяси бытыраңқылықты жеңе алмаған билеуші сыртқы қатынастарда белсенділігін көрсете алмай, көрші елдердің жазба деректеріне де ілінбей қалып отырған.

Қасым ханнан кейін билікке келген Мамаш хан кейбір жазба дерек мәліметтерінде Құмаш хан деп айтылады. Ол Қазақ хандығында билік құрған бесінші хан. Мамаш хан жөнінде жазба деректер өте мардымсыз аз. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи- Рашиди», Хайдар Разидың «Тарих», Махмуд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахиар» атты шығармаларында ол туралы өте қысқа мәліметтер кездеседі. Деректерде Мамаштың Қасым ханның ұлы екендігі және Қасым ханнан соң билікке келгендігі, сонымен қатар қандай жағдайда дүниеден өткендігі туралы жазылған.

Мамаш хан шамамен 1450-1460 ж. дүниеге келген. 1513 жылы Моғол ханы, шағатайлық Сайд хан Қасым ханның ордасына келгенде, оны қарсы алуға Қасым хан өзі бармай, 30-40 сұлтанды жібереді. Олардың ішінде бірнеше сұлтан 50-60 жаста болатын. Солардың бірі – Мамаш хан еді деп хабарлайды Мұхаммед Хайдар Дулати. Мамаш ханның алғаш дерек мәліметінде көрінуі 1513 жылы еді. Сонымен қатар онда оны «хан» деген мәртебелі атпен жазылуына қарағанда ол Жаныш, Таныш хандар сияқты Қазақ хандығының көп ұлыстарының бірінде иелік етсе керек.

«Тарихи Рашиди» авторының жазуына сүйенсек Қасым хан өлгеннен кейін, билік үшін қазақ сұлтандары арасында алауыздықтар басталады да, таққа Қасым ханның ұлы – Мамаш хан келеді. Бұл 1521 жыл еді. Осылайша, мұрагерлік дәстүр алғаш рет бұзылады, осының салдарынан мүмкін сұлтандар арасында алауыздық туындайды.

Мамаш хан қанша уақыт биледі, хандықтың ішкі және сыртқы саяси өмірінде қандай өзгерістер болғандығын деректердің жоқтығынан біле алмаймыз. Деректерде тек қана Мамаш ханның қалай қайтыс болғандығы жайлы мәлімет бар. «Тарихи Рашидиде» Мамаш ханды бір шайқаста тұншығып өлді делінсе. Махмуд ибн Уәлидің мәліметі бойынша «Ол бір ұрыста тапталып өлтірілді», – делінеді. Ал Хайдар Разидың мәліметі сәл нақтырақ айтылады «... бір шайқаста ол қару-жарағының ауырлығынан және көп тапталудан тұншығып өлді», – делінеді. Ол 1522 жылы қаза тапты. Яғни Мамаш хан билік үшін болған күрестің бірінде қаза болған. Егер де ол соғыста қайтыс болса, ол туралы жеңуші елдің дерегінде өздерін мадақтау мақсатында оның есімі кездесер еді. Сондықтан 1521-1522 ж. билеген Мамаш хан ішкі алауыздықтың құрбаны болып, сыртқы саясатқа араласуға шамасы келмегендігін көреміз. Оның ұрпақтары жайлы ешқандай дерек жоқ.

Мамаш ханнан кейін билікке Тақыр хан 1522-1532 ж. келеді. Ол Жәнібек ханның төртінші ұлы Әдік сұлтанның ұлдарының бірі. Хайдар ибн әли Хусайн Рази: «Қазақтар деп аталатын Дешті Қыпшақтың сұлтандары бірбірімен ұзақ соғысты. Ақырында билікке Тақыр хан келді», – деп жазады.

Тақыр ханның билік еткен 10 жылдық кезеңі ішінде қазақ хандығында алауыздықтар мен билік үшін күрес тоқтатылмады. Кейбір сұлтандар оны тыңдамай ұлыстармен бөлініп кетіп отырды. Қадырғали Қосымұлы Жалайыр «Жәми ат-тауарих» еңбегінде Тақыр хан жөнінде өте қысқа: «Тақыр хан болды. Біраз күн хандық құрды, бірақ патшалық сырын білмеді», – деп жазады.

Қазіргі кездегі зерттеушілер ішінде Т.И. Сұлтанов Тақыр ханды былайша бағалайды: «... ол дипломатиялық, әскери таланттарға ие болмады, ...шексіз қаталдығымен және әділетсіздігімен ерекше байқалды, сонымен қатар мемлекетті басқаратындай қабілеті болмай, өзінің билігімен жалпылама қарсылыққа душар болды. Өз халқынан қуылады», – дейді.

Тақыр ханның сыртқы саясаттағы жүргізген істері көбінесе нәтижесіз аяқталып отырды. Көрші мемлекеттердің шапқыншылықтарына тойтарыс берілмеді. 1522-1523 ж. Ташкент билеушісі Сүйініш Қожа хан Дешті Қыпшаққа жорыққа шығып, жеңіске жетеді. Сонымен қатар қазақ-ноғай арасындағы бейбіт қатынастар бұзылып, шиеленісуінің нәтижесінде маңғыт мырзаларының тапсырысымен Тақыр ханға тәуелді 200 мың адам Дешті Қыпшақтан Моғолстанға көшіп кетеді. «Тарихи Рашидиде» Тақыр ханның осы кездегі жағдай туралы Жүніс ханның қызы Әдік және Қасым хандарының әйелі болған Сұлтан Нигар ханымның айтқан сөздерінен де байқауға болады. Онда Тақырдың істері оңға баспай, бұрын он лек әскері болса, қазір төрт лек қана қалғандығы, қарсыласуға шамасы жоқ екендігін айтады. Сонымен қатар Нигар ханым Тақыр мен Моғолстанның жақындасуына ықпал жасайтындығын да баяндайды.

Бірақ Тақыр хан сыртқы саясатта, әсіресе моғол хандары мен қарымқатынаста терең ойластырылмаған саясат жүргізеді. Сұлтан Нигар ханымның араласуы оған көп көмегін тигізеді.

Зерттеуші А.А. Семенов өзінің зерттеуінде: «Тақыр хан қатал мінезі мен ісімен көшпелілер арасындағы әскерінің ғана емес, туыстарының да теріс

қарауына жағдай жасады», – дейді. Одан әрі Тақыр ханның осы жағдайдан кейін қорқып, Сүйініш Қожаның баласы Сұлтан Мұхаммед ханнан көмек сұрап, елші жібергендігі белгілі. Сұлтан Мұхаммед хан оны қабылдап, Тақыр ханға елші жібереді. Ол елшілер өте жақсы қарсы алынып, сый-сияпатпен шығарып салынады. Олардың достық қатынастары нығая түскендігіне бүкіл көрші елдер куә болды. Сөйтіп, Тақыр ханға жағымпазданып, бұрынғы жаулары кешірім сұрайды. Осы жағдайда Тақыр хан өзінің күштілігін сезініп, кетіп қалған жерінің қайта қосылуынан күшейе түскендей болды. Сұлтан Мұхаммед осы жағдайда Тақыр ханды қайта билігінің күшеюімен құттықтап, елші жібереді. Бірақ, көкірегінде нан піскен Қазақ ханы бұл елшілікті тұтқындайды. Суық хабарды естіген Келді Мұхаммед хан (Сұлтан Мұхаммед хан) 1525-1526 ж. қысында Тақыр ханға қарсы шабуылға аттанып, нәтижесінде Тақыр хан жеңіліп қалды. Зерттеуші Т.И. Сұлтановтың пікірі бойынша Тақыр хан тұсында Қазақ хандығы үшін ең маңызды болған оқиға 1526 жылы бүкіл Жетісуда қазақ билеушілерінің билігінің орнауы жатады. Тақыр хан алғаш рет қалмақтармен соғысқан қазақ хандарының бірі. Васифидің дерегі бойынша бір таудың етегінде Қазақ ханы Тақыр хан қалмақтарға тойтарыс беру үшін Жатан қамалын салдырды. Васифи бұл қамалды биіктігі мен мықтылығын тілі жеткенше мақтап, биікке шығарды. 1537-1538 ж. шағатайлық және шайбанилық билеушілер бірігіп қазақтарға жасаған жорығында қазақтар осы қамалды пайдаланған екен.

Осылайша, саясаттан еш хабары жоқ өзімсініп қаталдығымен хандық ішіндегі бейберекетсіздікті туғызып, сыртқы көрші мемлекеттермен қатынастары жеңіліспен аяқталған Тақыр хан өз елінен тысқары қырғыздар арасында жүріп, сонда қайтыс болады.

Тақыр хан тұсында Қазақ хандығының «уақытша әлсіреуі» тереңдей түсіп, сыртқы саясатта мардымсыз жеңілістерге тап болады. Тақыр ханнан соң жазба деректер бойынша Қазақ хандығында бір мезгілде, 1533-1538 ж. бірнеше хан билік етеді. Қазақстанның батыс бөлігінде ноғайлармен күресте Қожа-Ахмет хан, Жетісуда моғолдармен күресте Бұйдаш хан, Мәуереннахрдағы шайбанилықтармен күресте Тоғым хандардың есімдері де кездеседі.

Деректерге сүйенсек, бұл кезеңде Қазақ хандығы мен шайбанилер әулеті арасындағы саяси қарым-қатынастарға байланысты мәліметтер жоқтың қасы. Үшке бөлінген Қазақ хандығы үш түрлі саясатты ұстанып, біртұтас Қазақ хандығының «уақытша әлсіреу» кезеңі Хақ Назар ханның тұсында ғана қайта жөнге келе бастайды.

Т. Сұлтановтың зерттеуі бойынша Бұйдаш хан өзінің бес ұлымен өзбек ханы Дервішпен (Сүйініш Қожаның екі ұлының кішісі Барақ ханның сегіз ұлының үлкені) Сыр бойындағы қалалар мен өңірлерге келіп өту үшін соғысады. Қадырғали Жалайырдың дерегі бойынша сонда шаһид болады (1559-1560 ж.). Сонымен қатар 1537-1538 ж. Моғолстанның ханы Абд-Рашид хан (Сұлтан Сайдтың ұлы) Шайбанилық әулеттің ханы Убайдолламен одақтасып, қазақтарға қарсы жорыққа аттанады. Ол жайында Зайн ад-Дин Васифидің «Бадай-ал-Вакай» еңбегінде жазылады. Онда өзбек және моғол

хандары бірігіп, қазақтарға қарсы жорыққа аттанғандығы туралы мәлімет бар, бірақ Қазақ хандығын сол кезеңде кім билегені жөнінде мәлімет жоқ. Яғни XVI ғасырдағы «уақытша әлсіреу» кезеңінде де Қазақ хандығымен Шайбанилық әулет арасында соғыстар мен уақытша мәмілеге келу кезеңдері орын алған. Бірақ хандық ішіндегі бытыраңқылық пен алауыздық қашанда елдің әлсіреуіне алып келеді. Бірлік болмай тірлік болмайды деуге де саяды.

Қорыта келгенде, Қазақ хандығында «уақытша әлсіреу» кезеңінде орын алған ішкі саяси жағдай сыртқы саясатта да белгілі бір рөл атқарған. Сол кезеңдегі алауыздық пен хандардың жеке тұлғалық қасиеттерінің мардымсыздығынан олар көбіне деректерде де, халық ауызында да қалмаған. «Уақытша әлсіреу» кезеңінде сыртқы саясатта, әсіресе Шайбанилық әулет арасындағы қатынастар – көбіне деректің жоқтығы мен мәліметтердің бұлыңғыр кездесуінен басы ашылмай қалып отырған мәселелердің бірі. Бұл тақырып әлі де терең зерттеу мен талдауды қажет ететін бірден-бір мәселе.

Жалпы XVI ғ. I жартысында Қазақ хандығы мен көрші елдер арасында әр кезеңде әр түрлі саяси қарым-қатынастар орын алған. Әр елдің билеушілерінің сыртқы саясаты өз мүдделеріне сай жүзеге асырылып, кейде уақытша мәмілеге келуімен, кейде соғысуымен жалғасып отырған. Сондықтан да, халықтың өмірінде билеушінің күшті мемлекет басшысы, шебер дипломат, ақылды әрі ұстамды адам болуы ел үшін маңызды рөл атқаратындығын тарихтың өзі дәлелдеп отыр.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ хандығының тарихында «уақытша әлсіреу» кезеңі деп қай жылдар айтылады?
2. «Уақытша әлсіреудің» себептері қандай?
3. «Уақытша әлсіреу» кезеңіндегі хандардың саясатына талдау жасаңыз.
4. «Уақытша әлсіреу» кезеңінде қандай хандар билікте болды?
5. «Уақытша әлсіреу» кезеңінің жалпы қорытындысы қандай?

§ 3. Хақ-Назар хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси дамуы

Қазақ хандығының тарихында айбынды істерімен танымалы болған, атақты Қасым ханның жолын қуған ұлы – Хақназар ханның алатын орны ерекше. Зерттеушілердің барлығы дерлік Хақ-Назардың жоғарғы билікке келуімен мемлекеттің саяси және экономикалық жағдайының жаңа сатыға көтерілгендігін байланыстыра қарайды. О.Ф. Акимушкин, К.А. Пищулина, М.Х. Әбусеитова және т.б. зерттеушілер Хақназар хан тұсында Қазақ хандығы «қайта түледі» деп пайымдайды. Өйткені «уақытша әлсіреуден» кейін мемлекет XVI ғасырдың екінші жартысында қайта жанданып, көрші елдерге қауіп төндірерлік күшке айналғандығын дерек мәліметтері де дәлелдей түседі.

Қадырғали Жалайыр «Жами ат-тауарих» (Шежірелер жинағы) еңбегінде: «Оның (Қасым ханның) ұлы Хақназар хан Ханық сұлтан – ханымнан туған еді», – дейді. Зерттеуші А.И. Исин Ресей мемлекетінің архиві негізінде

Қасым хан 1521 жылдың басында қайтыс болды дейді, осы мәлімсттің негізінде Хақназардың 1522 жылдан кеш туылмағанын байқаймыз.


Хақназардың жастық шағынан ақпарат беретін нарративті деректердегі мәліметтер мардымсыз, көбінесе аңыз іспеттес. Мәселен, Тахыр мен Бұйдаш үстемдік еткен жылдарда Хақназар бір ноғай мырзасының қолында тұрған деген мәліметтер де кездеседі. Сонымен қатар Хақ-Назар хан тұсында қазақтардың үш жүзге бөлінгендігі жөнінде халық аузынан жеткен мағлұматтар да бар.

Хақназардың хандық билікке келуіне байланысты деректерде әр түрлі мәліметтер мен пікірлер бар. Ахмед Ғаффар Казвинидің х.ж.б. 972 ж. (1564-1565 ж.) аяқталған «Тарихи джахан-ара» шығармасында: «Берді ханның ұлы, Жәнібектің ұлы, Сейдақ-ханның ұлы Қасым хан Дештінің патшасы болды. Ол (Қасым) 930 жылдың 1-айында (10.11.1523-28.10.1524 ж.) қайтыс болды. Қасым ханның баласы Хақ-Назар хан әкесінен кейін патшалықтың тағына отырды және енді Дештінің әміршісі болып табылады», – деген мәлімет бар. Әрине, бұл мәліметте Қасым ханның шығу тегін шатастырылу мәселесін В.В. Вельяминов-Зернов, М.Х. Әбусеитовалар түсіндірген болатын. Бірақта, Қасым ханнан кейін билікке оның баласы Хақназардың келуі шындыққа жанаспайды. Өйткені ол кезде Хақназар әлі бала еді. Сондықтанда, И.В. Ерофеева, М.Х. Әбусеитова, Т.И. Сұлтанов және т.б. зерттеушілер Хақназар хандық билікті мұраланған жоқ деген қорытындыға келген. Зерттеуші О.Ф. Акимушкин Хақназар хан 1523-1524 жылдары билікке келді десе, Н. Атығаев 1551-1556 жылдары келді дейді. Ал, зерттеуші Миллер: «50-жылдардың соңында Хақ-Назар хан болып жарияланды: ескі салт бойынша оның киіз үйіне ақ киізді әкеліп төседі; Молда хұтба оқып, төрт адам киіздің төрт жағынан ұстап, жаңа ханды көтерді. Хақ-Назардың патшалығы 20 жылға созылды», – дейді Ал Қойшығара Салғараұлы Хақ-Назар 1535 жылы-ақ билікке келген, өйткені, Бұйдаш ханның тұсында бірнеше ұсақ хандықтар болғаны белгілі деп пікір айтады. Т.И. Сұлтанов, И.В. Ерофеева билікке Хақ-Назар 1559-1560 жылдары келді дейді. Зерттеуші Т.И. Сұлтановтың пікірінше, Хасан-бек Румлудың «Ахсан ат-тауарих» шығармасында Хақ-Назар туралы ең алғашқы, ең ертеректегі хабар кездеседі. Онда 955 жылы, яғни, 1548-1549 ж. Хақ-Назар оғлан Пули-Хатун түбінде түркмендермен шайқасады. Бұл оқиға егжей-тегжейлі Махмұт ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар» еңбегінде де кездеседі. Т.И. Сұлтановтың пікірінше, бұл екі деректегі екі мәліметте де Хақ-Назар оғлан, яғни, шыңғыс тұқымынан шыққан сұлтан делініп, хан атанбаған. Сондықтан, Хақ-Назар 1549 жылдан кейін хан болған, 1559-1560 жылдары (967 ж.) деп қорытындылайды. Ал ортағасырлық деректер бойынша Хақ-Назар билікке 1538 ж. келді делінген.

Хақ-назар хан Қазақстанның ортағасырлық тарихында белсенді, жаңа өзгерістерге тез бейімделетін және саяси көрегендігімен танымалы болған. И.В. Ерофеева: «Хақ-Назар ханның барлық саяси қызметі қазақ қоғамын интеграциялауға және сыртқы жауларынан қорғап, өз елінс қауіпсіздікті қамтамассыз ету үшін болды», – деп көрстедеі. М.Ж. Көпеев

Хақ-Назарды Қасымнан соң бытыраған елдің басын қосқан «даңқты хан» деп бағалайды: «Қасым хан өлген соң, балалары баққа, таққа таласып, ноғай, өзбек, қалмақ үшеуі үш жақтан жау болып, бытшыт болыңқырап, Қасым ханның бел баласы Ақназарды хан көтеріп, бұл Ақназар қайратты кісі болып, «батыр хан» атанып, өзбек ханы Шайбаниларды жеңіп, Көшім ханды қорғалатып, орысқа тығылдырып, орыстың ол уақыттағы патшасы Қорқынышты Иван Ақназарға елші салып, сауда араластыру, керуен жүргізу үшін елдесіп, Ақназар қазақты Қасым хан уақытындағы қалпына бір түсірген», – деген екен. Т.И. Сұлтанов: «Хақ-Назар саяси жағдайды тез түсінетін, сезімтал және өз уақытын ұтымды пайдалана білген хан. ... «Бахр ал-асрарда» Хақ-Назар қазақ және қырғыз ханы деп аталғанын»атап өтеді.

Осы тұста біз Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайына жалпы тоқталып өтейік. Шах Махмұд Шорастың «Хроника», анонимді шығарма «Тарихи Қашқар», Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар» деректерінде Хақ-Назар хан тұсындағы қазақтар мен қырғыздардың біріккен қолы моғол ханы Әбді-Рашидтің ұлы Әбді-Латифті қарулы қақтығыста күйрете жеңіп, қақтығыс Әбді-Латифтің өлімімен аяқталғаны туралы мәліметтер бар. Осындай қақтығыстың бірінде (1555-1556 ж.) Хақ-Назар хан қаза тапты дейді. Әрине, зерттеуші М.Х. Әбусеитова бұл мәліметтің шындыққа жанаспайтындығын атап өтеді. Сонымен қатар, моғол ханы Әбді-Рашид суық хабарды естін, Наурыз Ахмет ханнан (Шайбанилық Барақ хан) көмек сұрап, соғысқа дайындалады. Жоғарыдағы айтылған қазақ-моғол қарым-қатынасына байланысты деректердің мәліметтері бір-біріне қарама-қайшы.



XVI ғ. 50-жылдарының соңынан бастап Қазақ хандығы ноғайларға, Көшімнің Сібір хандығына, Орта Азия хандықтарына елеулі қауіп төндірді. Мәселен, 1558-1559 жылдары Орта Азияда болған ағылшын көпесі А. Дженкинсон «мұсылман дініндегі қассақтар» туралы өте күшті және саны көп халық деген пікір айтқан. Ол өзі келерден бұрын қазақтар Ташкентті үш жылдан бері тықсырып келгенін және шабуыл жасау арқылы керуендердің еркін жүріп өтуіне кедергі жасап отырғанын хабарлаған. Бұл Ташкентке үнемі қатер төндірген Хақ-Назар ханның қосындары болатын.

XVI ғ. қазақтар туралы мәліметтер башқұрт аңыздарында, ноғай мырзаларының Мәскеуге шағымдануында да, орыс елшілері мен саудагер көпестерінің жазбаларында және көптеген деректерде кездеседі. Мәселен, П.И. Рычковтың «Орынбор тарихында» (1806 ж.) башқұрт биі Қадыряс (Қадырілияс) Мұлақаевтың айтуында мынандай мәлімет берілген: «Ақназар (Хақназар) хан болғаннан кейін, хандық айтарлықтай нығайды. Ол тек ноғайлар мен Башкирияны өз құрамына енгізіп қойған жоқ, сонымен қатар Қазан, Сібір, Астрахань хандықтарын, Бұхара, Хиуа, Ташкент және басқа көптеген қалаларды өздеріне бағындырып, олардан алым-салық

алып тұрды», – делінген. Алайда кейбір зерттеушілер бұл деректердің дұрыстығына күмән келтіреді.

Зерттеуші А. Исиннің қазақ-ноғай қарым-қатынасына арналған ғылыми еңбегінде Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси тарихының кейбір қырлары қарастырылған. Сонымен қатар 1557 ж. Ноғай мырзасы Ысмайыл Ресей патшасы IV Иванға: «Қазір менің немерелерім Жайықтың арғы жағында қалып, қазақ патшасына қосылды, сөйтіп, менімен соғысу сәтін күтіп жүр», – деп шағым айтқан. Және 1569 жылы IV Иван патшаның ноғай мырзаларына жіберген елшісі Семен Мальцев: «Қазақ ордасынан Ақ-Назар хан, Шығай ханзада мен Жалым ханзада олармен 20 сұлтан Ноғайларға келіп шапты», – деп хабарлайды. Бұл хабар Хақназар бастаған қазақтардың саяси белсенділігінің өсе түскендігін дәлелдейді.



XVI ғасырдың II жартысында Қазан (1552 ж.), Астраханды (1556 ж.) өзіне бағындырған Ресей Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынастарды жолға қою үшін Сібір арқылы қазақтармен де байланыс жасауға талпыныс білдірді. Сондықтан да көршілері туралы мәліметтерді орыс елінің елшілері, шетелдіктер, саудагерлері арқылы жинастырды. 1573 ж. ағайынды Строгоновтардың қатты өтінуімен Хақназар ханға Третьяк Чебуков бастаған орыс елшілігін жіберген кезде, Иван Грозныйдың елшілердің алдына Қазақ хандығымен тікелей байланыс орнату мақсаты ғана емес, онымен Сібір ханы Көшімге қарсы әскери одақ жасасу мақсатын да қойғаны кездейсоқ емес. Өйткені, ол кезеңде Қазақ ханы Хақназар мен шайбанилық Сібір ханы Көшім арасында да күрестер болып жатты. Ал Көшім хан үшін де Хақназар өте елеулі қарсыласы болды. Мәселен, Мәскеу патшасының елшісі Иван Поздеевпен әңгімесінде Көшім өз билігі туралы сенімсіздікпен былай дейді: «Қазір сіздердің патша ағзамыңызға және ұлы князьге алым жинап, елшілер жіберемін, ал ертең мен қазақ патшасымен соғысамын да, мені қазақ патшасы жеңіп, Сібірге отырар болса, сөз басқа, ол патша ағзаға алым беруді ойламайды», – дейді. Осылайша, қазақтардың күш-қуатынан қорыққан Көшім хан Мәскеуден жіберген (1573 ж.) елшіні өлтіреді. Бұл жайында зерттеуші А. Миллер: «1573 жылы Иван Грозный Хақназарға өзінің алғаш елшісін жібереді. Елші қазақ жеріне дейін жетпейді, жолда Көшім әскерінің қолына түседі», – дейді. Әрине, бұл мәліметтерден Ресейдің қазақ елімен одақ құрып, байланыс жасау ниеті, сол кезеңдегі Қазақ хандығының күшті мемлекет болғандығының айғағы. Тарихшы В.Я. Басин: «Осындай

Ресей сияқты көршісімен достасу қазақ халқына үлкен табыстар әкелетінін Хақназар хан түсінді», – дейді.

Көрші елдерге қауып төндірген мықты Қазақ хандығы өзінің ішкі және сыртқы қарым-қатынастарын реттеуді жолға қойды. Хақназар хан жазба деректер мен халық ауыз әдебиеті бойынша, зерттеушілердің бағалауынша саяси көреген және шебер дипломат болған. Сондықтан да Қазақ хандығы Хақназар ханның тұсында Қасым ханның уақытындағыдай қайта өрледі. Міне, осы айтылғандардың барлығын жинақтап, одан ортақ ой түйсек, Хақназар ханның кезінде Қазақ хандығының бір орталыққа бағынып қана қоймай, көрші сырт елге айбат көрсетіп, өзімен есептесуге мәжбүр еткен үлкен күшке айналғанын көреміз.

Қалай дегенде де XVI ғасырдың 50-жылдары Қазақ хандығының бірнеше майданда бірдей қабат әрекет жасауы, дәлірек айтқанда Тәуекел сұлтан бастаған қазақтардың шығыста қалмақтармен (1554 ж.) соғысуы, оңтүстік-шығыста Хақназардың (1555-1556 ж.) моғолдармен соғысып, Әбділатифты өлтіруі, оңтүстікте Ташкент билеушісі Шайбанилық Барақ (Наурыз Ахмет) ханды үш жыл бойы (1557-1558 ж.) үрейде ұстауы, батыста Ноғай мырзаларын тықсырып, оларға қауіп төндіруі Хақ-Назар хан басқарған Қазақ хандығының қаншалықты күшейткенін көрсетсе керек.

XVI ғ. II жартысында қазақтардың Шайбанилер әулетімен қарым-қатынасының сипаты XVI ғ. бірінші он жылдығындағыдан көп өзгере қойған жоқ. Бұл байланыстар өте тығыз және әралуан болды. Әскери қақтығыстар, одақтасу мен достық қатынастармен ауысып, некелік одақтар да орын алды. Бұл тұста айта кетерлік жәйт, Хақназар ханмен одақтасып, оған жақындауға үлкен қызығушылық танытқан Шайбани әулетінен шыққан II Абдолла хан еді. Шайбанилық Абдолла Ескендір ханның ұлы – Бұхара, Герат және Хорасанның ұлы билеушісі. Көрнекті мемлекет қайраткері және шебер дипломат болған II Абдолла қазақтардан мықты әскери-саяси күшті көре білді. Бұл күшті Абдолла өзінің билігін нығайту мақсатында пайдаланғысы келді. Өйткені, қазақтармен шекаралас тәуелсіздікке ұмтылған вассалдарының көтерілістерін қазақтардың күші арқылы басып отыруды көздеді.

1561 ж. Абдолла патшалықтың тағына өзінің әкесі Ескендірді отырғызып, өзінің қарсыластары, бөлек уәлияттардың билеушілерімен сәтті күрестерін жүргізді. Зерттеуші Т.И. Сұлтанов: «Шайбанилық Абдолла 1557 ж. бастап өзбектердің билеушісі болды», – дейді. Яғни, таққа әкесін отырғызғанымен іс жүзінде хандықты өзі басқарды. Сөйтіп, 1583 ж. әкесі Ескендір қайтыс болғаннан кейін, хандық билікті өз қолына алады да, 1598 жылға дейін, яғни қайтыс болғанға дейін отырады. М.Х. Әбусеитованың жазуынша «Абдолла ханның билігі хандық биліктің күшеюімен сипатталды, ол тек қана сәтті жаулап алушылық жорықтардың негізінде ғана емес, сонымен бірге ол барлық өзіне қарсы келген туыстарын жеңіп, оларды қырған». Бұл ханның билік құрған кезеңінде өзбек тайпаларының ақсүйектерінің өкілдері «қызметкер адамдардың» жағдайында болды, сөйтіп, хан да қызмет етіп белгілі бір күшке ие болса да, олардың өзіндік саяси рөлі болмады.

Жоғарыда атап өткендей, Абдолла хан қазақтардан әскери-саяси күшті көріп, сол арқылы өз билігін бүлікшіл Шайбанидтерді жеңу арқылы жүзеге асыруды мақсат етеді. Өзінің бәсекелес туыстарын жеңу мақсатында, Хақназар ханмен «ант беріп, одақ құрады». Ол арқылы екі ел бір-бірін қолдап, бейбіт қатынастарды сақтауға міндеткерлік алды. Ал Қазақ ханы Хақназар өзінен бұрынғы қазақ хандарымен жауласып келген Мәуереннахрдағы Шайбани әулетімен одақтасуға ұмтылды. Сөйтіп, Шайбани әулетінен шыққан Абдолламен Қазақ ханы Хақназар достық қатынаста болып, өзара көмектесу жөнінде анттасып, шарт жасасты. Хақназардың бұл дипломатиялық шарасы өте орынды болды. Осы келісім шарттың нақты мазмұны белгісіз, тек қана «Біз қазір де мәртебелімен жасасқан шартымыз бен одағымызға адалмыз», – деген сөздерден 1579 ж. дейін қазақтар мен Бұқара ханының тығыз қарым-қатынаста болғанын көреміз. Мұндағы «анттасқан шарт» арқылы тек достық байланыстар ғана емес әскери одақтар да болғанын зерттеуші Т.И. Сұлтанов атап өтеді.

Осы тұста XVI ғасырдың 60-70 жылдары соғыс қимылдары тоқтап, қазақтар Орта Азия халықтарымен бейбіт сауда-экономикалық қатынастарын өрістеткендігін атап өткен жөн. Мұның өзі Қазақ хандығының ішкі жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді.

XVI ғ. 70-жылдардың соңында қазақтарға сәтсіздік әкелген ірі оқиғалар болды. Бұл кезде Абдолла мен Барақтың ұлы Баба сұлтан арасында күрес басталды. Соғыстың басталуына себеп болған оқиға Ташкенттің билеушісі етіп Абдолла ханның отырғызған Дервишті (Барақ сұлтанның үлкен ұлы) Баба сұлтанның өлтіріп, өзін билеуші етуі еді.

Бұл күресте қазақтардың қандай бағытты ұстанатынын білу Абдолла хан үшін өте маңызды еді. Өйткені біріншіден, қазақтар Баба сұлтан жағына шығып кетуі мүмкін деп ол қауіптенді. Екіншіден, өз күшіне ғана сенім арта алмады. Абдолла ханға сол кездің өзінде-ақ бүлікшілер қазақтармен сөз байласып, өздерінің заңды әміршісіне қарсы жорық жасамақ екен деген ақпар жеткен еді. Бірақ Қазақ ханы Абдолла ханмен жасасқан шарттан басқа да өзіндік мүддені де басшылыққа алды. Сондықтан да Хақназар хан Абдолла ханды қолдады. Өйткені Сырдария өзенінің орта ағысы бойында орналасқан басқа да қалалар сияқты Ташкент те XV ғ. соңынан бастап Шайбани ұрпақтары мен Қазақ хандары арасындағы күрестің себепшісі болғанын атап өту қажет. Сыр өңіріндегі қалалар Қазақ хандығы үшін әскери олжа және жеңіліс тапқан жағдайда сенімді пана ретінде, экономикасында да өмірлік маңызы зор болды. Сонымен бірге Баба сұлтан Ташкенттің түпкілікті билеушісі болса, оның орталыққа бағынған мықты әскері болар еді және Қазақ хандары Ташкентке қауіп төндіре алмай, шұрайлы орталықты басып алу үміттері жоғалар еді. Ал Абдолла хан билеген бұқаралықтар үшін Ташкентті жоғалту маңызды сауда орталығын жоғалтумен тең еді. Сол үшін де қазақ хандары мен сұлтандары Абдолла ханға белсенді қолдау көрсетті.

Хафиз Таныштың еңбегі бойынша Хақназар Абдолланың Баба сұлтанмен күресіне белсене араласты. Бұл көмек бүлікшілерді жеңуде шешуші рөлді атқарды. Сөйтіп, 1579 ж. сәуірде Ташкент маңында Баба сұлтан

жеңіліс тапты. Бірақта ол қашып кетіп, қазақ даласына тығылды. Қазақ ханы мен Шайбанилық Абдолла арасындағы одақты бұзу үшін Баба сұлтан арамдыққа барды. Ал Хақназар хан өзбек хандарының өзара алауыздығына араласып, бірде Баба сұлтанды, бірде Абдолланы екеуін де әлсіретуді ойлап, осылайша жағдайды өз пайдасына шешпек болды.

1579 ж. мамырда Баба сұлтан өз ойын асыру үшін Абдолла ханның ордасына өз адамын (лазутчик) жіберіп, Қазақ ханы мен Баба сұлтан арасындағы Абдолла ханға қарсы құпия одақ әзірленіш және Бұқараны басып алуға дайындалып жатқанын біледі. Абдолла хан Баба сұлтанның адамына сенбей, оны зынданда ұстап, Хақназарға адам жіберіп, сұрау салады. Қазақ ханы ол жайында ешнәрсе білмейтінін хабарлайды. Сондықтан Абдолла хан лазутчикті жалған мәлімет үшін жазалайды. Бұдан біз Бұқаралық Шайбан әулетінен шыққан Абдолланың қазақ ханының бір ауыз сөзіне сенгендігін көреміз. Яғни олардың одағы көп уақытқа дейін берік болған секілді. Көп уақыт өтпей Абдолла ханға достыққа адалдығын жеткізу үшін Қазақ хандығынан елші келеді. Елші арқылы Хақназар Абдоллаға «анттасқан шартқа» беріктігі мен мызғымас достығын айтып: «Біз қазір де жасасқан одақ пен шартымызға адалмыз», – дейді. Сонымен қатар «Баба сұлтанның балаларынан Ұбайдолла сұлтан, оның әмірлерінен Жан-Мұхаммед – аталық найман және Шах-ғази-бий дұрман (Баба сұлтаннның) бірнеше ақсүйектерімен тұтқынға түсті. Егер (Абдолла хан) қаласа тұтқындарды оған жібереміз. Егер ол олардың бастарын жібер десе біз солай жасаймыз», – деп уәдесін бекіте түседі. Абдоллаға осы мәлімет жеткенде, хан елшіні патшаға лайықты сыйлықтар мен қымбат халатпен сыйлап, елшіге қосып қазақтарға Сұрхын аталықтан сәлем айтып жібереді. Дұға оқылып болғаннан кейін, ондағы барлық хақандарға Түркістан уәлиятындағы төрт қыстақты сыйлаймыз, олар әрі қарай да осы одаққа берік болып, адалдығынан таймасын, ал тұтқындарды тезірек бізге жіберсін дейді.

М.Х. Әбусеитованың пікірінше Түркістанның төрт қыстағын сыйға тарту, анттасу шартының тармақтарының бірі болған. Абдолла хан 1579 ж. тамызда Баба сұлтанмен бітім жасасады. А. Миллердің пікірінше: «Біраз уақыт өткен соң Баба сұлтан жаңа арамдығын іске асырып, өз мақсатына жетті. Ол Абдоллаға бағынған кейіп танытып, 1579 ж. тамызда бейбіт бітім жасасты. Осымен бір уақытта ол қазақтарға маңызы зор аймақтар – Түркістан мен Сауранды беремін, егер де олар Абдоллаға қарсы шықса деп хабар береді. Хафиз Таныш: «(Баба сұлтан) қазақ сұлтандарының жер қайысқан әскеріне қарсы тұруға өзінің мүмкіндігі мен күші болмағандықтан олармен одақ жасасты, Яджуджам сияқты осы тобырға (Баба сұлтан) сойырғыл ретінде Иасы және Сауран уәлияттарын берді», – делінген. Бірақ бұл мәліметте қазақ ханының аты аталмайды. Сондықтан да біз бұл одақ Баба сұлтан мен кейбір жеңіл олжа тапқысы келген қазақ сұлтандары арасында болды деуімізге негіз бар. Ал Баба сұлтан өз кезегінде бұл уәлияттарды беру арқылы қазақ сұлтандарын Бұқараға бірлесіп шабуыл жасауға көндірмек ниетімен болды. Ол бүлікші қазақ сұлтандарымен кеңесе келіп, қазақтан Сарбан сұлтан Сырдариядан жүзіп өтіп Бұқараның түмендеріне шабуыл

жасауға, ал Бұзағыр сұлтан басқа бауырларымен Самарқанд уәлиятына аттану тиіс деп шешті. Бірақ Бұзағыр сұлтан бірінші болып аттанып, Сырдариядан өтіп, жолындағының бәрін қиратып, талап-тонап Кснбай дсгсн жерге дейін жетті. Көп олжа алып кері қайтты. Нақ сол кезде Сарбан сұлтан көп әскерімен Сырдариядан өтіп, Бұқара маңын шапты, олардың барлық малын айдап әкетті.

Осылайша, қазақ сұлтандары мен Баба сұлтан әскері одақтасып, 1579 ж. соңында Бұқараны шауып, олардың малдарын айдап әкетті. Ал Бұқараның билеушісі бұл іске қатты наразы болды. Өйткені Яссы мен Сауранды қазақтарға беру Абдолланың жоспарында болмады. Ол қазақтардың күшеюін қаламады, оларға тек уақытша әскери одақ ретінде қарады. Сөйтіп, Бұқараға шабуылдан кейін Абдолла хан қазақтарға қарсылығын күшейте бастады. А. Миллердің жазуынша «Осыдан кейін Абдолла мен Хақназар арасындағы одақ бұзылады».

Бірақта, қазақ хандығының Баба сұлтанмен одағы баянды болмады. 1580 ж. Баба сұлтан Абдоллаға қарсы қарулы күресін қайталады. Тарихшы А. Миллердің пікірінше: «Хақназар осы тұста ешбір іс-қимылсыз болды, ол өзінің Баба сұлтанмен жақындасуын қателік екенін түсінген болар, бірақ Абдоллаға да бас иіп барған жоқ және Түркістанды да өз ықтиярымен бергісі келмеді». Бұдан біз Хақназар ханның Баба сұлтанмен одақтаспағанын, оның Бұқара ханның алдында ешбір кінәсі жоқ екенін және кінәсіз өзімен тең одақтасына бас иіп кешірім сұраудың қажеті жоқ екенін түсініп, ешбір іс-қимылсыз болғанын көреміз. Ал Баба сұлтанмен одақтасқан қазақтың өзге сұлтандары болғаны сөзсіз. Осылайша, ешбір кінәсіз болған Хақназар Баба сұлтанды өлтіруді ойластырады.

1580 ж. сәуірде Ташкент әміршісі әскери күш жинап, қазақтарға Абдолла ханға қарсы бірігіп аттануды ұсынып, Жанқұлы биді елші етіп оларға жібереді. Осы кезде Хақназар, Баба сұлтанның қайын атасы Жалым сұлтандар Бабаны өлтірмек болып, қастандық ұйымдастырады. Бірақ қастандық кездейсоқ ашылып қалады. Өйткені осының бәрін естіген Жанқұлы биді өлтіру тапсырылған адам оны аяп босатып жібереді де, ол Баба сұлтанды алдын ала ескертуге мүмкіндік берді. Осы уақытта Баба сұлтан Шерабхан өзенінің жағасында Хақназардың жіберген өкілдерімен сөйлесуге келеді. Онда Жалым сұлтан екі ұлымен және Хақназар ханның екі ұлы ешнәрседен күдіктенбей барады. Олар сөйлесіп болған соң бірігіп Хақназарға бармақшы болады. Жол жөнекей Баба сұлтан күтпеген жерден ат үстіндегі сұлтанды ұстап алып, өз адамдарына белгі береді. Күдіксіз қазақ сұлтандарын қылышпен шауып өлтірді. Ол жайында Хафиз Таныш: «Олардың қызыл қаны бүкіл даланы бояп, қызғалдақтай жайылды», – деп көрсетеді. Осыдан кейін Баба сұлтан Бұзағырға Хақназарды қуып жетіп, оны қылышпен өлтіруді бұйырады.

Хақназардың қалай, қай жерде, не себепті өлгені туралы еш бір мәлімет жоқ. Бірақ Бұзағыр өзін Баба сұлтанның өлтірмек ниетін біліп қойып, қашып кеткені ғана мәлім. Сонда Баба сұлтан оның ізімен Бөлтірік бидің баласы Достым биді жіберген. «Олар күтпеген жерден Бұзағыр сұлтан

әскерінің Хақназардың мүлкі мен малын қолға түсіріп, оны қуып бара жатқан қосынына ұшырасты», – делінген. Бұл оқиғалардың барлығы кеш дегенде 1580 ж. мамырға дейін болған, өйткені сол кезден бастап Хақназар туралы хабар ешбір деректе кездеспейді. Хақназар ханның Баба сұлтан адамдарының қолынан қаза тапқаны айтпаса да түсінікті секілді.


Осы оқиғадан кейін, мұны естіген Абдолла хан Баба сұлтанға елші жібереді. Онда: «Біздің бұрынғы және сендердің де дұшпандарың қазақтардың өліміне біз өте қуаныштымыз. Бірақ бізге сенің адалдығыңа сенімділігіміз нығаюы үшін сен Бұзағыр сұлтанды өлтір, сонда Ташкент уәлияты өз қолыңда қалады. Ал егер олай болмаса, сені де құртып, ешқашан кешірмейміз», – дейді. Қадырғали Жалайырдың бойынша «оның ұрпағы осыдан кейін патшалық етпеді».

Хақназар ханның генеологиясына тоқталсақ, оның екі ұлын 1580 ж. Баба сұлтан өлтірген. Ал Мунгатай мен Дін Мұхаммед деген екі ұлы 1588 ж. Ташкенттегі көтеріліске белсене қатысқан екен.

Бұл мәліметтерден біз Хақ-Назардың халқының қамын ойлаған билеуші, шебер дипломат, көреген саясаткер және талантты қолбасшы болғанын көреміз. Осылайша, Қазақ хандығы Хақназар ханның тұсында ішкі және сыртқы саяси жағдайы жақсарып, қазақ мемлекетімен көрші жатқан орыс, өзбек және т.б. елдер байланыс жасап, достық одақтар жасауға ұмтылды. Өйткені XVI ғасырдың II жартысында Қазақ хандығы Хақназар ханның тұсында шын мәнінде қайта түледі.

Бақылау сұрақтары:

1. «Қайта өрлеу» кезеңінің ерекшеліктері.
2. Хақназардың ұстанған ішкі саясаты.
3. «Қайта өрлеу» кезеңіндегі сыртқы саясаттың ерекшелігін деректер негізінде талдаңыз.
4. Хақназар ханға ортағасырлық деректер негізінде сипаттама беріңіз.



Қазақ хандығының саяси тарихына қатысты зерттеулер

§ 4. Шығай мен Тәуекел хандардың тұсындағы саяси өзгерістер

1580 жылдан кейін Хақназар ханның аты деректерде кездеспейді, ал оның немере інісі Шығай (Сығай) Қазақ ханы деп аталған еді. Осы уақытқа дейінгі деректерде Шығайдың аты көп аталмаса да сұлтан деп берілетін. Шығай әйгілі Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдік (Йадык) сұлтанның баласы. Анасы Абайқан бегім еді. В.В. Вельяминов-Зернов өз еңбегінде: «Жәдіктің ұлы Шығай ұзақ ғұмыр кешкен, шамамен 80 жылдай», – дейді. Т.И. Сұлтанов: «Шығай тосыннан болған хан. Оның үлкен гаремі, көп әйелдері және ол үлкен жанұяның басшысы еді. Биліктің пирамидасына Шайбанилық Абдолла ханның ықпалымен келді», – деп көрсетеді. Ал А. Миллер «Денесі мен рухы әлсіз, кәрі, 80 жастағы Сығай Қазақ ханы болды. Жәнібек әулетіндегі ең үлкені болғандықтан да билікке келгенін» атап өтеді.

Хафиз Таныш Шығай ханды көрген адам ретінде: «Шығай қыр мен шөлді далада өсті, көптеген ұлы істерге қатысып, қиындықтарын көрді», – дейді, Шын мәнінде, ол өз кезегінде көпті көрген тәжірибелі адам еді. Ол Хақназармен бірге көптеген жорықтарға қатысып, кейіннен оның ісін алға жалғап, хандықтың іргесін кеңейтіп, босағасын бекіте түсті. Қазақ сұлтандары мен Хақназар ханның жау қолынан қапыда өлгенін есті сала, жасақты қолдың жиналуын күтпей, аз сарбазбен аттанып, Талас өзенінің бойында Баба сұлтан мен Бұзағыр сұлтанның әскеріне бастап барады. Бірақта ол бұл жолы жасанып келген жаудан жеңіліс тауып, шегінді.

Шығай хан мен Абдолла хан бір шешімге келмей тұрып-ақ Бұқара ханы Қазақ ханына адам жіберді. Оларға Шығай хан: «Өзім тірі болсам ешқашанда Баба сұлтанмен достаспаймын, оны көргім де келмейді», – дейді. Абдолла ханға да керегі осы еді. Ол Ташкент пен Түркістан аймағында Баба мен Бұзағыр сұлтанмен, ал Ферғанада Мехди, Абдол Ғаффар, Хашим сұлтандармен екі жақты күресті жүргізуде Шығай ханның қолдауына сүйенуді ойластырды.

Бұл жөнінде М.Х. Әбусеитова: «Хақназардың өлімінен кейін Шығай Баба сұлтанға қарсы аттанды, осы ісімен келешекке үміті зор Абдолла ханға адалдығын дәлелдегісі келді», – деп жазады. Сонымен қатар XVI ғасырдың 80 жылдарынан бастап Шығай мен Тәуекел хандар Бұқара ханына қызметке кіріп, боданына айналғанын атап өтеді. Шығай хан да жауы Баба сұлтанды жою мақсатында 1581 ж. маусымда ұлы Тәуекел, басқа да сұлтандармен бірге Абдолла ханның ордасына келеді. Хафиз Таныш: «Ұлы мәртебелі өзіне тән мейірбандылық пен қайырымдылығымен оған (Шығай ханға) сыйластығы мен құрмет көрсетті. Оны аса мейірбандылығымен құрметтеп, ихта ретінде Ходжент жерін берді.

Шындығына келгенде, Шығай ханға осындай құрмет көрсетіп, оған ихта ретінде жер беруі қазақтардың Бұқара хандығымен терезесі тең ел екенін және де Абдолла ханның Қазақ хандығында мүддесі болғаннан көрсетеді.

Ресми түрде Шығай хандық билікте отырғанымен, іс жүзінде ұлы Тәуекел сұлтан қазақ әскерін басқарып отырған. Хан тағында Шығай екі-ақ жыл отырды. 1582 жылдан кейін оның аты деректерде аталмайды.

Қадырғали Жалайырдың айтуынша: «Шығай ханның хикаясы әрқашан оның батырлығымен мәлім, мәшһүр болды. Ақырында ол да дүниеден өтті. Бұл күнде оның қабірі Күміскентте, Әли-Атаның қасында жерленген болатын».

Көптеген тарихшылар Шығай ханның Мәуереннахрда, өз елінен тыс-қарыда қайтыс болғанына түрлі пікірлер айтады. Тарихшы М.П. Вяткин Шығайдың Мәуереннахрға келуін оның Бұқара хандығына өтуі деп қабылдайды да, оны қазақ ханының өз қуатының әлсірегенін сезіп, Абдолладан пана іздеуі деп түсіндіреді. Ал А.П. Чулошников қазақтардың Талас өзені жағасында Баба сұлтанмен күресте жеңіліс табуы оларды сыртқы қатынастарда әлсіретіп тастады, өйткені оларға бүлікші Баба сұлтанмен шағат ұрпақтарынан шыққан моғол хандары екі жақтан қауіп төндірді дейді. В.П. Юдин Шығай ханды қазақтардың өзге хандары қуып жіберген десе. Ал М.Х. Әбусеитова Шығай ханды қазақтардан бөлініп, халқына қарғанды болып, Шайбанилер арасына кетіп, жалғыздықта өлген Тахыр хан секілді өлді деген тұжырымдар жасайды. Осы пікірлерді Қойшығара Салғараұлы еш бір негізсіз деп тауып «Шығай хан Абдолла сұлтаннан Ходжентті алып, мұнда нақшбанд ұйымының сопыларының қоршауында болған. Ол сырттан қаңғып өлмеген, ресми түрде қазақтың ханы атанған күйінде, өз жөнімен, өз ажалымен, өз иелігі Ходжентте жарық дүниемен қоштасқан» деген пікір білдіреді. Барлық жағдайды саралап қарасақ, қазақтың ханы болған, көпке сыйлы, кәрі адам, балалары да болашақ хандар Тәуекел, Есім сұлтандар өз әкелерін қаңғытып, өлімге душар ету ата салтымызда жоқ. Сондықтан да Шығай ханды қаңғып өлді деуге негіз де жоқ секілді. Және де Шығай ханды көп зерттеушілер 1582 ж. Баба сұлтанға қарсы Абдолла ханмен біріккен Ұлытау жорығынан кейін қайтыс болған десе, ал Қ. Салғараұлы 1582 жылдан кейін 4 жыл өткеннен кейін қайтыс болды дейді. Әрине, Шығай ханның 1586 ж. қайтыс болғаны туралы әлі дерек табылған жоқ.

1582 жылдың басында Шығай хан мен Тәуекел сұлтан бастаған қазақ сарбаздары Бұқара ханы Абдолланың әскерімен бірігіп, әскердің оң қанатын құрып, шешуші шайқасқа аттанды. Көп әскерді бастап олар Сырдария өзенінен өткенде Баба сұлтан мұны естіп, Ташкенттен Дешті даласына қашады. Абдолла мен Тәуекел бастаған қол Сайрам, Түркістан (Ясы), Сауран, Сығанақ қалаларынан өтіп, Сарысу өзенін кесіп өтеді де Ұлытаудан солтүстікке дейін барады. Бұл кезде екі жүзді Баба сұлтан ноғай мырзаларына барып, осында пана табады. Бүлікші сұлтан ол жерде де тыныш жатпай ноғай мырзаларына қастандық ұйымдастырып, олардың жерін өзі иеленгісі келді. Бірақта мұны ноғай мырзалары біліп қойып, Баба сұлтан олардан кетуге мәжбүр болады. Ендігі кезекте Баба сұлтан Түркістан аймағын өз қолына қайта алып, әскер жинауды ойластырып, сол жақа қарай бет алады. Қаладан алыстау жерді паналап, өзінің екі қалмақ әскерін қалаға жағдайды біліп, азын-аулақ киім мен азық алып келуге жібереді. Ол екі қалмақты жол жөнекей Тәуекел әскерімен ұстап алады. Ал Абдолла хан бұл кезде Бұқараға қайтып оралған еді. Осы екеуі арқылы Тәуекел Баба сұлтанды оңай қолға түсіреді. Тәуекел сұлтанның Бабаны өлтіруі туралы Мұхаммед-йар ибн Араб Қатағанның 1605 жылы жазылған «Мусаххир ал-билад» (Покорение

стран) деген еңбегінде «Баба сұлтан кескілескен ұрыста садақтан жарақат алып, құлады. Тәуекел хан осы сәтте оның басын денесінен бөліп алып, Абдолла ханға 1582 жылы 7 тамызда жеткізді», – делінген.

Абдолла хан осы ерлігі үшін сый ретінде мол тартулар мен Африкент уәлиятын үлеске алды (бұл уәлият Соғды мен Самарқанд жақта еді, ол Ескендірдің жер үлесі).

Осылайша, ортақ жауға бағытталған көп жылдық күрес аяқталып, Қазақ хандығы мен Шайбанилер әулиеті арасындағы қарым-қатынастарды түпкілікті өзгеріске алып келді. Өйткені ортақ мақсат жоқ, Ташкент пен Түркістан түпкілікті Абдолла ханға қарады. Ендігі жерде Абдолла хан қазақтардың қолдауына мүдделі болмады. Ал қазақтар болса көп жылдар бойы Түркістан аймағын иеленуге талпынып, бұл жолы Абдолла ханды одақтас ретінде емес қарсыласы ретінде көрді.

1582 жылы Шығай хан қайтыс болады. Одан кейін хандық билікке оның ұлы Тәуекел келді. Тәуекел (Тевеккел, Тевкел, Тауке, Тукай) шағатайлық Яхшым бегімнен туылған Шығай ханның ұлы.

Хафиз Таныштың өзі Тәуекел ханды: «Батырлығы, ерлігі мен күштілігі жөнінде ол әлемде жалғыз еді және Дешті Қыпшақта атақты болды. Оның сырт келбеті де сұлу, ақындық таланты да бар», – деп сипаттайды.

И.В. Ерофеева Тәуекел ханды: «Қазақ хандығының басында тұрғандағы барлық кезеңінде Тәуекел өзін талантты және тез шешім қабылдай алатын қолбасшы, сыртқы саясатта шебер тактика пайдалана алатын хан ретінде көрсете алды», – дейді. Сонымен қатар «Тәуекел жастық шағын елінен алыста Бұқара хандығында өткізіп, XVI ғасырдың 80-жылдары өз әскерімен Абдолла ханға қосылып, бірігіп белсенді түрде Баба сұлтанмен күресіне қатысты», – дейді. Шайбанилық Абдолла ханның сарайында жүргенде жас сұлтанға Бұқара ханы сыйластықпен өзіндік ерекше мейірімділікпен қарады. Қазақ сұлтаны Абдолла ханның баласы Абдал Момынмен және көптеген сұлтандармен әскери жарыстарда Тәуекел көзге түсіп, осы үшін де бірнеше рет «алтын жіппен тігілген халат, қымбат тастармен әшекейленген бас киім мен белбеумен» марапатталғанын Хафиз Таныш жазады.

Т.И. Сұлтанов Тәуекел ханның билікке өте қиын кезеңде отырғандығын атап өтеді. Бұл кезеңде бір жағынан Шайбанилық Абдолла, моғол және жоңғар қатынастары шиеленісте болды. Осындай тұста Тәуекел өзін соғыстың білгірі, епті саясаткер екенін көрсете алды.

Осыдан кейін, 1583 жылы жазда Тәуекел Абдолла ханның Әндіжан мен Ферғанаға жасаған жорығына қатысады. Бұл жорықта Тәуекелге Шайбанилық Махди сұлтан мен Баба сұлтанның ұлы Абдалл Ғаффарды өлтіру сәті түседі. Сөйтіп, жорықтан қайтып келе жатып Хафиз Таныштың айтуынша: «Әндіжан мен Ферғанаға жорықтап қайтып келе жатқанда Абдолла ханның Тәуекелге теріс ниетінен күдіктеніп, оны тастап, өзінің Дешті Қыпшағына кетіп қалды», – делінген. Шынында да, өз туыстарын билікті заңды мұралануы үшін аямай өлтірткен Абдолла хан, Жошы ұрпағы Тәуекелдің де Орта Азиядағы билікті заңды түрде алу үшін күрес алаңына шығатынынан сезікті. Оны Тәуекел сезді және де Абдолла қазақтарға Түркістан өңіріндегі 4 қаланы беремін деп,

уәдесін орындамаған еді. Ал Т.И. Сұлтанов: «Тәуекел Абдолла ханның қол астында қалып, өз елінің тәуелсіз билеушісі бола алатынына сенбеді. Өзінің құқықсыз хан ретінде жүруден бас тартып, Мәуереннахрдан Ұлы далаға Абдолла ханға қарсы әскер жинау үшін оралды», – дейді.

А. Миллер: «Тәуекел өз еліне оралғаннан кейін, қолға қару алып 3 жыл бойы әкесінен қалған хандық билікті заңды мұралану үшін күресті. Өйткені, көптеген сұлтандар оның билігін мойындағысы келмеді», – дейді. Тәуекел хан қарсыласы Шайбанилық Абдолла ханмен күресу үшін де қажырлы күш жұмсап, ішкі және сыртқы шиеленіскен жағдайды туырлауына тура келді. Ал 1583 ж. әкесі Ескендір қайтыс болғаннан кейін Абдолла өзін хан деп жариялады. Осындай жағдайда Тәуекел хан 1586 ж. бастап Сыр бойындағы қалаларды иелену үшін күресін бастады. Бұл ханның сыртқы саясаттағы басты мақсаты еді. Өйткені Қазақ хандығын қалпына келтіріп, нығайтып, тәуелсіз ету үшін Түркістан аймағын иеленудің маңызы зор екенін түсінді. Сөйтіп, оның бірінші талпынысы 1586 жылы болды. Тәуекел хан Абдолланың көп әскерімен оңтүстікте екенін біліп, күтпеген жерден Ташкент аймағына шабуыл жасайды. Шеребханда (Ташкент маңында) Тәуекелді нашар қаруланған қазақтар қарсы алды. Олардың оқ пен қылыштан қорғаны тон мен жылқының терісінен тігілген киім болды. Сондықтан Ташкенттіктер қазақтарды әлсіз жау деп тауып, олардың артынан ешбір қауіп-қатерсіз қуады. Бірақта қазақтар қарсы шабуылға төтеп беріп, ташкенттіктерді тез басты, сөйтіп ташкенттіктер арасында үрей пайда болды. Тәуекелдің бұл жорығы Ташкент, Түркістан мен Самарқандқа қауіп төндірді. Осы тұста Абдолланың ағасы Ұбайдолла Самарқандтан көмекке келгенін естіген қазақ ханы артқа шегінуге мәжбүр болды. Осылайша Тәуекелдің бірінші жорығы нәтижесіз аяқталды.

Бұл жорық тәуелсіз Қазақ хандығының Бұқара хандығына ешбір сырт елдердің көмегінсіз жасаған алғашқы жорығы еді. А. Миллердің айтуынша: «Екі жылдан кейін, 1588 ж. Тәуекел қайталап Ташкентті басып алуға талпынды, бұл жолы Ташкенттегі өзінің сенімді адамдары арқылы көтеріліс ұйымдастырды», – дейді. Ал зерттеуші М.Х. Әбусеитова: «Бұл көтеріліске Тәуекел хан қатыспады. Өйткені оған Хақназар ханның екі ұлы қатысты, ал олармен Тәуекелдің қарым-қатынастары дұрыс емес еді», – деп түсіндіреді.

1588 ж. оқиға қазақ халқының тарихында маңызды оқиғалардың бірі екенін атап өту қажет. Хафиз Таныштың айтуынша бұл Ташкенттегі көтеріліс Абдолла хан мен оның немере інісі осы аймақтың билеушісі Рүстемнің ұлы Өзбек ханға қарсы еді дейді. Бұл уақытта Абдолла хан Гератта соғысып жатты. Сөйтіп, Пскентте осы қаланың бақуатты адамдары, ақсүйектер және әмірлер де болды. Бұл көтерілістің себебі Абдолланың заңсыз хандық билікке келуінде еді. Шайбанилық әулеттің дәстүрі бойынша ханды билікке шайбанилық әулет өкілдерінің қалауымен, мақұлдауымен отырғызатын. Бірақ Абдолла билікке шайбанилық сұлтандардың емес, әмірлердің көмегімен келді. Өйткені Абдолла тақтың заңды мұрагері болмағандықтан және шайбанилықтар хандық билікке Абдолладан жасы үлкен Шайбанилықтардың бірін отырғызады деп қорқып, ол әкесі өлгеннен

кейін тез арада әмірлермен келісіп, өзін хан жариялайды. Сондықтан да ықпалды ақсүйектер мен шайбанилық сұлтандар бүлік шығарды. Осылайша, көтерілісшілер Абдолла ханның даруғасын өлтіріп, қазақ сұлтаны Жан-Әліні хан етіп көтереді. Ташкент уәлаятының билеушісі Өзбек сұлтан Абдолла мен басқа да шайбанилықтарға шабарман жіберіп, көмек сұрайды. Алайда көмек келсе де, көтеріліс тоқтамады. Көп кешікпей бүлікшілерге Хақназардың ұлдары Мыңғытай мен Дін Мұхаммет сұлтандар келіп қосылады. Олар әкесінің кегін қайтару үшін ыңғайлы сәтті күткен тәрізді.

Бұл көтеріліс үш айға созылып, бұқаралық сипат алғанымен тез басып, жаншылды. Ташкент Бұхара хандығының қол астына қайта кірді. Осыдан кейін 1598-1599 жылға дейінгі Қазақ хандығы мен Шайбанилер әулеті арасындағы қарым-қатынастар туралы мәліметтер жоқтың қасы. Тек қана 1594-1595 ж. қазақ-орыс қарым-қатынастарынан Мәскеуге жіберілген Тәуекел ханның елшісі Құл Мұхаммедтің: «Ал Бұхара патшасымен уақытша бейбіт қатынастамыз», – деуі қазақ-өзбек қатынастарының уақытша бітімге келгенін көрсетеді. Сондай-ақ Тәуекел хан бұл құжаттарда «қазақ және қалмақ ханы» деп беріледі.

Шын мәнінде, Тәуекел хан орыс елінен Бұхараны бағындыру үшін от қару сұрайды, ал орыс елі қазақ елін өз боданына айналдыруға дайын тұрды. Олар қазақтарға Ораз Мұхаммедті де, от қаруды да бермеді. Өйткені қазақтардың күшті халық екендігінен ноғайлар арқылы хабарлары болды және қазақтарға сұрағанын беру өздеріне қауіпті еді.

Зерттеуші Н. Атығаев бұл туралы: «Осы кезде қазақ билеушісі Тәуекел хан Шайбанилық Абдолла ханмен уақытша мәмілеге келуін пайдаланып, оған қарсы өзіне одақтас табуға кірісті. Ондай одақтасы Сефевилік мемлекет еді. Оларда Шайбанилармен үнемі соғыста еді», – дейді. Бұл XVI ғасыр басынан басталған күрес екенін атап өту қажет. Қазақтар орыстармен одақтасудан үміттері үзілгеннен кейін осы шешімді қабылдаған секілді.

1594 ж. Қазақ елшісі Құл Мұхаммед Мәскеуге Сефевилерден елші келгенін естіп, онымен келісім жасауға талпынады. Ол өз мақсатын: «Біз қызылбашылармен (Сефевилер) бірігіп бұхаралықтарға қарсы күресуіміз керек», – деп түсіндіреді. Бұл, әрине, Тәуекел ханның сыртқы жауларымен күресуге бағытталған одақ еді. Қазақ хандығы өзінің көздеген мақсатына жету үшін қазақ жеріне Құл Мұхаммедпен бірге орыс елшісі В. Степанов және Сефевилік елші Дервиш Мағметті шақырады. Ал Сефеви мемлекетінің Аббас шахына қазақтар өз елшілерін жібереді. Өкінішке орай, бұл қарым-қатынастар туралы мәлімет беретін дерек қазірше жоқ. Сонымен, Қазақ хандығы ешбір одақтассыз, өзінің күшіне сеніп қана Шайбанилық әулетті жеңу керектігіне көздері жетті. Сырттан одақтас табу әрекеті нәтижесіз аяқталды. 1998-1599 ж. қазақтар үшін сәтті кезеңдердің бірі еді. Өйткені осы уақытта Абдолла ханның үстемдігі саяси тоқырауға түсті. Абдолла ханға өз ұлы Абдал Момын да қарсы шығып, ол жағдай ұлын жақсы көретін әкесіпің денсаулығына кері әсерін тигізді. Осыны көре білген қазақ ханы тыныш жатпай, өз мақсатына жетудің кезеңі пісіп жетілгенін түсінді. Сөйтіп, Тәуекел хан жорыққа қайта аттанады. Тәуекелдің Мәуереннахрға жорығы туралы мәліметтер бірнеше нарративті, парсы және тәжік тілдеріндегі дерек-

терде кездеседі. Олар – Ескендір Муншидің «Тарихи аламара-ий Аббаси», Мұхаммет Аваздың «Заийа ал-Кулуб», Мұхаммадиар ибн Араб Катағанның «Мусаххир ал-билад», Қыпшақ ханның «Тарихи Қыпшақ» еңбектері. Бұл деректерді 1598-1599 ж. оқиғаның замандастары ол оқиғадан көп уақыт өтпей-ақ жазған. Сондықтан да ол деректердің мәліметтері ерекше құнды.

Ескендір Муншидің мәліметі бойынша Абдолла хан Тәуекелді өзіне лайықты қарсыласы деп санамады және оған қарсы өзінің әскерінің бір бөлігі мен шекаралас аймақтағы сұлтандар мен әмірлердің әскерін жіберген еді делінген. Ташкент пен Самарқанд арасындағы жерде екі ел арасында соғыс жүреді. Бұл соғыста Абдолла хан әскері жеңіліске ұшырайды. Бұл жеңілісті естіген Абдолла хан тез арада жаңадан әскер жасақтап, оны өзі басқарады. Жорыққа дайындалып болғаннан соң ол Гераттағы Күлбаба-Көкілташ әмірге адам жібереді. Бұл кезде Тәуекел Абдолла ханның келе жатқанын естіп, далаға шегініс жасап, күте тұруды ойлайды. Бірақ Абдолла ханның денсаулығы күрт нашарлап, 1598 жылы көктемінде қайтыс болады. Осыдан кейін Бұхара хандығында саяси тұрақсыздық орын алып, билікке Абдолланың ұлы Абдалл Момын келді. Көп ұзамай 1598 ж. жазда оны бүлікші әмірлер өлтіреді. 1598 жылы тамызда Абдалл Момын қайтыс болғанын естіген Тәуекел хан Шайбанилердің жерін жаулап алу үшін белсенді қимылға көшеді. Ескендір Муншидің дерегі бойынша Тәуекел мен оның інісі Есім сұлтанның біріккен әскері 100 мыңға жуық дейді. Ал Мұхаммед Аваз сонымен қатар, Тәуекелмен бірге 120 сұлтан болды дейді. Яғни бұл жорыққа барлық қазақ сұлтандары жұмыла кіріскенін көреміз. Сондай-ақ Тәуекел ханның әскерінің құрамында дала өзбактері мен түркістандықтар да болды. Тәуекелге сол кезеңдегі ықпалы күшті діни ұйымдар да көмектесті. Шайбани әулетінің кейбір ықпалды өкілдері көмек беріп, оның есесіне Түркістан мен Мәуереннахрдағы билікті бөліске салуды көздегендер де болды. Мысалы, «Мұсаххир ал-билад» дерегі бойынша Өзбек сұлтан Тәуекелмен Абдоллаға қастандық ұйымдастырмақ болып, Абдолла ханның кек алуынан қорқып өз балаларын қазақ ханына жібереді және де бұл әрекеті үшін Тәуекел Түркістан мен Мәуереннахрды жаулап алған соң тең бөлісеміз деп уәде берген екен. Осы мәліметтерге қарағанда Тәуекел ханның билікке келіп, Орта Азияны жаулап алуына Шайбанилық ақсүйектер қарсы болмаған. Осылайша, Тәуекел ханның Орта Азияға жорығы кенеттен және тұтқиылдан болған жоқ. Себебі оны Мәуереннахр да күтті және көмек көрсетеміз деп уәде де берді. Сондықтан да бұл жорық арнайы жоспарлы түрде дайындалған деуге негіз бар. Сонымен, Тәуекел хан Түркістаннан Мәуереннахрдағы Ахси, Әндіжан, Ташкент, Самарқандты Мийанқалаға дейін басып алып, Есім сұлтанды 20 мың әскермен Самарқандта қалдырады. Ал өзі 70-80 мың әскермен Бұхараға беттейді. Бұхарада небары 10-15 мың әскермен Пір Мұхаммед (Шайбанилық сұлтан) қаланы бекітіп, 11 күн бойы қаладан шықпайды. Он екінші күні Бұхараның барлық халқы шығып, кескілескен күрестен кейін Тәуекел ханның әскері жеңіліс табады. Мұны естіген Есім сұлтан ағасына артқа шегін деп өтінеді. Сөйтіп, олар шегініп, жорыққа қайта дайындалады. Осыдан кейін Пір Мұхаммед әскері Тәуекел әскерінің артынан қуып келеді. Екі жақ әскері ашық далада Ұзын сақал деген жерде қайта

соғысады. (Ескендір Мунши бойынша Ұзын сақалда, «Зийа ал-кулуб» дерегі бойынша Сар-и Пулда, «Мусаххир ал-билатта» және «Бахр ал-асрар» бойынша Үш-қарада болды.) Пір Мұхамметке көмекке Баки сұлтан келеді. Бір айдай күрестен кейін, көп сұлтандар мен ерлер қаза табады. Осы күресте Тәуекел хан да қатты жараланып, Ташкентке оралады. Сөйтіп, осы жерде Қазақ ханы көз жұмады.


Осы қысқа мерзімде Тәуекел хан Түркістан, Ташкент, Ферғананы өз иелігіне қосты. Оның Орта Азияға жорығы алдын ала жоспарланған және де көп жылдар бойы дайындалған, нақты мақсаттарға жұмылдырылған күрес еді. Тәуекел хан Шайбанилық иелікті қосқанда ғана Қазақ хандығына байланысты шаруашылық-экономикалық, саяси-әлеуметтік оқшаулануды жоя алатынын түсінді.

Тарихшы М.Х. Әбусеитованың айтуынша Тәуекел хан өзінің басты мақсаты – Мәуереннахрды қазақтардың қол астына кіргізе алған жоқ. Бірақта Түркістан, Ташкент, Ферғана белгілі бір кезеңдерге дейін қазақ жерлерінің құрамына кірді. Ал бұл өз кезегінде қазақ және ортазиялық хандарының арасында Нақшбанди орденінің сопы шейхтерінің ықпалымен жасалынған бейбіт бітіммен нығайтылды. Қазақ хандарының Түркістанды билеуіне нақшбанди шейхтары өздерінің рұқсаты мен оң батасын берді.

Шайбанилық Абдолла хан мен Абдалл Момын билікке басқа шайбанилықтар келіп қояды деп, бәсекелес, қауіпті адамдар ретінде оларды өлтіртті. Сөйтіп, шайбанилықтардан жалғыз ғана Абдолла ханның ағасы Пір Мұхаммед қана қалды. Осыдан кейін Шайбани әулеті өмір сүруін тоқтатады. Өйткені, Абдалл Момынның өлімінен кейін Бұхара тағына Шайбан әулетінің мұрагер қызы мен Джаннан туылған Баки Мұхаммед келіп, Аштарханилық әулеттің билігі орнайды. XVII ғасырлардағы оқиғалар жаңа бір тарихи кезеңнің басталуымен сипатталады.

Бақылау сұрақтары:

1. Шығай ханның жүргізген саясатына баға беріңіз.
2. Тәуекел ханның сыртқы саясаттағы жетістіктері мен дипломатиялық шеберлігін анықтаңыз.
3. Тәуекел ханның тұсындағы қазақ-орыс қатынастарын талдап көрсетіңіз.
4. Т.И. Сұлтанов, М.Қ. Әбусейтова, Б.Б. Кәрібаев және т.б. зерттеушілердің еңбектерінің негізінде XVI ғ. қазақ билеушілерінің жүргізген саясатын сипаттаңыз.



§ 5. Есім хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси тарихы

XVI ғ. соңы – XVII ғ. басы Қазақстан тарихындағы ерекше кезеңдердің бірі болды. Қазақ хандығының халықаралық жағдайы үлкен өзгеріске ұшырады. Себебі 1635-1758 ж. Жоңғар хандығы құрылып, бұл көшпелі мемлекет қазақтарға үлкен қауіп туғызды. Сондай-ақ оңтүстік-батыс аймақтарда да, Мауареннахрдағы билеуші Шибан әулетінің орнына Аштарханилер әулеті билікті өз қолдарына алды. Бұл кезеңде қазақ мемлекеттігінің, көршілес елдермен және халықтармен белсенді әскери-саяси, сауда және мәдени қатынастарының нығаю уақыты. Осы кезде қазақтардың билігі Ташкент, Түркістан, Сауран, Әндіжанға жүріп тұрды және ол қалалар үшін қазақ билеушілері мен жаңа әулет Аштарханилер (1598-1743 ж. Мауараннахрды билеген әулет) арасында үнемі соғыстар жүрді. Дәл осындай кезеңде Қазақ хандығындағы билік Есім ханның қолына өтті.

Есім хан – Шығай ханның он екі ұлының бірі, Сейітқұл сұлтаннан, Ондан сұлтаннан және Тәуекел ханнан кейінгі төртінші ұлы. Анасы шағатайлық Яқшым бике (Жақсы бике болуы да мүмкін). Тәуекел хан екеуі бір анадан туған. Оның толық есімі – Есмұхаммед (Ишмұхаммед), бірақ жазба дерек мәліметтері мен ауыз әдебиетіндегі материалдарда, сондай-ақ тарихи әдебиеттерде Ишим, Ашим, Есим, Есім түрінде кездеседі. Т.И. Сұлтановтың дәлелдеп көрсетуі бойынша ортаазиялық халықтар мұндай қоссөзден тұратын ұзақ атауларды өз тілдерінің ерекшеліктеріне сай икемдеп алып отырған. Мысалы, Досмұхаммед деген есімді Достымға, Хажымұхаммедті Қажымға, Шахмұхаммедті Шағымға, Жолмұхаммедті Жолымға өзгерткен. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде, қазақ тілді қазіргі тарихи әдебиеттерде бұл есім Есім хан түрінде кездеседі.

Есім ханның нақты қай жылы дүниеге келгені белгісіз, бірақ оны шамалап айтуға болады. Қадырғали Жалайыр дерегіндегі Оразмұхаммедке қатысты «Сегіз жасында атасы Шығай ханнан айырылды. ...Он үш жасында өз әкесі Ондан сұлтан шахит болды. ...Он алты жасында бүкіл христиан падишахы Борис Федоровичке қызмет істеуге дайын болды» деген мәліметтерден Есім ханның ағасы Ондан сұлтанның 1555 жылы туып, 1585 жылы қаза тапқанын білгеннен кейін, інісі Есім ханды шамамен 1560 жылдың о жағы мен бұ жағында дүниеге келген.

1598 жылғы Орта Азиядағы оқиғаларды және соған байланысты Қазақ хандығының жүргізген саясатын баяндайтын деректерде Есім сұлтанның есімі алғаш рет нақты кездесе бастайды. Бұл кезде Есім сұлтан ағасы Тәуекел ханнан кейінгі ең беделді,ең атақты сұлтандардың бірі болатын.

Т.И. Сұлтанов Есім ханды 1598 жылдың күзінде хан тағына отырды дей келе, Тәуекел ханнан кейінгі қазақ сұлтандары ішінде ең лайықтысы Есім сұлтан болатын деген пікір айтады.

Тәуекел хан қайтыс болып, Есім хан таққа келгеннен кейінгі ең алғашқы жүзеге асырған шарасы Мәуереннахрға қатысты түйінді мәселені шешіп, оны ретке келтіру болатын. Искандер Мунши ол жөнінде былай деп жазады: «Біршама уақыт өткеннен кейін Нахшбендилік шейхтердің арала-

суымен Ташкенттегі қазақ билеушісі мен ортаазиялық билсушілер арасында бейбітшілік орнатылып, Самарқан әскерлері Ташкентке қарсы ешқандай әрекет жасамайды деген келісімге келеді». Бұл дегеніміз – Қазақ хандығының аумағына Түркістан мен Ташкент аймақтарының қосылуын Мәуереннахр билеушілерінің заңды түрде мойындағанын білдіреді. М.Қ. Әбусейітованың пікірінше, бұл келісімшарт Түркістанды түпкілікті түрде, Ташкентті 200 жылға және Ферғананы уақытша Қазақ хандығының құрамына қосады.

Біздің ойымызша, Есім ханның билікке келуі осындай аса маңызды шараны жүзеге асырумен басталады. Жалпы алғанда, Шығай ханның ұлдары Тәуекел ханның қайтыс болуы мен Есім ханның саяси билікті қолына алуы – қазақ елі тарихында бір дәуірдің аяқталып келесі дәуірдің басталғандығын көрсетеді.

Есім ханның билік етуінің алғашқы кезеңінде елдің сыртқы саяси жағдайы неғұрлым қолайлы болса, ішкі саяси жағдай соғұрлым қолайсыз болады. Есім ханға қарсы бірінші боп Түркістан өңіріндегі қарақалпақ тайпалары бас көтереді. 1603 жылдың күз айында олар шайбанилық бір сұлтанды хан көтеріп бөлектене бастайды. Екі жақ арасындағы алғашқы ұрыстар сәтсіз болып, қазақ ханы Түркістан, Ташкент, Сайрам қалаларынан айырылады. Тек 1605 жылы ғана Есім хан қарақалпақ ханы Жалған Әбдіғаппарды өлтіріп қана барып, елдің тұтастығы мен бірлігін сақтап қалады.

Қарақалпақ бүлігінен кейінгі екінші бүлікке қазақ сұлтаны – Тұрсын Мұхаммед сұлтанның бүлігін жатқызуға болады. Шамамен 1613-1614 жылдары Есім ханнан билікті тартып алған Тұрсын хан 13 жылдай Ташкентте хан болып отырады. Ал Есім хан болса Шығыс Түркістандағы шағатайлық хандарға кетуге мәжбүр болады. Есім ханның өмір жолында Тұрсын хан белгілі бір дәрежеде орын алатындықтан, төменде қысқаша болса да Тұрсынмұхаммед ханға тоқтала кетелік.

Тұрсынмұхаммед ханның шыққан тегі ғылымда әлі күнге дейін анықталмаған. Бұл мәселеге арнайы көңіл бөлген Т.И. Сұлтанов оның әкесі Жолым сұлтан екендігін дәлелдейді. Жолым сұлтанның есімі XVI ғ. 60-жылдарындағы оқиғаларды баяндайтын деректерде Хақназар ханмен, Шығай сұлтанмен бірге айтылуына қарағанда ол Жәнібек ханның тоғыз ұлының біреуінен тараған болса керек. Өкінішке орай, қай ұлдың ұрпағы екендігі әлі күнге дейін белгісіз.

Т.И. Сұлтанов Тұрсын ханның қандай жағдайда Есім ханнан билікті тартып алғанын ешбір деректе айтылмайтындығын айта келе, ол билікті алу үшін күресте Мәуереннахрдағы аштарханилық әулеттің билеушісі Имамқұл ханға (1611-1642 ж.) арқа сүйегенін жазады. 1613-1614 жылы Ташкент аймағын билеп отырған Тұрсын сұлтан аштарханилық ханға арызданып, онда кейбір қазақ сұлтандары мен қырғыздардың бірігіп оның ұлысы аумағына тонаушылықтар жасап отырғанын жеткізеді. Мұндай жағдайды Иманқұл хан қалт жібермей, қазақ билеушілері арасында іріткі салу үшін және Ташкент секілді геосаяси және экономикалық маңызы зор аймақта өз адамын отырғызу үшін бірден мол әскермен Ташкентке аттанады. Т.И. Сұлтановтың пікірінше, осы жылдан бастап Тұрсын хан Ташкенттің және оған көршілес аймақтардың билсушісі

әрі қазақтардың ханы болып есептеледі. Ол өз атынан ақша шығарып, баж салығы мен харадж салығын жинай бастайды. Мұндай жағдайда Түркістанда отырған Есім ханның қандай шара қолданатыны белгілі. Бірақта ешбір жазба деректе осы жылдары Есім хан мен Тұрсын хан арасында шайқастардың болғандығы жөнінде ешқандай мәліметтер кездеспейді. «Тұрсын ханның Есім ханмен қатынасы әр түрлі қалыптасты, ол бірде шиеленісіп әскери қақтығысқа дейін барды, кейін хандар бірін-бірі кешіріп, қайта достасты», – деп баяндайды Т.И. Сұлтанов.

Есім хан өмірінің бір кезеңін Шығыс Түркістан аумағында өткізген жылдар құрайды. 1613-1614 жылы Тұрсынмұхаммед хан билікті иеленгеннен кейін Түркістандағы Есім ханмен арадағы қатынас шиеленісіп кетеді. Жоғарыда айтып өткен қазақтың екі ханы арасындағы текетірес кезең 4-5 жылдай уақытқа созылады да, оның ақыры Есім ханның өз жақтастарымен бірге Шығыс Түркістан жаққа кетуіне алып келеді.

1623-1624 жылы Есім хан Шығыс Түркістаннан қайтып оралады. Оның кері оралуының себептері жазба деректерде айтылмайды. Біз оның бірнеше себептері болған деп топшылаймыз. Бірінші себепке Апақ хан мен Абд ар-Рахим хан арасындағы ұзаққа созылған нәтижесіз ұрыстардың салдары жатса керек. Ал екіншіге Тұрсын хан екеуінің арасындағы шиеленістердің бәсеңсіп, Ташкент билеушісінің арнайы шақырған деген болжамды жатқызамыз. Өйткені 1624 жылдан бастап ол Тұрсын ханмен бірге болады. Қалай болғанда да осы жылдан бастап Есім хан туған жеріндегі саяси оқиғаларға араласып, жазба деректерде жиі атала бастайды. Т.И. Сұлтанов «Бахр ал-асрар» дерегінің мәліметіне сүйеніп, 1624 жылы Есім ханның Тұрсын хан ұйымдастырған Андижан жорығына қатысқандығын айтып өтеді. Бұл жорық қазақ хандары үшін өте сәтті аяқталып, Бұхара әскерлері жеңіліске ұшырайды. Осыдан кейін Есім хан Түркістан қаласына орнығады. Түркістан қаласында оған жолығып, оны паналаған, ол туралы дерек қалдырған адам, ол – Әбілғазы бахадүр хан.

1625 жылы болашақ Хиуа ханы әрі тарихшы Әбілғазы Түркістандағы Есім ханға келеді. Бұл туралы ол өзі жазған «Түрік шежіресі» атты кітабының «Үргеніш өзбегінің бұзылғанының баяны» деген тарауда айтып өтеді. Онда ол өз еліндегі қырғыннан қашып шығып, қазақтарға келгенін баяндайды. «Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді, ол Ташкентте тұратын еді, Түркістанға келді. Есім хан оны көре барды, мені есік алдына қойып, өзі барып Тұрсын ханға көрініс қылып, қайтып келіп, менің қолымнан жетектеп алып барды. Тұрсын ханға: «Бұл – Йадгар хан ұлы Әбілғазы, еш уақытта бізге бұл жамағаттан кісі келіп қонақ болған жоқ еді, бізден барғандар көп болар, бұл Сіздің қызметіңізде болғаны жақсы», – деді. Тұрсын хан: «Жақсы, сенің айтқаның болсын» деп өзімен бірге Ташкентке алып кетті. Ташкентте Тұрсын хан қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтірді. Есім ханға: «Сіз екі ханнан пайда тие ме деп келіп едім, Сіздің ісіңіз мұндай болды, енді рұхсат болса, Имамқұлы хан қасына кетейін», – дедім. «Жақсы айтасың, солай қыл», – деді. Келіп Имамқұлы ханды көрдім...».

Жоғарыда атап өткеніміздей, Есім хан мен Тұрсын хан бірде араздасып, бірде татуласып жүрген болатын. Әбілғазының қазақ арасында болған екі жылдан астам уақытының алғашқы кезеңінде екі хан арасында татулық қатынас орнап тұрған еді. Тұрсын ханның Түркістанға келуі, Есім ханның оған барып көрісуі, Әбілғазы жөнінде айтқан әңгімелері біздің осы ойымызды дәлелдейді. Одан кейін екі хан арасындағы қарым-қатынас белгісіз себептерге байланысты қайтадан бұзылып, араздық, алауыздық қайта орнайды. Бұл араздық екі хан арасындағы ұзаққа созылған күрделі әрі шиеленісті қарым-қатынастың соңғы мәресі болды. Ақыры, ол қарым-қатынас Әбілғазының жазғанындай, 1627 жылы Тұрсын ханның өлтірілуімен аяқталады. Бұл оқиға әсерінің күшті болғаны соншалық, ол туралы халық ауыз әдебиетінде XX ғасыр басына дейін сақталып, қағаз бетіне түсіріледі. Есім ханның Тұрсын ханды өлтіруі жазба дерек мәліметтерінде де көрініс берген.

XVII ғасырдағы қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Марғасқа жыраудың жырында да Есім ханның Тұрсын ханды өлтіруі туралы жырланады. Онда былай делінеді:

«Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын,
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың.
Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың,
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен тақырсың!
Еңсегей бойлы ер Есім,
Есігіңде келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды!».

Жазба деректерде де Есім ханның Тұрсынды өлтіруі туралы мәліметтер сақталған. XVII ғасырдағы ортаазиялық тарихшы Махмуд бен Уәли ол жөнінде былай деп хабарлайды: «Сол жылы (1626-1627 жыл) Есім сұлтан қалмақтарға жорық жасауға шешім қабылдайды. Ол «туы астына бүкіл алаш әскерін басқа да қоластындағы ұлыс адамдарын, Тұрсынға қарайтын қатағанның бір бөлігін жиып, Моғолстанның бір шетіне аттанады да, қалмақтарға шабуыл жасап, оларды тонауға ұшыратады. Осы кезде Тұрсын сұлтан көптен бері өзінің басты саяси қарсыласын жоюды көздеп жүрген болатын. Ол тез әскер жасақтап, Түркістанның бір жерінде орналасқан Есім ханның Ордасын талқандап, ондағы адамдарды қыруды көздейді. Оның адамдары Ордаға бас салып, көп адамдарды қырады да, Есімнің әйелдері мен балаларын, барлық қызметшілерімен Ташкентке алып кетеді. Жеңіске мақсаттанған Тұрсын хан Есімнің көзін біржолата жою үшін «оның жорықтан оралар жолын күзетіп, тұтқыйылдан ұстамақ болады». Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ол өз әскерімен Есімге қарсы аттанады. Екі жақ Сайрам түбінде кездесіп, ұрыс басталып кетеді. Тұрсын жеңіліс тауып, Ташкентке қарай шегініп кетеді. Қалған әскерімен Тұрсын хан Ташкентке

келгенде Әндіжан жақтан басқа бір қарсыласының әскері шығып, Ташкентке үлкен қауіп төндіріп тұр екен. Бұл жағдай Есім ханға белгілі болады. Ол қолайлы сәтті құр жібермей, Сайрамнан тез жиналып, Ташкентке қарай аттанады. Екі қазақ ханының Ташкент түбінде екінші ұрысы болады да, Тұрсын хан әскері жеңіліс табады, ал Тұрсын ханның өзі қаза табады. Оны өзіне жақын адамдарының бірі өлтіреді. Есім хан Тұрсын ханның басын кесіп алып, Бұхара ханы Имамқұл ханға жібереді. Өз кезегінде Бұхара билеушісі Есім ханға Түркістан, Ташкент және тағы басқа қалалар мен елді мекендерді басқаруға хан жарлығын шығарады. Тұрсын ханның өлтірілуі туралы ортағасырлардағы ортаазиялық автордың мәліметі, міне осындай.

Дерек түрлеріндегі мәліметтердің Есім ханның Тұрсын ханды өлтіруі жөніндегі мазмұны бір-бірінен алшақ емес, ұқсас келеді, тіпті, бірін-бірі толықтырып отырады десек те болады. Екі дерек түрінде де Есім хан жорықта жүрген кезде Тұрсын хан оның жұртын шауып, бала-шағасын тұтқынға алғандығы, мұны естіген Есім ханның Ташкентке аттанып, қарсыласын өлтіргендігі қатарласып айтылады. Сол себепті де біз осы деректер мәліметтерінің сәл-пәл өзгешеліктеріне қарамастан оларды Есім ханның Тұрсын ханды өлтіруін көрсететін ең негізгі және шынайы дерек деп білеміз. Осылайша, XVII ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ хандығының ішкі саяси өмірінде ұзаққа созылған саяси текетірес Есім ханның жеңісімен аяқталады.

Есім хан Тұрсын хан мәселесін шешкеннен кейін өзінің Ордасы орналасқан Түркістанға қайтып оралады. Онда ол бір жылдай өмір сүріп, келесі 1628 жылы шамамен 70 жасқа қараған шағында өз ажалынан қайтыс болады. Оның денесі Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанына қойылып, қабірінің басына кішігірім мавзолей салынады.

Бақылау сұрақтары:

1. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысының» тарихи сабақтастығы мен ерекшеліктерін талдау.
2. Жазба және ауызша деректер бойынша Есім ханның тарихи портретін талдап көрсетіңіз.
3. Тұрсын Мұхаммед ханның Қазақ хандығының тарихындағы орны және оның жүргізген саясатын деректер мен зерттеулер бойынша анықтап көрсетіңіз.
4. Есім хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы.

§ 6. Жәңгір хан және қазақ-жоңғар қатынастары

Жәңгір хан – Есім ханның тарихта белгілі үш ұлының бірі. Есім ханның үлкен ұлы – Жәнібек сұлтан, екіншісі – Жәңгір хан, ал үшінші ұлы – Сырдақ сұлтан. Т.И. Сұлтановтың пікірі бойынша Есім ханның үлкен ұлы – Жәнібек XVII ғасырдың 30-жылдарының басында хан тағына отырып, ойрат тайшыларымен көп соғысқан және XVII ғасырдың 40-жылдарының басында ойраттармен болған кезекті бір шайқастардың бірінде қаза тапқан. Ал Сырдақ сұлтаннан Хұсрау сұлтан деген ұл туылады, оның ұлы тарихта белгілі – Қайып хан.

Ал енді нақты Жәңгір ханның нақты өзіне келсек, оның қай жылы туылғаны белгісіз, ол жөнінде әзірге ғылымға белгілі деректерде ешқандай мәліметтер жоқ. Бірақта оны болжаммен XVI ғасырдың соңы немесе XVII ғасырдың бас кезінде дүниеге келген деп айтуға болады.

Жәңгірдің шын есімі – Жахангер (парсыша «әлемді бағындырушы, билеуші»). Жәңгір (Жахангер) ханның есімі шығыс деректеріндегі және орыс тіліндегі материалдарда XVII ғасырдың 30-жылдарының ортасындағы оқиғаларға байланысты алғаш рет кездесе бастайды. Ондағы деректердің мәліметтерінде ол сұлтан лауазымымен айтылады. XVII ғасырдағы орыс моңғолқатынастарының деректер жинағында да Жахангердің есімі кездесіп, онда 1635 жылы оның ойраттармен болған шайқастардың бірінде қолға түскендігі туралы айтылады.

Ең алғаш Жәңгірдің жоңғарларға тұтқынға түскендігін И.Е. Фишер өзінің Сібір тарихына арналған кітабында жазады. Онда автор 1635 жылы ойраттардың көсемі Батыр хонтайшының Есім ханмен соғысқанын айта келе, оның ұлы Жәңгір сұлтанды жоңғарлардың тұтқынға түсіргенін баяндап өтеді. 1959 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген орыс-моңғол қатынастарының жинағында осы тарихи оқиғаға қатысты мәлімет кездеседі. Ол мәлімет 1635 жылдың 19 шілдесінде Тобольск приказдығының кеңсесінде ойрат тайшысы Абақтың елшілерінен жазылып алынған. Ол мәліметте ойрат тайшыларының бір тобы 1635 жылдың қыс айларында Қазақ Ордасына аттанғандығы, ал Қазақ Ордасы адамдарының ойраттарға жорыққа шыққандығы, екі жақтың бір-бірімен кездесіп қалып, үлкен шайқастың болғандығы, ойраттардың жеңіске жеткендігі, Есім ханның ұлы Жәңгір сұлтанның (деректе Янгир царевич деп жазылады – ред.) тұтқынға алынғандығы және қазіргі кезде ол сұлтанның ойраттардың қолында екендігі айтылады. Дерек мәліметіне сүйенсек, қазақ-қалмақ (ойрат) шайқасының 1635 жылдың қыс айларының бірінде өткендігін, ал бұл кезде Жәңгірдің әлі сұлтан дәрежесінде жүргендігін көреміз.

Жалпы, қазақ-жоңғар қатынастарының алғашқы 20 жылдай кезеңіндегі екі жақтың қатысуымен болған ірі оқиғалар саны үшеу. Біріншісі, жоғарыда атап өткен 1635 жылғы қазақ-жоңғар шайқасы және Жәңгір сұлтанның жоңғар тұтқынына түсуі болса, екіншісіне – 1643 жылғы қазақ-жоңғар шайқасы жатады. Ал үшінші ірі оқиға, ол – 1652 жылғы Жәңгір хан қаза табатын шайқас. Қарап отырсақ, осы үш оқиғаға Жәңгір тікелей қатысып, оқиғалардың басында жүрген екен. Жәңгір ханның өміріне қатысты ең көп кездесетін мәліметке – 1643 жылғы шайқас туралы мәлімет жатады. Бұл кезде Жәңгір әлі сұлтан дәрежесінде болатын. Жоңғарияға барып келген орыс елшілерінің есептерінде оның дәрежесін сұлтан деп жазады. Мысалы, 1640 жылы қыркүйек айында жоңғар қонтайшысының ордасында қазақ сұлтаны Жәңгір сұлтанның елшісі болғандығын орыс деректері хабарлайды.

1643-1644 жылғы қазақ-жоңғар соғысы туралы ең алғашқы хабарды Г. Ильин береді. Ол 1644 жылы ақпан айында Батыр хонтайшының ордасынан Тобольскіге қайтып оралып, воевода Куракинге осы соғыс туралы баяндайды. Дәл осы жылы және сол айда Тобольскіге келген ойрат көсемдерінің бірі

Абылай-тайшының елшісі Бахтыйдың хабарламасында да 1643-1644 жылғы қазақ-жоңғар соғысы туралы айтылып, ол да Г. Ильиннің мәліметін растайды және оны толықтыра түседі. Екі мәліметтің үзінділері И.Я. Златкиннің монографиясында келтірілгендіктен, біз оның бәрін қайталап жатпай, тек осы соғысқа және Жәңгірге қатысты жерлерін ғана сілтеме ретінде пайдаланамыз. Батыр хонтайшының қазақтарға қарсы жорығы 1643 жылдың қысында басталып, 1644 жылдың жазының ортасына дейін созылады. Жоңғар билеушісі жағында көптеген ойрат тайшылары, Халха билеушісінің ұлы Омбо-Эрдени болып, жалпы саны 50 мың әскер жорыққа шығады. Бұл жорыққа Жәңгірдің одақтастары Хұндулен тайшы, Далай тайшының ұлдары қатысудан бас тартқанын елші Бахтыйдың мәліметі дәлелдейді. Бір қызығы, Г. Ильиннің дерегінде Батыр хонтайшының Жәңгір сұлтанға қарсы аттанғандығы баса айтылады. Сол кездегі қазақ ханы Жәңгірдің ағасы Жәнібек болса да, ол туралы ешкім де сөз қылмайды. Барлық деректерде тек Жәңгір сұлтанның есімі ғана айтылып отырады. Бұл жағдай XVIII ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақ сұлтаны Абылайдың тарихи ролін еске түсіреді. Енді шайқас барысына тоқталалық.

Жәңгір сұлтан жоңғар әскерінің қазақтарға қарсы дайындығынан хабардар болған сияқты. Мұны Жәңгірдің Хұндулен тайшымен достығының нәтижесі деп білу керек. Жәңгір сұлтан Батыр хонтайшының жорық бағытын да алдын ала біліп, оларға қарсы тұратын ыңғайлы жерді таңдап та алады. Самарқандағы досы Жалаңтөс батырға да хабар жібереді. Өзі 600 адамдық әскерімен жау әскеріне қарсы аттанып кетеді. Жоңғар әскерінің бағытындағы тар тау шатқалының ішінде окоп қаздырып, онда мылтықпен қаруланған 300 жасағын қалдырады да, өзі қалған әскерімен қарсы беттегі тастардың артына жасырынады. Хонтайшы әскері окоптағыларға жақындағанда Жәңгірдің 300 жасағы оларға оқ атып бетін қайтарады. Екінші жақтан сұлтанның өзі соққы береді. Шатқалдың өте тарлығынан қалмақ әскері сандық артықшылығын пайдалана алмайды, маневр жасауға мүмкіндіктері болмайды. Батыр хонтайшы екі рет шабуыл жасайды, бірақ ол екеуі де ешқандай нәтиже бермейді. Сол кезде Самарқан әкімі Жалаңтөс батырдың 20 мыңдық әскері де келіп жетеді. 10 мыңдай адамынан айырылған жоңғар әскері кері шегінуден басқа амал таппайды. Бұл соғыс Жәңгір сұлтанның атақ-абыройы мен беделін қалай асқақтатса, Батыр хонтайшының беделіне зор нұқсан келтіреді.

Орыс елшісі мен жоңғар елшісінің жазбаларына қарағанда, Батыр хонтайшы бұл жорықтан еліне 1644 жылдың шілде айында оралған. Келе сала Жәңгір мен Жалаңтөстен кек алу үшін жаңа жорыққа қатты даярланады. Сонымен бірге 1643 жылғы жорыққа қатысудан бас тартқан Хұндулен тайшы бастаған қарсылас топты жазалауды да ойластырады. Осыған байланысты ол Кузнецк уезінен көптеген қару-жарақ сатқызып алады. Бірақ неге екені белгісіз, Батыр хонтайшының келесі жылға жоспарлаған Жәңгірге қарсы жорығы жүзеге аспай қалады. Біздің ойымызша, оның екі себебі болған сияқты. Бірінші себепке Жоңғарияның өз ішіндегі саяси жағдайдың ушығып кетуі жатса керек. Хонтайшының қарсыластарын жазалауға кірісуі оны

Хұндүлен тайшымен ашық шайқасқа шығуына алып келсді, бірақ хонтайшы өз мақсатына жете алмайды. Мұндай жағдайда қазақтарға қарсы жаңа жорық жасау оны тағы да масқара жеңіліске әкелері сөзсіз еді. Ал екінші себепке жататын жағдайға осы кезден бастап Жәңгірдің бүкіл қазаққа хан болуы Батыр хонтайшыны жаңа соғысқа барудан бас тартқызған деп ойлаймыз.

Жәңгірдің дәл қай жылы хан болғаны белгісіз. Осыған байланысты Т.И. Сұлтанов мынадай пікір білдіреді: «Ағасы Жәнібек ханның өлімінен кейін шамамен XVII ғасырдың 40-жылдарының ортасына таман Жахангер бүкіл қазаққа хан болады». Біз де осы пікірге қосыла отырып, Жәңгірдің таққа отырған кезін 1643-1644 жыл деп санаймыз. Хандық билікке келгенге дейін-ақ қазақ қоғамы ішінде өте зор беделге ие болған Жәңгірдің ағасынан кейін Түркістандағы хан тағын иеленгендігі заңды құбылыс. Оны бұл жерде дәлелдеп жатуды артық деп санаймыз. Егер Жәңгір билікке келгенге дейінгі сұлтандық дәрежедегі қызметінің басты бағыты шығыстағы жоңғарлармен қарым-қатынас болса, енді хан мәртебесіндегі міндетіне қазақ елінің ішкі-сыртқы өміріне қатысты барлық бағыттағы мәселелер енеді. Өкінішке орай, осыған қатысты жазба деректердің жетімсіздігі ол жөніндегі ой-пікірлерімізді толықтай негіздеуге, дәлелдеуге, баяндауға мүмкіндіктер бермейді. Бірлі-екілі қысқа және үзік-үзік дерек мәліметтеріне сүйеніп қана сол кезеңдегі тарихи даму туралы, оқиғалар жөнінде болжаммен, шамалап қана ой айтуға болады. Сондай ой-пікірлерімізге Жәңгір хан тұсындағы Қазақ хандығының Мәуереннахрдағы аштарханилар әулетімен, Шығыс Түркістандағы шағатайлық әулет өкілдерімен жүргізген қарым-қатынасына қатысты тұжырымдарымыз жатады. Төменде сол мәселерге көңіл аударалық. 1611-1642 жылдары Мәуереннахрда билікте болған атақты Имамқұли хан қайтыс болғаннан кейін Бұхара тағына оның інісі Надирмұхаммед хан (1642-1645 ж.) отырады. Жәңгір ханның әрі досы, әрі қарулас серігі Жалаңтөс батыр осы жылдары Орта Азияның ірі қалаларының бірі – Самарқан қаласының әкімі болатын. Сонымен бірге ол сол кезеңде Мәуереннахрдың саяси өміріндегі ірі көрнекті тұлғалардың бірі болып саналатын. Ол 30 жылдан астам уақыт бойы Имамқұли ханмен жақын болады және аштарханилық әулеттің жас өкілдеріне аталық қызмет атқарады. Оның мұндай қызметі мен беделі Қазақ хандығы мен аштарханилық әулет арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге, жақындастыруға көп көмегін тигізеді, екі әулет арасында туыстық қатынастардың қалыптасуына, оның жалғасуына септігін тигізеді. Кезінде Есім ханның бір қызы Имамқұли ханға ұзатылса, кейін келе әулеттер арасындағы туыстық байланыстар одан әрі жалғасын табады да, XVII ғасырдың 40-жылдары Жәңгір ханның Қазақ ханым атты қызы болашақ Бұхара ханы, Жалаңтөс батырдың тәрбиеленушісі Абд ал-Азиз сұлтанға ұзатылады. Жәңгір хан мен Жалаңтөс батыр арасындағы өзара түсіністік пен сыйластыққа, достыққа негізделген қарым-қатынас 1643-1644 жылдан кейін де, яғни Жәңгірдің хан тағын иеленгенінен кейін де терең дамиды. Тіпті ол қатынас екі ел арасындағы саяси байланыстарға да тікелей әсерін тигізеді. Надирмұхаммед ханның үлкен ұлы, Жалаңтөстің шәкірті – Абд ал-Азиздің 1645 жылы хан тағына келуіне тікелей болмаса да жанама

Қазақ хандығының қатысы бар. Ал одан кейін 35 жыл бойы Абд ал-Азиз ханның тақта отыруына оның қазақ елімен достық қатынастарға негізделген саясат жүргізуі де әсер етсе керек. Осы жерде бір айта кетерлік нәрсеге, Абд ал-Азиздің билікке Надирмұхаммед хан тақтан күштеп кетірілгеннен кейін келуі жатады. Жергілікті саяси күштердің Надирмұхаммед ханға наразылығы, (оның ішінде Жалаңтөс батырдың да болуы мүмкін) таққа басқа үміткерлерді отырғызуға алып келеді. Үміткерлер ішінен Жәңгір ханның күйеу баласы және Жалаңтөс батырдың шәкірті Абд ал-Азиз жеңіп шығады. Оған басқа да факторлармен бірге Жәңгір мен Жалаңтөстің ықпалдары да әсер еткен деуге толық негіз бар. Ал Абд ал-Азиз хан билік құрған жылдары қазақтармен қарым-қатынас бейбіт түрде дамиды. Жазба дерек мәліметтерінде екі ел арасында есте қаларлықтай соғыстар, ұрыс-шайқастар кездеспейді. Мұндай бейбіт қатынастардың бастауында Жәңгір ханның аштарханилық әулетпен жүргізген бейбіт, туыстық саясаты жатыр деп толық сеніммен айта аламыз. Жәңгір ханның билігі тұсында Қазақ хандығы Шығыс Түркістандағы моғол билеушілерімен де жақсы қатынастар жүргізеді. Екі жақты қатынастардың тарихы XVI ғасырдың басында қалыптасып, ол әр түрлі сипатта дамығаны белгілі. Тәуекел, Есім хандар тұсында екі жақты қатынастар жақсарады да, Жәңгір ханның кезінде ол одан әрі жалғасын тауып, жетілдіріле түседі. Шах Махмуд шорастың «Тарихында» Жәңгір хан мен шағатайлық моғол ханы Абдаллахтың арасында азғантай уақыт ішінде 5-6 елшіліктің барып қайтқандығы айтылады. Автордың жазуы бойынша алғашқы елшілікті Шығыс Түркістанға Жәңгір хан жібереді. Бірақ ол елшіліктің қандай мақсатпен барғандығы айтылмайды. Жауап ретінде Абдаллах ханнан Сопы қожа бастаған елшілік Жәңгір ханға келеді. Оның да келу мақсаты белгісіз. Жәңгір хан өз ұлдарының бірі, болашақ қазақ ханы Тәуке сұлтанды Сопы қожаға ертіп, Шығыс Түркістанға аттандырады. Тәуке сұлтан Шығыс Түркістанда зор құрметке бөленіп, Қошқар бек деген моғол елшісімен бірге еліне аман сау оралады. Келесі кезекте Қошқар бекпен бірге Жәңгір ханның үлкен ұлы Аппақ сұлтан моғол еліне жіберіледі. Сондай-ақ Жәңгір ханның бір қызы Абдаллах ханның ұлы, Қашғар қаласының билеушісі Жолбарыс ханға ұзатылады.

Жәңгір ханның моғол билеушілеріне қысқа уақыт ішінде бірнеше елшілік жіберуінің өзіндік себептері болған. Бірінші себепке көршілес елмен бейбітшілікте болу, сол арқылы екі жақты сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру жатса, екіншіге болашақта жоңғарлармен болатын күресте моғолдармен одақтастық қатынасты нығайтуды Жәңгір хан мақсат еткен дейміз. Болашақ аштарханилық билеушіге бір қызын ұзатқаны секілді, болашақ моғол ханына да бір қызын ұзатады. Сөйтіп, Жәңгір хан көршілес мұсылман елдеріндегі билеуші әулет өкілдерімен туыстық қатынастарды нығайту, жаңарту арқылы XVII ғасырдағы Қазақ хандығының ең басты қарсыласы – Жоңғарияға, оның билеушісі – Батыр хонтайшыға қарсы одақ құруға күш салады деген қорытындыға келеміз. Өйткені Батыр хонтайшының 1643-1644 жылдардағы соғыста жеңілісінен кейін кек алу үшін жаңа жорыққа дайындалып жатқанынан Жәңгір хан хабардар болатын.

Жәңгір ханның тақта отырып қандай саясат жүргізгені бізге бсймәлім. Жазба деректердің мәліметтеріне қарағанда ол үнемі ат үстінде, жаумен соғыста, алыс жорықтарда жүргендей әсер береді. Оның өміріне қатысты соңғы дерекке – 1652 жылғы қазақ-жоңғар шайқасында Жәңгірдің қаза табуы туралы мәлімет жатады. Осы дерек мәліметіне тереңірек тоқталып, 1652 жылғы ұрысқа, Жәңгір ханның өліміне қатысты ойларымызды білдіріп көрелік.

Кейбір тарихи әдебиеттерде 1652 жылғы қазақ-жоңғар соғысы жеке, екі ел арасындағы кезекті бір соғыстың бірі деп қарастырылады. Мәселеге тереңірек үңілсек, оның 1643 жылғы қазақ-жоңғар соғысының жалғасы екндігіне көз жеткіземіз. Бұған дейін жоғарыда айтып өткеніміздей, 1643-1644 жылдардағы жеңілістен кейін Батыр хонтайшы Жәңгірден кек алу үшін жаңа соғысқа дайындалады. Ол үшін оған алдыменен Жоңғариядағы Жәңгірдің одақтастары – Хұндүлен тайшыны, Далай тайшының ұлдарын жеңу керек болатын. Жоңғарияның екі саяси серкесі арасындағы келіссөздер нәтижеге бермей, қатынас ушыға түседі де, ақыры 1646 жылы ол әскери қақтығысқа әкеп соқтырады. Жәңгір ханның одақтасы сол қақтығыста 250 адамынан айырылады да, шегінуге мәжбүр болады. 1647 жылы Зая Пандита соғысушы жақтарды татуластыруға күш салады. Оларды бір-бірімен жолықтырып, бетпе-бет сөйлестіреді. Бірақ ол ойдағыдай нәтиже бермейді. Одан кейінгі жылдары жоңғар тайшылары арасында бірнеше жылға созылған қақтығыстар Батыр хонтайшыға қазақтарға қарсы аттануға қолбайлау жасайды. Бірақ та жоңғарлар билеушісі жаңа жорыққа даярлығын тоқтатпайды. Біздің ойымызша, дәл осы жылдары Батыр хонтайшының бұл әрекеттерінен хабардар болып отырған Жәңгір хан оған қарсы мұсылман елдерінің одағын құруға, яғни Шығыс Түркістандағы шағатайлық моғол хандарымен, Мәуереннахрдағы аштарханилар әулетімен саяси және туыстық қатынастарды нығайтуға күш салған. Батыр хонтайшының қазақтарға жорығы ақыры 1652 жылы жүзеге асады. Оған қарсы Жәңгір ханның өзі қазақ әскерін бастап шығады. Бірақ дерек мәліметтері ұрыстың қалай жүргені туралы баяндамайды. Тек Батыр хонтайшының одақтасы, хошоуыт тайпасының көсемі, Очирту-Цецен ханның 17 жасар ұлы Галдамның Жәңгір ханды өлтіргенін ғана айтады. И.Я. Златкин дерек мәліметіне сүйеніп, Жәңгір хан жекпе-жекте Галдамнан жеңіліп өлтірілді деп жазады. Бірақ мұндай мәліметке сене қою қиын. Өйткені ұрыс басталар алдында жекпе-жекке тек екі жақтың мықты, сенімді батырларының ғана шығатыны белгілі. Ал Жәңгір ханның қалай қаза тапқаны туралы біз, өзіндік ойларымызды ортаға салып көрелік. 1643-1644 жылдардағы соғыста орасан көп қолмен жеңіліс тауып, масқара болған Батыр хонтайшы 1652 жылғы жрықта қалай болса да Жәңгір ханды өлтіруге бел буған. Сол үшін де ол арнайы мерген- садақшылардан адамдар даярлап, оларға ұрыстың қызған кезінде қазақ ханының жанына мүмкіндігінше жақын барып, өлтіруді тапсырған. Бұл тапсырманы жоғарыда есімін атап өткен 17 жасар Галдам орындап шыққан. Осылайша, бүкіл ғұмырын ат жалында өткеріп, елі мен жерінің азаттығы мен тәуелсіздігін сақтау жолында жауларымен алысып, арпалысып өткен қазақ ханы – Жәңгір хан нағыз ерлерше, нағыз батырлардай қан

майданда қаза табады. Оның денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің жанына қойылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жәңгір хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы.
2. XVII ғ. қазақ-жоңғар қарым-қатынасын талдаңыз.
3. Орбұлақ шайқасының тарихи маңызы.
4. XVII ғ. Қазақ хандығы мен көрші елдер арасындағы саяси қарым-қатынастар.
5. Ортағасырлық деректер негізінде Есім, Тұрсын, Жәңгір хандардың сыртқы саясатын талдап көрсетіңіз.

§ 7. XVII ғасырдың екінші жартысындағы-XVIII ғасыр басындағы Қазақ хандығы

XVII ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығыдағы билік Жәңгірдің ұлы Тәуекел-Мұхаммед – батыр ханға көшті. Тәуке хан құт қонған парасатты саясаткер, ұтқыр дипломат, әділ хан болды. Тәуке ханның өзіне дейінгі билеушілерден ерекшелігі хандықта билердің үстемдігін нығайту арқылы орталықтандыру саясатын жүргізді. Билер әдетті-құқық, әскери және идеологиялық міндеттерді атқаруда ерекше рөлі болды. Төңірегіне беделді билерді топтастырған Тәуке «билер кеңесінің» қолдауына сүйене отырып, хан билігінің конституциялық формасын енгізді. Сонымен қатар зерттеулерде Тәуке заң шығармашылықтың жаңа кезеңін қалыптастырған хан ретінде айтылады. Билер кеңесі ерекше жағдайларда, аса маңызды мәселелерді шешуге ғана шақырылған. Билер кеңесінің қызметін ретке келтіруде Тәуке бірқатар шаралар қабылдады. Ол билер кеңесінің өтетін жері мен уақытын белгіледі. Ханның маңызды билік жүйесі болып табылатын билер кеңесі әрдайым Тәуке ханның белгілі бір ордасында: Түркістан қаласы жанындағы Битөбеде, Сайрам қаласының маңындағы Мартөбе және Сырдария облысының Ангрен қаласына жақын жердегі Күлтөбеде өткізілген. Тәуке хан даулы істерді шешуде билер сотының беделін арттырып, билер кеңесін кесімді үкім шығаруда ерекше органға айналдырды. Осыдан бастап билер кеңесі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатындағы аса маңызды мәселелерді шешетін тұрақты жүйеге арналды. Тәуке ханның жеке биліктен, институцианалды билікке өтуі ықпалды билерді мемлекеттік істерге тартуға бағытталған саясат болды. Ол қазақтың Үш жүзінің беделді билерінің қатысуымен, билер кеңесін сәтті ұйымдастырып отырды. Ұлы жүзде Төле бидің, Орта жүзде Қазыбек бидің, Кіші жүзде Әйтеке бидің беделі ерекше болды. Олардың даналығы мен кемеңгерлігі ойрат жаулап алушыларына қарсы қазақ халқының күшін біріктіруге, сондай-ақ хандықта ауыр сындарлы кезеңде дұрыс шешім қабылдауға арқау болды. Үш жүздің басын құрудағы саяси оқиғада билер кеңесі үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар Тәуке хан өзінің билігі мен саясатында «би-батырлар тірегін» кеңейтуге тырысты. Кеңеске барлық рулардың қатардағы билер мен әскербасылары және батырлары көптеп шақырыла бастады. Билердің мүддесін көздей отырып, Тәуке өз

билігін нығайтты. Мұның барлығы қазақ тайпалары мен көшпелілердің арасында жоғары билікті күшейтуге мүмкіндік берді. Сонымен, қазақ қоғамын ішкі саяси қайта құрулар хандық үкімет билігін орталықтандыруға тырысқан әрекет болды. Ортағасырлық қазақ тарихының білгірі, әлемге танымал Санкт-Петербург университетінің профессоры Тұрсын Сұлтанов: «Тәуке ханнан кейін келте хандар заманы басталды», – деп орынды көрсеткен. Себебі Тәуке тұсында жүздерді би билігінде болса, ендігі жерде жеке билікке ұмтылған төрелер жүзді бөліп билей бастады.

Тәуекел-Мұхаммед батыр хан өзінің даналығы, жеке басының қасиеті арқасында ел арасында «Әз-Тәуке» деген атаққа ие болған. Қазақ жеріне орыс елшілігін бастап келген А. Тевкелевтің 1748 жылғы жазған құжатта: «Тәуке хан өте ақылгөй кісі болған, оны қырғыздар (қазақтар) үлкен құрметпен еске алады», – деп көрсетеді. Халық зердесінде Тәуке заманының Қазақ хандығының ең бір өркендеген, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» деп еске алынады. Ресей шенеулігі А.И. Левшин Тәукені көне Спартаның ақылгей заңгері Ликургпен теңеген еді. Тәуке ханның даналығына бас игендердің бір Абай болды. Абай өзінің «Ғақлияларының» үшінші сөзінде былай дейді: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғының «Қасым ханның қасқа жолын», Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес болғанда», «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі, яки тіпті жоқ».

Тәуке ханның Қазақ хандығындағы билік құрған алғашқы жылдары оның барлық іс-әрекеті ішкі саяси тартыстан әлсіреген хандықтың ішкі жағынан нығайтуға арналғандығын «Жеті жарғының» қабылдауымен негіздеуге болады. Тәуке қазақ қоғамындағы қарама-қайшылықтарды шешуде, әлеуметтік және құқықтық нормаларды заң жүзінде баянды ете отырып, әрбір қауым мүшесі хандықтың қоғамдық құрылымына енуіне мүмкіндік жасады. «Жеті жарғының» қабылдауының басты себебі әдеттегі құқықтық нормаларды реттеу қажеттілігінің туындауы, екінші орында саяси-әскери жағдай болғандығы оның баптарынан анықтауға болады. Тәуке хан 1653-1654 жылдары хандықтағы билік жүйесіндегі өзгерістер «дала билеушілерін» қолдай отырып, 1670 жылдары «Жеті жарғының» қабылдануына алғашқы қадамдар жасай бастады. Жазба деректердің орнын толықтыратын, Қазақ хандығының тарихына құнды мағлұматтарды қосатын, қазақ халқының дәстүрлі ауызша тарихы: Тәуке заманын Қазақ хандығының ең бір өркендеген және тыныштық орнаған кезі екендігін «Қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» деп айтылады. Тәуке 1653-1654 жылдардан бастап хан болды десек, ол Қазақ хандарының ішінде жарты жыл билік құрған хан болар еді. 1653-1680 жылдар аралығында қазақ жеріне сыртқы шабуылдардың толастаған тұсы ретінде қарастыру керектігін, хандықпен шектесіп жатқан мемлекеттердің тарихындағы жағдайлар көрсетеді. Тәуке сұлтан хандықтың ішкі ісіне жас күнінен араласа бастады. Тәуке сұлтан 14-15 жасында (ша-

мамен 1649-1650 ж.) Шығыс Түркістанға барғаны туралы Фазыл Чоростың еңбегінде берілген үзіндіні келтіре кетейік: «Сол кезде Жәңгір ханнан Жүніс қожа атты елші келді, ол Шейх-Хаван Тахур әулетінен тараған. Мына жақтан Софы Қожаны, Сеиид Мұхаммед Қожаның баласын жібереді. Ал Жәңгір хан Софы қожамен бірге өзінің баласы Тәуке сұлтанды жібереді». Жәңгірдің әкесі Есім хан өз заманында Шығыс Түркістанның біраз жеріне билік еткен Әбді Рахым ханның қызын алған. Сондықтан Жәңгір хан балаларын өзінің нағашы жұртына жиі жіберіп тұрған. Тәуке хан билікке келісімен Қазақ хандығында ішкі тартысты тоқтатып, бірлікті күшейтуге барын салғаны мәлім. Ал сыртқы саясатта Қазақ хандығы Сыр бойындағы қалаларды өз құрамында сақтап қалу үшін күреседі. Сондай-ақ оңтүстік-шығысынан жоңғарлар тарапынан шабуылдар жасалып тұрды. Тәуке ханның хандық билігінің кезеңі қазақ жеріндегі ең бір қиын да аласапыран кезді қамтыды. Тәуке кезеңінде Қазақ хандығындағы мемлекеттің бірлігі, оның жүргізген ішкі саясаты бойынша ірі екі билеуші әлеуметтік топтың да мүддесін қорғай отырып, тендікте ұстау арқылы жүзеге асты. Осы әлеуметтік иерархияның жоғарғы билеушісі хан болды. Хан қазақ қоғамындағы басқару мен заң шығару құқығынан бастап, отбасылық, әскери және әкімшілік тұтқаны қолына ұстаған жеке-дара билеушісі еді. Жүздері – кіші хандар, ұлыстары – сұлтандар, арыстарды билер, руларды ру ақсақалдары, ал аталарды жасы келген, көпті көрген өз ақсақалы басқарды. Бұл билеу тәртібі ертеден келе жатқан рәсім болды. Хандық мұрагерлік жолмен хан өлсе, баласы таққа отырды. Баласы болмаса, аға-інісі не олардың ұрпақтары билеп төстеді. Бірақ хан таққа отырған кезде ежелден келе жатқан дәстүр – «хан көтеру» деп аталатын сайлаудан өтуге тиісті еді. Ондай сайлауға бүкіл халық қатынасып ханды ақ киізге отырғызып, үш рет жоғары көтеріп, үлкен ақсақалдар бата беріп, оған барлық ұлыс-тайпа тағзым етеді. Жоғарыда айтып өткендей көшпелі қазақ қоғамының ханы өз халқының қамқоршысы болуы қажет және оған барлық қауым мүшелері бас иіп таңдауға тиіс болды. Көшпелі хандықтағы ханның атқаратын қызметі мен міндеттерін былай көрсетуге болады: Ол бүкіл қазақ тайпаларының билеушісі ретінде хандықтағы жерді иеленуге құқылы болғандықтан, мемлекеттік территориясын сыртқы жаудан қорғау үшін әскери қолбасшы болу міндеті тұрды. Екіншіден, соғыс немесе бейбітшілік жариялауды хан шешеді. Үшіншіден, ханға көрші мемлекеттермен қарым-қатынас орнатуға, сыртқы саясаттағы байланыстарды шешу құқы берілуі. Төртіншіден, «Жеті Жарғыда» көрсетілгендей қылмыстыны жазалауда соңғы шешімі хан құқығында болды. Бесіншіден, хан қоғам мүшелеріне арналған заң шығару қызметі жүктелді және де осы заңның орындалуын қадағалау хан мүддесіне берілді. Алтыншыдан, хан салық түрлерін бекіту, салық жинауды басқарып отырды.

Хан ордасы тұрақты жері Қазақ хандығының тарихында үнемі өзгеріске ұшырап отырады. XVII ғасыр соңы-XVIII ғасыр басында Қазақ хандығының тұрақты орталығы Түркістан қаласы болатын. Тәуке ханға келген орыс елшілері Ф. Скибин мен М. Трошин бұл жерде қазақтардың ең жақсылары жиылып кеңес құратын деп көрсетеді. Құқықтық мәнге ие хан жарлықтары

көшпелі қазақ қоғамындағы ерекше құбылыстардың бірі. Хан жарлықтары алым-салық төлеу, астана таңдау, әскер ісі, көшіп-қону мәселелерін реттеу салаларында біршама орын алды. Қазақ хандығы Тәуке хан тұсында ішкі саяси тарихы тұрақтылық үшін дала билеушілеріне сүйенген саяси институттарының қалыптасып және нығаюы бағытындағы оқиғалардан тұрады. Тәуке ханның өмірден өтуі биліктегі жіктелу, жүздерді билер емес келте хандардың билеуі хандықтағы орталықтанған биліктің ыдрауына әкелді.

Қазақ қоғамындағы реттеушілік қызметті жүзеге асырған «Жеті жарғы» құқықтық ескерткіштің қабылдануы XVII ғасырдың екінші жартысына тиесілі. Орыс жазбаларында «Тәуке заңдары» деген атпен белгілі. Басты жеті мәселені қамтыды. Қазақ қоғамындағы «Жеті жарғының» реттеушілік қызметі XX ғасырда да сақталды. Оның негізгі қағидалары салт-дәстүрде, әдетте орын алып отыр.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ хандығының саяси ахуалына қатысты деректердегі мәліметтерді талдаңыз.
2. Қазақ хандарының әдеттегі құқықты заңдастыру әрекеттері.
3. Қазақ мемлекеттілігінің құқықтық негізі «Жеті Жарғының» қабылдануы.
4. «Жеті Жарғының» нұсқалары және оның мазмұнын талдау.
5. Қазақтың әдеттегі құқық негіздеріне шариғаттың әсері.

§8. Тәуке хан тұсындағы сыртқы саяси байланыстардың дамуы

Тәуке хан билік құрған тұста қазақ-орыс байланыстары мен қарым-қатынастарын қайта жаңғырту үшін барлық мүмкіндікті қарастырып бақты. Өйткені, осы кезде қазақтар тарапынан Ресейдің бекіністеріне шабуыл жасау секілді арандатушылық әрекеттер болып тұратын. Бұл мәселені өзара түсіністікпен шешу мақсатында 1687 жылы Тобыл қаласына Тәшім батыр бастаған елші жібереді. Бұл елшіліктің негізгі мақсаты бұрынғы сауда байланысын қалпына келтіру еді. Өйткені Тәуке қазақ жері арқылы өтетін Ресей, Бұқар, Хиуа Үндістанға өтетін керуендерінің Қазақ хандығының экономикалық дамуына әсері зор екендігін көрегендікпен болжай білді.

1686-1693 жылдар аралығында Тәуке орыс жеріне бес рет елші жіберді, бірақ олардың ішінде кейбіреуі нәтижесіз оралады. Мұның басты себебі қазақ-орыс шекарасындағы тонаушылық қақтығыстардың әсерінен болған. Әсіресе, Ресей керуенінің тоналуына қарсы 1690 жылы Павел Шарйгинге келген: Сары мен Келдей мырзалар елшілердің тұтқынға алынуына басты себеп болады. Осы оқиғадан кейін 1691 жылы: Қабай бастаған елшілер барып, Келдей мен Сары мырзаларды босатуды талап етеді. Бірақ шекарадағы тыныштықсыздық әлі басылмаған болатын. Тәукеге қарсы топтар Ресейдің ішнара аудандарында шабуылды күшейтіп, екі ел арасындағы қақтығысты одан әрі шиеленістіріп жіберді. Осының салдарынан Қабай би бастаған елшілерге Тобыл әкімшілігі жылы қабақ танытпады. Тәуке Ресейге Тұманшы мен Қабай бастаған елшілерді тағы аттандырады. Тұманшы батыр мен Қабай

би бастаған елшілер тұтқындағы қазақ мырзаларын босата алмайды. Екі ел арасындағы осындай саяси сенімсіздік пен жауласу позициясы бірнеше жылға созылады. Бірақ, бұл уақытша сәтсіздікке мойымаған Тәуке хан Ресеймен байланысты үзбеу мақсатын көздеп, 1694 жылы Тайқоңыр Құлтабай бастаған елшілерді Ресейге тағы аттандырады. Тайқоңыр батырдың Сібірге келуінің басты мақсаты – көрші екі мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынасты сақтау мен Келдей мен Сары мырзаны босатуды талап еткен Тәуке ханның хатын тапсыру болды. Онда ол: «Адам атадан осы уақытқа дейін ұрылар үшін елшілерді тұтқынға алу дегенді құлақ естіп, көз көрмеген», – деп жазады. Ертеден қазақ жерінде елшілерге арналған өзіндік дәстүр қалыптасқан. Ол бойынша елшіге тіл тигізуге, оны балағаттауға болмайды. Елшілер қазақ жерінде қарусыз еркін жүретін болған. Сары, Келдей мырзалармен болған оқиға Тәуке ханның орыс жеріне атақты адамдарды жіберуден қауіптеніп, Тайқоңыр батырды жіберіп отырғандығын Мәскеу мемлекетінің елшілері хабарлайды. Осы жылы (1694) Тобыл әкімшілігі Келдейге сый-сияпат көрсетіп босатады. Сөйтіп, мырзалар бастаған елшілік 1694 жылы 7-8 жылдан кейін ғана еліне қайту мүмкіндігіне ие болады. Бұл аралықта тұтқынға алынған жылда Сары мырза ауырып қайтыс болып кеткен еді. Ал Келдей бастаған елшілерге орыс елшілері Матвей Трошин мен Федор Скибин қосылып, Түркістанға жөнелтіледі. Олар Тобылдан шығып, Ертіс арқылы Есілді одан соң Ұлытауды бойлай жүріп, Сарысу мен Шу өзендері арқылы Түркістанға келеді. Келдей орыс елшілерін жолда қалмақ тұтқынынан құтқарып қалды. Түркістанға келген бұл елшілердің сапары сәтті аяқталмады. 1692 жылы қазақ жеріне аттанған А. Неприпасов пен В. Кобяков бастаған елшілер кепілдікте ұсталынған болатын. Тәуке орыс елшілерін еркінен тыс қамауға алып отырғанын, болашақта ешбір елшілерге жамандық жасалмайтынына уәде береді. Бірақ Грошин мен Ф. Скибин бастаған елшілердің әр түрлі кезеңде тұтқынға түскен орыс адамдарын босату жөніндегі келіссөзі де сәтсіздікке ұшырады, нәтижесінде олар да тұтқынға алынды. Кейін олар Бұқар тұрғыны Сұлтантаевтың көмегімен қашып Хиуада ноғаймыз деп алдаусыратып үш айдай тұрады. Мұның өзі олардың тілді жетік біліп, тұрмыс-салтты жақсы меңгергендігін байқатады. Бұл елшілер 1697 жылы Тобылға қайтып оралады. Қазақ-орыс қатынастарының шиеленісі XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басында Ресейді Жоңғар мемлекетімен жақындастыруға себепші болады. Өз кезегінде Тәуке хан қазақ-орыс байланыстарының нашарлауының басты себептерінің бірі Тобыл әкімшілігінің шекара тәртібіне ие бола алмай отыруынан деп білген. Хан ордасында орыс елшілері Ф. Скибин, М. Трошин қабылданған кезде Тәуке хан елшілерге: «Түркі сұлтаны немесе Қызылбас шаһарының ханы менен Тәуке ханнан несі артық? Олар да мен сияқты ғой» – депті. Тәуке Ресей тарапынан тең дәрежелі саяси қатынасты талап етті. Оның басты мақсаты сауда қатынасы және әскери одақты құру болды. Бұл кезде қазақ билеушілерінің арасында Ресейдің ішкерілеп енуінен қауіптенген. Сондықтан болар Тәуке сарайында қарсы іс-шаралар ұйымдастырылып отырды. Сібірді, Кавказды иеленген Ресей империясы қазақ даласын өз құрамына қосуда жаңа одақтас іздеді және оны жоңғар билеушілерінен тапты. Тәуке

хан Ресей мемлекетімен бейбіт қарым-қатынас орнатқысы келген болатын. Бірақ Ресей мен Қазақ хандығының арасындағы шекаралық шиеленістерге қарақалпақтар тарапынан жасалынып тұрған жорықтардың да әсері болғанын айта кеткен жөн. Оған мынадай мысал келтіруге болады: «Тәуке хан сөзімізді тыңдап болған соң, бізге былай деді: бұған дейін Тобыл уезі маңындағы қыстақтар мен деревняларда қарақалпақтармен соғыстар болып өткен...». Қарақалпақтардың орыс шекараларына жасаған шабуылдарын 1693 жылы Түркістанға келген орыс елшісі В. Кобяков та атап өтеді. Бұл жағдай Тәуке хан мен Ресей елі арасындағы қарым-қатынастардың нашарлауының тағы бір себебі болды. Рас, екі мемлекеттің де көздеген өзіндік мақсаты болды. Мысалы, Ресей мемлекеті өз тарапынан қазақ жеріне жоңғарларды қолдай отырып, империялық саяси бағытты ұстанса, ал Тәуке хан сауда жолын дамыту арқылы керек кезде әскери көмек алу жолын көздеді.

XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы бүкіл Орталық Азия мемлекеттерінде саяси тұрақсыздықтың өршіген кезеңі болды. Бұл әр түрлі топтардың мемлекет ішінде жеке билікке ұмтылған уақыты еді. Нәтижесінде Орталық Азияда оншақты жекеленген тәуелсіз ұлыстар пайда болды. Соның ішіндегі ірілері – Бұхар және Хиуа хандықтары. Тәуке хан Бұхар, Хиуа хандықтарымен бейбіт қарым-қатынасты сақтауды көздеді. 1678 жылы Бұхар ханы Субханқұлы Қазақ хандығына Хошин би басқарған елші жібереді. Субханқұлы ханның дәл осы жылы елші жіберуінің саяси мәмілегерлікте зор мәні бар еді. Бұхар ханы қазақтардың қалмақ тарапынан басталған соғысқа кірісіп жатқан кезінде қысым көрсетіп, өз шарттарына көндіре аламын деген есепті ішіне бүкті. Оның жіберген елшісі Сыр бойындағы Ташкент, Сығанақ, Сауран сияқты бірнеше қалаларды және соғыс тұтқындарын қайтаруды, Бұқар көпестерінің Қазақ хандығына ішкерілей кіріп, сауда жасау құқықтарын беруді талап етеді. Сонымен бірге, Қазақ хандығынан Бұқар, Самарқан базарларынан әкелінетін мал санын келіспек болады. Сөйтіп, екі жақ тұтқын алмасу мен сауда айырбас жасау жұмыстарын жандандыру жөнінде келісімге келеді.

Тәуке хан өз тарапынан шамамен 1687-1688 жылдары Бұхар ханы Субханқұлы мен Ташкент жөнінде келіссөз жүргізген. Сөйтіп, XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы Қазақ пен Бұхар хандығының арасындағы бейбіт қарым-қатынас сауданың едәуір дамуына өз ықпалын тигізді.

Тәуке қарақалпақтармен, қырғыздармен саяси одақ құру арқылы ойраттардың шабуылына тосқауыл қойды. Сонымен бірге Тәуке қырғыздармен әскери одақ құрған деректерге сүйенсек, ол қырғыздардың біраз бөлігін өзіне толығымен бағындырған. Бұл туралы көптеген халықтардың ауыз әдебиетінде мәліметтер кездеседі. Тәукенің мұндағы билігі Қоқым би Қорашорин басқаруы арқылы жүзеге асты.

Қазақ билеушілері Тәуке хан тұсында елдің шекарасын сақтап қалуды көздеді. Қалдан-Бошақту қонтайшының кезінде (1670-1697 ж.) ойрат-қазақ қарым-қатынастарының өршуі нағыз шегіне жетті. Қалдан-Бошақту қонтайшы Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды басып алуға әрекет жасады, бірақ 1684 жылы Сайрам қаласын алғанымен, Қытай мемлекеті

тарапынан басталған соғыс (1691-1697 ж.) оларды кейін шегіндірді. 1697 жылы Қалдан-Бошақтудың өлімінен кейін Жоңғар мемлекетінің тұтқасын оның өте айлакер інісі саясаткы Цеван-Рабдан (1697-1727 ж.) алды. Ол Қытай елімен өте жақсы қарым-қатынаста бола отырып, батысындағы қазақ жеріне бар назарын аударды. Цеван-Рабдан кезінде Жоңғар мемлекеті өркендеп, дами түсті. XVII ғасырдың соңы-XVIII ғасырдың басында Жоңғария жерінде темір және түсті металдарды балқытатын зауыттардың болғанын Ресейдің артиллерия капитаны И. Унковский атап көрсеткен. Сонымен қатар Жоңғар елінде болған орыс елшісінің келтірген мағлұматында, қалмақ әскерлері отты қарумен қамтамасыз етілді деп жазады. Цеван-Рабдан әрқашан да өзінің жүргізген саясатында Қытай елімен санасып отыруға тәуелді болды. Ол 1698 жылы Цин императоры Кансиге қазақ жеріне басып кіруінің себептерін былай көрсеткен: «Цебан-Абудан (Рабдан) жазады: (сіздің сенімді) қызметшіңіз қазақтармен соғысты әлі аяқтай алмай жатыр. Осыған дейін қолдап қазақтардағы Тәукенің баласын тұтқынға алып, оны Далай ламаға жіберген болатын. Тәуке өз адамдарын жіберіп өтінгендіктен, мен сіздің қызметкеріңіз барлық реніштерді жою үшін, елшілерді Далай ламаға ертіп келіп, Тәукенің баласын жіберуді сұрандым, күзетке 500 адам қосып жібердім. Тәуке керісінше менің 500 адамымды өлтіріп, сіздің қол астыңыздағы Уәрхуде батыр тайшыны да өлтіріп, менің 100 шақты уранхайлықтарымды иеліктерімен бірге жаулап алды». Қазақ жеріне ез әскерінің тарапынан басып кіру әрекеттерінің тағы бір себебіне байланысты былай деп жазады: «Менің қайын атам Аюке (Сіздің) қызметшіңізге өзінің қызын жіберген болатын, менің қалыңдығымның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оның үлкен ағасы Саньци Чтабуға шығарып салу тапсырылған еді. Қазақтар оларға да жолда қарулы шабуыл жасады».

Әрине, мұнда Цеван-Рабдан қазақтарды айыптау арқылы өзінің іс-әрекеттерін Цин мемлекетінің алдында ақтап алуы үшін жазды. Осыған орай, Тәуке де өз тарапынан жоңғар шапқыншылығына қарсы бірнеше себептерді көлденең тартқан. Сондықтан да жоңғарлардың еш ақталуының мәні жоқ сияқты. Жоңғарлардың шапқыншылығына қарсы қазақ жасақтары 1698 жылы және 1702 жылы жорық жасады. Тәуке хан тұсында жоңғарлар 1711, 1712, 1714 жылдары қазақ жеріне бірнеше дуркін басып кірді. Жоңғарлардың үздіксіз шабуылы да өз әсерін тигізбей қойған жоқ.

Тәуке хан ойрат жасақтарының үздіксіз шабуылын тыю мақсатында Жоңғар ордасымен бейбіт қарым-қатынас орнату үшін ұдайы елшілер жіберіп тұрды. Соның бірі 1703 жылы 25 сәуірде Цеван-Рабданның Текестегі ордасына қазақ елшілігі бейбіт қарым-қатынас орнатуға келгендігін сол кезде жоңғар еліндегі орыс мемлекетінің елшісі П. Гордеевке тілмашына хабарлайды. Елшілік қандай нәтижеге жеткендігін білдіретін мәліметтер ешқандай құжаттарда кездеспейді.

1709 жылдары басталған ойраттардың жаңа шабуылы, Тәуке ханның қазақ билеушілерінің басын қосып 1710 жылы Қарақұм маңында үш жүздің өкілдерінен құрылтайын өткізуге итермеледі. Ал құрылтайда үдей түскен


жоңғар шапқыншылығына қарсы өтеп беремі3 бе, әлде келісім жасаймыз ба деген мәселелер әңгіме болды. Құрылтайға қатысушылардың бір тобы тағдыр талқысына көніп барып жан сауғалағысы келді. Ал енді біреулері қоян-қолтық ескілді жан-жаққа бытырап кетпекші болды. Талайы толқып жүрді, бірақ сол кезде ерлігімен әйгілі болған ру басы Бөгенбай мұндай әрекеттердің бәрін тыйды.

Қарақұм кеңесі елшілік жолын ұсынды. Батыста Ресей, Шығыста Қытай, оңтүстікте Бұқар хандығы барлығына да елші жіберіп бейбіт бәтуаға келу керек. Біз осы кезден бері қарай қазақ елшіліктері туралы мәліметтерді әр елдің мұрағаттарынан кездестіретініміз де осыдан.

Екінші мәселе қазақтың өз ішіндегі ымырасын, тәртібін бекіту, ол үшін алдымен ұсақ руларды үлкен рулардың жем қылуына жол бермеу. Қазақ халқының жаңа генеологиялық құрылымы осы кеңесте шешілді деп айтуға болады. Туыстық жүйе одан әрі беки түсті.

Үшінші мәселесе қазақтың орда тіккен қаласы Түркістан – өзінің саяси, рухани қызметін одан ары жалғастыратын қасиетті орын. Қазақ шежіресі бұдан ары қазақтың өз жолымен қатар шариғат ережелерін қатар қолданатын келісімге келді.

Қарақұм кеңесінің төртінші нәтижесі «Жеті Жарғы» қызметін мақұлдады. Хан кеңесіне одақтас елдер, көрші қырғыз, қарақалпақ, ішкі сарт, қожа, қатағаннан өкіл қосу, олардың да пікірін жоғары кеңесте ескеру құпталды. «Жеті жарғы» кеңесіне сыртқы және ішкі елдермен тығыз қарым-қатынасқа түсуді, тек қана билікпен шектелмей мәмілегерлікке көңіл бөліну талап етілді.




Бесінші нәтиже мемлекеттің дұрыс өмір сүруіне қажетті, әсіресе елші салуға, елші қабылдауға жетерлік алым-салық жинау, бұл патша сарайының мұқтажын көтеруге де, мәмілегерлік шығынды жабуға да жетерлік болуы керек. Ол үшін тек отырықшы ел ғана емес, мал баққан көшпелі ел де 1/20 табысын мемлекет қазынасына өткізуіп отыруы керек.

Алтыншы мәселе жаугершілік заманға сай жабдығы дайын, қайратты әскер ұстау. Қазақ қиындыққа төзімді, жаугершілікке бейім, ер мінезді, мәрт болғанымен нар тәуекелге келгенде басын қосып, бір ұран, бір тудың астына жинала қоймайтын халық. Осы себептерге бола Әз Тәуке ұсынысымен кеңес Әбілқайыр сұлтанды «әскер басы», Бөгенбай батырды «бас сардар» деген лауазыммен тұрақты түрде әскер ісіне жауапты қылды.

«Қарақұм кеңесінде» талқыға түскен мәселелердің ауқымы өте кең болғандығы жоғарыдағы шешімдер өзі де көрсетеді. Сонымен бірге кеңестің елдің билігіне, заңына «Жеті Жарғыны» жауапты қылуы да ақылға сиымды. Ел жақсылары түгел қатысқан кеңесті күнде жинай беру оңай емес. Қарақұмда өткен құрылтай жоңғарларға қарсы жұмыла қарсы тұру жөніндегі шешім Тәуке хан жасақтарының жеңістерінің табысты болуына әсер етті. Халық жасағы айырылып қалған қоныстарды қайтарып алып қана қоймай, жоңғар билеушілерінің жерлеріне басып кіріп, көптеген жоңғар әскерлерін тұтқындап, алып келді...

Тәуке хан тұтқиыл шабуылдан жерін қорғау үшін Түркістан қаласының маңына 80 мың атты жасақ ұстап тұрды. Жау келер жерлерге, асуларға, жол тораптарына күшті күзет қойылды. Жоңғарлардың әскери үстемділігін байқаған Теуке батыстағы шекаралық шептерін нығайтуда орыс елімен байланысын күшейте түсті.



Қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы күресі

1702 жылы қазақ жасақтары жоңғарларға және Волга қалмақтарна қатар соққы берген. Князь Черкасскийдің 1702 жылы жазда қонтайшыға Сібір тұрақтарына шабуыл жасауды тоқтатсын деген талабымен жіберген Тобылдың әскербасы Матьвей Городничийдің күнделгінде былай деп жазылады: «Қазақ ордасы Ертіс өзені арқылы екі мыңнан, тіпті, одан да көп жорық жасады, енді олар Ямышев өзеніне, Көкен батыр ұлысына бет алуға дайындалды». Жоңғар шапқыншылығы ішкі жағдайдың нығаюына бар күш-жігерін жұмсап жатқан Тәуке ханға қатты соққы болды. Академик В.В. Бартольд атап өткендей бұл жағдай саяси экономикалық құлдырауға әкелді және мал басының кеми түсуі экономикалық дағдарыстың бастамасы болды.

Сонымен, XVII ғасырдың соңы-XVIII ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық жағдайы туралы сөз еткенде, оның жоңғар шапқыншылығының зардаптары мен байланыстарын көрсетпейінше тереңінен ашылмайды. Жоңғар шапқыншылығы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ қауымының жайылымының жетіспеушілігіне әкелді, қала мәдени орталықтары дағдарысқа ұшырады.

Бақылау сұрақтары:

1. Тәуке хан тұсындағы шекаралық қақтығыстардың себебін түсіндіріңіз.
2. Тәуке ханның көрші елдерге жіберген елшілігінің тарихи маңызын көрсетіңіз.
3. Ресеймен және көрші халықтармен сауда қарым-қатынасына баға беріңіз.
4. Тәуке хан тұсындағы геосаяси фактордың ықпалына қатысты тұжырымдамаларды сипаттаңыз.

III тарау

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ (XV-XVIII ғ. БАСЫ)

§ 1. Қалалар мен елді мекендер

Бүгінгі таңда кешенді археологиялық-тарихи зерттеулердің нәтижесінде Қазақстан аумағы Еуразияның байырғы және ортағасырлық тарихында аса маңызды рөл атқарған орталықтардың бірі болған қалалар анықталып отыр.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Қазақстан аумағын ортағасырлық дәуірде мекен еткен халықтың бір бөлігі көшпенділікпен қатар отырықшы, жартылай отырықшы болғаны, Қазақстанның едәуір бөлігінде орта ғасырда қалалар мен тұрақты елді мекендердің болғаны жөнінде материалдар көптеп жинала бастады. Әрине, әр қаланың қайталанбас өзіне ғана тән тарихы бар. Бірақ қазақ даласындағы кез келген қала өзі орналасқан аймақпен, жалпы Қазақстанмен тығыз байланыста дамыды. Қалалар сауда, қолөнер, діни, әкімшілік, мәдени, рухани орталықтар болды, ал Қаялық, Отырар, Сарайшық, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Тараз, Түркістан және т.б. қалалар қазақ жеріндегі жеке хандықтардың, ірі феодалдық иеліктердің астаналары қызметін атқарды. Аталған қалаларда Еуразия аумағы үшін маңызды шешімдер қабылданып отырды.

XV-XVIII ғасырлардағы қалалық мәдениет мәселелерін зерттеуді бастап берген ғалымдардың қатарына Ш.Ш. Уәлиханов, ал кейіннен В.В. Бартольд, А.Ю. Якубовский, М.Е. Массон, А.Н. Бернштам, А.Х. Марғұлан, К.М. Байпақов, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, К.А. Пищулина, У.Х. Шәлекенов, С. Жолдасбаев, Б.Б. Кәрібаев және т.б. зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде қалалар мен елді мекендер тарихы ортағасырлық деректер мен археологиялық деректердің негізінде жан-жақты зерттелініп, нақты қорытындылар жасалуымен де құнды.

XIV-XVI ғасырлардың жазбаша деректерінде – Муин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Муини», Шараф ад-дин Йаздидің «Зафар-наме», Ибн Рузбихан Исфаханидің «Михман-наме-йи Бухара», Камал ад-дин Бинаидің «Шайбани-наме», Мырза Мухаммед Хайдар Дулаттың «Та'рих-и Рашиди», Хафиз-и Таныштың «Ша-раф-наме-йи шахи», Зайн ад-дин Васифидің

«Бадай әл-Вакаи» деген еңбектері және т.б. ортағасырлық қалалар туралы көптеген құнды мағлұматтар кездеседі.



Түркістан деп аталатын тарихи-географиялық термин орта ғасырлар деректерінде Мәуереннахр (Сырдария және Әмудария өзендерінің аралығы осылай аталған) мен Шығыс Дешті Қыпшақ (Қаратаудан Сырдарияның төменгі ағысы мен Аралдан солтүстікке қарай кесіп жатқан далалық кеңістік) арасында жатқан Орта Сырдария алабына қатысты айтылады, яғни оңтүстік-шығысында – Сайрам қаласынан оңтүстікке таман (Шымкент маңайында), Шыршық және Бадам аңғарларының су айырығымен және солтүстік-шығысында – Қаратау жотасымен шектелетін Сырдарияның сол жағалауын бойлай созылып жатқан тар өңір мен сол жағалауын бойлай жатқан кең өңірдің жері Түркістан деп аталған. XVI ғасырдағы автор Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфахани оңтүстіктен, Самарқанд пен Бұхарадан осы аймаққа баратын жолдағы Түркістанның алғашқы бекінісі немесе «Түркістанның шекаралық мекені» деп Аркөк қаласын атайды, ал Сығанақты ол солтүстіктегі «Түркістанның шекаралық мекені», Дешті Қышшақ шегі сол жерден басталады деп санайды.


Аймақты біріктіріп жатқан негіз Сырдария (сол кездің деректері бойынша – «Сейхун») өзені болған. Ибн Рузбихан XVI ғасырда пайда болған ертедегі Сыр атауын да көрсеткен: «Өзбектер мен моңғолдар оны «Сыр өзені» деп атайды». Қаратау беткейлерінен ағып шығатын көптеген шағын өзендермен қатар Сырдария аймақты сумен жабдықтаудың негізгі көзі болған. XVI ғасырдың басында аймақта қала және егіншілік өмірдің жоғары даму деңгейін аймақта болған Ибн Рузбихан Исфахани көзімен көрген адам ретінде былай деп куәландырған: «Түркістан елі белгілі өлкелер мен жерлердің бірі болып табылады... Түркістан Сейхун жағалауын бойлай орналасқан отыз бекіністен тұрады. Оның салалары мен тармақтарынан үлкен арықтар тарап жатыр, олармен өңделген жерлер суарылады. Сейхун өзенінен шығарылған арналардың жағаларында аса биік қамалдар сияқты биік бекіністердің асқақтап тұратыны сонша, өзендер жарып ағатын жұмақтың қуаныш-шаттығын паш етіп тұрғандай». Ибн Рузбихан Исфахани Түркістан жазирасының құнарлығына, су мен көкөністің молдығына, «ауасы жұмсақ әрі жан сергітетін» тамаша климатына басқа да көптеген сүйсінген сөздер арнаған.

Ибн Рузбихан осы аймақ пен «қазақтар елінде» болған кезінде, атап айтқанда, XV-XVI ғасырлар шебінде, Қазақ хандығының нығаюы дәуірінде ол айтқан «Түркістанның отыз бекінісінің» сң ірілері Сырдариянын оң жақ жағалауы мен оның салалары бойындағы Ясы (Түркістан), Отырар, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Икан, оның сол жақ жағалауындағы Аркук, Үзкент, Аққорған, Қожан, Қаратаудың теріскей беткейіндегі Созақ, Құмкент қалалары болған. Сол кездің деректемелерінде қалалар мен қалашықтардың, бекіністер мен қыстақтардың жиырмадан астам атауы ауызға алынады (археологтар тапқан қала жұрттарының саны бұдан артық). Мәселен, Ясы қаласының төңірегіндегі үлкен егіншілік жазирасында орта ғасырлардағы авторлар Икан, Қарнак, Йунка, Қарашоқ, Сура қалалары мен қыстақтарын айтады. Отырар өңірінде XV ғасырға дейін белгілі Шілік қыстағы болған. Сайрамға жақын жерде көптеген қыстақтар арасынан Шымкент қалашығы (XVI ғасырдың аяғында Қарийа Шымкент «Зафар-намеде» аталған), төменіректе Арыста – Халадж-Қараспан (ол да XIV ғасырда белгілі, кейініректе, XVI ғасырда Қараспан деп аталған), Жақанкент (Йақанкент) көтерілді. Жазбаша деректер Қаратау беткейлерінде Қарақұрым қонысы мен Жылан-Қарауыл бекінісі болғанын біледі. Орта ғасырлардағы авторлардың ізімен қазіргі зерттеушілер өткен ғасырларда Қазақстанның оңтүстік аймағында өмір сүрген бұл елді мекендерді бірде қалалар, бірде қыстақтар қатарына қосады. Солай бола тұрса да, белгілі бір қонысты сол кездің авторлары бірде парсы тілді және түрік тілді деректерді қала немесе бекініс («шахр», «қала»; бұл соңғы сөз жергілікті түрік говорына неғұрлым сәйкес келеді) дегенді білдіретін терминдермен, бірде шағын қалашыққа немесе қыстаққа неғұрлым лайықты терминдермен (қасаба, балада, қарийа, дих) атаған. XIV-XVII ғасырлардағы Түркістанның елді мекендерінің мәртебесін анықтаудағы бұл бұлыңғырлықты олардың тіпті ең елеулілерінің көлемі шағын болумен де, қала мен қыстақ арасындағы шаруашылық міндетінің межеленбеуімен де түсіндіруге болады. «Түркістан бекінісерінің» жоғарыда аталғандарынан алғашқы бес-алтауын ғана нағыз қалалар, аймақтың мәдени және экономикалық орталықтары деп атауға болады. Егер орта ғасырлардағы экономиканың шектеулілігін, оның өзіндік сипатын, пайдалануға енгізілген табиғи ресурстардың, атап айтқанда егістіктің, сумен жабдықтау көздерінің жеткіліксіздігін, оның үстіне халық санының біршама аз екендігін ескерер болсақ, мұндай шағын аймақ үшін бұл да аз емес.

Археологтардың анықтауы мен жазба деректердің мәліметтері бойынша Түркістан деп аталатын аймақта XIII-XVIII ғасырларда 30-ға жуық қалалар болған. Олар – Сығанақ, Сауран, Яссы (Түркістан), Отырар, Сайрам, Аркук, Үзгенд, Оксук-Зернук, Құйрық төбе, Қойған ата, Мейрам, Ишқан-Қарнақ, Құмкент, Баба-Ата, Тамды-Паркент, Шартөбе, Қарасман, Шауғар, Саудакент, Икан Бұзық-Аркук, Шаға, Бұзық-Шілік қала қамалдары.

Солардың ішінде Сығанақ қаласы Ибн Рузбехан Исфаханидің «Михман наме-Бухаре» еңбегіне сүйенсек Дешті Қыпшақ пен Түркістан аймағының түйіскен жерінде орналасқан. Моңғол шапқыншылығы кезінде бүлінген қала, өзінің географиялық орналасу жағдайына байланысты тез қалпына

келтіріледі және XIV ғ. Ақ Орданың астанасы болады. Ақ Орда билеушілері Ерзен мен Орыс хандарының тұсында қалада көптеген жаңа ғимараттар салынып, көркейеді. Олар қалада мешіт-медреселер, тұрғын үй-жайлар салғызған. Абд ар-Раззақ Самарқандидің мәліметтеріне қарағанда, Барақ хан XV ғасырдың 20-жылдарында Темір ұрпағы Ұлықбекке өзінің Сығанаққа құқығы барын білдірген, өз дәмесін ол өзінің атасы Ұрұс хан қалада құрылыс салдырды деп дәлелдеген. Абд ат-Тамдахидің мәлімдеуінше, нақ әлгі Барақ хан Сығанаққа «жақсы қаруланған және қамал бұзғыш қару – тас атқыштармен жарақтандырылған қисапсыз көп әскер» апарған. Деректерде XV-XVI ғасырлардағы Түркістан қалаларының дамыған әскери құрылыстар жүйесі туралы хабарланады. Ұзақ уақыт қоршауға төтеп бере алатын бекініс құрылыстары соғыстар кезінде қиратылып, шеберлердің еңбегімен қайтадан қалпына келтірілін отырған. XV-XVI ғасырда ол саяси және экономикалық маңызын жоғалтпайды. 1446 жылдан бастап қала «Көшпелі өзбектер» мемлекетінің құрамына кіріп, астанасы болған. Әбілқайыр хандығы ыдырағанға дейін өзінің мәртебесін жоғалтпаған. Ибн Рузбиханның жазуы бойынша Әбілқайыр хан 1468 жылы осы Сығанақтың жанында жерленген. Оның сипаттауы бойынша, хан күмбезі өте биік және күшті безендіріліп жасалған. Бұл кесенені зерттеушілер көк-кесене мовзолейі – Әбілқайырдың қабыры деп айтады.



Үзтемір тайшының 1457 Әбілқайыр хандығына жасаған жорығы

Қазақ хандығы мен Орта Азиядағы Шайбанилер әулетінің Сыр бойындағы қалалар үшін болған ұзақ уақытқа созылған күрестерінен кейін Сығанақ өзінің бұрынғы күш-қуатынан айырыла бастайды. Сығанақ 1598 ж. түпкілікті Қазақ хандығының құрамына өтеді. XV ғ. Сығанақ қаласының төңірегінде егіншілік пен бау-бақша өсіру жақсы дамыған. Сонымен қатар қала ірі сауда орталығы ретінде халықаралық және жергілікті маңызы зор болды. Ибн Рузбеханның жазбалары бойынша Сығанақ Еділ бойынан Түркістан аймағына дейінгі аралықтағы жалғыз сауда пункті.

Сығанақ қаласы Қазақ хандығы үшін үлкен әскери-стратегиялық мәнге ие болды. Дешті Қыпшақ тайпалары үшін Сығанақтан айырылу жартылай тәуелсіздіктерінен айырылумен бірдей болды. Біріншіден, Сыр бойындағы жақсы қыстаулардан айырылар еді. Екіншіден, оларға жау тарапынан үнемі шапқыншылық қаупі төніп отырады. Үшіншіден, бүкіл аймақтағы сауда айырбас Мауеренахр билеушілерінің қолына көшкен болар еді. Қорыта келе Сығанақ қаласы өзінің пайда болуынан бастап ірі саяси оқиғаларды бастан өткізеді. Ол өзінің тарихында қаңлылардың, Қыпшақ хандығының (XI-XII ғ.) Ақ Орданың (XV ғ.) Қазақ Ордасының (XVI ғ.) астанасы болған. XV-XVI ғ. Қазақ хандығы үшін экономикалық, саяси-әкімшілік орталық, әскери-тірек пункті ретінде ерекше маңызды болып саналады.

Сауран (Сабрам) орта ғасырларда Қазақ хандығы үшін маңызы зор қалалардың бірі болды. Ол Сығанақтан оңтүстік-шығысқа қарай, ал қазіргі Түркістан қаласынан солтүстікке қарай 35 км қашықтықтағы темір жолдың сол жағында орналасқан. Оның көлемі оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 800 м, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығыска қарай 550 м жерді алып жатыр. Оның сақталған қабырғаларының биіктігі – 6 м. Сауран қаласы XIX ғ. II жартысынан бастап зерттеушілер назарынан түспейді.

Сауран қорғаныс құрылыстарының тұтас жүйесімен белгілі болды, олардың ішінен Хафиз Таныш мұнаралары бар биік бекініс дуалдарын, бекініс жалын, «өзен сияқты» терең орын атайды. Басқа бір деректерде бұл қала онда XVI ғасырда «аса көрнекті сәулет құрылысы» – медресе салынуына, сондай-ақ ерекше суландыру құрылыстары – кәріздер салынып, пайдалануына, олардың біреуінде бауы мен жүзімдіктері бар қала сыртындағы қоныс-шаһарбақ орналастырылуына байланысты аталып өткен. Сауран қаласы Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, халықаралық сауда қатынасында өзіндік рөл атқарған. Зерттеуші К.М. Байпақов қаланың Дешті Қыпшақпен байланысын былай көрсетеді: «... Сауран мен Сығанақтан шыққан жолдар Орталық Қазақстанның далаларын шарлап, Сарысу мен Кеңгір, Торғай мен Есіл өзендері жағалауларына жетіп жатты».

«Күшті бекінген қамал» Сауран бекінісін қоршау үшін Шайбанилық Абдаллах хан да Бұхарадан жеткізілген тас ататын қаруды қолданған. Бекіністі қоршап тұрған өзбектер солардың көмегімен «ауыр тастар атып, бекініс тұрғындарының үйлерін, құрылыстарды және құдық шегендерін қиратқан», бекініс дуалдарының астын қазып, оларға толтырылған суды ағызып жіберген. Солай бола тұрса да, саурандықтар бекіністерді әлі ұзақ уақыт қорғап тұра алған. Хафиз Таныштың хабарлауынша, қоршау кезінде дуал бұзатын

және тас ататын қарулармен қатар оқ ататын қару да қолданылған, ал бекініс құрылыстарын өртеу үшін мұнай пайдаланған. Мылтық атушылар (туфакандазы, атешбазы) бекіністі қоршап алған Абдаллах ханның өзбек әскерлері арасында да, бекіністегі қоршауда қалғандар арасында да болған.

XIII ғ. орта шенінде Сауран Ақ Орданың алғашқы астаналарының бірі болған. XIV ғ. аяғында бұл қаланы Әмір Темір әскери қамалға айналдырған. XVI ғасырда Сауран мұнаралы биік дуалдармен қоршалған үлкен қала болған. Оның ірі-ірі құрылыстарының ішінен замандастары «шайқалмалы минаретті» және қала мен оның айналасын сумен қамтамассыз еткен кәріздерді – жердің астынан салынған каналды ерекше атаған. XVII ғ. соңы-XVIII ғ. басында әлсіреп, XIX ғ. басында біржолата күйреген.

Қаратаудың теріскей беткейіндегі Созақ Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігі билеушілерінің, әуелі Ақ Орда, сонан соң Қазақ хандығы хандарының дала аудандарындағы билік үшін, сондай-ақ Түркістандағы қалалар үшін де күресінде үнемі басты тірегі болып келді. Созақ жақсы бекініс қана емес, сонымен қатар далаға жақын жатқан сауда, қолөнер орталығы да болатын. Созақ маңайындағы қазақтардың басқа да отырықшы қоныстары: Күлтөбе (жоғарыда айтылған Қарақұрым сол деп саналады) қала жұрты, Раң, Тастөбе, Тасқорған, Көктөбе деректерде атап өтілін, оларды археологтар зерттеген.

Деректерде Отырар – Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд, Фараб деген атаулармен VII-VIII ғ. аты аталған бұл қала Шыңғыс ханның шапқыншылығынан кейін қиратылып, қала тұрғындары қырғынға ұшыраған. 1219 ж. апаттан кейін қала қайта жанданып, дүниежүзілік саудада бұрынғысынша делдалдық рөл атқарды. Онда Ақ Орда хандары медресе, мешіт, ханакалар мен кесенелер салған. Жошы ұлысы құлағаннан кейін Отырар Әмір Темір мемлекетінің құрамына кірді. Кейіннен Қазақ хандары мен Шайбани әулеті арасындағы көп жылға созылған күрестің нәтижесінде XVI ғ. II жартысында қазақтардың билігіне толық көшіп, XVIII ғ. басына дейін өмір сүрді.

1969 ж. Қазақстан Ғылым академиясы К.А. Ақышев басқарған Отырар археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды. Онда қаланың тарихы, мәдени қабаттары мен архитектурасы археологиялық және жазба деректердің негізінде қайта қалпына келтірілді. Бұл қала туралы зерттеу еңбектері өте көп.

Отырар Оңтүстік Қазақстан жерінің ірі сауда-қолөнер орталығы болып қалыптасты. Ол ұзақ уақыт бойы өздерінің даладағы дұшпандарынан Отырар бекінісінің берік дуалдарына кіріп жасырынған, Темір ұрпақтарының, содан соң Шайбани ұрпақтарының Түркістан уәлаятында әкімдері отырған жер болды. Замандастары Отырардың басымдық жағдайын жақсы түсінді. Отырарды иелену бүкіл аймаққа билік жүргізуді қамтамасыз етті: «Отырар тағы да Мұхаммед Шайбани ханның қолына түсті», – деп хабарлайды «Тава-рих-и гузидаи нусрат наме» авторы. Енді ол бүкіл уәлаятты басып алады». Камал ад-дин Бинаи қазақ ханы Бұрындықтың XV ғасырдың аяғында Мұхаммед Шайбани ханның қолында болған Отырар бекінісін ұзақ уақыт қоршап, табысқа жете алмағанын жазады. Ибн Рузбихан отыз мың әскері бар Бұрындық ханды «осы берік қамалды жаулап алуға жан салды»

деп атап өткен. XV ғасырдың соңында аймақтың әкімшілік орталығы болған қаланың әскери-саяси маңызын сол дәуірдің тарихшылары түсіне білген.

XV-XVI ғ. Қазақ хандығы үшін саяси, экономикалық, мәдени маңызға ие болған қала – Яссы (Түркістан) болды. XVI ғ. соңында қала түпкілікті Түркістан деп аталады. Ол Қаратаудың оңтүстік бөктерінен 30 км жерде, Сырдария өзенінен шығысқа қарай 35 км қашықтықтағы тегіс жерде орналасқан қала. Түркістан XV-XVI ғ. Мәуереннахр билеушілерінің әкімшілік орталығы болды. XVII ғ. бастап қала Қазақ хандығының астанасына айналады да, онда бүкіл саяси және мәдени, экономикалық өмір шоғырландырылады. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан бұл қала аймақтағы ірі сауда орталығы болды. Сонымен қатар Яссы ауқымды егіншілік өңірдің орталығы болды.

Әмір Темірдің XIV-XV ғасырлар шебінде таңғажайып ғимарат – Түркістанда Қожа Ахмет Яссауи кесенесін салдырғаны туралы материалдар көп. Кесене XVI ғасырда да адамдарды қайран қалдырған. Ибн Рузбиханның айтуынша, бұл «төбесі көк тіреген күмбез тәрізді құрылыс» – «дүние жүзінде салынған керемет ғимараттардың және адамзат баласының ғажайып туындыларының бірі». «Қасиетті жер», «Екінші Мекке» деп саналған Түркістанда Дешті Қыпшақ хандары мен олардың отбасыларының мүшелері жерленеді.

XIV-XV ғ. Темірдің бұйрығымен салынған бұл кесенені ЮНЕСКО әлем ескерткіштерінің тізіміне 2004 жылы енгізілді.

Сайрам қаласы өзенінің оң жағалауында, әкімшілік басқару жүйесі бойынша қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданындағы Сайрам селосының орнында орналасқан.

Қаланы зерттеу ісі XIX ғ. соңынан қолға алынған. 1893-1894 ж. В.В. Бартольд, 1923-1936ж. П.П. Иванов, 1947-1951 ж. Оңтүстік Қазақстан экспедициясының жетекшісі А.Н. Бернштам зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Тарихшылардың көпшілігі Сайрам қаласын ежелгі Испиджаб қаласымен сәйкестендіреді.

XIII ғ. дейін Сайрам (Испиджап) туралы мәліметтер өте көп кездеседі. Саяси, экономикалық, сауда-қолөнер орталығы болумен қатар, қала X ғасырда мұсылман дінін сол аймаққа және Дешті Қыпшаққа тарату орталығы да болған. Ол Сыр бойы арқылы өтетін сауда жолының Моғолстанға кіреер жеріндегі ірі сауда орталығы ретінде де маңызға ие болады.

Археологиялық материалдар Сайрам өңірінде XV-XVI ғасырларда егіншіліктің дамығандығын дәлелдесе, жазба дерек мәліметтері бұл өңірдің аймақты астықпен және басқа да дәнді дақылдармен қамтамассыз еткендігі жөнінде қосымша деректер келтіреді.

Сайрам өңірінің тамаша ауа-райы мен табиғатын ибн Рузбехан былайша суреттейді: «Қала тегіс, ашық жерде орналасқан, өте сұлу және жаңа көрінеді. Ауасы өте таза, жүрекке тек қуаныш пен күш-қуат береді. Қала төңірегінде әр түрлі жеміс ағаштары өседі».

Сайрам тұрғындарының басым көпшілігі қолөнершілер болды. Онда түрлі шеберханалар, тоқыма және зергерлік заттар жасайтын ұстаханалар жұмыс істеді.

Түркістан аймағының солтүстік-шығысында, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының орталығы Шолаққорған селосынан солтүстік-батысқа қарай 100 км жерде Созақ қаласы орналасқан. Ортағасырлық Созақ қаласының тарихын А.Х. Марғұлан, Л.Б. Ерзакович, Агеева Е.И., Г.И. Пацевич және т.б. зерттеушілер зерттеген. Созақ қаласы мықты бекініс, әскери-стратегиялық маңызы ерекше болып есептелді.

XV-XVI ғасырларда Аркук қаласының тарихын жазба деректердің негізінде қалпына келтіруге болады. Ол Сырдың сол жағалауында, өзеннен 6-7 км жерде, аймақтың оңтүстігінде орналасқан.

Ибн Рузбеханның «Михман наме-ий Бухара» еңбегінде «Аркук қамалының сипаттамасы» деген тарауда қала тарихын, географиялық орналасуын сипаттап берген.

Қала көлемі жағынан кішігірім болғанымен, егіншіліктің орталығы болды. Дерек мәліметтері бойынша Аркук ұзақ уақыт қоршауға шыдарлық мүмкіндігі бар қамал болған. Бұдан басқа Өзкент, Аққорған қала-қамалдарының Қазақ хандығының тарихында маңызды рөл атқарған.

Қорыта келгенде XV-XVIII ғасырларда Қазақстан территориясында өмір сүрген қалалар Қазақ хандығының тарихында маңызды орынға ие болды. Осы қалаларды иеленіп, саяси және экономикалық тұрақтылықты сақтап отыру мақсатында Қазақ хандары Шайбани, Аштархани әулетімен бірнеше ғасырлар бойы соғысты. Әр қаланың тарихта өзіндік орны мен ерекшелігі, атқарған қызметі болды.

Бақылау сұрақтары:

1. XV-XVIII ғ. Қазақстан территориясындағы қалалар мен елдімекендердің тарихы.
2. Ортағасырлық қалалар тарихын жазба деректердің негізінде зерттеу (Ибн Рузбихан Исфахани «Михман наме Бұхара», М.Х. Дулати «Тарих-и Рашиди», Хафиз Таныш «Абдаллах наме» т.б.).
3. А.Ю. Якубовский, М.Е. Массон, А.Н. Бернштам, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич және т.б. зерттеушілердің ортағасырлық Қазақстан қалаларын зерттеуге қосқан үлесі.
4. А.Х. Марғұлан, К.М. Байпақов, У.Х. Шәлекенов, С. Жолдасбаевтың ортағасырлық қалалар тарихына арналған еңбектеріне тарихнамалық талдау жасау.
5. К.А. Пищулина, Б.Б. Кәрібаевтың ортағасырлық қалалардың маңызын ашып көрсетуге арналған еңбектеріне талдау жасаңыз.
6. Ортағасырлық қалаларға сипаттама беріңіз.

§ 2. Қазақ халқының шаруашылығы және оның түрлері

Қазақ жерінің табиғи-географиялық ерекшеліктеріне байланысты қазақтардың негізгі шаруашылық кәсібі мал өсіру болған. Қазақтардың басты байлығы болған мал олардың тамақ өнімдерімен, киім-кешек және тұрғын үй материалдарымен қамтамасыз етіп отырды, сондай-ақ көлік қызметін атқарды. Ол сонымен бірге оларға көрші халықтармен ең қажетті заттарды айырбастап алатын қаражат көзі болды.

Қазақтар көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Мал шаруашылығы табиғат жағдайларына мейлінше тәуелді болды. Жыл маусымына байланысты көшіп-қону бағыттары да өзгеріп отырды. Маусымдық жайылымдарды (көктеу, жайлау, күздеу, қыстау) алмастырып көшіп-қонып отырудың бұрыннан қалыптасқан жолдары мен жылдық айналымы орнықты. Қалыптасқан дәстүр бойынша әрбір ру белгілі бір аймақ шеңберінде көшіп-қонған. Жайылымдық қоныстардың арақашықтығы жүздеген шақырымға созылды. Жаңа қонысқа көшуден бұрын ауылдың тәжірибелі адамдары жер шолып, малға жайлы жайылым іздестіретін. Онда жерінің шөбі шүйгін, міндетті түрде су көзінің болуы қарастырылды. Аталас туыстар, әдетте, белгілі бағытта бірлесіп көшетін. Жайылымды қоғам мүшелері қауымдасып пайдаланған. Әр рудың өзіндік көшіп-қонатын жері болды және бұл жерге меншік ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырды.

Мал жеке адамның және отбасының меншігінде болды. Ол көшпелілердің байлығының басты өлшемі және тұрмыстық жағдайының негізгі көрсеткіші болды. Көшпелілер өміріндегі малдың маңызын Шоқан Уәлихановтан артық айтқан адам жоқ: «Дала көшпелісін ішіп-жегізетін де, киіндіретін де мал, ол үшін өз тыныштығынан малының аман болғаны қымбат. Қырғыздың амандасуы «мал-жан аман ба» деп басталады. Бұл мал-жан жөнінде хабар береді, көшпелілер тұрмысын сипаттайды».

Мал басы көшпелі қазақтарды ішіп-жем, тағаммен қамтамасыз етті Қой мен құлын, ешкінің иленген терісі түрлі сырт киімдер мен аяқ киім тігуге пайдаланылды. Қойдың және түйенің жүнінен киіз басылды, жіп иіріліп, шекпен тігілді, арқан-жіп есілді, баушулар жасалды, кілем тоқылды. Ешкінің түбіті әдемі де жылы шәлілер тоқуға пайдаланылды. Малшылар серкенің, өгіз бен жылқының терісінен құдықтан су тартатын ыдыстар – қауғалар, қымыз ашытатын сабалар мен сусын құятын торсықтар жасады. Қазақтар малдың тезегін отын ретінде пайдаланды.

Мал шаруашылығын жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі сақталып, үнемі жетілдірілумен болды. Жем-шөп дайындау болмады, қыста мал тебіндеп жайылды. Қар қалың, аязды болған жылдары жұт болып, малдың жаппай қырылуы жиі кездесетін. Бұл жылдары малшылар тақырлана кедейленіп, көпшілігі отырықшылыққа ауысатын.

Қыс кезінде үйір-үйір жылқылар ашық далада қарды тұяғымен аршып, тебіндеп жайылатын. Жылқы тебіндеп жайылған соң ол жерлерге мүйізді ірі қара, түйе және ұсақ мал жіберілетін.

Көшпелі қазақтардың өсіретін малының негізгі түрлері қой-ешкі, жылқы мен түйе, сиыр болды. Соның ішінде жылқыға үлкен мән берілген.

Қой қазақтың ең басты байлығы саналды. Қазақтар қылшық жүнді әрі құйрықты қой тұқымын өсірді. Қой қандай қиындыққа да төзімді түлік. Ол ыстыққа да, суыққа да, аштыққа да шыдамды келеді. Ірі қойлар 2 пұтқа дейін ет, 1 пұтқа дейін құйрық майын, 4 қадаққа дейін жүн бере алады. Арал маңында болған ағылшын көпесі А. Дженкинсон: «Қойлары ірі, құйрықтары үлкен, салмақтары 60-80 фунт», – деп жазған. Ал А. Левшин қазақтардың қойларының ерекшелігін: «Қойдың өзі 4-5 жаста болса,

2 пұтқа дейін құйрық май беретін. Олар мығым, күшті әрі биік, 10-12 жастағы балалар ойнап, үстіне мініп алатын», – деп сипаттаған.

Қазақ жылқысы тұрқы аласа, кеуделі келеді. Ол жыл бойы өз аяғымен тебіндеп жайылады. Қазақ жылқысы жүйрік әрі өте төзімді, сондықтан да ол ішкі Ресейден қоныс аударып келген орыстардың арасында өте жоғары бағаланды. Жылқы малы қазақты етпен, қымызбен қамтамасыз етті, салт мінуге және ауыл шаруашылығында күш көлігі ретінде де пайдаланылды.

Ибн Рузбиханның айтуынша, қазақтар өгізбен қатар түйе малымен де арбаға орнатылған үйлерін сүйретін алып жүрген. Сонымен бірге түйеден жүні алынған, ал түйе сүтінен дайындалатын калориялы дәмді сусын (шұбат) қымызбен бірдей бағаланған. Дешті Қыпшақтың барлық көшпелілері сияқты, қазақтар да қос өркешті жүндес түйе өсірген.

Қазақтардың шаруашылығында ірі қара болмашы орын алған. Өйткені ол жыл бойы бағуға, әсіресе қыс кезінде қар астынан тебіндеп жайылуға нашар бейімделген. Сиыр малы биік емес, ұсақтау болып келді. Сүтті де көп бермейді. Сиыр елдің солтүстік аймақтарында көбірек өсірілді. Отырықшы және жартылай отырықшы шаруашылықтарда ол жер жырту кезінде соқаға жегілетін күшкөлігі ретінде пайдаланылды. Қазақ байлары өз сиырларын ежелгі дәстүр бойынша кедейлерге сауын ретінде таратып беретін. Кедейлер сиырдың сүтін сауып ішетін. Оның есесіне ол сиырларды жем-шөппен қамтамасыз етіп, бағып-күтуді, төлін аман өсіруді өз міндеттеріне алатын.

Қазақтар ешкіні негізінен тамаша түбітіне бола өсіретін. Қазақта әр отар қойды бастайтын серке болады. Түйе түлігі негізінен айыр өркешті болып келеді. Жалғыз өркешті нар түйелер Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтарында өсірілді. Қазақтар түйені көші-қон, егін шаруашылығында күш көлігі ретінде де пайдаланды.

Көшпелілер өздерін қыс кезінде азық-түлікпен жабдықтау үшін жылына бір рет желтоқсан айында соғым сойған.

Ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ төрт түлік малдың сыр-сипаты мен жай күйіне қанық еді. Үнемі мал сойып отырғандықтан малдың барлық денесінің анатомиялық құрылысы жөнінде мол білімге ие болды. Сонымен қатар жас ерекшелігіне сай атап отырған.

Мүйізді қара сиыр, бұқа, өгіз, бұзау, тайынша, құнан-өгіз; түйе бота, тайлақ, құнан; қой қозы, тоқты, сек, бойдақ; ешкі теке, лақ деп жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлінген.

Көшпенділердің шаруашылық-экономикалық тарихын зерттеген С.Е. Толыбеков көптеген мәліметтердің негізінде «XV-XVIII ғ. қазақтардың шаруашылығын жыл бойы көшіп-қонумен сипаттауға болады және Қазақстанда революцияға дейін де бұл типтегі шаруашылық адай, табын, шекті, шөмекей, кете және т.б. көптеген ру-тайпалық топтарда өзінің өміршеңдігін сақтап қалды», – деген болатын. Шын мәнінде, әрбір ру-тайпада ежелден бері қалыптасып қалған көшіп-қонуы сонау XX ғасырдың I ширегіне дейін өзгеріске ұшырамаған еді.

Сондай-ақ автор «көшпелі мал шаруашылығы өнебойы рулық-патриархалдық қатынастармен байланыста болды. Себебі туысқан ру-тайпалық

одақтармен байланысын үзбсу, онымен үнемі жақсы қатынастарда болу, жыл бойы көшіп-қонатын көшпелі халыққа оның мүлкі мен өз жанының амандығын сақтап қалуын қамтамассыз етіп отырды дейді. Және әрбір үш жүз ешбір белгіленген шекараларсыз-ақ қалыптасып қалған үрдіс бойынша қазақтың кең сахарасында белгілі бір аймақтарда көшіп-қонып жүрді.

Егін шаруашылығы. Қазақтар орта ғасырларда егін шаруашылығымен де айналысқан. Түрлі аудандарда егіншіліктің дамуы мейлінше әркелкі болды. Кейбір аудандарда егін шаруашылығы төмен дәрежеде болды. Ал ежелден бері қалалық мәдениеттің дамыған ошақтары болып саналатын Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларының маңында егіншілік кең етек жайды. Қала тұрғындарының қала сыртында өңделетін жер учаскесі болып, жазда олар сол жерге көшіп барған.

XVI-XVII ғ. Қазақ хандығында егін шаруашылығы біркелкі дамымады. Кейбір жерлерде бұл шаруашылық түрі өте маңызды болып, кең етек жайса, кей жерлерде мүлдем дамыған жоқ.

Отырықшы мәдениеті дамыған Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе Сырдария, Арыс, Шу мен Талас өзендерінің бойында, Қаратаудан басталған өзен аңғарлары, Ұлытау төңірегінде, Атбасар даласы мен Зайсан көлінің маңайында халық егін егумен айналысқан. Олар бидай, арпа, тары, жүгері, сұлу, күріш, маш, тағар, анис, жүзім, қарбыз, қауын, өрік, алма, мақта еккен. Сол кезеңдегі қазақтардың шаруашылығы туралы мәліметтер XVII ғ. соңында Тәуке ханға жіберілген орыс елшілерінің жазбаларында кездеседі.

Ибн Рузбихан Исфахани «Михман наме-йи Бұхара» еңбегінде: «Сығанақта егістік Сейхуннан (Сырдария) тартылған арықтармен суландырылады», – деп хабарлайды. Сығанақтағы грамоталарда Қызылтал, Шығыл-Торғай, Ордакент, Қалта-Жалғия, Жүлек, Жыңғылбұлақ, Арыстанды арықтары, сондай-ақ Тоқтамыс, Қараси, Хисаршық бұлақтары аталған.

Отырарда ішінара жаппа жабылған шаруашылық аулалары, астық пен ауыл шаруашылық өнімдеріне арналған үлкен қоймалар, малға арналған арнаулы қора-қопсылар сол кезеңдегі қаланың аграрлануы күшейе түскендігін көрсетеді. Қоймаларда астық, кептірілген жемістер сақталған. Астық пен ұн сақтау үшін көзелер мен астық ұралары пайдаланылған.

Сырдарияның сол жақ жағалауындағы соңғы ортағасырлардағы қалалар – Қожан, Аркөк, Үзкент, Аққорған ауданындағы археологиялық зерттеулер мұнда суландыру негізінен өзен арналарынан бастау алып, өздігінен ағатын басты жүйелерге негізделгенін көрсетеді. Бұл қалалар дерек мәліметтері бойынша астықты мол өндірушілер болған.

Тау етегіндегі аудандарда суландыру үшін тау өзендерінің сулары пайдаланылған, сондай-ақ тәлімді жерге егіс салу кеңінен қолданылған.

Оңтүстік аудандарда егіншілік әдетте суармалы болған. Өзендерден каналдар мен арықтар жүйесі тарам-тарам болып егістікке тартылды.

Бұл кезеңде егін егетін құралдар да қарапайым болды. Олар кетпен шот, кетпен, ағаш соқа, тырма, орақ болды. Тұқымды қолмен себетін. Астықты ат тұяғымен, кейде астық басатын тоқпақтармен бастыратын. Егін суаруға су тартатын қарапайым аспан-атпа пайдаланылды. Аспа деген сабы үш аяқты

аспаға ілінген ожау. Су көтеретін аспап шығыр да пайдаланылды. Шығыр әдетте теріден жасалынады.

Жазба дерек мәліметтері мен археологиялық деректерге қарағанда қала тұрғындарының егіншілік кәсібі тұрмыста маңызды рөл атқарғандығын дәлелдейді.

Дешті Қыпшақтың алуан түрлі жануарлар дүниесі бар кең-байтақ кеңістігі көшпелілерге жеке-дара және ұжым болып аңшылық етуге зор мүмкіндіктер берді. Ортағасырлық деректердің мәлімдеуінше дештілік көшпелілердің «көбінесе садақпен тамаша аң аулай білетіндігін» атап өтеді.

Ибн Рузбихан Исфахани «Михман наме-йи Бұхара» шығармасында: «Сол көп нұр жауған елдің бүкіл шөл даласы жабайы аңдарға толы. Сол далада шөбі шүйгін жайылымдары мол болуынан киіктер семіз сиыр сияқты жүгіре алмайды, ал сол өңірдің аңшысы аң қуғанда аты аңға зорықпай жетеді», – деп сипаттайды.

Аң аулаудың бірнеше түрі болған: құс салған, тазы иттер қосып, қаумалап аулаған. Қыран құстардан қаршыға, бүркіт, сұңқар, лашын, т.б. пайдаланылған.

Жалпы қорыта келгенде, XV-XVIII ғ. Қазақстан тарихында мал, егін, аң шаруашылықтары дамып, өркендеді.

Бақылау сұрақтары:

1. XV-XVIII ғ. қазақтардың шаруашылығы мен тұрмысы.
2. Көшпелі мал шаруашылығын сипаттауға арналған ортағасырлық деректер мен зерттеу еңбектерімен жұмыс істеу.
3. Егін шаруашылығы туралы ортағасырлық жазба деректердің мағлұматтарын топтастыру, талдау.
4. Мал шаруашылығының түрлері.

§ 3. Кәсіпшілігі, қолөнері

Қазақ халқының тіршілікті қамтамассыз ету мәдениеті көп жағынан халық кәсіпшілігі мен қолөнері арқылы анықталады. Кез келген өндіруші шаруашылық, мал шаруашылығы немесе егіншілік өз қолөнер кәсіпшілігінің бұйымдарынсыз дамуы мүмкін емес: мал шаруашылығы үшін ер-тұрман, ат әбзелдері, малды ұстайтын, байлайтын жабдықтар мен т.б., егіншілік үшін жерді жыртатын және тырмалайтын, астықты жинайтын және өңдейтін құралдар мен т.б. қажет. Сондықтан қазақтар арасында әр түрлі салалар бойынша мамандар: ағаш өңдеушілер, темір ұсталар, тері илеушілер, тас қалаушылар және т.б. болған. Қолөнер кәсіншілігі дене күшін жұмсауды қажет етеді, сондықтан мұнымен әдетте еркектер айналысты.

Ұсталық пен зергерлік өнер әр түрлі металдардан сан алуан үй бұйымдары, сәндік әшекейлер жасаумен байланысты. Қазақстан жерінде мыс, жез, темір және күміс сияқты металдардан бұйымдар жасау ісі өте көне замандардан басталады. Содан бері ұсталар мен зергерлер ісінде сан қилы жағдайларға байланысты даму және тоқырау кезеңдер де болды. Соған қарамай, ұсталар мен зергерлердің дәстүрлі өнері біздің заманымызға дейін жетіп отыр.

Көшпелі өмір жағдайында қазақ ұсталары мен зергерлерінің арнайы дүкендері болмаған. Кейде ескі киіз үйде немесе қысы-жазы ездері тұратын тұрғын үйлерде жұмыс істеген. Жаздыгүні есік алдындағы үй көлеңкесінде немесе әдейі жасалатын лапастар мен күркелерде отырып, ұсталық құрды.

Үй кәсіпшілігі әрбір отбасының тіршілігіне қажетті заттармен белгілі бір дәрежеде қамтамассыз етіп отырды: әр алуан киім түрлері, үйдегі өндірістің едәуір бөлігін құраған – тұрғын үйдің ішкі жасауының бұйымдары және т.б. Тұрмыстық заттарды жасау шыдамдылықты және эстетикалық талғамды қажет етеді.

Қазақтардың халықтық кәсіпшілігі мен қолөнерінің өз ерекшеліктері болды және олар халықтың шаруашылық қызметі мен тұрмыс салтының нәтижесінде қалыптасты. Халықтың басым белігі мал шаруашылығымен айналысты, оның негізінде жайылымды маусым сайын алмастырып отыру принципі жатты, мұның өзі көшпелі тұрмыс салтына себеп болды.

Көшпелінің шаруашылығы тұтынуға қажетті бұйымдарды өзі өндіретін сипатта болды және халықтық кәсіпшілік оның негізгі бөлігін құрады.

Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалатын бұйымдардың түрі сан алуан. Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шеберлерді халық олардың өндіретін бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «арбашы», «ұста» деп даралады. Ал, бұл шеберлердің әрқайсысы өзінің негізгі кәсібіпен басқа да уақ-түйек бұйымдар түрлерін жасай білді. Әсіресе «ұста» атанаған шеберлер үй бұйымдарының көптеген түрлерін жасаумен бірге, әр түрлі металл және сүйек өңдеу ісімен да айналысты.

Ер-тұрман (ат әбзелдері) – қазақ халқының арасында ер-тұрман салт атқа мініп жүру үшін жасалған. Ер-тұрманды жасау тек халық ішінен шыққан



шеберлердің қолынан келетін іс. Іскерлік өнерге қарай шеберлердің біреулері ердің соқа басын жасайтын болса, екіншілері ағаштан ер шауып, былғарыдан, киізден, тоқым тігіп, қоладан үзеңгі құйып, темірге күміс, алтын жалатып және сүйектен нақыштап, асыл тастан көздер орнатып, ер-тоқымды түгелдей жасаған. Ер-тұрман жасау мен оны күнделікті өмірде пайдалану – қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас мәселелерімен тығыз байланысты.

Айыл – атқа ерді бекітуге керекті жабдық. Айыл қайыстан, былғарыдан екі қабатталып қыйылып жасалады, ұзындығы 150-160 см, ені 8 см. Айылдың төс айыл /тартпа деп те аталады/ және шап айылға бөлінеді. Шап айыл төс айылға қарағанда ұзындау болады. Шап айыл жалаң ердің үстінен, ал төс айыл аткөрпенің үстінен тартылады. Сол сияқты ат дорба, ат тарақ,

ауыздық, ашамай, белдік, бұғалық, делбе, доға, ершік, жабу, желдік, жүген, кісен, қамшы, таға, үзеңгі және т.б. заттар жасалынды.

Көркем қолөнер ең алдымен шаруашылықта, тұрмыста қолдану үшін жасалады. Кез келген заттың әшекей-өрнегі оның сынын келтіру мен өтімділігін, тұрмыста қолайлылығын арттыруды мақсат етіп жасалынған. Көркем қолөнерге қазақ шеберлері темір, мыс, қола, алтын, күміс, қалайы, киіз, ағаш, мүйіз, сүйек, тері мен былғарыны пайдаланған. Олар жасалған материалына қарай бөлінеді. Зергерлер соққан білекке салатын, саусақтарға киетін, құлаққа, омырауға тағатын білезік, жүзік, сақина, алқа, моншақ, шашқа тағатын шолпы, шашпен қоса өрілетін шашбау сәндік бұйым ғана емес, халықтың биік эстетикалық талғамынан шыққан нағыз өнер туындылары болып саналады. Бір ғана білезіктің жасалуына қарай – алтын білезік, күміс білезік, топсалы білезік, құйма білезік, қос білезік, т.б. атаулары бар. Алтыннан, күмістен, асыл тастардан көз орнатылған, күміс шынжыр арқылы бес сақина бекітілген аса қымбат білезік – «бес білезік» қолөнердің сирек кездесетін туындысына жатады.

Қазақтың қолданбалы өнер туындыларының өзіндік ерекшеліктері көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы (Жетісуда, Оңтүстік Қазақстанда) өмір салтының өзгешеліктерімен тығыз байланысты. Барлық бұйымдар тез құрастырып, тез жинап алатын, тасымалдауға жеңіл, сынбайтын материалдан (тері, жүн, мал сүйектері, ағаш пен металл) әзірленді. Қазақтар табиғи ортада қоян-қолтық өмір сүре отырып, көркемдік жарасымдылығы мен көңіл жадыратар әсемдігі ғажап үй-іші әлемін жасай алған. Бояуларының әр түрлілігі және ою-өрнектерінің ырғақты байлығы қазақ әйелдерінің дизайнерлік шеберлігімен де, киіз ішіндегі үнемі құбылып тұратын жарықтың түсу мүмкіндіктермен де сәнді синтез құрған. Үй ішінің ішкі көрінісінен әлемді көркем бейнелеуге деген ұмтылыс байқалады. Мысалға, шаңырақтан төмен қарай төгіліп тұрған түрлі-түсті баулар жұлдыздарға теңестірілсе, ұзын басқұрлар мен үзікбаулар бетіндегі тынымсыз қимылға толы өрнектер жұлдызды аспанды – Құс жолын еске түсіреді, қабырғалардағы кілемдер мен түскиіздер жұпар иісі аңқыған гүлді алқап үй ішіне орнағандай әсер береді.

Орта ғасырда табиғи бояғыштар пайдаланылған, кейін анилинді бояулар қолданыла бастаған.

Қолданбалы шығармашылықтың ең көп тараған түрі киіз басу болды. Қазақтар киізді тұрмыс қажеттеріне пайдалану жөнінен ғажап тапқырлық пен шеберлік танытқан. Тығыз етіп басылған ақ және қоңыр киізбен үй сүйегінің сыртын жапқан, оны еденге төсеген, кілемдер, шаруашылыққа қажетті дорбалар, қаптамалардан бастап жайнамаз, дастархан, ерлердің сырт киімдері мен бас киімдеріне шейінгі неше түрлі бұйымдарды киізден әзірлеген. Материал ретінде қойдың күзгі қырқымдағы жүні пайдаланылды. Техникалық мүмкіндіктер мен аймақтарға байланысты киізден жасалатын бұйымдардың көркемдік ерекшеліктері әр түрлі болды. Ою киізбен бірге басылатын көлемі үлкен «текеметтер» түсіне жұмсақ бояулар тән. Нәзік гүл шоқтары композициялық шешімі жағынан да, көз есебімен ғана орналастырылған оюлық шудалар қалыңдығының әр түрлілігімен де то-

лысып, баий түседі. Егер Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан тсксметтерінде негізінен қарама-қарсы ақ-қара түстер басым болса, республиканың оңтүстік облыстарында ашық бояулы түстер көбірек кездеседі, ал Батыс Қазақстан тұрғындарының бұйымдарында бәсеңдетілген полихромды қара түс жиірек пайдаланылады. Олар көбіне түркмен киіздеріне ұқсас келеді.

Дайын киізден құрама жапсырмалар (мозайка) түрінде әзірленетін «сырмақ» түріндегі кілемшелердің сипаттамасы басқаша. Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда қырғыздар үлгісіндегі сырмақтар кең тараған. Кейбір сырмақтарға ақ-қара түстердің графикалық сызықтары мен ою-өрнектің кестелік нақыштары тән, ал енді біреулері полихромды анық өрнектермен ерекше көзге түседі. Әсіресе аралас техникамен әзірленген кілемдер салтанатты көрінеді, олар құрама жапсырмалар түсті кестелермен немесе барқыт, шұға, сәтен, т.б. түрлі еспе жіптер қималарымен әдемі үйлестік тапқан. Текеметтегі сияқты мұнда да ою фриз түрінде құрылады, орталық және жиектемелер айқындала түседі, кейде мүліктің орта тұсы мен шеттерінің айырмашылықтарына көп көңіл бөлінбейді. Барлық тоқымашалақ жұмыстарды әйелдер атқарды. Ал металды, ағашты, теріні өңдеу еркектердің үлесіне тиді. Тұрмыстық заттарды қолданбалы өнер туындыларына айналдырған негізгі көркемдік құралдар ретінде жағымды мәні бар түс пен көптеген оюларды танимыз. Шығармашылық бейнелеудің жетекші түріне айналған ою өнерінде өсімдіктер, жануарлар, космогониялық, геометриялық тұрмыстық әуендер көрініс тапты.

Теріден: саба, мес, торсық, шарық, шоқай, тұлып, етік, көрік, оймақ, аба, көне т.б. жасаған.

Киізден: текемет, сырмақ, туырлық, үзік, түндік, тұскиіз, киіз қалпақ, киіз байпақ, кебене, ат кежім, тоқым т.б. жасалған. Ағаштан: шелек, төсек, күбі, керсен, шөміш, асадал (ыдыс-аяқ қоятын шкаф), саптыаяқ, тостаған, тегене, жағлан, кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, ер, келі, келсап, адал бақан, құрық, кебеже, арба, күйме, шана, піспек т.б. жасалды.

Темірден: балға, балта, ауыздық, шот, сапы, айыр, төс, таға, кісен, кетпен, күрек, қақпан, қайла, тесе, пышақ, бәкі, мылтық, орақ, атауыз, тістеуік, шымшық тұмсық, іскенже, кепсер, шығыршық құрсау, т.б.

Алтын-күмістен: шолпы, шашбау, жүзік, білезік, алқа, сырға, қапсырма, өңір жиек, шекелік, үкі аяқ, салпыншақ, тұмарша, бойтұмар, түйреуіш, үзбетүйреуіш, түйме, кемер, бөлдік, т.б.

Сүйек өңдеу қалалардағы дәстүрлі қолөнердің бірі болған. Үй жануарлары мен жабайы аңдардың мүйіздері мен сүйектері өңдеу материалы ретінде пайдаланылды. Кәрі жіліктен біз бен тескіштер жасалынды. Мүйізден: қамшы сабы, шамдал, шақша, пышақ, қанжар сабы, сырнай, қарықтық, сабаутіс және т.б.

Асыл тастардан: ақық, лағыл, сапфир, зүбәржат, гәуһар, асыл опал-сыңғыр, алмас, перуза, айтас, күнтас және т.б. Қайыс, таспадан: жүген, шылбыр, айыл, құйысқан, ноқта, тартпа және т.б.

Мал шаруашылығы үшін қолданылатын қамшыларды екінің бірі жасай алмады, оны арнайы сол жұмыспен айналысатын өрімші ғана жасады.

Қамшының екі түрі болған: 3-4 өрімнен өрілетін шыбыртқы қамшы және 4-тен көп өрімнен өрілетін дойыр қамшы. Дойыр қамшы өрімдерінің саны кей кезде 24-ке дейін жеткен. Шыбыртқы қамшы ат үстінде жүрген кезде қолданылса, дойыр қамшы аң аулаған кезде қолданылды. Дойырдың басы қатты келген, онымен аңдарды ұрғанда қабырғасын сындырып жіберген.

Сонымен қатар малшы қазақтар бишікті қолданды. Бишіктің сабы қысқа, ал жібі ұзын келеді. Жібі қайыстан жасалады, ол мықты, әрі өрілген болуы керек. Кей жерлерде сап-таяқтың орнына маралдың білек сүйегінен жасалған сап қолданылады.

Археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесінде сырғалардың, білезіктердің сынықтары мен тұтас үлгілері де табылды. Ерекше өсімдік тәрізді етіп өрнектеліп соғылып, безендірілген білезіктердің ұштары кейде жылан басы сияқты жасалынған. Күмістен жүзіктер, сырғалар соғылған. Жүзіктің бетіне жылан өлтіріп жатқан адамның бейнесі ойып жасалынса, кейде тастармен безендірілген. Зергерлер кәсібінде түрлі-түсті асыл тастарды: сердолик, яшма, көк тас, жұзақ, агат, серпентин, мөлдіртасты кең пайдаланған. Асыл тастар моншақ пен жүзіктердің көздерін дайындау үшін сондай-ақ жүзіктердің өздерін өңдейтін материал ретінде қолданылған.

Зергер шеберлері әр түрлі техникалық тәсілдерді: қақтау, құю, соғу, қалыптау, оймалау, қаптап ширату, алтын жалату, күміс ойып орнату әдістерін білген және қолданған. Олар күміс және қола сымдар дайындау мен түрлі-түсті тастарды қыру мен тегістеу, тесу әдісін жетік меңгерген.

Қазақ зергерлері, негізінен, түсті металдардан сан алуан әсемдік бұйымдар жасады. Әсіресе күмістен соғылатын көптеген сәндік бұйымдар – сәукеле әшекейлері, сырға, шолпы, шекелік, алқа, өңіржиек, қолтықша, тұмарша, білезік, сақина, жүзік, белбеу, қапсырма, түйме, тана, тіс шұқығыш ертеден-ақ кең тараған заттар. Сондай-ақ ерлерге арналған – кемер белбеу, кісе, ер-тұрмандарының күмістелген, алтынданған әшекейлердің неше түрлісі өте әдемі жасалды. Ал жағлан, кебеже, сандық, асадал, төсағаш, адалбақан, піспек, тегене, ожау сияқты үй жиһаздары мен ыдыс-аяқ бетіне орнатылатын күмістелген әшекейлер мен түрлі түсті шыныдан не болмаса асыл тастардан орнатылған көздері бар заттарды кез келген үйден кездестіруге болатын еді. Қару-жарақ беттерін күмістеу сияқты істермен де айналысты. Жоғарыда көрсетілген сәндік бұйымдар, негізінен, орыс немесе қытай күмісінен жасалды. Шетелдермен сауданың дамуына байланысты қазақ даласына жайылған Ресейдің күміс және алтын ақшасы, қытайдың қой тұяқ, тай тұяқ жамбылары іскерлердің қолына түсісімен, олардан сан түрлі сәндік бұйымдар жасалды. Күмісті, әсіресе алтынды, асыл тастарды, көбінесе, сәндік бұйымдар жасатушылардың өздерітауып берді. Кейбір қала маңында мекендейтін зергерлер өз күмісінен де сәндік бұйымдар жасап сататын болған.

Халық шеберлері сәндік күміс бұйымдарды жасауда көптеген зергерлік тәсілдерді қолдана білді. Соның ішінде, ең кең жайылған тәсілдер: отқа қыздырып соғу, балқытылған металды қалыпқа құю, кептеу, тынықелеу, қаралау, темір бетіне күміс шабу, сымкәптеу, сіркелеу, жұқа күміс әше-

кейлердің астынан бедерлі қадаубастармен батыра ұрып бедерлеу, бізбен безеу, күмістеу, алтындау, дәнекерлеу, оймалау, асыл тастардан көздер орнату және тағы басқалары.

Шыныдан ыдыс және әшекей заттар (моншақтар, салпыншақтар) жасалған. Сонымен қатар шыныдан саптыаяқ, тостаған, бокал, құты сияқты тұрмыста қажетті заттар дайындалған. Көбінесе шыны түсі ақ және жасыл болып келген. Шыны моншақтар көгілдір немесе көк түсті жұмсақ массадан дайындалған.

Орта ғасырларда қала қолөнершілері шеберханаларда қыш-құмыра жасау ісін деерекше дамытқан болатын. Қыш-құмыра махалласының (шеберханасы) арнайы өндірістік бөлігінде тандыр мен қыш-құмыра пештері, станоктар орналасты. XVI-XVII ғ. қыш-құмыра кәсіпшілігінің технологиясында біршама өзгерістер болды. Онда құмыра ыдыстарды жасауда сілтілі құймалар пайдаланылды. Өрнектер кобольттың, марганец, натрий, калий, мырыштың тотығын бояу ретінде пайдаланылып салынды. Қыш-құмыралардың пішіні мен суреттері ерекше өзгеріп, оны бояу мен безендірудің түрлі әдістері қолданылды.

Бұл кезеңде тас өңдеу ісі де біршама ілгері дамыды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде құмтас пен граниттен жасалынған қол диірмендері көптеп табылған. Пішіні мен көлемі әр түрлікайрақ тастар, үккіштер, ірі және ұсақ келсаптар жасалынған.

Орта ғасырларда тоқымашылық, әсіресе кілем тоқу, теріден бұйымдар жасау ісі де дамыған. Өкінішке орай, қазба жұмыстарының нәтижесінде олардың аз мөлшердегі қиындылары ғана сақталынған.Кесте тоқу қазақ қыздарының аса құштарлықпен орындайтын өнері болды. Кесте жібекке, матаға түсірілді. Жастық тыстары, сүлгінің шеттері, аяққап, қоржын, әйел бас киімдері мен орамалдары, көйлектер кестелеп тігілді.

Қорыта келгенде XV-XVIII ғ. қазақ халқының кәсіпшілігі мен қолөнері жан-жақты және жоғары дәрежеде дамып, халықтың сұранысын қанағаттандырып отырған.

Бақылау сұрақтары:

1. Халық кәсіпшілігі мен қолөнердің дамуы.
2. Орта ғасырлардағы қазақ халқының кәсіпшілігі және оның түрлері.
3. Орта ғасырлардағы қазақ халқының қолөнерінің даму ерекшелігі.
4. Қолөнердің түрлері.

§ 4. Қазақ халқының әлеуметтік құрылымы

Қазақ қоғамы өзіне тән әлеуметтік қатынастардың күрделі даму үдерісінен өтті. Кеңестік дәуірдің тарихнамасында адамзат қоғамының дамуын қоғамдық-экономикалық формацияға «бес мүшелі» схемалық тұжырымдамада пайымдады. Оның негізгі нысанын, қоғам дамуының кезеңдерін тек өндіріс әдісі мен өндірістік қатынастар бойынша ғана анықталатын

формациялық шеңбер құрады. Бұл кезеңнің зерттеулерінде қоғамдық-экономикалық формацияда материалдық примат қоғамның руханилығынан үстем қарастырылды. Қоғамның дамуындағы қоғамдық сана, мәдениет, идеология тыс қалып отырды. Рухани өмірдің динамикасы тарихи прогрестің негізгі факторы ретінде ескерілмеді. Қазақ қоғамының дамуы капитализмге дейінгі біртұтас қоғамдық-экономикалық формациядан өткендігі қабылданып, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани даму ерекшелігі ескерілмей қалды. Қазақ қоғамын зерттеуге арналған еңбектерде, таптық қанау, тап арасындағы күрес формасы терең қарастырылды. Сонымен қатар қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс мәселесі әлеуметтік топтың экономикалық мүддесі тұрғысынан анықтау орын алды. Бұл жағдайда дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның саяси және рухани жағынан атқарған тарихи қызметін қарастыру мүмкін болмады.

Тарих ғылымындағы соңғы кезеңдердегі зерттеулердегі басымдылық танытқан тұжырымдар адамзат тарихының дамуын «бес мүшелі» схема бойынша анықтау жеткіліксіз болатындығын көрсетті. Мұнда өркениетті халықтардың мәдениетін, шаруашылық тәжірибесін, саяси құрылыс нысандарын, идеологиясын қабылдай отырып, көптеген халықтардың тұтас даму сатыларына соқпай өтетіні анықталды. Осыған орай қазақ қоғамының даму үдерісінде көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдардың өркениеттілік ерекшеліктері және қазақ қоғамының өркениеттілік ерекшеліктерін талдау қажеттілігі туындады. Қазақ қоғамын зерттеудегі бағыттардың бірі – «көшпелі қоғам» жағдайындағы қоғамдық құрылым, әдет-ғұрып жүйесін зерттеу. Қазақ қоғамын номадизмнің қоғамдық қатынастары тарапынан зерттеу өзінің ағысын тапты. Осыған орай, «номадизм» аясында қоғамның мәдени-тарихи дамуын зерттеудің бағыттары қалыптасты. Көшпеліліктің қалыптасуының бастапқы факторлары және оның өзіндік қоғамдық даму ерекшелігі жөніндегі ізденістер жүргізілді. Номадизмнің шығуы және оның дамуы арқылы көшпелі қоғам өміріне табиғи-климаттық жағдайдың әсері және әлеуметтік-экономикалық фактордың ықпалының зерттелуі тарихшылардың тарапынан тыс қалған жоқ. Тарихнамада көшпелілікке өту үдерісі кездейсоқтық емес деп қорытынды жасалынды. Сонымен қатар мал шаруашылығымен айналысып жүрген тайпалардың дәстүрлі шаруашылық типіне өтуі және оның сапалы деңгейге көтерілуінің себептерін ашатын пікірлер қалыптасты. Номадизмге жартылай отырықшы малшылар мал басы санын өсіру, жайылымды кеңейту мақсатында өткізді деген пікір білдірсе, тағы бір зерттеушілер бұл үдерістегі шешуші қызмет атқарған климаттық өзгерістер болғандығына тоқталады. Номадизмнің қалыптасуындағы табиғи ортаның әсеріне Л.Н. Гумилевтің еңбектерінде жан-жақты талдау жасалынды. Сонымен қатар номадизмнің пайда болуына алғашқы қауымдық қатынастардан ыдыраған көшпелілерге оңтүстігіндегі отырықшы мемлекеттердің саяси және экономикалық қысымы болғандығы туралы пікірді А.М. Хазанов өзінің зерттеуінде ұсынған болатын. Көшпелілердің өзінің мемлекеттілігіне жетуде отырықшы өркениеттің алатын орны ерекше, бірақ көшпелі қоғамның өз ішіндегі саяси институттардың қалыптасуына деген

мұқтаждығына баса назар аудару қажет. Номадизм қоғамдық қатынастардың өзгеше бір ағымын қалыптастырған болатын. Оның басты бір тірегі – рулық қатынас. Кеңес тарихнамасында рулық қатынастың болуы қазақ даласындағы мемлекеттік деңгейге өздігімен жете алмайтын қауымдық қатынастағы тайпалардың өмір сүрді деген қорытындылар жасалынды. Көшпелі тұрмыста мал шаруашылығымен айналысатын тайпалардың сана-сезімінде әскери қоғамдық қатынастардың сақталуы – олардың көшпелілікпен айналысуының бастауы болды деген сияқты тұжырымдар да болды. Г.Е. Марков мал шаруашылығымен және бақташылықпен айналысатын халықтардың номадизмге өтуіне ықпал еткен ауқымды факторлар жиынтығын климаттық, антропогендік, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени негіздер құрайтындығын көрсетті. Көшпелі қазақ қоғамының құрылымында көшпелі тұрмыстың маңызды орын алатындығы рас. Көшпелі тұрмыс қазақ қоғамының саяси құрылысына, әлеуметтік құрылымына, дүниетанымына, мәдениетіне өз әсерін тигізді. Көшпелі қоғамның дамуы, таптық деңгейі, әлеуметтік-экономикалық құрылымы және өз мемлекетін құруға қабілеттілігі жөніндегі мәселелер Кеңестік дәуірдегі зерттеулерде жиі талқыланып отырды. Көшпелі қазақ қоғамына қатысты зерттеулерде екі бағыттағы тұжырым қалыптасты. Бірінші бағыт көшпелі қоғамның таптарға бөлінгендігін, әлеуметтік жіктелу болғандығын және оның мемлекетті құрудағы мүмкіндігін ашып көрсетті. Екінші бағыт көшпелі қоғам таптық қоғамға дейінгі деңгейде болды деген пікір білдірді. Бірінші көзқарасты қолдаушылар қазақ қоғамындағы малға немесе жерге қатысты меншік түрінің болуы әлеуметтік дифференциацияны қалыптастырды деген ұйғарымдар жасады. Қазақ қоғамында малға қатысты меншік түрінің болғандығын және көшпеліні қанап меншіктеу негізінде жүзеге асқандығын С.Е. Толыбеков және В.Ф. Шахматов зерттеулерінде, жерге қатысты меншік түрінің болғандығын Б.Я. Владимирцов, М.П. Вяткин, Н.Г. Аполлова, К.А. Пищулина, Т. Сұлтанов қарастырған болатын. Мұнда қазақ қоғамында жер – өндіріс шарты ғана емес, өндіріс құрал-жабдығы болып табылады деп санады. Дағдылы құқық нормаларына байланысты жерді (жайылымдарды) пайдаланудың қауымдық нысаны сақталған жағдайда, малдың ірі меншік иелері көшіп-қонатын жерлеріне билік етті, іс жүзінде ең жақсы жайылымдарды иеленді, қанау малды меншіктену ғана емес, жерге меншік негізінде де жүзеге асырылды. К.А. Пищулина көшпелілер арасындағы әлеуметтік жіктеліс, отырықшы халықтардың әлеуметтік дамуындағыдай заңдылық болды деген қорытынды жасады. Осы бағыттағы көзқарасты қолдаушылар көшпелі тайпалар мен халықтар адамзаттың тарихи дамуының жалпы арнасында жүріп өтіп, өз даму эволюциясында таптық қатынастарға жетті деген тұжырым қабылдады. Қазақ қоғамының формациялық деңгейі патриархаттық-феодалдық қоғам болды деген баға орнығып қалыптасты.

Екінші бағыттағы зерттеулердің тұжырымдамасы бойынша көшпелілер ертедегі таптық қоғам немесе дамымаған қатынастар деңгейінде анықталды. Сонымен қатар көшпелілерде әлеуметтік құрылымдар жетілмеген, таптық тартыстың формасы болмады, жеке шаруашылық түрінде ыдырай бастады

деп көрсетілді. Көшпелілер мемлекеттік деңгейге өз бетінше жете алмайды, бұл оларда отырықшы шаруашылықты өңірлерді жаулап алу арқылы және осылардың тәуелділігінің нәтижесінде қалыптасуының мүмкін екендігін ұсынды.

Номадизмді зерттеушілер арасында көшпелі қоғамды дәріптеушілер немесе оның артта қалушылығын білдіретін пікірлер пайда болды. Көшпелі мәдениеттің отырықшы мәдениетсіз өмір сүруі мүмкін емес деп, кейбір жағдайда екеуін бір-біріне қарсы қою зерттеулерде орын алды.

Қазақ қоғамына көшпелі қоғам тұрғысынан қарау жеткіліксіз. Себебі қазақ қоғамы өзінің даму үдерісінде көшпелі және отырықшы мәдениеттің ортақ ұштасуының нәтижесі болды. Өркениет зерттеушілерінің бір тобы Еуразия даласындағы көшпенділердің тарихи даму үдерісін бөлін алып қарауға болмайтындығын ескертеді. Өйткені ол көшпенділер, біріншіден, басқа көршілес қауымдармен ара қатынаста болды, ал ол қауымдар болса отырықшы-егіншілер, қала мәдениеті дамыған өлкелерде тұрды. Екіншіден, көшпенділердің өз ішінде жартылай отырықшы малшылар тобы болды. Үшіншіден, көшпенділіктен отырықшылыққа көшу, қалалық мәдениетпен ұштасу, түйісу тенденциясы тарихта орын алды. Таза көшпенділік Еуразияның сайын даласында болған емес, қала мен дала одағы, отырықшылық пен көшпенділік өзара ұштасып, бір-біріне кірігіп, байланысып жатты. Сондықтан да Еуразия сахарасында таза көшпенділер өркениеті емес дала мен қала мәдениеті ұштасқан Дала өркениеті дамыды. Дала өркениетінің жоғары деңгейдегі өзіндік дамуы, әлеуметтік-саяси құрылымы, рухани әлемі, экономикалық негіздері дәстүрлі қазақ қоғамын қалыптастырды. Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымын өркениеттілік тұрғысынан пайымдау зерттеулерде орын алып отыр. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын саяси белсенділігі, биліктегі құқықтары арқылы анықтау қажеттілігінің дұрыстығы зерттеулерде көтерілді. Кеңестік дәуірде орныққан қоғамдық қатынастарда жеке меншіктің болуы, қарама-қарсы екі тап арасындағы қайшылықтарды қоғам дамуының анықтамасы ретінде қарастыру бәсеңдеді. Қоғамның дамуын формациялық шеңберде қарастыруда қоғамның саяси дамуы, мемлекеттік нысандары, мәдениеті, діні, идеологиясы сияқты өркениет ұғымына кіретін жақтары ескерусіз қалып отыратындығына көңіл бөлді. Дәстүрлі қазақ қоғамын құрайтын институттардың қызметін «өркениеттілік» тұрғысынан теориялық зерттеу тарихшылар тарапынан жүргізілуде.

Өркениет – мәдени тип, ол ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі, тұйық, ағысы жоқ жерде эволюциялық даму емес, борсу бар, іру бар, шіру бар, бір орнынан қозғалмай, тыпырлау бар. Қалай болғанда, өркениет дегеніміз – эволюциялық белгілі бір дәрежеде этностар мен мемлекеттердің араласқұралас қана емес, тарихи және мәдени біртектілік болмысының автономды дамуы болса керек. Қазақ қоғамын Дала өркениетінің тұрғысында пайымдау арқылы оның әлемдік дамуға қосқан үлесін М.Қ. Қозыбаев жіктеп, зерттеді. Олай болса, қазақ қоғамының ерекшелігін осы өркениеттің тұтастық негізінде талдауға болады. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын өрке-

ниеттілік тұрғысын-да зерттеу қағидасы бойынша ізденіс жүргізген А.И. Оразбаеваның дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институтына арналған еңбегінде берілген төмендегі тұжырымның маңыздылығы ерекше: «Сонымен, көшпелі қоғамның шаруашылық-экономикалық және саяси ерекшелігі айналып келгенде, бір ғана өркениеттілік факторға – көлбеу (горизонталды) қарым-қатынастарға негізделген әлеуметтік байланыстарға тәуелді десе болады. Көлбеу әлеуметтік қарым-қатынастар экономикалық мүдделікке негізделген таптық жіктелісті жоққа шығарады. Нақты таптық жіктелістің болмауы өз кезегінде қоғамдық іс-әрекет атаулының барлығы экономикалық немесе саяси ғана емес, сол сияқты әлеуметтік және мәдени қажет-тіліктерге негізделуін қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан келгенде, тарихилық қағидасының өзі тарихи болмыстың тек материалдық қыры ғана емес, рухани мәнін де айқындайтыны ақиқат. Ендеше, ұлттық тарихымызды талдау, саралау барысында зерттеудің негізгі нысаны ретінде қандай да бір жалаң, абстрактілі өндіріс тәсілін емес, қоғамдық дамудың әлеуметтік-мәдени қырынан келгендегі ұдайы өндірісін қарастыру тиімдірек сияқты», – деп қорытынды жасады.

Әлем тарихын бір сызықты үрдіс тұрғысынан қарау мүмкін емес. Қазіргі әлеуметтік ғылымдарда және тарихта адамзат қоғамының пайда болуын және оның дамуын, ыдырауын түрлі бағытта түсіндіретін төрт ұғым қалыптасқан. Біріншісі – бір-бағытты даму ұғымы немесе эволюциялық. Мұнда адамзат қоғамы өзінің ұзақ даму жолында кіші қарапайым аңшылар тобынан қазіргі әлемдік постиндустриалды қоғамға дейін жеткендігі туралы тұжырым жасалынады. Екіншісі – өркениет ұғымы. Бұл ұғымды ұстанушылардың пікірі бойынша бірыңғай әлемдік тарих жоқ. Өркениет тірі организм сияқты пайда болып, өмір сүріп, жойылады. Мәдениеттің ұйысқан жандануы өркениет болып саналады. Осы екі полюс аралығындағы орынды әлемдік-жүйелік тәсіл және көпбағытты эволюция ұғымы алады. Әлемдік-жүйелік тәсіл қоғамның дамуын бірбағытты ұғым сияқты үш қоғамдық модельге бөледі: кіші жүйелер, империя әлемі, экономика әлемі. Бірақ ол уақытқа сәйкес емес кеңістік бойынша қарастырылады. Қазіргі көпбағытты ұғым саяси ұйым құрылуының және өзгеруінің бірнеше жолын ұсынады. Мұнда бірнеше бағыттар оның ішінде күрделі қатынастың, яғни көсемдіктен ұлттық мемлекетке дейін жетуін, келесісі ешқандай бюрократтық әкімшіліксіз суперкүрделі қауым, үшіншісі экологиялық жағдайға сәйкес тайпалық жүйенің сақталуына қатысты тұжырымдар жасалынады. Көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымын біз әлемдік тарихи үдерістің шеңберінде көпбағытты ұғым құрамында қарау арқылы мүмкіндік аламыз.

Бұл әлеуметтік жүйенің қалыптастыру факторы ретінде табиғи-географиялық жағдай және әлеуметтік қатынастардың бағыттары, осыған орай қалыптасқан бірігу мақсатымен тікелей байланысты. Әлеуметтік ұйымның қалыптасуын кеңес тарихнамасында маркстік теорияға негізделген өндірістік қатынастар, шаруашылықтағы ортақтық алғашқы әлеуметтік ұйымдардың қалыптасуына ықпал жасады деп пайымдайды. Әлеуметтік жүйенің қалыптасуында, ең алдымен, адамдар арасындағы қатынастардың күрде-

леніне қандай жағдай ықпал жасады, материалдық өндірістің ықпалынан немесе қоғамдағы адамдардың арақатынасының күрделі және сұранысты баспалдаққа көтерілуіне ықпал жасағандығын қарастыру қажет.

Қазақ қоғамының дамуы оның әлеуметтік-экономикалық қатынастарынан емес, қоғамның саяси құрылымы, билік тетіктерінің ұйымдастырылуы және мәдени қажеттіліктердің құрылымы тұрғысынан ерекшеленді. Қазақ қоғамындағы нақты таптық жіктелістің болмауы, өз кезегінде қоғамдық іс-әрекет атаулының барлығы әлеуметтік-экономикалық немесе саяси ғана емес, әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерден келіп туындауын қамтамасыз ететіндігін көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясының сипатын анықтаңыз.
2. Дәстүрлі қазақ қоғамы жөніндегі тұжырымдамаларға баға беріңіз.
3. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік үдерістердің ерекшелігі қандай?
4. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қақтығыстарды шешу жолдарын талдаңыз.
5. Дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік топтарға жіктелу ерекшеліктерін көрсетіңіз.

§ 5. Әлеуметтік топтар мен категориялар

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар жүйесі өзіне дейінгі далалық өңірде өмір сүрген әскери-потестарлық құрылымдардан жалғасын тапты. Бұл жүйеде генеалогиялық принципке негізделген әлеуметтік топтарға бөліну бағыты болған. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын ғасырлар бойы қалыптасқан рулық-тайпалық бірлестіктер арасындағы өзара қатынастық, бірнеше сатылы құқықтық артықшылықтарына сүйенген жеке индивидтердің билігіне сәйкес, тайпалық, әулеттік тегіне қарай анықталатын жиынтық құрады. Хандық дәуірде қазақ қоғамы өзара тығыз байланыста болған, ұйымдастырылған иерархиялық әлеуметтік құрылымнан тұрды. Қазақ қоғамын құрайтын индивидтердің экономикалық артықшылығынан басқа, қоғамдағы атқаратын саяси қызметі мен міндеттері, құқықтық белгілері бойынша мәртебесіне сәйкес әлеуметтік құрылымды біріктірді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік бөлінуі көптеген зерттеулерде берілгендей біріне-бірі қарама-қарсы топтардың жиынтығын құрады деген тұжырымнан алшақтау қажет. Қазақ қоғамының әлеуметтік топтары бір-бірін толықтыратын, қалыптасқан қоғам ішінде атқаратын нақты қызметі бар санаттардан тұрды. Себебі бұлардың әлеуметтік ерекшелігі қоғам ішіндегі әдет түріндегі құқық арқылы анықталып отырды. Олардың арасында экономикалық тәуелділігі әр түрлі топтар болды. Осыған қарамастан, әр топтың әдеттеріндегі құқықтық артықшылықтары айқын сақталды. Қазақ қоғамының әлеуметтік бөлінуіне тән ерекшелік индивидтердің «ақсүйек» және «қарасүйек» дейтіндерге сарапануы болды. «Ақсүйек» санатын әулеттік және шығу тегіне қарай ерекшеленетін, сырттан ешкімді өткізбейтін индивидтердің жабық әлеуметтік тобы құрады. Оған төрелер, сайидтар

және қожалар енді. Бұлар қоғамдық қатынастар құрылымында саяси және құқықтық белгілері арқылы анықталды. Қазақ қоғамында «ақсүйек» терминінің қалыптасуын қазақ хандығының тарихының алғашқы жылдарына жатқызуға болады.

Қазақ қоғамындағы индивидтердің ашық әлеуметтік тобын құрайтындар қатарына билер, батырлар, ақсақалдар жатты. Бұлардың қоғамдық қатынастардағы құқықтық ерекшелігі атқаратын саяси қызметімен сараланды. Мұнда генеологиялық принцип іске аспады. Бұл әлеуметтік топқа қоғам мүшесінің жеке басының қасиеттері арқылы ене алды. Ал бұлардың билігіне тәуелді қазақ қауымы да осы қоғамдық құрылыстың жүйесін құрады. Көптеген зерттеулерде «қара сүйек», «қара халық», «қарашы» деген атаулармен, яғни Шыңғыс ұрпағына жатпайтын барлық қазақтарды осылай береді. Шындығында, бұл атаулардың барлығы дерлік қазақ қауымына тән ұғым деп айта алмаймыз. Олардың шығуына байланысты алда тоқталып өтеміз.

Қазақ мемлекетінің тарихи қалыптасу кезеңінен бастап билік жүйесіндегі құқық Шыңғыс ұрпағынан тараған жошылықтардың қолында болды. Көшпелі қазақ қоғамындағы билікке, оның ішінде, мемлекеттік билікке көзқарас өзінің дүниетанымдық мөлдірлігімен және пәктігімен ерекшеленеді. Шыңғыс ұрпақтарының билігін мойындамау қазақ қоғамында бейәдеп іс ретінде қабылданды. Қазақ қоғамында оларды төрелер деп атады.

Төрелер – бұлар Шыңғыс ұрпағынан тараған қазақ қоғамының билеушілері, қазақ қауымының рулық-тайпалық құрамына енбей, өздері тармақтарға бөлінбеген. Шыңғыс ұрпағынан тарағандарды төре немесе «сұлтан» деп атаған. «Сұлтан» атауы бастапқыда жинақталған түсінікті, билеп-төстеу, үстемдік, үкім жүргізушілік, сонымен қатар мемлекет ұғымын білдірді. Алғашқы болып жеке адамға қатысты мемлекет билеушісіне «сұлтан» деген атақ Осман империясында берілді. Қазақстан мен Орталық Азияда «сұлтан» атауы әр Шыңғыс ұрпағының мүшелеріне XV ғасырда тағылды деген пікір бар. Сұлтан атауымен қатар билікте жоқ әр Шыңғыс ұрпағына «оғлан» немесе «төре» терминдері қолданылды. «Төре» атауы көне түркі тілінде ханзада деген түсінікті береді деп көрсетеді В.В. Радлов. Көне ұйғыр тілінде де бұл атау осы мағынаны көрсетеді. Төрелерді жіктеп және олардың тарихын зерттеуде Құрбанғали Халидидің еңбегінің орны ерекше. Оның 1910 жылы жарық көрген «Тауарих-и хамса-ии шарки» (Шығыстың бес тарихы) атты құнды еңбегінде Қазақ хандарын ақ тулы, қызыл тулы төре деп атайды. Сонымен қатар осы еңбекте төре атауының төркініне қатысты бірнеше пікір береді. «Төре» сөзі өз кезінде Шыңғыс ханның заңдар жинағының атауы болып кейінірек оның ұрпақтарының лауазымына айналды деп көрсетеді. Оның тағы бір түсіндіруінше, «төре» сөзі парсы тілінен аударғанда дүре соғып жазалауды білдіреді. Төрелер қазақтың әдеттік құқығы бойынша барлық дене жазалауынан босатылғандықтан, оладың өздері ғана жазалай алатын артықшылығын көрсетуі мүмкін. Төре, бұл ханның туыстары билігі ханнан төмен тұратындарды атайды. Төренің лауазымды білдіретіндігі сөзсіз. XVII-XVIII ғасырларда төре атауы жал-

пы қолында билігі бар көрнекті лауазымды адамдарды, соның ішінде шенеуніктерді, сот мүшелерін атауға қолданыла басталды. Төренің жалпы түсінігі түркілерде үйдегі жоғарғы, басты орынды көрсетеді. Шыңғыс ұрпақтарын түркілер «төре» деп жалпы атады.

Сұлтандар мемлекеттік басқару ісін және ұлыстық басқаруды жүзеге асырды. Осының нәтижесінде әрбір беделді сұлтан ұлыстағы басқару жүйесін өз қолына жинастырды. Ұлыстағы билік сұлтанға әскери-саяси үстемдігін және жайылым мен су құдықтарын иелену құқын берді. Әрбір ұлыс сұлтаны ұлыста билік жүргізу және әскерін басқару мүддесіне ие болуы жеке мұрагерлік жүйеде іске аспады. Ұлыс сұлтанын сайлау құқығы ханның қолында болды. Қазақ қоғамындағы сұлтандардың жалпы Шыңғыс ұрпақтарының басқа қоғам мүшелерінен айырмашылығын заңдастырылған жүйеде жасаған әр түрлі әлеуметтік топтардың қылмыстары үшін алатын жазаларының ерекшелігімен айқындалады. Осыған орай «Жеті жарғының» бабында «халықтың ханы, сұлтаны қастандықпен өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін» немесе «Сұлтанды, қожаны балағаттағаны үшін тоғыз айыбын төлейді» делінген. Осы заңдағы қоғам мүшелеріне қолданылатын жазаның әркелкілігі оның міндеттерінің қоғамдағы алатын орнынан шығып отырған. Сұлтандар ешқандай жазаға тартылмаған. Сұлтандардың басқа қоғам мүшелерінің алдындағы тағы бір артықшылығы олар дене жазалауынан және билер сотынан босатылды. Шыңғыс ұрпақтарын хан немесе жоғары сұлтан ғана жазаға тарта алды. Сұлтандардың қол астындағылар оларды есімдерімен атауға құқысы болмады. Сұлтандардың артықшылығы әсіресе халық жиналысында және басқа болатын тойларда оларды ақ киіз үстіне отырғызып құрметтеуге тиіс болғандығынан көруге болады. Осылайша, «Жеті жарғы» бойынша қазақ қоғамында «төре» әлеуметтік топты құрайтындығын анық көруге болады. «Жеті жарғыда» сұлтандардың ерекше жағдайы атап көрсетілді, мысалы, сұлтанды өлтіргені үшін құн мөлшерін қарапайым қазақтың құнынан гөрі жеті есе артық белгіледі. Сұлтандардың осы артықшылық жайын көрсететін тағы бір жағдай, бұлар Тәукенің заңы бойынша барлық азат қазақтардың ханға төлейтін міндетті алым-салықтарынан босатылған. Мысалы, әрбір қару асынған қауым мүшесі (сұлтандардан басқа) ханға және халық билеушілеріне жыл сайын барлық мүлігінің 20 бөлігіндей салық төлеуі тиіс делінген. Дегенмен, осындай артықшылықтары бола тұрса да, ханның саяси билігі даланың билеуші өкілдеріне тәуелді болған.

Сұлтандар өзінің құқықтық жағдайымен қазақ қоғамында ерекшеленді. Сонымен қатар олардың құқықтық артықшылығы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырды. Сұлтандардың саяси құқықтары: мемлекеттік билік жүргізу; жергілікті билікке қатысуы; ұлыстық жер иелену болды.

Қазақ хандығының ішкі өміріндегі кейбір мәселелер бізге әлі күнге дейін беймәлім. Мысалы біз сұлтандардың қай жерде білім алғандығы жөнінде мағлұматтар жоқ. Деректерде сақталған аз ғана мәліметтер қазақ сұлтандарының білімі болғандығын көрсетеді. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфаханидің «Бұхар мейманының кітабы» атты еңбегінде қазақ ақ-

сүйектерінің бір бөлігі балаларын мектепке беретін деп қызықты мағлұмат қалдырған. Қазақ сұлтандарының алған білім дәрежесі туралы нақты деректер сақталмаған. Бірақ кейбір деректерде Хафиз-и Таныштың айтуынша, Шығай хан өлең шығарады десе, халық есінде Тәуке хан батыр ғана емес, алғыр-шешендік қабілеті болғандығы сақталған.

Деректерде Шыңғыс хан ұрпақтарының қазақ даласында көп болғаны айтылады. Мұхаммед Аваздың жазбасында Тәуекел хан мен қазақтардың 120 сұлтаны келгендігі туралы айтылады. Қадырғали Жалайырдың айтуынша, қазақ сұлтандарының көп әйелдері және көп балалары болғандығы мәлім. Мысалы, Шығай ханның он үш баласы болғандығы белгілі болса, Тәуке ханның қазақ халқының ауызша тарихында сегіз баласының аты аталады.

Қазақ қоғамындағы «ақсүйектер» қатарына жататын тағы бір топ «қожалар» еді. Қожалар – Мұхамед пайғамбардың ұрпақтары саналатын қазақ қоғамында ерекше орын алғанымен, олардың билік жүйесіндегі әрекеттері қазақ жерінің отырықшы аудандарында ғана ерекше болды. Қожалар әлеуметтік жағынан дін өкілдері болғандықтан қазақтардың рухани өмірінде алатын орны айырықша. Сонымен қатар олар емдеу ісімен айналысып, исламның негізгі қағидаларын сақтаушылар болды.

Олардың биліктегі үстемдігі Орта Азия мемлекеттерінде ерекше болды. Мысалы, Шығыс Түркістаннан Жәңгір ханға келген елшісі Жүніс қожа болды. Қожалар Қазақстанның оңтүстігін, Сыр бойын, Орта Азия мемлекеттерімен шекаралас жерлерді мекендеді. Қожалардың билігі Түркістан қалаларында елеулі болғандығын мына үзінді дәлелдейді: «Түркістан ескі астаналық қала. Онда сарттар тұрады. Бұл қаланы қожалар басқарады. Қожалар Сырдың төменгі ағысында қоныстанған».

Зерттеулерде қазақ арасындағы бұл әлеуметтік топтың өкілдерін «асылсүйек» деп те атаған. Енді осы қожалардың шығу тегіне қысқаша сипаттама беру арқылы олардың қазақ қоғамына ену кезеңі және атқарған рухани қызметін ашуға болады. Қазіргі Орта Азия мен Қазақстан территориясына алғашқы арабтардың арасынан ислам дінін тарату үшін келеді. VIII ғасырдың бірінші жартысынан басталған Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін арабтардың жаулап алуының әсері халифаттың қол астында болған жерлердің этникалық, әлеуметтік және діни-мәдени үдерістерінде өз ізін қалдырды. Арабтардың Орта Азия мен Қазақстанда мұсылман дінін тарату нәтижесінде субэтникалық топтар – қожалар пайда болды. Сайидтармен салыстырғанда қожалардың шығу тегінде ортақтық жоқ. Қазақстан территориясындағы қожалар – Әзірет Әлі, Әзіреті Омар және Әзіреті Әбубәкірден тараған ұрпақтар. Қазақстан территориясында мұсылман дінін насихаттау Ысқақ баба (Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауылы төңірегіндегі Баба Ата), Әбдірахим баб (Тараздағы Әулие Ата) және Әбдіжамил баб (Сыр өңірі) көне Үзгенттегі Қорасан Ата есімдерімен тығыз байланысты. Қожалар – қазақ руына сіңісіп кеткен субэтникалық топ. «Қожалар» қазақ арасындағы субэтникалық топ қана емес, әлеуметтік топты да құрады. Олардың қазақ қоғамындағы ерекше құқығы «Жеті жарғыда» айқын берілген. «Жеті жар-

ғы» баптарында қожаларға берілген артықшылықтарға арнайы тоқталып өткен. Осы заңның үшінші бабында «кімде-кім қожаны өлтірсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің мөлшерінде құн төленсін». Немесе «қожаны балағаттағаны үшін малдың түрінен құн салынсын» делінген, қол жұмсаса тоғыз айыбын төлеуге тиіс болды. Қожалар өзінің әлеуметтік тобын ғасырлар бойы сырттан ешкімді қабылдамай жабық жағдайда ұстады. Олар некелік қатынасты өз арасынан шығармауды көздеді. Бұл міндетті XX ғасырдың соңында да Қазақстанның қожалар тығыз орналасқан жерлерінде мейлінше орындауға тырысты.

Қожалар салықтан босатылған және оларға сұлтандардың ғана үстемдігі жүрді. Қожалардың саяси билігі қазақтардың ішінде болмады. Олар XIX ғасырдың басында ру билеушісі ретінде көріне бастады. Жалпы қожалардың қазақ арасындағы әдеттік-құқықтық артықшылығы олардың саяси биліктегі беделін күшейтпеді. Мұның басты себебі қожалардың қазақ қоғамындағы дәстүрлі өмірімен тікелей байланысты болды. Бірақ қожалардың жағдайы Қазақстанның барлық жерінде бірдей болған жоқ. Олар – әлеуметтік-территориялық топ өкілдері. Себебі Түркістан қалаларындағы қожалардың жағдайы осы өңірдегі саяси билікпен байланысып жатты. Мұнда олар – жер иесі, қала билеушілері және басқа статусы бар әлеуметтік топ болды. Бүкіл Орта Азиядағы сияқты бұл өңірде де мұсылман дінбасыларының қала мен ауыл өміріне жасаған ықпалы жер пайдаланудағы дінбасыларының үлес салмағының мейлінше жоғары болуына негізделді. Мұсылман дінінің шонжарлары (шейх, әл-ислам, садр әл-ислам, қазилар, молдалар, мутавиллилер) бір билеушіні екіншісі ауыстырған кезде өз иеліктерінен айырылып қалмауы үшін аймақтағы билікке кезекті үміткерге барынша қолдау жасап, жергілікті халықты оған бағынуға көндіріп отырды. Олар өзбек ханы немесе қазақ ханы болсын, әрбір жаңа билеушіден ежелгі вакфтық жерлерге растайтын грамоталар алып отырды. Түркістан жазирасында вакфтар суармалы жерлердің едәуір көп учаскелері болды және олар жер иеленудің ірі категориясына жататын. Оларға салық салынбайды Жергілікті мұсылман дінбасылары билік еткен вакфтық жерлерден басқа сатып алу арқылы да, түрлі адамдар негізінен хандар тарапынан сыйға тарту арқылы да жиналған едәуір жер көлемін меншік иесі құқығымен иеленді. Мұсылман дінбасыларының жер иеленуі Түркістан өңірінде жеке меншік түрінің қалыптасуына ықпалын тигізді. Сондықтан мұндағы қожалардың әлеуметтік мүдделері ерекше жағдайда болды. Олар бір жағынан ел билеушісі, жер иеленуші тағы да басқа қоғамның санаттарын құрды.

Мұсылман әлемінде Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатима мен төртінші халиф Алидің ұрпақтарын сайидтар деп атайды. Сайидтардың қожалармен салыстырғанда мемлекеттің ең жоғарғы билеуші санаттарының рухани сұраныстарын қанағаттандырып, олардың алдында мәртебесі жоғары болды. Сонымен қатар сайидтар мұсылмандардың сана-сезімінде әулиелерге теңелді. Олар мұсылмандардың діни үлгісін құрады. Олар өлім жазасына тартылмады. Олар мемлекеттің жоғарғы билеушілерінің кеңесшісі болды. Ислам діні мемлекеттік дәрежеге көтерілген тұста сайид-

тар билік үшін күрес жүргізіп отырды. Алтын Орданың ханы Азиздің іс-әрекетін сынап, оны дұрыс жолға салған Махмұд сайид туралы «Мунтахаб ат-таварих-и Муини» атты деректен белгілі. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Әбілқайыр ханға еріп отбасымен Түркістаннан Батыс Қазақстанға көшкендігіне баса назар аударады. Қазақ қоғамындағы сайидтардың алатын орнына жан-жақты талдау жасайды. Сайидтар өздеріне әйелді кезкелген қоғамның топтарынан алған, бірақ қыздарын өзге қоғам топтарының мүшелеріне беруге аса құштар болмаған. Себебі оның күйеуінің қандай әлеуметтік топ мүшесі болғанына қарамастан ол сайидтарға тән барлық құқықтарды, артықшылықтарды иеленген. Шыңғыс ұрпақтары өздерінің билігін күшейту мақсатында, кей жағдайда күштеп сайидтардың қыздарын әйелдікке алып, өздерінің титулдарына мұсылман әлемінде қасиетті «сайидті» қосып отырған. Қожалардың сайидтардан айырмашылығы, олардың Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы ретінде қоғамдағы алатын орны әдеттік-құқықтық нормалардан жоғары және тыс қаралды.

Соңғы орта ғасырларда қазақ қоғамының мәртебесі ашық меритократия арқылы билікке келеген топтар болды. Оларға билер, батырлар, жыраулар, мырзалар, ақсақалдар жатты. Бұлар қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік топ жиынтығы болып саналды. Бұл кезең Шыңғыс тұқымынан тараған ақсүйектермен қатар қазақ қауымының ішінен шыққан дала билеушілері билікке қол жеткізуімен ерекшеленеді. Әлеуметтік жіктелудің алғашқы бастамасы хандықтағы билік бөлінісі, бұл ру атақты адамдарының өкілдері би, батыр, мырза сияқты дала ақсүйектерінің биліктегі өз мүдделерін қалыптастыруда болып отыр.

Дала ақсүйектерінің көрнекті тобы «билер» болды. Би атағы қазақ қоғамында ертеден, Дешті Қыпшақ дәуірінен бұрын кең қолданылған. «Би» атағының шығуын түркі дәуіріндегі «бек» атағының өзгеріске ұшыраған ұғымы болып табылды. Түркі тіліндегі «бек» атауы моңғолдарда нойон, араб-парсылардағы «әмір» түсініктерімен қатар. Бұл атау бұрын Алтын Орда құра-мында болып келген бірқатар түркі халықтарында да кездеседі. Осыған орай Өзбек хан (1312-1340) мұсылман дініне кірген нойондарды айырып білу үшін оларға «бек» деген түркі атағын бергенін атап кеткен жөн. «Би» атауының «бек» ұғымымен мағыналас болуы оның әлеуметтік жағынан алып қарағанда қоғамдық топ болғандығында. «Бек» термині «би» түсінігімен мағыналас екендігін В.В. Бартольд та көрсетіп кеткен. «Мұндай хакидтердің немесе бектердің, қазақша айтқанда билердің көбі дұрысында, ханға да, аталықтарға да бағынған». Қазақ қоғамындағы билердің орны, олардың жеке басындағы қасиеттеріне байланысты болғандығын Ш. Уәлихановтың мына бір үзіндісі дәлелдей түседі: «Би атану үшін қазақ халқы алдында шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң жораны білетіндігін шешендігімен танытатын болған». Сонымен қатар Ш. Уәлиханов билер өзінің жағдайы жағынан Шыңғыс тұқымынан кем болған жоқ деп көрсетеді. Билер саяси аренаға шыққан алғашқы кездерде олар негізінен өз тайпаларының өкілдері болған деп көрсетті. Барлық жағдайларда болсын «би» атағы ру арасынан шыққан түрлі қоғамдық істерді шешудің тәжірибесі арқылы тапқан жеке

басының беделдігіне байланысты болды. «Би» атауының шығуына байланысты Д`Андренің жазбаларынан үзінді келтіруге болады: ««Би» сөзінің қырғыздардың өз тіліндегі мағынасының еш артықшылығы жоқ. Ордалықтардың айтуынша «би» араб әрпіндегі екінші дыбыс бий болса, ханнан (сұлтан – билеушіден) кейін ол билікте екінші орыш алады», – деп көрсетеді.

XVII ғасыр соңы XVIII ғасырдың басындағы хандықтағы ішкі жағдай Тәуке ханның сұлтандар үстемдігінің хандықтағы оппозициялық күш ретінде ішкі ыдырату үдерісін тоқтату барысында билер мен батырлар билігін күшейте түседі. Билер, әдетте, халық кеңесінің құрамына еніп, көбіне хан саясатына әсер етіп те отырған. XVII ғасыр соңы XVIII ғасыр басындағы «билер» ру басшыларынан хандық биліктің негізгі тірегі сот қызметін атқарушы, қажеттілік туғанда елшіліктерді басқарып барған. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек қалмақтарға елші болып барған болса, орыс жеріне Қабай би бастаған елшіліктерді атап кету керек.

Қазақ билеріне тән қасиет олар бейнелеп сөйлеу немесе оның классикалық түрі жұмбақтап сөйлеу өнерін еркін игерген еді. Л. Баллюзек өз еңбегінде «билердің» орнын өте жоғары дәріптеп келтіреді: «Би – өз халқының тірі шежіресі, заңын көп білетін заңгері болып қана қоймай, шешендігі, суырып салма сөз өнерін жетік білетін, халқымен біте қайнасып, тұрмысына да, әдет-ғұрпына білгір болған саясаткер».

XVIII ғасырда хандықта саяси билік үшін билер мен сұлтандар арасында күресте күшейе түседі. Көшпелі қауымның сұлтандарға қарағанда үстем әлеуметтік тобы – билердің құқықтық-экономикалық артықшылықтарының орныққан кезеңі еді. «Билер» хан және сұлтандармен қатар сот істерін шешіп, табысты бөлісуге қатынасты. «Би» атағын тек «қара халықтан» шыққандар ғана иелене алатындығын Ш. Уәлиханов атап өтеді. «Билер кеңесі» өзінің мемлекеттік статусы бойынша ханның билігін жіктеу құқығына ие болған көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне сай қалыптасқан ұлы даланың сол кездегі парламент және жоғарғы сот органы, ханның ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша шешім қабылдануы «билер кеңесінің» құптауын талап еткен. Қазақы санадағы құқықтық принцип нормаларының туындауы үлгілі сөздің, аталы сөздің өмірге келуімен байланыстыра қарастырылуы тегін емес еді. Бұл шындық қияс кете қоймайтын түсінік еді. Себебі, шын мәнінде, қазақ қоғамында билер сотының шешімдері прецендентік орын алды және осы шешімдер халық арасында құқықтық қағида жарғы есебінде қабылданып бағаланды. Мұның көрнекті дәлелі билер кеңесінде қабылданған «Жеті жарғы» заңын атауға болады.

Орта ғасырларда «мырза» атағы жиі кездесті. Бұл атақтың қазақ қоғамында жайылуы ноғай ордасының құрамындағы кейбір рулардың кіруіне байланысты болуы мүмкін. «Мырза» атағы қазақ қоғамындағы көрнекті беделді адамдарға тағылғандығы орыс жеріне елшілікке барған Сары мен Келдей мырзалардың орыс-қазақ қақтығыстары үшін кепілдікке алынғанын, олардың руластарының наразылығын тудырғанын Тәуке ордасында болған Тауша мерген өзінің жауабында хабарлайды. Сонымен қатар «мырза» атауы жалпы алғанда қазақтарда тұрмыстық

жағдайда құрметті кісілерге қатысты айтылғандығын ауыз әдебистінсн кездсстіреміз.

Қазақ хандығының сыртқы және ішкі саяси жағдайында «батырлар» тобынан шыққан билеушілердің рөлі ерекше болды. Хандықтың сыртқы қорғаныс қызметі батырлардың ел ішіндегі негізгі функциясы болды. «Батыр» би түсінігімен салыстырғанда сұлтандар да, хандар да ие бола алатын атақ болып саналады. «Батыр» түсінігі қазақтың ауызша тарихында және тұрмыс салтында жиі қолданылып, кеңінен тараған. Біз қарастырып отырған кезеңде бұл түсінік жеке қоғамдық топтың атауына айналғандығын қарасақ, бұл әлеуметтік мағынасында белгілі заңды ретте белгілі тарихи бағытта қолданылғандығы көзге түседі. Батырлар хан кеңесінде маңызды рөл атқарған. Батырлар туралы қазақтардың жоңғарларға қарсы ерлік күресі кезеңінде қалған мағлұматтар көп. Батырлар жиі ру басшылары болды. Елшіліктерді басқарып отырған.

Кеңес тарихнамасындағы зерттеулерде «би» лауазым иесі, ал «батыр» – атақ иесі. Батыр әлеуметтік емес, тұрмыстық жағдайда қолданылуында күмән жоқ деп келтіріледі. Батырлар туралы революцияға дейінгі авторлар оларды өлген соң жерлегенде ерекше көңіл бөлініп, үнемі еске алып отырады делінген.

Батырлар қазақ қоғамындағы жаңа қалыптасқан әлеуметтік топ емес, түркі дәуірінде, моңғол кезеңінде олардың саяси, экономикалық өзге қоғам мүшелерінен артықшылықтары болды. Оның бірден-бір айғағы – қазақ халқының құнды эпостық жырлары.

Қазақ хандығының тұсынан олардың әлеуметтік топ ретінде қарастыруға болады. Батырларды әлеуметтік топ ретінде көрсету үшін олардың қазақ қоғамында алатын орнын – жерге, малға қандай қатысы болғандығын ашу керек. Біз қарастырып отырған кезеңде би, батырлардың экономикалық жағдайы қолында малы көптігімен ғана айқындалып қоймайды, мұның үстіне қоғамдық жерді билеуге еріктілігімен сипатталады.

«Батыр институтының» тарихи бастаулары ертеден басталады. Ру ішіндегі өзінің батылдығымен көзге түсіп, сол рудың билеушісіне айналу үнемі жер үшін болып тұратын қақтығыстардың нәтижесінен туындады. «Батыр» көшпелі қоғамның тірегі және хандық биліктің тұтқасы десек те болады. Өйткені көшпелі қоғамның бір ерекшелігі – оның билсушілері хан ғана емес батыр атағына да ие болуы керек. Сондықтан болар қазақ хандарының басым бөлігі «батыр» атағын алған.

Көшпелі қазақ қоғамында биліктің тұтқасын берік ұстау үшін батырлықты, ержүректілікті қажет етті. Сондықтан да қазақтың хандарының беделі ерлігімен танылды. Бұл ойымызды XVIII ғасырда қазақтар өз хандарынан «ерлігімен айрықша көзге түсуді талап етті» деген А.И. Левшиннің сөздері де дәлелдей түседі. Хандықтың нақты тірегі батырлар, оларсыз хандықтың өмір сүруі мүмкін емес. Хан соғыс кезінде жасақтардың қолбасшысы болған.

Сонымен, қазақ қоғамында Шыңғыс ұрпақтарымен қатар «ұлттық аристократия» әлеуметтік элитасын құрайтын «би», «батырлар», «мырза» әлеуметтік топтарының қоғамдағы ара салмағы қоғам ішіндегі құқықтық қатынастар арқылы реттеліп отырды. Қазақ қоғамының биліктегі бөлініс өзара нақты қызметтермен шектеліп өзара жіктелді.

Қазақ қоғамындағы «бай» терминіне тоқталып өткен жөн. Шығыстанушы-түркітанушылар «бай» сөзі «бек», «бей», «бег» сөздерінің аталуынан шыққандығын көрсетеді. Бірақ «би» және «бай» әлеуметтік мағынасы әр түрлі. Бай ұғымын әлеуметтік топ ретінде қарау өте қиын. Өйткені оның жалпы тұрмыстық атауы кеңінен қолданылған. Көптеген қазақ, өзбек, ұйғыр, түркімен, татарларда «бай» – күйеу мағынасын, ал «қатын» – жұбайы дегенді білдіреді. Түркі халықтарының арасында осы күнге дейін жеке адамдардың бір-бірімен сөйлесуінде өзінің атына бай сөзін қолдану сақталған.

Зерттеушілер «бай» әлеуметтік тобы XIX ғасырда қалыптасты деп көрсетеді. Бірақ халық ауыз әдебиетінде «бай» атауымен байланысты аңыз-әңгімелер жиі кездеседі, мұнда оларды дәулет иесі ретінде көрсетеді. Мұсылман деректерінің ішінде Жувейниде қарақытайлардың уәзірі Махмұд байдың есімін әлеуметтік санатын көрсетуде қолданғаны жөнінде В.В. Бартольд көрсетеді. Ибн Рузбихан байға әрбір көп малы және мүлкі, оның ішінде «арбалы үйі» бар «ықпалды адамды» жатқызады. Дала елі үшін байлықтың негізгі тірегі мал болды. XIX ғасырдың орыс зерттеулерінде қазақтар байлықты үйір жылқы, отар қой немесе ірі қара малдың басымен есептейтінін айтыш өтеді. Шындығында қазақ қоғамындағы айырбас, салық, құн төлеу, салт-дәстүрлерге қатысты кәделердің барлығы мал басымен іске асты.

Көшпелі қазақтарда байлар қоғамның едәуір басым бөлігі болды. Алайда бұл арада байлардың ерекше тегі болмаған, сұлтандар арасында да, билер арасында да, қатардағы көшпелілер арасында да байлар болғанын ерекше ескерте кеткен жөн. Басқаша, айтқанда байлардың қоғамда әлеуметтік жағынан біртектес тобы болған жоқ. Сөз жоқ, материалдық игіліктің молдылығы зор пайда келтіріп қоғамдағы беделді айқындап отырды. Солай бола тұрса да, ерекше саяси құқықтар дәулеттің мол болуымен байланыстырылмады. Жекелеген байлардың орны олардың тегімен байланысты айқындалады. Мысалы, әлдебір сұлтанның экономикалық жағынан, тіпті қайыршы болуы да мүмкін еді, бірақ ол заң бойынша қоғамның сол әлеуметтік тобына үнемі бірлесіп иеленуіне берілетін барлық құқықтар мен артықшылықтарды пайдалана алатын.

Байлардың әлеуметтік топ ретінде екі ерекшелігі болды: біріншісі – экономикалық, екіншісі – саяси. Ол ең алдымен өзінің байлығы арқылы танымал болып, одан кейін саяси билікке ұмтылды.

Қазақ қауымындағы саяси билігімен ерекше «ақсақалды» әлеуметтік топ. Ортағасырлық деректерге сүйенсек ақсақалдар қазақ қоғамының саяси өмірінде маңызды орын алған. Көп жағдайда олар ру арасындағы араздықтарды шешетін, татуластыратын істерді шешкен деп көрсетіледі. В.В. Бартольдтің анықтамасы бойынша, «ақсақалдар» дегеніміз – «іс жүзінде белгілі бір заңдық өкіметтілігі жоқ, жасына, байлығына және бұрын сіңірген еңбегіне қарай құрметке бөленген ақсақалдар». Ақсақал әлеуметтік категорияны жасына қарай белгіленген әлеуметтік топ болғандығына тоқталған жөн. Біз қазақ қоғамын әлеуметтік санаттарға бөлуде адамның өмірінің жас мөлшеріне қарай оларға нақты міндеттер мен құқықтар берілетіне баса назар аударғымыз келеді.

Қазақ қоғамының ішкі құрылымын зерттеуде ондағы әлеуметтік жіктелу бағыттары айқын көзге түседі. Жоғарыда аталып кеткендей, қазақ қауымы «ақсүйектер» тобына жатпайтын түсініктермен белгіленді: қарашы, қара халық, қарапайым халық, бұқара сияқты т.б. «Қарашы» атауы мағынасы жағынан – құқылы, басы бос, жеке меншік иелігі бар адам. Әрбір көшпелі қауым мүшесінің өз еркі өзінде болғандығы белгілі. Бірақ оның барлық құқықтық талаптары ру атынан жүргізілді. Қазақтарда жиі кездесетін «қарашы» деген атау моңғолдың «хорачу» деген сөзімен тектес келеді. Қара сүйек, қара халық, қарапайым халық атаулары орыс жазбаларында пайдаланылған. Ал бұқара атауы өзбек, қырғыз халықтарында жиі қолданылады.

Қазақ қоғамындағы «қарашылардың» әлеуметтік топ болуы туралы түсініктер біркелкі болмағандығын көруге болады. Қазақтардың Тәуке хан тұсында егіншілікпен таныс болуы, олардың қалаларда қоныстанғандығын орыс елшілерінің мәліметтерінде айтылады. Қазақ ордасының 32-ден астам қалалары бар және мұндағы тұрақтайтындар бидай, арпа, тары өсіретіндігін, бұл қалаларда ұсталардың тұратындығын хабарлайды. Міне, осы қала тұрғындары көшпелі қоғамнан бөлініп қалған кедейленген малшылар болуы керек. Экономикалық реттеу оларды көшпелі мал шаруашылығынан бөліп, басқа жер игеріп, сауда айырбасымен айналысуға итермеледі. Осындай жағдайда қала тұрғындары сауданың дамуына өз үлестерін айырықша қосты. Қазақ халқының шаруашылығының географиялық факторлардың басымдылығы нәтижесінде шаруашылығы бірыңғай болмады. Қазақ жерінің оңтүстігінде орналасқан кентті аймақтарда, соның ішінде, Түркістан аймағындағы отырықшы егіншілік кеңінен дамыған болатын. Сыр өңіріндегі елді мекендерде шаруашылық қызметтің белгілі бір түрінің айқын межеленбегенін атап өткен жөн.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамындағы негізгі деректер рудың атақты адамдарының (билер, батырлар, т.б.) қандай топқа жататындығын жеткілікті түрде, дәл белгілеуге мүмкіншілік берсе, қарапайым қазақтардың ішіндегі өзара жіктелу аса көзге түспейді. Негізгі дерек тұрғысынан пайдаланып отырған «Жеті жарғыда» қарапайым, жай халықтың жіктелуіне байланысты баптар кездеспейді. Расында, кейінірек XVIII ғасырдың ортасынан қазақ қоғамының төменгі тобының бөлінуіне орай орыс зерттеушілерінің еңбектерінде нақты айтылады. Бұларды құрайтындар – жатақтар өз алдына шаруашылық жүргізген, бірақ көшуге шамасы келмей, шаруашылықтың отырықшы түрлеріне ауысқан. Тарихнамада бұл терминнің қалыптасуын XIX ғасырға жатқызады. Алайда IX-X ғасырларды қимақтар арасында жатақтардың («ятук») болғандығы туралы тарихшы Б.Б. Кумековтің берген түсінігі бойынша көз жеткізуге болады.

Өздігінен шаруашылық жүргізуге мүмкіншілігі жоқ қазақтар тобы «қоңсылар» деп аталған. Көшпелі ауылдарда «қоңсы» атауының кеңінен тараған кезеңі ретінде С. Толыбеков XX ғасырларды көрсетеді. «Қоңсы» терминінің шығуына байланысты, көшпелі, түркі тайпаларындағы тәуелді адамды «қоңсы» деп атағанын көрсетеді. Тереңірек қарастыра келсек, «қоңсы» атауын XVII-XVIII ғасырлардағы әлеуметтік топ қатарына жатқыза алмаймыз.

«Қоңсы» терминінің өзі түркі тілінде жаңа жерге орналасқан тұрақты атаған. Осыған орай қазақ халқы «қонысың құтты болсын» деген құттықтау сөздерді жаңа үй иесіне айтады. XIX ғасырда барлық көшпелі қазақ қауымынан бөлініп қалған топтардың бірігуі (қоңсы, жатақ) егінші әлеуметтік топтық қалыптасуын тудырды. Олардың ортақ шаруашылығының түрі жердің иелену формасындағы тәуелділіктің жаңа түрін қалыптастырған болатын. Жерді пайдалану жер иеленуші мен егінші арасында келісім арқылы жүзеге асты. Егіншілердің қоғамдық орнын XIX ғасырдың 40-жылдарында Орынбордың шығысындағы қазақтардың арасында болып келген П. Небольсин: «Егінші қырғыз – бұл өз бетімен егін егетін немесе егіншілікпен айналысатын бай қырғыздың қол астында жұмыс істейді», – деп көрсетеді.

Қазақ қоғамындағы тағы бір әлеуметтік топ ретінде «төленгіттерді» қарастыруға болады. «Төленгіт» институтының алғашқы қалыптасуы кезеңінде оларды хан, сұлтанның әскери қызметтегі адамдары құрады. Олар өздерінің ертеден қалыптасқан функциясы сұлтандардың оқ қағары, әскери жасағын құрады. Олар өздерінің рулық, ұран таңбаларынан бас тарту керек болды. Ш. Уәлиханов оларды тәуелді категорияға жатқызды. Сұлтандар сенімді төленгіттерден қарулы жасақ ұстап отырған. Төленгіттер өздерінің төрелеріне тәуелді болды, оларды қорғауға әрқашан әзір тұрды.

XVII ғасыр соңы – XVIII ғасыр басында қазақ жерінде екі жақты сауда айырбасы қалыптасты. Біріншісі ертеден Орта Азия елдеріне өз өнімдері: малды, етті, жүнді, сонымен қатар тұтқынға түскендерді, тұтқындарды құлдыққа сату арқылы жүрді. Екінші сауда жолы орыс өкіметімен тығыз байланысты болды. Бұл сауда байланысының өсуі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелуіне жағдай туғызып отырды. Көшпелі қазақ қоғамында «ақсүйектер», «жай қара халық», «бай және кедейлермен» қатар бас бостандығы жоқ, еріксіз құлдар болды. «Құл» атауының шығуы Қазақ халқының қалыптасуынан бұрын басталды. Мұның басты дәлелі – ертедегі деректерде құл-күң терминдерінің кездесуі. Қазақ хандығы құрылғаннан бері қазақ қоғамында құл да, күң де болған. Оның көріністерін тарихи аңыздар, эпостық жырлар, мақалмәтелдерден кездестіруге болады. Мысалы, эпостық жырлардың ішіндегі «Қобыланды батырды» алатын болсақ, соңғы зерттеулерге қарағанда «құл», «күң» термині эпос бойынша 13 рет, «кедей» 6, «қараша» 3, «нөкер» 8 рет қайталанады. Салыстырып қарағанда, «құл», «күң», ертеден көшпелі қоғамда қалыптасқан еріксіз адамдардың тобы болған.

Қазақ хандығы тұсында қазақтардың өзін құлдық шалмаған болатын. Құлдар құрамын соғыс барысында қолға түскен қалмақтар, орыстар құрады. Олар мал күтумен, қорғасын қорыту, оқ-дәріні даярлау қызметтерін атқарады. Сондықтан да орыс үкіметі тұтқындарын қайтаруға барынша тырысқан. 1692-1695 ж. Василий Кобяков, 1694 жылы Федор Скибин елшілігінің басты мақсаты тұтқындарды қайтару болды.

Қазақтарда сатып алынған құлдарын немесе тұтқынға түскен құлдарын қалың малға қосып, сыйға тартуға құқы болды. Бірақ қазақтарда өздерінен «құл» болмайды. Өйткені бұл өз халқын сыйламағаны деген Крафттан берілген үзінді дәлелдей түседі. Қазақ қоғамындағы құлдықтың қандай

дәрежеде тарағандығын айту қиын болғанымен, олардың жағдайының қандай деңгейде екендігін «Жеті жарғы» заң жүйесінен анық көруге болады. Олар ешқандай құқығы жоқ әлеуметтік топ ретінде сипатталады. Олардың жасаған әрекеттері үшін қожайыны жауапты болды. Құл қожасының басыбайлы меншігіне айналды. Қазақ қоғамында құлдардың еңбегін пайдалану тиімсіз болғандықтан, көбінесе тұтқынға түскендерді Бұқара, Хиуа базарларында сатып немесе айырбастау арқылы пайда көрген. Сондықтан болар қазақтар көршілеріне шабуыл жасаған уақытта ер адамдарды тұтқынға алмаған. Құлдардың басым бөлігін әйелдер, балалар құрады.

Сонымен, дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы бір текті болмады. Бұл қоғамда, ең алдымен, генеалогиялық, екіншіден құқықтық, үшіншіден, жеке басының қасиеттерімен ерекшеленетін сипатына қарай топтастыруға болатын әлеуметтік құрылымды айқын көреміз. Олар ғасырлар бойы өзара қайшылыққа келмеді. Қарапайым халық ішінде де жіктелу болды. Бұл жіктелудің сипаты өзгеше болды. Олардың қазақ қоғамындағы генеалогиялық әлеуметтік топтардан үлкен айырмашылығы болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ қоғамындағы әдеттегі құқық бойынша қарастырылатын әлеуметтік топтарды анықтаңыз.
2. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы: ашық және жабық индивидтік топтарды көрсетіңіз.
3. Қазақ қоғамындағы «ақсүйектердің» әлеуметтік санаттарына қатысты ерекшеліктеріне баға беріңіз.
4. Қазақ қоғамындағы дала билеушілерінің алатын орнын сипаттаңыз.
5. Қазақ қоғамындағы билер институтының тарихи маңызын көрсетіңіз.

§ 6. Салық және салық түрлері

Қазақ хандығының ақсүйектерінің саяси билігі ханнан бастап, ру басына дейін экономикалық қуатқа да негізделгендігін атап өту қажет. Оған дәстүрлі пайдалану құқығы, тайпалар мен рулар көшіп-қонып жүрген жайылымдық жерлерге де, қыстақ бастарындағы, Түркістандағы, Батыс Жетісудағы және басқа отырықшы-егіншілікті алқаптардың өңделеніп учаскілеріне, сондай-ақ аса көп мал табындарына іс жүзіне иелік етуі негіз болған.

«Жеті жарғы» бойынша да жерге рулық меншік болды. Әр ру өзінің көшіп-қонатын аймағын білу керек және малдың барлығына рулық таңба салынуын қадағалаған. Сырттай көрініс бойынша жайылымдық жерлердің иесі рулар мен тайпалар сияқты болып көрінеді. Бірақ барлық жерге іс жүзінде құқық хан (бүкіл жердің жоғарғы иесі), сұлтандар (үлесті жер әміршілері), билер мен қожалар қолында болды.

Рулық-тайпалық ақсүйектер өз тайпаластарының жерлерін ғана пайдаланған жоқ, сонымен қатар көп жағдайда басқа топтардың да жерлерін иемденді.

Л. Баллюзек қазақтардағы жерді иеленуіне байланысты сұлтан, би, ақсақалдардың құқығы туралы мәлімет береді: «Ол әр ауылдың жайлауының

шекарасын әр рудың таңбасы көрсетілген ұзын таяқты жерге тығып қояды, бірақ шындығында жайылымның иесі сұлтан, би, ақсақалдар болды». Ру арасындағы жайылым үшін тартысты билер кеңесінде шешіп отырды. Сонымен қатар жерді иелену мәселесі И.А. Козловтың мақаласында да қозғалған. Оның көрсетуі бойынша қазақтар қыстау және жайлауды барлығын ру болып пайдаланады. Жер дауы болмас үшін, олардың шекарасына арнайы белгі қойылады. Барлық жер мәселесі ашық, сайлау түрінде өтеді делінген. Әрбір рудың көшіп-қонып жүретін белгілі жері болған, оған басқа рулардың қоныстануына құқығы болмады. Осыған орай Д.Я. Самоквасовтың әдет жазбаларының 208-бабында «Кімде-кім басқа біреудің жерін пайдаланып отырса, бұл жер одан 15 жылдан кейін болса да қайтып алынады немесе жердің көлеміне қарай өзара ризалықпен иеленіп отырады». Жоңғар шапқыншылығының зардаптары жайылымның қысқаруына әкелді. Осының салдарынан ру арасындағы жер үшін қақтығыстар жиі болып тұратын. Ресей боданына айналғаннан кейін жер мәселесі күрделене түсті. Ертеден келе жатқан жерге әр рудың иелігі әдеттегі құқығы бойынша заңдастырылған болса, орыс өкіметі тарапынан жүргізілген саясат ру басшыларының бірін-бірінің жерін тартып алуына жол ашты. XIX ғасырдың өзінде жерге сұлтандар мен ру басыларының меншігі іс жүзінде ғана болғанымен ол еш жерде заңдастырылмайды.

Қазақ хандығында қарастырылып отырған кезеңде салық түрлері және әр түрлі міндеткерліктер болды. Жалпы салық «Ясак» жиналды. Сонымен қатар зекет, қару-жарақ салығы, ханның жасағын жабдықтау, ірі билеушілерді жыл мезгілінде азық-түлікпен қамтамасыз ету сияқты міндеткерліктер болды.

«Ясакты» қазақ билеушілері Түркістан, Ташкент қалаларынан егіншілікпен айналысатын аудандардан жинады. Бұл туралы мына үзіндіні келтіруге болады. «Қайсақ хандары және олардың жақын адамдары Ташкентке келіп Ясак жинайды». «Ясак» – бұл заң жүзінде күштеп енгізілген салық. Жеңілген ел жеңімпаздарға ясак төлеген. Ясақ Сібір халықтарында да Ресей жаулап алмас бұрында болғандығын.

Екінші бір салық түрі – мал басынан жиналатын шариғаттың негізгі салығы зекет төлеуге міндетті болды. Зекет Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы қолөнершілер мен саудагерлерден де жиналды. XV-XVII ғасырлардағы деректерге сүйенетін болсақ, Түркістанның отырықшы егіншілікпен айналысатын және дала тұрғындары басқа да салықтар (харан, балл) төлеуге тиіс болды. Далалық аудандардағы қазақ халқы жаппай алым-салық төледі; міндеттер атқарды (соғым, сыбаға, сауын және т.б.) соңғы салық түрлері әдеттегі құқық бойынша бекітілген болатын.

«Зекет», «соғым», «сыбаға» – хандар әулетіне беретін салық түрі. Л. Баллюзек осы міндеткерліктің түрлерін қазақ халқының тұрмыстық қажеттілігінен ру ішіндегі көмек түрінде беріледі деп түсіндіреді. Әрбір қырғыз үшін руластарына көмектесу міндет және қонақты әдет бойынша күту қалыптасқан. Қазақ қоғамындағы рулық қатынастың рәсімдері қонақасын беру, соғым беру, сүйінші беру, сыбаға беру сияқты міндеткерліктерді XIX ғасырда тиімді пайдаланылған.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ қоғамындағы меншік, салық, міндеткерлік, борыш мәселесіне қатысты көзқарастарға талдау жасаңыз.

2. Қала халқына салынатын салық түрінің ерекшелігін көрсетіңіз.
3. Мал жеке-отбасылық меншік ретінде қарастырылуын сипаттаңыз.
4. Салықтың түрлерін саралап беріңіз.

§ 7. Сауда, айырбас және ақша айналымы

Кез келген ақшадан әрбір елдің өткенін, бүгінгісін және болашағының бейнесін, яғни тарихын көруге болады. Бүгінгі таңда ақша тарихын зерттейтін арнайы ғылым саласы бар. Ол нумизматика деп аталады. Онда тиындар, құйма ақша кесектері, т.б. ескерткіштер (тиын мөрлері, құжаттар) арқылы тиын соғу тарихы кеңінен зерделенеді. Нумизматика ғылым ретінде XVIII ғасырдың II жартысында пайда болды, оның негізін салушы – Вена нумизматигі И.Х. Эккель болды.

Ақша – жалпыға бірдей балама ретінде барлық басқа тауарлардың құнын көрсететін ерекше тауар. Ақша барлық тауар өндірушілер, сатушылар, тұтынушылар арасындағы экономикалық байланысты қамтамасыз етеді.

Ақша тауар өндірісі мен айырбасының тарихи дамуы нәтижесінде стихиялы жолмен пайда болды. Алғашқы кезде бір еңбек өнімі екінші еңбек өніміне тікелей айырбасталды. Айырбастың өзі ерте заманда шықты, әуелгі кезде ол кездейсоқ сипатта болды. Мұнда бір еңбек екінші түрдегі еңбек өніміне тікелей айырбасталды.

Нумизматикалық материалдардың негізінде Қазақстан территориясындағы ортағасырлардағы халықаралық сауда мен қалалар арасындағы сауда қатынастары туралы көптеген мағлұматтар алуға болады. Әсіресе Отырар мен Түркістаннан табылған ақшалардың құндылығы жоғары. 1986 ж. Отырар қалашығындағы қазба жұмыстарының нәтижесінде 3000 жететін теңге табылды. Бұл мыс теңгелер Ясы, Сауран, Ташкент, Самарқанд, Бұхара, Андиган ақша сарайларында соғылған. Олардың негізгі бөлігі Ясы мен Сауран қалаларында шығарылған екен.

XVII ғасырға жататын 118 күміс теңге 1972-1973 ж. Отырардан табылды. Олар Ташкент, Ясы қалаларынан шығарылды. Бұл ақшалардың бір жағында аңның суреті, екінші жағында құстың суреті салынған. Кейбіреуінде тек бір жағында ғана аңның суреті бар, ал екінші жағы теп-тегіс болып келген. Бұл ақшалардың арасында ешбір суреті жоқтары да болды.

1976-1977 ж. Отырардағы қазба жұмыстарының нәтижесінде орыстың 30 бақыр тиіні табылды. Онда Алексей Михайлович патшаның аты ойылған және тиінде 1655-1663 ж. жатады. Ондай ақшалар Ясы мен Сауран, басқа да Сыр бойындағы қалалардан табылды. Бұл ақшалардың табылуы, орыс елімен сауда-саттық байланыстың дамығандығының белгісі екендігі анық.

Халықаралық сауданың және қалалар мен өңірдің арасындағы, жекелеген Сырдария қалаларының арасындағы сауданың мөлшері туралы, негізінен, Отырарды, Түркістанды, Сауранды қазу жұмыстарынан алынған нумизматикалық материал бойынша білуге болады. Отырардан мыс теңгелердің көптеген олжалары шықты, оларды екі топқа бөлуге болады. Біріншісінс Ясы (Түркістан) мен Ташкентте соғылғандары жатады. Екінші топ Орта Азия қалаларының (Бұхара, Самарқан және басқалар) теңгелерін қамтиды. Ясы

мен Ташкент ақша сарайлары көрсетілген мыс теңгелер типологиясы жағынан біртектес кешен болып табылады және Түркістан мен Отырардан табылған теңге көмбелерінің негізін құрайды. Қала жұрттарында мұндай теңгелердің жекелеген олжалары да аз емес. Оларда билеушілердің есімдері мен соғылған жылдары көрсетілмеген. Алайда синхронды археологиялық материалды ескергенде, теңгелер XVI-XVII ғасырларда айналыста жүрген деп санауға болады. Ұсақ мыс тиындардың да Түркістан ақша сарайының өнімі болуы мүмкін. Оларда жазбалардың орнына керамика ыдыста бейнеленген таңбаларға ұқсайтын әр түрлі белгілердің салынуы жиі кездеседі. Ясы қаласында II Абдаллахтың әкесі (1560-1583 ж.) Ескендір ханның атынан күміс теңге шығарылған. Осы ханның екі теңгесі Раң қаласының жұртынан табылды. Олжаларда мезгілі XVI ғасыр деп белгіленетін мыстан соғылған теңгелердің мүлдем көп болуы сол кезеңде Отырардың қалалық базарында мыс негізгі рөл атқарған деп санаймыз. Сол кездегі бүкіл Орта Азияға осындай жағдай тән. XVI-XVII ғасырлар кезеңіндегі мыс теңгелердің айналымы туралы мәселе нумизматикада аз зерттелген мәселе болып отыр. Соңғы орта ғасырлардағы мыс теңгелердің басым бөлігінде айқын белгілер жоқ. Отырардағы төрт көмбенің мыс теңгелері негізінен Ташкентте, Ясыда және беймәлім жерде соғылған болып табылатын үш топқа бөлінеді; мыс дайындамаларда штемпель іздері жоқ, оларды ақша айналысының тең құқықты құралы деп санауға болады.

Ең көп тобын анэпиграфтық теңгелер құрайды. Олардың бір жағында аң екінші жағында құс бейнеленген, аң бейнеленген кейбір теңгелердің екінші жағы тегіс. Ташкент облысының аумағынан табылған материалдарда осылай соғылған теңгелер бар. Аталған теңге үлгілерінің кейбіреулерін қазақ хандары Ташкентте және Түркістанда соққызған деп санауға әбден болады. Мыс көмбелердің мерзімін анықтауға олардың біреуінде Алексей Михайлович патшаның есімі бар, 1655-1663 жылдары соғылған отыз орыс тиынының болуы негіз береді.

Қалалардың аты қойылмай соғылуында іс жүзінде әлдебір саяси және фискалдық мақсаттар көзделмеген, қалалар өмірінде рөл атқарған нарықтық сауданы қамтамасыз етуге ғана арналған.

XV-XVIII ғасырлардағы транзиттік сауда Орта Азияның көптеген елдерімен және Ресеймен сауда-саттық қатынасын орнатады.

XV ғасырдың екінші жартысы-XVII ғасырдағы халықаралық саудада Қазақстан даласы мен Түркістан қалалары арқылы Орта Азия мен Ресей сауда қатынастарының жолға қойылуы байқалады. Ресеймен сауда экономиканың дамуында маңызды факторға айналды. XVI ғасырдың 90-жылдарына қарай Ресей қазақ хандықтарымен саяси байланыстар орнатуға әрекет жасайды. Ресей мен Орта Азияның Қазақстан арқылы сауда және дипломатиялық қатынастары XVII-XVIII ғасырларда жанданды.

Орыс мемлекетінің Қазақстанмен берік байланыс жасауы Орта Азия мен шығыс елдеріне әрі төте, әрі қауіпсіз жол ашты. Мұның өзі Россияның Қазақ хандығымен де тікелей екіжаққа тиімді сауда жүргізуіне қолайлы жағдай туғызды. Мәселен, 1574 жылы орыс патшасы IV Иван Кама бойының біраз жерлерін билеген Строгоновтар дейтін ірі феодалдарына қазақтар мен еміннеркін сауда жасауға грамота қағаз береді. Бұл құжаттың мәліметтеріне қарағанда

қазақ саудасының басты саласы жылқы болған. Строгоновтарға берілген грамота қағазда Қазақ жерінен, Бұқарадан келген саудагерлермен олардың баж салығынсыз сауда жасалуына патшаның ризалығымен рұқсаты берілген.

Орыс мемлекеті Орта Азиядан мақта-мата, мақта, жібек шикізатын, асыл тастар, Шығыс қаруын алды. Қытай тауарлары Ресейге Орта Азия арқылы түсіп отырды. Қазақстан мен Орта Азияға Ресейден шұға, атлас, айна, аң терілері, күміс, жылы киім әкелінді.

Сауда керуендері – Созақ, Қарашоқ, Түркістан қалалары арқылы өтті. Жазба деректер Сығанақты Дешті Қыпшақтың сауда аймағы болды деп бостан-босқа айтпаса керек. Отырар, Түркістан, Сауран қалаларының ескі орнынан XVI-XVII ғ. қытай фарфорлары мен ресейлік мыс теңгелер табылды.

Ясы мен Ташкент ақша сарайларында жасалғандығы көрсетілген бақыр ақшалар біртекті типологиялық жинақ құрып, Түркістан мен Отырардағы ақша қазынасының негізін қалайды.

Түркістан ақша сарайының өнімдеріне майда мыс теңгелер де жатқызылуы ықтимал. Оларда көбінесе жазулар орнына, керамикалық ыдыстарда бейнеленгендей таңбалар шекілген.

Ортағасырлардағы Қазақстан халқы көршілес Орта Азияның отырықшы-егінші халықтармен бейбіт қарым-қатынастар орнатты. Тату көршілік қатынастар бейбіт сауда-экономикалық байланыстар арқылы жасалды. Ал сауда байланыстарының дамуы көрші елдермен қатынастарды нығайтып, экономиканың дамуына ықпал жасады. Шығыс авторлардың деректерінде қазақтар мен көрші елдер арасындағы сауда тоқтаусыз соғыс пен ауыр жылдары да жалғасқандығы және соғыстың сауданың дамуына кері әсер ететіндігі туралы мәліметтер кездеседі.

Көрші халықтардың экономикалық құрылымының мазмұны мен ерекшеліктері олардың бір-бірімен тығыз араласуын қажет етті. Көшпелі қазақтар, көбінесе, қалалық қолөнер кәсіпшілігінің бұйымдарымен және отырықшы шаруалардың еңбегінің өнімдерімен жабдықтауды қажет етті, өз кезегінде олар артық малы мен мал шаруашылығында өндірілген өнімдерін өткізуге мұқтаж болды.

Қазақстан мен Орта Азияның көршілес аймақтар халықтарының шаруашылық, сауда байланыстары өзара мүдделікке негізделген дағдылы құбылыс еді. Көшпелілер мен Орта Азияның отырықшы халықтарының сауда орталықтары Сыр бойының қалалары еді. Олар: Яссы (Түркістан), Отырар, Сығанақ, Сауран, Аркук, Үзгент және т.б. еді.

Сауда керуендері Қазақстанның Созақ, Қарашоқ, Түркістан қалалары арқылы жүріп өтетін еді. Рузбихан Исфахани Сығанақты Дешті Қыпшақтың сауда айлағы деп атайды. Сығанақты суреттей келіп, ол былай деп хабарлайды: бұл елге «... Дешті жағынан, Хажы Тарханнан көптеген игіліктер, семіз қойлар және аң терісінен, киш пен тиннен, яғни бұлғын мен тиін терісінен тігілген тондар, берік садақтар, ақ қайыңнан жасалған жебелер, жібек маталар сияқты басқа да бағалы тауарлар және өзге де асыл бұйымдар жеткізіледі... Түркістан, Мауараннахр аймақтарының және Шығыстың көпестері Қашғар, Хотан шегінен Сығанаққа сол елдердің тауарларын әкеліп, Дешті адамдарымен сауда мәмілелерін және айырбас жасайды». «Ясы қаласына, – деп атап өтеді сол автор, – тауарлар мен қымбат бағалы бұйымдар әкеліп, сол

жерде сауда жасалады, ол (қала) көпестердің теңдерін шешетін жері және саяхатшылардың топтанып, елдерге аттанатын жері болып табылады».

Шығыс деректерінің мәліметтерін археологиялық олжалар растайды. Отырар, Түркістан, Сайрам қалаларының жұрттарынан XVI-XVII ғасырлардағы қытай селадоны мен фарфоры табылды.

Халықаралық саудамен қатар Сырдария қалаларының отырықшы тұрғындары көшпелілермен сауда жүргізген. Даладан мал, тері, жүн, дайын бұйымдар әкелінген. Мәселен, Сейфидің 1582 жылы жазылған шығармасында қазақтардың саудасы туралы қызықты хабар бар. Ол былай деп жазады: «Оларда қой, жылқы мен түйе көп... Олардың шапандары қой терісінен тігілген, олар түрлі түске боялып, атласқа ұқсас болады, оларды Бұхараға әкеліп, атластан тігілген шапандардың бағасымен сатады, олар сондай сәнді әрі әдемі». Сырдария қалаларынан далаға астық, қала қолонерінің өнімдері, мата апарылды.



Сайрам көмбесі. Әмір Темір монеталары

Сауда-экономикалық байланыстың екі жакка да зор маңызы болды, сондықтан қазақтардың күш-қуатын әлсіреткісі келген Шайбанидің қазақтардың қалаларда сауда жасауына тыйым салуға тырысқаны кездейсоқ емес. Қазақтардың қалалармен сауда байланысының тұрақтылығын қамтамасыз етуге ұмтылуы қазақ және өзбек хандарының күресін туғызған себептердің бірі болды.

Қалалар төңіректегі егінші және көшпелі халықты қажетті тауарлармен базар арқылы жабдықтап отырды. Дүкен-дүңгіршек, әдетте, қолөнершілердің иелігінде еді және ол екінің бірінде, әрі шеберхана, әрі сауда жасайтын орын болды. Хиуа хандары мұрағатының құжаттары арасында «тейджай» – базардағы орын үшін баж төлеген қолөнершілер тізіп келтірілген. Атап өтілгеніндей, қалаларда қолөнер бұйымдарының алыпсатарлар тобы – «вафуруш» болған. Олардың арасында бұйымдарды сатып алу түрлері бойынша мамандану байқалды. Түркістан қаласында дүкендер болғанын Ахмет Яссауи кесенесінің вақфтарына қатысы бар жазбаша құжаттардың мәліметтері растайды. Отырарда қазба жұмыстары кезінде көше жакка қаратылып салынған сауда дүңгіршектері анықталды.

Бақылау сұрақтары:

1. Сауда орталықтары және орта ғасырлардағы олардың маңызы.
2. Ақша айналымы мен ақша жасау ісінің өркендеуі.
3. Ортағасырлық деректердің негізінде қазақтардың сауда қатынастарын талдаңыз.
4. Көшпелі қазақтар мен отырықшы халық арасындағы сауда-айырбас түрі.
5. Ортағасырлардағы ақша жасау мен ақша айналымы туралы зерттеулер мен жазба, археологиялық деректердің негізінде талдаңыз.
6. Қазақтардың XV-XVIII ғ. көрші Ресей, Орта Азия, Қытай елдерімен сауда-экономикалық байланыстарын талдаңыз.

IV тарау

XV-XVIII ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

§ 1. Қазақ халқының материалдық мәдениеті

Дәстүрлі қазақ көшпелі қоғамының материалдық мәдениет саласындағы үлкен бір жетістігі – киіз үй болды. Бүгінгі таңда киіз үйдің 2 мың жылдан астам тарихы бар екенін ғалымдар дәлелдеп отыр. Көптеген ғалымдардың пайымдауынша, киіз үйді Еуразияның түрік көшпелілері ойлап тапқан, ол даму мен жетілудің ұзақ та күрделі жолынан өтіп, негізгі конструкциялық шешімдерін I мыңжылдықтың орта шенінде тапқан. Киіз үй туралы көптеген ортағасырлардағы саяхатшылар өз еңбектерінде ерекше атап өткен.

Киіз үй көшпелі шаруашылыққа ыңғайлы етіп құрастырылған, алып жүруге жеңіл, тез құрастырылып, тез жиналатын ең жетілдірілген тұрғын үй түрі. Тарихшы Ә. Хасенов: «Жықпалы, тікпелі байырғы киіз үй қазақтардың ең қолайлы баспанасына айналды. Киіз үй – жабын және оның сүйегінен (ағашынан) құралады», – деп ерекше атап өтті.



Мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын баспанасы киіз үй болған. Ол тез жығып, түйеге артып жүре беруге, шашпаң тігуге ыңғайлы, көшіп-қонуға лайықтап жасалған. Киіз үй біздің заманымыздың VII ғасырында кеңінен пайдаланылып, киіз басу белгілі біреңбек кәсібіне айналған. Оған Алтай, Сібір, Қырым таулы-тастарындағы сурет таңбалар айғақ бола алады. Ұзақ жылғы тәжірибе негізінде халық киіз үйдің ұйтқып соққан желге жығылмайтынына, нөсерлеп құйған жаңбырды өткізбейтініне көзі жетіп, оны баспана етуді әдетке айналдырған.

Киіз үйдің көшіп-қонуға ыңғайлылығымен бірге жазда ауасы таза, салқын болады. Қос қабаттап киіз жапқан қазақ үйінде ертеде ата-бабаларымыз қыста да қыстап шыққан. Балшықтан соққан

там үйлер бертінде отырықшыланып, егіншілікпен айналыса бастаған кезде (XVIII ғасырдың екінші жартысынан) пайда болған.

Тұтыну қажетіне орай киіз үй үш түрге бөлінеді. Бірінші – тұрғын үй, екінші – қонақ үй немесе салтанатты той үйі, үшінші – жорық немесе көшқонның үйі. Осы қажеттіліктер киіз үйдің алуан талапқа лайық түрлерін дүниеге әкелумен бірге, қолөнерінің шегіне жеткен мүмкіндіктерін бойына жинақтауға себепші болған. Мәселен, тұрғын үйдің үш қанаттан бастап, он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін үлгілері болған. Бұларды қанат (кереге) санына қарай үш қанат үй, бес қанат үй деп атаған. Кейде қанат санын аңғартатын қара үй (үш қанат), қоңыр үй (төрт қанат), боз үй (бес қанат), ақ үй (алты қанат) деп атаса, ақ ала орда, ақ орда немесе ақ шаңқан, алтын орда, алтын үзік деп 8-12-30 қанат үйлерді айтады.

Төмендегі киіз үйдің түрлері туралы деректерді белгілі ғалым, этнограф Ө. Жәнібековтің «Үйлесімі жарасқан» деп аталатын мақаласынан алынды.

Қазақтың, халық болып қалыптасуына байланысты ресми пікірге жүгінсек, X-XII ғасырлардан бастап Оңтүстік Сібір мен Сарыарқаны, оларға іргелес жатқан ұлан-ғайыр кеңістікті мекендеген «қыпшақтардың моңғол үстемдігінен кейінгі дәуірде қазақ халқының негізін құрағаны» (В. Бартольд) белгілі. Әйтсе де әзірге жазба деректерде X ғасырдан бастап кездесетін «қазақ» этнонимінің ел арасында «қыпшақ» деген атаумен қатар пайдаланылып келгенін, жат жұрттық авторлардың дала тайпаларын, олардың тұрпатына, бет пішініне, тілінің бірегейлігіне, күнкөрісінің, тұрмыс-салтының, мінез-құлқының ұқсастығына қарап, бөле-жара атамай «қыпшақтар» деп есептегенін ескерсек, бұл екі атаудың екеуі де тектестік тамырын тереңге жайған бір халықтың есімі болып шығатыны даусыз. Мұны көрмеу – қазақтың «түйе өз өркешін көрмейді» дейтінінің кебі.

Құрастырылып ажыратылатын тұрғын жайдың сол түрік-қыпшақ үлгісіне жататын «қазақтың киіз үйі құрылымдық жағынан осы уақытқа дейін көшпелі халықтардың бірде-біреуі асып түсе алмаған, жылжымалы баспананың ең жетілдірілген түрі болып табылады».

Моңғолдың үйімен салыстырғанда керегесі биіктеу, уығының төменгі жағы иіңкі болатындығынан күмбезі көтеріңкі, келбеті сымбатты болып келеді.

Академик Ә. Марғұланның айтуына қарағанда, қазақтың киіз үйі ағаштан қиыстырылатын немесе балшықтан соғылатын баспаналармен салыстырғанда өзінің о бастағы нұсқаларының негізгі элементтерін бойына сіңірген жылжымалы тұрғын жайдың біршама кейінгі түрі болған.

Киіз үй қазақпен көршілес Орта Азия халықтарында да кездеседі. Олардағы киіз үйде де құрылымында немесе кескінінде ішінара кездесетін, бұрын көшпелі, жартылай көшпелі өмір кешкен қырғыз, түрікпен, қарақалпақ елдерінің тарихи дамуы арқылы енген кейбір ерекшеліктер ғасырлар бойы қалыптасқан құрылғыны түбегейлі өзгерістерге түсіре алмағандықтан, түркі халықтарына тән бірегейлік сақталып қалған.

Қазақтағы киізбен жабылатын баспананың алғашқы түрлерінің бірі – қос. Сырты жонылып, тәртіпке келтірілген, ұштарында басын қосып

байластыратын қайыс, жіп өткізетін арнайы тесіктері бар, 2,5-3 метрдей сырықтардан құрастырылатын болған. Сырықтарды іштен дем тартатын түтікпен қоса байластырып орнынан тұрғызғаннан кейін, араларын ашып жерге тіреп, екі туырлықпен немесе арнайы пішілген үзікпен жауып, ірге жағын бел арқанмен бастыра салады екен. Киіз баспананың бұл түрінің оңтайлылығы сонша, көшіп-қонғанда сырықтарын жалғыз түйеге тендеп, үстіне киізін, малшының көрпе-төсегін, қазан-ошағын артып кете беретін болған.

Қосты көбіне жылқы, сиыр малын жазда қысқы қоныстан 2-3 күндік өріске шығарып бағатын жылқышылар мен бақташылар уақытша баспана ретінде пайдаланған. Ал көшпелі ауылдың құрамында киіз үйге қосалқы ретінде қазан-ошақ, ыдыс-аяқ қоятын, астық сақтайтын, құрт, ірімшік қайнататын орын немесе қойшы-қолаң үшін баспана ретінде пайдаланылған.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ұжымшарлардың мал фермаларында кеңінен пайдаланылғанымен, көп ұзамай тұрмыстан шығып қалған.

В.В. Востров пен И.В. Захаров Жетісуда қос терминімен қатар жаппа деген синонимнің өмір сүретінін жазған.

Қазақ қадым заманнан бастап-ақ өзінің ата-тегін құраған ежелгі тайпалар мен халықтардан киіз басуды, тері ұқсатуды, алаша тоқуды, ши орауды, алтынмен аптап, күміспен күптеуді өзіне мұра етіп қабылдаған ел. Дәстүрлі өнердің осы түрлерінің барлығы киіз үйден көрінетіні хақ. Солай бола тұрса да, академик Ә. Марғұланның, тарих ғылымдарының докторлары Х. Арғынбаевтың, М. Мұқановтың аса құнды еңбектеріне қарамастан, қазақтың киіз үйін палеоэтнологиялық тұрғыдан әлі де болса терең зерттей түсуді қажет ететін құбылыс екенін өмір көрсетіп отыр.

Киіз үй – қазақтың өзімен бірге жасасып, тарих белестерінен бірге асқан заттық, тұрмыстық мәдениетінің көрінісі. Отбасының салауаттылығы мен саулығының белгісі ретінде босағаға, шаңыраққа құрмет көрсету – ежелден келе жатқан дәстүр.

Ғасырларды артқа салып, көшпелі малшылар аңшының сүйір қосын, егіншілер кепесін бірте-бірте жетілдіре түскендіктен қазақ даласында тұрғын үйдің жылжымалы және тұрақты түрлері қатар дами берген.

Қазақ мекендеген ұлан-ғайыр кеңістіктегі күнкөріске байланысты қалыптасқан баспананың о бастағы түрлерінің бірі – осыдан шамамен үш мың жыл бұрын пайда болған, қаңқасы арба үстіне көбіне мығым, сирегірек жинастырып, ажыратылатындай етіп орналастырылатын тұрғын үй үлгісі. Мұндай үйлер ғұндарда да, түркілерде де, көшпелі ұйғырларда да, моңғолдарда да болған. Ал қазақтағы «Доңғалақты үй», «Үйлі арба» жөнінде біздің білетініміз ортағасырларда бізде болған Гильом де Рубрук, Әбу Абдаллах Ибн Баттута, Фазаллах Ибн Рузбихан, Антони Дженкинсон секілді шетелдік авторлардың жазып қалдырғандары ғана. Азғана құнды материал академик П.С. Палластың «Сапарнамасында» бар. Бірнеше өгіз, түйе қосарлап жегілетін үйлі арбаларда малдың қуығынан, қарнынан тартылған терезелері, кіріп-шығатын есігі, оттығы, көлеміне қарай екі, төрт, алты, тіпті, онан да көп дөңгелегі болған.

XVI ғасырдағы парсы деректерінің бірінде жат жұрттықтарға зәулім биік ғимараттай болып көрінген қазақтың доңғалақты үйлері жайында мынадай мағлұмат бар: «Олардың (қазақтардың) мұндай үйлері ағаштан тұрғызылған, қаңқасы сарайдікі сияқты көтеріңкі және мейлінше кең. Ақ қайыңнан құрастырылған қабырғалары мінсіз, өте сәнді, киізбен, сирек кездесетін түстерге боялған қой терілерімен қапталған. Осындай үйлерде қазақтың сұлтандары мен ақсүйектері тұрады. Құрылымы ерекше үйлестірілген доңғалақты үйде 20 адамның жатып-тұруына болады екен. Мұндай үйлерді қосарлап жегілген көп түйе тартады. Үйлер зәулім, биік және сыйымды, тұс-тұсынан ашпалы көздері бар терезе ойықтары берілген. Сырты киізбен жабылған. Ішкі жиһаздары әмірлер мен сұлтандардың сарайларындағыдай мейлінше әсем және үйлесімді».

Қос ат жегілетін жеңіл күйме көбіне бойжеткен қызға, жас жұбайларға, бәйбішеге тек көліктің ғана емес, жол үйдің де қызметін атқарған. Мұндай жеңіл құрылғыны соғыс кезінде шапшаң қимылдап, ұрыс әрекеттеріне жедел басшылық ететін қолбасшылар да пайдаланған.

Үйлі арбалардағы баспананы құрастырып-жинастырып әуре болмай-ақ үдере көшіп күнелтуге мүмкіндік беретін құлазыған кең даланың табиғатымен байланысты болғанымен, құрылымдық жағынан олардың сәулеткерлікке қосқан үлесі шамалы. Әйтсе де олардың төрт бұрышты немесе бес бұрышты құрылғысы сәулет өнеріндегі шаршы үшкіліне, шеңбер бөлшектеріне дөп келетінімен қызықтырады. Кезінде көшпелі шаруашылыққа қызмет еткен тұрғын жайдың сирек кездесетін бірден-бір нұсқасы бола тұра, үйлі арбалардың XVIII ғасырдың алғашқы ширегіне қарай тұрмыстан шығып қалуының өзіндік себептері болды. Оның ең бастысы арагідік үзілістермен 200 жылға созылған жоңғарлармен, қалмақтармен шайқаста, ешқашан толастап көрмеген жаугершілікте еді. 1723-1729 жылдардағы «ақтабан шұбырынды» кезіндегі елдің босып кетуі, даланың байлығына қармалауышын созған Ресейдің отарлау саясаты, Орта Азия хандықтарымен, әсіресе Қоқанмен, Хиуамен қақтығыстар елдің көшіп-қонатын кеңістігін тарылта түскендіктен XVIII-XIX ғасырларда көшпелі қазақтың негізгі баспанасы кәдімгі өзімізге белгілі киіз үй бола бастаған.

XVIII-XIX ғасырларда қазақтың сұлтандары, атақты билері екі үйді қатар тігіп, арасынан керегеден дәліз жасап екі бөлме етіп те пайдаланған. Кереге желкөз және торкөз болып екі түрге бөлінеді.

Киіз үй ағаш, киіз бөліктерінен және бау-шудан тұрады. Үйдің ағаш саймандары төрт бөліктен: кереге, уық, шаңырақ және есіктен тұрады.

Кереге киіз үйдің дөңгелек қабырғасын құрайтын, бірнеше жиналмалы бөліктен тұрады. Әрбір жеке бөлігі қанат деп аталады. Уық – шаңырақ пен керегенің арасына дәнекер болып тұратын иінді шыбық ағаштан жасалынған. Шаңырақ – киіз үйдің төбесі. Үйдің көлеміне қарай шаңырақтың диаметрі екі жарым метрден бес метрге дейін болады.

Сықырлауық – киіз үйдің ағаш есігі. Ашып-жапқанда одан шығатын дыбысқа қарай сықырлауық атанған. Бұл есік екі жармалы болады. Оны, әдетте, шеберлер өрнектеп әшекейлеп жасайды.

Киіз үйдің киіз жамылғысы үш бөліктен тұрады: туырлық, үзік, түндік. Киіз үйдің бау-шуына желбау, аяқ бау, аспа бау, әр түрлі таңғыштар, бау-басқұрлар жатады. Олар, әдетте, тоқылып жасалады. Әдемі геометриялық өрнектермен безендіріледі.

Киіз үй сүйегі, яғни керегесі мен уықтары, көбінесе, өзен жағасында өсетін әр түрлі талдан жасалады. Мәселен, оған Қазақстанның әр өңірлерінде өсетін сәмбі тал, көк тал, қара тал, боз тал, құба тал сияқты түрлері пайдаланылды. Тал, халық тәжірибесі бойынша, киіз үй сүйегін жасауға ең қолайлы ағаш түрі деп танылған. Біріншіден, жиі өсетін тал тоғайы ішінен кереге мен уыққа жарайтындарын таңдап алу қиынға түспейді, екіншіден, өңдеуге өте қолайлы және одан бабымен кептіріліп жасалған уық-керегелер өте жеңіл және берік болады. Сән-салтанат құруды көксеген ірі байлар, төрелер мен билер үйшілерге киіз үй сүйегін түгелдей қайыңнан жасатады. Әдетте, қайыңнан жасалатын үйлердің көлемі үлкен болумен бірге, оның сүйегі де салмақты және өте берік. Қайыңнан жасалған кереге-уықтарды мұқият өңдеген соң, оны боямайды. Өйткені ағаштың жылтырата өңделген табиғи түсі үй ішіне аса ұнамды рең беріп тұрады.

Киіз үй сүйегіне жарайтын ағашты, көбінесе үйшілердің өздері ерте көктемнен бастап әзірлеп, кемінде бес-алты ай, кейде, тіпті, жыл бойы көлеңкеде кептіреді. Киіз үй сүйегіне арналып дайындалатын ағаштың ұзындығы мен жуандығы кереге-уық жасауға жарамды болуы қажет, ал олар-дың қисықтығына онша мән берілмейді. Шаңырақ үшін дайындалатын қайың мүмкіндігінше түзу, бұтақсыз болуы қажет. Кейде мұндай ағаштар тым жуан болса, оларды кесіп, ұзынынан жарып, ыңғайлап шауып қояды. Үйшіге қажетті жабдықтар: тез, сықаурын, жонғы, қуыс жонғы, тісті жонғы (сызғы, ыруыш), тесе шот, шапашот, балта, қашау, қол ара, ою-пышақ, үскі сияқты саймандармен бірге кереге, уық және шаңырақ жасауға арналған әр түрлі қарапайым қалыптар мен кепкен ағашты жібітуге арналған қоз, мор, обын атанатын ыстық «пештердің» де болуы аса қажет. Осы айтылған саймандар мен жабдықтардың барлығын да тәжірибелі шебер үйшілер, көбінесе, талғамдарына сай етіп, өздері жасап алады.

Осындай көшпелі тұрмысқа ыңғайланған киіз үйлерде қазақтар жазда ғана емес қыста да тұрған. Қыста киіз үйдің керегесіне жиілетіп тоқылған ши тұтып, туырлығын қос-қостан салып, іргесін көміп, сары қи мен ағашты жағып тұра берген.

XV-XVIII ғасырларда отырықшы қоныс-үйлердің 4 түрі болды. Олар қыстау, қыстақ-қоныс, тастан, топырақтан салынған бекінісі бар уақытша қорған және қала (кент). XVIII-XIX ғасырларда Қазақстанның көпшілік аймақтарында қыста қыстайтын қыстаулар болған. Әсіресе оңтүстік аймақтарда мал шаруашылығы егіншілікпен ұштасып, оларда жартылай көшпелілік, жартылай отырықшылық салты қалыптасқан.

Шошала – қыста тұратын үйдің ең ескі түрі болды. Формасы жағынан киіз үйге ұқсас, жартылай жертөленің төбесі сүйірлене шығарылып, құрылыс іргесі жерге 50-60 см қазылып салынды. Екі-үш бөлмелі болды

Қазақстанның көпшілік өңірлерінде, өте ертеден келе жатқан там үйдің бір түрі жартылай жеркепе қолданыста болған. Оларды салғанда жерді 1-1,5 метр етіп тереңдетіп қазып, қабырғасын 50-60 см етіп шымнан, қам кірпіштен, тастан көтерген. Мұндай үйлерді қазба үй, жертөле немесе жер үй деп те атаған.

Қазақстанның оңтүстік аймақтарында үйді қам кірпіштен, сабан кірпіштен көп көтерген. Осы аймақта дымқыл топырақты ұзын қалыпқа салып түю арқылы да үйлер тұрғызатын. Оны соқпа, ұрма әдісі дейді.

Үй жиһаздары үй кәсіпшілігінің көптеген бұйымдарынан тұрады. Онда ғажайып текеметтер мен әсем тоқылған кілемдер, аяққаптар мен қоржындар, зат сақталатын сандықтар мен абажалар, ыдыс-аяқтар және т.б. болды.

Киіз үйдің жиһаздары мен ыдыс-аяқ жасау өнері: Біз төменде қазақ халқының атадан-балаға мирас болып келген қазақ қолөнершілерінің қолынан шыққан тамаша үй жиһаздар түрлерінің үлгісі туралы деректерімізді белгілді ғалым, этнограф Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» еңбегіне арқа сүйеп сипаттауды жөн көрдік.

Қазақ халқының күнделікті тұрмыста пайдаланған ағаштан жасалатын үй іші жиһаздары мен ыдыс-аяқтары да көші-қонға немесе отырықшылыққа бейімделіп жасалады.

Ағаштан жасалған үй іші жиһаздарының құрамына төсек ағаш, жастық ағаш, жүкаяқ, кебеже, сандық, әбдіре, жағлан, қант шаққыш тоқпақ, саба аяқ, піспек, астау, табақ, тегене, шара аяқ, тостаған, ожау, қасық, күбі, ағаш шелек, келі, келсап және басқа да көптеген бұйымдар кірді. Қазақта бұл бұйымдардың әрқайсысын дербес жасайтын арнайы маманданған шеберлер болмаған. Олай болса, әр шебер өзінің мүмкіндігіне қарай үй бұйымдарының қайсысын болсын жасаған. Аса шебер ұсталар ағаштан жасалатын үй бұйымдарының беттеріне ою ойып, түрлі түсті бояулармен өрнек салып, әсемдеумен бірге сүйекпен, әр түрлі металдармен, түрлі түсті тастармен, шыныларымен көркемдей білген. Ендеше мұндай ұсталар темір, мыс, жез, күміс ұстау ісін де меңгерген шынайы өнер иелері болған. Қазақ арасында он саусағынан өнер тамған қолөнердің сан-саласын жақсы меңгерген ісмерлер аз болмаған.

Кілем – сәнді тоқылатын, баспананың жылылығын сақтайтын және дыбысын бәсеңдететін арнайы үй жиһазы. Оларды тоқылу ерекшеліктеріне қарай, түкті кілем, тақыр кілем деп бөледі. Қазақ жеріндегі тоқылатын кілемдердің және бір ерекшелігі ол ру үлгілеріне сәйкестендірілген, мысалы: адай кілемі, керей кілемі, қоңырат кілемі, үйсін кілемі, т.б. үлгілер. Кілемдер қосалқы белгілеріне байланысты шашақты және оқалы кілемдерге жіктеледі. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында түкті және тақыр кілемдерін қолдан тоқу дамыған.

Сырмақ (сыру деген сөзден шыққан), сырмақ – ою бастырып немесе жиекпен өрнектеліп сырыған төсеніш үй жиһазын айтады. Жоғары сапалы үлпілдек жүннен басылған жұқа киіздің бетіне оюлар салынып, кенеппен астарлап сырмақ жасайды. Сырмақ негізінде қазақ және қырғыз ұлттарына тән жиһаз. Оның ою-өрнегіне сәйкес бірнеше түрі болады: ақ, қара неме-

се қызыл және көкпен боялған, киізден ойыстырылған сырмақ, шымқай ақ киіздің бетіне қызыл, кек, сары маталардан ою бастырылған сырмақ, жиекпен өрнектелген сырмақ.

Алаша – әр түрлі түске боялған мақта, жүн жіптерінен өрмекпен тоқылатын төсеніш. Екі әдіспен тоқылады. Бірі – түрлі-түсті жіптерді жарыстыра жолақтап тоқу арқылы көп мәнерлі өрнектер түсіру. Алғашқысын қақпа алаша, соңғысын терме алаша , кейде кілем алаша деп те атайды. Алашадан төсеніш, түс кілем, қоржындар жасайды. Алаша – қазақ тұрмысында жиі қолданылатын мүлік.

Текемет – тұрмыста жылу ұстағыш, екінші жағынан киіз үйдің ішкі интерьеріне сән беріп, керегеге ілінген әсем кілем, түскиіз, бау-басқұрлармен үндесіп, толықтырып тұрған. Текемет басу тәсілінің негізгі ұзынырғысы бір болғанымен, оның бетін әр түске боялғанымен, оның бетін әр түске боялған жүнмен оюлау әдісі әр елдің өзіне тән белгілі бір жүйесімен жасалынады.

Басқұр – киіз үйдің ішін безендіру үшін әрі уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып танатын өрнекті жалпақ құр. Басқұрдың ұзындығы киіз үйді айналдыра орап шығатындай болады. Ені 20-30 см. Басқұрды өрмекпен терме тоқу, қақпа тоқу әдістерімен әр түсті жіп, арқау салып, ою-өрнекті етіп тоқиды. Түкті немесе ақ басқұр және түксіз немесе ала басқұр болып екіге бөлінеді. Түкті (ақ) басқұрды түрлі-түсті жіптерді негізгі жіптерге түйіндеп, түкті ою-өрнек салып тоқиды. Түксіз (ала) басқұр әр түсті жіптерден алаша секілді тоқылады. Басқұрды түйе, қой және жылқы қылы қосылған ешкі жүнінен тоқиды.

Ши – киіз үйдің ішін әсемдеуде шидің алатын орны ерекше. Неше түрлі сырмен боялып, сағанақтары күмістендірілген кереге көздері мен құлпырған құр таңғыштарға, термелеп өріп, жібекпен шашақтаған уық бауларға, зермен кестелеп шұғамен оюлаған туырлық пен үзіктің ішкі өрнектеріне ши жалпы түр беру ретінде өте үйлесіп-ақ тұрады. Ши бұйымын жалпы сырт көрінісіне қарай үш түрге бөледі: ақ ши, ораулы ши, шым ши (шыораулы ши). Қазақ арасында осы түрлерінің әрқайсысы орын-орнымен қолданылады. Мәселен, ақ шиді оралмай, құр өзі тоқылатын болғандықтан көбінесе киіз басуға, өре жаюға, сүзгіге, шыптаға мал сойғанда еттің астына салуға, сырғауыл салынған үйдің төбесін жабуға ұстайды. Ал өн бойы түгел оралған өрнекті шиді шым ши дейді. Оны киіз үйге, ас-су, ыдыс-аяқ тұратын жерге қоршау етеді. Кейде оны түскиіз орнында ұстайды. Өнбойы тұтас емес, әр жерінен оралған шиді ораулы ши дейді. Тоқылатын ши мал аяғы баспаған соны жерден жаздың орта шенінде әбден бойлап өскен кезде тартылады. Шиді таңертең, кешке немесе жаңбырдан кейінгі шық кетпей тарту керек. Мұндай кезде жер жұмсақ ши суырылғыш келеді. Әзірленген шиді шыбығын аршып, бумалап көлеңкеге кептіреді де, өрнектеп орайды.

Бөстек – түйенің не қойдың жабағы жүнінен бір адамға арналып жасалған көрпеше не төсеніш. Оны жылқы, түйе, сиыр терілерінің жүнін алмай, от басына пайдаланатын төсек ретінде де дайындайды. Ал ертеректе түйе терісінен жасалған бөстек құрметті қонақтарға төселген.

Құрақ – төрге төсейтін көрпеше. Мата қиындыларын қиюластырып, тұмарша, сегіз жапырақ, ромб тәрізді өрнектерден құралған көрпені құрақ немесе құрақ көрпе деп атайды. Ежелден қонақжай қазақ халқы төрін қонаққа арналған «қасиетті орын» санаған. Ерте кезде баласы өліп, тоқтамайтын үй «тіл-көзден аман болсын» деген ырыммен қырық құрақ құрап, баласын соған ораған. Құрақ көрпені арасына мақта немесе қойдың, түйенің жүнін салып, сырып тігеді.

Күпі көрпе – ішіне түтілген түйе жүнін салып, шүберекпен қаптап, сырмақталған жылы жамылғы.

Ерлер мен әйелдердің киімі. XV-XVIII ғ. қазақтарда күнделікті тұрмыста киетін киімдермен қатар той-томалаққа, жиынға киетін киімдер болды.

Ерлердің киімі – ішік, тон, шапан, шалбар (сым) және өте көне заманнан XIX ғасыр мен XX ғасырдың басына дейін келіп жеткен түрі – кебенек, күпі, жарғақ (тайжақы).

Қазақтың сырт киімінің көпшілігінде түйме, ілгек болмаған, көбінесе қайыстан, матадан жасалған белдікпен қаусырылған. Қайыс, былғары белдікті кісе деп атаған. Кісе оқ-дәрі салатын оқшантай, пышақтың қыны, насыбай шақша салатын дорбасы бар, күміс, темір шытыралармен әшекейленіп жасалады.

Ерлер бас киімі – тымақ, бөрік, тақия, қалпақ, жалбағай. Ерлердің аяқ киімі – мәсі, етік, саптама, кебіс, шақай (шоқай, шәрке) болып бөлінеді.

Әйелдер киіміне – көйлек, қамзол, белдемше, шапан, кестелі тон жатады. Күнделікті өмірде мақта матасынан тігілген көйлек кисе, тойға жібек, атлас, барқыт, парша, пүліш көйлектер киетін. Атқа мінгенде, сыртқа шыққанда әйелдер қалың мақта матасынан, мәуітіден тігілген шалбар киген.

Ұзатылар қыздың сәукелесі – қазақ әйелдері киімінің ішіндегі ең бір салтанаттысы. Әдетте, сәукеле ұзынша болып келеді. Сәукелені түрлі асыл моншақтармен, теңгелермен, алтын, күміс зерлермен әшекейлеп, төбесіне үкі таққан. Ұзатылар қыз үстінен сәукеленің иығына түсіре жібек матадан шетін шашақтап тіккен желең жамылған. Сәукелені қалыңдық бір балалы болғанша, әдетте, бір жылға дейін ойын-тойларда киетін болған.

Қазақ әйелдерінің бас киіміне – жаулық, кимешек, күндік жатады. Қазақ әйелдерінің аяқ киіміне – мәсі, етік, кебіс жатады.

Тағамдары. Қазақ халқының ортағасырлардағы тағамы оның шаруашылығымен, күнкөріс тіршілігімен тығыз байланысты. Негізгі күнкөрісі мал шаруашылығы болғандықтан оның дәстүрлі тағамдары еттен, сүттен жасалады.

Қазақ қысқа қарай соғым сояды. Соғымға ауқатты адамдар бірнеше жылқы, он шақты қой, бір-екі сиыр, кейде бір түйе соятын, етін тұздап тошалаға іліп сақтайтын. Жылқы етінен ішекке салып қазы, шұжық, ішек майын ішекке тығып қарта жасайды. Жылқының жалындағы майынан жал деген сыйлы тағам жасалады.

Сиыр етін мүшелеп бұзып тоңазытып іліп қояды да, қой етін көбіне сүрлейтін. Еттің әр мүшесінің қонаққа тартылуында өзіндік рәсім бар. Мысалы, ең сыйлы қонаққа бас және жамбас тартады. Мәні жағынан одан

кейін мына мүшелер жүреді: асықты жілік, ортан жілік, жауырын, кәрі жілік және тоқпан жілік.

Көшпелі қазақтардың сүт тағамдары да өте көп. Олар, әсіресе көктем, жаз кезінде көп пайдаланылады. Сүт тағамдарына құрт, ірімшік, сары май, қымыз, қатық, шұбат, айран, іркіт, сүзбе, жент жатады.

Қазақтың дәстүрлі тағамдарының ішінде дәннен жасалған тағамдар да бар. Қазақтар бидай, қара бидай, тарыны тамаққа көбірек пайдаланған. Қазанға қарма, қатырма нан пісірген. Кей өңірлерде оларды төңкерме, қазан жаппа нан деп атайды. Бидайды қуырып та жеген. Қазақ тарыдан тары көже, боламық, майсөк жасаған. Тарыны, бидайды келіге түйіп талқан да жасаған. Тары, талқан, май, қант, балды қосып-қоспа немесе жент деген тәтті тағам жасаған.

Ыдыс-аяқ. «Шешесін көріп, қызын ал, ыдысын көріп, асын іш», – деген қазақ мақалында пәлсапалық, әлеуметтік терең ой жатыр. Демек ұлт тұрмысында ас сақталатын ыдыс-аяқ мәселесіде шет қалмаған. Оған үлкен мән бергендігіне жоғарыда бір ауыз сөз куә. Ата-бабаларымыз ыдысты көбіне ағаштан, жылқы, ешкі терісінен, мыс, жез сияқты металл бұйымдарын жасаған.

Ағаш ұсталары ыдыс-аяқ жасауға да айрықша ден қойған. Соның ішінде қымызға арналған түрлері назар аудартады. Негізінен, бұл ыдыстарды қайыңнан, табылып жатса, оның безінен жасауға тырысатын. Өйткені, қайың мықты келеді. Мұқият өңдеген қайың, әсіресе оның безі қара шұбарланып, қосымша әшекейсіз-ақ әдемі болады. Шеберлердің айтуынша, әбден кепкен қайыңда бөтен иіс те, шайыр да болмайды, сондықтан оған құйылған қымыздың дәмі де бұзылмайды.

Қымызға арналған ағаш ыдыстар: тегене, ожау, шара, сапты аяқ, тостаған, күбі, піспек. Ел ішінде бұл ыдыстардың түрлері күнделікті өмірде кеңінен пайдаланылса, оның сәнделіп жасалған ғажайып түрлері де аз болмаған.

Ертедегі көшпелі қазақтар ас сақтайтын ыдыстардың біразын мал терісінен жасаған. Ондай ыдыстың ең үлкені – саба. Одан басқа тегене, сүйретпе, жанторсық, көнек, саптыаяқ, зерен, шара, қазан, шәугім, шөген, қыштан жасалынған құмыралар мен кеселер пайдаланылған.

Қазақтар малдың қарнын да ыдыс ретінде пайдаланып, оған сары май сақтаған. Ал май пісетін күбіні ағаштан жасаған.

Ет тарту үшін табақ, тегене, шара, кейде ұзынша ет астаулар да болған. Қонақ шақырғанда, тойларда пайдаланатын бұл ыдыстардың жиегі, бүйірі күміспен көмкерілетін.

Дәнді дақылдарды түю үшін ағаш келі, келсап пайдаланған. Металл заттардан, негізінен, қазан, мосы, ошақ жасалды.

Қорыта келгенде, ортаға сырларда көшпелі қазақтардың материалдық мәдениеті алуан түрлі және халықтың тұрмысында өте маңызды рөл атқарды.

Бақылау сұрақтары:


1. XV-XVIII ғ. басындағы қазақ халқының материалдық мәдениеті.
2. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің зерттелу деңгейі.

3. Орта ғасырлардағы қазақтардың тұрғын үйі, киім-кешек, ыдыс-аяқ, қару-жарақ, тағамдары.
4. XV-XVIII ғ. басындағы қазақ халқының материалдық мәдениетінің ерекшеліктері.
5. Археологиялық және жазба деректердің негізінде қазақтардың материалдық мәдениетіне сипаттама беріңіз.
6. Қазақтардың тұрғын үйлерінің ерекшелігі және деректерде оларға берілген сипаттаманы талдап көрсетіңіз.
7. Орта ғасырлардағы қазақ халқының киімдері мен қару-жарақтарын заттай және жазба деректерінің негізінде талдау жасау.
8. Қазақтардың ыдыс-аяқтары, тағамдары.

§ 2. Қазақ халқының рухани мәдениеті

Қазақ хандығының саяси тарихы мен тұрмысы рухани өмірмен қатар дамыды. Әрине, ол өзіне дейінгі қалыптасқан рухани құндылықтарды мұрасы боды. Түркі және көшпелі әлем қазақ халқының ерекше дүниетанымдық ой-пікірін қалыптастырды. Осы тарихи кезеңнің ерекшелігі мемлекеттің ішік және сыртқы саяси өмірінде ықпалды, елдің бірлігі мен ділін насихаттайтын ақындар заманы ретінде баға берсе болады. Әдебиет тарихында оларды қазақ жыраулары деп атады. Жыраулар бірнеше функцияны қатар атқарды. Олар хандардың кеңесші, сыншысы, елдің қамқоршысы мен жоқтаушысы. Жыраулар шығармасының мазмұны мемлекеттің тұтастығы, биліктің әділдігі мен ел идеясын дәріптеу болды. Ел басқарған билеушілердің іс-әрекетіне, мінез құлқына өз дәуірінің моральдік нормасы тұрғысынан баға беру де орын алды. Түркі дәурінен бастау алған даналық ой-пікірді насихаттауды жыраулар көркемдік тәсілді тиімді қолдану арқылы тыңдаушыға әрбір сөздің мән-мағынасын эмоциялық тұрғыдан әсерлеп жеткізе білді.

XVI-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының аса ірі өкілдері – Асан Сәбитұлы (XIV-XV), Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560), Доспамбет жырау (1490-1523), Жиембет жырау (XVII ғ.), Марғасқа жырау (XVII ғ.), Ақтамберді жырау (1675-1768), Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693-1787).



Майқы би

Қазақ хандығының құрылуы кезеңіндегі аса ірі тұлға Асан Сәбитұлы (XIV-XV) Еділ бойында дүниеге келген. Құрбанғали Халиди өзінің «Тауарих хамса» атты еңбегінде әйгілі Майқы биді Асанқайғының арғы атасы еді дейді. Берке хан дүниеден қайтқан соң (1359) Алтын Орданың тағына жанасқан хандар баянды билік құра алмаған. Сондай баянсыз хандардың бірі Ұлығ-Мұхамед болса, Асанқайғы сол Ұлығ-Мұхамед ханға сөзін өткізетін билердің бірі болған. XV ғасырдың 20-жылдарында Ұлығ-Мұхамед сарайдан қуылып Қазанды паналағанда, Асанқайғы жасының егде тартқанына қарамастан өз әміршісінің жанында

болған. Алайда бос сауғалау болмысына жат Асанқайғы кешікпей қайтып оралып, Әбілқайыр ұлысындағы шиеленіскен тартыстың ортасына түсті. Керей, Жәнібек сұлтандар бастаған рулардың Әбілқайыр ұлысынан бөлініп шығуын қолдаушылардың бірі Асанқайғы болады.

Асанқайғының жыр-толғаулары мен нақыл сөздерінс қарағанда, Дешті Қыпшақтың кіндік мекені Еділ, Жайық бойынан қазақ руларының ірге көтеруін қолдамай, Керей мен Жәнібекке көп қарсылық білдіргені айқын аңғарылады. Асанқайғының «Жерұйық» іздеуіне қатысты айтылатын аңыздардан да халықтың бас құрап, ірге орнықтырып, ел болу қамын ойлауда оған шешуші міндеттің жүктелгені байқалады.

Асан жырауды ханның кеңесшісі ретінде тануға болады. Оның бізге жеткен толғаулары түгел дерлік Әз Жәнібек ханға арнайы айтылған. Алайда Асанды сарай ақыны деуге болмайды. Халық аңыздарында Асанқайғы жайында «бұл қария қашан да ханға жағынбай, жарсақтанбай тура сөйлеуші еді» делінеді.

Бұл сөздің ақиқаттығы Асан толғауларынан-ақ байқалады.

«Ай хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің,
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып қызық терлейсің,
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің», –

дейді ол Жәнібек ханға. Асан өмір сүрген заманда ханға бұлай сөйлеу кез келген шонжардың қолынан келген іс емес. Бұл – Асанның Асандығы ғана айтқызған сөз.

Бұл жерде Асан халық тілегінің жоқшысы. Асан мұңы – халық мұңы. Оның атына жалғанған Қайғы деген анықтама халық сүйіспеншілігінің белгісі іспеттес. «Тауарих хамсаның» авторы, өзі діндәр Құрманғали Асанның «Қайғы» аталу себебін дінге тіремек болады. Бұл – халық санасындағы Асан бейнесімен қабыспайды. Асан қайғысы бақиды, ахирет жайын ойлағаннан туған қайғы емес. Асан мұңының тамыры тереңде. Оның негізінде халықтың сол кездегі тұрмыс-халіне жаны ашығандық, өмірге көңілі толмау бар. Асан қайғысы – бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі болашақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы. Сондықтан да өз толғауларында ол үнемі халық атынан сөйлейді.

Қазақ хандығының саяси тарихында елеулі із қалдырған Шалкиіз Тіленшіұлының шын есімі Телағыс. Ол атақты Едіге ұрпағынан тарайды, білім алған көрнекті жырау. Үлкен Ноғай ордасының билеушісі Темір ханзадағы қызмет етіп, оған көптеген шығармаларын арнаған «Би Темірге айтқаны», «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқаны». Кейін сарайда қуғынға ұшырап Қазақ хандығында соңғы күндерін өткізді. Бізге белгілі мұрасы 760 жолдай. Жырлары түгелдей азаматтық, әлеуметтік лирикаларға жата-

ды. Оның барлық толғаулары – заман, өмір, мораль туралы дидактикалық шешендік туындылар. Оның ерекше қасиеті билеушілерге сынды тура айта білуінде болды. Астарлы бейнелеу арқылы әділ билеушінің бейнесінің халық үшін маңызын ашып берген жырау ретінде танымал.

Доспамбет жырау XVI ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде Азау қаласында туады. Сол кезде Донның төменгі ағысын, Азау маңын мекендеген Кіші Орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан болашақ жырау заманы мен ортасының талабына сай тамаша тәрбие алып өскен сияқты. Доспамбеттің бүкіл Дешті Қыпшақты жақсы білгені, Стамбұл мен Бақшасарайда да болғаны, сахара тұрмысымен қатар мұсылман кенттерінің жайына да қанықкаңы аңғарылады. Өз заманындағы талай әскери жорыққа қатысқан жауынгер жырау туыстас түркі тайпаларының арасындағы көп қырқыстың бірінде, 1523 жылдың бас кезінде Астрахань түбінде қаза табады. Өмірмен қоштасқан сәтінде Доспамбеттің жасы әлі отызға да толмаған еді.


Жиембет жырау (XVII ғасыр) Бортоғашұлы XVI ғасырдың соңғы ширегі, XVII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүреді. Алшын руын ежелден билеген ірі феодалдар тұқымынан шыққан Жиембет Еңсегей бойлы Ер Есімнің Кіші жүздегі ел басқарушы биі, әскербасы батыры қызметін атқарады. Есімнің көрші хандықтармен арадағы соғыстарына қатысады, ерлігімен, іскерлігімен танылады. Жиембет әсіресе 1620 жылы ойраттармен арада шыққан соғыста қазақтардың жауды ойсырата жеңуіне мұрындық болады. 1627 жылы Қазақ Ордасы құрамынан бөлініп, өз алдына тәуелсіз хандық құрғысы келген Ташкент ханы Тұрсынның көтерілісін басу кезінде де Жиембет елеулі рөл атқарады. Алайда, көп ұзамай-ақ орталық үкіметке сөз жүзінде ғана бағынып, кіші жүзде дербес билік құра бастаған Жиембеттің өзі де ханның қаһарына шалынады. Жыраудың інісі Жолымбеттің бір жеңілтек ісін сарайды қорлау деп санаған Есім бұл мәселеге Жиембеттің өзін де іліктіреді. Жырау ойраттармен шекара шығыс бетке айдалады. Бір деректерге қарағанда, Жиембет сол айдауда өледі, енді бір деректердің айтуынша, жырау 1643 жылы Есім хан дүниеден көшкен соң туған жеріне қайтып оралады.

Марғасқа жырау (туған және өлген жылдары белгісіз) – ақын, жауынгерлік рухтағы жырларды шығарушы, қазақ поэзиясындағы көне дәстүрді жалғастырушы. Жалпы жыраудың өмірі, шығармашылығы туралы бізге жеткен деректер тым аз. Дегенмен қолда бар деректерге қарағанда Марғасқа жырау Есім ханның жорық жырауы, қол бастаған батыры болған. Қилы замандарда шапқыншылықтар мен жорықтардан халықтың жанын сақтап, малын қорғау ханмен қатар осы тұлғалардың да жауапкершілігінде болған. Есім ханның жорық жырауы ретінде елдің тыныштығы үшін аянбай еңбек еткен ол халықты жәбірлеген мейірімсіз хандарды аяусыз сынаған. 1627 жылы Ташкент өңіріне билігін жүргізіп тұрған Тұрсын ханның Есім ханға қарсы бүлігін басуға қатысқан. Жырау Есім ханның өмірі мен ерлік істері суреттелген «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи жырды алғаш жырлаушы болған деген болжам бар. Марғасқа жыраудың бізге жеткен санаулы ғана жырлары оның от тілді, орақ ауызды жырау болғандығын көрсетеді. «Ей, Қатағанның хан Тұрсыны» атты өлеңінде: «Ей, Қатағанның ханы

Тұрсын, Опасызға лағынет болсын. Кінәсіз халықты жылатқан Жер Тәңірісі сияқтысың. Алтын тақта отырсаң дағы Ажалға төтеп бермессің», – деп Ташкент ханының қазақ ауылына опасыздықпен шабуыл жасағанын, жазықсыз жандарды қырып-жойғандығын бетіне басады.

Ақтамберді жырау (1675-1768) Сарыұлы 1675 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Қаратау бойында ауқатты отбасында дүниеге келеді. Болашақ жырау жамағайын туысы Бердіке деген батырдың қолында өседі. Ақындық талантын тым ерте, 10-11 жасында танытқан Ақтамберді 17 жасынан бастап қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатынасады. Өзінің жанкешті ерлігімен, ақыл-айласымен көпке танылады. Талай рет өлім аузынан қалады. Бірде, тіпті, жортауылда жау қолына түсіп, өлім жазасы орындалар қарсаңда ғана қашып құтылады. 1723 жылы қазақтар ойраттардан ойсырай жеңіліп, бүкіл оңтүстік және шығыс аймақтан айырылған шақта Ақтамберді атақты батыр, Орта жүздің рубасы ақсақалдарының бірі еді. Батыр жырау өзінің белсенді ісімен де, жалынды жырымен де жоңғарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бел ортасында болады, қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Жоңғар мемлекеті біржола талқандалып, жаудан босаған шығыс бетке қайта қоныстану кезінде Ақтамберді қазақ руларын атамекенге біржола орнықтыру ісінде зор қызмет атқарады. Батыр жырау тоқсан үш жасында, 1768 жылы қайтыс болады.

Бұқар жырау қазақ тарихындағы ең соқталы тұлғалардың бірі ол шамамен 1668 жылдары туады. Жыраудың әкесі Қалқаман батыр, сірә, ел билеуші шонжар емес, жеке басының ерлігімен ғана аты шыққан адам болса керек. Жыраудың қайда оқығаны, қандай өмір мектебінен өткені туралы нақты деректер жоқ. Біз тек оның тым ерте көтеріліп, Тәуке тұсында-ақ хан төңірегіндегі ықпалды билердің бірі болғанын білеміз. Алайда, Бұқардың Тәукеден соңғы әміршілермен тіл табыса алмағаны аңғарылады. Жырау кедейшілікке ұрынады. Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда және өз шығармаларынан да көрінетіндей, Бұқардың, тіпті, сауып ішер малы, мініп-түсер аты да болмайды. Жырау алпыстан асқанша осы жарлы, кембағал халде күн кешеді. Алайда өмірінің соңғы кезеңінде Бұқар жай ғана арқалы жырау, ақылшы аға емес, мемлекет істеріне елеулі ықпал етіп отырған қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналады. Жырау бір ғасырдан астам жасап, 1781 жыл шамасында қайтыс болады.



Төле би **Қазыбек би** **Әйтеке би**

Би-шешендер шығармашылығы. Қазақ халқының даналық сөзінің қайнар көзі билердің өсиеттері болып табылады. Шешендік өнер көшпелі өркениеттің мұрасы болды. Орақ тілді билер қазақ қоғамында басты қызметі идеялық-адами құндылықтарды қалыптастыру болды. Қазақтың төбе билері: Төле би, Қазыбек би, Айтеке би.

Төле Әлібекұлы (1663-1756) 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу өңірінде туған. Ұлы жүздегі дулат тайпасының жаныс руынан. Қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, «Жеті жарғыны» жасаушылардың бірі. Әлібекұлы Төле бидің атасы Құдайберді би Есім хан мен Тұрсын хан егесі кезінде Есім ханды қолдаған (Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме дейін» кітабынан). Яғни Есім хан тұсындағы, халық аузында «Есім ханның ескі жолы» атанып кеткен қазақ халқының заңдар жинағын құрастыруға қатысқан билердің бірі деп айтуға толық негіз бар. Өз заманында Қазақ хандығының тұтастығы үшін күрескен қайраткер. Төле би өз халқының шешендік-поэтикалық өнерінің дәстүрлерін жастайынан бойына сіңіріп өскен, зерделі, сауатты адам болған. 15-20 жасынан билердің бас қосқан жиналысына қатысып, өзінің әділдігі мен шешендік өнері арқасында танила бастайды. Төле би Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Тәукені хан етіп көтеруге, үш жүздің ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, сөйтіп, бірегей қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар шапқыншылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға қатынасты. Тәуке хан Төле биді Ұлы жүздің бас биі еткен. Төле би Қазыбек бимен және Әйтеке бимен бірлесе отырып, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы болып табылатын Жеті жарғының қабылдануына атсалысты. Ордабасы жиыны кезінде Төле би басшылық жасап, жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруге ұйытқы болды. Төле би хан, сұлтандардың, бектер мен билердің өзара қырқысының ұлт тәуелсіздігі мен бостандығына ешнәрсе бермейтіндігін сезініп, татулықты жақтады. Оны елге танымал «Елге бай құт емес, би құт» дейтін қанатты сөзі айқын аңғартады. Ұлы жүз ханы Жолбарыс өлгеннен кейін Төле би алты жыл бойы Ташкентті басқарған. Ол 1756 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Леңгір ауданы аумағында болған Ақбұрхан ордада өмірден озды. Ташкенттегі Қарлығаш бидің кесенесінде жерленген.

Қаз дауысты Қазыбек 1667 жылы Сыр өңірінің Түркістан атырабында дүниеге келген. 1764 жылы Қарағанды облысының Семізбұғы мекенінен шамасы 16-18 шақырым қашықтықта Далба тауының түстік беткейінің Қарағайлы бұлақ деген жердегі жайлауында 97 жасында қыс айларының басында өмірден озған. Оның мүрдесін ақ жуып, арулап, былғарыға тігіп, қыс бойы төрт таған тасқа орнатылған сөренің үстіндегі киіз үйде аманат ретінде сақтап, көктем шыға үлкен ұлы Бекболат бастаған Арқаның 40 батыры мен ел ағалары қасиетті Түркістанға жеткізіп, әулие Кожа Ахмет Йассауи сағанасына жерлеген. Қаз дауысты Қазыбектің шыққан арғы тегі – Арғын тайпасының Қаракесек аталып кеткен Болатқожа елі, бергісі – қазақ халқына аты мәлім Шаншар абыз. Келдібекұлы Қазыбектің өзі туралы

ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер мен бидің өзінен жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрін ата жолы заңдарын мейлінше меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын көрсетеді. Тәуке ханның (1680-1718) Қаз дауысты Қазыбекті Орта жүздің бас биі етіп тағайындауына оның осы қасиеттері негіз болса керек. Қазыбек би әз-Тәуке тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі, кейін Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел басқарған кезеңдерде хандықты басқару ісіне жиі араласқан, ішкі-сыртқы саясатта хандарға ақыл-кеңес беріп отырған терең ойлы би болды.


Бұл тұжырымды Сібір губернаторы міндетін атқарушы генерал-майор Фрауендорфтың Ресейдің сыртқы істер алқасына (коллегиясына) 1753 ж. 11 наурызда жазған мәлімдеме хатындағы пікірі толықтыра түседі. Осы деректе: «Қазыбек би бүкіл Орта жүздегі ең басты би болып табылады.Оған Әбілмәмбет ханның өзі, сондай-ақ Абылай сұлтан, басқа да ұлыстардың сұлтандары мен ел ағалары әрқашан да келіп, әр түрлі кеңестер алады, тіпті Қазыбек бидің келісімінсіз Орта жүзде бірде-бір маңызды мәселе шешілмейді екен», – деп жазылған. Қаз дауысты Қазыбек мемлекет істерімен қатар, ру ішінде немесе ру аралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Ел ішінде қара қылды қақ жарған, алты алаштың ардағы аталған Қаз дауысты Қазыбек бидің бұл Орта жүз бен Кіші жүз араларын ушықтырмай, мәмілеге келтіру арқылы олардың бірлігін сақтауды мақсат еткен даналығын көрсетеді. Қаз дауысты Қазыбек өмір сүрген талас-тартыс пен дауға толы күрделі заманда оның Қазақ хандығының ішкі саясатында атқарған қызметінің басты мақсаты қазақ елінің бірлігі мен ынтымағын сақтап, бір орталыққа біріккен мемлекеттігін нығайта түсу болған.



1644 жылы 23 наурызда Өзбекстанның Қазбибі тауында, Қызылша ауылында дүниеге келген Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауат ашқан. Шешендік қасиеті әкесі Байбек пен Қосуақ бидің ықпалынан болған. Жеті жасынан бастап Әйтекені аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр өз тәрбиелеріне алады. Ол Самарқандағы Ұлықбек медресесінде оқып, оны бітірген соң, ел басқару ісіне араласады. Тілге шешен, істе шебер Әйтеке 21 жасында бүкіл Бұхара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ құрама жұртының бас биі болады. 25 жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлайды. Әйтекенің атсалысуымен 1680 жылы Салқам Жәңгірдің кіші баласы Тәуке хан болып сайланады да, ол шешенді ресми түрде айрықша құқылы «Хан кеңесінің» мүшесі жасайды. Осы кезде жаңа заң үлгісіндегі «Жеті жарғы» қабылданады. Әйтеке шешен «қара қылды қақ жарған әділ» ғана емес, жоңғарлармен ұрыстарда қол бастаған батыр да болған. 1685 жылы Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан Бошақтының он мың жасағына бес мың қол әскерімен қарсы аттанған. Қырғын соғыс бір күнге созылады.

Әйтекеге Самарқаннан, Бұқарадан қалың әскер көмекке келе жатыр деген қауесетті естіп, Қалдан Бошақты Сайрам төңірегіне шегініп кетеді. Сайрам талқандалып, ендігі жиын Күлтөбеде емес, Түркістанда өтетін болады. Қазақ сахарасына көз тіккен көрші елдерден қауіптенген Әйтеке 1698-1699 жылдары жиында бірнеше ұтымды ұсыныстар жасайды: шекара аймақтарында өз жасақтарымызды ұстау; қару-жарақты көптеп сатып алу және оған қаражатты ауқатты адамдардан жинау; қазақ жасағын басқаратын қолбасшының қарадан шыққан шешен, көсем, батыр және елшілік жұмысты жақсы білетін адам болуы және оны Ресей, Қытай, Түркия немесе Еуропа елдерінің бірінде оқытып алу. Бұл Әйтекенің мемлекеттік саяси мәселелердегі көрегендігін көрсеткен еді. Ел аузында Әйтеке би айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар мен баталар, ол туралы аңыз-әңгімелер, жырлар көп сақталған.







Қазақ халқының ұлттық сөз өнері, әуендік-өлең мәдениеті және қолданбалы өнерінің ерекшелігі дүниетанымына және әлемді қабылдау сезіміне ықпал етуімен қатар, оған қатысты ерекше түсінік қалыптастырды. «Өнер алды – қызыл тіл» ұғымы, сөз шеберлігіне қарай баға беру және оны дәріптеу орын алған. Қазақ тілінің қалыптасу кезеңіндегі бейнелеп, әсерлеп сөйлеу өнерінің қазақ тілінің байытуға өз ықпалын тигізді. Ұрпақтар арасындағы сабақтастық ауызша дәстүр арқылы жалғасты аңыз, әңгіме қисса, эпостық жырлар мен шежіренің қазақтың рухани мәдениетіндегі алатын орны ерекше болды. Қазақ халқының тарихи санасының қалыптасуында ұлттық кейіпкерлер, батырлар мен парасатты тұлғаларды танып білу және «Жеті ата» приниципі бойынша рулық байланысты дәріптеудің қалыптасуы қатар жүрді. Идеология мен дүниетанмын қалыптастырды. Қазақ халқының санасезімінің бірегейлігі үш жүздің өзара байланысы рухани-генеалогиялық тұрғыдан қабылданып және әулиелерді пір тұту түсінігі қалыптасты. Халықтық білім, салт-дәстүр көшпелі өркениеттің тұтас жалғасы болды. Әлем мен әлеуметті байланыстыратын киіз үйі, өмір сүру кеңістігіндегі әдеттік құқық, этикет және тыйым салынған іс-әрекеттер қазақ қоғамының өзара ішкі жағынан байланыстырып тұрды. Рухани салт жоралары, байланыстыратын әскери-спорттық ұлттық ойындар мен ұлттық мерекелердің көрінісіндегі түрлі шаралар: айтыс, дәстүрлі ас мәзірі, оның түсінігіне мән берілді. Наурызды тойлау. Жақсылық пен жамандық арасындағы рухани тар-

тысты сипаттауға исламның ықпалы басым болды. Ислам дінінің мерекелері қазақ халқын мұсылман әлемімен өзара байланыстырды. Сонымен қатар көшпелі өркениетттің рухани мұрагері ретінде табиғаттың күшіне сенімі, отқа, суға, жануар және құс әлеміне қатысты дүниетанымын сақтап қалды. Осыған байланысты түрлі ұғымдар мен түсініктер қалыптасты. Жылдық жануарлар күнтізбесі мүшел мен қатар хиджра қатар қолданылды. Дәстүрлі медицинадағы бақсылық ерекше орын алды.

Қазақ дәстүрінің орталықтандыратын белгі – ислам діні болды. Рухани мәдениетте өмір сүру, танымдық, бейнесаптау, өркениеттік, реттеушілік, біріктіруші және қорғаушы қызметті атқарды. Қазақ қоғамындағы суннит, ханафит мазхабының ұстауының тарихи астары болды. Исламның бес шартының орындалуына қатысты көптеген зерттеулерде мағлұматтар сақталды.



Мұсылмандық шығармаларды: Захириддин Мұхаммед Бабыр, М.Х. Дулати, Қ. Жалайыри, Әбілғазы Баһадүр қалдарды.

Захириддин Мұхаммед Бабыр – көрнекті мемлекет қайраткері, даңқты қолбасшы, сонымен бірге ғажайып өлең-жырлар жазып қалдырған лирик ақын, дарынды жазушы, ғұлама ғалым, атақты тарихшы. Ол 1483 жылы 14 ақпанда Әндіжан қаласында туылған. Бабырдың әкесі Омар Шейх – әйгілі Әмір Темірге туажат болып келеді. Шешесі – шағатай әулетінен шыққан Жүніс ханның бәйбішесінен туылған екінші қыз – Құтлық Нигар ханым болған. Жүніс ханның тұңғыш қызы – Михр Нигар ханым, ал кенже қызы – Хуб Нигар ханым – қазақтың белгілі тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың анасы екені мәлім. Қазақ ханы Сұлтан Ахмет, яғни Алаша хан осы Жүніс ханның екінші әйелі – Шаһ бегімнен туылған. Жастайынан өнерге, білімге құштар болған Бабыр түркі тілдерімен қатар араб және парсы тілдерін жете меңгеріп, Шығыстың классикалық поэзиясынан еркін сусындаған, тарих, философия, табиғаттану ғылымдары бойынша, сондай-ақ сәулетшілік (архитектура) және соғыс өнері бойынша өз заманына лайықты едәуір білім алған жан. Ер жүрек батырлығы үшін оны бала кезден-ақ Бабыр (арабша «бабур» – «арыстан» деген сөз) деп атап кеткен. Әкесі қайтыс болғаннан кейін он екі жасар Бабыр Ферғана уәлаятының әмірі болып, тақка отырды. Бұл – қылыштың күшімен Әмір Темір құрған мемлекеттің іштей әбден ыдырап, әмірші ұрпақтарының билік үшін күнде өзара қырық пышақ болып соғысып жатқан кезі еді. Бабырдың мақсаты – Әмудария мен Сырдария аралығында, яғни Мауереннахрда бір орталыққа бағынатын қуатты мемлекет құру болды. Сол арманына жету үшін көп жылдар бойы әрекет жасап, талай суыт жорықтарға аттанады. Бірақ онысынан нәтиже шықпайды. Ақыры Шайбани хан бастаған ру-тайпалардың тегеуіріне төтеп бере алмаған Бабыр өзіне сенімді бір топ нөкерлерімен

Ауғанстанға кетеді. Сосын одан әрі Үндістанға қарай бет алады. 1525 жылы ол Дели сұлтаны Ибрагим Лодидің әскерін быт-шыт етіп жеңеді. Сөйтіп, Бабыр Үндістан билеушісі болады. Үш жүз жыл бойы, яғни XIX ғасырдың бас кезіне дейін (Үндістанды ағылшындар жаулап алғанға дейін) өмір сүріп келген Ұлы Моғол империясының (1526-1858 ж.) негізін қалаған мемлекет қайраткері ретінде Бабырдың есімі тарихтан жақсы мәлім. Бабыр 1530 жылғы желтоқсанның 26 жұлдызында Үндістанның сол кездегі астанасы Агра қаласындағы өзі салдырған Зарафшан деп аталатын бау-бақшалы мекенжайда қайтыс болады. Бабырдың өсиеті бойынша оның сүйегін Кабул қаласының маңындағы Шердарваза тауының етегіне жерлейді. Бабырға ғажайып ескерткіш-мавзолей салады. Бұл жер қазір «Бағ-и Бабыр» деп аталады. Бабырдың артында қалған еңбектердің ішінде «Бабыр-наманың» орны ерекше. 1526-1530 жылдары көне түркі тілінде жазылған «Бабырнама» бір жағынан тарихи деректерге толы тарихи туынды болса, екінші жағынан, көркем тілмен жазылған әдеби шығарма да. Мұнда ең алдымен, Бабырдың өз тұлғасы жарқырап көрінеді. Шығарма оның өзінің, өзі құрған империяның өмірбаяның ғана емес, сонымен бірге Темір әулетінің билік құрған ұрпақтары, XV-XVI ғасырлардағы Орталық Азия, Ауғанстан, Пәкстан, Үндістан жайлы да егжей-тегжейлі баяндалады. Әсіресе өзі туып өскен Ферғана, билік құрған өлкесіндегі Кабул, Солт, Шаш, Бұқара, Самарқанд, Ақсикент, оның көркем табиғаты, жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, шаруашылығы жайлы кеңінен сөз еткен. Орта ғасырлардағы Алмалық (Жаркент), Алматы, Тараз қалаларының бір кездерде гүлденген өлке болғандығы, бұлардың моңғолдар мен шайбанидтердің шабуылынан қирағандығы айтылады. Шығармада Алаша, Жәнібек, Әдік, Қасым сияқты қазақ хандары, Омар Шайқы, Сұлтан Ахмад, Сұлтан Махмұд, Хұсайын Байқара секілді ел билеушілері, тәжік әдебиетінің классигі Әбдірахман Жәми, түркі әдебиетінің ұлы ақыны Әлішер Науайы, атақты тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати, суретшілер Кәмәладдин Бекзат, Шах Мұзаффар, т.б. жайлы да пікірлер білдірген. Мысалы, Ә. Науайы туралы: «Әлішер бек теңдесі жоқ адам еді. Түркі тілінде өлең жазғандардың ішінде одан көп және одан жақсы жазғаны жоқ. Әлішер бек сияқты ғылым мен өнерге қамқорлық жасаған адам бұрын-соңды болды ма? Ұста Бекзат пен Шах Мұзаффар да Әлішердің қамқорлығы мен көмегінің арқасында өз өнерлерін өрістетіп, үлкен атаққа ие болды. Ол салдырған пайдалы құрылыстар сияқты жүргізген адам кем де кем», – деп жазды. «Бабырнама» орта ғасырлық Шығыстың тарихына қатысты құнды деректердің көзі ретінде он тоғызыншы ғасырдан бастап әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Бабыр қайтыс бола салысымен парсы тіліне тәржімаланған. Қазақтың ұлы ақыны Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде Алаша хан жайлы деректер келтіргенде, «Бабырнамаға» сілтеме жасаған.

Мұхаммед Хайдар, достар арасында Мырза Хайдар, ғалымдар ортасында Дұғлат лақап атымен танымал еді. Атадан балаға мұра болып келе жатқан саяси биліктің және ғалымдардың ортасында өскендіктен ол өзі

де саясат, ғылым, әдебиетке жақын көрнекті тұлға болды. Мырза Хайдар ибн Мұхаммед Хүсейін – «Тарих-и Рашиди» тарихи-әдеби еңбегінің және «Жаһаннама» дастанының авторы. Мұхаммед Хайдар Мырза (Мырза Хайдар «Тарих-и Рашиди» кітабының авторы өзінің атасының ссімін алған еді) Қашқарға Әмір болды. Мырза Хайдардың шешесі Жүніс ханның үшінші қызы Хүб Нигар ханым Үндістанда патшалық құрған Заһираддин Мұхаммедтің шешесі Мехр Нигар ханыммен ағайынды. Демек Бабыр мен Мырза Хайдар бөле болған. Мырза Хайдар үш жасқа келмей жатып шешесі қайтыс болды (1502 ж.). Әкесі де Шаһибек ханның бұйрығы бойынша оның адамының қолынан Хорасанда (1508-1509 ж.) шәһид болады. Осы оқиғадан кейін Мырза Хайдар Мырза Ханның жанында тұрады. Оның әкесі Мұхаммед Хүсейін Сұлтан Жүніс ханның Исан Дулат Бегімнен туған қызы Хуб Нигар ханыммен үйленген, Мырза Ханның әкесі Сұлтан Махмұт Мырза Жүніс ханның екінші әйелі Шаһ Бегім Бәдәхшиден туған қызымен үйленген еді. Демек, Мырза Хайдардың әкесі Мұхаммед Хүсейін мен Мырза Ханның әкесі Сұлтан Махмұт Мырза бажа болған. Мырза Хайдарды Кабулға алғызу мақсатында Бабыр патша Мырза Ханға бұйрық хат жөнелткен: «[Менің анамның] сіңлісінің күйеуінің, яғни Мұхаммед Хүсейін Мырзаның баласы сенің жаныңда екен. Сенің аймағыңның маңайында өзбектер мен қашқарлықтардың тарапынан үнемі қауіп төніп тұратындықтан, бұл жай мені алаңдатып отыр, енді оның сонда қалуы мүлде мүмкін емес. Сондықтан оны бізге жібергенің жөн». Осы бұйрық хаттан кейін Мырза Хан Мырза Хайдарды Кабулға аттандырады. Мырза Хайдар 1509 жылдың қазан-қараша айында Мырза ханның (Бадахшан билеушісі) жанынан кетіп, Кабулдағы Бабыр патшаның (14 ақпан, 1483 – Ферғана аңғары, Ахси қаласы – 26.12.1530, Үндістан, Агра қаласы) жанына барып, оның ілтипатына бөленеді: сауатын ашады, тәрбие алуына толықтай жағдай жасалады. Ол 1512 жылдың қыркүйегіне дейін Бабыр патшаның қызметінде болады. Кейін Сұлтан Саид ханның сұрауы бойынша және Мырза Хайдардың өз қалауымен Бабыр оны Сұлтан Саид ханның қызметіне баруына рұқсат етеді. Бабыр өз кітабында Мырза Хайдар жайында былай деп жазған: «Ол орнықты, байсалды азамат болып, жақсы жолға түсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын июге қолының ебі бар. Он саусағынан өнер тамған жігіт. Ақындық дарыны да бар еді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сөз саптауы тәп-тәуір». Сұлтан Саид ханның жанында 1533 жылдың маусым айына дейін, яғни ханның өмірінің соңғы күніне дейін мемлекетінің қажетіне керек адам болып қызметіндс жүрді. Мырза Хайдар «аяз» деген лақап есімімен 1529-1530 жылы Бадахшанда тұрғанда түркі тілінде «Жаһаннама» дастанын жазғанын білеміз. Бұл дастанның Берлин және Қашқарлық нұсқасы бар. Иран ғалымы Әмин Рази «һәфт ықылым» (1593 ж.) деген еңбегінде Мұхаммед Хайдардың шығармашылық дарынын айта келіп, оның ел ішінде кеңінен таралған өлеңдерінсн мысалдар келтіреді. Мырза Хайдар кітабының не себептен «Тарих-и Рашиди» аталатыны және мақсаты жайында былай деп жазған: «Кітаптың «Тарих-и Рашиди» аталуының мынадай үш түрлі себебі бар. Оның біріншісі, Тоғлық Темір

хан ислам дінін Мәулана Аршадеддиннің ықпалымен қабылдады... Екінші бір себебі Тоғлық Темірге дейін-ақ исламды Барақ хан, одан кейін Кебек хан қабылдаған еді. Алайда, осы хандар дәуірінде моғол ұлыстары ислам дінінен дұрыс жол таба алмады. Ал құдіретті де мәртебелі Тоғлық Темір хан мен бақытты моғол ұлысы исламнан дұрыс жол тауып, ұлылыққа бет бұрды. Үшіншіден, қазіргі уақытта моғол ханы Әбдірашид хан болғандықтан, бұл тарих соған арналып, оның құрметіне құрастырылып отыр. Осы үш себептен бұл тарих «Тарих-и Рашиди» деп аталынды.Бұл тарих (еңбек) екі кітаптан тұрады. Бірінші кітапта Тоғлық Темір ханның өмірінен басталып, бүгінде хан тағының сән-салтанаты болып отырған Әбдірашид ханның өміріне тоқталынады. Екінші кітапта: мен пақырдың өмірі, естігендері, көрген-білгендері, өзбек, шағатай хандары мен сұлтандарының тарихы және өз замандастарымыздың (басынан өткен) оқиғалары баяндалады». Мырза Хайдар өз еңбегіне дерек көзі ретінде ғылыми ортада мәлім болған еңбектерді түгелдей алмаса да, олардың негізгілерін пайдаланғандығы анық. Автордың өзі олардың ішінен Жовейнидің «Тарих-е Жаһангоша», Рашидеддин Фазлоллаһтың «Жами ат-тауарих», Хамдолла Мұстуфидың «Тарих-е Гозиде», Шарафеддин Әли Яздидің «Зафарнама», Мәулана Абдол Рәззақтың «Тарих-и Мәнзум» және Мырза Ұлықбектің «Төрт ұлыс» атты еңбектерін бөліп айтады. Міне, бұл айтылғандар Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиді» жазуға үлкен даярлықпен келгендігінен, сондай-ақ еңбектің деректік негізін сенімді көздерден алғандығынан біраз хабар берсе керек. Мәселен, автор еңбегіне Қасым хан тұсындағы қазақ хандығы жөніндегі деректік материалдарды қазақ хандығында 24 күн бойы қонақтап қайтқан Сұлтан Саид ханның өзінің аузынан бір емес, бірнеше рет естігендігін білдіріп: «Саид хан Қасым ханмен болған соншалықты әсем жүздесуін өмірінің соңғы сәтіне дейін ұмытпай үлкен құрметпен еске алып отыратын еді», – дейді. Зерттеуші мамандардың Мырза Хайдар еңбегінің қазақ халқы мен қазақ хандығының қалыптасу тарихының мезгілін анықтауда өзге еңбектермен салыстырғанда ерекше орын алатындығын бөліп айтуы, әрине, әбден орынды. «Тарих-и Рашидиде» келтірілген дәлелді де нанымды фактілер қазақ халқының қалыптасу барасында XV-XVI ғасырлардағы оқиғалардың шешуші кезең болғандығы туралы пікірді негіздей түседі.

Әбілғазы Баһадүр әкесі Арабмұхамед хан 1602 жылы Хорезм ханы болып жарияланған. Шешесі Меһірбану да Шыңғыс хан әулетінен шыққан, Арал теңізі маңындағы қазақ руларының ханы Жанғазы сұлтанның қызы. Әбілғазы әкесі салдырған Арысхан медресесінде оқып, ғұлама ғалымдардан дәріс алған. Медреседе халық ауыз әдебиетін, тарихты оқып зерттеді, әскери өнер, мемлекеттік басқару ісін меңгерді. 16 жасқа шыққанда әкесі оны үйлендіріп, Үргеніштің жарты бөлігін билеткен. Арабмұхамед ханның қартайған шағында балалары арасында билікке талас басталды. 17 жасынан бұл талас-тартысқа Әбілғазы да араласты. Оның аяғы ағайынды адамдар арасындағы қарулы қақтығысқа ұштасты. Сондай соғыстың бірінде 1621 жылы Әбілғазы ауыр жарақаттанып, Әмударияны жалғыз жүзіп өтіп, қашып құтылады. Маңғыстаудағы түрікмендерді, қазақ хандары Есім мен

Тұрсынды паналайды. Әбілғазы Ташкентте Тұрсынхан сарайында 2 жыл тұрып, еліне қайтып келген соң, 1628 жылы ағаларының қолына түсіп, Иранға жер аударылды. 10 жылдай Исфахан қаласында айдауда болған. 1638 жылы Исфаханнан қашып шығып, түрікмен руларының арасында жасырынып жүрген. 1640-1641 жылдары Жем өзені бойындағы Іалмақ ханы Хо-Орлектің ордасында тұрған. Осы жерден Арал қазақтары көп сыйлық беріп, Әбілғазыны қалмақ ханынан сұрап алып, өздеріне хан көтерді. 1643 жылы Ілияс би бастаған Арал қазақтары Хиуа ханы Аспандиярға қарсы көтерілгенде Әбілғазы солармен бірге болған. Екі жыл бойы Хиуаға дамылсыз шабуыл жасап, ақыры қазақ, өзбек, қарақалпақтардың күшімен 1645 жылы Хиуаны алып, хан болып жарияланды. Хан тағына отырғаннан кейін де көп жылдар түрікмен тайпаларымен соғыс жүргізді, Хиуа хандығы жеріне баса-көктеп кірген қалмақтарға қарсы қиян-кескі ұрыс жүргізді, Бұхараға шабуыл жасады. Тек 1663 жылы ғана хандық билігін ұлы Ануш Мұхамедке беріп, бейбіт істермен айналысуға мүмкіндік алып, шығармашылық жұмысқа кірісті. Әбілғазы өз заманының білімді адамдарының бірі, зиялылардың ұстазы болды. Ол өзі туралы:»Құдай тағала мырзалық қылып, маған біраз нәрселер берген. Мен, әсіресе, үш түрлі өнерді жете меңгердім. Біріншісі – әскери өнер, яғни әскерді басқару, оның тәртібі; Екіншісі – ақындық өнер, яғни түрлі өлең құрылысын сақтай отырып, түрік тілінде меснеуи, қасида, ғазел, рубаят тәрізді өлең шығара алу, араб, парсы, түрік сөздерінің мағынасын жетік білу; Үшіншісі – бұрын Арабстан, Иран, Тұран, Моңғолияны билеген патшалардың өмірі мен мемлекеттік маңызды істерін, оларда болған іріліуақты оқиғаларды жатқа білу» деп жазды.

Әбілғазы жазған «Шежіре-и Тарахима» («Түрікмен шежіресі», 1661 жылы) және «Шежіре-и Түрк» («Түрік шежіресі», 1665) атты тарихи екі шығарма шығыстануда, оның ішінде түркітану мен қазақтануда кеңінен танымал болды. Бұл шығарма – Шыңғыс ханнан бұрынғы және одан кейінгі дәуірлерде Орта Азия, Қазақстан, Таяу Шығыс елдерінде болған оқиғалар мен сол тұстағы ел басқарған хандар жүргізген саясат туралы жылнама. Еңбекте қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне тарихы, тұрмыс тіршілігі мен мәдениеті жайлы құнды деректер келтірілген. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» – тарихи-деректік, әдеби және тілдік жағынан өзге шежіре еңбектерден шоқтығы биік тұратын шығарма.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ қоғамындағы жыраулар поэзиясының маңызын көрсетіңіз.
2. Дәстүрлі ауызша тарихнамадағы билердің шығармаларына баға беріңіз.
3. Халық шығармашылығының ұлттық дүниетанымның қалыптасуындағы орнын көрсетіңіз.
4. Қазақ хандығы дәуіріндегі жазбаша әдеби мұраның тарихи маңызын түсіндіріңіз.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

ЕУРАЗИЯ АУМАҒЫНДАҒЫ КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КЕЗЕҢ XIII-XVIII Ғ.

1. XIII-XV ғ. алғашқы жартысындағы этносаяси үдерістер тарихына қатысты жазба деректерді сыныптау және талдау.
2. XIII-XV ғ. Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық процестердің сипаты мен ерекшеліктері.
3. Алтын Орда өркениеті. Ауызша тарих айту, фальклордың дамуы.
4. Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы, саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуы.
5. Моғолстан мемлекетінің құрылымы, этносаяси тарихының мәселелері.
6. Әмір Темір және оның ұрпақтарының мемлекеті және Моғолстанмен қарым-қатынасы XIV-XV ғ. алғашқы жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы этносаяси үдерістер.
7. Қыпшақтану үдерісі және оған әсер еткен факторлар. Исламның орны мен рөлі.
8. Қазақ хандығының құрылуы мен тарихына қатысты жазба деректерді сыныптау және оларды талдау.
9. Қазақ хандығының құрылу мәселесі.
10. Қазақ халқының қалыптасу үдерісінің аяқталуы. «Қазақ», «Алаш» этнонимдерінің этимологиясы.
11. Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының дамуы. Этносаяси аумағының қалыптасуының аяқталуы.
12. Қазақ хандығы тарихындағы уақытша» әлсіреу кезеңі.
13. XVI ғ. екінші жартысы-XVIII ғ. басына дейінгі Қазақ хандығының саяси тарихы.
14. Қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік, этникалық құрылымы. Қазақ жүздері.
15. Қазақ хандығының экономикалық, қоғамдық дамуының мәселелері.

СӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Л.Н. Гумилев еңбектерін талдап «Еуразиялық идея» тақырыбында эссе жазу.
2. Қазақ хандығының құрылуы мен барысы туралы жазба деректерді сыныптау және талдау (Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.).
3. Қазақ хандығының құрылуы мен барысы туралы зерттеулерде тарихнамалық тұрғыдан талдау. Зерттеулерді хронологиялық тұрғыдан топтастыру және тарихи ой-пікірдің даму эволюциясын ашып көрсету.
4. Қазақ хандығының деректері бойынша «қазақ» термині немесе осы кезеңді қамтитын деректерге талдау жасау.
5. Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы: жазба деректер мен ауызша тарих айту дәстүрі үлгілерін салыстырмалы түрде талдау.
6. Қазақ хандарының саяси портреті: эссе жазу (Сұлтанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001.)
7. Қазақ халқының жауынгерлік-ерлік өнері мен әскери ісі: реферат дайындау.
8. Қазақ хандарының тарихи портреттері: портфолио даярлау.
9. Есім ханға қарсы шыққан Тұрсын Мұхаммед ханды «Қасым ханның ұлы Жалым сұлтанның баласы» деп баяндаған ортағасырлық деректі талдаңыз
10. Қазақ-орыс қатынастарының құжаттарымен дисскуссия. Құжаттың негізінде Қазақстанның Патшалық Ресейдің құрамына енуінің прогресс және регресс жақтары талданады.

СӨЖ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Рашид ад-Дин бойынша Орда Ежен ұлысындағы тайпалар.
2. Ақ Орда және Көк Орда атауына қатысты дискуссиялар.
3. Ақ Орда хандарының генеалогиялық мәселесі.
4. Ақ Орда территорриясына қатысты мәселелер.
5. Ақ Орда мен Алтын Орда арасындағы қатынастар мәселесі.
6. XIII-XVI ғ. этникалық процестер мәселесі.
7. XVI ғасырдың I жартысында Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы.
8. XVI ғасырдың 2-інші ширегіндегі Қазақ хандығының «уақытша әлсіреу» кезеңі.
9. XVI ғ. басындағы Қазақ хандығы мен көрші елдер арасындағы саяси қарым-қатынастар.
10. Хақназар ханның тұсындағы Қазақ хандығының «қайта өрлеу» кезеңі.
11. Шығай мен Тәуекел хандардың тұсындағы қазақ мемлекетінің ішкі және сыртқы саяси жағдайы.
12. Тақыр хан тұсындағы Қазақ хандығы.
13. Ортағасырлық деректер негізінде Бұйдаш ханның жүргізген ішкі және сыртқы саясаты.
14. «Уақытша әлсіреу» кезеңінде ішкі және сыртқы саясаттағы өзгерістер.
15. «Қайта өрлеу» кезеңінің ерекшеліктері мен Хақназардың ұстанған саясаты.
16. Шығай мен Тәуекел хандардың сыртқы саясаттағы жетістіктері мен дипломатиялық шеберліктері.
17. Есім хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы.
18. Тұрсын Мұхаммед ханның тарихи портреті.
19. Жәңгір хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы
20. XVII ғ. қазақ-жоңғар қарым-қатынастары. Орбұлақ шайқасының тарихи маңызы.
21. XVII ғ. Қазақ хандығы мен көрші елдер арасындағы саяси қарым-қатынастар.
22. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысының» тарихи сабақтастығы мен ерекшеліктері.
23. Жазба және ауызша деректер бойынша Есім ханның тарихи портреті.
24. Жәңгір ханның Қазақ хандығының тарихындағы орны.
25. Ортағасырлық деректер негізінде Есім, Тұрсын, Жәңгір хандардың сыртқы саясаты.
26. Қазақ-жоңғар қарым-қатынастары.
27. Жәңгір ханның Орбұлақ шайқасындағы жетістіктері.
28. XV-XVIII ғ. Қазақстан территориясындағы қалалар мен елді мекендердің тарихы.
29. XV-XVIII ғғ. қазақтардың шаруашылығы мен тұрмысы.
30. Халық кәсіпшілігі мен қолөнердің дамуы.

ГЛОССАРИЙ

Ақын – суырып салма яки жазба өлең шығару қабілеті бойына туа дарыған шығармашылық өнер иесі.

Аристократия – 1) пұрсатты, бай, ерекше құқықтар мен жеңілдіктерге ие ақсүйектер тобы; 2) ақсүйектер әулеті, билік жүргізетін мемлекеттік басқарудың түрі. Мысалы, мұндай мемлекеттік билік Ежелгі Гректерде болды.

Әлеуметтік үдеріс – көптеген әлеуметтік әрекеттерден бөліп алуға болатын бір бағыттағы және қайталанып отыратын іс-әрекеттердің жиынтығы.

Әлеуметтік саясат – қоғамның ең жақсы дамуын қамтамасыз етуге, әлеуметтік мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға, лайықты өмір салтын орнатуға бағытталған саяси шешімдер мен іс-әрекеттер жиынтығы.

Әлеуметтік топ – топ мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынастарды барысында бөліну негізінде белгілі бір жағдайда өзара әрекеттестікте болатын индивидтер жиынтығы.

Батыр – әскери өнерді жақсы меңгерген, жау-жүрек ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ.

Билік – 1) адамдардың іс-әрекеттеріне, қызметіне, тағдырына белгілі бір адамдардың (бедел, жігер, құқық, зорлықтың) көмегімен әсер ету мүмкіншілігі; 2) адамдарға саяси билік жүргізу; 3) мемлекеттік органдардың жүйесі; 4) мемлекеттік және әкімшілік өкілеттілігі бар қызмет адамдары, органдары.

Ереже – 1) жеке меншік және мемлекеттік мекемелердің, ұйымдардың қызметін, таптардың құқықтық жағдайын, кейбір аймақтарды басқару тәртібін айқындайтын заң шығару актісінің түрі. 2) қазақ халқының дәстүрлі құқығының қайнар көзі. Нормативті құқықтың қағидалары.

Жүйе – өзара қатынастар мен байланыстарда болатын, белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын элементтер жиынтығы.

Жырау – ақындар мен шешендердің өлең-жырларын жаттап алып, оның мазмұнын өзгертпей жырлап, кейінгіге өнегелі сөздерді өлтірмей жеткізетін, қажет кезінде өзі де толғап, жырлап айта алатын, бірегей өнер шебері. Ол-әнші, домбырашы, қобызшы. Қазақ халқының жүздеген, мыңдаған жырлардағы хисса, дастандарын, батырлар жырларын, толғауларды кейінгі ұрпақтарға жеткізген де осы жыраулар тобы болды. Халық мұндай адамдарға жырау деп ат берген.

Мәдениет – адамзаттың болмыс пен сананың барлық салаларындағы әлеуметтік-прогрестік шығармашылығы қызметі; бұл қызмет заттандыру (белгі жүйелерін және т.б. жасау) және затсыздандыру (мәдени мұраны меңгеру) үдерістерінің диалектикалық бірлігі болып табылады, өмір шындығын өзгертуге, адамзат тарихының байлығын жеке адамның ішкі байлығына айналдыруға, адамның мәндік күшін барынша айқындап, дамытуға бағытталады.

Монархия – мемлекеттің жоғарғы өкімет билігі жеке дара бір билеушінің қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде қалатын түрі. Оны хан, патша, император, король, сұлтан, шах және т.б. деп атауы мүмкін. Монархия өз кезегінде абсолюттік (шексіз) және конституциялық болып екіге бөлінеді.

Неке – тарихи кезеңдерге сай қалыптасқан, қоғамға негізделетін және реттейтін, ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтарымен міндеттерін белгілейтін рәсім. Ер азамат пен бойжеткен, ер мен әйел арасындағы жұбайылық өмір.

Объект – субъектінің танымдық және басқа іс-әрекеті бағытталған зат. Саясаттанудың объектісіне саясат әлемі жатады.

Социум – адамдардың өмір сүру жағдайы және мәдениеттің бірлігіне байланысты құрылған әлеуметтік қауымдастық. Оның ең жоғарғы түріне әлеуметтік жүйе ретінде тұтас қарастырылған қоғам жатады. Одан басқа оған отбасы, туыстық, рулық, әлеуметтік-топтық, ұлттық, территориялық қауымдастықтар кіреді.

Тұрмыс – қоғам өмірінің адам өзін ұлғаймалы өндіруімен тікелей байланысты негізгі аяларының бірі, оның тамақ, киім, тұрғын үй, демалу, көңіл көтеру, денсаулығын сқтау сияқты жақтарын қанағаттандыратын материалдық және мәдени орта.

Фольклор – ауызша шығарылған халық творчествасы үлгілерінің жалпы атауы. Затаевичтің музыка фольклорын мысал ретінде алуға болады.

Шежіре –халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы.

Шежіреші – қазақ қауымында айтып, жазып, кейінгіге жеткізуші құймақұлақ, халық тұрмысы мен салт-дәстүрін жетік білетін білімді кісілер қатарына жатады. Ол жастарға ел тарихын, жеті атаны, ағайын, туыс, ілік, жекжат адамдарды біліп, оның жөн-жосығын түсіндіріп, хатқа жазып қалдыратын сұңғыла шешен, айтқыр да тапқыр, зерделі адам.

Шешен – қызыл тілдің шебер ұстасы, зергері, сөз өнерінің жүйрігі. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін шешендердің өзі де, сөзі де тым жоғары тұрады. Билер мен қазылар әдетте осы шешендік өнерді жетік меңгерген шешендерден сайланған және бұл олардың тегіне, әлеуметтік жайы мен тұрмысына, бай ма, кедей ме, оған қарамаған.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М., 2002.
2. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 616 б.
3. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государство и народы Евразийских степей. Древность и сердневековье. Второе издание, исправленное и дополненное. – СПб., 2004.
4. Қазақстан тарихы. 5 томдық. – Алматы, 1996, 1997, 2000, 2010. – 1-5-томдар.
5. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. – Алматы, 2000.
6. Марков Г.Е. Проблемы развитие общественной структуры кочевников Азии. – М., 2000.
7. Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана. – Алматы, 2000.
8. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы, 2004. – 206 б.
9. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники). – Алматы, 2003.
10. Телеуова Э.Т. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері. – Алматы, 2007.
11. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: Сардар, 2015. – 520 б.
12. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандары. Казахские ханы. Kazakh Khans. – Алматы: Сардар, 2015. –128 б.
13. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңы – XVI ғ. алғашқы ширегі). – Алматы: Сардар, 2015. –176 б.
14. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандары туралы сипаттама (XV ғ. ортасынан – XVIII ғ. басына дейін). – Алматы, 2015.
15. Кәрібаев Б. 1269 жылғы Талас құрылтайы және Моңғол империясының ыдырауы // Қазақ болып қалыптасқан ғасырлар. – Тараз, 2015 – 624 б.
16. Кәрібаев Б. Керей мен Жәнібек сұлтандардың көшу себептері туралы // Қазақ болып қалыптасқан ғасырлар. – Тараз, 2015. – 624 б.
17. Жумадил А.К. Военное дело кочевников Евразии: историографический анализ. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 272 с.
18. Ноғайбаева М.С. Қазақстан аумағындағы XIII-XV ғасырдың алғашқы жартысындағы этносаяси үдерістер. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 188 б.
19. Майданали З. Историографии государственности на территории Евразии VI – XVвв. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 162 с.
20. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. – 188 с.

21. Жүсіпова Л.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі, үлгілері, тарихи дереккөзі ретінде. – Алматы, 2002. – 135 б.
22. История Казахстана: народы и культуры. – Алматы, 2000. – 147 с.
23. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М., 2002.
24. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 616 б.
25. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государство и народы Евразийских степей. Древность и сердневековье. Второе издание, исправленное и дополненное. – СПб; 2004.
http://www.tarihibilim.kz/;e-history.kz; http://kazakhstan.awd.kz/; http://www.president.kz; http://www.unesco.org/culture/asia/index.html; http://www.unesco.org/culture/asia/html_eng/volume1.htm; http://kazchronic.host.kz/http://www.asylmura.kz/; http://www.history.kz/; http:/ /siteistok.host.net.kg/»;<http://www.triada-pride.ru/kzhistory.htm”

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 5

I бөлім. ЕУРАЗИЯ АУМАҒЫНДАҒЫ XIII-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҰЛЫСТАР МЕН ОРДАЛАР 9

I тарау. ҰЛЫ ДАЛАДА МОҢҒОЛ БИЛІГІНІҢ ОРНЫҒУЫ ЖӘНЕ ҰЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ 10
§ 1. Орта Азия мен Қазақстан аумағы моңғол-түрік империясы құрамында 10
§ 2. Ұлы Даладағы саяси-әлеуметтік өзгерістер қорытындылары 17

II тарау. АЛТЫН ОРДА (ЖОШЫ ҰЛЫСЫ) ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ 22
§ 1. Алтын Орда (Жошы ұлысы) тарихы бойынша деректер және зерттеулер 22
§ 2. Жошы ұлысы. Алтын орданың құрылуы және 1312 жылға дейінгі саяси тарихы 32
§ 3. Алтын Орданың гүлденуі мен нығаюы (1312-1359 ж.) 37
§ 4. Алтын Орда тарихындағы дағдарыс және оның ыдырауы 41
§ 5. Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы және саяси билік 51

III тарау. ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫ ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫ ҚҰРАМЫНДА 54
§ 1. Шағатай ұлысындағы моңғол хандарының саясатындағы екі бағыт 54
§ 2. Шағатай ұлысының құрылуы мен ыдырауы 58

IV тарау. ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚТАҒЫ XIV-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЭТНОСАЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР 66
§ 1. Ақ Орда мемлекетінің құрылуы және этносаяси құрылымы 66
§ 2. Ақ Орданың XIV-XV ғасырлардың алғашқы жартысындағы саяси тарихы 68
§ 3. Ақ Орда және Көк Орда жөніндегі тарихи концепциялар 71
§ 4. Ноғай Ордасының құрылуы мен күшеюі 73
§ 5. «Көшпелі өзбектер» мемлекетіндегі этносаяси үдерістердің дамуы 76

V тарау. ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫ МОҒОЛСТАН ҚҰРАМЫНДА 82
§ 1. Моғолстан мемлекетінің аумағы, этникалық құрамы 82
§ 2. Алғашқы моғол билеушілері және олардың ішкі-сыртқы саясаты 86
§ 3. XIV ғасырдың үшінші ширегі және XV ғасырдың басындағы Әмір Темірдің шапқыншылығына қарсы күрес 92
§ 4. XIV-XV ғ. басындағы Моғолстанның ішкі-сыртқы саясаты 103
§ 5. XV ғасырдың алғашқы ширегі-XV ғасыр аяғындағы Моғолстан 108

VI тарау. XIII-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ РУХАНИ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ 114
§ 1. Діни наным-сенімдер. XIV-XV ғасырлардағы ислам. Көшпелілердің исламдануының дискретті сипаты 114
§ 2. XIII-XV ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қала мәдениетінің дамуындағы архитектура мен өнер 120

VII тарау. XIII-XV Ғ. АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЭТНОҮДЕРІСТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ 126
§ 1. Қазақстан аумағына шығыстағы тайпалардың қоныс аударуы 126
§ 2. XIII ғ. ортасы мен XIV ғ. ортасына дейінгі Дешті Қыпшақ аумағындағы қыпшақтану үрдісіне әсер еткен факторлар 132
§ 3. Қыпшақтану үрдісіндегі исламның рөлі 138
§ 4. XIV-XV ғ. этноүдерістер және қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы 145
§ 5. «Қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны туралы 152

II бөлім. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ХАНДЫҚ ДӘУІР 159

I тарау. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ 160
§ 1. Қазақ хандығының құрылуына қатысты деректер және зерттелуінің мәселелері 160
§ 2. Керей мен Жәнібек – Қазақ хандығының негізін қалаушы хандар 164
§ 3. Қазақ хандығының құрылуының барысы мен кезеңдері 169
§ 4. Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы 183
§ 5. Қазақ жүздері туралы 186

II тарау. XV-XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫ 192
§ 1. XV ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақ хандығының дамуы 192
§ 2. XVI ғасырдың екінші ширегіндегі Қазақ хандығының «уақытша әлсіреу» кезеңіндегі саяси тарихы 200
§ 3. Хақ-Назар хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси дамуы 203
§ 4. Шығай мен Тәуекел хандардың тұсындағы саяси өзгерістер 212
§ 5. Есім хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси тарихы 219
§ 6. Жәңгір хан және қазақ-жоңғар қатынастары 223
§ 7. XVII ғасырдың екінші жартысындағы – XVIII ғасыр басындағы Қазақ хандығы 229
§ 8. Тәуке хан тұсындағы сыртқы саяси байланыстардың дамуы 232

III тарау. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ (XV-XVIII Ғ. БАСЫ) 238
§ 1. Қалалар мен елді мекендер 238
§ 2. Қазақ халқының шаруашылығы және оның түрлері 245
§ 3. Кәсіпшілігі, қолөнері 249
§ 4. Қазақ халқының әлеуметтік құрылымы 254
§ 5. Әлеуметтік топтар мен категориялар 259
§ 6. Салық және салық түрлері 270
§ 7. Сауда, айырбас және ақша айналымы 272

IV тарау. XV-XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ 276
§ 1. Қазақ халқының материалдық мәдениеті 276
§ 2. Қазақ халқының рухани мәдениеті 285

Семинар сабақтарының тақырыптары 297

СОӨЖ тапсырмалары 298

СӨЖ тақырыптары 299

Глоссарий 300

Библиографиялық тізім 302

Оқу басылымы

Омарбеков Талас Омарбекұлы
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы
Нұртазина Назира Дауытбекқызы
Ноғайбаева Меңдігүл Сағатқызы
Телеуова Эльмира Тесебайқызы
Жаппасов Жарылқасын Еркінұлы
Өскенбай Мөлдір Әділбекқызы

ҚАЗАҚСТАН (ҚАЗАҚ ЕЛІ) ТАРИХЫ

ТӨРТ КІТАПТАН ТҰРАТЫН ОҚУЛЫҚ

Қазақстан XIII-XVIII ғасырлардың алғашқы ширегінде

2-кітап

Редакторы *К. Сәбит*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Ғ. Қалиева*

ИБ №10128

Басуға 05.12.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 70x100 $^{1}/_{12}$
Көлемі 19,06 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №4880.
Таралымы 250 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.